

ДІННІҢ ФИЛОСОФИЯСЫ МЕН ТАРИХЫ

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕХОБА КУӘГЕРЛЕРІ

Әлеуметтік-тарихи және дінтанушылық талдау

Артур Артемьев

Артур Артемьев

Қазақстандағы Ехоба куәгерлері:
әлеуметтік-тарихи және дінтанушылық талдау

Алматы, 2020

УДК 24
ББК 86.35
А 86

Артемьев Артур

А86 Қазақстандағы Ехоба куәгерлері: әлеуметтік-тарихи және дінтанушылық талдау. Артур Артемьев Қайта өңделіп, толықтырылып үшінші рет басылуы (Орыс тілінен аударған Әлижан Тауұлы). – Алматы, 2020. – 505 б. Сатуға арналмаған

ISBN 978-601-218-028-2

Қазақстандық дінтанушы, философия ғылымдарының докторы, профессор Артур Артемьевтің бұл монографиялық еңбегі Қазақстандағы Ехоба куәгерлерінің қызмет-тіршілігін мысал ретінде келтіре отырып, жалпы Куәгерлердің тарихын, теологиясын, ғибадат ету тәжірбиесін және өмір салтын ғылыми тұрғыдан зерттеуге арналған.

Бұған дейін автордың «Қазақстандағы және Орта Азиядағы Ехоба куәгерлері: тарихи-дінтанушылық анализ» деп аталатын монографиялық басылымы екі рет (2002 және 2010 жылдары) жарық көрген еді. Алайда содан бері бұл діни ұйымның өмірінде үлкен өзгерістер болды. Сондықтан автор кітаптың жаңа нұсқасын Қазақстан аясында қайта әзірлеп шыққанды мақұл көрсе керек.

Жинақ «Дінтану» курстарының оқытушыларына, магистранттарға, студенттерге және мектеп мұғалімдеріне, сондай-ақ неопротестанттық конфессиялар мен деноминацияларға, жаңадан қалыптасқан діни құрылымдарға қатысты мемлекеттік саясатқа араласатын қызметкерлерге арналған.

Кітап қарапайым тілмен жазылғандықтан, қазіргі діндер мәселесіне қызығушылық танытатын көпшілік оқырмандарға да ұсынылады.

УДК 24
ББК 86.35

© А. И. Артемьев, мәтін, 2020.

© Ә. Тауұлы, аударма, 2020.

© «Күзет мұнарасы» қоғамы, суреттер, 2020.

© ЖШС «Көшпенділер баспасы»

© Stormfront In Kazakh Steppe At Sunset, AKELA - FROM ALP TO ALP /
Stocksy United: мұқаба суреті

ISBN 978-601-218-028-2

Баспаға 18.09.2020 ж. тапсырылды. Пішімі 60x84 1/16. Офсеттік баспа.
Офсеттік қағаз. «Арно Про» гарнитурасы. Көлемі 26 баспа табағы. Таралымы 500 дана.

МАЗМҰНЫ

Алғысөз орнына	5
Бірінші тарау	
Ехоба куәгерлері әлемдік діни ұйымының тарихы	11
Екінші тарау	
Қазақстандағы Ехоба куәгерлері. Тарихи шолу	106
Үшінші тарау	
Ехоба куәгерлері не нәрсеге сенеді, немесе діни ілімдерінің негіздері	173
Төртінші тарау	
Ехоба куәгерлері ұйымының құрылымы	314
Бесінші тарау	
Теократиялық білім беру жүйесі. Зайырлы білімге деген көзқарас	363
Алтыншы тарау	
Ехоба куәгерлерінің діни санасы мен өмір салттарындағы ерекшеліктер.....	382
Жетінші тарау	
Төзімділіктен – қуғындауға, дінге төзімділіктен – антикультизмге. Сондай-ақ терминологияның дұрыстығы туралы	440
Қорытынды	490
Автор туралы	505

АЛҒЫСӨЗ ОРНЫНА

Құрметті оқырман!

Сіз қолыңызға ұстап отырған кітаптың «түп аталары» бар: яғни бұған дейін бұл жинақ екі рет орыс тілінде – «Свидетели Иеговы Казахстана и Средней Азии: историко-религиоведческий анализ» (2002, 2010 жылдары) және бір рет қазақ тілінде – «Қазақстандағы Ехоба куәгерлері: тарих және қазіргі заман (дінтанушылық анализ)» (2011 жылы) жарық көрген болатын.

Алайда содан бергі уақыт аралығында атаалмыш діни ұйымның өмірінде көптеген өзгерістер орын алды, әрі осынау теологиялық және ғибадат ету тәжірибелерінің әлі де даму үстінде екендігіне біздің де көзіміз анық жетті. Бұл – сөз басында айтқымыз келген бірінші жайт еді.

Екіншіден, Ехоба куәгерлері кейбір «сарапшылар» өз дегендерін дәлелдеуге тырысып бағатындай, біздің елімізде 1990 жылдары пайда болған жоқ. Егер шындыққа жүгінсек, олар біздің мемлекетіміздің соңғы 100 жылдық тарихымен біте қайнасып кеткен. Өзіңіз ойлап қараңызшы, қазір Қазақстанды – өзінің туған үйіндей санайтын сенушілердің төртінші ұрпағын бұл жерден көптеп кездестіруге болады. Тек неге екені белгісіз, біз әлі күнге дейін оларды «бөтен», «келімсек» деп санап жүрміз. Осы деноминация төңірегінде үнемі шындыққа жанаспайтын өсек-аяндар мен жалған ақпараттар таратылып келеді. Олар Ехоба куәгерлеріне қара күйені баттастыра жағып, жазықсыз момын жандарды біресе ессіз табынушылар, біресе алдап-арбауды жетік меңгерген кәсіби көзбояушылар етіп көрсетуге тырысады. Бұлардың бар мақсаты аңқау адамдарды өздерінің секталарына қосып алу деп, көріпкелдік жасаудан да тайынбайды.

Ал егер әлдекім ақиқат шындықты білгісі келіп, осы тақырыпты тереңірек зерттей бастаса, оны кінәлап сынаушылар, Ехоба куәгерлерін жақтады, солардың жағына шықты, соларға икемделді деп, нақақтан-нақақ күйдіруге дайын.

Үшіншіден, соңғы уақыттарда жаңа дерек көздері өте көп, соның ішінде Ехоба куәгерлерінің тарихын, діни ілімдерін, өмір салттарын жан-жақты терең зерттеген материалдар алыс шетелдерден көптеп табылуда. Оның үстіне, Куәгерлердің өз ұйымы да қазір өздерінің тарихына байланысты материалдарды ерінбей-жалықпай жинап, кітап етіп шығаруда.

Төртіншіден, әрі бұл ең бастысы болса керек, бүгінде қазақстандық Ехоба куәгерлерінің заңды түрде мойындалған өзіндік мәртебесі бар, ал посткеңестік аумақтағы, соның ішінде Орта Азиядағы пікірлестерімен тек тең-серіктестік, рухани қарым-қатынас қана байланыстырады.

Сондықтан бұл басылымның кейбір тұстары алдыңғы жинақтарды қайталағанымен, негізінен жоғарыда айтылған жайттар ескеріле отырып, басым бөлігі түбегейлі қайта жазылып шықты.

Осы жерде бір ескертерім, мен 50 жылдан аса әртүрлі діндерді тыңғылықты зерттеумен айналысып жүргеніммен, осы уақытқа дейін қандай да бір конфессияның немесе деноминацияның жолына түстеспін, өйткені ағымнан жарылып айтар болсам, сенуші емеспін.

Бірақ соған қарамастан, 300-ден астам ғылыми, ғылыми-көпшілік және оқу-әдістемелік кітапшалар мен мақалаларды, сондай-ақ «Дінтану: жалпы дінтану негіздері, дін тарихы, Қазақстандағы діндер» («*Религиеведение: основы общезного религиеведения, история религий, религии в Казахстане*») (2011 жыл) деп аталатын 2-томдық зерттеу еңбегін жарыққа шығардым.

Маған адамдар жиі: «Егер сіз сенуші болмасаңыз, қалайша дінтанумен айналыса аласыз?» – деген сұрақ қойып жатады. Ондайда мен әдетте былай деп жауап беремін: «Негізінен ешбір конфессияға немесе деноминацияға қатысы жоқ адам ғана осы сөздің толық мағынасына сай, нағыз дінтанушы бола алатындығына мен кәміл сенемін, ал бұлай болмаған жағдайда, ғалымның объективті болуы екіталай. Себебі мұндайда ол қаласын, қаламасын, зерттеп жатқан

тақырыбына өз діні тұрғысынан қарайтын болады (*өкінішке қарай, бүгінде тап осындай көрініс ғылыми-зерттеу саласында үстемдік етуде*). Рас, кейде мұндай бұрмалаушылыққа жол берілмеуі де мүмкін, тек ол үшін сенімі өте мықты әйгілі ғалым Иван Павловтың: «Мен Құдайды өз лабораторияма кіргізбеймін» деген сөзі іске қосылу керек.

Осы мәселеде Ехоба куәгерлерінің көзқарасы маған қатты ұнайды. Олар былай дейді: «Басқа адамның не нәрсеге сенетінін түсіну, оның сеніміне ортақтасу, соған еру дегенді білдірмейді. Ал оның сенімін өзгелерге таныстыру, оны өзінің сенімі етіп қабылдады деген сөз емес»¹. Иә, ең бастысы, бір-біріміздің көзқарасымызды құрметтей білу ғой!

Осыған ұқсас танымал ақын Юрий Левитанскийдің бір мынадай тамаша сөзі бар еді: «Әйелді, дінді, жолды – әркім өзі таңдайды». Расында да, сену немесе сенбеу, егер сенсеңіз, кімге және қандай діни бағытқа сену керек екенін әрбір адам өзі шешу керек қой.

Мен бір нәрсеге нық сенімдімін, ол – Шындық жалғыз, бірақ оған әртүрлі жолдармен жетуге болады, яғни плюрализм арқылы ортақ бір мақсатқа ұмтылуды көздеу қажет. Бұл жерде ең бастысы, жан дүние тазалығын сақтап, қарапайым әдептілікті ұстанған жөн.

Дегенмен де кез келген қоғамда және кез келген заманда төзімділік пен төзбеушіліктің, толеранттық пен үрдектіктің арасында үнемі күрес болып тұрады. Ендеше біздің қоғамның да бұдан тысқары қалуы мүмкін емес. Ауық-ауық өміріміздегі бар қиыншылықтар мен бақытсыздыққа кінәлі ішкі жау ретінде қайсыбір «секталарды» сыртынан меңзеп, күстаналап жататынын көріп те жүрміз. Көпшіліктің жиналып қалған бар ашу-ызасын дәл сол «жауларға» қарай бағыттауға құлшынып тұратындар да табылып жатады. Әсіресе, кезекті «дәстүрлі емес» діннің қауіптілігін «ашқан» БАҚ өкілдері сенсациялық мәлімдеме жасап, елді дүрліктіруге бейім тұрады. Міне, осындай кәсіби біліксіздік, надандық, намысқа тию

¹ Свидетели Иеговы и образование. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2015. – 2-б.

сенушілердің беделін түсіріп, қоғамымыздың тұрақтылығына, бірлігіне сызат түсіреді. Ал мұның соңы азаматтардың, әсіресе жастардың сана-сезіміне «төзбеушіліктің агрессияшыл» дәнін сеуіп, оларды бір-біріне қарсы қояды...

Меніңше, тап осындай күдік пен сенімсіздік жайлаған мына заманда әрбір азаматтың, әсіресе дінтанушы ғалымның парызы: қоғамдағы бейбітшілік пен татулықты нығайтуға, адамдардың арасындағы сыйластықтың дамуына, ксенофобия мен надандыққа қарсы тұра білуді меңгеруіне өз үлесінді қосу. Әрине, мұның бірден-бір жолы, оқу-білімді насихаттау, өйткені адамдар көбіне өздері білмейтін нәрседен қатты қорқады. Ал білім ксенофобия мен төзбеушіліктен қорғайды. Білетін адам – айналасын түсінетін және құрметтейтін адам.

Әрине, барлық адам барлық діни бағыттарға қарсылық көрсетпесін деп талап ету ақылаға қонымсыз болар еді, өйткені адамдардың көпшілігінің дін жөнінде өзіндік қалыптасқан көзқарасы бар, оның үстіне, олар конфессиялар мен деноминациялардың бәрін бірдей ұната бермейді. Бұл – мәселенің бір жағы. Екіншісі – адам өзінің діни көзқарасын айналасындағыларға ұнамағаны үшін өзгерте салмайды. Расында да, діндер тарихын ден қоя зерттеп жүрген кез келген жан, адамзаттың бүкіл тарихында үнемі әртүрлі ойлаудың орын алып келгенін байқар еді. Тіпті сонау 1881 жылдың өзінде Орыс православие шіркеуінің бөлінуін зерттеген этнограф, тарихшы А. Пругавин бұл туралы былай деген екен: «Дұрыс сенім үшін, таза рухани азық үшін, халықтың ой-санасы әманда арлы-берлі ауытқумен келеді...»¹.

Иә, шынында да кез келген шіркеу өзінше дұрыс, ал бірақ басқалар үшін бұл мүлдем бұрыс көрінуі мүмкін. Әрбір конфессия мен деноминация сенушілерінің сөзін тыңдасаң, тек солардың діні ғана өмірдегі барлық сұрақтарға дұрыс жауап береді, тек солардың дінін

¹ Пругавин А. Раскол и сектанство в русской народной жизни. – М., 1905. – 23-б.

ұстану арқылы ғана құтқарылуға және Құдайға жақындауға болады. Ал енді сол үшін оларды кінәлауға бола ма? Әрине, жоқ! Себебі мұнда тұрған үрейлі ешнәрсе жоқ, қылмыстық та жайт емес. Өйткені бұл кез келген діннің ең өзекті мән-мазмұны. Мұнсыз дін болмайды. Ең бастысы, кез келген діни бағытты қалай бар, солай қабылдай білуіміз қажет. Оған өзіміздің діни немесе атеистік көзқарасымызды тықпыштаудың керегі жоқ. Бұл ойынға айналдыратын, немесе саудаласатын нәрсе емес. «Ойын түбінен от шығып», қырғиқабақ жауласуға ұрынбау үшін мейлінше сақ болғанымыз абзал.

Бәлкім, біреулерге ұнар, біреулерге ұнамас, бірақ бір ақиқат шындық бар, ол – Жер бетіндегі мемлекеттердің саны қаншама көп болса, діндер де тап сондай поликонфессиялық болуы тиіс. Сондықтан қашан да татулық пен түсіністіктің ақ жолын іздеуіміз керек. Белгілі қазақ жазушысы Роллан Сейсенбаевтың сөзімен айтқанда, «азапты оқшауланудан бас тартып, бүкіл Ғаламды құшағымызға алу үшін, өзіміздің жан дүниемізді барынша кеңейтуіміз қажет»¹.

Түркі халықтарының, соның ішінде қазақ халқының, байырғы мәдениетінің тарихында айрықша орны бар ұлы ақын, пәлсапашы Қожа Ахмет Ясауи осыдан 900 жыл бұрын былай депті:

*Пайғамбардың мынадай бір өсиеті бар:
Байқаусызда бөтен діндегі біреумен соқтығысып қалсаң,
Оған зұлымдық жасап жүрме.
Өйткені жүрегі қатал адамды Құдай жек көреді...*

Діннің әртүрлілігін қаралағысы келетіндер ең басты мынадай бір жайтты ескермейтіндігі өкінішті-ақ: дін – адам жанының ең нәзік қылы, сондықтан адамның дінді іздеуінің мәнісіне терең түсіністікпен, елжіреген жанашырлықпен қараған жөн. Әрі сол іздеуге жарық түсіргісі келетін адам кіршіксіз таза ар-ұжданға, асқан шеберлікке ие болу керек. Мұны адамзаттың бірінші ұстазы атанған Аристотельдің «Никомах этикасы» деген ғажайып еңбегінде ай-

¹ Amanat, 2006. №3. – 169-б.

тылған оймақтай оймен тұжырымдасақ, былай болып шығады: «Қайырымды адамның ар-ұжданын соттау үшін, бұған қосатынымыз, дұрыс соттай білу керек»¹.

Міне, қандай да бір қорытынды жасау үшін, әрбір діни ағымның адамдарға үйрететін ілімдеріне, ұйымдық-ғибадат ету тәжірибелеріне терең мән берудің қаншалықты маңызды екендігі осынау бір ауыз сөзден-ақ айқын көрініп тұрған жоқ па!

Әйгілі австриялық дәрігер-психотерапевт В. Франкл өзінің «Психотерапия және дін» деген мақаласында діндердің сан алуандығын тілдердің сан алуандығымен салыстырады: адам кез келген тілде Шындыққа келе алады, дәл сол сияқты ол кез келген тілде адасып жүруі де мүмкін. Міне, тап сол секілді, кез келген діннің көмегімен адам Құдайды – жалғыз Құдайды таба алады².

Мен дәл осы тұрғыдан және көз жеткізілген бүтіндегі шындықты ескеріп, өзімнің көп жылғы зерттеу еңбегімнің жаңа нұсқасын әзірлеп шыққан едім, енді міне, соны, қадірлі оқырман, өз игіліктеріңізге пайдалану үшін ұсынып отырмын.

Кітабымның қазақ тіліне аудармасы сапалы және оқуға жеңіл болғанын қаладым. Бұл аудармашының көп уақыты мен күшін талап етті. Оның керемет атқарған еңбегі үшін мен дән ризамын. Алайда аударма жұмысына арналған уақыт зая кетпеді. Сол уақыт аралығында мен қосымша мәлімет көздеріне ие болдым, сондықтан да мәтінге кей қосымшалар енгізуге өзімді міндеттімін деп санадым. Нәтижесінде кітабымның қазақша нұсқасы одан да толық әрі негізді болып шықты³.

**Артур Артемьев,
дінтанушы, профессор
Сәуір 2020**

¹ Аристотель. 4 томдық шығармалар жинағы. 4-т. – М., 1983. – 184-185-б.

² Франкл В. Психотерапия и религия. – М., Прогресс, 1990. – 337-б.

³ Бұл басылымда келтірілген Киелі кітап үзінділерінің көбісі қазақ тіліндегі «Киелі жазбалар – Жаңа дүние аудармасынан» алынған.

БІРІНШІ ТАРАУ

ЕХОБА КУӘГЕРЛЕРІ ӘЛЕМДІК ДІНИ ҰЙЫМЫНЫҢ ТАРИХЫ

Ехоба куәгерлері – христиан конфессиясына жатады. Құлаққа әдеттегіден өзгешелеу естілетін мұндай атауды олар Киелі кітаптан алған. Ехоба – Құдай есімі атауының бір формасы. Бұл еврей тілінде (ивритте) – «Йе-хо-ва», ал христиан дәстүрінде – «Иегова» деп оқылады. Классикалық әдебиеттерді оқығанды жақсы көретіндер көптеген шығармаларда, соның ішінде тек шетелдік қана емес, кешегі кеңестік авторлардың да туындыларында «Иегова» деген есімнің кездесетінін естеріне түсірсе де болады¹.

Дінтану² әдебиеттерінде бүгінде де осы дінге қатысты – «иеговизм», ал осы бағытты ұстанушыларға қатысты «иеговистер» деген сөздерді жиі кездестіруге болады. Мысалы, «Дінтану. Әлем діндерінің діни ілімдері» («*Религиоведение. Вероучения религий мира*») оқу құралының авторлары В. Никитин мен В. Обухов жоғарыда аталған атауларға қатысты үлкен пікірталас әңгіме көтерген болатын³. «Жауапкершілігімізді сезіне отырып, шын жүректен мәлімдейміз, – деп жазады олар, – біз бұл терминдерді ғылыми және педа-

¹ Бұл тақырып Ехоба куәгерлерінің діни іліміне арналған Үшінші тарауда толығырақ қарастырылады.

² «Дінтану» терминінің қолданыла бастағанына аса көп уақыт өте қойған жоқ, негізінен ол екі жазылымда кездеседі: біріншісі – «религия» сөзін орыс тілінен транслитерациялағанда; екіншісі – «religiö» сөзін латын тілінен транслитерациялағанда. Менің пайымдауымша, бірінші жағдай орыс тілінің жазылу ережелеріне толық сәйкес келетіндіктен, «е» әрпі арқылы жазылуы тәуірлеу шыққан сияқты. «Религиоведение» сөзінің «е» әрпі арқылы жазылуының қолайлырақ екендігін академик В. Гараджа өзінің «Религиоведение» деген (М., 1994. 5-бет) оқу құралында жан-жақты түсіндіреді.

³ Никитин В., Обухов В. Религиоведение. Вероучения религий мира. – СПб., Химиздат, 1999. – 267-268-б.

гогикалық мақсатпен мейлінше дұрыс қолдануға тырыстық. Өйткені ғылыми әдебиеттерде көп жағдайларда діннің атауы «изм» суффиксінің көмегімен жасалады. Мысалы, индуизм, синтоизм, католицизм, баптизм, адвентизм, және т.б. Сәйкесінше діннің атауынан сол дінді ұстанушылардың атауы жасалады, айталық: индуистер, синтоистер, католиктер, баптистер, адвентистер және т.б. Ал педагогикалық үрдістерде тіпті бұдан да қысқа терминдер қолданылады. Сондықтан «Ехоба куәгерлерінің діні» дегеннен гөрі «иеговизм» деген терминнің әлдеқайда қысқарақ екеніне келісетін шығарсыздар»¹.

Қысқалыққа қатысты бұл тұжырыммен, бәлкім, келісуге де болар еді. Егер, біріншіден, біздің түсінуімізше, қысқалық пен «кішірейтіп» сөйлеуде кемсіту мағынасы сезіліп тұрмаса. Ал мына жағдайда атаалмыш терминдерді Ехоба куәгерлері дәл осындай мағынада қабылдайды екен. Бұл туралы осы оқу құралы жарыққа шыққан соң-ақ өз діндестерінің көзқарасын ашық білдірген Ехоба куәгерлерінің Ресейдегі Басқару орталығы Жетекшілік комитетінің сол уақыттағы төрағасы В. Калин былай деп жазды: «Ехоба куәгерлеріне қатысты «иеговизм» терминін қолдану дұрыс емес, және бұны біз кемсіту мағынасында пайдаланылып тұр деп түсінеміз».

Бүгінде қалыптасқан антикультизм идеологиясын ұстанатын кейбір ұйымдар мен қайсыбір журналистер осынау «иеговистер» терминін өте жақсы көреді, әрі мұны осы дінді ұстанатындарды қоғам алдында кемсіту үшін пайдалануға шебер-ақ.

Жалпы, «иеговистер» термині бізге кеңестік атеистік заманнан ауысқан. Бұл барлық адамдарды жүрек қалауы бойынша емес, тек нұсқау бойынша ойлауға, тек нұсқау бойынша сенуге мәжбүрлеген атеистік мемлекеттің озбырлық саясатының ащы жемісі болатын.

Міне, Ехоба куәгерлерінің осы терминді не үшін жек көретіндігі енді түсінікті болған шығар.

Олай болса, орынсыз мүйіздеудің қажеті қанша? Егер осы дінді ұстанушылар үшін «иеговизм», «иеговистер» терминдері оларға

¹ Никитин В., Обухов В. Религиоведение. Вероучения религиозий мира. – СПб., Химиздат, 1999. – 267-б.

қорлау сезімдерін тудыратын болса, жазықсыз адамдарды ренжітудің не қажеті бар?

Екіншіден, В. Никитин мен В. Обухов не бұрмалауға ұрынған, не орыс тілін жетік білмейді. Бұлай дейтініміз, ақиқатына жүгінсек, барлық діндердің атаулары бірыңғай «изм» деп аяқталмайды. Мысалы, сонау ерте заманнан қалыптасқан ислам, православие діндерін алайықшы. Біз оларға қатысты «исламинизм», «православизм» деп айтпаймыз ғой.

Сондықтан біздің ойымызша, жоғарыда аталған оқу құралдарының авторлары қайсыбір күмәнді «ғылыми» дәлелдемелерді жөн-жосықсыз тықпалағанша, қайта, жіберген кемшіліктерін мойындап, сол үшін көпшіліктен кешірім сұраса, әлдеқайда орынды болар еді-ау!

Жә, бұл орайы келген соң айтылған сөз ғой...

Соңғы он жылда Ехоба куәгерлері өздерінің тарихына ерекше көңіл бөліп отырғаны айқын байқалады. Олар өз ұйымдарының қалай пайда болғандығы, өздерінің даму, өркендеу кезеңдері туралы барлық материалдарды үлкен ыждағаттылықпен, көрегенділікпен жинап келеді. Соның арқасында тарихи шындықтың бетін ашатын небір құнды кітаптар, деректі фильмдер шығарылып, мұражайлар мен көрмелер ұйымдастырылуда. Расында да, бұл ұйымның тарихына байланысты құнды материалдар қазір өте мол. Мен бұған о баста өзім жарыққа шығарған «Қазақстандағы және Орта Азиядағы Ехоба куәгерлері» деген кітаптың бірінші және екінші басылымдарын әзірлеу кезіндегі жағдайлар мен қазіргі жағдайды салыстыра отырып көзімді анық жеткіздім.

Жоғарыда айтылғандай, Ехоба куәгерлері¹ – неопротестанттық христиандық діни ұйым. Оның мүшелері өздерін өмір жолдары

¹ Бұл жерде Ресейде XIX ғасырдың 40-шы жылдары, яғни АҚШ-та ең бірінші Ехоба куәгерлері пайда болғанға дейін өз ілімін жүргізген діни ағым – неговист-ильиншілермен (Десное братство) шатастыруға болмайды. Аталмыш ұйымның негізін қалаушы – артиллерия штабс-капитаны Н. Ильин болатын. Оның діни ілімі «Сиондық хабаршы» деп аталаатын кітапта жазылған, әрі оны ұстанушылар бұл басылымды тіпті Библиядан жоғары қоймағанмен, онымен бір деңгейде деп есептейді. Осы дінді жалғастырушылардың шағын топтары бүгінде Қазақстанда да бар. Алайда жергілікті билік орынында ресми тіркеуден бас тартқандықтан, олар жартылай заңсыз жағдайда іс-әрекет жүргізуде.

мен уағыздайтын ілімдері Киелі кітапта жазылған ертедегі Құдайға шынайы бас июшілердің рухани ізбасарларымыз деп санайды. Киелі кітапта мұндай адамдар әділдер деп аталған. Бірінші әділ адам Әбіл деп саналады. Сондай-ақ дәл осы қатарда Нұх, Шам, Ыбырайым, Мұса, Дәуіт және Киелі кітапта аталған басқа пайғамбарлар да тұр. Елші Пауылдың Еврейлерге арнап жазған хатының 11-тарауында бұл адамдар «куәгерлер» деп аталады (*Ишая 43:10; Еврейлерге 12:1*).

Ехоба куәгерлері атауларын 1931 жылы өздері таңдады. Сол жылға дейін олар Киелі кітап зерттеушілері, Халықаралық Киелі кітап зерттеушілері деп танылған еді. Ал қарсыластары оларды рас-селлистер және рутерфордықтар деп мысқылдап атайтын. О баста олар «христиандар» деген атаудан басқа атауларының болғанын қаламады. Алайда, уақыт өте келе, олар келесідей тұжырымға келді: жиі өздерін «христиандар» деп атайтын адамдар шын мәнінде Исаның тәлімін де білмейді, Киелі кітаппен де таныс емес. Сондай-ақ көптеген шіркеулер зардап пен қайғы әкелетін соғыстарға қатысқан еді. Сондықтан да Киелі кітап зерттеушілері христиан дінінің басқа миллиондаған конфессиялары мен ағымдарынан айрықшаланамыз деп шешті. Алайда олар қандай да бір адамның есімімен атанғылары келмеді. Олар Исадан үлгі алып, Құдайдың есімі мен оның еркі туралы ашық жариялау керек, әрі басқаларға Құдайдың ниеті мен рақымдылығын түсінуге көмектесу қажет деп сенімді болды. Олар негіз ретінде Ишая пайғамбардың сөзін қарастырды: «Сендер менің куәгерлеріміңдер, – дейді Ехоба. – Иә, сен өзім таңдаған қызметшімің. Сендерді мені танып-білсін, маған сенсін, Ешқашан өзгермейтінімді түсінсін деп таңдап алдым. Маған дейін ешқандай Құдай болмаған, Менен кейін де болған жоқ. Мен, мен Ехобамын. Менен басқа құтқарушы жоқ. Араларыңда ешбір бөтен құдай болмай тұрып, Мен құтқаратынымды айттым, солай еттім де, әрі мұны кең таралатындай еттім. Сендер менің куәгерлеріміңдер, – дейді Ехоба, – ал мен Құдаймын» (*Ишая 43:10–12*).

Сонымен қатар олар Киелі кітапта жазылған Исаның өсиетіне құлақ асу маңызды деп сенеді: «Алайда өздеріңе киелі рух

қонғанда күш-қуатқа ие болып, Иерусалимде, бүкіл Яһудея мен Самарияда және жердің қиыр шетіне дейін мен жайлы куәлік етесіңдер» (*Елшілердің істері 1:8*). Сондықтан да олар Иса жайлы Мәсіх деп куәлік етеді.

Көңіл бұрарлық тағы бір жайт: Ехоба куәгерлері Киелі кітапта баяндалған алғашқы мәсіхшілердің қауымдарын үлгі тұтады, ал Исаны қауымдарының басы әрі Құдай патшалығының патшасы деп қарастырады.

Бұл туралы Ехоба куәгерлерінің ең басты тарихи-теоретикалық басылымдарының бірі – «Күзет мұнарасы» журналында былай дейді: «Б.з. 33 жылы Елуінші күн мейрамында мәсіхшілікті қабыл алған мыңдаған адам киелі рухпен майланды. Сөйтіп, олар «таңдалған нәсіл, патша әрі діни қызметкерлер, қасиетті халық және Құдайдың ерекше меншігі» болды (*Петірдің 1-хаты 2:9, 10 оқыңыз*). Елшілер көздері тірісінде қауымдарға мұқият бас-көз болды. Бірақ кейін, әсіресе елшілер қайтыс болған соң, қауымдарда «шәкірттерді өздерімен әкету үшін... жалған ілімдерді тарататын» ер адамдар пайда болды (*Елшілердің істері 20:30; Салониқалықтарға 2-хат 2:6–8*). Олардың көбісі бақылаушы ретінде жауапты міндет атқарған, ал кейінірек олар «епископқа» айналды. Осылайша Исаның «сендер өзара бауырлассыңдар» дегеніне қарамастан, діни жетекшілер тобы құрыла бастады (*Матай 23:8*). Аристотель мен Платонның пәлсапаларына тәнті болған бұл беделді ер адамдар Құдай Сөзіндегі шындықтың орнына солардың идеяларын үйрете бастады. Б.з. 313 жылы пұтқа табынатын Рим елінің императоры Константин мәсіхшіліктің жолдан тайған осы түрін заңды дін етті. Содан бастап Шіркеу мен Рим үкіметі бір-бірімен қоян-қолтық жұмыс істей бастады. Мысалы, Константин дінбасылармен бірге Никей соборы деп аталып кеткен жиын өткізді. Сол кездесуден кейін император діни қызметкер Арийді Исаны Құдай деп мойындамағаны үшін жер аудартып жіберді. Кейінірек Рим императоры І Феодосийдің тұсында (б.з. 379–395 жж.) Католик

Шіркеуі Рим империясының ресми дініне айналды. Тарихшылардың айтуынша, осылай IV ғасырда пұтқа табынушы Рим мемлекеті “мәсіхші ел” болып шыға келді. Бірақ шындығына келгенде, жолдан тайған мәсіхшілер бұған дейін-ақ пұтқа табынушылардың ілімдерін қабылдап, Ұлы Бабылдың бір бөлігіне айналып кеткен еді. Дегенмен әлі де болса Исаның мысалындағы бидай іспетті адал майланған мәсіхшілер бар болатын. Санаулы ғана олар Құдайға ғибадат етуге барынша тырысты, бірақ оларды тыңдайтындар өте аз болды. (*Матай 13:24, 25, 37–39 оқыңыз*). Олар шынымен де Бабылдың тұтқындығында еді!

Адамдар әлі де Киелі кітапты грек не латын тілінде оқи алатын кезде, олар Құдай Сөзіндегі ілімдер мен шіркеудің ілімдерін салыстыра алған. Киелі кітаптан білгендерінің негізінде олардың кейбірі шіркеудің жалған ілімдерінен бас тартқан. Бірақ өз пікірлерін ашық айту өте қауіпті болатын, өйткені сол үшін олар тіпті өлім құшуы мүмкін еді.

Уақыт өте келе, грек және латын тілінде сөйлейтіндердің қатары сирей берді. Ал шіркеу жетекшілері Құдай Сөзінің көпшілік түсінетін тілге аударылуына қарсы болды. Нәтижесінде, тек дінбасушылар мен кейбір білімді адамдар ғана Киелі кітапты өздері үшін оқи алған, тіпті кейбір дінбасушылардың өзі оқу мен жазуды жақсы білмеген. Шіркеудің үйреткендерімен келіспеген әркім аяусыз жазаланатын. Ал адал майланған мәсіхшілер шағын-шағын топ болып қана жиналған, кейбірі болса мүлдем бас қоса алмаған. Кезінде Бабылға жер аударылған яһудилер іспетті, майланған “патша әрі діни қызметкерлер” де қызметтерін ұйымдасқан түрде атқара алмады. Осылай Ұлы Бабыл жұртты уысында қысып ұстады!»¹.

Соған қарамастан ғылыми және ғылымға біршама қатысы бар салаларда күні бүгінге дейін: «Ехоба куәгерлері христиандық ұйымға жата ма?» деген сұрақтың төңірегіндегі әңгімелер болып тұрады. Көп жағдайда мұндай талас-пікірлердің туындауына православие

¹ Күзет мұнарасы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2016. Қараша. – 23-24-б.

дінін жақтаушы теологтар мен сенімі бойынша өздерін христиан дініне икемделушілер қатарына жатқызатын ғылыми ортаның өкілдері едәуір ықпалын тигізеді. Олардың сондағы дәлелі: Ехоба куәгерлері Иса Мәсіхті Құдай деп қабылдамайды және Үштікке сенбейді. Әрі мұны мәселенің мәнісін және христиан шіркеуінің тарихын жетік білмейтін адамдар да белсенді түрде қолдап жатады. Бірақ бұл сөз шындыққа қаншалықты сәйкес?

Негізінде Киелі кітапта «Үштік» деген сөз жоқ. Сондай-ақ ол туралы нақты бір догмат та кездеспейді. Керісінше, Заңды қайталау 6 тарау, 4 тармақта былай делінген: «Тыңда, Исраил: Құдайымыз Жаратқан Ие — жалғыз Құдай».

«Үштік» деген термин алғаш рет II ғасырда ғана пайда болды. 180 жылдары епископ Феофил Антиохийский бірінші рет христиандық ілімге қатысты «Үштік» сөзін қолданған (*бұған дейін бұл терминді тек гностицизм өкілдері ғана пайдаланған екен*). Ал латын дін мамандарының арасында «Үштік» сөзін бірінші рет Тертуллиан өзінің «Ұяттылық туралы» трактатында қолданған¹. Алайда о баста «Үштік» термині оның бүгінгі мағынасында қолданылмаған. Бұл ілім алғашқылардың қатарына жатпады, әрі еш дау-дамайсыз қабылдана салмады.

Христиан дінінің бүкіл тарихы бойында Үштік туралы ілімге байланысты қызу пікірталастар ешқашан толастаған емес. Алғашқы ғасырлар бойы христиандар бұл терминді әртүрлі түсінген және бір-бірімен келіспеді. Мысалы, көп христиандар Мәсіхті Құдайға тең деп қабылдамады. Ал Мәсіх пен Құдай – бір тұлға деген ілімді қолдамағандар одан да көп еді. Алғаш рет Құдайдың үштігі туралы мәселеге сенімсіздік білдірушілер христиандар-монархиялықтар болды (б.з. II–III ғ.). Олар Құдайдың біртұтас ажырамас бірлігін қорғауға бар күштерін салды.

¹ Киелі кітап энциклопедиясы. Архимандрит Никифора басылымы. – М., 1981 (*Репринттік басылым* – 1989. 706–707-б.). Сондай-ақ: Католик діні энциклопедиясы (5 томдық). 4 т. Францисканцев басп. – М., 2011. – 1459-1464-б.

Бұл пікірталасқа патрипассиалықтар мен савеллиандықтар сияқты христиандық ағымдар да өзіндік үлестерін қосса, ал кейін бұл мәселені Александриялық пресвитер Арий де көтерді. Осы ағымдардың әрқайсысында Мәсіхтің дәрежесі мен оның Құдаймен теңдігі туралы өзіндік көзқарастары болды. Олармен айтыс-тартыс кезінде Ұлы Афанасий мен Дінбасы Григорий өз ережелерін құрастырып, оларды шіркеудің дәлелдеусіз қабылданатын қағидасы ретінде Никей Сенім символы тұрғысында б.з. 325 жылы ғана бекіткен болатын. Осылайша, құдайшылықтың екі көрінісі (*Әке мен Ұлы*) дәлелденгендей болып көрінгенмен, алайда көптеген христиандар үшін Киелі рух туралы мәселе әлі де даулы күйінде қалған еді. Бұл жағдай тек б.з. 381 жылы, II Бүкіләлемдік жиында өз шешімін тауып, Үштік туралы қағида Никео-Цареградтық Сенім символына енгізілді.

Алайда үштік туралы айтыс-тартыстар протестанттық негізде құрылып, Құдай туралы үштік ілімді теріске шығаратын ағымдар (*социниандықтар, унитарлықтар, кейінірек XIX–XX ғасырда Ехоба куәгерлері және елуіктер*) пайда болған Жаңа уақытта қайта жаңғырды. Мұндай христиандық конфессиялар «антитринитариялар» деп аталды.

Сонымен, Ехоба куәгерлері Мәсіхті Құдайға тең деп санамайтын және Құдайдың үштігін теріске шығаратын жалғыз христиандық конфессия емес екен. Дегенмен де осы ұстаным олардың діни ілімдерінің негізіне жатады¹.

Ехоба куәгерлерінің діни ілімі бойынша жалғыз шынайы Құдай – Ехоба, сол себепті Иса Мәсіхті олар Құдай деп те, Құдайға тең деп те есептемейді. Олар жалғыз ғана Құдай бар және оған тең келер ешкім жоқ деп сенімді. Исаның дәрежесі Құдайдікінен төмен, және ол өзі Құдайға мінажат етеді. Бұл ілімді түсіндірген кезде, Куәгерлер жиі Жохан жазған Ізгі хабардың 20 тарауы, 17 тармақтағы Мәсіхтің

¹ Бұл туралы толығырақ білу үшін, жоғарыда аталған энциклопедиялық басылымды қараңыз. Сондай-ақ: Дінтану. Энциклопедиялық сөздік. – М., Академиялық жоба, 2006. – 1079-1080-б.

сөздерін келтіреді: «Бауырластарыма барып, мынаны айт: – Мен өзімнің және сендердің Әкелеріңе, өзімнің және сендердің Құдайларыңа көтерілемін». Олар үшін Иса – Құдайдың ең алғашқы жаратылысы, сондықтан да ол басқа жаратылыстардан өте ерекше, тіпті «Құдайдың жалғыз Ұлы» деп есептеледі.

Демек, сенушілердің ұстанымы Киелі кітапқа негізделген, қисынды әрі түсінікті. Олар Мәсіхті және оның адамзатты құтқарудағы рөлін жоққа шығармайды. Сондықтан да оларды христиандар деп қабылдамау дұрыс емес деп ойлаймын. Олар – христиандар.

Нақты мысалға жүгіну үшін «Күзет мұнарасы» журналында жазылған қызықты бір жайтқа назар аударайықшы: «Лондонда өткен Ехоба куәгерлерінің конгресінде осы ұйымның мүшелерінің бірінен теледидар тілшісі: «Ехоба Куәгерлері нағыз мәсіхшілер ме?» – деп сұрайды. Куәгер былай деп жауап береді: «Иә, тап солай, өйткені біз Исаға еліктейміз. Дүниеде өзімшілдік басым, ал біз – жол, шындық және шынайы өмір ретіндегі Иса Мәсіхке назар тігеміз. Біз оның Үшбірліктің бөлігі емес, Құдай Ұлы екендігіне сенеміз, сол себепті біздің Киелі кітапты түсінуіміз басты діндердің ілімінен ерекше»¹.

Ехоба куәгерлерінің пікірінше, соңғы елші көз жұмғаннан кейін, таза христиан діні де ғайып болды, ал қауымдардағы билік гностиктер мен басқа да грек философтарының қолына түсті. Олар болса, Мәсіхтің ілімін бұрмалап тастап, эллинистік философия мен пұтқа табынушылық мистицизм аралас келген ілімді алға тартты. Сол себепті Куәгерлер II ғасырда болған апологеттерді де, кейін өмір сүрген «Шіркеу әкелерін» де мойындамайды, ал б.з. II ғасыр мен 1919 жыл аралығын «рухани тұтқындық» деп атайды.

Ехоба куәгерлері өздерінің «рухани бостандыққа жетуін» 1919 жылға жатқызады. Олар бұны былай түсіндіреді: «1919 жылы майланған мәсіхшілер Ұлы Бабылдан босатылып, рухани таза қауымды құрай бастады. Бұл келесі айқын деректерден көрінеді: Құдай Пат-

¹ Күзет мұнарасы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2001. 1 тамыз. – 4-б.

шалығы 1914 жылы көкте билік ете бастағаннан кейін, Құдай халқы сыналып, бірте-бірте жалған ғибадаттан тазартылды (*Малахи 3:1–4*). Сосын 1919 жылы Иса Құдайдың рухани тазарған халқына «ас-суын уақтылы беріп тұру» үшін «адал да ақылды құлды» тағайындады (*Матай 24:45–47*). Дәл сол жылы Құдай халқы бейнелі мағынада Ұлы Бабылдың тұтқындығынан босатылды (*Аян 18:4*)»¹.

Бірақ олар «рухани тұтқындық» кезеңнің өзінде жер бетінде Құдайдың қызметшілері болған дейді. «Ехоба куәгерлері – сенім іс-әрекетте. I бөлім» деген деректі фильмде сонау ертеден шындықты іздеген және бүгінде олардың көзқарастарына ортақтасқан адамдар туралы баяндалады.

Мысалы, осы фильмде ХІІ ғасырда Францияда Киелі кітапты қарапайым адамдардың тіліне аударған көпес Вальдо; шіркеулердің Киелі кітаптың талаптарына жатпайтын салт-дәстүрлерін қатты сынаған католик дін қызметшісі Джон Уиклиф; Исаак Ньютон; ақын Джон Мильтон және химия маманы Джозеф Пристли еске алынады.

Аталмыш фильмде Джозеф Пристли Үштік туралы ілімді жоққа шығарып қана қоймай, жанның өлмейтіндігі жөніндегі ілімді жалған деп жариялайды. Ол шындықтың үлгісіне тек бірінші ғасырдағы мәсіхшілердің сенімі жатуы тиіс, ал одан тыс кез келген ауытқушылықты іс жүзінде қолдануға болмайды дегенді айтады. Оның мұндай көзқарасы шіркеулерде және үкімет органдарында қызу таластар тудырды. Ақыры 1791 жылы қатты ашынған тобыр Пристлидің үйін, лабораториясын жойып жібереді. Сөйтіп, қатарынан үш жыл бойына орынсыз соқтығуларға тап болған ол АҚШ-қа қашып кетуге мәжбүр болады. Кейін оның көзқарастарын ұстанатындар шыға бастайды. Солардың бірі Генри Гру болатын. Ол 25 жасында, 1807 жылы Хартфорд қаласындағы (*Коннектикут штаты*) баптистер шіркеуіне қызметке шақырылады. Оның Киелі

¹ Күзет мұнарасы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2016. Наурыз. – 29-б.

кітапты оқуға қатысты ұстанымы Жазбалар өзін-өзі түсіндіреді дегенге саятын. Грудың пікірінше, Киелі кітапты оның өзінен артық ешкім де жақсы түсіндіре алмайды. Ол Киелі кітапты зерттей келе Үштік туралы ілімнің жалған екеніне көзі жетеді. Демек, Үштікке сенбей, ендігі жерде баптистер шіркеуінің қызметшісі қатарында қалу мүмкін емес еді. Ақыры араға төрт жыл салып, Гру мен кейбір діни қызметшілер шіркеуден кетеді. Кейінірек Гру өзінің зерттеу еңбектерінің нәтижесі ретінде «Аралық жағдай» деп аталатын кітапша шығарып, онда Киелі кітаптың көмегі арқылы Үштік туралы, тозақ оты туралы және жанның өлместігі туралы ілімдердің жалған екенін дәлелдеп шығады. Бұл кітапша методист шіркеуінің пасторы Джордж Сторрздың назарына ілігеді. Ол методист епископтық шіркеудің пасторы ретінде Киелі кітапқа қайшы келетін ілімдерді оқытып жүргендіктерін түбегейлі түсінгендіктен, ар-ұжданы мазалап, ақыры 1840 жылы шіркеудегі қызметін тастап шығады. 1842 жылы Сторрз «Киелі кітапты зерттеуші» деп аталатын журналды ай сайын шығаруды қолға алады. Сол кездері ол Генри Грумен кездеседі. Олардың бұл кездесуі ұзамай жақын достыққа ұласады. Екеуі өлмес жан туралы көзқарасты ұстанатындармен өтетін пікірталастарға бірге қатысып жүреді. Джордж Сторрз Мәсіх қайта оралған кезде жер бетінде өмір сүріп жатқан адамдардың құтқарылуына мүмкіндік болу үшін, бүкіләлемдік уағыздау жұмысы ұйымдастырылу керектігін түсінді. Ол мұны қалай жүзеге асыруға болатынын тіпті де білген жоқ. Алайда нық сеніммен былай деп жазды: «Көп адамдар Құдай үшін мүмкін емес нәрсе бардай-ақ, орындалуға тиістіні жоққа шығармақ болатынын қайтерсің!» Сторрз 1879 жылы Бруклиндегі (*Нью-Йорк*) өз үйінде қайтыс болады. Бұл бір кездері ол армандаған әлемдік уағыз қызметінің орталығына айналған жерден тіпті де алыс емес еді¹.

¹ Ехоба куәгерлері – сенім іс-әрекетте. I бөлім. Түнектен шығу. Деректі фильм. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2010.

Сонымен, Ехоба куәгерлерінің христиандық шіркеуі ХІХ ғасырдың аяғында құрылды. Оны протестантизмнің кейіннен пайда болған ағымдарына, яғни неопротестантизмге жатқызу шындыққа сай келеді, себебі Ехоба куәгерлері ілімінің құралуына жетінші күн адвентистері дінінің әсері болған. Алайда бұл жерде әңгіменің адвентистерден бөлініп шығу туралы емес, олардың әсері жөнінде екенін бірден атап өткеніміз жөн. Өйткені Ч. Расселл адвентистер шіркеуіне ешқашан қосылған емес¹.

1870 жылы Солтүстік Американың Аллегейни қаласында (қазір бұл Питтсбург қаласының бір бөлігі, Пенсильвания штаты) **Чарльз Тейз Расселл (1852–1916)** алғаш рет Киелі кітап зерттеушілерінің шағын үйірмесін ұйымдастырады.

Ч. Расселл 1852 жылы 16 ақпанда Құрама Штаттарында Джозеф және Энн Элайза (Берни) Расселл деген пресвитериандық² ерлі-зайыптылардың отбасында дүниеге келеді. Олар 1845 жылы Ирландиядан АҚШ-қа қоныс аударған болатын. Ч. Расселлдің өмірбаянында атап көрсетілгендей, «ол кішкентай кезінен-ақ діншіл ата-аналарының ықпалын сезініп өседі»³. Дегенмен де оның тап осылайша пресвитериандық рухта тәрбиеленгеніне қарамастан, рухани ізденістері жас Чарльзды ақырында конгрегационалистердің⁴ ұйымына алып келеді.

Джозеф пен Энн Элайза Расселлдердің Ч. Расселлді қосқанда бес баласы болады. Тұрмыс жағдайлары өте ауыр болғандықтан,

¹ Ч. Расселлдің өзі былай дейді: «Бізді адвентистердің мүлдем қателесіп, Исаны тәндік күйде оралады деп күтетіндігі, сондай-ақ адвентистерден басқалардың бәрі, бүкіл әлем отқа жанып кетеді деп үйрететіндігі, көңілімізді қатты қалдырады» (Дәйексөз: «Свидетели Иеговы – возвестители Царства Бога» кітабынан (ор.) алынды. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2005. – 45-б.).

² Пресвитериандар (грек. *presbyteros* – ақсақал) – Шотландия мен Англияда Реформация кезінде пайда болған кальвинизмдегі ағым. Оның негізін қалаушы – Дж. Кокс (1505–1572).

³ Свидетели Иеговы – возвестители Царства Бога. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2005. – 43-б.

⁴ Конгрегационалистер (лат. *congregatio* – бірлестік, қауым) – кальвинизмнің өзге бір ағымы. ХVІ ғасырда пайда болған олар жергілікті шіркеулердің немесе қауымдардың (конгрегациялардың) автономия принципін, олардың қандай да бір шіркеулік ұйымдарға тәуелсіз екендіктерін, жариялаған болатын. 1581 жылы бірінші конгрегацияның негізін Р. Браун қалаған.

Ч. Расселл тоғыз жасқа келгенде екі інісі мен қарындасынан айырылып қалған еді, содан кейін анасынан айырылады.

Сол 1861 жылы Құрама Штаттарында азаматтық соғыс бұрқ ете түседі. Сондағы қантөгіс кезінде 618 000 адам көз жұмады. Зерттеушілердің пікірінше, Құрама Штаттардың бұған дейін қатысқан соғыстарда өлген АҚШ азаматтарының санымен салыстырғанда, осы соғыста қырылғандардың саны әлдеқайда көп екен. Қанды шайқас болған жер Расселлдер отбасы тұрған жерден алыс емес еді. Сондықтан да кішкентай Чарлз қаскөй соғыстың адамдарға қаншалықты қайғы-қасірет әкелетінін өз көзімен көруге мәжбүр болады.

Ч. Расселл бала кезден-ақ Құдай адамдарды күнәлары үшін тозақ отында жазалайды деген ілімге иланғысы келмейтін. Бұл туралы ол өз көзқарасын былай түсіндіреді: «Бар күшін адамдарды жаратуға жұмсап, алайда олардың тағдырын мәңгілікке азап шегуге ұйғарып қою, даналыққа да, әділдікке де, сүйіспеншілікке де жатпас еді. Мұндай Құдай адамгершілігі мен рақымшылығы жағынан көп адамдардан әлдеқайда төмен болар еді ғой»¹. Осылайша оның Құдайға деген сенімі бір сәтке шайқалғандай болады...

Жас кезінде Чарлз жап-жақсы кәсіпкер болатын. Және ол осы бизнесі арқылы адамдарға мейлінше көбірек, мейлінше тиімдірек көмектесе аламын деп ойлайтын. Сөйтіп, 11 жасында ерлер киімін сататын өркендеп тұрған дүкеннің қожасы – әкесімен әріптес болады. Кейін бірте-бірте бизнесінің ауқымын кеңейтіп, бірнеше дүкенді қатар басқарады. Сол уақыттарда оның қаржылық ахуалы үш жүз мың доллардан асып түсетін, ал бұл қазіргі өлшем бойынша – жеті миллион доллар еді. Ол мұқтаж адамдарға қайырымдылық жасаумен айналыса бастайды. Бірақ бұл да оған ешқандай қанағат әкелмейді. Ол рухани сүйеніш табармын деген оймен, өзін мазалаған Құдай туралы, қайғы-қасірет атаулының себептері туралы сұрақтардың

¹ Человечество в поисках Бога. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2006. – 351-6.

жауабын іздейді. Кейін есіне алғандай, Чарлз бұлардың да «өзін қанағаттандыра алмайтындығына көзін жеткізу үшін» тіпті Шығыстың алдыңғы қатарлы бірнеше діндерін де зерттеп көреді.

Бірақ бір күні кешке (бұл 1869 жыл болатын) Чарлздың шайқалған сенімін қалпына келтірген бір жағдай болады. Өзінің дүкеніне жақындау жерде қыдырып жүрген ол бір үйдің астында орналасқан залдан шығып жатқан діни әнді естиді. Бұл туралы ол кейінірек былай деп айтады:

«Содан бір күні кешке қарай мен күтпеген жерден бір топ адам діни қызмет атқарып жатқан әлгі залға кірдім. Залдың іші шаң-шаң екен. Өзге үлкендеу шіркеулерге қарағанда, бәлкім, бұларда қандай да бір ақылға қонымды бірдеңе табылып қалар ма екен деп ойлаған едім. Сөйтіп, мен алғаш рет сол жерде адвентистердің ілімі туралы естідім. Уағызды мистер Джонас Уэнделл жүргізді... Шынымды айтсам, содан кейін мен адвентистердің алдында, ал бұл өз кезегінде басқа конфессиялардың алдында өзімді қарыздар сезіндім. Әйткенмен де әлгі уағыздаушының Киелі жазбаларды түсіндіруінен түбегейлі түсінік ала алмадым... бірақ соның өзі менің Киелі жазбалардың Құдай рухының жетелеуімен жазылғандығына байланысты шайқалған сенімімнің жаңғыруына, елшілер мен пайғамбарлар жазбалары арасындағы тығыз байланысты көре білуге көмектескен еді. Кейін осында естігендерім мені Киелі кітапты бұрынғыдан да күшті құлшыныспен әрі әлдеқайда мұқият зерттеуге талпындырды. Сол үшін де мен дер кезінде өзімді дұрыс бағытқа жол сілтеген Құдайыма шексіз алғысымды айтамын. Шын мәнінде, мен адвентистердің көмегімен нақ шындықты таппағаныммен, олар өзімнің қалай адасып жүргенімді түсінуіме көмектескен еді. Ал бұл мені алдағы ақиқат Шындыққа дайындаған болатын».

Осы кездесулер жас Расселдің Киелі кітаптағы шындықты зерттеуге деген шешімін қайта оятады. Осылайша ынта-жігері тасыған Чарлз, әкесі Джозефпен және Питтсбург пен Аллегейниден келген бірнеше таныстарымен бірлесіп, Киелі кітапты зерттеу тобын

құрады. Олардың зерттеу сабақтары былай өтетін: «Қатысушылардың бірі қандай да бір сұрақ қояды. Сосын бәрі оны талқылайды. Талқылау барысында сұраққа қатысы бар барлық Жазба орындарын тауып, олардың өзара үйлесімдігіне көздерін жеткізген соң ғана өз ұйғарымдарын жасап, оларды қағазға түсіреді». Бұл туралы кейін Расселдің өзі мойындағандай: «1870 – 1875 жылдар аралығы Құдайдың жарылқауы, білімі, сүйіспеншілігі мен Сөзі үнемі өсіп отырған уақыт болды»¹.

Расселдің айтуынша, Киелі кітапты зерттеуге оған рухани тәлімгерлер көп көмектескен. Ол өзін тек адвентист Джонас Уэнделдің алдында ғана қарыздар сезінбей, басқалар туралы да, мысалы, Бруклиндегі (*Нью-Йорк*) «Киелі кітапты зерттеуші» журналын шығарушы Джордж Сторрз, Эдинборо қаласындағы (*Пенсильвания штаты*) христиан шіркеуінің пасторы Джордж Стетсон, тағы басқалар туралы да жылы лебіздер айтқан².

1879 жылы ол ай сайын ұсынылатын «Сион күзет мұнарасы және Мәсіхтің осында болуының жаршысы» журналының бірінші нөмірін (*қазір бұл журнал «Күзет мұнарасы» деп аталады*) жарыққа шығарады. Журналдың алғашқы санында басылымның мақсаты жарияланады: «Атауынан көрініп тұрғандай, журнал «кішкене отарға» (*көкте өмір сүруге үміті бар сенушілерге – автордың ескертуі*) алдын ала қызық та пайдалы хабар беретін бақылаушы орын болуға және «Мәсіх билігінің жаршысы» болғандықтан, бір сенімдегілерге «рухани ас-суды» уақтылы беруге тырысады». Осыдан кейін жүргізілген зерттеулердің барлық нәтижелері осы журналда жүйелі түрде жариялана бастайды.

1882 жылы үйірменің мүшелері Ч. Расселді өздеріне пастор етіп сайлайды. Осы кезден бастап Рассел өзін пасторлық қызметке толықтай арнайды. 1881 жылы «Күзет мұнарасы» журналында

¹ Свидетели Иеговы – возвещатели Царства Бога. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2005. – 44-б.

² Сол жерде. – 45–46-б.

«1000 уағыздаушы қажет» деген мақала жарияланады. Бұл отбасылық міндеттерге жегілмеген әрбір қауым мүшесін кітап таратуға және Інжілді уағыздауға талпындырған шақыру еді. Соның арқасында 1885 жылы осы үндеуге құлақ асқандардың саны 300 адамға жетті.

1881 жылы Расселл тегін таратуға арналған бірнеше трактат басып шығарады. Сондай трактаттардың бірі «Ойлай білетін мәсіхшілерге арналған тағам» деп аталды. Оның үлкен сұранысқа ие болғаны соншалық, алғашқы төрт айдың ішінде-ақ 1 200 000 данасы жылдам таратылып кетеді. Киелі кітап зерттеушілерінің өз баспаханасы болмағандықтан, олар Пенсильвания, Нью-Йорк, Огайо штаттарындағы және Ұлыбританиядағы әртүрлі фирмалардың мүмкіндігін пайдаланады. Қызмет барысында туындаған осындай ұйымдық және қаржылық мәселелерді шешу үшін, 1881 жылдың 16 ақпанында коммерциялық емес «Сион күзет мұнарасы мен трактаттар қоғамы» құрылады¹. Есте тұтарлық бір жайт, бұл Қоғамның президенті болып У. Конли сайланады да, ал Ч. Расселл хатшы және бас есепші қызметіне бекітіледі. Әрмен қарай Ехоба куәгерлерінің басылымында атап көрсетілгендей: «...өзі қайтыс болған жағдайда ұйымның қызметі тоқтап қалмау үшін және садақаға байланысты жұмыстарды жеңілдету мақсатымен, сол кезде 32 жастағы Расселл тіркелуге өтініш береді де, 1884 жылдың 15 желтоқсанында Қоғам тіркеуден өтеді. Сөйтіп, Киелі кітап зерттеушілері заңды тұлғаға айналады». Міне осы кезде заңды тіркелуден өткен Қоғамның президенті болып Ч. Расселл бекітіледі. Қоғамның жарғысында бұл ұйым жай ғана баспа емес, оның негізгі мақсаты діни сипаттағы «Киелі кітаптағы шындықтарды сан алуан тілдерде көпшілікке тарату» екендігі атап көрсетіледі.

¹ «Сион күзет мұнарасы мен трактаттар қоғамы» алғаш рет 1881 жылы құрылып, 1884 жылдың 15 желтоқсанында Пенсильвания штатында (АҚШ) тіркеуден өтті. 1896 жылы оның атауы «Күзет мұнарасы, Киелі кітап және трактаттар қоғамы» деп өзгертілді. Ал 1955 жылдан бастап «Күзет мұнарасы, Киелі кітап және трактаттар қоғамы (Пенсильвания)» деп аталады.

Осының бәрі жала жабушылар мен көре алмаушылардың және атаққұмар әйелі Мария Фрэнсис Эклидің отқа майды құя түсуінің нәтижесінде Ч. Расселлдің отбасында үлкен ұрыс-керіс тудырады. Ақырында 1897 жылы 18 жыл отасқан әйелі оны тастап кетеді. Содан ол 1903 жылы ажырасуға өтініш жасап, 1908 жылы олардың ажырасуы ресми түрде күшіне енеді.

Чарлз үшін бұл үлкен сынақ болады, алайда ол тағдырдың соққысына төтеп береді. Оның ауыр қайғысы ажырасқаннан соң әйеліне жазған хатында айқын байқалып тұрады:

«Мен сен туралы Құдайға шын жүректен дұға еттім... Мен өз мұңымды саған ауыртпалық етіп артқым келмейді, әрі Мәсіхтің рухына тән – сенің сүйіспеншілікке толы, жанашырлық пен көмектесуге дайын тұратын бұрынғы мінездеріңді еске салатын көйлектерің мен қайсыбір заттарың кейде қолыма түскен кезде қандай күй кешетінімді сипаттау арқылы сенің аянышты сезіміңді оятуға тырыспаймын да. О, сен дұға ете отырып, бір сәт өзіңе не айтқым келетінін ойлап көрші! Бар шындығым, мен үшін ең үлкен азап, қалған өмірімді жалғыздықта өткізетіндігімде емес, сені, аяулы махаббатымды, мәңгілікке жоғалтып алғандығымда екендігіне еш шүбәсіз сенсең болады»¹.

Өкінішке қарай, Мария Фрэнсис Экли өз жүріс-тұрысымен күйеуіне қаншалықты зиян келтіргенін, оны жазықсыздан-жазықсыз текке кінәлағанын, тек Чарлз дүние салғанда ғана бірақ түсінген еді. Жерлеу рәсімі кезінде азалы жанның белгісі ретінде бетін қара пердемен жапқан ол табыттың жанына барып, «Менің сүйікті күйеуіме» деген жазуы бар лентамен көмкерілген інжір гүл шоғын қойған көрінеді.

Отбасының ойран болуы кезінде Чарлзды соншалық күйрете алған жоқ. Ол зор құлшыныспен уағыз ісін әрмен қарай жалғастыра береді.

¹ Сторожевая Башня. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1991. – 1 қазан. 12-б.

Бірте-бірте басқа штаттарда да Киелі кітапты зерттейтін үйірмелер пайда бола бастайды, әсіресе олардың саны Пенсильваниямен көршілес аймақтарда көбейе түседі.

Қауым кездесулері аптасына үш ретке дейін өткізіліп, онда қауым мүшелері әртүрлі рухани және адамгершілік-әдептілік тақырыптарда Киелі жазбалар төңірегінде әңгімелесетін.

Осыған орай, біздің ойымызша, үш маңызды жайтқа назар аудару керек сияқты.

Бірінші. Бүгінде Ехоба куәгерлері уағыздап жүрген Киелі кітап шындықтарын халыққа тарату ісінде Расселл өзіне және пікірлес адамдарға қандай рөл белгілеген еді? Бұл туралы ол өзі былай деді: «Біздің ісіміз ұзақ уақыт бойы бастары бірікпей келген шындық атаулының түйіршіктерін жинау және оларды Жаратушының халқына жеткізу, бірақ мұны жаңалық ретінде емес, немесе біздің жекеменшігіміз ретінде емес, Жаратушы Иеміздің ерекше сыйы ретінде жеткізу. Біз тіпті шындықтың бір түйіршігін тауып алып, оны бірыңғай жүйеге келтіргеніміздің өзін, өз еңбегіміз деп санамауымыз керек». Әрмен қарай ол сөзін былай жалғастырады: «Жаратушы біздің қарапайым дарынымызды қолдануды қажет деп тапқан бұл іс жаңадан жарату ісі емес, қайта, қалпына келтіріп, сәйкестендіру ісі болып табылады»¹.

Расселл 1906 жылдың 15 шілдесінде жарық көрген «Күзет мұнарасында» кішіпейілділікпен мынаған шақырды: «Жоқ, қымбатты бауырластар, мен қандай да бір артықшылыққа, қандай да бір табиғилықтан тысқары күшке, қандай да бір ерекшелікке немесе билікке ешбір таласым жоқ; мен бір сенімдегі бауырластардың арасында оқшауланып, қандай да бір даңққа бөленуге де тырыспаймын, менің бар қалауым – тек Мәсіхтің: «Кім бастыларың болғысы келсе, сол сендерге құл болу керек» деген өсиетіне сай болу (Матай 24:27)... Құдайдың жаршысы ретінде адамдарға

¹ Свидетели Иеговы – возвестители Царства Бора. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2005. – 49-б.

жеткізіп жатқан шындықтарды мен елес сияқты немесе түсімде көрген жоқпын, оларды Құдайдың жеке өзі де маған бөлекшелеп айтқан емес; біле-білсеңдер, олардың бәрі маған бірден ашылаған жоқ, олар біртіндеп ашылды... Шындықтың тап осылай ашылуы, адамның қабілет-дарынымен немесе ерекше түйсігімен емес, ол бар-жоғы Құдай белгілеген уақыттың келіп жеткендігімен түсіндіріледі; егер осы жерде мен үндемесем, егер тіпті басқа ешкім де сөйлемесе, онда кәдімгі тастар-ақ айқайлап дауыстар еді»¹.

Сондықтан да Расселл қарсыластары жиі қолданған және өзі үзілді-кесілді жоққа шығаратын «расселист», «расселизм» деген терминдермен мүлдем келісе алмайтындығын атап айтқан.

Екінші. «Киелі кітап шындығына» қатысты өз көзқарасын жанталаса қорғаған, тек жалғыз Ч. Расселл ғана емес еді. Сол кезде көптеген діни қызметшілер мен библияшылар өз пікірлері бойынша Киелі кітаптың негізгі қағидаттарына қайшы келетін (*мысалы, жанның өлместігі, күнәкарларға арналған мәңгілік тозақ оты, т.б.*) қалыптасқан христиандық догматтарға қарсы шыққан².

Расселл мен оның соңынан ергендер кең таралған христиандық ілімдердің барлығын Киелі кітаптағы жазба орындарымен үйлесетінін мұқият тексеруді дағдыға айналдырады. «Олар қалыптасып қойған көзқарастарды дәлелдеуді мақсат етпейді, олар өздерінің ұйғарымдарының Киелі кітапта осы тақырыпқа байланысты айтылғандармен сәйкес келетіндігіне көз жеткізуді мақсат етеді»³.

Соңғы, үшінші. Ехоба куәгерлерінің діни ілімін қалыптастыруда Ч. Расселлдің «Миллениум таңы» («Рассвет миллениума») деген көп томдық еңбегінің рөлі өте зор болды. Кейін бұл еңбек – «Ис-

¹ Свидетели Иеговы – возвещатели Царства Бога. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2005. – 143-б.

² Бұл туралы алғаш рет Англияда жарық көрген Эрон Эллистің «Библия против традиции» (*Bible Vs. Tradition*) деген кітабында толығырақ айтылады. Аталмыш туындыны кейін 1853 жылы Құрама Штаттарда Джордж Сторрз басып шығарды.

³ Сторожевая Башня. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1994. 1 мамыр. – 24-б.

следования Писания» деп аталды. Расселл көз жұмғанға дейін аталмыш кітаптың алты томын ғана жазып үлгерді:

1-том – «Құдайдың ғасырлар жоспары» (1886);

2-том – «Уақыт жақын» (1889);

3-том – «Сенің Патшалығың келсін» (1891);

4-том – «Кек алу күні» (1897) (кейін «Армагеддон шайқасы» деп атауы өзгертілді);

5-том – «Құдай мен адамзат арасындағы татуласу» (1899);

6-том – «Жаңа жаратылыс» (1904).

Ч. Расселл жетінші томды да ойластырып қойған болатын, алайда өлім оны жүзеге асыруға кедергі жасады¹.

Осыған байланысты бір қызық жайт: Л. Толстойдың «Ясная полянадағы» мекен-мұражайына келушілер ұлы ойшылдың осындағы кітапханасынан Ч. Расселлдің осы еңбектерін көре алады. Демек, ол Расселлдің жұмыстарымен таныс болған ғой.

Дегенмен де Ч. Расселлді ерекше құрметтейтін Ехоба куәгерлері оны өз ілімдерінің негізін қалаушы деп санамайды.

XIX ғасырдың 80-ші жылдарының соңына қарай «толық уақытты қызметшілер» деп аталатындардың, яғни барлық уақытын Киелі кітаптың ілімдерін уағыздауға және осыған байланысты әдебиеттерді таратуға арнағандардың саны 50 адамға жетеді. Бұлар осы ілімді ұстанушы ең адал хәм Ч. Расселлдің ең жақын серіктері болатын.

1880 жылдың ортасына қарай Ч. Расселл бір сенімдегілердің шағын топтарының жұмыстарын зерттеу үшін, ондағылар «бір-бірімен танысып», «бір-біріне тәлім бере алулары үшін» оларды біріктіру мақсатымен Нью-Йорк және Пенсильвания, Нью-Джерси, Массачусетс штаттарындағы біраз қалаларды аралап шығуды шешеді.

¹ «Рассвет миллениума» деген еңбектің аты кейін «Исследования Писания» деп өзгертілгенде, бірінші том – «1-серия», екінші том – «2-серия», қалған томдар да осылай жалғаса аталатын болды. 1904 жылдың қазан айынан «Исследования Писания» деген жаңа атпен шыға бастаған осынау еңбек бастапқыда аз таралыммен жарық көрді. Ол тек 1906 жылдан бастап біршама үлкен сұранысқа ие болды (Свидетели Иеговы – возвестатели Царства Бога. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2005. – 52-53-б.).

Расселлдің АҚШ штаттарын аралау барысында өткізген кездесулері «өте пайдалы» болып шығады, өйткені мұндай бас қосулар «Күзет мұнарасының» оқырмандарын өзара жақындастыра түскен еді. Расселлдің осы жолғы және «күтіп жатқан шағын топтарға» жасаған басқа да сапарларының арқасында жоғарыда аталған штаттарда және Огайо, Мичиган штаттарында көп ұзамай бірнеше ұйымдар, немесе шіркеулер (*кейінірек «қауым» деп аталған*) пайда болады¹.

1890 жылдың соңына қарай үлкен қауымдар, немесе конгресстер ұйымдастырыла бастады.

Осылайша алға жылжи бастаған істі «басқа елдерде жүргізу» үшін де зор күш жұмсалады. 1891 жылы Ч. Расселл Еуропаға және Таяу Шығысқа сапар шегеді. Бұл оның бастаған ісінің басқа елдерде таралуына жол ашады. Сөйтіп, 1900 жылдың басында-ақ Ұлыбритания, Германия, Австрияда Қоғамның филиалдары ашылады.

«Күзет мұнарасы, Киелі кітап және трактаттар» қоғамының заңдық жарғысы Пенсильванияда (АҚШ) 1884 жылдың 15 желтоқсанында ресми тіркеледі. Сол жерде Қоғамның бас басқармасының негізі қаланады. Кейін 1900 жылдың 23 сәуірінде Лондонда алғашқы филиал құрылады. Ал 1902 жылы Германияда екінші филиал ашылады. Сосын 1904 жылы Австрия мен Швейцарияда қосымша филиалдар өмірге келеді.

1909 жылы әртүрлі елдерде уағыз ісін ұйымдастырып, жанжақты жүргізу үшін Қоғамның бас бөлімін Бруклинге (*Нью-Йорк аймағы*) ауыстыру тиімді деп табылады. Әрі Ехоба куәгерлерінің Басқарушы кеңесі, сондай-ақ бүкіләлемдік уағыз ісінде басшылық жасап отырған Басқарушы кеңестің жұмысына тікелей көмектесетін сан алуан бөлімдері мен мекемелері күні кешеге дейін осында қоныстанып келді. Қазір Ехоба куәгерлерінің Басқарушы кеңесі Нью-Йорк қаласынан Уорвикке (*Нью-Йорк штаты*) көшірілді. Бү-

¹ Свидетели Иеговы – возвещатели Царства Бога. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2005. – 50-б.

гінгі күннің барлық талаптарына сай келетін 8 ғимараттан тұратын бұл кешен 102 гектар жерді алып жатыр.

Енді 1909 жылға қайта оралайық. Сол кездері Нью-Йорк штатының заңдарын бұлжытпай орындау үшін «Күзет мұнарасы, Киелі кітап және трактаттар қоғамы, Нью-Йорк» деп аталатын еншілес қоғам құруға тура келеді.

1914 жылы Лондонда «Киелі кітап зерттеушілерінің халықаралық ассоциациясының» негізі қаланған болатын. Бұл ұйым қазір де бар. Оның басты міндеті – Британ достастығы елдеріндегі Киелі кітапты зерттейтін және насихаттайтын топтардың жұмыстарын үйлестіру болып табылады.

Ч. Расселл өте белсенді уағыздаушы болатын. Ол апта сайын өзінің уағызын телеграф арқылы Баспасөз агенттігіне тұрақты түрде жолдап отырған. Ал агенттік оларды Құрама Штаттардағы, Канададағы, Еуропадағы газеттерге телеграфпен кідіріссіз жөнелтетін. 1913 жылға дейін Расселлдің уағыз мақалаларын жариялап келген 2 000 газет арқылы, қайсыбір деректерге жүгінсек, 15 000 000 адам әлгі материалдармен таныс болған екен¹.

Бірте-бірте Күзет мұнарасы қоғамының филиалдары дүниежүзінің басқа да елдерінде ұйымдастырыла бастады (*қазіргі таңда әлем бойынша олардың саны 87-ге жетті*).

Бұл уақыттарда сенушілер қауымдарының ішкі құрылымдарында өзгерістер болып жатты. Мысалы, Ч. Расселл алғаш рет 1881 жылы АҚШ-тағы және әлемдегі Киелі кітап зерттеушілерінің қауымдары туралы ақпараттарды жинауды және оларды бір жүйеге түсіруді енгізеді. Ал 1895 жылы сенушілердің барлық қауымдарына өздерінің араларынан ақсақалдар сайлау туралы нұсқау беріледі.

Ч. Расселл уағыз ісінің қаншалықты ауқымды болатынын алдын ала болжаған еді. Алайда ол ұлан-ғайыр бұл істің өзі қайтыс болған соң ғана жүзеге асатынын мойындаған. «1915 жылы Ванкувер

¹ Күзет мұнарасы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2015. 15 қараша. – 28-б.

қаласында (*Канада*) берген сұхбаты кезінде одан Мәсіхтің майланған ізбасарлары өздерінің аспанға баратын сыйларын қай уақытта алмақ, деп сұрайды. Сонда ол: «Білмеймін, менің білетінім, оларды қыруар жұмыс күтіп тұр. Соларды орындау үшін мыңдаған бауырластар мен миллиондаған доллар қажет. Ал бұлар қайдан табылады, оны да білмеймін – Құдай ғана біледі!» – деп жауап қайтарады. 1916 жылы қайтыс болардың алдында, уағыз сапарымен жолға шығардан аз-ақ бұрын, Расселл өзінің қызмет бөлмесіне іс басқару жөніндегі орынбасары А. Макмилланды шақырады. Сол кездесуде Расселл: «Істі әрмен қарай жалғастыруға менің шамам жетпейтін сияқты, ал бірақ жұмыс өте көп!» – дейді. Сөйтіп, ол үш сағат бойы әңгімесін Киелі кітапқа негіздей отырып, Макмилланға алда атқарылуы тиіс уағыз ісінің ауқымы туралы айтып береді. Арагідік Макмилланның қарсылық білдірген сөздеріне ол: «Бұл адам көздеген іс емес!»¹ – деп жауап береді.

1916 жылы Ч. Расселл дүниеден өтеді. Джозеф Ф. Рутерфорд жерлеу баяндамасында былай дейді: «Чарлз Расселл Құдайға, Иса Мәсіхке және мессияндық патшалық ісіне шын берілген жан еді. Ол ақырына, өлгенге дейін, шын берілгендік танытты!»²

Расселл өзінің өсиет сөзінде, «Күзет мұнарасының» мазмұнына бес адамнан тұратын Редакциялық алқа жауапты екенін атап көрсетіп, олардың есімдерін атап-атап береді. Директорлар кеңесінің ұсынысы бойынша үш адамнан тұратын Атқарушы комитет те құрылады. Оның мүшелері болып: А. Ритчи, У. ван Амбург және Дж. Ф. Рутерфорд тағайындалады. Осы үшеудің соңғысы 1917 жылы Күзет мұнарасы қоғамының Ч. Расселлден кейінгі президенті болып сайланады.

Джозеф Франклин Рутерфорд (1869–1942) – Күзет мұнарасы қоғамының екінші президенті. Ол 1869 жылы Морган өлкесінде

¹ Свидетели Иеговы – возвещатели Царства Бога. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2005. – 623-б.

² Сторожевая Башня. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1996. 15 наурыз. – 10-б.

(Миссури, АҚШ) баптистер отбасында дүниеге келген. Оның әкесі фермер болған.

Джозеф 16 жасқа толғанда әкесі оған колледжде оқуға рұқсат береді. Бірақ ол оқуының ақысын, сондай-ақ фермада өзінің орнына жұмыс істейтін жалдамалы жұмысшының еңбекақысын төлеуі тиіс болады. Батыл да алғыр жас Джозеф достарынан кредитке ақша алып, колледждегі оқуын бастап кетеді, сонымен қатар ол заң жағын меңгеруге кіріседі.

Оқуын бітіргеннен кейін Рутерфорд екі жылдай судья Е. Эдвардстың қамқорлығында болады. Кейін жиырма жасқа жақындаған кезде Миссуридегі Он төртінші штаттың соттары үшін стенографист міндетін атқаруға кіріседі.

1892 жылдың 5 мамырында Рутерфорд Миссуриде сот практикасын өтуге лицензия алады. Сосын төрт жылдай Бунвиллде (*Миссури штаты*) прокурор болып жұмыс істейді. Содан соң ол Миссуридің Сегізінші атқарушы округтік сотында арнайы судьялық қызметті атқарады. Сол үшін де ол көпшілікке «судья» Рутерфорда ретінде танымал еді.

Дж. Ф. Рутерфорд баптистер отбасында өскенімен, қайсыбір кездері ол атеист те болады. Оның айтуынша, үйленер алдында өз сенімі бойынша баптист болған көрінеді, ал оның болашақ әйелі – пресвитериан екен. Демек, пастордың түсіндіруі бойынша: «Әйелі суға батыру рәсімінен өтпегендіктен, кейін тозақ отында жанатын болады да, ал ол кезінде су рәсімін қабылдағандықтан, көкке барады». Бірақ мұндай әңгімені ақыл-ойы қабылдай алмаған Рутерфорд ақырында атеист болып шығады. Кейін Құдайдың тұлға ретінде бар екендігіне қайтадан көз жеткізу үшін, оған бірнеше жылдар талмай ізденуіне тура келеді. Рутерфордтың өзі айтқандай: «Ой-санаң теріске шығарып тұрған нәрсені, жүректен қабылдау мүмкін емес. [Мәсіхшілер] өздері сенім артатын Жазбалардың шындық екеніне сенімді болу керек. Олар өздерінің сенімдері неге негізделгенін нақты білуі тиіс»¹.

¹ Сторожевая Башня. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1997. 1 қазан. – 6-б.

Бір қызық жайт, оқуының ақысын төлеу үшін мектепте жүргенде-ақ Рутерфорд «үйме-үй» жүріп энциклопедияларды сатқан. Бұл оңай шаруа емес-тін, көп адамдар оның бетін бірден қайтарып тастайтын. Бір жолы ол фермалардың біріне бара жатқанда жолда тастай суға түсіп кетіп, өліп қала жаздайды. Сонда балаң жігіт, егер мен кейін заңгер болып шықсам, кеңсеме кітап сату үшін келген адамның кітабын міндетті түрде сатып аламын, деп өз-өзіне уәде береді. Осы уәдесінде тұрған ол 1894 жылдың басында кеңсесіне кірген екі кітап таратушыдан «Миллениум таңы» деген кітаптың үш томын сатып алады. Бұл кітаптарда Ехоба куәгерлерінің ілімі туралы егжей-тегжейлі баяндалған екен. Бірнеше аптаның ішінде әлгі басылымдарды бас алмай оқып шыққан Рутерфорд соның артынша Күзет мұнарасы қоғамына былай деп хат жазады: «Мен және менің қымбатты әйелім сіздердің «Миллениум таңы» деген кітаптарыңызды үлкен қызығушылықпен оқып шықтық, әрі бұларды біз Құдай жіберген сый деп қабылдадық. Мұндай мүмкіндікті біз үлкен бата деп түсінеміз».

Ол 1906 жылы Киелі кітапты зерттеуші ретінде шомылдыру рәсімінен өтіп, келесі жылы Қоғамның заңгері болып тағайындалады. Ал 1917 жылдың қаңтар айында ұйымның екінші президенті болады.

Бұл жерде, Ехоба куәгерлері Ч. Расселлдің адал серіктесі әрі досы Дж. Ф. Рутерфордтың тікелей басшылығымен өзіндік құрылымы бар діни ұйым ретінде қалыптасқанын айрықша атап өткен жөн.

Осыған байланысты ол былай деп жазады: «Шіркеу бір сәтте дамымайды. Бұл бірте-бірте жүзеге асатын процесс»¹.

Дж. Ф. Рутерфордтың тұсында Киелі кітап зерттеушілерінің жыл сайынғы конгрестері тұрақты түрде өткізіле бастады, Киелі кітап проблемаларына қатысты Жазбаларды зерттеу және уағыздау әдістері бойынша әдебиеттер анағұрлым көп шығарылатын болды.

¹ Арфа Божия. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1921. – 286-б.

Алайда Рутерфордтың іс-әрекеттерін әріптестерінің бәрі бірдей қолдаған жоқ. Тіпті Бас басқарманың бірнеше адамы оған ашық жек көрушілік танытты. Көп ұзамай оппозиция пайда болады. 1917 жылдың жазында «Аяқталған құпия» кітабы («Жазбаларды зерттеу» еңбегінің VII томы) шыққанда нағыз өзгерісті кезең басталады.

Жоғарыда атап өткеніміздей, бұл том Расселлдің «Миллениум таңы» («Жазбаларды зерттеу») деген негізгі еңбегін аяқтауы керек еді, бірақ автордың өлімі бұған кедергі болады. Ч. Расселл өлгеннен соң Қоғамның Атқарушы комитеті VII томды баспаға әзірлеуді тапсырады. Мұнда Киелі жазбалардың Аян, Таңдаулы ән, Езекиел кітаптарына түсініктемелер берілген. Бұл түсініктемелер қандай да бір шамада Расселлдің осы кітаптарға қатысты жазғандарына негізделген. Кітап 1917 жылдың шілде айында жарық көреді.

Кітаптың ішінде христиан әлемі діндарларының атына қатаң сындар айтылғандықтан, шіркеу өкілдері билік басындағыларды Киелі кітап зерттеушілерінің әдебиеттеріне тыйым салуға шақырады. Нәтижесінде 1918 жылдың басында Канадада «Аяқталған құпия» кітабына тыйым салынып, АҚШ-тағы текетірестер бұрынғыдан да күшейе түседі.

Осындай іс-әрекеттерге жауап ретінде Киелі кітап зерттеушілері 1918 жылдың 15 наурызында «Патшалық туралы хабар» деген №1 трактатты басып шығарады. Онда не туралы жазылған еді? Алты бағанадан тұратын материалдың жоғарғы жағында мынадай тақырып орналасқан еді: «Дінге төзбеушілік: пастор Расселлдің жолын ұстанушыларды адамдарға шындықты айтқандары үшін қудалайды». Тақырыптың төменгі жағында, сол кезде басталған Канададағы қуғындаулар қайғылы орта ғасырмен, инквизиция кезеңімен салыстырылып, Киелі кітап зерттеушілерінің қуғындалуы, істеріне тыйым салынуы туралы нақты мысалдар келтіріледі. Мұндай заңсыздықтың артында кімдер тұр еді? Трактатта дінбасылары адамдардың Киелі кітапты түсінулеріне кедергі жасайтын әрі киелі жазбалар ілімін өзгелердің оқытуына рұқсат

етпейтін, мұндай құқықты тек өздеріне ғана басыбайлы алып алған қате түсініктегі тоңмойын жандар ретінде таңбаланады¹.

Бірақ қарсыластар тарапынан бұған да «жауап» тез қайтарылады: 1918 жылдың көктемінде Солтүстік Америкада және Еуропада Киелі кітап зерттеушілерін қудалаудың бұрынғыдан да қатаң жаңа толқыны бұрқ ете түседі. Осылайша 1918 жылдың 7 мамырында дінбасылардың ықпалынан туындаған қарсылықтар ең жоғары нүктесіне жетеді. Дәл сол күні АҚШ-тың федералдық билігі Дж. Ф. Рутерфорд пен оның ең жақын бірнеше қызметкерлерін тұтқындауға ордер береді. Ал 1918 жылдың ортасында Рутерфорд пен оның жеті пікірлес жолдасы Атланта қаласындағы (*Джорджия штаты*) түрмеде отырады.

Бірінші дүниежүзілік соғыс жүріп жатқан кез. Киелі кітап зерттеушілерінің бас басқармасының жұмыс істеуіне ең қажетті қағаз бен көмір жетіспейді. Сол уақыттарда елде орын алған шектен тыс патриотизм жұрттың Қоғамға деген көзқарасын мейлінше жауықтыра түсті. Адамдар Киелі кітап зерттеушілерін сатқындар деп есептеді. Бұл туралы «Алтын ғасыр» журналының (*қазір «Ояныңдар!»*) 1920 жылдың 29 қыркүйегінде арнайы шығарылған санында былай деп жазылды: «1918 жылдың 22 сәуірі. Уинневуд (*Оклахома штаты*). Клод Уотсонды алдымен түрмеге жабады, содан соң уағыздаушылардан, бизнесшілерден және тағы басқалардан жиналған есірген тобырға талатады. Оны жерге құлатып тастап, негрге қамшымен сабатады, ара-арасында есін жиғандай болса, қайталап сабау бұйырылады. Сосын оның үстіне шайыр құйып, оған құстың мамығын араластыра жағып, шашы мен басының терісіне ысқылайды».

«1918 жылдың 29 сәуірінде Уолнат-Риджде (*Арканзас штаты*) 61 жастағы У. Дункан, Э. Френч, Ч. Франк, сондай-ақ мистер Гриффин деген біреу мен миссис Д. ван Хоусен тұтқындалады. Содан ауыздарынан ақ ит кіріп, қара ит шыққан бір топ адам түрмеге

¹ Свидетели Иеговы – возвещатели Царства Бoga. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2005. – 70-б.

лап қояды. Олар қамалғандарды қамшымен сабап, үстеріне шайыр құйып, құстың мамығын шашып, қаладан қуып шығады. Бас сауғалап қашқан Дункан үйіне жету үшін 26 миль (42 шақырым) жерді жаяу жүріп өтуге тура келеді. Соның салдарынан ол көпке дейін өз-өзіне келе алмай жүреді. Ал бұзақылардың соққысынан соқыр болып қалған Гриффин, бірнеше айдан кейін көз жұмады.»¹

Бостандықта қалған Киелі кітап зерттеушілері ендігі жерде Бруклинде қалуға болмайтынын түсінеді. Сондықтан да «Бруклиндік шатыр» сатылып, Нью-Йорктегі Бетел жабылады. Ал ұйымның барлық жұмысы 1918 жылдың 26 тамызынан бастап қайтадан Питтсбургте жүргізіле бастайды.

Алайда заман өзгеріп, үкім шығарылғаннан кейінгі тоғыз айдан соң, 1919 жылдың 26 наурызында Дж. Рутерфорд және онымен бірге түрмеде отырған Киелі кітап зерттеушілері кепілдікпен бостандыққа шығарылады. Ал келесі жылы, 1920 жылдың 5 мамырында олар барлық айыптаулардан толық ақталады. Және маңызды бір жайт, Дж. Ф. Рутерфорд өзі бұған дейін 1909 жылдан бері мүшесі болып келе жатқан АҚШ Жоғарғы соты Адвокаттар алқасының қатарында қалдырылады. Ол осы қызметті өзі қайтыс болған 1942 жылға дейін атқарады. Дж. Рутерфорд адвокат ретінде 1939–1942 жылдар аралығында Жоғарғы сотқа шағымданған 14 істі қарауға қатысады². Міне, осының өзі-ақ олардың бәрі сот арқылы толық ақталғандығының бірден-бір дәлелі болса керек-ті, яғни олар түрмеге әділетсіз және заңсыз қамалды деген сөз ғой.

Осындай фактілерден кейін біздің күндеріміз туралы ойланбай тұра алмайды екенсің. Құдайға шүкір, бүгінде ешкім де Куэгерлердің үстіне шайыр құйып, құстың мамығына көміп жатқан жоқ. Алайда, өкінішке қарай, орынсыз қорқыныш өте итжанды, ол ауық-ауық біздің қоғамға да төніп қалатыны бар!

¹ Свидетели Иеговы – возвещатели Царства Бога. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2005. – 70-б.

² Сол жерде. – 654-б.

Жоғарыда әңгімеленген қиын-қыстау кезеңде Киелі кітап зерттеушілері алғаш рет жік-жікке бөлінуге тап болады. Солардың бір бөлігі Дж. Рутерфордты Қоғамның президенті ретінде мойындаудан бас тартады. Әрі бұл тек АҚШ-та ғана емес, әлемнің басқа елдерінде де орын алады. Кейін Рутерфорд көпшілік дауыспен президенттікке қайта сайланған кезде, қарсыластар жағы Киелі кітап зерттеушілермен арақатынастарын мүлдем үзеді. Олардың әрмен қарайғы тағдырлары белгісіз. Олар жаңа ағым құра алмағандықтан, басқа діни топтарға сіңіп, із-түзсіз жоғалып кетеді. Есесіне, Киелі кітап зерттеушілерінің басым бөлігі Дж. Рутерфордты және Қоғамды қолдап шығады.

Осы айтылған жайттардың барлығы Киелі кітап зерттеушілерінің қатарын азайтудың орнына, қайта, олардың бойына жаңа бір тың күш қосқандай болады. Соның арқасында Дж. Рутерфорд президент болған 1917 жылдан 1941 жылға дейінгі аралықта Күзет мұнарасы қоғамы 24 кітап пен 86 кітапшаны қоса есептегенде, көптеген әдебиеттер басып шығарады. Сонымен қатар, ешбір тоқтаусыз «Жыланамалар» жарық көріп отырады¹. 1922 жылдың 16 сәуірінде алғаш рет Джозеф Рутерфордтың баяндамасы радио желісі арқылы таратылып, оны 50 000 адам тыңдай алды. Ал 1924 жылдың 24 ақпанында бірінші рет Киелі кітап зерттеушілерінің өз радиостанциясы арқылы (*WBBR*) хабар тарату басталады. Бұл туралы «Күзет мұнарасы» журналының 1924 жылдың 1 желтоқсанындағы санында былай деп жазылды: «Радио – бүгінде шындық хабарын таратуда қаржы жағынан да, тиімділігі жағынан да ең қолайлы тәсіл болып отыр»². 1933 жылға қарай Қоғам Киелі кітап тақырыбына негізделген баяндамаларды тарату үшін 408 радиостанцияны пайдаланады. Сондай-ақ бөгеттердің ешқайсысына қарамастан конгрестер тұрақты түрде өткізіліп, оларға қатысатын сенушілердің саны артқан үстіне еселей артып жатты.

¹ Свидетели Иеговы – возвещатели Царства Бога. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2005. – 88-б.

² Күзет мұнарасы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2015. 15 қараша. – 28-б.

Ұйымның өсуі де үздіксіз жалғаса береді. Мысалы, Киелі кітап зерттеушілерінің саны 1918 жылы 4 000 болса, ал 1935 жылы 56 000 жетті, сосын 1942 жылы 100 000 болды.

1919 жылы Күзет мұнарасы қоғамының бесінші филиалы Канадада ашылады. Ал 1921 жылы жаңадан алты филиал бірден пайда болады. 1923 жылы Рио-де-Жанейро (*Бразилия*) филиалының негізі қаланады. 1927 жылы және бір филиал Жапонияда бой көтереді. 1933 жылы Күзет мұнарасы, Киелі кітап және трактаттар қоғамы Эстонияда және Румынияда тіркелуден өтеді¹. 1933 жылы 14 наурызда Киелі кітап зерттеушілерінің халықаралық ассоциациясы Латвияда тіркеледі².

1919 жылдың 1 қазанында «Алтын ғасыр» деген жаңа журналдың бірінші саны жарық көрді. Ол «Күзет мұнарасы» журналының серігі іспетті болды. Ондағы мақалаларда «Күзет мұнарасы» басылымындағы сияқты Киелі кітап тақырыптарына терең талдау жасалмағанмен, бұл журнал «адамдардың назарын жалған діни ілімдерді ажырата білуге, қазіргі зұлым дүниенің жойылуы жақындап келе жатқанына және содан кейін болатын әділетті жаңа жерге аудару керек болды. Сондай-ақ ол шындықты қорғауы қажет еді!»³

1937 жылдың 6 қазанында «Алтын ғасыр» журналының атауы «Жұбаныш» деп өзгертіліп, ал 1946 жылдан бастап «Жұбаныш» – «Ояныңдар!» деп аталатын болды. Әрі ол күні бүгінге дейін осындай атаумен шығарылып келеді.

Ехоба куәгерлерінің өздері айтатындай: 1931 жылы Колумбуста (*Огайо штаты*) өткен конгресс – зор дәуірлік мәнге ие болды. Дәл осы конгресте «Жаңа атау» деп аталатын тарихи қарар қабылданды. Оның ең шарықтау шегі: «Бізді Ехоба куәгерлері ретінде білгендерін және тап солай атағандарын қалаймыз!» – деген сөздер болды⁴.

¹ Ежегодник Свидетелей Иеговы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2006. – 88-б.

² Ежегодник Свидетелей Иеговы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2007. – 187-б.

³ Сторожевая Башня. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1987. 1 тамыз. – 11-б.

⁴ Свидетели Иеговы – возвестатели Царства Бора. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2005. – 82-б.

Міне, сол кезден бастап, күні бүгінге дейін ұйым дәл осылай аталып келеді.

1936 жылдың 23 ақпанында Лос-Анджелесте (*Калифорния штаты*) «Shrine Auditorium» радиоканалы арқылы сөйлеген кезінде Дж. Рутерфорд және бір қарарды оқиды. Кейін осы қарарды бүкіл әлемдегі Ехоба куәгерлері талқылап, бір ауыздан қабылдайды.

Қарар

«Біздер, әр халықтан шыққан ерікті адамдар, Құдайға және Иса Мәсіхке қалай сенсек, Киелі кітап адам үшін жалғыз сенімді басылық екеніне тап солай сенетінімізді өз еркімізбен мәлімдейміз.

Қандай да бір адамға немесе қандай да бір белгіге не затқа табынып, адамдардың қолында құтқару билігі бар дегіміз келмейді.

Біз Аян 7:9, 10-да Жохан жазған сөздермен толық келісеміз әрі оларды өз аузымыздан шыққан сөздер іспетті қайталап айтамыз: «Құтқарылғанымыз үшін біз тақта отырған Құдайымыз бен Тоқтыға борыштымыз!»

Біз өзіміздің Ехобаның және оның Мәсіх басқаратын Патшалығы жағында тұрғанымызды және Оның қайырымдылығының арқасында өз Құдайымызға мойынсұнып, оған мәңгілік қызмет ететінімізді мәлімдейміз!»

Сондай-ақ Ехоба куәгерлерінің тарихы туралы әңгіме қозғаған кезде, мына бір маңызды жайттарды да атап өткеніміз жөн:

1919 жыл. Енді филиал Киелі кітап зерттеушілерінің әрбір қауымында «қызмет жетекшісін» тағайындайтын болды. Ол бүкіл қауымның уағыз ісін ұйымдастыруға және жүргізуге тиіс еді.

1932 жыл. Қауым мүшелері ақсақалдарды сайлайтын бұрынғы ереже күшін жойды. Енді қауым тек белсенді жариялаушылардың арасынан беделді ер кісілерді таңдайтын болды. Олар «қызмет комитеті» деп аталды. Ал филиал олардың ішінен біреуін төраға немесе «қызмет жетекшісі» етіп тағайындайды.

1938 жыл. Қауымдардағы демократиялық сайлау тәсілі тоқтатылады. Енді ақсақалдарды филиал тағайындайды. Бұл туралы әрбір қауым арнайы қарар қабылдайды.

1930 жылдары әлем үлкен депрессияға және нацизм мен ұлтшылдық дертке тап болады. 30–40 жылдары Америка мен Еуропада қуғын-сүргіннің Ехоба куәгерлеріне қатысты жаңа толқыны жүріп өтеді. Куәгерлер өздерінің діни сенім бостандығын сот арқылы қорғауға мәжбүр болады. Мысалы, тек АҚШ-тың Жоғарғы сотының өзінде төменгі сатыдағы соттардың шешімдеріне қатысты шағымдарды қарау барысында Ехоба куәгерлері 43 сот процесінде жеңіске жетеді. Дәл осындай оң шешімдер Еуропаның бірқатар елдерінің Жоғарғы соттарында да қабылданады.

Әйткенмен де 1930 жылдарының соңына таман АҚШ штаттарындағы қала басшылары Ехоба куәгерлерінен уағызға қатысу үшін арнайы рұқсат немесе лицензия алуларын талап етеді. Алайда Ехоба куәгерлері мұндай рұқсатты алу үшін билік басындағыларға ешқандай өтініш жасамайды. Өйткені сол рұқсатты бергендер кез келген уақытта оны кері қайтарып алатынын немесе оның күшін жоятынын жақсы білген еді. Оның үстіне, адамдарға уағыздау және оларға Құдайдың ниеті туралы айту тапсырмасын мәсіхшілер Исадан алғандықтан, жер бетіндегі бірде-бір үкіметтің мәсіхшілерге осы тапсырманы орындауға тыйым салуына еш құқығы жоқ-тын. Ал мұның соңы жанжалға ұласып, нәтижесінде қамаққа алу, сотқа жүгіну процестері үдей түседі. Ақырында осынау шиеленістің соңғы нүктесін АҚШ-тың Жоғарғы соты қояды. Бұл процесс былай баяндалады: «1940 жылдың 29 наурызынан бастап аға судья Чарлз Хьюз бен тағы сегіз судья Ехоба куәгерлерінің қорғаушысы Хейден Ковингтонның келтірген айғақтарын тыңдады. Одан кейін Коннектикут штатының заңгері сөйлеп, Ехоба куәгерлерінің қоғамдық тәртіпті бұзғанына айғақтар келтірді. Сонда судьялардың бірі одан: «Иса Мәсіх жариялаған хабар жұртқа ұнаған жоқ еді ғой?» – деп сұрады. Ол: «Иә, ұнамаған. Ұмытпасам, Киелі кітапта жариялаған хабары үшін Исаға не болғаны да айтылған», – деп жауап берді. Өз-өзін

әшкерелеу деп осыны айт! Заңгер өзі аңдамай Ехоба куәгерлерін Исаға, ал Штатты оған айып таққандарға теңеді. Содан 1940 жылы 20 мамырда Жоғарғы сот бұл істі бірауыздан Куәгерлердің пайдасына шешті. Куәгерлер үшін бұл шешім өте маңызды болды: соның арқасында адамдардың өз дінін еркін ұстануға қатысты құқығы қорғалды. Енді қандай да бір федерациялық үкімет, штат не жергілікті билік өкілі әлдекімнің наным бостандығына қол сұқса, мұнысы заңсыздық деп есептелетін болды. Бұған қоса, сот... «қоғамдағы ынтымақ пен тәртіпке қауіп төндіретіндей» ештеңе жоқ деп тапты. Осылайша сот шешімінен Ехоба куәгерлерінің уағыздауы қоғамдық тәртіпті бұзу болып есептелмейтіні анық болды»¹.

Бұл туралы профессор Ч. Браден өзінің «Они тоже верят» деген кітабында былай деп жазды: «...[Ехоба куәгерлері] өздерінің азаматтық құқығын қорғау үшін күресу арқылы демократияға елеулі пайда әкелді, өйткені осы арқылы Америкадағы барлық азшылықтарды құқықпен қамтамасыз етуге біршама септігін тигізді»².

Және бір мысал, 1937 жылдан 1953 жылға дейін Ехоба куәгерлеріне байланысты 59 іс Вашингтондағы Жоғарғы сотқа келіп түскен. Ал 1988 жылға дейін АҚШ-тың Жоғарғы сотында Ехоба куәгерлеріне қатысты 71 іс қаралған, әрі олардың үштен екісі Куәгерлердің пайдасына шешілген³.

Ал Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық Сот 2014 жылдың маусым айына дейін 57 іс бойынша Ехоба куәгерлерінің пайдасына шешім шығарған. Әрі бұл сот шешімдерін Еуропалық кеңеске кіретін барлық мемлекеттер орындауы тиіс⁴.

Жалпы, 2013 жылға дейін бүкіл әлем бойынша жоғары сот сатыларында Ехоба куәгерлері жеңіске жеткен сот процестерінің саны 243 жеткен⁵.

¹ Құдай Патшалығы билік етуде! – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2014. – 138-б.

² Свидетели Иеговы в двадцатом веке. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1994. – 8-б.

³ Күзет мұнарасы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2001. – 1 тамыз. – 27-б.

⁴ Күзет мұнарасы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2015. – 15 ақпан. – 28-б.

⁵ Күзет мұнарасы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2013. 15 тамыз. – 30-б.

Ғалым Чарльз Хейнз сол уақыттарда Ехоба куәгерлері туралы былай деп жазды: «Біз бәріміз Ехоба куәгерлеріне риза болуымыз керек. Оларды қаншама қорласа да, қаншама қуғындаса да, тіпті ұрып-соқса да, олар өздерінің *(әрі біздің де)* діни сенім бостандығы үшін күресуді тоқтатар емес. Және осынау күрестегі олардың жеңісі – біздің де жеңісіміз»¹.

Ал танымал автор әрі редактор Ирвинг Диллиард Дрейк университетінде сөйлеген сөзінде былай дейді: «Бұл бізге ұнай ма, әлде ұнамай ма, бірақ бір анығы – біздің бостандығымызды қорғау жолында Ехоба куәгерлері кез келген басқа діни топтардан әлдеқайда көп іс тындырды»².

Ехоба куәгерлерінің азаматтардың конституциялық құқықтарын дамыту және қорғау ісіне қосқан үлестері туралы жазылған мақаладан тағы бір үзінді: «Егер сіздің үйіңізге кіретін есігіңіз болса, Ехоба куәгерлері күндердің-күнінде оны қағуы ықтимал. Жүздерінен сыпайылық пен табандылық айқын көрініп тұратын олар сізге әдебиет ұсынып, Киелі кітаптың ақыл-кеңестері мен Құдай Патшалығына жеткізетін жол туралы сөз қозғайды. Кейде олар өте бір қолайсыз уақытта, мысалы, қандай да бір істермен шұғылданып, қолымыз босамай жатқанда, немесе басқа бір дінге көңіл бөлуге құлақымыз жоқ кезде келіп тұруы мүмкін. Алайда сіз Ехоба куәгерлерінен ат-тоңыңызды ала қашып, есікті тарс еткізіп жаппас бұрын, олардың таяуда ғана қалай қуғын-сүргінге ұшырағаны туралы, сондай-ақ АҚШ Конституциясына енгізілген бірінші түзетудегі діни сенім бостандығына қатысты кепілдіктің іс жүзінде орнығуына олардың қосқан зор үлестері жайлы бір сәт ойланып көріңізші... Куәгерлердің АҚШ Конституциясына енгізілген бірінші түзетуге байланысты ең маңызды мәселелерді жиі көтергендігі соншалық,

¹ Основательно свидетельством о Царстве Бога. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2009. – 200-б.

² Свидетели Иеговы – возвестители Царства Бога. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2005. – 699-б.

Жоғарғы соттың судьясы Харлан Фиск Стоун ол жөнінде былай деп жазды: «Ехоба куәгерлері азаматтық бостандыққа байланысты құқықтық мәселелерді шешудегі көмегі үшін зор марапатқа лайық... Барлық діндер Ехоба куәгерлеріне бостандықты [Діни сенім бостандығы] қалпына келтіру барысында жасаған ықпалы үшін алғыстарын айтуы тиіс»¹.

Алайда Ехоба куәгерлеріне қарсы жасалған қуғын-сүргін тарихының ең қорқынышты беттері нацизммен байланысты.

1930 жылдың басында Германияда Ехоба куәгерлерінің және оларға оң ықпал танытатындардың саны 25 000-нан 30 000-ға дейінгі аралықта болды (*елдегі 65 миллион халықтың 0,38 пайызын құрайды*).

АҚШ-тағы Холокост мемориалдық музейінің ресми сайтында (*ағыл. United States Holocaust Memorial Museum*) мынадай мәлімет келтірілген: «Ехоба куәгерлеріне деген орынсыз теріс көзқарас 1933 жылға дейін жалғасты. Өктем шіркеулер – католик және лютеран – оларды тіпті дінбұзарлар қатарына жатқызды. Ал жай адамдар олардың миссионерлік қызметін – үйме-үй жүріп уағыздауын – тым мәжбүрлеу деп есептеді. Сондықтан да кейбір Германияның кейбір жерлерінде қатаң құқықтық нормаларын енгізіп, миссионерлердің белсенділігін шектеуге тырысып бақты. Көптеген аймақтарда Ехоба куәгерлерінің әдебиеттерін (*соның ішінде «Күзет мұнарасы» мен «Алтын гасыр» журналдары да бар*) таратуға тыйым салынды. Дегенмен де Веймарлық республика тұсында неміс соттарының діндегі аз топтардың пайдасына шешкен шешімдері де аз болған жоқ. Нағыз нацистер билік басына келгенге дейін жекелеген жергілікті нацистік топтар (*партиялық функционерлер мен шабуылдаушылар*) қолданыстағы заңдарды белден басып, Киелі кітап зерттейтін қауымдарға баса-көктеп кіріп, олардың мүшелерін ұрып-соғумен айналысты»².

¹ USA Today Emphatically Hails Jehovah's Witnesses' Legal History for "Rich Contribution to Freedom" (May 30, 2000). Авторлық аударма. – Center of Studies of New Religions (Жаңа діндерді зерттеу орталығы) сайты [URL: http://www.cesnur.org/testi/geova_USAtoday.htm].

² Holocaust Encyclopedia [URL: <https://encyclopedia.ushmm.org/>].

Гитлердің билік басына келуін Ехоба куәгерлері негативті қарсы алды.

Сол уақыттарда «Алтын ғасыр» (*кейін «Жұбаныш»*) журналында Германияда шиеленісті жағдайлардың өрши түскендігіне жиі назар аударылды. 1929 жылы, Гитлер билікке келерден үш жылдан астамырақ бұрын «Золотой век» басылымының неміс тіліндегі нұсқасында былай деп жазылды: «Национал-социализм – бұл... адамзаттың жауы, Шайтан Ібіліске, тікелей қызмет ететін қозғалыс».

Гитлердің билікке келу қарсаңында «Алтын ғасыр» журналының 1933 жылдың 4 қаңтарындағы нөмірінде мынадай ой айтылды: «Национал-социалистік қозғалыстың қаһарлы бетпердесі біртіндеп ашыла бастады. Бір қарағанда, жай ғана еретикалық көзқарастағы тамырсыз саяси партияның бар-жоғы бірнеше жылдың ішінде сондай деңгейге дейін өсіп, бүкіл мемлекеттік басқару құрылымын басып ала алуы мүмкін дегенге, бәлкім, илану қиын да шығар. Бірақ Адольф Гитлер және оның национал-социалистік партиясы үшін, қанша таңғалсаңыз да, бұл мүмкін болды»¹

1990 жылдардың соңында ресейлік «секталармен күресушілер» Ехоба куәгерлері Гитлер бастаған национал-социалистерді бірлесіп қызметтес болуға шақырған деген аңыз да таратқан болатын. Алайда мұндай «сенсациялар» қара күйе жағу мен фактілерді бұрмалаушылықтан басқа ештеңе емес еді. Қазір тап осындай әрекеттерді «ақпараттық соғыс» деп атайды.

Ал шын мәнінде, мәселе қалай еді?

Гитлер Германияның рейхсканцлері болып 1933 жылдың 30 қаңтарында іске кіріседі. Содан екі ай өткен соң-ақ, 1933 жылдың 4 сәуірінде, Магдебургтегі Ехоба куәгерлерінің филиалы басып алынады. Бірақ бұл әрекет заңсыз болғандықтан, 1933 жылдың 28 сәуірінде бұйрықтың күші жойылып, филиалдың барлық мүліктері кері қайтарылады. Әйткенмен де Германияның біраз жерлерінде Ехоба куәгерлерінің қызметіне бөгет қойылады.

¹ Пробудитесь! – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1995. 8 желтоқсан. – 6-7-б.

Куәгерлер өз құқықтарын қорғамақ болып, билік басындағылармен аудиенция ұйымдастыруға бірнеше рет талпынып көреді. Бірақ ешқандай жеңілдікке қол жеткізе алмайды. Сөйтіп, 1933 жылдың жазына қарай Ехоба куәгерлерінің қызметіне неміс жерінің басым бөлігінде мүлдем тыйым салынады.

Міне, тап сол кезде, 1933 жылдың 25 маусымында, Ехоба куәгерлері Берлин қаласында конгресс өткізеді. Жиынға 7 000 адам қатысады. Куәгерлер осы жерде өздері туралы мынадай ашық мәлімдеме жасайды: «Біздің ұйымды саяси деуге ешқандай негіз жоқ. Біз адамдарды Ехоба Құдайдың Сөзіне үйрету үшін, тек бар-жоғы ешкімнің де ісімізге кедергі жасамауын талап етеміз»¹.

Осы орайда «Фактілердің декларациясы» деген мағлұмхат басылып, жоғары деңгейдегі барлық мемлекеттік шенеуніктерге жіберіледі де, қосымша миллион данасы тұрғындарға таратылады. Бірақ соған қарамастан 1933 жылдың шілдесінде Ехоба куәгерлерінің қызметіне тыйым салуды тоқтату туралы тыңдауды тағайындаудан соттар біржола бас тартады².

Бұл декларация қандай мақсатпен шығарылған еді? Ехоба куәгерлері нацистермен қызметтес болуды ниет етті ме? Әрине, жоқ! Олар бар-жоғы барлық адамдарға, соның ішінде билік басындағыларға да, өздерінің шын мәнінде кім екендіктерін көрсетіп, атқарып жатқан істерінің тек діни және бейбіт бағытта екенін дәлелдемекші болатын. Бір ескеретін жайт, Гитлердің билік басына заңды жолмен келгенін және оны сол жылдары әлемнің барлық үкіметтері мойындағанын ұмытпағанымыз жөн. Гитлер адамдарға жұмыс берді. Олардың өз Отанына деген сенімін жаңғыртты. Сол уақыттарда Германиядағы көпшілік оны ашықтан-ашық Құтқарушы деп атады. Расында да, оның айуандық режимі әлі алда, әлі басталған жоқ болатын. Сондықтан Ехоба куәгерлерінің мағлұмхатқа байланысты әрекеті

¹ Пробудитесь! – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1995. 8 желтоқсан. – 7-б.

² Свидетели Иеговы – возвещатели Царства Бoga. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2005. – 693-б.

көңілге қонымды әрі толық түсінікті еді. Яғни, олар түсіністікпен бірлесе қызмет ету туралы ешқандай ұсыныс жасаған жоқ болатын. Сол жылдары бүкіл Германия бойынша Ехоба куәгерлері саясатқа қатысудан, «Хайль Гитлер!» деп ұрандаудан, национал-социализм идеологиясын қуаттап, солардың режимін қолдаудан үзілді-кесілді бас тартады. Ал енді осыдан кейін жауыққан нацистердің әскери қызметтен, өз Отанына деген адалдықты сақтаудан бас тартатын, олардың түсінігі бойынша, әрбір неміс ешбір бұлақсыз орындауы тиіс міндеттерге мойынсұнбайтын «сатқындарға» деген көзқарастары қандай болуы тиіс...

«Мужество Свидетелей Иеговы перед лицом нацизма» деген деректі фильмге сол заманды өз көзімен көрген адамдардың әңгімесі арқау болады. Сол уақыттарда аяусыз қысымға тап болған бір Куәгер былай дейді: «2 000 адамның ішінде Гитлерді ұрандайтын үйреншікті сәлемдерін қостап, қол көтермеген жалғыз мен едім... Міне, сол үшін де, табынудың осындай түрін зорлықпен істету үшін менің әрбір күнім сынаққа айналды...»¹

Ехоба куәгерлерінің нацистік режимге қарсы табандылықтарын сол жылдары орын алған келесі мысалдардан айқын көруге болады.

1933 жыл. Сенбі күні, 1933 жылдың 24 маусымында Германиядағы Ехоба куәгерлерінің қызметіне ресми түрде тыйым салынды. Алайда Ехоба куәгерлері де, полиция қызметкерлері де бұл туралы бірнеше күн өткен соң барып естиді. Соның арқасында Ехоба куәгерлері Берлинде 1933 жылдың 25 маусымында өздерінің конгресін өткізеді. Оған 7 000 адам қатысады. Конгресте «Фактілердің декларациясы» қабылданады.

28 маусым күні нацистер Магдебургтегі филиалды тағы да басып алады. Соның артынша бүкіл Германияда қуғын-сүргін толқыны басталып кетеді. Ехоба куәгерлерін жұмыстан шығарып, пенсияларын және жұмыссыздығына байланысты алатын жәрдемақыларын

¹ Мужество Свидетелей Иеговы перед лицом нацизма. Деректі фильм. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1996.

тоқтатып тастайды. Олардың үйлеріне баса-көктеп кіріп, ұрып-соғып, тұтқындап жатады. Құдайға құлшылық ететін ғимараттары күшпен тартып алынып, мемлекеттің меншігіне тапсырылады. Сол 1933 жылы нацистер Куәгерлердің 65 тонна Киеді кітапқа негізделген әдебиеттерін тәркілеп, Магдебург қаласының сыртында өртеп жібереді.

Бұл асқан қажырлық пен батыл іс-әрекеттерді талап ететін өте бір ауыр кезең болатын. 1933 жылдың 1 қарашасында «Күзет мұнарасы» журналында «Олардан қорықпаңдар!» деген мақала жарияланады. Бұл неміс Куәгерлеріне арнайы жазылып, оларды күннен-күнге өршіп бара жатқан қысымдарға қарсы төзімді болуға шақырған еді¹.

Дәл сол жылы «Алтын ғасыр» журналында Германияда концлагерлердің ашылғандығы туралы бірінші рет ашық хабар жарияланады.

1934 жыл. 9 ақпанда Дж. Ф. Рутерфорд Гитлерге мынадай мазмұндағы наразылық хатын жолдайды: «Кез келген адамға, тіпті бүкіл адамзатқа қарсы тұру, бәлкім, сіздің қолыңыздан келер, бірақ Ехоба Құдайдың алдында сіз дәрменсізсіз. Сол үшін де мен Ехоба Құдайдың және оның майланған Патшасы, Иса Мәсіхтің атынан, сіздің барлық лауазымды адамдарға, үкіметтегі жауапты қызметкерлеріңізге, Германияда тұратын Ехоба куәгерлеріне өз кездесулерін еркін өткізіп, Құдайларына ешбір кедергісіз ғибадат етулеріне рұқсат етуі туралы, бұйрық беруіңізді талап етемін»². Рутерфордтың бұл талабына нацистер, керісінше, жазалау шараларын одан сайын қатайтып, Ехоба куәгерлерін таяуда ғана іске қосылған концлагерге жөнелтумен жауап береді³. Тек бір ғана 1934 жылдың ішінде Ехоба куәгерлері тұратын 4 000 үйге тінту жүргізіліп, 1 000 Куәгер тұтқынға алынып, олардың 400-і концлагерлерге айдалады. Зорлық-зомбылықтың 200-ге жуық оқиғасы орын алады. Және жа-

¹ Пробудитесь! – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1995. 8 желтоқсан. – 7-б.

² Сол жерде. – 7-б.

³ Сол жерде. – 7-б.

залаушылардың әрбір соққысы: «Сен әлі де Ехобаға сенесің бе?!»¹ деген мұқату сөздерімен жалғаса береді. Дәл сол жылы Дахау концлагеріне түскен тұтқындардың ең алғашқылары да Ехоба куәгерлері болатын.

1934 жылдың 7 қазанында таңғы сағат 9-да бүкіл Германия бойынша «Бибельфоршерлердің»² барлық топтары немістің мемлекеттік шенеуніктеріне хаттар жолдайды. Хаттарда мынадай сөздер жазылған болатын: «Сіздердің заңдарыңыз Құдай заңдарына мүлдем қайшы келеді... Сондықтан біліп қойыңыздар, басымызға қандай күн тумасын, біз тек Құдайдың өсиетімен ғана жүреміз, яғни Ол тапсырғандай, Оның Сөзін зерттеуге жиналып, жалғыз Оған мойынсұнып, Оған ғана қызмет етеміз»³. Тап сол күні 49 елде Ехоба куәгерлері арнайы кездесуге жиналып, Гитлерге мынадай мазмұндағы жеделхат жібереді: «Сіздің Ехоба куәгерлеріне жасап жатқан жауыздық әрекеттеріңіз әлемнің барлық парасатты адамдарын естен тандырып, Құдайдың атын қорлауда. Ехоба куәгерлерін қудалауды тоқтатыңыз, әйтпесе сізді және сіздің национал-социалистік партияңыз жойылады!»⁴

Осы жайтты өз көздерімен көргендердің айтуынша, Гитлер сол жерде: «Германиядағы бұлардың барлық тұқымын мүлдем құртатымын!» – деп зілдене бақырған көрінеді.

1935 жыл. Ехоба куәгерлерін жаппай еңбек және шоғырланған лагерлерге жабады. «Алтын ғасыр» журналында осы түрмелерде нацистік режим қолданған азаптаудың қатаң тәсілдері туралы ашық жазылады.

1936 жыл. Берлинде жаздық Олимпиядалық ойындар жарысы өтеді. Гестапошылар бүкіл мемлекет бойынша әскери науқан

¹ Пробудитесь! – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1995. 8 желтоқсан. – 8-б.

² Бибельфоршерлер (немістің *Bibelforsher* – «Киелі кітап зерттеушілері» деген сөзінен алынған) – Германиядағы Киелі кітап зерттеушілері (кейін Ехоба куәгерлері).

³ Пробудитесь! – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1995. 8 желтоқсан. – 8-б.

⁴ Сол жерде. – 8-б.

ұйымдастырып, нәтижесінде мыңдаған Куәгерлер тұтқындалады. Бұған жауап ретінде Куәгерлер іле-шала 1936 жылдың 12 желтоқсанында өздерінің науқанын өткізеді: осынау іс-шара барысында Ехоба куәгерлерінің қуғындалуына қарсылық танытқан он мыңдаған үндеу-парақшалар бүкіл Германияға таратылады.

1937 жыл. Жағдай бұрынғыдан да ушыға түседі. 1939 жылға қарай, Екінші дүниежүзілік соғыс басталған кезде 6 000 Куәгер лагерлерге айдалып, түрмелерге тоғытылған болатын. Мұнда олардың киіміне айрықша белгі – күлгін үшбұрыш тағылады. Олар тұтқындағылардың өзгеше тобын – жалғыз діни топты құрады.

1937 жылдың 20 маусымында бостандықта жүрген Куәгерлер Германия тұрғындарының арасында үндеу-парақшалар таратып, онда нацистердің қудалаулары туралы ашық жазылады. Келтірілген мысалдарда адамдардың аты-жөні, уақыты және қай жерде орын алғаны нақты көрсетіледі. Мұншалық әшкерелеуге тіпті гестапо қызметкерлерінің өздері «Куәгерлер осының бәрін қалай ұйымдастырған» деп таңғалады.

1938 жыл. Ехоба куәгерлері «Шындықтың бетіне тіке қарайық» деген кітапша шығарады. Онда былай деп жазылады: «Біз шындықты ашық айта отырып, ескертуге тиістіміз... Тоталитарлық мемлекет – бұл Шайтанның қолымен істелетіндігіне және Құдай патшалығын алмастыру үшін жасалатындығына біз сенімдіміз»¹. Сондай-ақ Ехоба куәгерлері еврейлерге, поляктарға, сондай-ақ ақыл-есі кем не нашар дамыған және т.б. адамдарға қарсы ұйымдастырылған гестапошылардың хайуандық іс-әрекеттерін ашық жазғырады.

1938 жылдың 2 қазанында Рутерфорд «Фашизм немесе бостандық» деген баяндамасын радио арқылы айтады. Оны әлемнің 50 радиостанциясы бүкіл дүние жүзіне таратады. Осы баяндамасында Рутерфорд та еврейлердің жазықсыз қудалауға ұшырап жатқандығын

¹ Пробудитесь! – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1995. 8 желтоқсан. – 9-б.

ашына сөз етеді. «Немістер – жалпы, бейбітсүйгіш халық, – дейді Рутерфорд. – Алайда Шайтан өзінің өкілі – Гитлерге, есер, қатал, ашулы, аяушылық сезімінен жұрдай адамға, билік берді... Міне, сол үшін де, ол еврейлердің соңына шам алып түсті, себебі олар бір замандарда Ехобамен одақтас болып, Ехобаның атын алып жүргені үшін және Иса Мәсіхтің өзі де еврей болғаны үшін...»¹

Лагерлерде нацистер «Бибельфоршерлерге» мынадай ұсыныс жасайды: әрбір Куэгер, егер бостандыққа шыққысы келсе, өз сенімінен бас тартуы тиіс еді. Осындай келісімге қол қойғаның – өз сеніміңнен бас тартып, неміс үкіметін ең жоғары билік деп мойындап, өз еркіңмен Гитлерге бағынғаның және Киелі кітапты жалған ілім деп растағаның болып есептелетін. Бірақ мұндай құжатқа тек бірді-екілі адам ғана қол қояды.

Мұндай қысымдар тек ересек Ехоба куэгерлеріне ғана жасалған жоқ-тын. Гестапо Куэгер ата-аналардың 800-ден астам балаларын күшпен тартып алады. Сөйтіп, оларды нацистік мектептер мен балалар үйіне жібереді. Ал ол жерлерде мұғалімдер мен директорлар балалардан «Гитлер жасасын!» деп сәлемдесуді, туға құрмет көрсетуді және нацистік әндерді орындауды талап етеді. Алайда қайсар балалар бұлардың бәрінен үзілді-кесілді бас тартады. Әрине, мұның соңы неге апарып соғатыны, айтпаса да түсінікті болса керек...

1933–1945 жылдар аралығында Германиядағы Ехоба куэгерлерінің 97 пайызы әртүрлі қуғын-сүргінге ұшырайды. Солардың 2 000-нан астамы тұтқындар лагерінде көз жұмады².

Ехоба куэгерлерін асқан кісәпірлікпен азаптайды. «Оларды жиі соққыға жығып, сосын сайқымазаққа айналдырған күзетшілер оларды естерінен танғанша не әлсіреп құлағанша сағаттап отырып-тұруға, секіруге және еңбектеуге мәжбүрлеп отырған. Кейбіреулерін қақаған аязда тырдай жалаңаш немесе жартылай

¹ Пробудитесь! – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1995. 8 желтоқсан. – 9-б.

² Неизвестные страницы истории. «Уроки репрессий» деп аталатын конференция материалдарынан. – СПб., 2000. – 28-б.

жалаңаш күйінде далада қақитып тұрғызып қойған. Көпшілігін естерінен танғанша қамшымен сабайтын болған». Қайсыбіреулерін қолдарын артына байлап, білектерінен үш метірлік бағанаға асқан. Тап осылайша тек еркектерді ғана емес, әйелдерді де, тіпті қарттарды да қорлаған¹.

Мен «Қазақстандағы және Орта Азиядағы Ехоба куәгерлері» атты кітабымның екінші басылымын дайындау барысында, «Күзет мұнарасы» журналының бір нөмірінен шағын материал тауып алған едім. Онда сол уақыттағы Куәгерлердің ерлік пен табандылыққа толы көптеген мысалдарының бірі суреттеледі.

Бірде Ехоба куәгерлерінің рухын сындыруды ойлаған Заксенхаузен лагерінің бастығы сол жерде тұтқында отырған Август Дикманды өлтіруді бұйырады.

«Август Дикман Заксенхаузен концлагеріне 1937 жылы қамалған болатын. Екінші дүниежүзілік соғыс басталған соң үш күннен кейін, 1939 жылы ол әскери қызметке шақырылады. Бірақ шақыру қағазына қол қоюдан бас тартқандықтан, лагердің бастығы СС (*Schutzstaffel* – Гитлердің ең таңдаулы күзет жасағы) жетекшісі Генрих Гиммлермен хабарласып, Дикманды бүкіл тұтқындардың көз алдында атып өлтіруге рұқсат сұрайды.

1939 жылдың 17 қыркүйегінде «Нью-Йорк Таймс» газетінде Германиядан келіп түскен мынадай хабар жарияланады: «Август Дикман, 29 жаста... жазалаушы арнайы жасақ оны осы жерде атып өлтірді». Сондай-ақ газетте оның соғыс кезінде діни сеніміне байланысты әскери қызметтен бас тартқан ең бірінші неміс екендігі айтылыпты.

Алпыс жылдан соң, 1999 жылдың 18 қыркүйегінде, Бранбургтегі мемориалдық фонд Дикманның ерлікпен қаза болуын еске алып, лагерге келушілерге оның қайсарлығы мен берік сенімін мәңгілікке

¹ Свидетели Иеговы – возвестители Царства Бога. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2005.– 660-б.

паш етіп тұратын мемориалдық тақта орнатады. Бұрынғы концлагердің сырт жақ қабырғасында орналасқан және бір тақта 900-дей Ехоба куәгерінің Дикман сияқты Заксенхаузенде сенімдері үшін жапа шеккендерін халықтың есіне салады»¹.

Макс Либстер өзінің «Үрей қыспағында» («*В горнице ужаса*») деп аталатын биографиялық кітабында Дикманды атқаннан кейінгі лагердегі жағдайды былай суреттейді: «Менің барақтас көршім, Bibelforscher Эрнст Вауэр 1939 жылдың көктемінен бастап Заксенхаузенде болатын және ол сол ату жазасын өз көзімен көріпті. Оның айтуынша, Дикманды атып өлтіргеннен кейін комендант «күлгін үшбұрыш» таққан 400 адам сол жерден тарамай тұрып-ақ сенімдерінен бас тартатындығына еш күманданбапты. Және бұл үшін олар бар-жоғы өз сенімдерінен бас тартатындығы туралы құжатқа қол қоюлары тиіс еді. Алайда бірде-бір адам мұны істемеген. Сонда эсэсшілер оларды Strafsport тәсілімен бірі қалмай жерге құлап түскенше әбден азаптайды. Сосын білектерін түріп алған зіңгіттей-зіңгіттей солдаттар жерде сұлап жатқан тұтқындарды таяқтың астына алады. Бірақ сонда да «күлгін үшбұрыш» таққандардың ешқайсысы өз діндерінен бас тартпайды. Кейін бүкіл лагердегілер тек солар туралы, солардың қайсарлығы туралы өзара әңгімелеумен болады»².

2009 жылдың шілдесінде ерлі-зайыпты Матиас пен Олена Линдеман маған бұрынғы Заксенхаузен концлагерін аралатты. Біз Август Дикманның мемориалдық ескерткіш тақтасын таптық. Онда былай деп жазылыпты:

«Ехоба куәгері Август Дикманды есте ұстау үшін (1910 жылы туылған). Діни нанымына байланысты әскери қызметтен бас тартқаны үшін СС жасағы 1939 жылдың 15 қыркүйегінде басқалардың көз алдында атып тастаған».

¹ Сторожевая Башня. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2000. 1 мамыр. – 32-б.

² Либстер М. В горнице ужаса. Фашистік террордан өткен адамның әңгімесі. – М., Особая книга, 2007. – 86-87-б.

Біз үнсіз ұзақ тұрдық...

1938 жылы Берн қаласындағы (*Швейцария*) Ехоба куәгерлерінің филиалы «Христиандыққа қарсы крест жорығы» («*Kreuzzug gegen das Christentum*») деген жинақты жарыққа шығарады. Бұл кітап алғаш неміс тілінде басылып, кейін француз және поляк тілдеріне аударылады. Жинақта Германиядағы Ехоба куәгерлеріне жасалған қатыгездіктерге қатысты куәлік айғақтар келтіріліп, Заксенхаузен және Эстервеген концлагерлерінің сызбасы көрсетіледі. Осы кітапты оқыған Нобель сыйлығының лауреаты Томас Манн былай деп жазады: «Бұл деректі материалдарда төбемнен жай түсіргендей сұмдық фактілер бар екен»¹.

6 000 адамның 2 000-ы фашистік түрмелерде қаза болған. 250-ден астамы әскерге барудан бас тартқандары үшін азаптап өлтірілген. Ал тірі қалғандары керемет ерлік танытқан. Мысалы, қарсыласуға қатысушы Женевьев де Голль, генерал Голльдің немере қарындасы, бұл жөнінде былай дейді: «Мені бұл адамдар барлық уақытта қайран қалдыратын, себебі бар-жоғы сенімдерінен бас тарту қағазына қол қойса, олар кез келген уақытта бостандыққа шыға алатын... Алайда олардың ешқайсысы бұны істеген жоқ. Сондай әлсіз әрі зорыққандай көрінген сол әйелдер қолында билігі бар әсәшілдерден әлдеқайда күшті болып шықты. Сондай ерен күш әйелдердің бойына таусылмас қуат беріп тұрса керек-ті. Бұл – өзін-өзі билеу күші болатын, әрі оны ешкім жеңе алмады»².

«Ехоба куәгерлерінің нацизм алдындағы батылдығы» деген фильмді денең тітіркенбей көре алмайсың. Оның таңғаларлық болатын себебі, бұл фильмде американдық және еуропалық он тарихшы, сондай-ақ жиырма Ехоба куәгері – сол сұмдық оқиғаларды өз көздерімен көргендер, киелі кітаптық идеалдардың атынан фашизммен қалай күрескендері туралы әңгімелейді.

¹ Тень Холокоста. II халықаралық симпозиумның материалдары. «Уроки Холокоста и современная Россия». – 102-б.

² Иваненко С. О людях, никогда не расстающихся с Библией. – М., Арт-Бизнес-Центр, 1999. – 37-39-б.

Бұл фильм бірінші рет 1996 жылдың 6 қарашасында немістердің бұрынғы Равенсбрюк коцлагерінде көрсетілді (*және бұл әділетті де*)¹. Берген-Бельзен концлагерінде осы фильмнің тұсаукесері болып жатқанда Төменгі Саксонияның Саяси білім беру орталығының жетекшісі доктор Вольфганг Шель былай дейді: «Бұл тарихи шындықты мойындау ыңғайсыз, бірақ, христиан шіркеулеріне қарағанда, Ехоба куәгерлері *национал-социализмнен* анағұрлым батыл бас тартқан... Ехоба *Куәгерлерінің* ілімі мен діні жөнінде қандай ойда екендігімізге қарамастан, нацизм тәртібі орнап тұрған уақыттағы олардың өз көзқарасын берік ұстағаны сыйлауға тұрарлық»².

Нацистердің билік басына келуіне бір жыл қалғанда Веймар республикасының полициясы іс-әрекетін «филантропиялық және пацифистік» деп таныған Ехоба куәгерлері неге нацистік режимнің өшпенділігіне ұшыраған?

Осы кезеңді зерттеушілердің бірі Я. Сивульский, менің ойымша, осынау сұраққа дәл жауап берген: «Тоталитарлық тәртіптің негізінде жеке тұлғаның қорқынышпен және конформизммен цементтелген бір ғана әлеуметтік немесе ұлттық идеяға үзілді-кесілді бағынуы жатыр. Сол мемлекеттік-партиялық қоғам осылай ұйымдастарылған болатын. Тотальды жолмен ұйымдастырылған қысым жасау механизміндегі кез келген сызат сол тәртіп үшін өлгенмен тең, ал Ехоба куәгерлері қылмысқа негіздеп ұйымдастырылған мемлекеттегі нацистерден «қорыққан жоқ, жалынған жоқ, оларға сенген жоқ». Сондықтан Ехоба куәгерлерінің мына дүниеге өзгеше рухани қарап, іштей қарсыласқандары қарсыласудың ең мықты қаруы болып шықты. Ехоба куәгерлері ар-ұжданның нағыз тұтқыны болған»³.

¹ Мәскеуде бұл фильмнің тұсаукесері 1997 жылдың мамыр айында Халықаралық сауда орталығының ғимаратында өтті. Өкінішке қарай, бұл фильм Қазақстан мен Орта Азия елдерінде көрсетілген жоқ.

² Күзет мұнарасы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2001. 1 тамыз. – 29-б.

³ Неизвестные страницы истории. «Уроки репрессий» конференциясының материалдарынан. – СПб., 2000. – 29-б.

Америкадағы геноцид мемориалдық музейі жанындағы Зерттеу институтының директоры доктор Майкл Баренбаум кейін Куәгерлер туралы былай деп жазады: «Тек осылардың ғана ізіне істеген істері үшін емес (*немесе кім болғандары үшін емес*), қайта, [айтқандарын] істеуден бас тартқандары үшін түсті»¹. Оларды қылмыстар ұйымдастырылған қоғамның өміріне араласпауды өз еріктерімен таңдағандары үшін соттады. Сөйтсе де Ехоба куәгерлерінің қарсыласу әрекеттерінде ешқандай дәстүрлі зорлық-зомбылық болған жоқ.

Вена университетінің профессоры Вальтер Маносектак нацистердің Куәгерлерге деген жек көрушілігін былай түсіндіреді: «Екінші дүниежүзілік соғыс басталғаннан кейін нацистік әскери соттар діни сенімдеріне байланысты әскери қызметтен бас тартушыларды ешбір аяусыз жазалауға кірісті. Сол уақыттағы нацистік идеология – «*Volksgemeinschaft*» (*Ұлттық бірлік*) – бұдан бөлек қандай да бір ауытқушылыққа еш төзбейтін. Сондықтан да жеке адамның әскерде қызмет етуден бас тарту туралы шешімі бүкіл национал-социалистерді жекпе-жекке шақыру деп есептелетін. Түптің түбінде *Вермахттың* жоғарғы бас қолбасшы Адольф Гитлерге адал болып қалуға берілетін анттан бас тартудан асқан қарсылық түрі жоқ болатын. Міне, тап осындай бас тартушылардың 90 пайызы Ехоба куәгерлері болатын. Ал ең ірі христиандық шіркеулерге жататындардың (*католик және протестант*) арасында мұндай батылдық танытқандардың саны көп болса оншақтыдан аса қоймас»².

Равенсбрюк концлагерінде отырған әйел Ехоба куәгерлері туралы, кейін осы жерден бостандыққа шыққан Женевьев де Голль былай деп жазады: «Мен оларға таңғаламын. Олардың ұлттары әртүрлі болатын: неміс, поляк, орыс, чех... Және өздерінің діни сенімдері үшін олар қатты азап шекті. Олардың бәрі ерен ерлік та-

¹ Энциклопедия для детей. 6-т. Религии мира. 2-б. 5-басылым (өңделген және толықтырылған). – М., Аванта, 2004. – 414-б.

² Раммерсторфер Б. Несломленная воля. – М., Особая книга, 2011. 19-б.

нытты, әрі өздерінің мінез-құлықтарымен тіпті эсэсшілердің құрметіне ие болды. Сол кезде егер сенімдерінен бас тартса, оларды бірден бостандыққа шығарар еді. Бірақ олар өз сенімдерінде берік тұрып, қарсыласуларын еш тоқтатқан жоқ. Тіпті олар лагерге өздерінің кітаптары мен басқа да әдебиеттерін өткізудің жолдарын таба білді»¹.

Холокосттың Мемориалдық музейінің ресми сайтында (*ағыл. United States Holocaust Memorial Museum*)² нацистік ажал машинасының құрбаны болған неміс Ехоба куәгерлері туралы тарихи материалдар мен фотосуреттер көптеп кездеседі. Құрметті оқырманды осы сайтқа кіріп, осынау ержүрек ерлердің, әйелдердің, тіпті сонда кездесетін жас балалардың суреттерін көруге шақырамын.

Холокост музейіндегі суреттердің арасында өзінің діни сенімі үшін 1944 жылдың 8 желтоқсанында Берлинде басы алынған Ехоба куәгері Хелен Готтхолдтың суреті де бар. Суретте ол өзінің кішкентай балаларымен бірге бейнеленген.

Ехоба куәгерлерінің отбасында өсіп, 9 жасында ата-анасынан ажыратылып, бір фермаға балалары жоқ отбасына күштеп жіберілген Бертольд Мевестің әңгімесі де кісінің жан дүниесін тебірентері анық. Ол таңертең мектепке барып, содан соң фермада жұмыс істейді. Фашистер оған жарты жылда бір-ақ рет әке-шешесінің біріне (*өз таңдауы бойынша*) хат жазуға рұқсат етеді. Бірақ 1943 жылдан бастап сол мүмкіндікті де алып қояды. Ол сол күндерді былай деп еске алады: «Маған олардың тірі жүргендеріне үміт артудан басқа ешқандай амалым қалмаған-ды. Мен сол үшін Құдайға жалбарынып дұға айттым. Сол уақыттарда басқа Ехоба куәгерлерімен ешқандай байланысым болмаса да, Ехобаға деген сенімім мен Киелі кітаптың ілімдері маған жалғыздық пен шарасыздықты жеңе білуге көмектесті»³. Бертольд өзінің ата-анасымен тек 1945 жылы, 15 жасқа толған кезде ғана қайта

¹ Свидетели Иеговы – возвещатели Царства Бога. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2005. – 664-б.

² Holocaust Encyclopedia [URL: <https://encyclopedia.ushmm.org/>].

³ Holocaust Encyclopedia [URL: <https://encyclopedia.ushmm.org/content/ru/id-card/berthold-mewes>].

табысады. Оның ата-аналары да, өзі де сенімдеріне берік болып қалады.

Тарихтың осы бір кезеңдерін әңгімелей отырып, сөзімнің соңында Нюрнбергте өткен сот процесінің протоколына назар аударғанды жөн көріп отырмын. Гитлерлік Германияның бұрынғы жетекшілері мен бас әскери қылмыскерлерді жауапқа тартқан халықаралық сот трибуналы 1945 жылдың 20 қарашасынан 1946 жылдың 1 қазанына дейін жалғасқан болатын. Бүкіл әлемге әйгілі болған осы процестің құжаттарында Ехоба куәгерлері туралы да айтылады. Сондағы көптомдық стенограммадан бірер үзінді келтірейін:

АҚШ тарапынан айыптаушылардың өкілі полковник Р. Стори былай деп атап өтеді: «Үшінші дәрежелі» тергеу¹ тек коммунистерге, марксистерге, *Ехоба куәгерлеріне*, диверсанттарға, террористерге, Қарсыластар қозғалысының мүшелеріне, парашютистерге, антиқоғамдық элементтерге, поляк немесе кеңес-орыс кезбелеріне қарсы қолданылуы мүмкін... Жағдайларға байланысты «үшінші дәрежеде» тергеудің басқа түрлерімен қатар мынадай тәсілдер де қолданылады: ең қарапайым диета (нан мен су), қатты кереует, ұйықтатпау, әскери істерге діңкелетіп үйрету, ұрып-соғу».

Эрнст Кальтенбруннерді (*СС империя қауіпсіздігі бас басқармасының бастығы және Германия империясы ішкі істер министрлігінің статс-хатшысы*) тергеген стенограммадан және бір мысал келтірейін:

«Кауфман: «IV басқарманың шіркеу саясатына сілтеме жасай отырып, айыптаушы жақ сізге мынадай айып тағады: Bibelforsher деп аталатындар немесе Халықаралық Киеді кітап зерттеушілері әскери бөлімшелерде қызмет етуден бас тартқаны үшін, яғни ішкі сенімдері үшін жиі өлімге кесілген. Менің қоятын сұрағым: осы

¹ Нюрнбергский процесс. 8 томдық материалдар жинағы (Лебедева Н.С., Кульков Е.Н.) – М., 1997. 7-т. – 231-б. (Стенограмма түпнұсқасы: http://www.loc.gov/frd/Military_Law/NT_major-war-criminals.html).

жайттар сізге таныс па және осы мәселеге сіздің қаншалық қатысыңыз бар?»

Кальтенбруннер: «Неміс сот жүргізу құқығы Халықаралық Киелі кітап зерттеушілері сектасына қарсы рәсімде неміс ұлтын қорғау және қорғаныс заңын пайдаланды. Осы заң бойынша, әскери бөлімшелерде қызмет етуден бас тарту арқылы неміс қорғаныс күшіне зияндық жасайтын кез келген адам тұтқындалуы немесе өлім жазасына кесілуі тиіс. Және осы заңды негізге ала отырып, барлық әскери соттар да, азаматтық соттар да әлгі Халықаралық Киелі кітап зерттеушілерін өлімге кесу туралы үкімдер шығарып отырды... Әрі оларға қарсы жасалған осынау айрықша қатыгездік, көбіне сол сектанттардың мызғымас сенімдерінің кесірінен жүзеге асып жатты, дейтін пікірлер жиі айтылатын...»¹

Нацистер Ехоба куәгерлерінің күшті болу себебін сол күйі түсінген жоқ. Куәгерлердің ауызбіршілігінен қорыққан олар мұны «фанатизм» деп қарастыруға тырысты.

Нацистік Үшінші рейх құлағаннан кейін Ехоба куәгерлері саяси репрессияның құрбандары деп танылды. Тұтқынға түскен Куәгерлер туралы кітаптар жазылды, Германияда олардың аттарымен көшелер аталды, оларға ескерткіштер қойылды. Неліктен еуропалық одақ оларға мұншалықты құрмет көрсетті? Бұл сұраққа Леопольд Энглейтнер деген бір Ехоба куәгерінің қалай нацистік концлагерлердегі қиындықтарға төтеп беріп, өзінің арын және сенімін сақтап қалған ерен ерлігін баяндаған Бернард Раммерсторфер жауап береді. Ол былай деп жазады: «Леопольд Энглейтнер сияқты адамдар Австрияда сөз, сенім және баспасөз бостандығы үшін тайсалмас күресті бастаушы нағыз ізашарлар болды. Өйткені олардың айнымас сенімдері билік басындағыларды сөз бостандығы мен адам құқықтарына құрметпен қарауға мәжбүр етті... Олар ең алғашқылардың бірі

¹ Нюрнбергский процесс. Ең басты әскери қылмыскерлерді тергеу хаттамалары. 1-т. – Военная литература, 2017. – 980-б. (Стенограмма түпнұсқасы: http://www.loc.gov/frd/Military_Law/NT_major-war-criminals.html)

болып негізгі құқықтар туралы мәселе көтерді. Енді міне, солар қойған талаптар, бүгінде кәдімгі болуы тиіс қалыпты жайттарға айналды. Яғни, қазір сол батыл адамдардың арқасында, сот қуғындауына ұшырап қалармын-ау деп еш қорықпастан, өз ойымызды ашық айта аламыз. Ал ол кезде бұл мүмкін емес болатын. Бұлай істеу адамдарды Леопольд Энглейтнер сияқты ауыр қасіретке душар ететін. Демек, бостандыққа жол ашқан солар, тек солардың күшімен адамның негізгі құқықтары мойындалып, құрметтелетін болды. Олардың әрқайсысы бүгінгі бейбіт қоғам үшін зор еңбек сіңірді»¹.

Құрметті оқырман, мен сіздерге Макс Либстердің мазмұны жағынан өте өткір «В горниле ужаса» деген кітабын оқуды ұсынамын. Мұнда фашистік террорды өз көзімен көрген адамның әңгімесі баяндалады. Сол уақыттағы ең қаһарлы ұйым СС-тің өзі азаптау мен өлтіру арқылы «күлгін үшбұрыш» таққандардың рухын сындыра алмағанына қайран қаласыз.² Джозеф Франклин Рутерфорд 1919 жылы түрмеден босап шыққан соң, өкпе дертінің ауыр түрімен ауырады. Кейін ол жалғыз өкпемен қалады. 72 жасқа келгенде оған күрделі ота жасалады. Содан оның денсаулығы күрт нашарлап, 1942 жылдың 8 қаңтарында, бейсенбі күні өмірден өтеді.

Рутерфорд 25 жыл Қоғамның президенті болады. Дәл осы уақыттарда Ехоба куәгерлерінің ұйымы қалыптасу кезеңін басынан өткерген еді. Алайда Киелі кітап зерттеушілері оған пұтқа табынғандай мойынсұнып, өздерінің көсемі тұтқан емес. Көңіл қоярлық бір жайт «Свидетели Иеговы – возвещатели Царства Бога» деген кітапта былай баяндалады: «1941 жылы өлерінен аз-ақ бұрын ол [Дж. Рутерфорд] Сент-Луисте (АҚШ, Миссури штаты) өткен конгресте ұйым басшылығы туралы былай дейді: «Адамдардан шыққан көсемдер туралы не ойлайтындарыңды осында отырғандар естерінде сақтап қалса деп едім. Әдетте, қандай да бір қозғалыс-ұйым өсіп-өр-

¹ Раммерсторфер Б. Несломленная воля. – М., Особая книга, 2011. – 410-б.

² Либстер М. В горниле ужаса. Фашистік террордан өткен адамның әңгімесі. – М., Особая книга, 2007. – 192-б.

кендей бастаса, оған басшылық жасап отырған адамды – көсем, оның жақтастары өте көп деп жатады. Егер кімде-кім мені Ехоба куәгерлерінің көсемі деп санайтын болса, маған «иә» деп жауап қайтарсыншы». Сол сәтте залдың іші тып-тыныш бола қалады... Тек әр тұстан «жоқ» деген сөз естіледі. Сонда шешен: «Ендеше, егер осында отырғандардың барлығы мені Құдайдың көп қызметшілерінің бірі деп және бәріміз бір-бірімізбен иық тіресе Құдайымызға және Мәсіхке қызмет етіп жүрміз деп есептейтін болса, «иә» деп жауап беріңіздерші». Сонда залда отырғандар бір ауыздан зор дауыспен «Иә!» деп, жауап қайтарады. Келесі айда Англияда конгресте отырғандар әлгі сұраққа тап солай жауап береді»¹.

1942 жылдың 13 қаңтарында Дж. Рутерфордты **Нейтан Хомер Норр (1905–1977)** алмастырады.

Нейтан Хомер Норр Бетлехем (АҚШ, Пенсильвания штаты) дүниеге келген. Ол 16 жасында Аллентаун қаласындағы Киелі кітап зерттеушілерінің жиналысына бара бастайды. 1922 жылы Сидар-Пойнттағы (Огайо штаты) конгреске қатысқан ол бұрын өзі мүшесі саналатын Реформаторлық шіркеуден біржола кетуді шешеді. Ал келесі жылы, 1923 жылдың 4 шілдесінде, 18 жасар Нейтан шомылдыру рәсімінен өтіп, жарты жылдан кейін Ехоба куәгерлерінің Бруклиндегі орталығында жұмыс істеуді бастайды.

1932 жылдан бастап Ехоба куәгерлерінің жұмысына басшылық жасауға қатысты әртүрлі жауапты қызметтер атқарған ол 1942 жылы Күзет мұнарасы, Киелі кітап және трактаттар қоғамының президенті болады. Оның жұмысты ұйымдастыру мен өркендетудегі табиғи қабілеттері дүние жүзі бойынша Қоғамның филиалдарын қадағалауда, сондай-ақ ұзақ-ұзақ жол жүрулерде, жиі-жиі баяндамалар айтуда көп пайдасын тигізді.

Сол уақыттарда ең ауыр кезеңдер еді. Екінші дүниежүзілік соғыс барынша өршіп тұрды. Соғыс жағдайы ең қажетті заттардың

¹ Свидетели Иеговы – возвестители Царства Бора. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2005. – 220-221-б.

жетіспеушілігіне әкеліп соқтырды. Патриоттық көңіл-күй бүкіл әлемде аспандай көтеріліп, өзінің ең шарықтау шегіне жеткен болатын. Ал Ехоба куәгерлерінің бейтараптығы мен ауызбіршілігі қоғамның және мемлекеттің тарапынан қатты қысымға ұшыраған үстіне ұшырай берді. Бұған Куәгерлердің өз арасындағы кейбіреулердің Армагеддон келіп қалған сияқты деген ауытқушылық көңіл-күйін қосыңыз...

Соттағы айтыс-тартыстар әлі де жалғасып жатты. Ехоба куәгерлерінің аса ауыр жағдайы әсіресе Канададағы Квебек провинциясында орын алған болатын.

Бұл былай болған еді: 1940 жылдың 4 шілдесінде канадалық билік Ехоба куәгерлерінің қызметіне тыйым салады. Сол жылдары Ехоба куәгерлерін сотта қорғаған адвокат Глен Хау өткен күндерді былай деп есіне алады: «Еркектер мен әйелдерді Ехоба куәгерлері болғандықтары үшін ғана түрмеге қамайтын. Олардың балаларын мектептен шығарып, тіпті кейбіреулерін бөтен отбасыларының тәрбиесіне күштеп тапсыратын. Ал бұның бар себебі – олардың ұлтшылдықты дәріптейтін туға құрмет көрсету немесе мемлекеттік әнұранды орындау сияқты рәсімдерге қатысудан бас тарқаны еді».

Профессор Уильям Каплан өзінің «Государство и спасение: Свидетели Иеговы и их борьба за гражданские права» деген кітабында былай деп жазады: «Куәгерлерді елдің көзінше қорлайтын, олар мемлекеттің де, сол сияқты кейбір фанатизмге берілген шенеуніктердің де, сол сияқты соғыс жылдарында патриоттық белсенділікке бой алдырған қайсыбір жекелеген адамдардың да тарапынан жасалатын қысымдарға төтеп берді» (*State and Salvation: The Jehovahs Witnesses and Their Fight for Civil Rights*)¹.

Дегенмен де соғыстың соңына қарай жағдай біршама оңала бастайды. 1944 жылы Торонтодағы филиалдың жылжымайтын мүліктері кері қайтарылады, ал 1945 жылы Онтарио провинция-

¹ Пробудитесь! – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2000. 22 сәуір. – 18-б.

сының Жоғарғы соты Ехоба куәгерлерінің балаларына олардың діни сенімдеріне қайшы келетін нәрселерді жасатуға мәжбүрлеуге болмайды деген түсініктеме береді. Ал 1946 жылы канадалық билік бейтараптық ұстанымы үшін түрмеде отырған барлық Ехоба куәгерлерін бостандыққа шығарады. Алайда Канаданың Квебек провинциясында премьер-министр Морис Дюплесси Ехоба куәгерлерінің ауыздарын жабуға мәжбүр етемін деп шешеді.

Г. Хаудың еске алуы бойынша, газеттердің бірінде қала судьясы «Квебек полициясына «Кез келген Куәгер немесе осындай күдік тудырған кез келген адам тұтқындалсын» деген бұйрық беріпті деген хабар таратылыпты»¹. Сол-ақ екен Куәгерлерді жаппай ұстап, кейде тіпті кейбіреулерін күніне екі рет ұстап жатты».

Ақыры осының салдарынан сот істері 12 жылға созылды. Бірақ 1950 жылы Канаданың Жоғарғы соты қазіргі демократиялық мемлекетте адамның іс-әрекетін «үкіметке қарсы бағытталған үгіт» деп тану үшін, оның құрамында жұртты күш қолдануға немесе сол үкіметке қарсы көтеріліске шақыру элементтері болу керек деген тұжырымға келеді. Ал «Квебектің күйдіргі жеккөрушілігі» («*Жзучая ненависть Квебека*») деген буклетте мұндай арандатушылық атымен жоқ болатын. Демек, бұл сөз бостандығын пайдаланудың кәдімгі заңды түрі еді. Міне, тап осындай өте маңызды сот шешімінің арқасында Ехоба куәгерлерін үкіметке қарсы арандатушылық үгіт жүргізді деп айыптап келген 123 іс бірден жабылады!²

1953 жылдың қазанында Канаданың Жоғарғы соты Киелі кітапқа негізделген басылымдарды көпшілікке тарату – Ехоба куәгерлерінің христиандық ілімдері мен қызметтерінің ажырамас бөлігі, сондықтан ел Конституциясына сәйкес бұл басылымдар мемлекеттік бақылауға жатпайды, деген тұжырым жасайды. Осыдан кейін Квебектегі Куәгерлер толық ақталып, бұдан кейін оларға қарсы ешқандай айыптаулар орын алмайды!

¹ Пробудитесь! – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2000. 22 сәуір. – 19-б.

² Сол жерде. – 22-б.

Тіпті бір ғажабы, көп ұзамай Дюплессидің өзі Ехоба куәгерлерін қудалағаны үшін кінәлі деп табылады. Премьер-министрді жауапқа тартқан бұл шешім Канадада бұрын-соңды болмаған ерекше оқиға еді. Сондықтан да ол адам құқығын қорғау саласындағы айрықша оқиға ретінде тарихта қалады.

Қазіргі канадалық қоғам азаматтық құқықтарды қорғау және дамыту ісінде Ехоба куәгерлерінің қосқан үлесін өте жоғары бағалайды. Мысалы, «The Globe and Mail» деп аталатын канадалық газеттің 2009 жылдың 21 қаңтарындағы нөмірінде бүкіл бір бетте «Ол барлық канадалықтарға бостандықты жеңіп алуға көмектесті» деген мақала жарияланады. Бұл Америкадағы Сот адвокаттары колледжі тағайындаған «Адвокаттық ерлігі үшін» сыйлығымен 1997 жылы марапатталған Ехоба куәгері – адвокат Глен Хау туралы жазылған көңіл толқытарлық ғажайып әңгіме болатын. Глен Хау осындай марапатқа ие болған бірінші канадалық адвокат еді.

Н. Норр президенттік қызметіне кіріскен сәттен бастап-ақ ұйымның білім беру бағдарламасын кеңейтуге көп көңіл бөледі. 1942 жылдың ақпанында Ехоба куәгерлеріне арналған шешендік шеберлікті шыңдау курстары енгізіліп, ал 1943 жылы миссионерлерді дайындау үшін «Ғалақад Киелі кітап мектебі» ұйымдастырылады. Осы кезеңді Н. Норрдың әйелі Одри Хайд былай деп еске алады: «Нейтан алысты болжайтын – ол өзінің жоспарын әрдайым ұйымның өсуін ескере отырып ойластыратын. Ал кейбіреулерге бұл мүлдем тиімсіз көрінетін. Өйткені олардың түсінігінше, заманның ақырына өте аз уақыт қалған еді. Нейтанның кезекті бір жоспарын көрген бір бауырлас, тіпті таңырқай дауыстап: «Норр бауырлас, мұның қалай? Сенің сенімің қайда кеткен?!» – дейді басын қайта-қайта шайқап. Сонда Нейтан: «Менің сенімім орнында, бірақ, егер заманның ақыры дәл біз ойлағандай таяу арада келмесе, біз бәрібір дайын тұрамыз!»¹ – дейді мейлінше сабыр сақтай сөйлеп.

¹ Сторожевая Башня. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2004. 1 шілде. – 27-б.

1942 жылдың 18–20 қыркүйегі аралығында Кливленде (*АҚШ, Огайо штаты*) «Жаңа дүние» деп аталатын тарихи конгресс өтеді. Онда Қоғамның жаңа президенті Н. Норр «Бейбітшілік. Ол қаншалықты ұзаққа созыла ма?» деген тақырыпта баяндама жасайды. Норр өзінің баяндамасында: «Сол уақыттарда жүріп жатқан Екінші дүниежүзілік соғыс, кейбіреулер ойлағандай Армагеддонмен аяқталмайды, қайта, одан соң бейбітшілік орнайды. Ехоба куәгерлері Құдай Патшалығы туралы әрмен қарай да жариялайтын болады. Және алдағы уақытта ұйымның өсуі күтіліп отырғандықтан, Қоғам келесі айдан бастап қауымдарға көмек ретінде «қызметші бауырластарды» жіберетін болады. Сол қызметшілер әрбір қауымға жарты жылда бір рет келуі тиіс»¹. 1943 жылы Ехоба куәгерлерінің апталық қосымша кездесуі – уағыздау қызметіне дайындаудың ерекше бағдарламасы – енгізіледі.²

Н. Норр Киелі кітапты басып шығаруға байланысты істерге де көп қамқорлық жасайды. Мысалы, 1942 жылдың 18 қыркүйегінде жоғарыда айтылған Ехоба куәгерлерінің «Жаңа дүние» деп аталатын конгресінде Қоғамның президенті «Рух семсерін» ұсынамыз» деген баяндама жасап, Күзет мұнарасы қоғамының Бруклиндегі баспаханасынан тұңғыш рет Киелі кітаптың толық нұсқасы басылып шыққанын хабарлайды. Бұл «Король Яковтың аудармасы» болатын. Киелі кітап аудармасының осы нұсқасының 700 000-ға жуық данасы таратылады³.

Дегенмен де ең басты оқиға әлі алда болатын. 1946 жылдан бастап Нейтан Норр Ехоба куәгерлеріне түпнұсқа тілден дәл аударылған, әрі оқырмандарға ұғынықты Киелі кітаптың аудармасы қажет екендігін ойлай бастайды. Содан 1950 жылдың 2 тамызында

¹ Свидетели Иеговы – возвещатели Царства Бога. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2005. – 93-б.

² Свидетели Иеговы объединенно творят волю Бога по всей земле. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1994. – 11-б.

³ Құдай Патшалығы билік етуде! – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2014. – 84-б.

Ехоба куәгерлерінің Нью-Йорктегі «Янки» стадионында өтіп жатқан тарихи халықаралық конгресінде «Христиандық Грек жазбалары – Жаңа дүние аудармасының» жарыққа шыққаны хабарланады. Ал Еврей жазбаларының аудармасы 1953–1960 жылдар аралығында жеке-жеке бес том болып, ескертпелерімен қоса басылып шығады. Жалпы, бұл басылымдар негізінен Ехоба куәгерлерінің өздеріне арналған еді және онда Киелі кітапты зерттеу үшін қажетті қосымша материалдар өте көп болатын. Алайда Киелі кітаптың көпшілікке таратылатын нұсқасы 1961 жылы қолға тиеді. Міне, содан бері Ехоба куәгерлері Киелі кітаптың осы басылымын үнемі толықтырып, жаңартып, қайта бастырып келеді.

Ехоба куәгерлері өздері айтқандай: «Жаңа дүние аудармасы – о баста Киелі кітап жазылған: еврей, арамей және грек тілдерінен аударылған жаңа басылым. Бұл қандай да бір ағылшын тілінен редакцияланған нұсқа емес, яғни стилі, сөз қоры мен ырғағы жағынан ол өзге ешбір аудармаға ұқсамайды. Еврей-арамей жазбаларын аудару үшін негіз ретінде Рудольф Киттельдің «Biblia Hebraica» Еврей жазбаларының әлемде жаппай мойындалған мәтінінің 7, 8 және 9 басылымдары (1951–1955) алынды. Ал «Түсініктемелері бар Жаңа дүние аудармасы» сілтемелерінде келтірілген мәліметтерді жаңарту кезінде 1977 жылы жарыққа шыққан «Biblia Hebraica» Еврей жазбалары мәтінінің жаңа басылымы пайдаланылды. Христиандық Грек жазбалары негізінен Весткотт пен Хорт әзірлеп, 1881 жылы басып шығарылған грек тіліндегі мәтіннен аударылды. Сондай-ақ «Жаңа дүние аудармасы» комитеті тәржімелеу жұмысы барысында басқа да грек тіліндегі мәтіндерге жүгінді. Мысалы, Нестленің грек тіліндегі мәтініне (1948)... Сөйтіп, Комитет Киелі кітаптың нағыз дәл аудармасын жасай алды. Оның мәтіні түсінікті әрі қарапайым болып шықты. Ал бұл өз кезегінде Құдайдың Сөзін тереңірек ұғынуға және оны зерттеуден үлкен қанағат табуға зор септігін тигізбек еді»¹.

¹ Все Писание вдохновлено Богом и полезно. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2004. – 355-6.

Кеңестер одағы мен Кеңестер блогына жататын Шығыс Еуропа елдеріндегі Ехоба куәгерлерінің қызметіне көмектесудегі Н. Норрдың рөліне айрықша тоқталып өткен жөн. Ол кеңестік елдерде тұратын бір сенімдегі бауырластарына әлденеше рет хат жазып, оларды өзара бірлікті берік сақтауға талпындырады. Соның арқасында КСРО мен Варшава келісім-шартына қол қоюшы елдердегі Ехоба куәгерлерінің арасындағы бірлікті қалпына келтіріп, нығайта түсудің сәті түседі. Бұл туралы келесі тарауда толығырақ баяндалатын болады. Содан байқағанымыздай, Ехоба куәгерлері туралы жазылған кеңестік атеистік әдебиеттерде, әсіресе Н. Норрдың есімі көбірек ауызға алынады.

Осы тұрғыда 1968 жылы «Мәңгілік өмірге апаратын шындық» деген кітаптың жарыққа шыққанын да атап өткен лазым. Бұл Ехоба куәгерлері іліміне жаңадан назар аударған адамдармен Киелі кітапты зерттеуге арналған құралдың міндетін атқарады.

Н. Норр көз жұмардан аз уақыт бұрын қолға алған ұйымдастыру шараларының бірі Басқарушы кеңестің құрылымын қайта жасақтау мәселесі болды. Сөйтіп, 1976 жылы әкімшілік өкілеттіктер бөлініп, бұл жұмыс алты комитетке жүктеледі. Және комитеттердің құрамына міндетті түрде Басқарушы кеңестің мүшелері енеді¹.

Ехоба куәгерлері мұндай реформаның қажеттілігін өздерінің біздің заманымыздың бірінші ғасырындағы христиандық қауымдардың (*елшілердің*) үлгісіне мейлінше ұқсауға тырысуларымен түсіндіреді. «Басқарушы кеңестің тапсыруымен 1964–1971 жылдар аралығында Киелі кітапты жіті зерттеу жобасы іске қосылып, басқа жайттармен қоса, бірінші ғасырдағы мәсіхшілер қауымының құрылымы зерттелді. Зерттеу барысында бірінші ғасырдағы қауымдарда басшылықты бір ақсақал не бақылаушы емес, ақсақалдар кеңесі жүзеге асырғаны байқалды»².

¹ Свидетели Иеговы в двадцатом веке. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1994. – 9-б.

² Құдай патшалығы билік етуде! – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2014. – 121-б.

Мұндай әкімшілік реформа неліктен соншалықты маңызды еді?

Біріншіден, бұл ұйымның өсуімен байланысты болатын. Мысалы, 1953 жылы жариялаушылар санының ең жоғары көрсеткіші 520 000-ға жуықтап қалған-ды. Н. Норрдың белсенді іс-әрекетінің арқасында бес континенттің барлығында филиалдар құрылады. Олардың саны 1955 жылы 77-ге жетеді. Осы уақытқа дейін Ғалақад мектебін 1814 миссионер бітіріп, олар әлемнің 100 елінде қызмет етеді¹.

Жер шары 10 аймаққа бөлініп, олардың әрқайсысына Қоғамның бірнеше филиалы кіретін болды. Ондағы жұмыстарды қадағалау үшін аймақтық қызметшілер тағайындалады (*бүгінде олар аймақтық бақылаушылар деп аталады*)².

Екіншіден, 1971 жылы дүниежүзілік ұйымға қандай да бір жеке адам емес, Басқарушы кеңес басшылық ететіні туралы шешім қабылданады. Басқарушы кеңестің төрағалығына оның әрбір мүшесі алфавит бойынша біртіндеп сайлануы тиіс болатын (*1971 жылдың 1 қазанында Ф. Френц Басқарушы кеңестің төрағасы болып 1 жылға сайланады*). Дәл сол жылы Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқарушы кеңесінің арасындағы айырмашылық нақтыланады. Мысалы, бұрын пенсильвандық корпорацияның президенті, сонымен қатар Басқарушы кеңестің жетекші мүшесі саналатын. Ал енді бұл тәртіп өзгереді: яғни Басқарушы кеңестің мүшелері тәжірибесі немесе қабілеті жағынан бірдей болмаса да, олардың бәрі тең құқылы жауапкершілікті иемденеді.

Бұл реформа 1972 жылдың қазан айынан бастап барлық қауымдарда да жүзеге асырылуы тиіс еді. Демек, біріншіден, маңызды шешімдер қабылдау үшін бұрынғыдай бір ғана ақсақал емес, енді қауымда өкілеттіктері бірдей деп танылатын Ақсақалдар кеңесі жауап береді. Екіншіден, енді Кеңестің төрағасы да бір жыл мерзімге

¹ Свидетели Иеговы – возвещатели Царства Бога. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2005. – 101-б.

² Сол жерде. – 101-б.

сайланатын болады (бұл тәртіп 1983 жылы өзгертіліп, ендігі жерде Қоғамның өтініші бойынша барлық Ақсақалдар кеңесі төрағалық етуші бақылаушыны ұсынып, ол тағайындалғаннан кейін өз қызметін шектеусіз мерзім бойынша атқарады)¹.

1976 жылдың жазында Норрдың миынан ісік табылады. Сосын бір жылдан соң, 1977 жылдың 8 маусымында Нейтан Хомер Норр 72 жасында қайтыс болады.

1977 жылдың 22 маусымында Қоғамның президенті болып **Фредерик Уильям Френц (1893–1992)** сайланады. Бұл кезде ол 83 жаста болатын. Ол да әлемнің түкпір-түкпірінде Ехоба куәгерлерінің ілімін ұстанушылардың санын көбейту ісіне өзінің зор үлесін қосады. Дегенмен де сол уақыттарда Қоғам президентінің рөлі бұрынғыдай емес еді. Нақтырақ айтқанда, бұл кезде Басқарушы кеңес үлкен рөл атқаратын.

Ф. Френц 1893 жылдың 12 қыркүйегінде Ковингтон қаласында (*Кентукки штаты, АҚШ*) дүниеге келген. Оның отбасы 1899 жылы Цинциннати қаласына көшеді. 1911 жылы мектепті бітірген Фредерик гуманитарлық ғылымды таңдап, Цинциннати университетіне оқуға түседі. Пресвитериандық уағыздаушы болуды қалаған ол осы мақсатпен көне грек тілін терең зерттеуге кіріседі. Фредерик дін қызметшісі мамандығын алу үшін университетте оқып жүргенде, оның үлкен ағасы Альберт Киелі кітапты зерттеуші, шотландиялық дәрігер Джон Эдгар жазған «Өлгендер қайда болады?» деген кітапшаны інісіне салып жібереді. Содан кейін көп ұзамай «Жазбаларды зерттеудің» алғашқы үш томын береді. Осылайша оқығандарының қатты әсер еткені соншалық, жас Фредерик келешекте Англиядағы Оксфорд университетінде оқуына жол ашатын стипендиядан бас тартады. Сөйтіп, 1913 жылдың 30 қарашасында Киелі кітапты зерттеуші ретінде шомылдыру рәсімінен өтеді. Ал 1914 жылдың мамыр айында Цинциннати

¹ Свидетели Иеговы – возвещатели Царства Бoga. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2005. – 106-б.

қаласында пресвитериандық діни қызметшілікке оқып жатқан университетін тастап, Киелі кітап зерттеушілерінің әдебиеттерін таратуға кіріседі. Ол 1920 жылдың 1 маусымынан бастап Бруклиндегі Күзет мұнарасы қоғамы бас басқармасында жұмыс істейді. Ол өте жақсы Киелі кітап зерттеушісі ретінде танымал болады. Айтушылардың сөзіне қарағанда, Ф. Френц тіпті Киелі кітаптың кейбір тарауларын жатқа айтқан көрінеді. Ол президент болған кезде қауымдарда Киелі кітапты зерттеу кеңейтіліп, баспа өнімдерінің саны көбейеді, басылымдардың безендірілуіне айрықша мән беріледі, Киелі кітап ілімдері мен принциптері тереңдетіле оқытылып, оларды нақтырақ түсінуге ден қойылады. Яғни, Н. Норр өте жақсы ұйымдастырушы болса, ал Ф. Френц бірінші кезекте, Киелі кітапты зерттеуші өте білгір ғалым еді. Соның арқасында 1984 жылы Киелі кітапты тереңірек оқып-зерттеуге арналған «Жаңа дүние аудармасының» қайта қаралған нұсқасы жарық көреді. Мұнда бірін-бірі толықтырған сілтемелер мен қосымшалар өте көп болатын. Содан соң, 1988 жылы Киелі кітапқа негізделген «Жазбаларды түсіндіру» энциклопедиясының екі томдығы, 1991 жылы Иса Мәсіхтің өмірі мен ілімін жан-жақты баяндайтын, тамаша безендірілген «Тарихтағы ең ұлы адам» кітабы жарық көреді.

Уақытпен жарыса өскен жаңа қауымдардың саны, өз кезегінде аударма ісін өркендетуді талап еткен-ді. Міне, осы мәселеге дер кезінде көңіл бөлінгендіктен 1976–1992 жылдар аралығында «Күзет мұнарасы» журналы басып шығарылатын тілдердің саны шамамен 42 пайызға артып, 1992 жылдың қазан айында бұл көрсеткіш 111-ге жетеді. Куәгерлер өздерінің MEPS (*Көптілді электрондық фототерім жүйесі*) деп аталатын компьютерлік терім жүйесін іске қосады. Соның арқасында «Күзет мұнарасы» бір мезгілде 66 тілде басып шығарылады.

Ехоба куәгерлері 1990 жылдан бастап өздерінің бейнефильмдерін белсенді түрде пайдалану мақсатымен, көпшілікке тарату

үшін бейнекассеталар шығара бастайды. 1990 жылдың қазан айында «Ехоба куәгерлері: осы атаудың артында тұрған ұйым» деп аталатын бейнефильм жарыққа шығады. Бейнефильмдер ым тілдерінде де көпшілікке ұсынылады. Осындай бейнефильмдерге деген сұраныстың арта түсуіне байланысты, бас басқармада тіпті бейнежазу бөлімі құрылады.

Сонымен қатар, қауым ақсақалдарына, қызмет көмекшілеріне, филиал комитеттерінің мүшелеріне арналған оқу курстары ашылады.

Әсіресе, Ехоба куәгері болғысы келетін адамдарды оқытуға ерекше көңіл бөлінеді. 1977 жылдан бастап Ехоба куәгерлерінің қатарына қосылғысы келетін кез келген адаммен екі арнайы басылым арқылы Киелі кітапты зерттеу жүргізіледі. Бұл зерттеуші адамның Киелі кітаптың жоғары моральдық нормаларына сай өмір сүруге деген құлшынысын пайымдап, оған осы бағытта нақтылы жетістіктерге қол жеткізуге көмектесетін.

Кейін Шығыс Еуропада бірте-бірте коммунистік режим әлсіреп, ғаламдық саяси өзгерістер орын алады. Нәтижесінде Шығыс блокқа жататын елдерде (*Румыния, Шығыс Германия, Венгрия, Польша*) және бұрынғы Кеңестер одағында Ехоба куәгерлері ресми түрде мойындалып, тіркеуден өткізіледі. Ал бұл өз кезегінде осы елдердегі дінге сенушілерге арналған Киелі кітапқа негізделген әдебиеттерді, Құдайға құлшылық ететін орындарды, оқу бағдарламаларын көбейтуді қажет етеді.

Фредерик Френц 1992 жылдың 22 желтоқсанында 99 жасында дүниеден өтеді.

1992 жылдың 30 желтоқсанында Қоғамның бесінші президенті болып **Милтон Джоржд Хеншель (1920–2003)** сайланады.

М. Хеншель жас кезінен бастап Бруклиндегі Ехоба куәгерлерінің бас басқармасында жұмыс істеп, көп жылдар бойы Н. Норрдың хатшысы болады. Ал кейін Норр президент болған кезде оны өзіне жақын көмекші етіп тағайындайды. Ол Н. Норрдың қасында сапарлас бола жүріп, әлемнің 150-ден астам елін аралайды.

Соның арқасында жер-жерлердегі ұйымның жұмыстарымен, және ұйымның жалпы бағыт-бағдарымен өте жақсы таныс еді. Милтон Хеншель өзінің айрықша есте сақтау қабілетімен және әзілге бейімділігімен ерекшеленетін.

Бүкіл әлемдегі Ехоба куәгерлерінің саны едәуір өсіп, 1992–2003 жылдар аралығында 4 470 000-нан 6 429 000-ға дейін жетеді. Ал филиалдардың саны дүние жүзі бойынша 109 болады.

1995 жылдың сәуір айынан бастап Куәгерлер Паттерсонда (*Нью-Йорк*) өздері тұрғызған Күзет мұнарасы оқу орталығын пайдалануға кіріседі. Онда Ғалақад мектебі мен басқа да Киелі кітап мектептері өткізіледі.

1997 жылы Ехоба куәгерлері өздерінің дербес веб-сайтын ашып, интернет желісін белсенді түрде пайдалана бастайды. Дәл осы жылы Куәгерлердің Қоғаммен байланыс бөлімі ашылады. Бұл көпшілікке айқын да әділ ақпараттарды жеткізуге деген сұраныстың тоқтаусыз өсуінен туындаған еді. Өйткені сол жылдары ұйымнан шығып қалған адамдарды пайдаланып, Ехоба куәгерлеріне қарсы қоғамдық пікірлер ұйымдастыруға тырысқан антикультистік қозғалыстар Еуропада белең ала бастаған болатын.

Тап сол жылдары Қазақстандағы Ехоба куәгерлерінің діни орталығын және діни ғимараттарын салу қолға алынады.

Милтон Хеншель 2003 жылдың 22 наурызында 82 жасында қайтыс болады.

М. Хеншель өмірден өткен соң Қоғам президентінің рөлі бұрынғыдай соншалықты маңызды болмай қалады. Егер сіз қазір Ехоба куәгерлерінен, Қоғамның президенті кім деп сұрасаңыз, олар бұған жауап бере алмауы мүмкін. Өйткені Күзет мұнарасы қоғамының президенті – қазір бар-жоғы заң жүзіндегі лауазым ғана.

2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап Ехоба куәгерлерінің апталық діни қызмет кездесуі кестесіне біраз өзгерістер енгізіледі. Нақтырақ айтқанда, екі кездесуді қосып, бір кездесу жасалады. Ал бұрын

кездесулердің бірі ретінде өткізіліп жүрген топтық басқосуды «отбасылық ғибадат» ретінде өткізу ұсынылады. Яғни, мұндай отбасылық зерттеулерде үй іші мүшелерін толғандырып жүрген тақырыптар бойынша Киелі кітапқа негізделген талқылаулар жүргізіледі.

2011 жылдың қараша айынан Ехоба куәгерлері уағыздаудың жаңа тәсілін – көпшілік орындарында стендтерді, әдебиеттер қойылған арбаларды пайдалана бастайды. Мұндай стендтер тұрғындарға алғаш рет Манхэттенде (*Нью-Йорк*) көрсетіледі. Стендтердің қасына келген адамдар өздерін толғандырған көптеген сұрақтардың жауабын сондағы Киелі кітапқа негізделген әдебиеттерден тауып жатады. Ал кідіруге уақыты жоқ асығыс кісілер өзі ұнатқан басылымды тегін алып кетіп, кейін үйінде оқи алады. Мұндағы әдебиеттер көптеген тілде болады. Егер қандай да бір тілде іздеген басылымыңыз сол жерде болмай шықса, оған тапсырыс беріп, бірнеше күннен кейін қайта келіп алуға болады. Бұл Ехоба куәгерлерінің қызметіндегі және бір тарихи белес еді.

2012 жылы Ехоба куәгерлері компьютерлік анимацияны пайдалана отырып, «Ехобаның досы бол» топтамасы бойынша балаларға арналған мультфильмдер шығаруға кіріседі.

Сол жылдары Куәгерлер филиалдардың жұмысына байланысты біраз оңтайландыру шараларын да ұйымдастырады. Мысалы, 2012 жылдың қыркүйек айында дүние жүзі бойынша 30-дан астам шағын филиалдарды үлкен филиалдарға қосу жұмыстары қолға алынады.

2013 жылдың қазан айында Киелі кітаптың қайта қаралған «Жаңа дүние аудармасы» пайдалануға ыңғайлы тыспен жаңадан басылып шығады.

Сондай-ақ 2013 жылы ұйымның Бруклиндегі (*Нью-Йорк*) барлық ғимараттарын сатып, жаңа орынға көшу туралы шешім қабылданады. Негізінен бұл іске әзірлік 2009 жылы басталып, Ехоба куәгерлері өздерінің дүниежүзілік бас басқармасын келешекте көшіру мақсатымен Нью-Йорк (*АҚШ*) штатынан 102 гектар жерді өз меншігіне алған болатын.

Мұндағы құрылыс жұмыстары 3 жылға созылады. Сөйтіп, 2017 жылдың 3 сәуірінде Уорвиктегі дүниежүзілік бас басқармасында тұңғыш рет көпшілікке арналған экскурсия ұйымдастырылады. Сонымен, қазір Ехоба куәгерлерінің Бас басқармасы жаңа мекен-жайға орналасқан. Иә, бұл шын мәнінде, айрықша тарихи оқиға еді, өйткені Ехоба куәгерлері Бруклиндегі (*Нью-Йорк*) ғимараттары 1909 жылдан бері пайдаланып келген еді.

2013 жылы ұйым үшін басты жаңалық деуге боларлықтай және бір үлкен өзгеріс болады. Бұл бүгінгі қоғам мен уақыт талабынан туындаған ұйымдағы қайта құрулар десе де болғандай-тын. Мәселен, осы жылы дүние жүзі бойынша филиалдардағы ішкі тәртіп өзгертіліп, нәтижесінде филиалдардағы қызметшілердің саны 5 500 адамға қысқартылады.

Келесі бір өзгеріс көпшілікке жақсы танымал «Күзет мұнарасы» мен «Ояныңдар!» журналына байланысты болады. Мысалы, 2013 жылы аталмыш журналдардың беттері екі есе азайтылады (32 беттен 16 бетке). Ал 2017 жылдан бастап бұл басылымдардың көпшілікке таратуға арналған сандары енді бұрынғыдай ай сайын емес, тоқсанына бір рет, яғни 12 нөмірдің орнына 3 нөмір ғана шығарылады¹. Сондай-ақ «Ояныңдар!» журналы бұрынғыдай әр тақырыпқа емес, тек бір тақырыпқа арналады. Мұндай өзгерістердің нәтижесі қандай? Біріншіден, үнемделген ресурстар осы журналдар аударылатын тілдердің санын көбейтуге мүмкіндік берді. Айталық, егер 2013 жылы «Ояныңдар!» – 98 тілге, ал «Күзет мұнарасы» (*таратуға арналғаны*) 204 тілге аударылса, қазір 2019 жылдан бастап «Ояныңдар!» – 221 тілге, «Күзет мұнарасы» (*таратуға арналғаны*) 357 тілге тәржімеленеді.

Екіншіден, үнемделген қаржы ұйымның жеке интернет-сайтын дамытуға жұмсалады. 2013 жылдан бастап кейбір мақалаларды тек www.jw.org ресми сайтынан ғана табуға болады. Дәл осы

¹ «Күзет мұнарасының» зерттеуге арналған саны (*мұны Ехоба куәгерлері апта сайын өздерінің қыуым кездесулерінде талқылайды*) бұрынғыдай ай сайын басып шығарылады.

жылы Ехоба куәгерлерінің онлайн-кітапханасы (*wol.jw.org*) іске қосылды. Оған соңғы уақыттарда ұйым шығарған басылымдардың барлық электрондық нұсқасы енгізілді. Мысалы, орыс тіліндегі басылымдар – 1980 жылдан, ағылшын тіліндегі басылымдар – 1950 жылдан, қазақ тіліндегі басылымдар 1999 жылдан қолжетімді.

Әсіресе, ең үлкен жетістік, Ехоба куәгерлері 2014 жылдың қазан айынан бастап өздерінің телехабар тарату жүйесін іске қосады. Бұл бағдарлама бойынша әр айдың басында белгілі бір тақырып бойынша арнайы хабар ұйымдастырылады. Оны әдетте Басқарушы кеңестің мүшелері немесе олардың көмекшілері жүргізеді. Мұны шын мәнінде, ұйымның бүкіл дүние жүзіне хабар тарататын телестанциясы десе де болғандай. Бұл интернет-теледидарды әлем халқы қазір 255 тілде көре алады.

Ал осы кітап баспаға дайындалып жатқан кезде, ұйымның ең басты сайты (*www.jw.org*) 1006 тілде қолжетімді болды. Иә, бұл расында да, таңғаларлық жетістік екені даусыз! Дәлдірек айтсақ, Ехоба куәгерлерінің бұл да бір кезекті әлемдік рекорды дегендейсің!

Үшіншіден, Куәгерлер мобильді электрондық құрылғыларға арнап қосымша жасаумен де айналысады. Нәтижесінде, 2014 жылы олар «JW Library» (*ұйымның басылымдары мен бейне-аудио материалдарын тегін пайдалану*), ал сәл кейінірек «JW Library Sign Language» (*ым тіліндегі материалдар*) қосымшаларын пайдалануға береді.

Төртіншіден, 2015 жылы Ехоба куәгерлері Нью-Йорк штатындағы ғимараттар кешенін сатып алып, өздерінің киностудиясын құрады. Сөйтіп, тек бір жылдың ішінде (2016) әртүрлі 350 бейнебаян түсіреді, яғни бір күнде бір бейнежазба дүниеге келген. Әрі олардың осынау қарқыны күн санап арта түсуде. Қазір әлем бойынша осындай бейнематериалдарды дайындайтын 11 түсіру тобы қызу жұмыс үстінде¹.

¹ 2019 жылдық жиында хабарланғандай, Ехоба куәгерлері Рамапо қаласында (*Нью-Йорк штаты*) жаңа кешен құруға жоспарлауда. Бұл кешен аудио және бейнематериалдарды шығаруға арналады. Құрылыс жұмыстары 2022 жылы басталып, 2026 жылдың желтоқсанына қарай тамамдалмақ.

Бесіншіден, 2015 жылдан бері Ехоба куәгерлерінің ресми сайты арқылы Киелі кітапты онлайн зерттеуге мүмкіндік беретін жоба үлкен құлшыныспен қолға алынуда. Осы орайда әдеттегі сілтемелер мен түсініктемелерден басқа, графикалық сипаттамалары, фото және бейне материалдары, тарихи, географиялық және т.б. деректері бар үлкен мультимедия бөлімі енгізілуде. Куәгерлердің өз сөздеріне сүйенсек, аталмыш жобаны жүзеге асыру барысында, бұған дейінгі кез келген басылымдарына қарағанда әлдеқайда мол күшпен көп уақыт жұмсалады екен.

Алтыншыдан, Ехоба куәгерлерінің Құдайға діни кездесулердің мазмұны қатты өзгерді. Олардың кездесулері әртүрлі тақырыптарды қамтиды, қауымда бейнероликтер көрсетіледі. Осы мақсатпен барлық Патшалық сарайларына (*Куәгерлердің қауым кездесулері өткізілетін гимараттар*) үлкен теледидарлар қойылған. Ал конгрестерде алып мониторлар қолданылады.

Сонымен қатар, Куәгерлер Киелі кітапты басқа тілдерге аудару қарқынын бұрынғыдан да дамыта түсуде. Мысалы, тек соңғы екі жылдың ішінде (2016, 2017) «Жаңа дүние аудармасы» 30 тілде жарық көрді.

Қазіргі жаңа технология әлемді қатты өзгертуде, әрі Ехоба куәгерлері осыны жақсы түсінетін сияқты.

Сонымен, Ехоба куәгерлері бүгінгі күнге дейін қандай жетістіктерге қол жеткізді? Нақты сандарға жүгінсек, 2019 жылы олардың жалпы саны 8 683 117 адамға жетті. Олар әлемнің 240 елінде ұйымдастырылған 119 712 қауымда бастарын қосып, Құдайға құлшылық етеді. Ал сол жылы өткізілген Иса Мәсіхтің өлген күнін еске алу кешіне дүние жүзі бойынша 20 919 041 адам қатысқан.

Осы айтылғандардың өзі-ақ Ехоба куәгерлері өз ұйымдарының канондық құрылымына негіз ететін Киелі кітаптық принциптерді түсіну эволюциясы қаншалықты қиын болғанын көрсететін болса керек-ті. Бұны С. Иваненко да растайды: «Бұл эволюция өз ұстанымы барлық өзге діни ұйымдардан түбегейлі айырмашылығы бар

жалғыз шынайы христиандық теократиялық ұйым ретінде айқын да нақтылы бір бағытта алға қарай ұдайы жылжып отырды... Нәтижесінде Ехоба куәгерлері өздерінің өзге діндерден мүлдем «бөлек» екендіктерін, сондай-ақ Киелі кітаптағы эсхатологиялық пайғамбарлықтардың біздің дәуірімізде көкейкестілігін дүние жүзіне уағыздау арқылы бұқара халықты тәрбиелеуге жауапты екендіктерін мойындады. Ал бұл өз кезегінде Ехоба куәгерлері діни ұйымының ұйымдық құрылымының динамикалық, кейде радикалдық эволюцияға ұшырауына алғышарт болып шықты»¹.

С. Иваненко Ехоба куәгерлері діни ұйымының тарихындағы бес негізгі кезеңді айрықшалап көрсетуді ұсынады, әрі бұл, менің ойымша, дерекнамалық шындыққа сай келеді. Солардың:

біріншісі – Киелі кітап зерттеушілері діни ұйымының пайда болуы (1870–1879). Осы кезең барысында Киелі кітап зерттеуші үйірме бірте-бірте өзінің жеке баспа органы бар дербес діни ұйым болып қалыптасады.

екіншісі (1879 – *XX ғасырдың 20-шы жылдарының ортасы*) – Киелі кітап зерттеушілері ұйымының Киелі кітапты және ұйымның негізін қалап, оған жетекшілік еткен Ч. Расселлдің еңбектерін қадір тұтуларымен ерекшеленетін, өзіндік діни ілімі, құлшылық ету ұстанымы және ұйымдық құрылымы бар жеке-дара конфессияға айналуы.

үшіншісі (*XX ғасырдың 20-шы жылдарының екінші жартысы – 40-шы жылдардың ортасы*) – Киелі кітап зерттеушілерінің ресми түрде Ехоба куәгерлері деп аталуы. Бұл кезеңде ұйым айтарлықтай эволюцияға ұшырайды: XX ғасырдың 20-шы жылдарының ортасына қарай Расселлді және оның теологиялық еңбектерін ерекше қадір тұтудан бас тартып, ендігі жерде тек Киелі кітаптың беделіне жүгінуге көшеді; ұйымдастыру шаралары нығайтылып, Ехоба куәгерлерінің

¹ Иваненко С. Эволюция идеологии и деятельности религиозной организации Свидетелей Иеговы в России. Тарихи-философиялық талдау. Философия ғылымы докторының ғылыми дәрежесін қорғау диссертациясының авторефераты. 2001. – 24-б.

жергілікті діни ұйымдарын орталықтандыру жағы барлық деңгейде күшейтіледі.

төртіншісі (*XX ғасырдың 40-шы – 70-ші жылдарының ортасы*) – Ехоба куәгерлерінің көпшілік ұйымға айналуы.


бесіншісі (*XX ғасырдың 70-ші жылдарының ортасынан қазіргі уақытқа дейін*) – діни ілімдердің кейбір негізгі қағидаларының қайта түсіндірілуі және ұйымның құрылымына реформа жасалуы. Бұл шаралар ұйымның абыройын бұрынғыдан да арттыра түсіп, дүние жүзі бойынша осы діни ілімді ұстанушылар қатарының еселей көбеюіне зор септігін тигізуде¹.

Міне, осылайша о баста өздерінің қызметін қарапайым ғана Киелі кітап зерттейтін шағын үйірмеден бастаған Куәгерлер, 140 жылдың ішінде бүкіл әлемге танымал халықаралық христиандық діни ұйым – Ехоба куәгерлерінің дүниежүзілік бауырластығы дәрежесіне дейін жетіп отыр.

1950 жылдан бастап дүние жүзі бойынша Ехоба куәгерлері санының өсу динамикасын зерттей келе, төменде көрсетілген кестені жасап шыққан едім. Алайда осынау діни бағытты ұстанушылардың қатары үнемі көбейіп келе жатқандығына қарамастан, күндердің-күнінде қазір әлем бойынша саны жағынан жетекші орындарда тұрған католицизм, ислам, православие, т.б. діндермен деңгейлес болуы екіталай екендігін де ашық айтқым келеді. Әрі мұның басты себебі, қазіргі қоғамда Ехоба куәгерлері үзілді-кесілді берік ұстанатын Киелі кітапта көрсетілген моральдық және адамгершілік нормаларын бұлжытпай орындауға ықыласты адамдардың тым аздығында болса керек-ті.

¹ Иваненко С. Эволюция идеологии и деятельности религиозной организации Свидетелей Иеговы в России. Тарихи-философиялық талдау. Философия ғылымы докторының ғылыми дәрежесін қорғау диссертациясының авторефераты. 2001. – 25-27-б.

Дүние жүзі бойынша
Ехоба куәгерлері санының өсу динамикасы



Сонымен, осы тарауды аяқтай отырып, Ехоба куәгерлерінің тарихына байланысты негізгі сәттерді хронологиялық тәртіппен атап өту қисынды әрі дұрыс болар деп ойлаймын. Бұлар «Свидетели Иеговы – возвещатели Царства Бога» деп аталатын кітаптың «Веги современной истории Свидетелей Иеговы» деген бөліміндегі мәліметтерге негізделген (718–723-беттер). Онда 1870–1992 жылдар аралығындағы дәйектер келтірілген. Ал соңғы 27 жыл ішіндегі ақпараттарды өзімнің зерттеулеріме сүйеніп, әсіресе әртүрлі мәліметтерге толы «Ехоба куәгерлерінің жылнамасы» кітапшасына негіздеп қостым.

ЕХОБА КУӘГЕРЛЕРІ ҰЙЫМЫНЫҢ ҚЫСҚАША ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ ТАРИХЫ

1870 Чарлз Тейз Расселл Питтсбург пен Аллегейнидегі (АҚШ, Пенсильвания штаты) шағын топтармен бірге Киелі кітапты жүйелі түрде зерттей бастайды.

- 1870–1875** Расселл және онымен бірге Киелі кітапты зерттеушілер Мәсіхтің оралуы адамдардың көзіне көрінбейді және ол жер бетіндегі барлық отбасыларына бата беру үшін келеді деген тұжырымға келеді.
- 1872** Расселл және оның Киелі кітап зерттейтін тобы Мәсіх адамзат үшін төлем төлегенін ұғынады.
- 1876** Қаңтар айында Ч. Расселл «Таң хабаршысын алады»; жазда оның редакторы Н. Барбормен Филадельфияда (*Пенсильвания штаты*) кездеседі. Бруклинде (Нью-Йорк) басылып шығатын «Киелі кітап зерттеушісінің» қазан айындағы санында, адамзат тарихында 1914 жылдың ерекше маңызды болатыны туралы жазылған Ч. Расселлдің мақаласы жарық көреді.
- 1879** Мамыр айында Расселл «Таң хабаршысын» қолдауды біржола тоқтатады. Бұған Барбордың төлемге қатысты көзқарасы себеп болады. Шілде айында «Сион күзет мұнарасы және Мәсіхтің осында болуының жаршысы» басылымының бірінші саны жарыққа шығады.
- 1881** Киелі кітапты зерттеушілер алғашқы трактаттарды басып шығарады; трактаттар 1914 жылға дейін жыл сайын 30 тілде ондаған миллион данамен таратылады. Ұлыбританияның ең басты қалаларында шіркеуге келушілер үшін «Ойлана білетін мәсіхшілерге арналған азық» жариялануының 300 000 данасы таратылады.
- 1883** «Күзет мұнарасын» Қытайда оқи бастайды; осыдан кейін көп ұзамай Пресвитериан шіркеуінің бұрынғы миссионері Киелі кітапты зерттеуші ретінде осы елде уағыздауға кіріседі.
- 1884** «Ойлана білетін мәсіхшілерге арналған азық» жариялануымын Либерияда (*Африка*) оқи бастайды; оқырмандардың бірі өзгелерге тарату үшін осы басылымның біраз данасын салып жіберуді өтінеді.

15 желтоқсанда Сион күзет мұнарасы және трактаттар қоғамы Пенсильванияда ресми түрде тіркеледі.

1885 Күзет мұнарасы қоғамының басылымдарын Солтүстік және Оңтүстік Америкада, Еуропада, Африкада, Азияда оқи бастайды.

1886 «Миллениум таңы» еңбегінің «Құдайдың ғасырлар жоспары» деген бірінші томы жарық көреді (*кейін бұл туынды «Жазбаларды зерттеу» деп аталады*).

1891 Аллегейниде (*Пенсильвания штаты*) Киелі кітап зерттеушілерінің бірінші кездесуі өтеді (*19–25 сәуір*), бұлар оны конгресс деп атайды.

1894 Қоғамның қауымдарды аралауға қатысты бағдарламасы жұмыс істей бастайды. Осы орайда аралаушы бақылаушылар тағайындалады, уақыт өте келе олар пилигримдер деп аталатын болады (*қазір аудандық бақылаушылар*).

1900 Ұлыбританияда, Лондонда Күзет мұнарасы қоғамының бірінші филиалы ашылады.

Киелі кітап зерттеушілері 28 елде куәлік етеді; сондай-ақ олардың уағыздап жүрген хабары тағы да 13 елге тарайды.

1904 Ч. Расселдің уағызы жүйелі түрде газеттерде басыла бастайды; он жылдан соң оларды шамамен 2 000 газет жариялайтын болады.

1909 Сәуір айында Қоғамның бас басқармасы Бруклинге (*Нью-Йорк*) көшеді.

1914 Нью-Йоркте қаңтар айында алғаш рет «Жаратылыс фотодрамасы» көрсетіледі; жылдың аяғына дейін оны Солтүстік Америка, Еуропа және Австралия елдерінде 9 миллион адам көреді.

Киелі кітап зерттеушілері 43 ел мен аумақтарда уағыз жұмысын белсенді жүргізеді, бұған барлығы 5 155 адам қатысады; қолда бар деректер бойынша, Еске алу кешіне (*Ехоба куәгерлерінің жыл сайын арнайы атап өтетін мерекесі*) 18 243 адам келген.

- 1916** 31 қазанда, Техас аймағын аралап жүргенде, пойызда 64 жасында Ч. Расселл қайтыс болады.
- 1917** 6 қаңтарда, Қоғамның істерін шамамен екі ай бойы үш адамнан тұратын Атқарушы комитет жүргізгеннен кейін, Дж. Рутерфорд Қоғамның президенті болып сайланады.
- 1918** 24 ақпанда Лос-Анджелесте (*Калифорния штаты*) «Дүние соңына жетті. Қазір өмір сүріп жатқан миллиондаған адам ешқашан өлмеуі мүмкін» деген баяндама алғаш рет айтылады. 31 наурызда Бостонда (*Массачусетс штаты*) осы баяндама «Дүние соңына жетті. Қазір өмір сүріп жатқан миллиондаған адам ешқашан өлмейді» деген тақырыппен айтылады.
- 7 мамырда Дж. Рутерфорд пен оның жақын қызметтестерін тұтқындауға ордер беріледі; сот 5 маусымда басталып, 21 маусымда оларды ұзақ мерзімге бас бостандығынан айыру туралы үкім шығарылады (*солардың біреуіне – 10 шілдеде*). Тамыз айында Бруклиндегі бас басқарма жабылады; бір жылдан аса уақытқа ол қайтадан Питтсбургке көшіріледі.
- 1919** 26 наурызда Қоғамның жауапты қызметкерлері мен олардың қызметтестері кепілдікпен босатылады; 14 мамырда апелляциялық сот төменгі сатыдағы соттың шешімін өзгертіп, жаңадан тыңдау тағайындайды; келесі жылы 5 мамырда билік істі тоқтатады.
- 1–8 қыркүйекте Киелі кітап зерттеушілері Сидар-Пойнтте (*Огайо штаты*) конгрес өткізеді; «Алтын ғасыр» журналының (*қазір «Ояныңдар!»*) жарыққа шыққалы жатқандығы хабарланады.
- Жылдық есеп бойынша 5 793 Киелі кітап зерттеушілері 43 ел мен аймақтарда белсенді түрде уағыздайды; қолда бар деректерге сәйкес Еске алу кешіне 21 411 адам қатысқан.
- 1920** Күзет мұнарасы қоғамы Бруклинде өз алдына әдебиеттер басып шығара бастайды.

- 1922** 26 ақпанда Калифорнияда Дж. Рутерфорд бірінші рет радио арқылы Киелі кітапқа негізделген баяндамасын айтады. Германияда дінбасылары полициядан өздерінің әдебиеттерін таратып жүрген Киелі кітап зерттеушілерін тұтқындауды талап етеді.
- 1924** 24 ақпанда WBBR (*Күзет мұнарасы қоғамына қарайтын алғашқы радиостанция*) хабар таратуды бастайды.
- 1926** Киелі кітап зерттеушілері жексенбі күні үйме-үй жүріп кітаппен уағыздауға шақырылады.
- 1928** Нью-Джерси штатында (*АҚШ*) Киелі кітап зерттеушілері уағызда үйме-үй жүріп әдебиет таратқандары үшін тұтқынға алынады; он жыл ішінде АҚШ-та жыл сайын тұтқынға алынғандардың саны 500-ден асып жығылады.
- 1931** 26 шілдеде Колумбустегі конгресте (*Огайо штаты*), содан соң дүние жүзі бойынша өтіп жатқан конгрестерде, Ехоба куәгерлері деген жаңа атауға байланысты қарар қабылданады.
- 1932** «Күзет мұнарасы» журналының 15 тамызында және 1 қыркүйегінде жарияланған мақалаларда айтылғандай, «сайланатын ақсақалдар» қызметі қысқартылады.
- 1933** Германияда Ехоба куәгерлерінің қызметіне тыйым салынады. Екінші дүниежүзілік соғыстың соңына дейін созылған қатты қудалаулар кезінде 6 262 Куәгер тұтқынға алынады; олар жалпы алғанда түрмеде 14 432 жыл отырады; 2 074 Куәгер концлагерге қамалып, олар сол жерде 8 332 жыл азап шегеді.
- Ехоба куәгерлері дыбыс күшейтуші құрылғылардың көмегімен (*олар автомобильдерге де орнатылатын*) Киелі кітапқа негізделген баяндамаларды қоғамдық орындарда көптеп таратады.
- 1934** Куәгерлер қызығушыларға арналған Киелі кітапқа негізделген қысқаша баяндамалар жазылған пластинкаларды ойнататын патефондарды қолданады.

- 1935** 31 мамырда Вашингтонда (АҚШ) өткен конгресте «ұлы жамағаттың» (*елші Жоханның Киелі жазбаларға енген Аян кітабында кездесетін бейнелі ұғым*) жерде өмір сүретін тап екені түсіндіріледі; осы конгресте 840 адам шомылдыру рәсімінен өтеді; Құдайдың қазір өмір сүріп жатқан қызметшілерінің жердегі Жұмақта мәңгі өмір сүру үміттері бар екендігіне біртіндеп көңіл бөліне бастайды. Гонолулуда (*Гавайи*) қауым кездесулері өткізілетін орын алғаш рет Патшалық сарайы деп аталады.
- 1937** Куәгерлер уағыз кезінде өздерімен бірге патефон ала жүріп, үйлердің табалдырығында тұра қалып, Киелі кітапқа негізделген баяндамаларды ойнатады.
- 1938** 1 және 15 маусымдағы «Күзет мұнарасында» хабарланғандай, енді бақылаушылар демократиялық жолмен емес, яғни дауыс беру арқылы емес, «теократиялық жолмен» бекітіледі, яғни оларды Қоғамның өзі тағайындайды. Бірнеше қауымдардың басын қосқан топтар үшін аймақтық конгресс ұйымдастырылады (*қазір олар аудандық конгресс деп аталады*).
- 1939–1945** Британ империясы мен Британ Достастығына кіретін 23 ел Ехоба куәгерлерінің не қызметіне, не Киелі кітапқа негізделген әдебиеттеріне тыйым салады.
- 1940** «Күзет мұнарасы» мен «Жұбаныш» журналдарын көшеде жүріп тарату Ехоба куәгерлерінің үйреншікті қызмет түріне айналады. 3 маусымда АҚШ-тың Жоғарғы соты діни нанымдарына қарамастан барлық адамдар міндетті түрде мемлекеттік туға құрмет көрсету керектігі туралы шешім қабылдағаннан кейін, елдегі бүкіл елірме топтар Ехоба куәгерлеріне тиісе бастайды.
- 1941** Белсенді Куәгерлердің саны 100 000-нан асады; кейін көп ұзамай Екінші дүниежүзілік соғыс Еуропаны отқа орап, Аф-

рика мен Азия аймағына жайылғанына қарамастан, олардың жалпы саны 107 елді қоса алғанда 109 371-ге жетеді.

1942 8 қаңтарда Сан-Диегода (*Калифорния штаты*) Дж. Рутерфорд дүниеден өтеді.

13 қаңтарда Н. Норр Қоғамның үшінші президенті болады. «Күзет мұнарасының» барлық тілдегі жылдық таралымы 11 325 143 данаға жетеді.

Күзет мұнарасы қоғамы «Король Яковтың Киелі кітабын» өздерінің рулонды ротациялық баспа машинасында басып шығарады.

1943 1 ақпанда Күзет мұнарасы Ғалақад мектебінің бірінші сыныбының сабақтары басталады.

АҚШ-тың Жоғарғы соты 24 істің 20-сын Ехоба куәгерлерінің пайдасына шешеді; 14 маусымда австралиялық Биік сот Австралиядағы Ехоба куәгерлерінің қызметіне салынған тыйымның күшін жояды.

1945 Орта есеппен ай сайын үй жағдайында 104 814 тегін Киелі кітапты зерттеу сабақтары өткізіледі.

1946 Осыған дейінгі 7 жыл ішінде АҚШ-тағы 4 000 және Ұлыбританиядағы 1 593 Ехоба куәгері христиандық бейтараптықты ұстанғаны үшін тұтқынға алынып, 1 айдан 5 жылға дейін бас бостандығынан айырылған болатын.

«Ояныңдар!» журналы («*Алтын гасыр*» мен «*Жұбанышты*» алмастырған) жарыққа шыға бастайды; оның сол жылғы таралымы 13 934 429 данаға жетеді.

Грецияда 470-тен астам Куәгер өзгелерге Киелі кітап ілімдерін айтқандары үшін сот алдында жауапқа тартылады.

1947 Квебекте (*Канада*) Ехоба куәгерлерінің қызметіне байланысты 1 700 іс соттың қарауына тапсырылады.

Қауымдардың саны 10 000-нан асады, енді дүние жүзі бойынша олардың саны – 10 782.

- 1950** 2 тамызда Нью-Йорктегі конгресте «Христиандық грек жазбалары – Жаңа дүние аудармасы» ағылшын тілінде жарық көргені хабарланады.
- 1958** Нью-Йоркте «Құдай еркі» деген халықаралық конгресс әлемнің 123 елінен 253 922 адамның басын қосады; 7 136 адам шомылдыру рәсімінен өтеді.
- 1959** 9 наурызда Саут-Лансингте (*Нью-Йорк штаты*) қауым ақсақалдары мен аралаушы бақылаушыларға арналған Патшалық қызметі мектебінде сабақтар басталады.
- 1961** Қоғам филиалдары бақылаушыларының бірінші тобы Бруклинде (*Нью-Йорк*) 10 айлық арнайы курста оқиды; курстың мақсаты – Ехоба куәгерлерінің дүниежүзілік қызметін әрмен қарай да үйлесімді ете түсу. Ағылшын тілінде «Киелі жазбалар – Жаңа дүние аудармасы» – Киелі кітаптың бір томдық толық жинағы жарық көреді.
- 1963** Енді 198 ел мен аймақтарда миллионнан астам Куәгерлер уағыз ісіне белсене қатысады.
- 1965** Нью-Йоркте Ехоба куәгерлері алғашқы конгресс залын (*бұрын театр болған жөндеуден өткен гимарат*) пайдалана бастайды.
- 1967** Малавидегі Ехоба куәгерлері ұзаққа созылған қатыгез қудалауға ұшырайды; қудалаулар көп жылдар бойына тоқтатылмайды.
- 1969** Киелі кітапты үй жағдайында зерттеу сабақтарының саны миллионнан асады; олардың саны ресми есеп бойынша 1 097 237 болады.
- 1971** Басқарушы кеңестің құрамы кеңейтіледі; 1 қазаннан бастап кеңес мүшелері жыл бойына кезекпен төрағалық қызметті атқарады.
- 1972** 1 қазаннан бастап Ехоба куәгерлерінің қауымдарында бұрынғыдай бір адам емес, Ақсақалдар кеңесі басшылық жасайтын болады.

- 1974** Дүние жүзіндегі уағыздаушылардың ең жоғары саны 2 021 432-ге жетеді.
- 1975** Басқарушы кеңес қайта ұйымдастырылады; 4 желтоқсанда ұйым қызметінің бар жауапкершілігі 6 комитетке бөліп беріледі; бұл тәртіп 1976 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.
- 1976** 1 ақпаннан бастап Күзет мұнарасы қоғамының филиалдарында бұрынғыдай бір бақылаушы емес, үш немесе одан да көп ақсақалдардан құралған комитет басшылық ететін болады.
- 1984** Ехоба куәгерлері үй жағдайында өткізетін Киелі кітапты зерттеу сабақтарының орташа саны 2 047 113-ке жетеді.
- 1985** Еріктілердің қатысуымен жүзеге асырылатын Халықаралық құрылыс бағдарламасы енгізіледі; Қоғамның дүние жүзі бойынша тұрғызылатын құрылыс объектілерін үйлестірумен бас басқарма айналысады.
Ресми есеп бойынша 222 ел мен аймақтарда 3 024 131 адам уағызға қатысады; осы жылы 189 800 адам шомылдыру рәсімінен өтеді.
- 1986** Патшалық сарайлардың құрылысын үйлестіруге көмек болу үшін Аймақтық құрылыс комитеттері құрылады.
- 1987** 1 қазаннан бастап Қызмет жетілдіру мектебі ұйымдастырыла бастайды; бірінші сыныптың сабақтары Кориополисте (*Пенсильвания штаты*) өткізіледі.
- 1989** Шығыс Еуропадағы қолайлы өзгерістер Польшада үш ірі халықаралық конгресс өткізуге мүмкіндік береді, ал бұдан кейінгі жылдары бұл басқа елдерде де мүмкін болады.
- 1990** Африка мен Шығыс Еуропа елдерінде Ехоба куәгерлерінің қызметтеріне қойылған шектеулердің алынып тастануы, тағы да 100 миллион адамға уағыздауды жеңілдетеді.
Уағыздаушылардың ең жоғары жаңа көрсеткішіне (*4 017 213 адам*) қол жеткізіледі.

- 1991** Шығыс Еуропа мен Африка елдеріндегі тыйым салу алынып тасталынады да, 390 миллион адамға діни сенім еркіндігі беріледі.
- 1993** Албания мен Анголада Ехоба куәгерлерінің қызметіне ресми түрде рұқсат беріледі.
Ехоба куәгерлері тарихта алғаш рет миллиардтан астам сағат ерікті қызмет етеді.
- 1994** Руандадағы қайғылы жағдайда, тіпті өздерін қорғау үшін де қолдарына қару алмайтын жүздеген Ехоба куәгерлері өмірлерінен айырылады; Еуропа елдеріндегі Ехоба куәгерлері осы елдегі бір сенімдегі бауырластарына құны 1 600 000 доллардан асатын гуманитарлық көмек жасайды.
- 1995** «Күзет мұнарасы» журналы басылып шығатын тілдердің саны 100-ге жетеді. Ехоба куәгерлері филиал комитеттерінің мүшелеріне арналған біліктілікті жетілдіру курстары ұйымдастырылады.
- 1996** Қазіргі мына дүниеде отбасыларының қиындықтарға кезігетінін түсінген Ехоба куәгерлері барлық отбасы мүшелеріне арналған Киелі жазбалардағы ақыл-кеңестерге негізделген «Отбасы бақытының сыры» деп аталатын кітап басып шығарады.
- 1997** Бұрынғы кеңес одағының аумағында тұңғыш рет Санкт-Петербург қаласы жанындағы Солнечное кентінде (*Ресей*) Ехоба куәгерлерінің филиалы құрылады.
- 1998** Ехоба куәгерлері «Адамдардың барлығы бірін-бірі жақсы көретін кез бола ма?» деген трактаттарын таратуға байланысты дүниежүзілік бағдарлама ұйымдастырады; бұл трактат адамдарды айналамыздағы өзгелерге қатысты адамгершілік және игілік принциптерін ұстануға шақырады; нәтижесінде аталмыш трактаттың 400 000 000 данасы таратылады.

- 1999** Ехоба куәгерлері «аралаушы бақылаушыларға» (олар дүние жүзі бойынша қауымдарды аралап, бір сенімдегі бауырластарын жігерлендіреді) арналған біліктілікті жетілдірудің жаңа курстарын ұйымдастырады.
- 2000** Ехоба куәгерлері «Қан құюға балама ем-шара – қарапайым, қауіпсіз, тиімді» деген фильм шығарады; осы фильм Ұлыбританияның ұлттық қан қызметі мекемесінде көрсетілгеннен кейін, олар оның көшірмесін барлық қан банктері менеджерлеріне және кеңес беруші гематологтарға өздерінің мақұлдаған хаттарымен қоса жолдап, фильмді зейін қойып көруге шақырады; сондай-ақ хатта «фильмнің өте жоғары бағаға лайық екендігі әрі Ұлттық қан қызметі фильмнің идеясын толық қолдайтыны» атап көрсетіледі.
- 2001** Дүниежүзілік бас басқарма ұйымдастырған жедел құрылыс бағдарламасының арқасында бір жылдың ішінде Ехоба куәгерлерінің өз іштерінен жиналған еріктілер Африкада 1 074 Патшалық сарайын тұрғызады.
- 2002** Чехия Республикасында филиал ашылады. Бухенвальдтағы (Германия) нацистік концентрациялық лагерлерде құрбан болған Ехоба куәгерлерін еске алуға арналған мемориалдық тақта орнатылады. АҚШ-тың Жоғарғы соты алдын ала рұқсат алмай-ақ үйме-үй уағыздау құқығын мақұлдайды.
- 2003** Ехоба куәгерлері Косовода ресми түрде тіркеледі. Румыния Ехоба куәгерлерінің діни мәртебесін ресми түрде бекітеді. Британия филиалында «MAN Roland Lithoman» баспа машинасы іске қосылады.
- 2004** Ехоба куәгерлері 84 жыл пайдаланған Бруклиндегі баспахана жабылады; енді жаңа баспахана Уолкиллге ауысады. Ехоба куәгерлерінің қызметі Арменияда ресми тіркеледі.

- 2005** Берлиннің Жоғарғы әкімшілік соты Берлиндегі Ехоба куәгерлеріне Германиядағы барлық ірі шіркеулермен тең – көпшілік-құқылы корпорация құқығын береді. Қазан айында Ехоба куәгерлері діни бірлестік ретінде Непалда тіркеледі.
- 2006** Маусым айында Ехоба куәгерлері діни ұйым ретінде Суданның сегіз штатында тіркеледі; олар онда Патшалық сарайларын тұрғызады, ашық түрде конгресстер өткізеді және өз әдебиеттерін елге еркін өткізеді; ал Хартум қаласында енді олардың офистері бар.
- 2007** Түркиядағы филиал Ехоба куәгерлеріне көмек көрсету ассоциациясының ресми тіркелгендігі туралы растауға ие болады.
«Күзет мұнарасының» орташа таралымы 161 тілде 28 578 000 данаға жетеді; «Ояныңдар!» 80 тілде 34 267 000 дана таралыммен шыға бастайды.
- 2008** Ехоба куәгерлерінің сайтына (www.watchtower.org) күн сайын дүние жүзінен 60 000 адам кіреді.
- 2009** Отбасылық зерттеулерге – «отбасылық ғибадат кештеріне» арнайы уақыт бөлу үшін, апталық кездесулердің саны азайтылады.
Ехоба куәгерлері өздерінің дүниежүзілік бас басқармасын көшіру үшін Нью-Йорк (АҚШ) штатынан 102 гектар жер алады.
- 2011** Куәгерлер қоғамдық орындарда уағыздау үшін арба-стендтерді қолдана бастайды.
2011 жылдың 30 маусымында Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық сот (АҚЕС) діни садақаларға салық салу жөніндегі іс бойынша Франция үкіметіне қарсы, ал Ехоба куәгерлерінің пайдасына шешім шығарады.
- 2012** Балаларға арналған «Ехобаның досы бол» атты топтама бойынша мультфильмдер шығарыла бастайды.

Бүкіл дүние жүзі бойынша филиалдарды оңтайландыру жүргізіліп, 30-ы ірі филиалдарға қосылады.

2013 Киелі кітаптың қайта қаралған ағылшын тіліндегі «Жаңа дүние аудармасы» басылып шығарылады.

Бруклиндегі (*Нью-Йорк*) барлық ғимараттарды сатып, жаңа орынға көшу туралы шешім қабылданады.

Таратуға арналған журналдардың («*Күзет мұнарасы*» мен «*Ояныңдар!*») беттері 32-ден 16-ға азайтылады.

Ехоба куәгерлерінің үш сайты бір ғана – www.jw.org сайтына біріктіріледі. Сөйтіп, бұрынғы екі сайт – www.watchtower.org пен www.jw-media.org өз жұмыстарын тоқтатады.

Ехоба куәгерлері басылымдарының онлайн-кітапханасы (wol.jw.org) іске қосылады.

2014 Ехоба куәгерлерінің өз телестанциясы интернет-хабарын тарата бастайды (www.tv.jw.org).

Телефонмен, планшетпен немесе компьютермен жұмыс жасау үшін «*JW Library*» мобильді қосымшасы іске қосылады.

Ым тілінде сөйлейтін адамдарға арналған «*JW Library Sign Language*» қосымшасы ашылады.

2015 Ехоба куәгерлері Нью-Йорк штатында ғимараттар кешенін сатып алып, өздерінің киностудиясын ұйымдастырады.

Ехоба куәгерлерінің ресми сайтында зерттеуге арналған Киелі кітаптың онлайн нұсқасы пайда болады.

2016 Апталық кездесулердің форматы өзгертіліп, «Біздің патшалық қызметіміз» парақшасы «Біздің мәсіхшілік өміріміз бен қызметіміз» деп аталатын жұмыс дәптеріне ауыстырылады. Апталық кездесулердің бағдарламасына бейнероликтерді көрсету енгізіледі.

2017 Ехоба куәгерлерінің Уорвиктегі (*Нью-Йорк штаты*) дүниежүзілік бас басқармасының құрылыс жұмысы аяқталады.

Журналдардың мазмұны өзгертіледі. Енді таратуға арналған басылымдардың әрбір саны тек бір тақырыпқа арналатын болады.

2017 жылдың 20 сәуірінде Ресей Федерациясының Жоғарғы соты Ресейдегі Ехоба куәгерлерінің Басқару орталығын тарату туралы шешім шығарады.

2018 «Ояныңдар!» мен «Күзет мұнарасы» журналдары (*таратуға арналғандары*) енді бұрынғыдай ай сайын емес, тоқсанына бір рет шығарылады.

«Ояныңдар!» – 208 тілге, ал «Күзет мұнарасы» (*таратуға арналғаны*) 338 тілге аударылады.

Интернет-теледидар 275 тілде көрсетіледі.

2019 Ехоба куәгерлері Рамапо қаласында (*Нью-Йорк штаты*) жаңа кешен құрылыс жобасы туралы хабарлады. Бұл кешен аудио және бейнематериалдарды шығаруға арналады. Киелі кітапты оқып-зерттейтін адамдардың орта саны 9 618 182 жетеді. Ехоба куәгерлерінің саны 8 683 117-ге жетті. Еске алу кешіне келгендердің саны 20 919 041 адам болды. JW.ORG сайты 1 006 тілге аударыла бастайды.

Сонымен, осыдан 150 жыл бұрын өмірге келген (*іс жүзінде дін үшін бұл жас баланың жасындай-ақ*) Ехоба куәгерлерінің діни ұйымы өзінің даму жолында мейлінше драмалық көріністерді: қуғындалуды да, тыйым салынуды да, күш көрсетілуді де бастарынан өткерді. Алайда осынау қысымдардың бәрі, қайта, оларды барынша нығайтып, сенушілердің саны жылдан-жылға арта түсіп, өз ілімдерін оқыту шаралары бүкіл дүние жүзіне кеңінен таратыла берді. Бүгінде олар өзінің берік қалыптасқан діни ілімі, ғибадат ету тәжірибесі және үйлесімді құрылымы бар халықаралық діни ұйымға айналған.



«Сион күзет мұнарасы және Мәсіхтің осында болуының жаршысы» журналының алғашқы саны

Шілде, 1879 жыл



Ч. Т. Расселдің «Миллениум таңы» атты 6 томдық еңбегі. Кейін бұл еңбек «Жазбаларды зерттеу» деп аталды

Бір қызығы, әр томның алғысөзінде: «Әділдің жолы таң шапағы іспетті, Тал түс болғанша жарқырай түседі», - деген сөздер келтірілген еді (Нақыл сөздер 4:18).

Ч. Т. Рассел өзінің Киелі кітап ілімдеріне қатысты түсінігін «әлі толық ашылмаған шындық» деп ашық мойындайтын



Пилигрим


1894 жылдан бастап сенушілердің қауымдарын аралауға тағайындалған Қоғам өкілі



Ч. Т. Рассел мен Копенгагендегі (Дания) Киелі кітап зерттеушілерінің тобы (1909 жыл)

Ч. Т. Рассел бүкіл дүниежүзін аралап, дәріс оқыған

Бұл ашықхат оның АҚШ пен Канададағы саяхатына арналған (1913 жыл)




«Күзет мұнарасы, Киелі кітап және трактаттар қоғамының (Пенсильвания)» президенттері

«Күзет мұнарасы, Киелі кітап және трактаттар қоғамының (Пенсильвания)» президенттері

«Сион күзет мұнарасы мен трактаттар қоғамы» алғаш рет 1881 жылы құрылып, 1884 жылдың 15 желтоқсанында Пенсильвания штатында (АҚШ) тіркеуден өтті. 1896 жылы оның атауы «Күзет мұнарасы, Киелі кітап және трактаттар қоғамы» деп өзгертілді. Ал 1955 жылдан бастап «Күзет мұнарасы, Киелі кітап және трактаттар қоғамы (Пенсильвания)» деп аталды

ДЖОЗЕФ ФРАНКЛИН РУТЕРФОРД
(1917–1942 жылдары президент болған)




ЧАРЛЗ ТЕЙЗ РАССЕЛЛ
(1884–1916 жылдары президент болған)



НЕЙТАН ХОМЕР НОРР
(1942–1977 жылдары президент болған)


ФРЕДЕРИК УИЛЬЯМ ФРЕНЦ
(1977–1992 жылдары президент болған)



МИЛТОН ДЖОРДЖ ХЕНШЕЛЬ
(1992–2000 жылдары президент болған)



БІЗДІҢ КҮНІМІЗДЕГІ БАСҚАРУШЫ КЕҢЕС





1919 жылдың 26 наурызында бостандыққа шыққан Дж. Рутерфорд пен оның серіктестері

1919 жылы 14 мамырда апелляциялық сот келесідей шешім қабылдады: «Айыпталушылардың әділ сотқа толық құқықтары болса да, сот оларға алалаушылық танытты. Сондықтан шығарылған үкімнің күші жойылады»

«Құпия жүзеге асты» кітабында («Жазбаларды зерттеу» еңбегінің VII томы) Киелі жазбалардың Аян, Таңдаулы ән, Езекиел кітаптарына түсініктемелер берілген

1919 жылдың қыркүйек айынан бастап «Алтын ғасыр» журналы мен «Бюллетень» ақпарат парақшасы жүйелі түрде жарық көретін болды





1930 жылдарға дейін Киелі кітап зерттеушілері «айқыш – мәсіхшілердің белгісі» деп келген.


Олар тіпті «Айқыш пен тәж» төсбелгісін киімдеріне тағып алатын. Бұл белгіті өмірлерінің соңына дейін адал болып қалса, өмір тәжіне ие болатындардың естеріне салып тұрған



1931 жылы 24–31 шілде күндері Колумбуста (Огайо штаты, АҚШ) өткен тарихи конгрестің бағдарламасы.

Мұқабасында JW деген екі әріп бейнеленген. Дәл осы конгресте «Жаңа атау» деген тарихи қарар қабылданды. Оның ең шарықтау шегі: «Бізді Ехоба куәгерлері [ағыл. Jehovah's Witnesses] ретінде білгендерін және тап солай атағандарын қалаймыз!» – деген сөздер болды

1920 жылдары Германияда өткен Киелі кітап зерттеушілерінің конгресі






WATCHTOWER
RADIO



WBBR радиостанциясы (1924–1957 жж.)

1924 жылы 24 ақпанда Статен аралында (Нью-Йорк, АҚШ) WBBR деген Күзет мұнарасы қоғамының алғашқы радиостанциясы хабар таратуды бастады

Кейін Қоғамның радиохабар тарату жүйесі алты континентте орналасқан 408 радиостанцияны қамтыды





XX ғасырдың
бірінші
жартысында
қолданылған
уағыздау
тәсілдері



Ехоба куәгерлері
концлагерлерге
айдалған алғашқы
тұтқындардың
қатарында болды

Күлгін үшбұрыш – нацистік
өлім лагерлеріне айдалған
Ехоба куәгерлерін
айрықшалаған белгі.

Олар діни сенімі үшін
айыпталып, бөлек
категорияға жатқан
тұтқындар тобы болды

6 000 тұтқындалған Ехоба
куәгерінің 2000-ы фашистік
түрмелерде қаза болды.

250-ден астамы әскерге
барудан бас тартқандары
үшін азаптап өлтірілді



Вевельсбург



Маутхаузен

Jehozas Zeurien

1914 жылы 12 ақпанда Мәжіліс ауданында
Тулкин ауылында туған. 1941-1945 жж.
Қызыл Армияда қызмет етті.



Аушвиц лагеріндегі тұтқындарды айрықшалаған белгілер мен олардың анықтамалары

★ **ЕВРЕЙЛЕР**

1942 жылдан бастап лагерьдегі тұтқындардың үлкен тобын құрады. 200 000-ға жуық еврейлер тіркелді.

▼ **САЯСИ ТҮТҚЫНДАР**

Жалпы алғанда, олардың саны 160 000-ға жуық болды. Көпшілігі жазалау операциялары кезінде немесе қарсылық қозғалысына қатысқаны үшін тұтқындалған поляктар еді.

▼ **ҚОҒАМҒА ҚАРСЫ ЭЛЕМЕНТТЕР**

Бұл топқа негізінен 21 000-нан астам тіркелген цыгандар кірді.

■ **SU КЕҢЕС ӘСКЕРІНІҢ ТҮТҚЫНДАРЫ**

15 000-ға жуық оның ішінде 12 000 тіркелгені.

■ **ЕН ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТИПТІ БҰЗУШЫЛАР**

Кейбіреулері шын мәнінде еңбек тәртібін бұзғаны үшін, ал кейбіреулеріне жала жабылғанының кесірінен лагерьге қамалды. Олардың саны шамамен 11 000-ға жуық болды.

■ **РН ПОЛИЦИЯ ТҮТҚЫНДАРЫ**

Олар тек поляктар болды. Ресми түрде олар Аушвиц лагерінің тұтқындары деп саналмады. Катовице мен Мысловицедегі гестапо түрмелерінің толып кетуі нәтижесінде олар лагерьге жіберілді. Сол жерле олар жылжымалы соттың отырысын күтті. Әдетте сондай тұтқындар ату жазасына кесілді. Мұндай тұтқындардың саны бірнеше мың болды деп есептеледі.

▼ **ҚЫЛМЫСТАР**

Бірнеше жүз тұтқын, негізінен немістер. Жиі олардың арасынан лагерь бастықтары эсэшілерге лагерь тәртібін сақтауға көмектескендерді таңдайтын.


▼ **ЕХОБА КУЭГЕРЛЕРІ**

Діни нанымдарымен байланысты іс-әрекеттері үшін лагерьде болды. Бұл топтағы тұтқындар арасында кемінде 138 адам тіркелді, негізінен неміс ұлты.

▼ **ГОМОСЕКСУАЛИСТЕР**


Кем дегенде ондаған тұтқын, негізінен неміс.

ДЕФЕККӨЗ: «WWW.AUSCHWITZ.ORG»



▲
Август Дикманға арналған ескерткіш тақтасы

Сенушілердің тоталитарлық режимдердің алдындағы қайсарлығы мен табандылығы зерттеушілердің қызығушылығын оятып, көптеген өмірнамаларды, тарихи және дінтанушылық зерттеулер жазуға түрткі болуда



JW.ORG – Ехоба куәгерлері ұйымының ресми сайты

1997 жылы www.watchtower.org сайты ашылды. Ал 2009 жылы www.jw.org сайты іске қосылды. Бүгін бұл сайт ұйымның негізгі сайты болып келеді

2019 жылы JW.ORG сайты жаңа белеске көтеріліп, 1000 тілге аударылатын болды. Осылайша қатардан озып шықты





Иллюстрация: Designed by rawpixel.com / Freepik · Сайт Photo: Designed by zlatko_plamenov / Freepik



2014 жылының қазан айында
Ехоба куәгерлерінің өз
телестанциясы
интернет-хабарын тарата
бастай тыныхабарланды




▲ «JW Broadcasting» телестанциясының студиясы

▼ Ехоба куәгерлерінің киностудиясы



2015 жылы Ехоба куәгерлері
Нью-Йорк штатында
ғимараттар кешенін сатып
алып, өздерінің киностудиясын
ұйымдастырды.

Тек 2016 жылдың ішінде әртүрлі
350 бейнебаян шығарылды,
яғни шамамен күнде бір
бейнебаяннан түсірілді




Ехоба куәгерлері діни құқықтары мен бостандықтары үшін күрестеріндегі заңи жеңістерімен танымал



Бүгінгі күнге дейін АҚШ-тың Жоғарғы соты Ехоба куәгерлерінің пайдасына 50 шешім шығарды. Ал Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық Сот 63 істі Ехоба куәгерлерінің пайдасына шешті.

2009-2019 жылдары Қазақстанның Жоғарғы Соты 9 шешімін Куәгерлердің пайдасына шығарды



АҚШ-тың Жоғарғы сотында кезекті бір жеңіске ие болған Хейден Ковингтон (алдыңғы қатар, ортасында) және Глен Хау (алдыңғы қатар, сол жақта) – АҚШ пен Канададағы Ехоба куәгерлерінің көпке танымал адвокаттары

Адвокат Глен Хау (Glen How) Америкадағы Сот адвокаттары колледжі тағайындаған «Адвокаттық ерлігі үшін» сыйлығымен марапатталған.

1943 жылдан бастап 2003 жылға дейін ол Ехоба куәгерлерінің мүддесін қорғап, Канадада және басқа елдерде өткен жүздеген сот процестеріне қатысты



«Біз бәріміз Ехоба куәгерлеріне риза болуымыз керек. Оларды қаншама қорласа да, қаншама қуғындаса да, тіпті ұрып-соқса да, олар өздерінің (әрі біздің де) діни сенім бостандығы үшін күресуді тоқтатар емес. Және осынау күрестегі олардың жеңісі – біздің де жеңісіміз»

– Чарльз Хейнз, ТЕОЛОГ, АҚШ КОНСТИТУЦИЯСЫНА ЕНГЕН АЛҒАШҚЫ ТҮЗЕТУЛЕР ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ

Courtesy of Canada Wide

ЕКІНШІ ТАРАУ

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕХОБА КУӘГЕРЛЕРІ.

ТАРИХИ ШОЛУ

Ехоба куәгерлері (*бұрын Киелі кітап зерттеушілері*) ілімдерінің Қазақстанда тарай бастаған уақытын әдетте ХІХ ғасырдың соңына жатқызады. Ол кезде Қазақстан Ресей империясының құрамында болатын. Сондықтан Қазақстандағы Ехоба куәгерлерінің тарихын Ресей тарихына сілтеме жасамай қарастыру мүмкін емес.

Сол жылдары патшалық саясат Орыс православие шіркеуінің діни ілімін қуаттамайтын өзге көзқарастағы адамдарға немесе басқа дінді ұстанушыларға айрықша қаталдық танытуымен ерекшеленетін¹. Сол кездері Еуропа мен Ресейдің оңтүстік-батыс аймағына жасаған сапарында Ч. Расселлдің²: «Ресей шындық үшін ашық емес, өйткені ол бұған дайын емес»³, – деп жазуы жайдан-жай болмаса керек-ті.

Бұл жерде оқырманымға келесідей жайтты ескертуді жөн көрем: сол жылдары Ресей империясында православие шіркеуі ғана адамдарды өз дініне қаратуға құқылы еді. Ар-ұждан бостандығы немесе дін

¹ Сол уақыттарда Ресей империясында қолданыста болған «Уложение о наказаниях уголовных и исправительных» деген заңның 2-бөлімі (1885 жылғы редакция) «О преступлениях против веры и о нарушении ограждающих оную постановлений» деп аталып, сол үшін жаза ретінде ауыр жұмыстарға жегу және Сібірге жер аудару шараларын қарастырды.

² 1891 жылдың қыркүйек айындағы «Күзет мұнарасы» журналында Ч. Расселлдің Ресейде бір сенімдегілермен маңызды кездесу өткізгені және миссионер ретінде сол өңірде тұратын тұрғындардың арасында Киелі кітап шындықтарын талқылағаны туралы хабарланған болатын.

³ Свидетели Иеговы – возвестители Царства Бoga. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2005. – 406-б.

бостандығы деген түсініктер атымен болған жоқ. Алайда бұл бүкіл империяда адамдар тек бір-ақ дінді ұстанды дегенді білдірмейді.

Православие шіркеуі бұнымен күресуге тырысып бақты. Өзге көзқарастағы адамдар қатал қуғынға ұшырап, Сібірге және Шығыс Қазақстанға қашуға мәжбүр болды. Сол жерлерде олар ауыл-ауыл боп бірігіп өмір сүрді. Сол аймақтарға Православие дінінің іліміне қайшы шыққандар жер аударылды.

Сол кезеңде жарық көрген еңбектерге қарасаң, қоғамдағы діни көзқарастардың кеңдігіне, ар-ұждан бостандығы мен дін таңдау еркіндігіне деген құштарлыққа еріксіз қайран қаласың.

Сол кездің өзінде-ақ патшалық Ресейде біз қарастырып жатқан ілімді ұстанушылардың алғашқылары пайда болған еді. Ехоба куәгерлерінің айтуынша, солардың арасында ең біріншілердің қатарында діни семинарияның түлегі Семион Козлицкийдің есімі аталады екен. Осы кездері кейбір ресейліктер АҚШ-та болып, сол жерде Күзет мұнарасы қоғамының жұмыстарымен танысады. Міне, солардың арасында Семион Козлицкий де бар еді.

Кейін Ресейге қайтып оралған ол Киелі кітап зерттеушілерінің идеяларын тарата бастайды. Әрі сол үшін сотталып, 1891 жылы Семей облысы (*қазіргі Шығыс Қазақстан облысы*) Өскемен уезіндегі Бұқтырма кентіне әйелі және балаларымен қоса жер аударылады. 1935 жылы жүзге келіп қайтыс болған, бұрынғы діни қызметші, шіркеу білімін жетік меңгерген, бірнеше тілді жақсы білетін Семион өмірінің соңына дейін кейінгі алған жаңа ілімін насихаттап, айналасына шәкірттері мен ізбасарларын топтастыра білді. Солардың көпшілігі тіпті қазір де Шығыс Қазақстан облысының түрлі елді мекендерінде тұрып жатыр.

Семион Козлицкийдің немересі Нина Луппоның әңгімесі: «Менің атам Львов қаласында дүниеге келген... Ол 1891 жылы Америкаға барып, Ч. Расселлмен кездеседі. Үйге оралған соң, атам өзгелерге алған білімі туралы айта бастайды. Ол кезінде діни семинарияны бітіргендіктен, Киелі кітап зерттеушілерінің ілімдері жайлы

шіркеудегі дін қызметшілерімен сөйлесудің мүмкіндіктерін бар ықыласымен іздейді. Алайда оның нанымдары көпшілігінің көңіліне жақпайды. Содан 1891 жылы Мәскеу митрополиті оны өмір бойына жер аударып жібереді. Ол басқа да жер аударылғандармен бірге Карпов деген өнеркәсіпшінің қол астында жұмыс істейді. Олар топ болып Ертiс бойымен Өскеменге қарай құм тиелген баржаны сүйреген. Сол өңірде өмірінің соңына дейін тұрған атам 1935 жылы дүниеден өтеді. Айдауда жүргенде оған Карпов деген жаңа тек беріледі. Оның Андрей және Иван есімді екі ұлы болады. Олардың тектері де әкесінікіндей – Карпов еді. Иван сенуші болмаған, ал Андрей әкесінің нанымдарын ұстанып, әрі екеуі бірге жүріп Киелі кітап туралы адамдармен сөйлескен».

«Сион күзет мұнарасының» 1887 жылғы санында аталмыш журналдың тіпті Ресейге де жөнелтіліп тұрғаны туралы жазылған. Сол хабарламада Ч. Расселдің Ресейдегі Киелі кітап зерттеушілерінің шағын тобынан хат алғандығы және жіберілген әдебиеттердің назарға [цензураға] ілігіп, тіпті ұсталып қалуға аз-ақ қалғандығы жөнінде де айтылады»¹.

«Күзет мұнарасының» 1911 жылдың 1 желтоқсанындағы санында Шығыс Еуропадағы Киелі кітап зерттеушілерінің аралаушы бақылаушысы Р. Олешинскийдің хаты жарияланған болатын. Ол «Өлгендер қайда болады?» деген буклеттің 10 000 данасы орыс тілінде басып шығарылып, таратылғаны туралы хабарлайды. Олешинский осыған байланысты былай дейді: «Расында, қиындықтар көп болғанымен, көп адамдар Құдай туралы білуге ұмтылуда»².

«Күзет мұнарасы» журналының 1915 жылдың 15 шілдесіндегі санында венгер сарбазы туралы мынадай бір қызықты оқиға жазылған еді. Әлгі жауынгер соғыста жараланғаннан кейін емделу үшін үйіне қайтарылады да, сол жақта Киелі кітапты зерттеуші

¹ Ежегодник Свидетелей Иеговы за 2008 год. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2008. – 71-б.

² Свидетели Иеговы в России. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1995. – 7-б.

ретінде шомылдыру рәсімінен өтіп, содан соң қайтадан майданға оралады. Міне осы жайт әрмен қарай былай әңгімеленеді: «Венгр мен орыс әскері бір-біріне жақындап келгенде, венгр сарбаздары «Қаруларыңды дайындаңдар!» деген бұйрық алды. Әлгі бауырлас әскери шептің сол қанатының аяқ жағында тұрған еді. Оның бар ойы жаудан қорғанып, қарсы тұрған орыс сарбазының қолындағы қаруын қағып түсіру еді. Сөйтсе, қарсы келе жатқан орыс сарбазының ойы да дәл сондай екен... Ол қаруын жерге тастап, өксіп жылай бастады. Бауырлас оған жақындап келгенде, киіміндегі айқыш пен тәж¹ салынған төсбелгіні аңғарады. Сөйтсе, орыс сарбазы да бауырлас екен»².

Міне, бұл оқиға да Ехоба куәгерлерінің (ол кезде *Киелі кітап зерттеушілері*) Ресей империясының аумағында сол замандарда болғандығының бірден-бір дәлелі ғой.

Патшалық Ресей мен бұрынғы Кеңестер одағындағы Ехоба куәгерлерінің өмірлерінде орын алған негізгі оқиғалардың хронологиялық реті

1912. Ч. Расселл Финляндияға (ол кезде *Ресей империясының құрамына кіретін*) сапарлап барады.

1913. 1913 жылдың 25 қыркүйегінде Ресей империясының Нью-Йорктегі елшісі Күзет мұнарасы, Киелі кітап және трактаттар қоғамы өкіліне берілген сенімхатты Ресей мемлекетінің мөрімен және өзінің қолымен бекітеді. Сөйтіп, Қоғамның қызметіне рұқсат етіледі.

1940–1941. Ехоба куәгерлері Батыс Украинадан Қазақстанға жер аударылады.

¹ Көп уақытқа дейін Киелі кітап зерттеушілері «айқыш» мәсіхшілердің белгісі деп келген. Тіпті олар «Айқыш пен тәж» төсбелгісін киімдеріне тағып алатын. Сондай-ақ сол уақыттарда «Күзет мұнарасы» журналының мұқабасында да осы белгі тұратын. Алайда 1936 жылы бұл ілім өзгертіліп, «айқыш» пұтқа табынушылықтың белгісі деп табылады.

² Ехоба куәгерлерінің жыналасы – 2015. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2015. – 173-б.

1949. Кеңестер одағы аумағында қызмет етіп жатқан Ехоба куәгерлерінің атынан Ішкі істер министрлігіне өздерін заңды түрде тану туралы өтініш жолданады.

Ехоба куәгерлері Молдавиядан Сібірге және Қиыр Шығысқа «мәңгілікке» жер аударылады (КСРО Министрлер кеңесінің 1949 жылдың 6 сәуіріндегі қаулысы: «Молдавия КСР аумағынан кулактарды, бұрынғы помещиктерді, ірі саудагерлерді, неміс басқыншыларының белсенді қолишоқпарларын, неміс және румын полицияларымен бірлесіп қызмет етушілерді, фашистік партиялар мен ұйымдардың жұмыстарына қатысушыларды, ақ гвардияшыларды, жасырын секталардың мүшелерін, сондай-ақ жоғарыда аталғандардың қатарына жататындардың бәрінің отбасыларын жер аудару туралы»).

1951. Батыс Украина, Белоруссия, Бессарабия, Молдавия, Латвия, Литва және Эстониядан 7 000-нан астам Ехоба куәгерлері «мәңгілікке» жер аударылады. «Солтүстік» операциясы (КСРО Министрлер кеңесінің 1951 жылдың ақпанындағы қаулысы: «Украина мен Белоруссия КСР-нің батыс облыстарында, Молдавия, Латвия, Литва және Эстония КСР-інде тұратын иеговистердің антикеңестік жасырын сектасының белсенді қатысушылары мен олардың отбасыларын жер аудару туралы»).

1956. Ехоба куәгерлерінің 199 конгресінде әр елдерден қатысқан 462 936 делегаттың КСРО-дағы Ехоба куәгерлерін заңды түрде тану туралы өтінімдері (маусым, 1956 – ақпан, 1957) қабылданады. Әрбір конгресте қабылданған өтінімнің көшірмесі Министрлер кеңесінің төрағасы Н. Булганинге жолданады.

1961. Табыну туралы заңдарды қолдану жөніндегі нұсқаулықта КСРО-дағы «иеговистерді» тіркеуге тікелей тыйым салынады.

1965. 1965 жылдың 30 қыркүйегінде Жоғарғы Кеңес Президиумының «Ехоба куәгерлері», «шынайы православиелік христиандар», «иннокентьевшілер», «адвентист-реформашылар» секталарының қатысушылары мен олардың отбасы мүшелерінен арнайы жер аударуға қатысты шектеулерді алып тастау туралы» №4020-VI Жарлығы шығады.

1980. 20 мамырда Дін туралы кеңес «Ехоба куәгерлері сектасының заңға қайшы іс-әрекеттерін әшкерелеу және жолдарын кесу шараларын нығайту туралы» қаулы шығарады.

1991. 27 наурызда КСРО-дағы Ехоба куәгерлері заңды түрде танылады.

1992. Қазақстанда Ехоба куәгерлерінің алғашқы қауымдары мемлекеттік тіркеуден өтеді.

Міне, осы оқиғалардың өзі-ақ Қазақстандағы Ехоба куәгерлері тарихындағы көптеген жайттарды түсінуге көмектеседі.

Сонымен, алғашқы Киелі кітап зерттеушілері Қазақстанда Ресей императоры III Александрдың тұсында, яғни XIX ғасырдың соңында пайда болған. Ал бұл аумақта Ехоба куәгерлері ілімдерінің тарауы мен қауымдарының жаппай ашылуы XX ғасырдың 40–50 жылдарында, яғни Екінші дүниежүзілік соғыстың қарсаңында кеңірек етек ала бастады.

Әрі осының барлығы, ең алдымен, бұрынғы Кеңестер одағы халқының қайғылы тарихымен, тоталитаризм белең алған жылдары жасалған жаппай қуғын-сүргінмен, азаматтардың құқығы мен еркіндігінің аяққа тапталуымен тікелей байланысты болатын¹.

XX ғасырдың басында-ақ жан-жақты өріс алған Ехоба куәгерлерінің ілімі Украина, Белоруссия, Молдавия, Латвия, Эстония сияқты кеңестік республикаларда жылдам тарай бастайды.

Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталған соң қуғын-сүргін енді кеңестік тоталитарлық тәртіптің тарапынан жалғасын табады. Олар Ехоба куәгерлерінің барлығын Бруклиндегі орталықтың ан-

¹ Өкінішке қарай, мен Қазақстандағы Ехоба куәгерлерінің діни қызметтері туралы толық білемін деп айта алмаймын, өйткені ұйым қатыгез қуғын-сүргінге ұшырап, жасырын жағдайда әрекет етуге тап болған кездері тарихи мәліметтерді жинаумен ешкімнің де айналыспағаны түсінікті болса керек-ті. Ал қазір, әрине, қажетті материалдар өте көп, оларды жинау да бұрынғыдан гөрі оңайырақ, дегенмен де «ақтаңдақтар» әлі де бар, оларды ерінбей зерттеу керек. Кітапта келтірілген мәліметтерді жинауға маған Қазақстан Республикасындағы Ехоба куәгерлерінің мәсіхшілік орталығының қызметкерлері және қатардағы сенушілер көп көмектесті, сол үшін мен оларға, ерікті көмекшілеріме, шын жүректен шыққан алғысымды айтамын.

тикоммунистік бағытын насихаттаушылар, ал олардың қауымдары мен жетекшілерінің қызметтерін – антикеңестік әрекеттер деп жариялайды.

1961 жылы шет елде Уолтер Коларцтың «Кеңестер одағындағы дін» («*Religion in the Soviet Union*») деген кітабы ағылшын тілінде жарық көреді. Ол өзінің осы туындысында бұрынғы Кеңестер одағында Ехоба куәгерлерінің сан жағынан тез көбеюіне ықпал еткен екі жайтты атап өтеді. **Біріншісі:** 1939–1940 жылдары Латвия, Литва, Эстония және Молдавияның Кеңестер одағына қосылуы еді. Өйткені бұл елдерде Ехоба куәгерлерінің белсенді топтары өте көп болатын. Оның үстіне, мыңнан астам Куәгері бар Чехословакия мен Шығыс Польшаның бір бөлігі КСРО-ға қосылып, Украин КСР-нің құрамына кірген еді. Сөйтіп, сол жерлерде тұратын барлық Ехоба куәгерлері кенеттен Кеңестер одағының аумағына енген болып шыға келеді.

Және бұған алдыңғы тарауда айтқанымыздай, Эстония, Румыния және Латвия елдерінде 1933 жылы заңды тұлға ретінде Күзет мұнарасы, Киелі кітап және трактаттар қоғамы арнайы тіркеуден өткендігін қосыңыз. Мінеки, тап осындай орайласқан қолайлы жайттардан, Батыс Украинаның, Белоруссияның, сондай-ақ Балтық жағалауы елдерінің КСРО-ға қосылуынан кейін, Кеңестер одағы аумағында тек сенушілердің қоғамдастығы мен олардың отбасылары ғана емес, қайта, сол уақыттарда заңи тұлға ретінде қызметтері тоқтатылған халықаралық Ехоба куәгерлері ұйымының ірі ұяшықтары пайда бола бастаған еді.

Сондай-ақ Коларцтың айтуынша, «бір қарағанда мүмкін еместей көрінгенмен», алайда Ехоба куәгерлерінің КСРО аумағында пайда болуына өзіндік үлес қосқан **екінші фактор** – неміс концлагерлері екен. Гитлерді және оның агрессиялық саясатын қолдаудан бас тартқандары үшін нацистер, жоғарыда айтқанымыздай, сан мыңдаған Ехоба куәгерлерін тұтқындаған болатын. Ал сол кездері

олар отырған лагерлерге әкелінген өзге кеңестік тұтқындар «Ехоба куәгерлерінің батылдығы мен табандылығына қайран қалғандықтан, Куәгерлердің ілімдері оларды қатты қызықтырса керек»¹. Лагерлерде сенімге ие болған осынау кеңестік тұтқындар әрмен қарай уағыздауларын жалғастырып, өздеріне ізбасарлар тауып жатады. Мысалы, Равенсбрюк концлагерінде ресейлік 300 адам Ехоба куәгері болады. Ехоба куәгерлерінің көзқарастарын басқа да концлагерлердегі талай адамдар қабылдайды. Олар Кеңестер одағына, соның ішінде Қазақстанға да, жүректеріндегі жаңа сеніммен – Ехоба Құдайға деген сенімдерімен оралады.

Осы жерде белгілі ресейлік Ехоба куәгері В. Калининмен келіспеске болмас. Ол Ехоба куәгерлерінің бұрынғы Кеңестер одағы республикаларынан Сібірге және Байкалға жер аударылуының 50 жылдығына арналған Читадағы конференцияда сөйлеген сөзінде, біздің ойымызша, сол уақыттарда орын алған жайттарға өте дәл әрі әділ баға берді. «Миллиондаған адам әртүрлі себептермен қуғын-сүргінге ұшырады және әртүрлі зардап шекті, – деді Василий Михайлович. – солардың кейбіреулері қоғамдағы құрылыммен келіспегендіктен қолына қару алып, билікке қарсы шықса, басқалары зиянкестік әрекеттерге барды, ал келесі біреулері бар-жоғы саяси қақтығыстардың құрбандығына айналды. Және олардың барлығы «халық жауы» деп танылып, бәріне сол уақыттағы ең қатаң жазалау шаралары қолданылды... Ал сонда Ехоба куәгерлері қай топқа жатқызылмақ? Жұрттың бір білетіні, Ехоба куәгерлері ешқашан, ешбір жағдайда, басқару жүйесі қалай билік етпесін, еш уақытта саясатқа араласқан емес. Бұл олардың кейінгі салдары қандай болатындығына қарамастан берік ұстанатын діни қағидалары».

Жалпы, өздері тұрған мемлекеттің халқымен салыстырғанда саны жағынан біршама аз көрінетін осынау топқа қарсы жасалған террорлық әрекеттер не себепті орын алды екен?

¹ Иваненко С. О людях, никогда не расстающихся с Библией. – М., Арт-Бизнес-Центр, 1999. – 39-б.

Қуғын-сүргінге ұшыраған өзгелерден олардың айырмашылығы неде еді?

«Қатаң қудалаудың ең басты себебі, бұл топтағылардың «адамдардан гөрі, Құдайды көбірек тыңдау керек» деген қағиданы өз өмірлерінде қолданғысы келгендіктен еді. Алайда мұны түсінгісі келмеген сол кездегі жүйе қалай өмір сүру, қалай ойлау, қалай сену керектігіне қатысты сөзсіз бағынуды талап етті. Ар-ұждан еркіндігіне байланысты түсінік мүлдем жоқ болатын.

Ехоба куәгерлері бұлтақсыз сенімдерінің арқасында таңғаларлық батылдық таныта білді. Түрмелер, лагерлер, жер аударулар, туған-туыстарынан айырылу, ауыр жұмыстар, адам төзгісіз күнделікті тіршіліктер, ұрып-соғатын азаптаулар, тіпті өлім де олардың сенімдері мен Құдайға жағуға деген ықыластарын мүлдем жасыта алмады.

Бұл билік иелерінің ашуын келтірді, көңілдеріне жақпады. Ақырында бұл дегенің билікті қарапайым да батыл ерлер мен әйелдердің, тіпті балалардың алдында әлсіз етті»¹.

Ешбір боямасыз дәл айтылған осынау сөздерге және бір мынадай маңызды ойды қосу керек сияқты.

Ұлы Отан соғысы аяқталып, ендігі жерде Батыспен екі арада «суық соғыс» басталған кез. Міне осындайда бүкіл қоғамды қорқыныш пен қатаң бақылауда ұстап отыру үшін мемлекетке ішкі жау қажет еді. Әрі бұл мақсат үшін билік басындағылармен ым-жымы бір Орыс православие шіркеуінің идеяларын қостамайтын өзге діни ұйымдар өте ыңғайлы көрінеді. Өйткені Сталин, афиналық жендет Критий (*б.з.д. 403 жылы дүниеден өткен*) сияқты, дін – қол астындағыларды ойдағыдай басқару үшін, билік басындағылардың ойлап тапқан тәсілі деп есептеген.

Енді осындай қайғы-қасіретке душар еткен оқиғалар туралы бұлтартпастай куәлік беретін тарихи құжаттарға назар аударайықшы².

¹ Неизвестные страницы истории. «Уроки репрессий» конференциясының материалдары бойынша. – 32-33-б.

² Пасат В. Трудные страницы истории Молдовы. 1940–1950 жылдар. – М., Терра, 1994. – 612-615-б.

Иеговистердің антикеңестік сектасының қатысушылары мен олардың отбасы мүшелерін Украина мен Белоруссияның батыс облыстарынан, Молдаван, Латыш, Литва және Эстон КСР-інен жер аудару қажеттілігіне қатысты КСРО МҚМ жазбахаты

19 ақпан 1951 жыл

АСА ҚҰПИЯ

И. В. Сталинге

МҚМ органдары 1947–1950 жылдар аралығында Украина мен Белоруссияның батыс облыстарында, Молдавия және Балтық жағалаулары республикаларында белсенді түрде жаугершілік жұмыстар жүргізген иеговистердің бірнеше антикеңестік ұйымдары мен заңсыз секталарын анықтап, жойды.

Осы уақыт ішінде жоғарыда аталған сектаның 1 048 жетекшісі мен белсенді мүшелері тұтқынға алынып, 5 астыртын жұмыс істейтін баспахана, 35 000 данадан астам үндеу парақшалары, кітапшалар, журналдар мен басқа да иеговистердің антикеңестік әдебиеттері жойылды.

[...]

КСРО МҚМ иеговистердің жасырын антикеңестік әрекеттерін тоқтату үшін, иеговистер сектасының басшыларын тұтқындаумен қатар, анықталған иеговистерді отбасылары мүшелерімен қоса Украина, Белоруссия, Молдавия, Латвия, Литва және Эстониядан Иркутск пен Томск облыстарына жер аударуды қажет деп табады.

Жер аударуға жататындардың жалпы саны – 8 576 адам (3 048 отбасы), нақтылап айтқанда:

Украин КСР-і бойынша – 6 140 адам (2 020 отбасы);

Беларус КСР-і бойынша – 394 адам (153 отбасы);

Молдаван КСР-і бойынша – 1 675 адам (670 отбасы);

Латыш КСР-і бойынша – 52 адам (27 отбасы);

Литва КСР-і бойынша – 76 адам (48 отбасы);

Эстон КСР-і бойынша – 250 адам (130 отбасы).

[...]

КСРО Министрлер Кеңесінің осы мәселеге байланысты қаулысының жобасын қоса ұсынып отырмын.

Сіздің шешіміңізді өтінемін.

Абакумов¹

¹ Ресей Федерациясы Президентінің мұрағаты. Ф. 3. Оп. 58. Іс. 180. – 52-53-б.

**Украин және Белорус КСР-інің батыс облыстарында,
Молдаван, Латыш, Литва және Эстон КСР-інде тұратын
неговистердің жасырын антикеңестік сектасының белсенді
мүшелері мен олардың отбасы мүшелерін жер аудару туралы
КСРО Министрлер Кеңесінің қаулысы**

Ақпан 1951 жыл

АСА ҚҰПИЯ

Жоба

КСРО Министрлер Кеңесі қаулы етеді:

1. КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік министрлігінің неговистердің жасырын антикеңестік сектасының қатысушылары мен олардың отбасы мүшелерін Украин және Беларус КСР-інің батыс облыстары мен Молдаван, Латыш, Литва және Эстон КСР-інің территориясынан жер аударуға қатысты ұсынысы қабыл алынсын.

КСРО МҚМ (*Абакумов жолдасқа*) КСРО МҚМ Ерекше Кеңесінің шешімі бойынша 1951 жылдың наурыз айының аяғында Иркутск және Томск облыстарына мәңгіге жер аударуды жүзеге асырсын.

[...]

3. Жер аударылып бара жатқандарға өзімен бірге жеке құндылықтарын, тұрмыстық заттарын (*киім-кешек, ыдыс-аяқ, кішігірім ауылшаруашылық және қолөнер бұйымдарын*) және әр отбасына, жалпы салмағы 1 500 килограмм болатындай, тамақ қорын алуға рұқсат етілсін.

Қалған мүліктерінің барлығы тәркіленіп, жергілікті билік органдарына тапсырылсын.

Жер аударылып бара жатқандардың тәркіленген мүліктері мемлекетке толық төленбеген міндетті қарыздарын өтеуге; төленбеген міндетті қарыздарын өтегеннен артылаған мүліктерінің бір бөлігі (*тұрғын үйлер, шаруашылық құрылыстар, ауылшаруашылық және басқадай құрал-жабдықтар, сондай-ақ малдар*) колхоздарға бөлінбейтін қордың есебіне тапсырылсын. Азық-түлік, астық және техникалық дақылдары мемлекетке өткізілсін.

[...]

**КСРО Министрлер Кеңесінің төрағасы
КСРО Министрлер Кеңесінің іс басқарушысы¹**

¹ Ресей Федерациясы Президентінің мұрағаты. Ф. 3. Оп. 58. Ис. 180. – 54-56-б.

Ал Ресейдегі Саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болғандарды ақтау комиссиясының бұрынғы төрағасы А. Яковлев сенушілердің жер аударылуының 50 жылдығына арналып, 2001 жылдың 27 сәуірінде Достық үйінде (Алматы) өткен Еске алу күнінде сөйлеген сөзінде мынадай фактілерді келтірген еді: «... Жақында менің қолыма Ішкі істер халық комиссариатындағы (НКВД-дағы) бөлімдердің тұтқындауға, үкім шығаруға қатысты өзара жарысқа түскені туралы құжат тиген еді. Бұл таңғаларлық іс қағазында, тұтқындардың саны мен үкім шығарылғандардың саны бойынша 3-бөлім мен 4-бөлімнің арасында өткізілген жарыста 4-бөлімнің жеңіске жеткені көрсетіліпті.

Немесе осыған ұқсас және бір мысал айтайын. НКВД министрінің орынбасары Фриновский Қиыр Шығысқа бара жатқан сапарында, қасына Ушаков пен Лунквесті ертіп алған көрінеді. Ал олардың қолдарында альбомдік деп аталған 20 000 іс, яғни әлгі альбомда тұтқындалғандар жөнінде анықтамалар болған. Содан олар жол бойында ішімдік ішкен, патефонға қосылып ән салған. Ақыры мас болған шенділер, альбомдағы істерге кім «а» әрпін, яғни «ату» жазасын көп қояды деп, жарысқа түседі. Әрине, жарыс болған соң, қалайда озу керек. Ал озу үшін, қатқат қағаздардың бәрін бастан-аяқ оқып жату қайда?! Тезірек «а» әрпін қою керек! Сөйтіп, деректерге қарағанда, сол жарыста Фриновский «жеңіске» жеткен көрінеді, кім білсін, бәлкім, министрдің орынбасары болғандықтан да шығар... Міне, осылайша ешбір сұраусыз, ешбір сотсыз-ақ араққа сылқия тойып алған үшеу – әп-сәтте 20 000 адамның өмірін қиып жібереді...

Жақында «үштіктер» мен ерекше кеңестің жеке өздері ғана тұтқындарды ату жазасына кесіп отырғанын теріске шығаратын және бір құжат қолға түскен-ді. Мысалы, Житомир облысының НКВД бастығы Вяткин ешкімнен сұрамай-ақ жазалау үкіміне қол қойған, нақтырақ айтсақ, үкімге қол қоймаған, қайта, өз өкімімен 4 000 адамды атуға шешім шығарған. Әрі бұл туралы тек артынан

мәлімдеген. Әлбетте, оның бұл мәлімдемесі ешбір қарсылықсыз мақұлданған»¹.

2002 жылы Кеңестер одағындағы Ехоба куәгерлері туралы М. Одинцовтың құрастыруымен «КСРО Министрлер Кеңесі қаулы етеді: мәңгіге жер аударылсын» деген құжаттар мен материалдардан тұратын жинақ жарық көрді².

Солардың ішінен тек Қазақстанға қатысы бар бірер материалдарды ғана назарларыңызға ұсынбақпын.

¹ Оғни Алатау, 26 сәуір 2001. – 8-б.

² Одинцов М. Совет Министров СССР постановляет: «выселить навечно». Кеңестер одағындағы Ехоба куәгерлері туралы құжаттар мен материалдар жинағы. – М., 2002.

**«ЖЫРТҚЫШ-ҚАЙЫРЫМСЫЗ,
МЕМЛЕКЕТКЕ ҚАРСЫ СИПАТТАҒЫ ТЫЙЫМ
САЛЫНҒАН СЕКТАЛАР»**

**КЕҢЕС ИНСПЕКТОРЫ СОЛОВЬЕВТЫҢ ДІНИ
БІРЛЕСТІКТЕРДІ БІРЖОЛҒЫ ЕСЕПКЕ АЛУ
ҚОРЫТЫНДЫСЫ ТУРАЛЫ АНЫҚТАМАСЫНАН**

Қыркүйек 1962 жыл

...Қазіргі уақытта КСРО территориясында, үкімет билігі органдарында тіркелуге жататын сенушілер бірлестіктерімен қатар, тіркелмейтін (*тыйым салынған*), діни ілімі мен қызметтері жауыздыққа, мемлекетке қарсы әрекеттерге жататын секталар да бар. Әдетте, мұндай діни бірлестіктер билік органдарынан жасырын түрде іс-қимыл жасайды. Есепке алу барысында осындай сипаттағы 2 200 діни бірлестік анықталды.

[...]

Иеговистер

Иеговистердің бірлестіктері 47 облыс пен өлкеге тараған (РСФСР, Украин КСР-і, Қазақ КСР-і).

Есепке алынғаны – 607 бірлестік, солардың 149-ның әрбірінде 20-дан астам сенуші адам болса, 458-інің әрқайсысында 20-ға жетпейтін сенуші адам бар. 454 адам дін басылары ретінде есепке алынған. Сенушілердің жалпы саны – 14 214 адам. Иеговистердің сектасы Құдайдың билігінен басқа ешқандай билікті мойындамайды. Кеңес үкіметін шайтанның үкіметі деп есептейді.

Аға инспектор

Соловьев¹

¹ РФ ММ Ф.Р. – 6991. Оп. 4. Ис. 428. – 39-б. Түпнұсқа.

**КСРО МК ЖАНЫНДАҒЫ ДІН ІСТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ
КЕҢЕСТІҢ РЕСПУБЛИКАЛАРДАҒЫ, ӨЛКЕЛЕРДЕГІ ЖӘНЕ
ОБЛЫСТАРДАҒЫ ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕСТЕРГЕ
АҚПАРАТТЫҚ ХАТЫ**

№1884

24 маусым 1982 жыл

КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Дін істері жөніндегі кеңестің 1981 жылдың 22 қарашасындағы нұсқауын басшылыққа ала отырып, көптеген Өкілетті кеңестер Халық депутаттары кеңестерінің атқарушы комитеттерімен бірлесіп, тіркелмеген діни бірлестіктерді есепке алуға қатысты нақты жұмыстар атқарды.

Алайда Өкілетті кеңестердің 1981 жылғы есептерінің талдау қорытындысы көрсеткендей, бірқатар жерлерде тіркеусіз әрекет етуші діни қоғамдар мен сенушілер топтарының нақты саны осы уақытқа дейін анықталмаған. Мысалы, Красноярск өлкесіндегі, Коми АКСР-індегі, РСФСР-дің Брянск, Воронеж, Горький, Кемерово, Омбы, Пенза, Рязань, Саратов облыстарындағы, Украин КСР-інің Воынь, Закарпатье, Львов, Ровен, Харьков облыстарындағы, Белорус КСР-інің Брест, Гомель облыстарындағы, Өзбек КСР-інің Андижан, Кашкадария, Наманган, Сурхандария, Ташкент, Ферғана облыстарындағы, Қазақ КСР-інің Қарағанды, Шымкент, Алматы облыстарындағы, Әзірбайжан, Тәжікстан, Қырғыз КСР-і және т.б. жерлердегі Өкілетті кеңестер тапсырған статистикалық мәліметтерде жоғарыда аталған діни бірлестіктердің нақты саны көрсетілмеген. Әсіресе, іс жүзінде жұмыс істейтін тіркелмеген мұсылман және сектанттық бірлестіктерді есепке алу мәселесі өз дәрежесінде емес.

Дін істері жөніндегі кеңес барлық Өкілетті кеңестерге Халық депутаттарының атқарушы комитеттерімен бірлесе отырып, 1982 жылдың ішінде тіркелусіз әрекет етіп жатқан діни бірлестіктерді анықтау жұмыстарын аяқтап, бұрын есепке алынбаған барлық ұйымдар мен сенуші топтар туралы мәліметтерді белгіленген нысанда (*тіркелмеген діни бірлестіктерді есепке алу карточкасы*) 1982 жылдың статистикалық есебімен қоса Кеңеске тапсыруды ұсынады.

**КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы
Дін істері жөніндегі кеңестің төрағасы**

В. Куроедов¹

¹ РФ ММ Ф.Р. – 6991. Оп. 6. Ис. 2287. – 24-б. Түпнұсқа.

**ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕСТЕРДІҢ БҮКІЛОДАҚТЫҚ
ЖИЫНЫНДА ЖАСАҒАН
А. ПУЗИННИҢ БАЯНДАМАСЫНАН ҮЗІНДІ**

18 сәуір 1960 жыл

КОКП ОК жергілікті партия, кеңес, комсомол және кәсіподақ ұйымдарының назарын антимемлекеттік және қайырымсыз-жауыздық сипаттағы діни секталармен (*иеговистер, елуіншілер [пятидесятниктер] және т.б.*) күресті күшейту қажеттілігіне баса назар аударады.

Кейде кейбіреулер, осындай секталардың қызметіне қай заңда немесе үкіметтің қай қаулысында тыйым салынған деп сұрап жатады?

Негізінен өздеріңіз білетіндей, КСРО-ның ешбір заңында немесе Үкімет қаулыларының ешқайсысында иеговистер және елуіншілер туралы ешнәрсе айтылмайды. Алайда олардың қызметтеріне тыйым салынатын себебі – олардың діни ілімдері мен іс-әрекеттері КСРО Конституциясына және мемлекетіміздің басқа да заңдарына қайшы келеді.

Конституция бойынша елдің әрбір азаматы мемлекеттің заңдарын орындауға міндетті, қоғам алдындағы парызын өтеуге адал болып, социалистік өмір салтының ережелерін құрметтеуге тиіс. Сондықтан ешкімге де өзінің діни нанымдарын көлденең тарту арқылы азаматтық міндеттерін орындаудан бас тартуына жол берілмейді.

Ал иеговистер мен елуіншілер сенушілерді кеңестік мемлекеттің заңдарын мойындамауға итермелеп, оларды орындаудан бас тартуға талпындырады. Мысалы, олар әскери қызметтен үзілді-кесілді бас тартады, сенушілеріне социалистік Отанын қорғау үшін қолына қару алуға тыйым салады. Ал мұның барлығы, әрине, КСРО-ның Конституциясына қайшы келеді.

Ендеше Кеңес мемлекеті өз сенушілерін Конституциямызды бұзуға айтақтайтын мұндай діни ілімдерді насиқаттауға жол бермесі анық.

Сондай-ақ елуіншілердің қызметіне тыйым салынатын себебі, бұл сектаның мүшелері адамдарды мүгедектікке душар ететін қатыгездікке жол беріп жатады. Әбетте, кеңестік мемлекет сектанттардың мұндай жауыздық әрекеттеріне жол беріп қоя алмайды.

Бізде бар мәліметтерге жүгінсек, қазір КСРО аумағында елуіншілердің 600-ден астам тобы әрекет етуде, олардың қатарында 25 000-дай адам бар¹.

¹ РФ ММ Ф.Р. – 6991. Оп. 3. Іс. 208. – 14-15-б.

Сол уақыттардағы сот процестері мен бұрынғы сотталғандардың естеліктері жұртшылыққа беймәлім біраз жайттардан хабардар етеді.

Мысалы, 1946 жылы Қарағанды облыстық сотының жабық сот мәжілісінде 23 Ехоба куәгеріне қатысты РСФСР ҚК-нің 58-10 бабының 2-бөлімі бойынша үкім шығарылған болатын. Бұлардың 22-і кезінде Батыс Украинадан (*Дрогобыч облысы*) Қарағанды қаласына жер аударылып келгендер еді. Олар жаңа қоныста өздерінің діни көзқарастарын әрмен қарай уағыздағаны үшін 8 жылдан 10 жылға дейін сотталып, мүліктері тәркіленеді. Ал ұйымның жетекшісі Петр Федив ату жазасына кесіледі. Дегенмен де 1947 жылы бұл үкім 10 жыл лагерлік мерзімге ауыстырылып, үй-мүлкі тәркіленеді. Үкімде бұл адамдардың кінәсі ретінде мынадай жайттар атап көрсетіледі: әскери қызметтен бас тарту, сайлауға қатысудан бас тарту, несиеге жазылудан бас тарту, діни ұйымдар құру, «антикеңестік» және діни әдебиеттерді басып шығару және тарату, яғни кеңестік үкіметке қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу. Алайда осы тұтқындардың бәрі 1990 жылы саяси қудалаудың құрбандары ретінде толық ақталып шығады.

Сонымен байқағанымыздай, Қазақстандағы алғашқы Ехоба куәгерлері жер аударылғандар мен тұтқындар болған деп айтуға толық негіз бар екен. Кейін жергілікті тұрғындар да біртіндеп Куәгерлердің қатарына қосылады. Мысалы, сондайлардың бірі Алматы облысы Текелі қаласының тұрғындары ағайынды Николай мен Анна Кононовтар болатын.

Николай Кононов 1922 жылы православиелік діни бағытты ұстанушы көпбалалы орта шаруаның отбасында дүниеге келеді. Оның әке-шешесі 1907 император II Николайдың жарлығымен (*Столыпиндік аграрлық реформа*) Ставрополь өлкесінен (*Ресей*) Белокаменка кентіне (қазіргі Алматы облысы, Ескелді ауданындағы Ақтасты ауылы) қоныс аударған еді.

Николайдың әпкесі Анна Кононова 1946 жылы украиндық жігітке тұрмысқа шығып, екеуі Украинаға көшіп кетеді. Олар сол

жақта Ехоба куәгерлерінің ілімімен танысады. 1948 жылы Аннаның күйеуі РСФСР ҚК 58-10-бабының 2-бөлігі бойынша тұтқындалады да, Аннаның өзі кері Алматы облысы, Талдықорған ауданының Төңкеріс ауылына көшіп келеді. Бұл кезде Николай үйленіп, Текелі қаласында тұратын. Ол қорғасын-цинк комбинатында теміржолдағы бу кранының машинисті болып жұмыс істейтін. Аннаға Украинадан келген таныс Ехоба куәгерлері келіп тұрады. Солар арқылы Николай да Куәгерлердің ілімімен танысып, кейін өзі де Ехоба куәгері болады. 1957 жылдың 8 наурызында Николай Кононов тұтқындалып, 25 жылға лагерге айдалады. Бұл кезде Текеліде сенушілердің шағын тобы құрылған болатын¹.

Сол уақыттарда Қазақстанда тұрған Ехоба куәгерлері туралы толығырақ білу үшін және екі Куәгер – Мария Кирилина және Владимир Николаевский – жөнінде қысқаша баяндап берейін. Негізінен оларға қатысты материалдар 1957–1958 жылдары қазақстандық газеттерде көп жарияланған болатын.

Мысалы, 1958 жылдың 23 тамызында «Правда Южного Казахстана» газетінде «Дочь Иеговы» деген көлемді мақала жарық көреді. Осы мақалада Ресей, Украина, Қазақстанды, тіпті Өзбекстанның шет аудандарын қамтып үлгерген иеговистердің сектанттық ұйымдарының кең таралған антикеңестік жүйесінің әшкереленгендігі туралы жазылады. Осыған байланысты қозғалған қылмыстық істің басты кейіпкері Қазақстан азаматшасы – Леңгір қаласының тұрғыны Мария Кирилина еді.

Мария Ехоба куәгерлерінің ілімімен 1950 жылы КСРО ІІМ Оңтүстік-Кузбасс лагерінде жүргенде танысқан болатын. Ол мұнда мемлекеттік мүліктерді қорғауға байланысты қабылданған әйгілі 1932 жылдың 7 тамызындағы заңы бойынша (*ел арасында «үш ма-*

¹ 1967 жылы лагерден босанып шыққан соң, Николай 1968 жылдың 12 желтоқсанында қайтадан тұтқынға алынады. Сот процесі елге жариялы түрде Талдықорған қаласының Мәдениет сарайында қатарынан 5 күн бойы өтеді. Бұл сот ісі туралы облыстық газеттерде арнайы мақалалар жарияланып, «Қазақфильм» киностудиясы тіпті «Дінді жамылып...» деген деректі фильм түсіреді.

сақ туралы заң» деп те аталатын) сотталып, жазасын өтеуге жіберілген. Сол жерде өзге тұтқындарға мүлдем ұқсамайтын бір топ әйелдерге Марияның назары ауады. Бұлар Ехоба куәгерлері еді. Лагерден үйіне оралғанда сенуші болғандықтан ол бірден жергілікті Куәгерлердің ұйымына қосылады. Сөйтіп, 1958 жылдың 6 тамызында Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының жабық мәжілісінде Мария Кирилина РСФСР ҚК 58-10-бабының 2 бөлігі бойынша 8 жылға сотталып, мүліктері тәркілене отырып, еңбекпен түзету лагеріне (ЕТА) жіберіледі. Кесілген жаңа мерзімді ол Пермь өлкесіндегі (Ресей) Усольск ЕТА-нің №17 бөлімінде өткізеді. Кейін 1990 жылдың басында Мария Кирилина толық ақталып, саяси қудалаудың құрбаны деп танылады.

Және бір мысал, 1957 жылдың 1 қыркүйегінде «Казахстанская правда» газетінде, сосын 1957 жылдың 4 және 10 қыркүйегінде Өскемен қаласында шығатын «Знамя коммунизма» газетінде «Свидетели Иеговы без маски» және «Еще раз о Свидетелях Иеговы» деген тақырыппен «сектант-иеговистердің» әшкереленгені туралы бір беттік көлемді мақалалар жарияланады. Бұл материалдар Владимир Николаевский мен Ехоба куәгерлерінің жергілікті ұйымының басқа да мүшелері жайында жазылған еді.

Владимир Николаевский Мәскеудегі инженерлік байланыс институтын тамамдаған, жоғары техникалық білімі бар өзгешелеу жан болатын. Соғысқа дейін қаладағы қорғаныс кәсіпорынның ғылыми-зерттеу институтында жұмыс жасайтын. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде тұтқынға түсіп, кейін одан босаған соң, басқа да әскери тұтқындар сияқты әдеттегідей ГУЛАГ-қа жөнелтіледі. Николаевский кесілген жазасын әйгілі Кеңгір кентіндегі Дала лагерінің 3-бөлімшесінде өтейді. Ол сол жерде 1954 жылдың 16 мамырынан 26 маусымына дейін жалғасқан тұтқындар көтерілісінің куәгері болады.

Көтеріліс бұрқ ете түскен кезде Кеңгір кентіндегі лагерде Молдавиядан жер аударылған 80 Ехоба куәгері (46 ер адам және 34 әйел) бар-тын. Осынау көтерілістің белсенді мүшелерінің бірі сол

оқиғаны былай деп есіне алады: «...Ехоба куәгерлерінің бөлек бір кішкентай барақтары болған. Олар біз үшін үлкен машақат еді. Өйткені олар мемлекеттік билікке бағытталған кез келген қарсылық Құдайға мойынсұнбаушылықпен бірдей деп есептейтін. Лагердегі иеговистердің барлығы дерлік Бессарабиядан немесе Молдавиядан келгендер болатын. Әрі олар кез келген қарсылықтарды қостай кететін өзге орыс сектанттарынан қатты ерекшеленіп тұратын»¹.

Ал Николаевский бұл оқиға жөнінде былай дейді: «Менің назарымды өзге тұтқындардан ылғи да өзгешеленіп тұратын бір топ Ехоба куәгерлері өздеріне қатты аударды. Лагердің үш бөліміндегі барлығы 14 000 тұтқынның ішінде олардың саны 80 адам еді. Бұлардың арасындағы айырмашылық, әсіресе 1954 жылғы кеңгірлік көтеріліс кезінде айрықша байқалды. Ехоба куәгерлері сол көтеріліске де, тіпті көтерілісті әзірлеу жұмыстарына да еш араласқан жоқ. Олар осындай аласапыран кезде таңғаларлық байсалдылық таныта білді және өздерінің ұстанымдарын басқа тұтқындарға мейлінше түсіндіруге тырысты. Осының бәрі мені таңғалдырғаны соншалық, олардың сенімдері туралы өздерінен толығырақ сұрап-білуді шештім. Сөйтіп, ақырында көп ұзамай-ақ мен де өз өмірімді Ехобаға арнадым. Лагерде Ехоба куәгерлерінің сенімі, әсіресе тұтқындардың көтерілісін танктердің көмегімен басқан кезде қатты сынаққа тап болған еді»².

Осылайша Ехоба куәгерлерінің қатарына қосылған Владимир Николаевский 1955 жылы сотталғандығы туралы үкімнің күші жойылып, лагерден босатылады. Бостандыққа шыққан ол Қазақстанда қалуды шешіп, Өскемен қаласындағы зауыттардың біріне инженер болып орналасады. Көп ұзамай сол аймақта Куәгерлердің шағын тобы құрылады. Алайда өкінішке қарай, 1956 жылы енді оны Ехоба куәгері ретінде тұтқындап, кезекті жаңа мерзімге үкім шығарылады.

¹ Лебер Ф. Пока однажды... – Континент, 1975.

² Ежегодник Свидетелей Иеговы за 2008. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2008. – 140-б.

Сол-ақ екен бұрынғы соттылығы алып тасталынып, мемлекет оны қуғын-сүргіннің құрбаны деп танығанмен, газет беттерінде ол туралы «американың шпионы», «кеңестік құрылымның қас жауы, нағыз қаскүнем, америкалық империализмнің бейшара қызметшісі» деген айыптаулар қаптап кетеді¹.

Қазақстандық азаматтардың өмірінен алынып, қысқа ғана баяндалған осынау үш оқиғаның өзі-ақ сол уақыттағы Ехоба куәгерлері ұйымының құрамын, адамдардың Құдай туралы шындықты қалай білгендігін, сенушілердің қатарына қалай қосылғанын айқын көрсетіп тұрса керек-ті.

Алайда, әлі де біраз тарихи деректерге назар аударайықшы.

1940 жылы жүздеген Ехоба куәгері әйгілі «үштіктің» қанқұйлы шешімімен 10 жылдан 25 жылға дейінгі мерзімге түрмеге жабылып, атышулы ГУЛАГ-қа айдалып кете барады. Осы ілімді ұстанушылардың көпшілігі Қарағанды және Жезқазған лагерлеріне тоғытылады...

Кейін тұтқыннан босап шыққандардың басым бөлігі Қазақстанда қалуды шешеді. Сөйтіп, Қарағанды облысында (*Рудник кенті, Сәтбаев, Абай, Саран, Қарағанды, Балхаш қалалары мен т.б. елді мекендер*) алғаш құрылған қауымдар мен топтардың негізін осылар қалайды. Солардың қатарында Рошка, Лиляк, Нестерович, Яворский, Какош, Фишер, Драгомир, Копас, Вербовецкий, Катюжанский, Знайда, Мовчан, Андроник, Гечу сияқты Куәгерлердің есімдерін атауға болады.

Дәл осы аймақта 1955 және 1956 жылдың көктемінде тұңғыш рет Иса Мәсіхтің өлген күнін еске алу кеші өткізіледі. 1955 жылдың 21 тамызында құпия жағдайда 6 адам Нұра өзенінде шомылдыру рәсімінен өтіп, кейін араға бір апта салып, жаңадан тілек білдіруші және 12 адам шомылдыру рәсімінен өтеді.

Ресми деректерге жүгінсек, Ехоба куәгерлерінің үлкен тобы Қостанай облысына 1961 жылы келіпті. Ал 1963 жылы олардың

¹ Свидетели Иеговы без маски. – «Казахстанская правда», 1 қыркүйек 1957.

саны 50-ге жетеді. Сондай-ақ билік басындағылар 1961 жылы Петропавл қаласында Ехоба куәгерлерінің тобы пайда болғанын мәлімдейді. Алайда бұл жерде де олар өздерінің қауым кездесулерін еркін өткізе алмайды, өйткені құқық қорғау органдары мен партия ұйымдарының үнемі бақылауында болатын.

1965 жылдың 30 қыркүйегінде КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының «Иегова куәгерлері», «шынайы православиелік мәсіхшілер», «иннокентьевшілер», «адвентист-реформашылар» секталарына қатысушылар мен олардың отбасы мүшелерінен арнайы қоныс бойынша шектеулерді алып тастау туралы» № 4020-VI Жарлығы шығады. Осы құжатқа сәйкес Ехоба куәгерлері құқық қорғау органдары тарапынан жасалатын әкімшілік бақылаудан босатылады. Енді оларға 1951 жылы жер аударылып келген арнайы қоныстардан кетулеріне рұқсат етіледі¹. Бірақ тәркіленген жеке мүліктері әлбетте кері қайтарылмайды. Ал өздерінің туған өлкелеріне кері оралу тек сондағы жергілікті кеңестік билік органдарының келісімімен ғана мүмкін еді. Алайда мұндай «келісімді» алу, әрине, көбінесе мүмкін емес-тін...

Бұл жерде ескеретін бір жайт, негізінен арнайы қоныстағылардың барлығына еркін жүріп-тұруларына 1954 жылы КСРО Министрлер Кеңесінің арнайы №124 Қаулысымен рұқсат етілген болатын. Бірақ осы қаулының қосымшасында аталмыш жарлықтың кімдерге қолданылмайтындығы көрсетіле отырып, нақтылы тізім беріліпті. Міне, сол тізімге 1951 жылы жер аударылып келген «ұлтшылдар», «бандылар» және «иеговистер» енгізілген екен.

Осы қаулыға байланысты 2001 жылы Ехоба куәгерлерін Сібірге жер аударудың 50 жылдығына арналған дөңгелек үстелде «Мемориал» қоғамының өкілі А. Даниэль мынадай түсініктеме береді: «Білесіздер ме, мен жақында ғана бір таңғаларлық фактіні білдім. Ол – кезінде жер аударылғандарды қыспаққа алған «арнайы қоныс» тәртібінен Ехоба куәгерлерінің тек 1965 жылы ғана боса-

¹ 1949 жылы Сібірге жер аударыған Ехоба куәгерлері арнайы қоныстардан кетулеріне бұдан бірнеше жыл бұрын қол жеткізген болатын.

тылғаны. Егер біз қазір өз өміріміздің 60 жылдарының орта тұсына ой жүгіртсек, көп нәрсені есімізге түсірерміз-ау, бірақ қайсыбір жерлерде сол уақытқа дейін әлі «арнайы қоныс» тәртібінен босатылмағандардың бар екенін білгенімізді есімізге еш түсіре алмаппыз. Басқаша айтқанда, бұл дегеніңіз 60 жылдардың ортасында елімізде орын алған сталиндік құрсаудың боямасыз көрінісі ғой! Енді сол 1965 жылдың 30 қыркүйегінде қабылданған жарлыққа назар аударайықшы, ол әдеттегідей екі тармақтан тұрады екен. Біріншісі – «арнайы қоныс» тәртібінен босату, ал екіншісі – босатылғандардың (*Ехоба куәгерлері, шынайы православиелік мәсіхшілер, иннокентьевшілер, адвентист-реформашылар*) туған жерлеріне (*көбінесе Украина, Молдавия*) кері оралуларына рұқсат етілмейтіндігі туралы. Сондай-ақ олардың о баста тәркіленген мүліктері де кері қайтарылмаған... Яғни, сырттай қарағанда, жер аударылғандарға едәуір жеңілдік жасалған іспетті, бірақ тым құйтырқылау екені көзге ұрып тұрған жоқ па?!»¹

Нәтижесінде Ехоба куәгерлерінің көпшілігі қоныс жерлерінен Қазақстанға және оған көршілес Орталық Азия республикаларына көшуді ұйғарады. Сөйтіп, олар көбіне Қазақстанда бұрыннан тұрып жатқан бір сенімдегі бауырластары қоныстанған жерлерге (*Шымкент, Ақсуқент, Шу, Тараз, Есік, Түрген, Талғар, Қаскелең, Талдықорған, Қостанай, Қарағанды, Абай, Петропавл*) көшіп барды. Ал Куәгерлердің кейбіреулері тіпті Қазақстаннан әрмен қарай өтіп, Өзбекстанға, Тәжікстанға, Қырғызстанға, Түрікменстанға жетеді². Егер 1973 жылғы ресми деректерге жүгінсек, сол уақытта Қазақстандағы Ехоба куәгерлерінің саны 1 000-нан астам болған екен³.

Сол кездері осы діни ілімді жақтаушылардың істері қоғамдық соттарда қаралатын.

¹ Журналистер үйінде Ехоба куәгерлері бірлестігінің мүшелерін Кеңестер одағының батыс аудандарынан Сібірге жаппай жер аударудың 50 жылдығына арналған дөңгелек үстел мәжілісінің стенографиялық жазбасы. 5 сәуір 2001.

² Ехоба куәгерлері бұл республикаларда 1965 жылға дейін де тұратын, бірақ олардың саны тым аз еді.

³ Кулумбетов К. Сведения о религиозных объединениях по Казахской ССР за 1973 год.

Мысалы, 1965 жылы жарық көрген «Как мы боремся с сектантством» жинағынан (*Балқаш қаласында жүргізілген атеистік жұмыстардың іс-тәжірибесі туралы*) екі үзінді ғана келтірейік. Осы кітаптың 123, 124 беттерінде былай деп жазылған: «Біз Балқашта құрамында жиырмадан астам адамы бар иеговистер тобының шоғырлана бастағанын білдік. Бұл топ Жезқазған, Қарағанды қалаларындағы жасырын секталармен, сондай-ақ Абай – Құлагер – Қарабас – Топар – Шахтинск аудандарында орнығып үлгерген иеговистермен байланыста болған. Әрі осы байланыс тіпті Иркутск қаласы мен Китой станциясына дейін жалғасқан көрінеді. Және тап осынау каналдар арқылы Бруклинде (АҚШ) басылып шығатын антикеңестік әдебиеттер, есептер жасырын түрде жіберіліп, сектаның жетекшілері мен байланысшылары – «қызметшілер», «ізашарлар» жергілікті топтармен қарым-қатынас жасап отырған»¹.

Ал осы жинақтың 34-бетінде Ехоба куәгерлерін «әшкерелеуге» қатысты жиналыстың қалай өткендігі әңгімеленеді: «Көп уақытқа дейін балқаштық иеговистердің жетекшілерінің бірі М. Бомба өзін «шындық» үшін жапа шегуші ретінде көрсетуге тырысып бағды. Ол темірбетон зауытының жұмысшыларына өз басы тек Киелі кітап туралы айтатынын, ал коммунистік қоғамды құруға кедергі жасаушылармен ортақ ештеңесі жоқ екенін барынша дәлелдеумен болады. Алайда бір жолы зауыттың жұмысшылары сол кездері сектадан қол үзіп кеткен иеговистердің бұрынғы жетекшісі М. Стреланның «Балқаш жұмысшысы» газетінде жарияланған «Өткенге қайта оралу – жоқ!» деген мақаласын талқылауға жиналады.

«Қазір Балқаштағы Ехоба куәгерлерінің сектасында он алты адамдай қалды, – дейді жиналыстың төрағасы әлгі мақаланы оқуға кірісіп. – Олардың арасында Михаил Бомба мен Мария Куц өте белсенді жұмыс істеуде, әсте ұйымды нығайтып, оның құрамын көбейтуді мақсат тұтатын болу керек. Бірақ мен оларға және әліге дейін

¹ Как мы боремся с сектантством. – Алматы, «Қазақстан», 1965. – 123-124-б.

сектадан шықпай, құдайға көзсіз сеніп, теріс пиғылды бөтендердің зиянды әдебиеттерін оқып жүргендерге айтарым: ойланыңдар!»

Жүздеген көздер есіктен шыға беріске таяу отырған иеговистердің қазіргі жетекшісі М. Бомбаға қадала қарап қалыпты. Және олардың әрқайсысының жанарларынан Стреланның осынау ұждан сөгісінен, үрей сезімі мен азапты ойға батудан арыл деген «шақыруына» Бомба қалай қарайды екен деген сауалды аңғару қиын емес еді.

Алайда М. Бомба еш бой берер емес, аузы көпіршіп, өз дінінің кіршіксіз тазалығын дәлелдеу үшін бар күшін салуда»¹.

Осы екі үзіндіні келтіру арқылы, соларды жазған адамдарды сынап-мінеу деген тіпті ойымда да жоқ. Сол кезде заман басқа еді. Менің бар мақсатым, сол жазбалардың бүгінде өшпес тарихқа айналып, өткен күндердің «тірі» куәгеріне айналғанын көрсету еді, мысалы:

– біріншіден, біз солар арқылы 60-шы жылдардың өзінде-ақ бір топ Ехоба куәгерлері Орталық Қазақстанда белсенді қызмет еткенін біліп отырмыз;

– екіншіден, олар сол жылдардағы жағдайларды ашық әрі мейлінше сендіре баяндайды;

– үшіншіден, өкінішке қарай, Уағыздаушы: «Бұрын болған нәрсе кейін де болады, Бұрын істелген іс кейін де істеледі, Жарық күн астында жаңа еш нәрсе жоқ», – деп (*Уағыздаушы 1:9*) өте дұрыс айтқан екен, өйткені Ехоба куәгерлері әлі де ауық-ауық қуғындауларға, бұқаралық ақпарат құралдарында қисынсыз айыптауларға ұшырап, кейде тіпті сот арқылы қудаланып та жатады (*бұл туралы сәл кейінірек әңгімеленеді*).

Дегенмен де осындай қудалауларға қарамастан, Қазақстанның түрлі аймақтарында жаңа қауымдар ашылады. Мысалы, 1964 жылы Тараз қаласында 30 адамнан құралған жаңа қауым іргесін көтереді.

¹ Как мы боремся с сектантством. – Алматы, «Қазақстан», 1965. – 34-б.

1968 жылдары Ехоба куәгерлері МҚК-нің қырағы қадағалауынан еш тайсалмастан Қостанай, Целиноград, Рудный, Ақтөбе, Павлодар, Ақсу, Шымкент және т.б. елді мекендерде өз қызметтерін батылдықпен атқара бастайды.

Ехоба куәгерлерінің қауым кездесулері көбіне ашық далада өткізіледі. Сондай жиналыстарға қатысу үшін кейбір адамдарға 30 шақырымдай жаяу жүруге тура келеді. Бұл туралы Анна Гицу былай дейді: «Біз елең-алаңнан тұрып алып, кішкентай балаларымызды қасымызға ертіп, далаға кететінбіз. Тап-тақыр қуарған алқап, арагідік кездесетін шағын өзен... айналада басқа ештеңе де жоқ... Бірақ біз бақытты едік!»¹. «Кездесуге 30-ға жуық адам келетін. Сол жиынға қатысу үшін 30 шақырымдай жаяу жүретінбіз»².

Осы жерде кеңес заманында қазақстандық Ехоба куәгерлеріне қарсы жүргізілген сот процестерінің көңілге қаяу түсіргендей қайғылы хронологиясын атап өтпеске амал жоқ:

23–25 қыркүйек 1946 жыл – Қарағанды облыстық соты 23 Ехоба куәгеріне қатысты сот үкімін шығарады. Осы процестен-ақ сол өңірде сенушілердің үлкен ұйымының болғанын аңғару қиын болмаса керек-ті. Және бұл үкім өзінің айрықша қаталдығымен – ұйым жетекшісін ату жазасына кесуімен – ерекшеленген еді.

28 қараша 1951 жыл – Степлаг. ПМ-нің лагерлік соты И. Скицты РСФСР ҚК 58-10-бабының 2-бөлігі бойынша 25 жылға соттап, жазасын ЕТЛ-де (Еңбекпен түзету лагері) өтеуге үкім шығарады.

14 сәуір 1953 жыл – Қарағанды темір жолы көлігі саласындағы арнайы сот П. Фирулев, Ф. Фирулев, А. Фирулева, А. С. Фирулева, С. Фирулеваны РСФСР ҚК 58-10-бабының 2-бөлігі бойынша 25 жылға бас бостандықтарынан айырып, жазаларын ЕТЛ-де өтеуге үкім шығарады.

¹ Житников Ф. История Свидетелей Иеговы в Казахстане. Қолжазба. – 2-б.

² Анна Гицудің әңгімесінен жазып алынған. Қазақстан Республикасындағы Ехоба куәгерлері мәсіхшілік орталығының мұрағаты.

11 шілде 1957 жыл – Талдықорған облыстық соты Н. Кононов пен В. Ковалконы 25 жылға ЕТЛ-ге жіберуге үкім етеді. Олар діни әдебиеттерді таратқаны үшін сотталады. Бұл жерде өзгеше байқалғаны, сотта қаралған іс бойынша тек журналдар ғана емес, сенушілердің магнитофонға жазылған баяндамалары да алынып тіркелген екен.

13 шілде 1957 жыл – Қарағанды облыстық соты Г. Драгомир, А. Шишко, М. Знайда, Ф. Степанов, К. Своричевский және Ю. Копасты РСФСР ҚК 58-10-бабының 2-бөлігі бойынша айыптап («*сектанттық әдебиеттерді сақтаған және таратқан, секталарына басқа адамдарды тартқан, антикеңестік үгіттеумен айналысқан, антикеңестік ой-қалыптары болған, басқа қалалардағы сектанттармен құпия байланысы болған*»), жазасын ЕТЛ-де өткеруге 10 жылға үкім шығарған. Бұл іс бойынша атап өтерлік бір жайт, Юрий Копас пен Анна Шишко отбасын құруға уәделескен еді және ең өкініштісі, олар дәл некеге тұратын күні тұтқындалады. Сөйтіп, екі жас 10 жылдан кейін, тек лагерден бостандыққа шыққан соң ғана, некелерін тіркееді.

21 тамыз 1957 жыл – Шығыс Қазақстан облыстық сотының үкімімен В. Николаевский мен А. Морошан діни топ ұйымдастырып, тұрғындар арасында өздерінің діни ұстанымдарын таратқаны үшін 25 жылға сотталып, ЕТЛ-ге жіберіледі.

31 наурыз 1958 жыл – Қарағанды облыстық соты. Н.Богиев, В. Ечене, В. Лиляк ЕТЛ-ге 10 жылға сотталады.

6 тамыз 1958 жыл – Оңтүстік Қазақстан облыстық соты М. Кирилинаны («*1955 жылдан бері иеговистік ұйымның нұсқауларын орындап келген, діни қызметін жамылып, кеңес үкіметіне қарсы жасырын жұмыстар атқарған, атап айтқанда: заңсыз әкелінген иеговистік әдебиеттерді көбейтіп, оларды Кеңестер одағының түрлі қалаларында тұратын азаматтарға жөнелтіп отырған... заңсыз жиындар ұйымдастырып, иеговистер ұйымына жаңа мүшелер тарту*»)

үйін әрекеттенген») үй-мүліктерін тәркілей отырып, 8 жылға ЕТЛ-ге бас бостандығынан айырған.

19 тамыз 1958 жыл – Степлаг. Қарағанды облыстық соты В. Урс, З. Нистор және К. Скрепчукке қатысты үкім шығарады. Нақтырақ айтсақ, бұл адамдарға соттың үкімі олар діни іс-әрекеттері үшін тұтқында отырған кездерінде шығарылған еді. Өйткені олар өз қатарларына басқа тұтқындарды тарту үшін діни кездесулер өткізуін, әдебиеттерін таратуын тоқтатпаған еді.

25 қыркүйек 1958 жыл – Қарағанды облыстық сотының үкімімен Н. Гиц пен О. Веснер 10 жылға ЕТЛ-ге сотталады.

30 наурыз 1962 жыл – Қарағанды облыстық соты. И. Андроник, Е. Савчук, В. Гечу, И. Руссу, Г. Гроголь, С. Равлюк, Я. Вербовецкий, Е. Герман, В. Котюжанский және И. Рошка 3 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге ЕТЛ-ге жіберіледі. Бұл кеңес заманында Ехоба куәгерлерінің істерін қараған ең әйгілі сот процесі болса керек. Сот жергілікті Мәдениет үйінде қатарынан бірнеше күн өтеді. Халыққа көрсету үшін сол жерге өте көп діни әдебиеттер мен басып шығару техникалары қойылады. Соттың барысы баспасөз беттерінде тұрақты түрде жарияланып тұрады. Тіпті бүкілодақтық «Огонек» журналы «Иегованың панасының ақыры» («*Конец пристанища Иеговы*») деген мақала жариялайды. Ал «Қазақфильм» киностудиясы қауіпті сектанттар туралы арнайы хабар түсіреді. Осы кинобаянның соңында, сот үкімі оқылғаннан кейін, диктордың: «Иә, бұл өте дұрыс! Енді айналамыздағы ауа тазарақ болады!» деген даусы естіледі. МҚК осыдан соң Ехоба куәгерлерінің қызметі құрдымға кететіндігіне тіпті сенімді еді, өйткені олар «сектанттардың ең ықпалды белсенділерін» тұтқындаудың сәті түсті деп ойлаған-ды.

29 маусым 1962 жыл – Қарағанды облыстық соты. М. Мовчан мен В. Фишер ЕТЛ-ге 7 жылға сотталып және 3 жылға жер аударылады.

11 шізде 1962 жыл – Қостанай облысы. З. Варвайн мен Г. Отбойщиков ЕТЛ-ге 6 және 7 жылға сотталып, тиісінше 6 және 7 жылға жер аударылады.

14 қыркүйек 1962 жыл – Қарағанды облыстық соты. М. Бомба, Е. Кислячук және М. Куц ЕТЛ-ге 7 жылға сотталады.

12 желтоқсан 1968 жыл – Талдықорған облыстық соты. Н. Кононов 3 жылға бас бостандығынан айырылады.

24 сәуір 1969 жыл – Солтүстік Қазақстан облыстық соты. В. Смагин, И. Гавриш, Ф. Сидоров 2 жылдан 3 жылға дейінгі мерзімге бас бостандықтарынан айырылады.

10–22 желтоқсан 1969 жыл – Алматы облысы Қаскелең ауданының Халық соты. М. Андибур, Н. Андибур, А. Венцель 3 жылдан 5 жылға дейінгі мерзімге бас бостандықтарынан айырылады.

19 қаңтар 1972 жыл – Талдықорған облыстық соты. В. Жигинас, И. Реймхе, Э. Ортлиб, Ф. Курц ЕТЛ-ге 3 жылдан 5 жылға дейінгі мерзімге сотталады.

4 наурыз 1982 жыл – Қостанай облыстық соты. И. Подурец, Г. Писменой, А. Найман, Е. Шнайдер 2,5 жылға дейінгі мерзімдерге бас бостандықтарынан айырылады. Бұл кеңес дәуіріндегі қазақстандық соттың Ехоба куәгерлері ұйымына және олардың діни әдебиеттеріне қатысты шығарған соңғы танымал үкімі еді.

Бұл тізімге, әрине, Ехоба куәгерлеріне байланысты қаралған сот істері түгелдей енгізілді деп айта алмаймыз. Ал егер нақтырақ айтсақ, мұнда тек ел-жұрттың назарын аударған дақпыртты істер ғана қамтылды. Және қосарымыз, бұл жерде Кеңестік армияға барудан бас тартушыларға қатысты сот процестері жөнінде мүлдем айтылған жоқ. Ал шын мәнінде, мұндай соттық істер, әсіресе 1970–1980 жылдары, өте көп болатын. Әрі сол соттарда жас Ехоба куәгерлері әскерге шақыру комиссиясынан еш жасырынбайтынын, бірақ діни сенім-нанымдарына байланысты қолдарына соғыс қаруын ала алмайтындықтарын ашық мәлімдейді.

Сөйтіп, Ехоба куәгерлері 90-шы жылдарға дейін бір жағынан заңсыз, бір жағынан жартылай заңды жағдайда күн кешеді.

Кезінде Ехоба куәгерлерінің жазықсыз қудалауларға ұшырауы, көптеген аға буын өкілдерінің жан жарасын сыздатады. Әрі жазылмастай із қалдырған бұл қасірет, тіпті генетикалық жолмен кейінгі жас ұрпаққа берілетін сияқты. Сондықтан Ехоба куәгерлері үшін қуғын-сүргін тақырыбы – ешқашан жазылмайтын жара екенін, осы конфессияны ұстанушылардың жанды да нәзік адами экзистенциалдық көңіл-күйіне жеңіл-желпі қарайтындар әрдайым естерінен шығармаулары қажет.

Біле білсек, тіпті кеңестік дінтанушылардың өздері де, Ехоба куәгерлері әділетсіздік екенін біле тұра тұтқындаулар мен түрмеге жабуларды батыл қабылдағанын, бірақ қандай жағдайда да ең соңына дейін өз сенімдеріне адал болып қалғандығы туралы көп жазған. Мысалы, А. Белов өзінің 1978 жылы Мәскеудегі «Наука» баспасынан жарық көрген «Секты. Сектантство. Сектанты» деген кітабында былай деп жазады: «Күні бүгінге дейін біздің атеистік әдебиеттерде иеговистердің мына әлемнің құндылықтарынан үзілді-кесілді бас тартып, небір құрбандықтарға баратын қатардағы сенушілерге қандай тәсілдермен, қандай құралдармен ықпал ететіндігі зерттелмеген. Бұл сұраққа бірден-бір жалғыз жауап: иеговизм оның сенушілері суреттейтіндей, Армагеддонның эсхатологиялық көрінісінің қорқынышына негізделген деуге болар... Бірақ мұндай жауап тыңдаушысын қанағаттандыруы екіталай-ау»¹.

Әрмен қарай ол былай деп ой түзеді: «Әсілі, сенушілер иеговизмге қатыгездік, әлеуметтік теңсіздік, әділетсіздік жайлаған мына әлемге қарсы тұрған талғампаз, «жаңа дін» ретінде қарайтынын да естен шығармағанымыз жөн шығар. Сондай-ақ өзінің алғашқы қадамдарынан-ақ тек өздеріне тән терең талдаумен айналысқан иеговизм, басқа мәсіхшілік ағымдарға тән анахронизмді батыл түрде ысырып

¹ Белов А. Секты. Сектантство. Сектанты. – М., Наука, 1978.

тастап, басқа мәсіхшілік ілімдердің арасында бірден түбегейлі жаңа ілімге айналуды көздегенін де ұмытпағанмыз дұрыс-ау»¹.

А. Беловтың бұл еңбегіне қатысты және бір ескеретін жайт, кеңестік автор Ехоба куәгерлерін өзгелер сияқты, тіпті сот шешімдерінде жиі атап көрсетілетіндей, саяси ұйымға жатқызбайды. Бұл туралы ол былай дейді: «Біздің әдебиеттерде көп жағдайда Ехоба куәгерлері мәсіхшілікті діни идеяларды уағыздаудан тыс өз мақсаттарына пайдаланып жүрген саяси ағым ретінде көрсетіледі. Алайда иеговизм туралы айтылған мұндай тұжырымдармен келісу, әрине, қиын. Өйткені бұл саяси емес, діни ағым. Себебі ол қоғам тарихын, әлеуметтік проблемаларды тек Киелі кітапқа негізделген өзіндік жолмен түсіндіреді. Рас, иеговистердің қоғам дамуын талдауы ғылыми социализммен үйлеспей жататыны бар. Міне, көп жағдайда социализмнің жаулары осыларды өздерінің теріс пиғылды мақсаттарына шебер пайдаланып жатады. Дегенмен де халықаралық иеговизмнің көптеген жетекшілерінің социализмге деген көзқарастары дұшпандық сипатта екені де белгілі. Ал олардың Нью-Йорк маңында, Бруклинде, Ехоба куәгерлерінің штаб-пәтерінде қызмет ететіндері социалистік идеологияға қарсы екендіктерін тіпті ашық мәлімдейді. Бірақ бұл жерде әңгіме иеговизм көшбасшыларының саяси ұстанымы туралы емес қой, сондықтан олардың оқытатын діни ілімін саяси доктринаға айналдыруға ешқандай негіз жоқ екенін ұмытпағанмыз абзал»².

Мұны тек ғалымдар ғана емес, тіпті МҚК-нің тергеушілері де жақсы түсінетін және сенушілерді қудалауға ұшыратып жатқан «бұрмалаушылықтарды» мойындайтын.

А. Спраговский өзінің «МҚК тергеушісінің жазбалары» («*Записки следователя КГБ*») деген өмірбаяндық кітабында былай дейді: «...Иеговист-сектанттардың қоғамдағы қауіптілігін бағалауда

¹ Белов А. Секты. Сектанство. Сектанты. – М., Наука, 1978.

² Сол жерде.

біршама бұрмалаушылықтарға жол берілгенін сеземін. Өйткені идеологтар олардың іс-әрекеттерін солай бағалаған еді және соған сәйкес тергеуші аппараттың алдына да осындай талап-мақсаттар қойылған болатын. Алайда қазір кейбір иеговист-сектанттардың істері қайта қаралып жатқанын да білемін. Яғни, сенушілердің тағдырына бүгінгі талаптар деңгейінде мұқият зер салудың арқасында, оларды ақтау үрдістері кеңінен етек алуда. Ал бұл жағдай маған бұрынғы іс-әрекеттерім үшін жауап беруім қажет дегенді білдіре ме? Иә, рас, моральдық тұрғыдан қарағанда мен өзімді ыңғайсыз сезінемін, бірақ маған ол кезде басқадай әрекет ету мүмкін емес еді... Сол уақыттағы талап-түсінік тұрғысынан қарағанда, иеговист-сектанттар елімізде атқарылып жатқан қоғамдық-саяси іс-шараларға қарсылық көрсетушілер іспетті көрінетін. Мысалы, олар Кеңес армиясы қатарында қызмет етуден, елімізге көмек ретінде көрсетілетін мемлекеттік несиелерге жазылудан, сайлауларға қатысудан бас тартатын. Шын мәнінде, иеговистердің қызметтері жасырын түрде, айрықша ұйымдастырушылықпен атқарылатын. Олардың белсенді мүшелері тұтқындалған кезде, шет елдерде басылып шығарылған көптеген иеговистік әдебиеттер тәркіленетін... Сектанттардың қызметіндегі антикеңестік, бұзақылық сипаттағы әрекеттерін дәлелдеу үшін, иеговистерден тәркіленген әдебиеттеріне, өзара жазысқан хаттарына идеологиялық сараптама жасалып, тиісінше қорытынды шығарылатын»¹.

Осы жерде оқырманның: «Ехоба куәгерлері не үшін биліктен жасырынды? Неліктен олар КСРО-дағы кейбір басқа діни ағымдар сияқты өздерінің қызметін заңды түрде тіркепеген?» – деп сұрауы қисынды сияқты.

Бірақ бұған қайтарылатын жауап та өте қысқа: «Өйткені КСРО-да Ехоба куәгерлерін тіркеуге тыйым салынған болатын».

¹ Спраговский А. Записки следователя КГБ [URL: <http://nkvd.tomsk.ru/projects/posledniyvidetel/writings/SSpragovskij/>]. – 1, 8-6.

Мәселенки, КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Діни табынушылық істері жөніндегі кеңесі мен КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Орыс православие шіркеуінің жұмысы жөніндегі кеңесінің 1961 жылдың 16 наурызындағы қаулысымен бекітілген «Табынушылық туралы заңнамаларды қолдану туралы нұсқаулықта» былай деп жазылған: «Діни оқулары мен іс-әрекеттері антимемлекеттік, қатыгездік бағыттарымен сипатталатын секталарға жататын мынадай сенушілердің діни қоғамдары мен топтары тіркелуге жатпайды: иеговистер, елуіншілер, шынайы православиелік мәсіхшілер, шынайы православиелік шіркеу, адвентист-реформашылар, мурашкошылар, және т.с.с.»¹. Назар аударыңызшы, осы тізімде «иеговистер» ең бірінші болып тұр. Әрі бұл жайдан-жай емес еді. Өйткені кеңестік атеистік мемлекет Ехоба куәгерлеріне барлық уақытта ең қауіпті «антикеңестік секта» деп қараған.

Келесі бір авторлар, И. Советов пен М. Одинцов, өздерінің «Ресейдегі Ехоба куәгерлері: қудалаудан мойындауға дейін» («*Свидетели Иеговы в России: от преследований к признанию*») деп аталатын мақаласында былай дейді: «Ехоба куәгерлері ұйымдарының қызметін бақылауға тек Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің қызметкерлері ғана емес, сондай-ақ 1944 жылдың мамыр айында жаңадан құрылған КСРО МК жанындағы Діни табынушылық істері жөніндегі кеңесінің мамандары да жұмылдырылды. Осы Кеңес туралы ережеге сәйкес (1 т.) аталмыш мемлекеттік орган КСРО үкіметі мен діни бірлестіктердің жетекшілері (*мұсылмандар, иудейлер, буддалар, армян-григориандар, ескі дәстүрлі грек-католиктері мен лютерандық шіркеулер және сектанттық ұйымдар*) арасында байланыс орнатып, діни табынушылардың КСРО үкіметінің шешімдерін қажет ететін мәселелерінің күн тәртібіне қойылуына ықпал етуі тиіс болатын. Осында аталған «сектанттық ұйымдарға» Ехоба куәгерлері де жататын. Кеңестің мұрағатында сақталған құжаттармен

¹ Діни табынушылық туралы заңнамалар. – М., 1971. – 157-б.

танымсыз және байқағанымыз, оның жұмысындағы басты бағыттардың бірі – тіркелмеген «сектанттық» ұйымдардың іс-әрекетін жіті бақылап, олар туралы үзбей ақпараттар жинап отыру екен. Міндеттерін бұлжытпай орындаған мекеме осындай топтардың әрқайсысына қатысты, олардың жетекшілері мен тұрақты мүшелері және отбасылары жөнінде том-том мәліметтер жинапты. Кеңестер одағы бойынша осы Кеңестің республикалардағы, өлкелердегі, облыстардағы өкілетті органдарының мерзімді есептерінің көп бөлігі Ехоба куәгерлерінің іс-әрекеттерін сипаттауға арналады екен. Бұл мәселеге Кеңестің орталық аппаратының қызметкерлері де Кеңестер одағының батыс аймақтарына іссапармен шыққанда айрықша назар аударып отырған көрінеді. Көп жағдайда олар өздерінің іссапардан кейінгі қызметтік жазбаларында аталмыш ұйым мүшелерінің ерекше белсенділігіне баса назар аударған. Және Ехоба куәгерлеріне қатысты айтылып жүрген «антисоветизмді» дәлелдей түсу үшін, сектанттардың арасында бұрын «буржуазиялық-ұлтшыл партиялардың» қатарында болған адамдар да өте көп екен дегенді де қосып жіберетін көрінеді»¹.

Әлбетте, Қазақстандағы жағдай да осыған ұқсас болатын. Қазақ КСР-ның әрбір облысында діни ұйымдар туралы есеп өте қатаң түрде жүргізілген. Егер сол уақыттағы мәліметтерге назар аударсақ, алынған есептерде сенушілердің тек жалпы саны ғана емес, ұйым мүшелерінің әрқайсысы туралы толыққанды нақтылы ақпараттардың көрсетілгенін байқаймыз.

Жалпы, елдегі барлық діни қызметтерді мемлекеттік қауіпсіздік органдары тікелей өз бақылауында ұстағанын түсіну қиын емес. Сондықтан да КСРО-дағы Ехоба куәгерлерінің жиі қуғынға ұшырап, сот процестеріне тап болуының сыртында, бертін келе Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті деп аталған Ішкі істер халық комиссариаты (НКВД) тұрды деп сеніммен айта аламыз.

¹ Советов И., Одинцов М. Свидетели Иеговы в России: от преследований к признанию. – Ресейдің діндерді зерттеу бірестігі [URL: <https://rusoir.ru/president/president-works/president-works-175/>].

Ал кейбір зерттеушілер тіпті: «...КСРО тарағанға дейін иеговистер мемлекеттік арнайы қызметтің діни бағыттағы жұмыстарының ең бастысы деп саналса, ал иеговистермен жүргізілетін жедел жұмыстар «діни майдандағы» ең бір қиын іс-шаралар деп есептелген» дегенді айтады¹.

Ехоба куәгерлеріне қатысты материалдар прокуратура, ПМ және МҚК мұрағаттарында әлі күнге дейін көптеп сақталуда. Егер солармен жақынырақ танысар болсақ, әрине, кешегі зұлмат заманда тар жол, тайғақ кешуден өткен сенушілер ұйымының тағдыры мен даму кезеңдерін тереңірек зерттей түсуге мүмкіндік туар еді, бірақ өкінішке қарай, кейбір маңызды істер әлі де жабық күйінде қалып отыр.

Кезінде дінге қарсы бағытталған үгіт-насихат жұмыстарының қатарында кино мен әдебиеттің де рөлі аз болған жоқ. Және бұл салаларда да Ехоба куәгерлеріне көбірек «көңіл» бөлінді. Осындай көп туындылардың арасынан, әсіресе, Юрий Усыченконың «Қара айқыш» («*Черный крест*») повесін, сондай-ақ Михаил Израилевтың «Армагедон», Николай Евдокимовтың «Күнәкар» («*Грешница*»), Михаил Ершовтың «Өмір, мен сені сүйемін!» («*Люблю тебя, жизнь*») фильмдерін бөле-жара атар едік. Тек өкініштісі сол, осынау туындылардың басты кейіпкерлері болған сенуші «сектанттардың» образдары, шығармаларда суреттелген діни оқытулар өмірдегі ақиқат-шындыққа тіпті де жанаспайды.

Ехоба куәгерлеріне көбіне «сектанттар», «керітартипалар», «фанаттар», «американ тыңшылары» деген сияқты қорлық сөздерді телитін. Ал қоғамымызды олардан тазарту – бұл қайырымды іс, әлеуметтік тұрғыдан жақсара түсу, социализмді былық пен шіріктен арылтудың бірден-бір жолы деп түсіндірілді. Иә, осы жерде еріксіз сонау жылдары Қарағанды облыстық сотында Ехоба куәгерлерінің ісін қараған сот процесін түсірген кинобаянның соңында,

¹ Поединок контрразведки и подполья «Свидетелей Иеговы» [URL: <https://pravlife.org/ru/content/poedinok-kontrrazvedki-i-podpolya-svideteley-iegovy-ch-1>].

үкім оқылып біткен кезде, диктордың: «Иә, бұл өте дұрыс! Енді айналамыздағы ауа тазарақ болады!» – деген кекесінмен айтқан сөздері есіңе түседі екен... Осындай «антисектантық» әрекеттердің және бір тәсілі: баспасөз беттерінде не кинорепортажда өзінің «қателігін» түсініп, коммунизмнің жарқын болашағы үшін, кеңестік қоғамдағы өркендеп келе жатқан жақсы өмір үшін, өзінің дінінен бас тартқан сектанттарды «үлгі» етіп көрсету еді...

Қазақстандағы Куәгерлер туралы әңгімелеген кезде, осындағы Ехоба куәгерлері ұйымдарында бір кездері жікке бөлінушіліктің де орын алғанын ашып жазбасақ, тарих беттерін толық қамтыдық деп айта алмаспыз.

Осы орайда кезінде КСРО-дан шет елге қашып кетіп, кейін естелік тұрғысында жазып, 1999 жылы «Қалқан мен семсер» («Щит и меч») деген атпен кітап етіп шығарған КСРО МҚК Бірінші бас басқармасы мұрағат бөлімінің бұрынғы қызметкері В. Митрохин өзінің жинағында Ехоба куәгерлеріне қатысты Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті жүргізген астыртын жұмыстарға арнайы тоқталғанын тілге тиек етпекпіз. Егер В. Митрохиннің сөзіне сенер болсақ, 1960 жылға қарай КСРО МҚК-нің басшылығы ешқандай қуғындау шаралары сектанттарды түпкілікті жоя алмайтынын мойындауға мәжбүр болған көрінеді. Сондықтан да сол уақытқа дейін «иеговистерге қарсы күресті» басқарып келген МҚК-нің аға офицерлері 1959 жылдың наурыз айында мынадай қорытындыға келеді: «...күрестің ең тиімді тәсілі – қысым көрсету шараларын бөлшектеп бытырату шараларымен қат-қабат жүргізу керек». Яғни, МҚК ендігі жерде сектанттарды бір жағынан – бөлшектеп, азғырып, беделдерін түсіруге күш салса, екінші жағынан – олардың белсенді, ықпалды басшыларын ұйымдастырылған жалалармен тұтқындау қажет деген шешімге тоқтайды¹.

¹ Ежегодник Свидетелей Иеговы за 2004 год. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2004. – 107-6.

Осындай зұлым ойларын жүзеге асыру үшін, Ехоба куәгерлерінің қауымдарына тыңшы-агенттер жіберіледі. Олар сенушілердің арасында дүрбелең тудырып, бір-біріне деген сенімсіздіктерін оятады.

Ақыры МҚК өз дегендеріне қол жеткізгендей де болады. Қауіпсіздік комитетінің арнайы ұйымдастыруымен КСРО аумағындағы Ехоба куәгерлерінің қызметіне жетекшілік ететін Павел Зятекке жабылған жала кенеттен Куәгерлердің арасына жік түсіреді. Ехоба куәгерлерінің өздері бұл жайлы былай деп жазады: «1940 жылдың ортасынан бастап Зятек бауырлас Кеңестер одағы аумағына қызметші ретінде тағайындалады... Ол бір мүшесі болып бекітілген сондағы Комитеттің құрамында Зятек бауырластан басқа және сегіз бауырлас бар еді: төртеуі – Сібірден, келесі төртеуі Украинадан келген. Осы бауырластар бүкіл КСРО аумағындағы уағыз ісіне жетекшілік жасайды. Комитет мүшелері үнемі қудалауда жүретіндіктен және қызмет көрсететін аймақтары өте үлкен болғандықтан бір-бірімен жиі кездесуге мүмкіндіктері бола бермейтін. Содан бертін келе Зятек бауырлас пен Комитеттің басқа да мүшелері туралы өсек әңгімелер естіледі. Айтушылардың сөздеріне сенсек: Зятек бауырластың Мемлекеттік қауіпсіздік комитетімен байланысы бар екен... Ол Патшалық ісіне жасалған садақалардың есебінен өзіне үлкен үй тұрғызыпты... Оның әскери киіммен жүргенін көргендер бар... Іле-шала осындай мәліметтерді бір альбомға жинап, Сібірге аудандық, облыстық бақылаушыларға жібереді. Алайда осынау алып-қашпа сөздердің ешқайсысы да шындыққа жанаспайтын. Бірақ амал нешік, ақырында 1959 жылдың наурызынан бастап Сібірдегі аудандық бақылаушылар Комитетке қызметтері туралы есепті жолдауды доғарады»¹.

Ал мұның соңы неге апарып соққанын Куәгерлердің өз басылымдарынан оқып білейік: «Сонымен, 1958 жылы бір топ

¹ Ежегодник Свидетелей Иеговы за 2002 год. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2002. – 194-б.

бауырластар одақтағы Комитеттен бірнеше мыңдаған жариялаушыларды бөліп әкетеді. Иркутск, Томск, біртіндеп Ресейдің басқа қалаларында да ұйымнан бөлініп шығушы топтардың саны біртіндеп көбейе түседі. Сөйтіп, 1958 жылдың наурыз айында бөлініп шыққандар өздерінің Комитетін құрады. Олар бұл шешімдерін одақтағы барлық қауымдар қолдайды деп ойлайды»¹.

1950 жылдың соңына қарай КСРО аумағындағы әртүрлі лагерлерден жиналған 500 Куәгерді Мордовия Республикасындағы екі лагерге қамайды. Міне, солардың арасында Павел Зятек те бар болатын. Белгілі болған және бір жайт, әкелінгендердің ішінде қарсыластар топтың жетекшілері де бар екен. Ал бұл туындаған түсініспеушіліктерді бетпе-бет талқылаудың нағыз қолайлы сәті еді. Оның үстіне, 1962 жылы КСРО-дағы Ехоба куәгерлерінің қолына тиген Қоғам президенті Н. Норрдың хаты да өз рөлін лайықты атқарған сияқты. Өйткені ол хатта Қоғам КСРО-дағы Павел Зятекті адал Ехоба куәгері деп танитындығы айтылған еді. Сондай-ақ хатта барлық бауырластар ынтымақ-бірлікке шақырылған болатын... Міне, соның арқасында қауым ішіндегі бөліну қаупі жойылады. Шын мәнінде, осынау түсініспеушілік Куәгерлердің діни іліміне ешқандай қатысы жоқтың. Оның орын алуы тек қана ұйымдағы кейбір адамдарға деген сенбеушіліктің туындауынан еді.

Осының артынша көп ұзамай қауым келесі бір соққыға тап болады. Бұған 1962 жылдың 15 қарашасында «Күзет мұнарасы» журналында Пауылдың Римдіктерге жазған хатының 13 тарауында айтылатын «жоғары билікке» қатысты берілген жаңа түсінік себепші болған-ды. Өйткені сол кезге дейін Ехоба куәгерлері Римдіктерге арналған хаттың 13-тарауының 1-тармағында айтылған «жоғары билікті» – Ехоба Құдай мен Иса Мәсіх деп білетін. Ал «Күзет мұнарасында» Римдіктерге 13:1-де сөз болатын «жоғары билік» – ада-

¹ Ежегодник Свидетелей Иеговы за 2008 год. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2008. – 135-б.

ми үкімет деп түсіндіріледі. Аталмыш мақалада шынайы мәсіхшілер мына дүниелік билікті құрметтеп, оларға Құдай заңына және Киелі кітапқа сай тәрбиеленген ар-ұждандарына қайшы келмейтін барлық жағдайда бағыну қажет екендігі туралы нақты айтылғанымен, кейбір Ехоба куәгерлері «бұл сенушілерді мемлекетке толық бағындырып қоюды көксейтін коммунистердің ойлап тапқан аяла-сы» деп есептейді¹. Тіпті осы жаңа түсінікті басқан «Күзет мұнарасын» Ехоба куәгерлерінің ұйымы емес, одан бөлініп кетіп, билік өкілдерімен тіл табысқан Куәгерлер жазған дейтіндер де табылады. Алайда осындай күдік тудырғандардың басым бөлігі 1970–1980 жылдары ұйымға кері оралады. Бірақ дегенмен де олардың қандай да бір бөлігі сол «оппозиция» күйінде қалып қояды. Әрі мұндай «оппозиция» күні бүгінге дейін бар және оны Қазақстанда да кездестіресің.

Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті Ехоба куәгерлеріне ықпал етудің басқа да тәсілдерін қолдануға тырысып бағады.

Ехоба куәгерлері ұйымдарындағы осындай ішкі тартыстар тарихы зерттеушілерді соншалық қызықтыратындығы, тек біздің елімізде осы конфессияның тарихы аз зерттелгендіктен ғана емес, қайта, бұған қоса сол жылдардағы жалпы жағдайды жақсырақ түсінуге көмектесетіндігінде болса керек. Себебі Үшінші рейх кезіндегі Ехоба куәгерлеріне қарағанда КСРО-дағы Ехоба куәгерлері ұзақ жылдар бойғы тыйым салу мен билік тарапынан көрсетілген қысымның салдарынан еріксіз адасушылық пен бытыраңқылыққа тап болған еді. Алайда бұл дағдарыс тек зор күш салудың арқасында ғана ұйымға пәлендей зиян келтірместен жеңіспен аяқталады.

Одақ аумағындағы Ехоба куәгерлерінің сол уақыттардағы қиын жағдайын И. Советов пен М. Одинцов те өз зерттеулерінде нақтылай түседі: «70-ші жылдардың басында Ехоба куәгерлеріне қатысты

¹ Ежегодник Свидетелей Иеговы за 2006 год. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2006. – 116-6.

қарсылық өрши түскен: сот процестері, тінтулер, тұтқындаулар, әкімшілік тыйым мен айыппұлдар салу, бұқаралық ақпарат құралдарындағы «әшкерелеуші» мақалар, жергілікті билік органдарына діни табынушылық туралы заңдардың орындалуын қадағалауға көмектесетін комиссияның өктемдіктері, партия, комсомол, кәсіподақ тарапынан ұйымдастырылатын идеологиялық және дінге қарсы шаралар сенушілердің жағдайын бұрынғыдан да қиындатып жібереді. Бір сөзбен айтқанда, Ехоба куәгерлері «ең кертартпа, ең жек көрінішті секта» ретінде қарастырылады»¹.

Байқағанымыздай, 1970 жылдары Ехоба куәгерлерін қудалау, қыспаққа алу әрмен қарай да жоспарлы түрде үлкен қарқынмен жалғаса береді. Негізінен Қазақстандағы сот процестері көп жағдайда жас сенушілердің армия қатарында қызмет етуден бас тартуына байланысты болып жатады. Сондай-ақ діни ұйымға мүше болғаны үшін де кейде жауапқа тартылатын, бірақ мұндайда түрмеге қамау мерзімі 3–5 жылға дейін қысқартылатын. Ал діни жиналыстарды өткізгені үшін көбіне әкімшілік жауапкершілікке тартып, сенушілерге ірі көлемде ақшалай айыппұл салынатын. Әсіресе, Ехоба куәгерлерінің балалары мектептерде пионер қатарына өтуден, туға құрмет көрсетуден, әнұран орындаудан, «империализммен күресіп жатқан бауырлас халықтарға көмек ретінде ақша жинау» бағдарламасына қатысудан бас тартқандары үшін қатты қысымға ұшырайды.

Дегенмен бұл уақыттарда сенушілердің қауымдарында едәуір оң өзгерістер де орын алады. Ең бастысы, Қазақстандық Ехоба куәгерлерінің көздері ашық, сенімдері мықты екінші, үшінші ұрпақтары өсіп жетілген еді. «Жоғары билік» туралы жаңа түсінік те Ехоба куәгерлеріне сенімдеріне байланысты ешқандай ымыраға бармағанымен, билік басындағыларға өз дәрежесінде құрмет көрсетіп,

¹ Советов И., Одицов М. Свидетели Иеговы в России: от преследований к признанию. – Ресейдің діндерді зерттеу бірлестігі [URL: <https://rusoir.ru/president/president-works/president-works-175/>].

орынсыз қарсыласудан бас тарту қажеттігін түсінуге көмектеседі. Бір атап өтетін жайт, Ехоба куәгерлері жоғары білім ала алмады, өйткені оларды жоғары оқу орындарына қабылдамайтын, ал оқып жүргендерін институттардан шығарып жіберетін. Сол сияқты олар жауапты қызметтерге де тағайындалмайтын. Бірақ соған қарамастан Куәгерлер өздерінің еңбексүйгіштігімен, жұмысқа деген құлшыныстарымен қатты ерекшеленетін. Ехоба куәгерінің еңбекке деген көзқарасын сенуші Лидия Плешко өте жақсы сипаттайды: «...Өйткені Ехоба куәгерлері жұмыс істеуге үйретілген. Олардың нақты білетіні: жұмыс кезінде сені бригадир қадағалап тұр ма, жоқ па, мәселе онда емес, бұл жерде ең бастысы, сен Құдай алдында әділ болуың керек, жұмыста да һәм барлық жағдайда да. Әрі біз әрдайым осылай істеуге тырысамыз»¹. Бір таңғаларлығы, басшылар да сенушілердің бұл қасиетін жоғары бағалаған және жұмыс бабында олардан айырылып қалмауға тырысқан. Бұл жөнінде С. Иваненко былай дейді: «70-ші жылдары Ехоба куәгерлері адал, таза ниетті, ішімдікке әуес емес, өздеріне тапсырылған жұмыстарды дер уақытында, өте сапалы деңгейде орындайтын жандар ретінде біртіндеп үлкен беделге ие болады. Қолда бар мәліметтерге қарағанда, сенушілердің басым бөлігінің құрылысқа аса қажетті мамандықтары болған көрінеді және жергілікті шаруашылық басшыларының білікті құрылысшыларға деген сұранысын пайдаланып, өздерінің шағын өндірістік ұйымдары мен бригадаларын құрып, әртүрлі шаруашылық және тұрғын үй кешендерін салумен айналысқан». Автор әрмен қарай сөзін былай деп жалғастырады: «Кеңестік атеистік әдебиеттерде атап көрсетілгендей, Ехоба куәгерлерінің адал да таза еңбектері оларға өз отбасылары елдегі орта деңгеймен салыстырғанда едәуір жоғарырақ қамтамасыз етуді, сондай-ақ бір сенімдегілердің көмегімен өздеріне жаңа

¹ Ехоба куәгерлерінің мәсіхшілік орталығынан алынған А. Плешкомен жүргізілген сұхбаттың стенографиялық жазбасы.

талапқа сай жақсы үйлер тұрғызып, автокөліктер сатып алуды қамтамасыз ететін»¹.

Мұндай тұжырым 1982 жылы мемлекет тарапынан да мойындалады. Мәселенки, Қоғамдық ғылым академиясының Ғылыми атеизм институты тек партия ұйымдарының жетекшілері үшін арнайы шығаратын «Ақпараттық бюллетень» («*Информационный бюллетень*») басылымының бірінші санында, сенушілердің жаңа түрлерінің қалыптасып келе жатқаны атап өтіледі. «Бұлар орта немесе тіпті жоғары білімі бар, аса мәдениетті әрі білікті жастар мен орта жастағы азаматтар болатын. Сенушілердің бұл жаңа түрлері, әсіресе мәсіхшілік секталарда айрықша байқалады, өйткені олар баптистердің, елуіншілердің, иеговистердің, меннониттердің қауымдарында басқа діни ұйымдарға қарағанда 2–3 есе көп еді»².

Бұл туралы С. Иваненко да жазады: «Ехоба куәгерлерінің діни ұйымына жататын, КСРО-да бұрын-соңды ешқашан болмаған сенушілердің жаңа түрлерінің: кіріс деңгейлері жоғары, білікті маман, өте тәртіпті (*көбіне бір сенімдегі адамдармен өндірістік, құрылыс бригадаларына бірлескен*), уағыз ісінде және кеңестік заң талаптарын орындаудан бас тартуда (*әскерде қызмет ету, сайлауларда дауыс беру*) әлдеқайда белсенділердің, сондай-ақ коммунистік идеологиямен мүлдем ымыраға көнбейтіндердің қалыптаса бастауы партия және кеңес органдары басшыларының алаңдаушылығын тудырады»³.

1980 жылдың 29 мамырында Дін істері жөніндегі кеңес «Ехоба куәгерлері сектасының заңға қайшы қызметтерін әшкерелеу және тоқтату жұмыстарының жай-жапсары мен оларды күшейту шаралары туралы» қаулы қабылдайды. Бұл шешімнің орындалу барысы

¹ Иваненко С. Свидетели Иеговы – традиционная для России религиозная организация. – М., 2002. – 129-б.

² Дударенок С. Свидетели Иеговы на российском Дальнем Востоке 1944–1990 гг. Свобода Совести в России. Жинақ. 9-шы шығарылымы. – СПб., 2011. – 72-б.

³ Иваненко С. Свидетели Иеговы – традиционная для России религиозная организация. – М., 2002. – 130-б.

жөнінде М. Одинцов былай дейді: «80-ші жылдардың ортасына дейін Кеңестер одағының барлық республикалары мен өлкелерінде, облыстарында тіркелмеген бірлестіктердің қызметін тоқтатуға байланысты нақтылы жұмыстар жүргізіледі. Осының аясында Ехоба куәгерлерінің ұйымдарына да қатысты да қатаң шаралар қолданылады. Ал бұл жұмыстарды Дін істері жөніндегі кеңестің орталық аппараты үйлестіріп отырады»¹.

Сол уақыттарда езуге күлкі үйретін қызықты оқиғалар да орын алған секілді. Мысалы, мынадай бір жайт: КСРО МК жанындағы Хабаровск өлкесі бойынша Дін істері жөніндегі кеңес өкілінің Хабаровск қалалық партия комитетінің бірінші хатшысының атына жолдаған анықтамасы еш еленбей, жергілікті кәсіпорынның басшылары оның Куәгерлерге жала жабу және олардың миссионерлік қызметтерінің жолын кесу туралы «ұсыныстарын» құлақтарына да ілемейді. Өкілдің шағымында Хабаровск құрылыстық алюминий конструкциялары зауытының көлік цехында жүргізуші болып жұмыс істейтін В. Елиннің «заңға қайшы іс-әрекеттері», атап айтқанда, Ехоба куәгері болып табылатын ол зауыт жұмысшыларының арасында өз ілімін белсенді түрде насихаттайтындығы анықталғаны көрсетілген еді. Өкіл бастапқы кезде мәселені зауыт басшылығының алдына қояды, бірақ олар Елинге қатысты ешқандай шара қолданбайды. Әсіресе, өкілді ашуландырған нәрсе: «өзінің қызметтік міндетін адал атқаратындығы үшін» көлік цехы бойынша жалғыз Елинге «Коммунистік еңбек үздігі» атағы беріліп, түрлі түсті суреті зауыттың Құрмет тақтасына ілініпті. Елин бірнеше рет бүкіл зауыттық кәсіподақ жиналысының алқасына сайланған. Ал аудандық әскери комиссариат оған «жақсы мінездеме беріп, оның Коммунистік еңбек үздігі екендігін» айрықша атап өтіпті².

¹ Советов И., Одинцов М. Свидетели Иеговы в России: от преследований к признанию. Ресейдің діндерді зерттеу бірлестігі [URL: <https://rusoir.ru/president/president-works/president-works-175/>].

² Дударенок С. Свидетели Иеговы на российском Дальнем Востоке 1944–1990 гг. – 62-б.

Осы секілді және бір мысал: 1988 жылдың 29 наурызында облыстық «Южный Казахстан» газетінде «Құрмет пен даңқ – еңбегіне қарай» деген айдармен Шымкент жол-құрылыс материалдары өндірістік бірлестігінің Жөндеу-механикалық шеберханасының темір ұстасы Андрей Мельник туралы мақала басылады. Мақтау мақаласы темір ұстасының түрегеп тұрған үлкен суретімен қоса жарияланады. Тек бір «әттеген-ай» дегізгені, аты бүкіл облысқа жайылған Мельник – Ехоба куәгері екен. Міне, тап сол үшін бас редактор қатаң ескерту алады.

1980 жылдың соңына қарай Ехоба куәгерлеріне деген көзқарас өзгере бастайды. Билік сенушілерді түрмеге қамау арқылы шет елдердің алдында өз беделдерін түсіретінін түсінеді.

1989 жылы осы ағымның өкілдері өз өмірлерінде бірінші рет ашық өткізілген Ехоба куәгерлерінің халықаралық конгресіне қатысу үшін Кеңестер одағынан Польшаға баруға мүмкіндік алады.

1991 жылдың 27 наурызында Ресейдегі Ехоба куәгерлерінің діни ұйымы ресми түрде тіркеледі.

1992 жылдың 15 қаңтарында Қазақстан Республикасының №1128-ХІІ «Діни сенім бостандығы және бірлестіктер туралы» заңы күшіне енеді.

Бұл заң халықаралық құқықтық және дінтану сараптамасының қорытындысы бойынша едәуір демократияшы, толерантты және ашық, халықаралық стандартқа толық сәйкес келеді деп бағаланады.

Бірақ заңның тап осындай болып шыққаны, діни істерге мемлекеттің көбірек араласып, діни бірлестіктерді қатаң бақылауда ұстауды қалағандарға ұнаған жоқ еді. Осы тұрғыдан алғанда, 1992 жылы қабылданған жаңа заң, заңгерлердің айтуынша, «құқықтық реттеудегі сайма-сайлық көзқарасымен қарағанда проблемалық жағы баршылық»¹ екен.

¹ Подопригора Р. Комментарий к Закону Республики Казахстан «О религиозной деятельности и религиозных объединениях». – Алматы, 2013. 8-б.

Нәтижесінде 2011 жылы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» жаңа заң қабылданады. Алайда бұл заң да кейбір адамдарды қанағаттандырмай отыр. Сондықтан да заңның бұдан гөрі «қаталдау» түрін енгізу жөнінде сан алуан пікірталастар жүріп жатыр.

1992 жылы Қазақстанда Ехоба куәгерлерінің алғашқы діни бірлестіктері тіркеледі.

Ең бірінші болып Алматы облысының Есік қаласындағы қауым мен Алматы қаласындағы қауым тіркеледі. Олардың тіркелуі бір күнде – 1992 жылдың 16 сәуірінде өтеді.

Енді Қазақстандағы Ехоба куәгерлері қауымдарының 1992–1993 жылдары тіркелуден өту кестесін келтіре кетейін:

Тіркелу мерзімі	Діни бірлестіктің атауы	Тіркелген жері
16 сәуір 1992 жыл	Есік қаласы Ехоба куәгерлерінің діни қоғамы	Алматы облысы
16 сәуір 1992 жыл	Алматы қаласы Ехоба куәгерлерінің діни қоғамы	Алматы қаласы
24 сәуір 1992 жыл	Қаратау қаласы Ехоба куәгерлерінің діни қоғамы	Жамбыл облысы
30 мамыр 1992 жыл	Қаскелең қаласы Ехоба куәгерлерінің діни қоғамы	Алматы облысы
10 маусым 1992 жыл	Абай қаласы Ехоба куәгерлерінің діни қоғамы	Қарағанды облысы
17 маусым 1992 жыл	Шахтинск қаласы Ехоба куәгерлерінің діни қоғамы	Қарағанды облысы

22 шілде 1992 жыл	Шу қаласы Ехоба куәгерлерінің діни қоғамы	Жамбыл облысы
27 тамыз 1992 жыл	12 Декабрь ауылы Ехоба куәгерлерінің діни қоғамы	Алматы облысы
19 қазан 1992 жыл	Қостанай қаласы Ехоба куәгерлерінің діни қоғамы	Қостанай облысы
3 қараша 1992 жыл	Өскемен қаласы Ехоба куәгерлерінің діни қоғамы	Шығыс Қазақстан облысы
12 қараша 1992 жыл	Тараз қаласы Ехоба куәгерлерінің діни қоғамы	Жамбыл облысы
15 қаңтар 1993 жыл	Талдықорған қаласы Ехоба куәгерлерінің діни қоғамы	Алматы облысы
21 маусым 1993 жыл	Рудный қаласы Ехоба куәгерлерінің діни қоғамы	Қостанай облысы
23 маусым 1993 жыл	Сәтбаев қаласы Ехоба куәгерлерінің діни қоғамы	Қарағанды облысы
23 маусым 1993 жыл	Семей қаласы Ехоба куәгерлерінің діни қоғамы	Шығыс Қазақстан облысы
25 маусым 1993 жыл	Шымкент қаласы Ехоба куәгерлерінің діни қоғамы	Шымкент қаласы
6 қазан 1993 жыл	Ақсуқент қаласы Ехоба куәгерлерінің діни қоғамы	Түркістан облысы

Бүгінгі таңда Ехоба куәгерлері еліміздің барлық облыстары мен республикалық маңызы бар қалалардың бәрінде тіркелуден өткен және бірнеше рет мемлекеттік қайта тіркеу жасалған. Соңғы рет қайта тіркелу 2012 жылы жүзеге асырылған болатын. Әрбір қайта тіркелу кезінде олардың Жарғылары мен қызметтері мұқият тексеріліп, бәрі заңды екендігі мақұлданған.

Ехоба куәгерлері қызметтік құжаттары мемлекет тарапынан мақұлданғаннан кейін өздерінің діни бас қосу орындарын – Патшалық сарайларын сала бастайды. Куәгерлердің Қазақстандағы ең бірінші Патшалық сарайы (*балкім, КСРО бойынша*) Шу қаласында 1991 жылдың 19 қазанында іске қосылады. Алайда мемлекеттік тіркеуден өткен алғашқы Патшалық сарайы (*құрылыс құжаттары бойынша*) Есік қаласында тұрғызылып, 1993 жылдың 23 желтоқсанында пайдалануға беріледі.

Қазір Ехоба куәгерлерінің Қазақстанның барлық дерлік облыстарында орналасқан 60-қа жуық Патшалық сарайы бар.

1991 жылдың қыркүйек айында Қазақстан мен Орта Азия аумағында бірінші рет облыстық конгресс ұйымдастырылады. Ол Алматы қаласындағы «Алматыұйқұрылысы комбинатының» стадионында өткізіледі. Оған Қазақстанның түкпір-түкпірінен, Қырғызстаннан, Өзбекстаннан және Түрікменстаннан келген 5 мыңнан астам делегат қатысады. Ехоба куәгерлері конгрестің алдында стадионның әкімшілігімен арендалық ақының орнына стадионды жөндеп беруге келіседі. Осы жұмысқа жауапты кейбір сенушілер үш ай бойына сол жерде түней жүріп, жөндеу жұмыстарына бастан-аяқ қатысады. Жұмыс барысында 60 тонна цемент пайдаланылып, 90 тонна құрылыс қоқыстары шығарылады. Сондай-ақ трибуналар мен бөлмелердің 3 500 шаршы метр жері сыланып, 8 000 шаршы метр жері әктеледі, трибуналарға ағаш орындықтар қойылып, олардың бәрі түгел боялады¹.

¹ Вozлюбим Божью свободу. – Азия дауысы, 1991. Қараша. №15.

Осындай конгресс 1992 жылы Алматы қаласында екінші рет өткізіледі. Сондағы 6 605 делегат қатысқан конгресті өз көзімен көрген сол Орталық стадионның директоры былай дейді: «Мен сіздердің бүкіл айналамызға деген көзқарастарыңызды көріп таңғалудамын. Сіздердің адамдарыңыздың барлығы, жастары да, қарттары да, бәрі-бәрі салиқалы екендіктеріне енді көзім анық жетті. Мен өзімді дінге сенушімін деп айта алмағаныммен, бірақ бүгін сіздердің рухани және материалдық байлықтарға деген ұстанымдарыңызды көріп, өздеріңіз өте жоғары бағалайтын қасиеттілікке сенетін болдым». Ал осы конгресте өз міндетін атқарған милиция қызметкері өз ойымен былай деп бөліседі: «Мен сіздердің адамдарыңызбен екінші рет кездесіп отырмын, әрі екеуінде де – осындай конгресте. Шынымды айтсам, Ехоба куәгерлерінің арасында жұмыс істеу маған қатты ұнайды!»¹

Бұдан кейін 25 жылдан соң, 2017 жылдың маусым айында Алматыда бірінші рет Орта Азия деңгейіндегі арнайы конгрес өткізіледі. Оған шет елдерден, соның ішінде АҚШ-тан, Еуропадан шақырылған делегаттар қатысады. Бұл конгреске қатысушылардың жалпы саны 4 500 адам болады. Конгресс бағдарламасының жоғары талап деңгейде өтуіне Ехоба куәгерлері Басқарушы кеңесінің мүшесі Джеффри Джексон да атсалысады.

1997 жылдың қаңтар айында Әділет министрілігі Қазақстандағы Ехоба куәгерлерінің діни орталығын (*бастапқы кезде Есік қаласында орналасқан*) тіркеуден өткізеді.

2007 жылы Қалқаман-2 ықшам ауданындағы әкімшілік-діни ғимараттар кешенінің арнайы құрылысы аяқталғаннан кейін Діни орталық Есік қаласынан Алматыға көшіп келеді. Міне, содан бері Бетел Алматы қаласына орнығады.

Бетелдің құрылысы 2005 жылдың қаңтар айында басталған болатын. Құрылысқа көптеген жергілікті еріктілерден басқа, әртүр-

¹ Сторожевая Башня. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1993. 1 қаңтар. – 28-б.

лі 9 елден келген 40-қа жуық халықаралық қызметшілер мен сенушілердің арасынан өтініш білдірген 70-тен астам жергілікті құрылысшылар атсалысады. 7 гектар жерді алып жатқан ғимараттардың жалпы ауданы шамамен 5 000 шаршы метр. Кешен өзара өткелдермен байланысқан негізгі төрт ғимараттан тұрады, олардың ішінде офистер, ас әзірлейтін бөлме, асхана, тұрғын үй бөлмелері, кір жуатын бөлме, әдебиеттер қоймасы, шеберхана бар. Тұрғын үй кешенінде 39 бөлме орналасқан. Онда орталықта жұмыс істейтін ерікті қызметшілер тұрады. Басқа елдердегі сияқты Ехоба куәгерлері бұл орталықты Бетел деп атайды. Бұл сөз «Құдайдың үйі» дегенді білдіреді.

Қазақстандағы Орталықта әдебиет жөнелту, техникалық қызмет көрсету, жабдықтау, қызмет, заң, аударма, әкімшілік, компьютер бөлімдері, бухгалтерия, ауруханалық ақпарат бөлімі, жұртшылықпен байланыс жөніндегі бөлім, сондай-ақ жергілікті құрылыс-жобалау бөлімі жұмыс істейді.

Осының алдында жарық көрген «Қазақстандағы және Орта Азиядағы Ехоба куәгерлері» деген басылымда мен жоғарыда аталған бөлімдердің жұмысы туралы жеке-жеке әңгімелеп берген едім. Ал бұл жолы тек басты-басты маңызды жайттарға тоқталып өтсем деймін.

Қазір аударма бөлімінде әдебиеттер қазақ (*кириллица және араб қарпі*) және ұйғыр тілдеріне (*кириллица және араб қарпі*) тәржімеленеді. Дүниежүзіндегі барлық аудармашылар сияқты Қазақстандағы аудармашылар да өз жұмыстарын нәтижелі атқару үшін WTS (*Watchtower Translation System*) арнайы бағдарламасын қолданады (бұл бағдарламада басылымдар, анықтамалық материалдар, сөздіктер, энциклопедиялар және т.б. бар, сондай-ақ ол жұмыс кезеңдерін жоспарлау барысында өте тиімді). Аударма жұмысы келесідей ретпен жасалады. Белгілі бір жобаны жүзеге асыру үшін нақтылы топ тағайындалады. Әрмен қарай топтың әрбір мүшесі мәтінді жеке отырып талдап шығады, сосын барлығы

бас қосып бірге талқылайды да, аударуға қатысты тиісті шешімдер қабылдайды. Содан кейін аударуға кіріседі. Түпнұсқадағы ой дұрыс берілгендігіне көз жеткізу үшін аударма түпнұсқа тілмен салыстырылады. Соңында аударылған мәтін дауыстап оқылады. Оқу барысында грамматикалық қателерге және мәтіннің аударылған тілде табиғи естілуіне назар аударылады. Осылайша аударманың ойдағыдай шыққанына бәрі сенімді болған кезде, материал графика бөліміне жіберіледі. Сол жерде мәтін жарияланым форматына сәйкестендіріледі. Содан кейін техникалық қателерді тауып түзету үшін, мәтін және бір тексеруден, яғни механикалық тексеруден, өткізіледі. Ең соңғы вариант Германияға баспаға жіберіледі.

Қазақ тіліндегі әдебиеттерді 16-дан астам елде оқиды. 2014 жылдың 26–28 қыркүйек аралығында өткен Ехоба куәгерлерінің конгресінде «Киелі жазбалар – Жаңа дүние аудармасы» басылымының қазақ тіліндегі нұсқасы жарыққа шыққандығы хабарланады. Бұл қуанышты хабарландыруды Қазақстанға арнайы келген Ехоба куәгерлері Басқарушы кеңесінің мүшесі Геррит Леш жасайды.

Қазақ тілінде жарық көрген «Жаңа дүние аудармасы» туралы филолог, түркі тілдерінің маманы Александр Гаркавец былай дейді: «Киелі жазбаларды қазақ тіліне тәржімелеуде тәжірибелерінің аздығына қарамастан, Ехоба куәгерлерінің аудармашылары көңіл қоярлықтай әсерлі жұмыс атқарған. Әсіресе олар «Жаңа дүние аудармасының» түпнұсқадағы мәтіннің идеяларын дәлме-дәл жеткізу үшін қазақ тілінің бай әлеуетін шебер пайдалана білгені қуантады. «Жаңа дүние аудармасы» осылайша жанды сөздерге негізделіп жасалғандықтан, жұртшылықтың түсінуіне жеңіл болуы тиіс»¹.

Жұртшылықпен байланыс жөніндегі бөлім – Бетелдегі жаңа құрылым. Оның басты міндеті – журналистерге Қазақстандағы және дүние жүзіндегі Ехоба куәгерлері туралы әділ де нақты ақпараттар-

¹ Қазақ тіліндегі Киелі кітап. Куәгерлер оны конгрестерде және Ашық есік күнінде көпшілікке ұсынады. Ресми баспасөз хабарламасы [URL: <https://www.jw.org/ru/новости/пресс-релизы/по-регионам/казахстан/новый-перевод-библии-на-казахском-языке/>].

ды уақтылы ұсынып отыру. Сонымен қатар, бұл бөлім кейде жұртты дүрліктіру мақсатымен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы Куәгерлерге қатысты жарияланатын «желсөз» материалдарды теріске шығаратын ресми мәлімдемелер жасаумен айналысады.

Бетелдің заң бөлімі еліміздегі Ехоба куәгерлері мен орталықтың құқықтық қауіпсіздігін қорғайды. Өздері де Ехоба куәгерлері ұйымының мүшесі саналатын заңгерлер мен адвокаттар бүгінде жиі өзгеріп жататын заң нормаларын жіті қадағалап отыруда үлкен жұмыстар атқаруда, сонымен қатар, бір сенімдегілердің құқықтары мен еркіндіктерін қорғау үшін әртүрлі деңгейдегі сот процестеріне қатысып, әділдік салтанат құруы үшін көп тер төгеді. Осындай бағыт дәлдік-дәлелдеулердің нәтижесінде Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты өткен 10 жылдың ішінде Ехоба куәгерлерінің пайдасына 7 шешім шығарған екен. Бұлардың басым бөлігі қазақстандық азаматтардың тұрғын үйлер мен жалға алынған жайларда Құдайға құлшылық етуіне, басқа адамдармен өз діни сенімдері жайлы ой бөлісуіне, діни қызмет түрлеріне емін-еркін қатысуына қатысты құқықтары жөнінде болатын.

Біздің еліміздегі Ехоба куәгерлерінің тарихы оңай емес. Олар көптеген қиындықтарды бастарынан өткерді, әсіресе кеңестік мемлекеттің тарапынан жасалған небір әділетсіздіктерді көрді. Дегенмен де Куәгерлер солардың бәріне төтеп берді.

Енді міне, елімізге демократияның келуімен бірге олардың жағдайы да кезінде жақсы жаққа қарай өзгерген Германия, басқа да Батыс Еуропа және Америка елдеріндегідей болар деп ойлаймыз.

Дегенмен де 2017 жылы Ресей Федерациясындағы Ехоба куәгерлері заңды тұлғаларының жұмысына тыйым салынып, Куәгерлер бет қаратпас тұтқындалу мен қылмыстық қудалауларға ұшырап жатқанда, Қазақстан жұртшылығы, біздің билік не істер екен, көршілердің істегенін қайталар ма екен деп, біраз алаңдап қалғаны да рас. Және істің аяқ алысы тап осыған бет бұрғандай көрінді. 2017 жылдың 18 қаңтарында Қазақстанның Ұлттық қауіпсіздік комитеті Астана қаласында

61 жастағы Ехоба куәгері Теймур Ахмедовты тұтқындайды. Онкологиялық дертпен ауыратын ол Қылмыстық кодекстің 174-бабының 2-тармағы бойынша айыпалады. 2017 жылдың 2 мамырында Астананың қалалық соты оны «діни алауыздықты тудырды» және «бір діннің басқа діндерден артықшылығын айтып насихаттады» деген айыппен 5 жылға бас бостандығынан айырып, түрмеге жабуға үкім шығарады.

Соның артынша 2017 жылдың 17 мамырында билік өкілдері Бетел аумағына төтенше рейд жасайды. Беттерін бүркемелеп, автоматпен қаруланған 40 сарбаз лезде бүкіл жұрттың көзінше діни орталықты қоршап алады. Мұның бәрі айналасындағыларға үрей тудыру үшін ресейліктердің сценарийін қайталап жатқандай еді. Кейін осы істі қараған Алматының қалалық соты 2017 жылдың 29 маусымында Алматы қаласындағы Мәсіхшілік орталықтың қызметін үш айға тоқтатып, оған 680 000 теңге мөлшерінде (*2 107 АҚШ доллары*) айыппұл салуға шешім шығарады. Бұған себеп: айыптаушылардың сөзіне илансақ, сол жердегі ғимараттарда антитеррорлық сақтандыру ережелері бұзылған іспетті. Осыдан кейін, жасыратыны жоқ, енді көп ұзамай діни орталық мүлдем жабылатын шығар деп ойлағанбыз.

Алайда күтпеген жерден жағдай мүлдем өзгеріп сала береді. Әсіресе, 2017 жылдың маусым айының соңында Дін істері және азаматтық қоғам министрі Нұрлан Ермекбаевтың Орталық коммуникация қызметі мекемесінде өткізген брифинг кезінде мейлінше ашық айтқан сөздерінен кейін қысым әлдеқайда азайған сияқты болады. Ол сол жерде жиналған баспасөз қызметкерлерінің алдында былай деген еді: «Біздің заңдарымыз бойынша Қазақстанда тіркелуден өткен барлық діни бірлестіктердің құқықтары бірдей және заң алдында олардың бәрі тең құқылы. Міне, осы сияқты «Ехоба куәгерлерінің» діни бірлестігі де Қазақстанда ресми тіркелген, сондықтан да олар бар қызметін еліміздің заңдарына сәйкес атқарып келеді. Бұл ұйымның ұстанымы экстремистік бағытқа жатпай-

ды, сондықтан Қазақстанда оны толық жабу немесе қандай да бір қысым жасау туралы ешқандай жоспар жоқ»¹.

Бұл көп адамдар үшін күтпеген жағымды жаңалық еді. Иә, Қазақстан тәуелсіздік жолындағы өз таңдауын жасады, әрі бұл таңдау демократия үшін, сенушілердің құқықтарын құрметтеу үшін жасалған пайдалы қадамдардың бірі болды.

Осыдан кейін Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев түрмеде отырған Теймур Ахмедовке рақымшылық жасайды. Сөйтіп, ол 2018 жылдың 4 сәуірінде бостандыққа шығады. Ең қызығы, сол кезде Теймур Ахмедовтың сотталғандығы да жойылды.

Қазір Қазақстандағы Ехоба куәгерлерінің жалпы саны 17 500 адамдай. Ал егер олардың діни ілімдеріне қызығушылық танытып, қауым жиындарына тұрақты түрде қатысып жүргендерді есепке алсақ, олардың санын 30 000 адам деуге болар. Бұл, әрине, соншалықты көп емес, бірақ қанша дегенмен де Қазақстан азаматтарының белгілі бір бөлігін құрайды ғой.

Рас, қазір Қазақстандағы Ехоба куәгерлерінің өсімі 90-жылдардағыдай соншалықты қарқынды емес. Мысалы, 1997 жылы елімізде 81 қауымға топтасқан 10 585 адам Ехоба куәгері болса, қауым кездесулеріне 29 710 адам қатысатын. Ехоба куәгерлерімен Киелі кітапты 9 891 адам зерттеген. Ал 2019 жылы 262 қауымға топтасқан 17 485 адам шомылдыру рәсімінен өткен Куәгер еді. Сол жылы Иса Мәсіхті еске алу кешіне 30 516 адам қатысады.

Осы көрсеткіштерден байқалған азырақ өсім Куәгерлердің өскелең ұрпағының, сондай-ақ жаңадан қызығушылық танытушылардың есебінен орын алған-ды. Міне, осының өзі-ақ Қазақстандағы Ехоба куәгерлері ұйымының тұрақтылығын байқатса керек.

Қазақстандағы Ехоба куәгерлерінің қауымдары сан алуан ұлт өкілдерінің басын қосады. Олар – орыстар, украиндар, поляктар,

¹ Ермекебаев Алматы қаласындағы «Ехоба куәгерлері» қызметінің уақытша тоқтатылуына байланысты түсініктеме береді. [URL: <https://informburo.kz/novosti/ermekbaev-prokomentiroval-priostanovlenie-deyatelnosti-svideteley-iegovy-v-almaty.html>].

молдавандар, венгерлер, немістер, латыштар, литвандар, эстондар, белорустар, гагауздар, румындар, қазақтар, кәрістер, қытайлар, қырғыздар, өзбектер, тәжіктер, ұйғырлар, күрдтер және түрікмендер.

Бұл шынтуайтқа келгенде, бүгінгі Қазақстан қоғамының ұаттық құрамын толық қамтып отыр деп айтуға әбден келеді.

Сонымен, Қазақстан тарихына жасаған шолуымыз көрсеткендей, Ехоба куәгерлері біздің еліміз үшін «дәстүрлі» конфессия болмағанымен, соңғы 120 жылда «тарихи орныққан» діни ұйым деп айтуға толық негіз бар екен. Және осыншама ұзақ мерзімнің ішінде Куәгерлер бірде-бір рет ел тыныштығын бұзатын тәртіпсіздіктерге, қарсылық акцияларына, күш көрсету, антимемлекеттік немесе антиқоғамдық іс-әрекеттерге араласқан емес. Өйткені олар жай ғана «басқа» адамдар. Бірақ бұл «қауіпті» немесе «бөтен» деген сөздердің синонимі емес қой. Сосын біздің әрқайсысымызды өзгелермен салыстырса, шын мәнінде, «басқа» емеспіз бе? Бірақ мұндай өзгешелік, бізді бір-бірімізден айыру тиіс емес қой. Дұрысы, қайта, дәл осындай өзгешеліктер айрықша көзартымды көріністерді тудыратын болса керек-ті.

Жақында белгілі журналист Максим Шевченконың 2010 жылы «Мәскеу жаңғырығы» радиосына берген сұхбаты менің назарымды аударған еді. Осы әңгімеде Ехоба куәгерлері туралы да сөз қозғалады. Орайы келіп тұрған соң, осы материалдан бір үзінді келтіре кеткенді жөн көріп отырмын:

«Ехоба куәгерлері кеңестік заманда тұтқындау лагерлерінде мың-мыңдап қамалды. Олар мұнда ешқайда шықпай, бірнеше он жылдар бойына қамауда отырды... Сол уақыттарда Иркутск пен Красноярск облыстарының ортасында орналасқан Нижнеудинск немесе Верхнеудинск қалаларында Куәгерлердің үлкен қауымы болатын, олар, әрине, Америкадан әкелінгендер емес, 90-шы жылдары кәдімгі жергілікті орыстардан құрылған діни ұйым еді. Міне солар


өз сенімдері үшін, өз елінде қанын төгіп, өмірін қиып, көп зардап шекті»¹.

Біз әлбетте, өткенді өзгерте алмаймыз, ол мейлі жаман болсын, мейлі жақсы болсын, тарихта қалады. Дәл сол сияқты Қазақстанның өткен тарихында шуақты жарқын беттер де, бақытсыздыққа ұшырағандардың, жер аударылағандардың, тұтқынға түскендердің зары мен көз жастары да болды... Бір анығы, енді оларды біз еш өзгерте алмаймыз. Алайда біздің қолымыздан келетіні – өткен күндердің қасіретін қайта болдырмау, олардың қайталануына жол бермеу. Осының бәрі тек өзімізге байланысты, келер ұрпақ біздің бүгінгі күндерімізді қалай еске алатыны өзіміздің қолымызда.


Ендеше біз де осы бір бұлжымас шындықты, мүмкіндігінше бәріміз, әсіресе, мемлекеттік-шіркеулік қатынастарға билігі жүретіндердің жиірек еске алып тұрғанын қалар едік.

¹ Айрықша пікір. М. Шевченкомен жүргізілген сұхбаттың стенографиялық жазбасы. «Эхо Москвы» радиосы [URL: <https://echo.msk.ru/programs/personalno/686334-echo/>].

Бұқтырма, 1900 ж. ▶



Молдова, Батыс Белоруссия мен Батыс Украинадағы Ехоба куәгерлерінің ең ауқымды жаппай жер аударылуы 1949 жылдың жазында және 1951 жылдың көктемінде болды. Мыңдаған отбасылар Қазақстандағы және Сібірдегі арнайы қоныстарға «мәңгілікке» жер аударылды





1950–1960 жылдары Ехоба куәгерлерінің үлкен қауымдары Қарағанды, Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Шығыс Қазақстан және Жамбыл облыстарында болды.

КСРО кезінде Ехоба куәгерлерінің астыртын басып шығарған әдебиеттері





Николай Семенович КОНОНОВ

1957 жылы Текелі қаласында (Алматы облысы) сотталды



1993 жылы Кононов Н. С. толық ақталып, саяси қудалаудың құрбаны деп танылды





Владимир Александрович НИКОЛАЕВСКИЙ

Мәскеудегі инженерлік байланыс институтын тамамдаған, жоғары техникалық білімі бар инженер. Соғысқа дейін қаладағы қорғаныс кәсіпорынның ғылыми-зерттеу институтында жұмыс жасайтын. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде ГУЛАГ-қа жөнелтілді. Сол жерде Ехоба куәгерлерімен танысып, олардың қатарына қосылды. Кеңір кентіндегі тұтқындар көтерілісінің куәгері болды. Бостандыққа шыққаннан кейін Өскемен қаласында қоныстанды. Сол аймақта Куәгерлердің шағын тобының жетекшісі ретінде қайтадан сотталды. Соттың барысы баспасөз беттерінде жарияланды: «Казхстанская правда» газетінде (1 қыркүйек, 1957 жыл) және «Знамя коммунизма» газетінде (4 және 10 қыркүйек, 1957 жыл)



1991 жылы Николаевский В. толық ақталып, саяси қудалаудың құрбаны деп танылды






Мария Мироновна КИРИЛИНА

1958 жылдың 6 тамызында Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының үкімімен РСФСР ҚК 58-10-бабының 2-бөлігі бойынша айыпталып, үй-мүліктерін тәркілене отырып, ЕТЛ-ге 8 жылға бас бостандығынан айырылған

Ол туралы 1958 жылдың 23 тамызында «Правда Южного Казахстана» газетінде «Дочь Иеговы» деген мақала жарық көрді

1991 жылының басында Кирилина М. толық ақталып, саяси қудалаудың құрбаны деп танылды








1962 жылдың 30 наурыз күні Қарағанды қаласында Қазақстандағы Ехоба куәгерлерінің істерін қарастырған ең әйгілі сот процесі өтті

Соттың барысы туралы тіпті бүкілодақтық «Огонек» журналы «Конец пристанища Иеговы» деген мақала жариялады (№24 саны, 1962 жыл)





Кеңес үкіметі дінге қарсы үгіт-насихат жүргізді. Сол жылдары Ехоба куәгерлеріне қарсы сот процестері туралы бейнефильмдер түсіріліп, газет мақалалары жарияланып, кітаптар басылды. Дәл сол кезде «жау сектант» деген ойдан шығарылған ұғым пайда болды



Георгий Дмитриевич ПИСМЕНОЙ

1982 жылдың 4 наурызында Қостанай облыстық сотының үкімімен сотталды. Бұл кеңес дәуіріндегі қазақстандық соттың Ехоба куәгерлері ұйымына және олардың діни әдебиеттеріне қатысты шығарған соңғы танымал үкімі еді



2006 жылы Писменой Г. толық ақталып, саяси қудалаудың құрбаны деп танылды

Ресми деректердің
өзі 1970 жылдары
Қазақстанда 1000
Ехоба кәуегі
болды деп
мәлімдейді.
Олардың көбісі
сенушілердің
үшінші-төртінші
ұрпақтары еді



Кеңес үкіметінің
Ехоба куәгерлеріне
қарсы бағытталған
үгіт-насихат
мысалдары





A. Социалистическая Караганда
9 МАУСЫМ 1961 Ж.



B. Казахстанская правда
15 НАУРЫЗ 1986 Ж.



C. Огни Алатау
21 ҚАЗАН 1976 Ж.



ДЕРЕЖКОВ: В ИСТИННОМ СВЕТЕ. "БОЕВОЙ КАРАНДАШ"
ПОСТЕРЛЕР СЕРИЯСЫ, "ХУДОЖНИК РСФСР"




1991 жылдың қыркүйек айында Қазақстан мен Орта Азия аумағында бірінші рет облыстық конгресс ұйымдастырылды. Ол Алматы қаласындағы «Алматыұйқұрылысы комбинатының» стадионында өткізілді. Оған Қазақстанның түкпір-түкпірінен, Қырғызстаннан, Өзбекстаннан және Түрікменстаннан келген 5 мыңнан астам делегат қатысты



Кеңес үкіметінің ресми нұсқауы бойынша елдегі Ехова куәгерлерін тіркеуге тыйым салынды, сондықтан сенушілердің тіркеуден өтуі еш мүмкін емес еді

16 сәуір 1992 жыл – ең бірінші болып Алматы облысының Есік қаласындағы қауым мемлекеттік тіркеуден өтті

2012 жылы Ехова куәгерлерінің 60 заңи тұлғалары қайта тіркеуден өтті



Қазақстандағы Ехоба куәгерлерінің алғашқы ғибадат үйлері

Алғашқы Патшалық сарайларын
сенушілер өздері салды



Шу қаласы, 1991 жылдың 19 қазан күні
салынып бітті

Есік қаласы, алғашқы ресми «Патшалық
сарайы», 1993 жылдың 23 желтоқсан күні
салынып бітіп, іске қосылды



1997 жылдың қаңтар айында Әділет министрлігі Қазақстандағы Ехоба куәгерлерінің діни орталығын тіркеуден өткізді. Бұл орталық бастапқы кезде Есік қаласында орналасқан



2007 жылы Діни орталық Алматыға көшіп келді



ҮШІНШІ ТАРАУ

ЕХОБА КУӘГЕРЛЕРІ НЕ НӘРСЕГЕ СЕНЕДІ, НЕМЕСЕ ДІНИ ІЛІМДЕРІНІҢ НЕГІЗДЕРІ

Ехоба куәгерлерімен танысқанда, адам бұл діннің ілімдері оның өз шіркеуінің діни ілімдерінен қаншалықты өзгеше екенін біліп, қайран қалып жатады. Ал тіпті таңғаларлық болуы мүмкін жайт: Ехоба куәгері қандай да бір ілімге не үшін сенетінін түсіндіргенде, «өйткені бұл қалыптасып қалған дәстүр» деп жауап бере салмайды, қайта Киелі кітаптан нақты үзінділер келтіріп, қисынды да зерделі жауап беруге тырысады. Бұл расында да таңғалдырарлық тай нәрсе, өйткені, шынына келсек, өздерін діндар дейтін адамдардың көбісі шіркеулері үйрететін ілімдерінің негізін, рәсімдерінің, мейрамдарының және діни қызметшісі киімінің шығу тегі мен мәнін жете түсіне бермейді. Көп жағдайда бұл тек сенімге негізделеді, өйткені «барлығы осылай істейді», «бұл қалыптасып қалған ғұрып», «дінбасы не дұрыс екенін жақсы біледі» және т.с.с. Ал Ехоба куәгерлерінде бәрі басқаша. Әр сенуші қандай да бір нәрсеге неліктен сенетінін не сенбейтінін нақты біледі. Сондай-ақ олардың ілімдерінде қалыптасып қалған догматтар мен ғұрыптар жоқ. Бұл сенушінің дүниетанымына әсер етпей қоймайды.

Тағы бір ескеретін жайт: Ехоба куәгерлері қандай да бір діни топтан бөлініп кеткен емес, сондықтан да о бастан-ақ олардың белгілі бір догмалар мен діни ілімдер «қорлары» болмады. Ч. Расселл мен оның жақтастары Киелі кітап зерттеушілерінің алғашқы ілімдерін қалай қалыптастырғаны туралы бірінші тарауда қарастырылады.

Осы орайда Ч. Расселл өзінің және пікірлес адамдардың алдына қойылған негізгі міндеттер туралы былай дейді: «Біздің ісіміз ұзақ уақыт бойы бастары бірікпей келген шындық атаулының түйіршіктерін жинау және оларды Жаратушының халқына жеткізу, бірақ мұны жаңалық ретінде емес, немесе біздің жекеменшігіміз ретінде емес, Жаратушы Иеміздің ерекше сыйы ретінде жеткізу». Әрмен қарай ол өз ойын: «Біз тіпті шындықтың бір түйіршігін тауып алып, оны бірыңғай жүйеге келтіргеніміздің өзін, өз еңбегіміз деп санамауымыз керек. Жаратушы біздің қарапайым дарынымызды қолдануды қажет деп тапқан бұл іс жарату ісі емес, қайта, қалпына келтіріп, сәйкестендіру ісі болып табылады», – деп жалғастырады¹.

Расселл осынау ілімді кеңінен тарату үшін уағыздарын апта сайын АҚШ, Канада және Еуропа газеттерінде (*көлемі екі бағанадай*) тұрақты түрде жариялап отырады.

1912 жылы Расселл және оның пікірлестері айрықша батыл да бірегей жобаны қолға алады. «Заманынан озған ағарту науқаны дүние жүзіндегі миллиондаған адамды қамту керек еді. Бұл жерде әңгіме, кинокадрлары слайдтармен қосылып, музыкамен және грампластинкаларға жазылған дәрістермен қатар көрсетілетін «Жаратылыс фотодрамасы» туралы болып отыр. Сегіз сағатқа созылатын «фотодрама» төрт бөлікке бөлінген болатын. Осы «Жаратылыс фотодрамасынан» басқа, дәріс пен музыкадан немесе жазылым мен слайдтардан тұратын «Эврика драмасы» дайындалды. Мұнда кинокадрлар болмағанымен, ол адамдар аз қоныстанған аймақтарда едәуір жетістіктерге жетеді»².

1914 жылы тұсауы кесілген «Жаратылыс фотодрамасын» жарыққа шығару үшін Расселл және оның көмекшілері үш жылдай тер төгеді. Егер «фотодрамаға» сол уақыттағы жетістіктер деңгейінде қарайтын болсақ, сөз жоқ, бұл үлкен жаңалық еді. Өйткені

¹ Свидетели Иеговы – возвещатели Царства Бога. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2005. – 49-б.

² Сол жерде. – 59-60-б.

онда кинокадрлар, дауыс жазбалары және түрлі түсті шыны слайдтар біріктірілген болатын. Киелі жазбалар бойынша көріністерді киноға түсіру үшін жүздеген адамдар, кейде тіпті хайуанаттар да қатыстырылды. Осы орайда 1913 жылығы бір есепте былай делінді: «Дыбысталған фильмдегі Нұхтың заманы туралы көріністі түсіру үшін ірі зообақтардың біріндегі жануарлардың көбісі қатыстырылды». Ал жүздеген шыны слайдтардың әрқайсысын Лондон, Нью-Йорк, Париж, Филадельфия суретшілері қолдан бояды¹. Бұл фотодраманың сенушілерге қатты ұнағаны соншалық, оның кітап түріндегі көшірмесін кейін, тіпті оншақты жылдан соң, Қазақстанда тұратын Ехоба куәгерлері пайдаланып жүреді.

Дегенмен де бәрі ойдағыдай өтіп жатты деп айтуға келе қоймас. Расселл қайтыс болғаннан кейін, Ехоба куәгерлері айтқандай «Киелі кітап зерттеушілерінің сенімі қатаң сынға түседі». Сөйтіп, теократиялық доктриналардағы келіспеушіліктер жікке бөлінуге әкеп соқтырады. Ақыры іріткі салушылар ұйымдастырған ауқымды науқанның кесірінен Киелі кітап зерттеушілерінің кейбір қауымдарында екі топ пайда болады: «Қоғамға адал болып қалғандар және ділмар қарсыластарына жем болғандар»².

Осындай бөлінушілік Киелі кітап зерттеушілерінің қатарын барынша нығайта түседі: нәтижесінде ұйымда тек ең табандылары ғана қалады (*олар басым бөлігі болатын*), яғни, қатал сынақ оларды бұрынғыдан да жақындастырып жібереді.

Сондықтан Расселл дүниеден өткен соң да ілімнің негіздерін жетілдіру, догматиканың кейбір ережелерін нақтылай түсу жұмыстары әрмен қарай тоқтаусыз жүргізіледі. Киелі кітап зерттеушілері христиан конфессияларының кейбір кең таралған ілімдерін Киелі кітапқа негізделмеген деп бірден жоққа шығарды. Ал басқаларынан болса, уақыт өте келе бас тартты.

¹ Құдай патшалығы биік етуде! – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2014. – 71-б.

² Свидетели Иеговы – возвестители Царства Бога. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2005. – 66-69-б.

Әрі мұндай жұмыстар күні бүгінге дейін жалғасын табуда.

Қазіргі таңдағы көрнекті дінтанушылардың бірі профессор Екатерина Элбакян Ехоба куәгерлерін сипаттай келіп, олардың «діни ілімдерінің негізі көп жағдайда «тарихи» христиандықтың протестанттық түріне жақын» дегенді ашық айтады¹.

Сондай-ақ «Ехоба куәгерлері Құдай патшалығын жариялайды» деген іргелі еңбекте: «Ехоба куәгерлері жаңа ілім ойлап табуды, ғибадаттың жаңа түрін енгізуді және қандай да бір жаңа дінге бастама беруді ешқашан мақсат етпеген (*яғни, өзін христиандықтан бөлуді, әрі мұны айрықша атап өткен жөн* – А. А.). Ехоба куәгерлерінің қазіргі тарихынан олардың тек Құдай Сөзі – Киелі кітапта жазығандарды үйретуге деген адал талпыныстары айқын көрінеді. Киелі кітап – олардың нанымдары мен өмір салттарының негізі. Олар қазіргі мына дүниенің жүгенсіздікке деген ұмтылысын қуаттайтын оқу-ілімдерді еш қоштамайды. Қайта, керісінше, Киелі кітап ілімдері мен I ғасырдағы мәсіхшілердің өмір-салтын барынша тура ұстануды қалайды»,² – деп айтылады.

Сондықтан да Ехоба куәгерлерінің оқу-ілімінде б.з. 325 жылы, яғни Киелі кітап жазылып біткеннен кейін, Никей жиынында қабылданған сенім символы жоқ.

Киелі кітап – шынайы мәсіхшіліктің қайнар көзі деп түсінетін олар, Құдай өзінің «адал да ақылды құлы» арқылы Киелі кітаптық шындықтар мен пайғамбарлықтарды анығырақ түсінуге көмектесетініне сенеді. Осындай түсініктің арқасында Ехоба куәгерлерінің діни ілімі «Киелі кітаптық емес доктриналардан» бірте-бірте тазаруда³. Күні бүгінге дейін олар Расселлдің 1909 жылы айтқан сөздерін ұрандары деп біледі: «Негізгі үлгіміз Киелі кітап екенін,

¹ Новые религии в России: 20 лет спустя. Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – М., 2012. 14 желтоқсан. – 119-б.

² Свидетели Иеговы – возвестители Царства Бога. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2005. – 120-б.

³ Энциклопедия религий. А. Забияко, А. Красникова, Е. Элбакян редакциясы. – М., Академиялық жоба «Гаудеамус», 2008. – 1130-б.

ал басқа құралдар, Құдайдың көмегімен жарық көрсе де, жай ғана құралдар болып қала беретінін және Киелі кітаптың орнын баспайтынын ешқашан ұмытпаңдар»¹.

Ехоба куәгерлерінің іліміне тән тағы бір ерекшелік – ол үнемі жаңғырып отырады, немесе Куәгерлердің өз тілдерімен айтсақ – «Киелі кітаптағы қайсыбір пайғамбарлықтар туралы түсініктер мезгілі жеткенде дәлдірек айқындалып жатады» екен. Яғни, мұндай кездері негізгі ілім сол бұрынғы қалпында қалғанымен, пайғамбарлықтарды, үйретулерді немесе нақылдарды түсіндіру мейлінше ашыла түспек.

Күзет мұнарасында үнемі екпін түсірілетіндей, Ехоба куәгерлері догматтарға ғана сеніп, бірбеткей болудан да, жауабы әлі айқын емес сауалдарға қатысты болжамдар жасаудан да аулақ болуға тырысады. Сондай-ақ олар барлық сұрақтарға жауаптарымыз бар деп те айтпайды.

Ехоба куәгерлері дәл бұндай нақтылауды өз діндерінің нағыз шындық екендігінің бірден-бір белгісі деп есептейді. Және оны былай деп түсіндіреді: «Ехоба куәгерлері Құдайдың ойлағанын түсінулері жылдар өткен сайын талай рет өзгергенін талассыз мойындайды. Әрі бұл солай болуы тиіс те, өйткені Құдайдың ойлағандары туралы білім біртіндеп ашылады. Бірақ Құдайдың о баста көздегені еш өзгермейді, алайда Алла Тағала өзінің қызметшілерін үнемі үйретіп, білімін толықтырып отыратын болғандықтан, олардың көзқарасын арагидік түзетіп отыруға тура келеді. Мұндай өзгерістер Киелі кітапта жазылған келесідей сөздерге сай келеді: «Әділдің жолы таң шапағы іспетті, Тал түс болғанша жарқырай түседі» (*Нақыл сөздер 4:18*). Күн ұясынан шыққанда, айнала бірте-бірте айқын көріне бастайды. Сол сияқты Құдай да өз Сөзінің мәнін бірте-бірте, өз уақтысында ашады (*Петрдің 1-хаты 1:10–12*). Киелі кітапта алдын ала айтылғандай, Құдай мұны «ақырғы уақытта» тездетті (*Даниял 12:4*). Құдайдың

¹ Сторожевая башня. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1995. 1 мамыр. – 13-б.

ежелдегі қызметшілері де кезінде бұрыс ой түзген, жаңсақ үміттері болған. Сол үшін де оларға көзқарастарын түзету қажет болған. Біз Киелі кітапты түсінуіміздің өзгеріп отыратынын еш жасырмаймыз. Қайта, біз оларды қағазға түсіріп, жариялап отырамыз. Мысалы, біздің басылымдарымыздың электрондық индексіндегі «Түсінудегі нақтылау» бөлімін қарасаңыз болады»¹.

Ал ұйымдастыру шаралары, сондай-ақ діни оқу және құлықтылық мәселелері бойынша жасалынған соңғы өзгертулердің толығырақ тізімі 2016 жылғы Ехоба куәгерлерінің жылнамасында жарияланған. Осы кестеде 2012–2015 жылдар аралығында айқындалған 26 нақтылау бар². Әрі осындай нақтылаулар әрмен қарай да жалғасын тауып жатқанымен, негізгі ілімдер сол бұрынғы қалпында қала бермек. Мен осы кітаптың екінші басылымында 1994 жылы жарық көрген «XX ғасырдағы Ехоба куәгерлері» деген кітапшадан алынған Ехоба куәгерлері ілімінің тізімін келтірген едім. Енді міне, арада ширек ғасырдан көп уақыт өтсе де сонда көрсетілген негізгі ілімдердің еш өзгермегенін растай аламын және оларды өздеріңіз де төмендегі кестеден көре аласыздар³.

Діни ілім	Дәлелдеме негізі (Киелі кітап бойынша)
1. Киелі кітап – Құдай сөзі және шындық	Тімөтеге 2-хат 3:16, 17; Петірдің 2-хаты 1:20, 21; Жохан 17:17
2. Шіркеу дәстүрлеріне қарағанда, Киелі кітап сенім артуға әлдеқайда лайық	Матай 15:3; Қолостықтарға 2:8

¹ Ехоба куәгерлері жөнінде жиі қойылатын сұрақтар. Ехоба куәгерлерінің ресми сайты [URL: <https://www.jw.org/kk/ехоба-куәгерлері/жиі-қойылатын-сұрақтар/>]

² Ехоба куәгерлерінің электрондық кітапхана сайтында көрсетілгендей, 2016–2018 жылдар аралығында тап осындай және 16 нақтылау анықталған.

³ Свидетели Иеговы в двадцатом веке. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1994. – 13-б.

3. Құдайдың есімі – Ехоба	Мұсаның 1-жазбасы 22:14; Мұсаның 2-жазбасы 3:14; 6:3 (сілтемеде); 15:3; 33:19
4. Иса Мәсіх Құдайға тең емес әрі оған бағынышты	Матай 3:17; Жохан 8:42; 14:28; 20:17; Қорынттықтарға 1-хат 11:3; 15:28
5. Иса Мәсіх – Құдайдың алғашқы жаратылысы	Қолостықтарға 1:15; Аян 3:14
6. Иса Мәсіх айқышқа емес, бағанаға шегеленген	Ғалаттықтарға 3:13; Елшілердің істері 5:30
7. Мәсіх тіл алғыш адамдар үшін өзінің адами өмірін құрбан етті	Матай 20:28; Тімөтеге 1-хат 2:5, 6; Титке 2:14; Петірдің 1-хаты 2:24
8. Мәсіхтің құрбандығы жеткілікті болды	Римдіктерге 6:10; Еврейлерге 9: 25–28
9. Мәсіх өлмес рухани тұлға ретінде қайта тірілді	Петірдің 1-хаты 3:18; Римдіктерге 6:9; Аян 1:17,18
10. Мәсіх көзге көрінбесе де, келіп қойған	Жохан 14:19; Матай 24:3; Қорынттықтарға 2-хат 5:16; Зәбүр 109: 1, 2
11. Құдай Патшалығының билеушісі Мәсіх жерде әділдік пен тыныштық орнатады	Ишая 9:6, 7; 11: 1–5; Даниял 7:13; Матай 6:10
12. Құдай Патшалығы жер бетінде өмір сүруге өте керемет жағдай орнатады	Зәбүр 71:1– 4; Аян 7:9, 10, 13–17; 21:3, 4
13. Жер ешқашан жойылмайды, оны адамдар әрқашан тұрақ етеді	Уағыздаушы 1:4; Ишая 45:18; Зәбүр 77:69
14. Армагедон шайқасында Құдай тек зұлым адамдарды жояды	Аян 16:14, 16; Софония 3:8; Даниял 2:44; Ишая 34:2
15. Адал еместер мәңгілікке жойылады	Матай 25:41–46; Салоникалықтарға 2-хат 1:6–9
16. Құдай мақұлдаған адамдар мәңгілік өмірге ие болады	Жохан 3:16; 10:27, 28; 17:3; Марқа 10:29, 30

17. Өмірге апаратын жол біреу-ақ	Матай 7:13, 14; Ефестіктерге 4:4, 5
18. Біз «соңғы күндері» өмір сүріп жатырмыз	Матай 24:3–14; Тімөтеге 2-хат 3:1–5; Лұқа 17:26–30
19. Адам атаның күнәсінің кесірінен адамдар өлетін болды	Римдіктерге 5:12; 6:23
20. Адам өлгенде, оның жаны тіршілік етуді доғарады	Езекиел 18:4; Уағыздаушы 9:10; Зәбүр 6:6; 145:4; Жохан 11:11–14
21. Тозақ – адамзат атаулы жерленетін мола	Зәбүр 6:6; Аян 20:13, 14
22. Өлгендердің қайта тірілуге үміті бар	Қорынттықтарға 1-хат 15:20–22; Жохан 5:28,29; 11:25, 26
23. Адам атадан мұраға қалған өлім жойылады	Қорынттықтарға 1-хат 15:26, 54; Аян 21:4; Ишая 25:8
24. «Кішкентай қораны» құрайтын 144 000 адам ғана Мәсіхпен бірге билік ету үшін көкке барады	Лұқа 12:32; Аян 5:9, 10; 14:1, 3; Қорынттықтарға 1-хат 15:40–53
25. 144 000 адам Құдайдың рухани ұлдары ретінде қайта туылған	Петірдің 1-хаты 1:23; Жохан 3:3; Аян 7:3, 4
26. Рухани Исраилмен жасалған жаңа келісім	Еремия 31:31; Еврейлерге 8:10–13
27. Мәсіхшілер қауымының іргетасы Мәсіхтің өзі	Ефестіктерге 2:20; Ишая 28:16; Матай 21:42
28. Дұғалар Мәсіх арқылы тек Ехобаға айтылу керек	Жохан 14:6, 13, 14; Тімөтеге 1-хат 2:5
29. Ғибадатта мүсіндерді қолдануға болмайды	Мұсаның 2-жазбасы 20:4, 5; Мұсаның 3-жазбасы 26:1; Қорынттықтарға 1-хат 10:14; Зәбүр 113:12–16
30. Спиритизмнен сақтану керек	Мұсаның 5-жазбасы 18:10–12; Ғалаттықтарға 5:19–21; Мұсаның 3-жазбасы 19:31

31. Шайтан – осы дүниенің көзге көрінбейтін әміршісі	Жоханның 1-хаты 5:19; Қорынттықтарға 2-хат 4:4; Жохан 12:31
32. Мәсіхшіге конфессияаралық істерге араласуға болмайды	Қорынттықтарға 2-хат 6:14–17; 11:13–15; Ғалаттықтарға 5:9; Мұсаның 5-жазбасы 7:1–5
33. Мәсіхші мына әлемнен шеткері тұру қажет	Жақып 4:4; Жоханның 1-хаты 2:15; Жохан 15:19; 17:16
34. Құдайдың талаптарына қайшы келмейтін адами заңдарға бағыну керек	Матай 22:20, 21; Петірдің 1-хаты 2:12; 4:15
35. Ағзаға ауыз не тамыр арқылы қан қабылдау – Құдай заңын бұзғандыққа жатады	Мұсаның 1-жазбасы 9:3, 4; Мұсаның 3-жазбасы 17:14; Елшілердің істері 15:28, 29
36. Киелі кітаптың өнегелілік заңдарына мойынсұнуымыз қажет	Қорынттықтарға 1-хат 6:9, 10; Еврейлерге 13:4; Тімөтеге 1-хат 3:2; Нақыл сөздер 5:1–23
37. Діни демалыс күнін тек израилдіктер ұстану керек болған және Мұса заңымен бірге ол да күшін жойған	Мұсаның 5-жазбасы 5:15; Мұсаның 1-жазбасы 31:13; Римдіктерге 10:4; Ғалаттықтарға 4:9, 10; Қолостықтарға 2:16, 17
38. Дінбасылар табы мен ерекше діни лауазымдар Киелі кітапқа сәйкес келмейді	Матай 23:8–12; 20:25–27; Әйүп 32:21, 22
39. Адам эволюция жолымен пайда болған жоқ, оны Құдай жаратты	Ишая 45:12; Мұсаның 1-жазбасы 1:27
40. Құдайға қызмет еткенде, Мәсіхтің үйреткендерін үлгі тұту керек	Петірдің 1-хаты 2:21; Еврейлерге 10:7; Жохан 4:34; 6:38
41. Шомылдыру рәсімінен өту – суға толық батырылу арқылы Құдайға бағышталуды бейнелейді	Марқа 1:9, 10; Жохан 3:23; Елшілердің істері 19:4, 5
42. Мәсіхшілер Киелі кітаптағы шындық туралы ашық куәлік етулері тиіс	Римдіктерге 10:10; Еврейлерге 13:15; Ишая 43:10–12

Сонымен, кестеден көріп отырғанымыздай, Ехоба куәгерлері діни ілімдерінің басты-басты негіздері 42 айқындамадан тұрады екен.

Атап өтуге тұрарлық және бір жайт, осының алдындағы кітапты баспаға әзірлеген кезден бергі 10жыл аралығында Ехоба куәгерлерінің өз ілімдерін тарататын ақпарат көздері де едәуір арта түсіпті.

Біріншіден, Ехоба куәгерлерінің онлайн-кітапханасы іске қосылыпты. Міне, осы электрондық қордан олардың жарыққа шыққан барлық басылымдарын табуға болады. Мұнда орыс тіліндегі жарияланымдардың кейбірі – 1986 жылдан, ал ағылшын тіліндегісі 1950 жылдан бастап енгізілген.

Сондай-ақ онлайн-кітапханада Ехоба куәгерлерінің «Жазбаларды түсіну» («*Понимание Писания*») энциклопедиясының орыс тіліндегі нұсқасы қолжетімді. Бұл басылым тек бірыңғай Киелі жазбаларға арналғандықтан, мұнда Куәгерлердің қазіргі тарихы туралы ештеңе айтылмайды. Бұл еңбекте Киелі кітаптағы жекелеген адамдар, оқиғалар және елді мекендер жөнінде жазылған энциклопедиялық ақпараттардан бөлек Ехоба куәгерлерінің ілімдері жан-жақты қамтылғандықтан менің зерттеу жұмыстарым үшін өте бағалы болып шықты.

Екіншіден, соңғы жылдары Ехоба куәгерлері интернет-сайты белсенді түрде қолдана бастапты. Тіпті олардың өз интернет-теледидары да бар. Куәгерлердің ресми сайтында қайсыбір мәселелерге қатысты өз көзқарастарын түсіндіретін арнайы айдарлар ашылған және өздерінің ілімдері туралы кеңірек түсініктемелер беріп отырады.

Сонымен байқағанымыздай, менің «меншігімде» бұрынғыға қарағанда әлдеқайда көп ақпарат бар екен.

Қандай да бір ілімді қарастырғанда, мен бірінші кезекте түпдерекке, яғни Куәгерлердің әдебиеттеріне сүйенуді жөн көрдім. Ал өз түсініктемелерімді қажеттілігіне қарай ғана қосатын боламын. Бұл қандай да бір бұрмалауларға орын бермейді, әрі оқырманға және зерттеушіге сол ілімдермен автордың көзқарасымен араласпаған

күйінде танысып шығуға мүмкіндік береді. Ал бұл өз кезегінде әрқайсысына өзінің жеке тұжырымын жасауына жол бермек.

Сонымен, Ехоба куәгерлері ілімдерінің әрбір позициясын толығырақ қарастырып көрейік.

1. Киелі кітап – Құдай Сөзі және шындық

Иә, Киелі кітап – Ехоба куәгерлері үшін басты кітап, кітаптардың кітабы, талассыз бедел. Олар «Киелі жазбалардың бәрі Құдай рухының жетелеуімен жазылғанына әрі... тиімді» (*Тімөтеге 2-хат 3:16*) екеніне және Иса Мәсіх пен алғашқы мәсіхшілер өз өмірлерінде басшылыққа алған Киелі кітаптық постулаттарды қабылдағандықтарына һәм соларды қызғыштай қорғап жүргендіктеріне бек сенімді.

Ехоба куәгерлері үшін бүкіл Киелі кітап – Құдай сөзі. Демек, Киелі кітаптың 66 кітабы түгелдей Құдай рухының жетелеуімен жазылған және тарихи тұрғыдан қарағанда тура. Киелі кітаптың бізге Жаңа өсиет ретінде танылған бөлігін олар – Мәсіхшілердің Грек жазбалары, ал Көне өсиетті Еврей жазбалары деп атайды. Және мұны Куәгерлердің өздері «бұлай дейтініміз, Киелі кітаптың қайсыбір бөлігі ескіріп кеткен, сондықтан ендігі жерде ол қажет емес деген ой тудырмау үшін»¹ деп түсіндіреді. Міне, осының өзі де Киелі кітап олардың ғибадатында қаншалықты маңызды рөл атқаратынын көрсетіп тұрған жоқ па!

1896 жылы Киелі кітап зерттеушілері өздерінің баспа жұмыстары үшін пайдаланған заңдық тұлғаның атауына ресми түрде «Киелі кітап» деген сөзді енгізген болатын.

Ехоба куәгерлері Грек жазбаларына да, Еврей жазбаларына да бірдей сенім артады. Олар бұларды тек жазбалардағы кейбір тіркестер немесе мәнмәтіндер бейнелі яки символикалық тұспалдауға меңзеп тұрғанда болмаса, тура мағынасында түсінеді. Бұл бағытта

¹ Признают ли Свидетели Иеговы Ветхий Завет? Ехоба куәгерлерінің ресми сайты [URL: <https://www.jw.org/ru/свидетели-иеговы/часто-задаваемые-вопросы/вера-в-ветхий-и-новый-завет/>].

тағы бір қадам 2015 жылы жасалған. Сол кезде Күзет мұнарасында келесідей жазылған еді: «Адамдар Киелі кітаптағы қай мәліметтің болашақтағы жайттардың түпбейнесі, ал қайсысы түпбейнесі емес екенін біле алмайды. Сондықтан ең дұрыс шешім мынау — Жазбалар қандай да бір адам, оқиға немесе зат белгілі бір жайттың түпбейнесі деп нұсқаса, біз оны солай деп қабылдаймыз. Ал Жазбаларға негізделген еш дәлел болмаса, қандай да бір адамды, оқиғаны немесе затты түпбейне деп қарастырмаған дұрыс»¹.

Куәгерлер Киелі кітаптың жазылуын былайша пайымдайды:

«...Құдай аспанды, жерді және жер бетінде өмір сүретін барлық тіршілік атаулыны жарату үшін құдіретті күші – Киелі рухын қалай қолданған болса, Киелі кітапты жазу үшін де оны тап солай пайдаланған.

Демек, Киелі кітаптың авторы – Ехоба Құдай. Ал сол жазбаларды шиыршықтарға түсіру үшін, мысалы, қандай да бір хат жаздырту үшін іскер адам хатшысын қалай пайдаланатын болса, Жаратушы Иеміз де адамдарды тап солай қолданған. Яғни, хатшы хат жазады, бірақ хатқа әлгі іскер адамның ойлары мен идеяларын түсіреді. Демек, бұл хаттың иесі хатшы емес, іскер адам. Дәл осы сияқты Киелі жазбалар да оны жазу үшін қолданылған адамдардың емес, Құдайдың кітабы болып табылады.

...Қазір адамдар өзінің үйінде отырып-ақ радио немесе теледидар арқылы тіпті алыс елдерден хабарлар ала алады. Бұл жерде, әрине, дыбыстар немесе бейнежазбалар Құдай жаратқан физикалық заңдардың күшімен алыс қашықтықтарды жеңіп отыр. Ендеше осыншалық құдіреттің иесі Ехоба адамзатқа жеткізілуі тиіс ақпараттарды жаздыруды адамдарға жүктеуі әбден мүмкін екендігін түсіну қиын болмаса керек-ті. Міне, нәтижесінде ғажайып кітап жарық дүниеге келді»².

¹ Күзет мұнарасы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2015. 15 наурыз. – 18-б.

² Ты можешь жить вечно в раю на земле. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1989. – 48-49-б.

Ехоба куәгерлері Ескі және Жаңа өсиеттерді біртұтас туынды деп қарастырады және Ескі өсиет – тек еврейлерге, ал Жаңа өсиет христиандарға арналған деушілердің пікірлерімен мүлдем келіспейді. Және мұны олар Киелі кітаптың өзіне сүйеніп растайды. Ендеше «Киелі кітапты толығымен зерттеуімізге барлық негіз бар» деген сөз, өйткені «шын мәнінде, Киелі кітаптың екі бөлігі жалпы бір тақырыпты үйлесімді дамыта отырып, бірін-бірі толықтырады»¹. «Киелі кітап, – олардың түсінігінше, – кітаптардың жиынтығынан құралса да, біртұтас шығарма болып табылады. Бұл тұтастық Киелі кітап бірінші бетінен соңғы бетіне дейін қасиеттері еш өзгермейтін жалғыз шынайы Құдайға ғана құлшылық етуді қорғайтындығынан және Киелі кітаптың барлық кітаптарының түпкі негізі ортақ тақырыпты біртіндеп ашатындығынан көрінеді»².

Олардың пікірінше, Киелі кітаптың барлық 66 кітабын Киелі жазбаларда көрсетілген адамдар құрастырған. «Құдайдың хатшылары» болған ол адамдар: Мұса, Иисус Навин және тағы басқалар – барлығы 40 адам.

Олар Киелі жазбалардың хронологиялық дұрыстығына да еш күмәнданбайды. Бірақ православиеліктер мен католиктерден бір айырмашылығы, олар бізге көне еврей тілінде жеткен Еврей жазбаларының (Көне өсиеттің) тек 39 канондық кітабын ғана мойындайды. Ал 11 канондық емес немесе екінші канондық кітаптарды Құдайдан емес деп есептегендіктен, оларды өз басылымдарына енгізбейді.

Негізінен канон және апокриф тақырыбы олардың әдебиеттерінде біршама түсінікті әрі кең түрде жазылған. Мысалы, «Жазбаларды түсіну» энциклопедиясында осы тақырыптарға арналған бірқатар материалдар бар. Онда аталмыш мәселеде туындауы мүмкін сұрақтар мен әртүрлі нақтылы жайттар жан-жақты талданады.

¹ Мәңгілік өмірге алып баратын білім. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1995. – 13-б.

² Библия: слово Бога или человека? – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1998. – 149-б.

Сондай-ақ «Барлық Жазбаларды Құдай рухтандырған және пайдалы» («*Все Писание вдохновлено Богом и полезно*») деген кітапта «Киелі кітаптық канон» («*Библейский канон*») деп аталатын арнайы тарау да бар. Егер кімде-кім осы мәселеге қызығушылық танытса, ешбір қиындықсыз аталмыш басылымдармен Ехоба куәгерлерінің онлайн-кітапханасы арқылы таныса алады.

Жалпы, Ехоба куәгерлерінің діни тәжірибесінде Киелі кітапты оқуға айрықша көңіл бөлінеді. Әрі мұнда тек теологиялық мәселелер ғана емес, Киелі кітап тарихына және археологиясына көп көңіл бөлінеді. Бұл тақырып бойынша Ехоба куәгерлері әдебиеттерінің арасынан мынадай басылымдарды бөлекше атауға болады: «Жазбаларды түсіну» («*Понимание Писания*») (*өте терең зерттелген еңбек, мұнда Киелі кітапта кездесетін барлық есімдерді, атауларды және аймақтарды қамтитын мақалалар, сондай-ақ көптеген қосымша материалдар бар*); «Барлық Жазбаларды Құдай рухтандырған және пайдалы» («*Все Писание вдохновлено Богом и полезно*») (*Киелі жазбалардағы әрбір кітапқа тек сипаттама мен түсініктеме ғана беріп қоймай, сонымен қатар Киелі кітапта кездесетін жерлердің географиялық орналасуы, оқиғалардың хронологиялық тізбегі, ежелдегі жыл санау тәсілдері, Киелі кітаптық канонның пайда болу тарихы, Киелі кітаптың аударылу тарихы, Еврей және Грек жазбалары қолжазбасының тарихы бойынша нақтылы анықтамалық ақпараттар да береді*). 2003 жылы 36 беттен тұратын түрлі түсті «Жақсы жерге қараңдар» («*Посмотрите на «добрую землю»*») деп аталатын атласты жарыққа шығарды. Онда Киелі кітапта айтылатын жерлерге қатысты диаграммалар, карталар, суреттер, компьютерлік сызбалар және көптеген қосымша ақпараттар енгізілген. 2013 жылы қайта қаралған «Жаңа дүние аудармасына» Киелі кітаптық тарих пен география жөнінде көптеген қосымша ақпараттардың енгізілуіне айрықша көңіл бөлініпті. Ал 2017 жылдан бастап Киелі кітаптың онлайн нұсқасын жасауға байланысты үлкен жұмыстар жүргізілуде. Осыған орай Киелі жазбалардың кітаптары мәтіндер, суретті безендірулер,

тіпті бейнекөріністер енгізілген энциклопедиялық сипаттағы қосымшалармен толықтырылуда.

Кейде Ехоба куәгерлері Киелі кітапты өздерінше аударып алғандықтан, басқа аудармаларды мойындамайды деген пікірлерді естіп жатамыз. Бірақ бұл тіпті де олай емес. Қайта, Куәгерлер Киелі кітаптың кез келген жаңа аудармалары олардың қызмет аясын мейлінше кеңейтетін болғандықтан, оларды қуана қостауға әзір. Сондай-ақ олар Құдайға құлшылық ету қызметтерінде Киелі кітаптың тек бір ғана аудармасын қолданатын қайсыбір христиандық конфессиялармен және деноминациялармен келісе алмайтындықтарын да еш жасырмайды.

Бұл туралы Ехоба куәгерлерінің өздері былай дейді: «Қоғам 1896 жылға дейін де Киелі кітапты белсенді түрде таратқан. Сондағы басты мақсаттары, қандай да бір коммерциялық пайда табу емес, қайта, Киелі кітаптың әртүрлі аудармаларына адамдардың назарын аудара отырып, оқырмандарға қамқорлық танытуды көздеген болатын. Қоғам шығынды азайту үшін, Киелі кітапты көп мөлшерде сатып алып, кейде тіпті баға көрсеткішіндегі құнының 35 пайызына басқаларға ұсынатын. Мысалы, Киелі кітаптың мынадай аудармалары сатып алынатын: «Король Яковтың Киелі кітабының» әртүрлі басылымдары (*қалыпты форматтағы ыңғайлы түрі, сондай-ақ үлкен форматтағы «Ұстаздарға арналған Киелі кітап» – «Король Яковтың Киелі кітабы», жиектерінде симфониялары, карталары, сілтемелері бар қосымшаларымен*); «Эмфэтик Дайаглотт», грек-ағылшын тілдеріндегі сөзбе-сөз аудармасы; Лизердің аудармасы, мұнда ағылшын тіліндегі мәтін еврей тіліндегі мәтінмен қатар орналастырылған; Мердоктың аудармасы, ежелгі сириялықтар тілінен аударылған; «Ньюбери Киелі кітабы», жиектерінде Құдай есімінің қолданылуына, сондай-ақ көне еврей және көне грек мәтіндеріндегі басқа да қызықты ерекшеліктеріне назар аударатын сілтемелері бар; Тишендорфтың «Жаңа өсиеті», едәуір толық түрдегі үш көне грек манускрипттеріндегі (*Синай, Ватикан*

және Александрия кодекстері) әртүрлі оқылуларды түсіндіретін сілтемелері бар; «Вариорум» Киелі кітабы, түрлі аудармаларымен қоса, сілтемелерінде тек көне манускриптердің әртүрлі оқылуы ғана емес, сонымен қатар белгілі ғалымдар жасаған қайсыбір мәтіндердің үзінділері аудармасының түрлі нұсқалары келтіріледі; Янганың сөзбе-сөз аудармасы. Сондай-ақ Қоғам түпнұсқа мәтіндегі ежелгі еврей және ежелгі грек сөздеріне берілген түсініктемелері бар «Курден симфониясы» мен Янгтың «Аналитикалық симфониясы» сияқты құралдарды да таратты. Содан кейінгі жылдары Ехоба куәгерлері басқа Киелі кітаптық қоғамдардан қолжетімді тілдердегі Киелі кітаптарды сан мыңдап сатып алып, таратып келді... 1902 жылы Күзет мұнарасы қоғамы өз аттарынан Холманның Киелі кітабын («*Holman Linear Parallel Editon*») арнайы таралыммен басып шығарады... 1907 жылы Киелі кітап зерттеушілері «Король Яковтың Киелі кітабы» бойынша өз басылымдарын жарыққа шығарады. Ал 1926 жылы Күзет мұнарасы қоғамы Киелі кітапты өздері басып, өздері түптейтін болады»¹.

Ехоба куәгерлері тап осылайша бүгінгі таңда да Киелі кітаптың әртүрлі аудармаларын белсенді түрде пайдаланатындығының бірден-бір дәлелі – олардың ресми кітапханасы. Мысалы, Күзет мұнарасының онлайн-кітапханасы (<https://wol.jw.org>) таңдау еркіңе қарай Киелі кітаптың ағылшын тіліндегі аудармасының 6 нұсқасын (*орыс тілінде әзірге тек 3 аудармасын*) ұсынады. Ал JW Library мобильдік қосымшасында орыс тіліндегі Киелі кітаптың келесідей аудармалары қолжетімді: Синодтық аударма, Макарий және Павскийдің аудармасы, Жаңа дүние аудармасы. Және Куәгерлердің әдебиеттерінде де Киелі кітаптан келтірілетін тармақтар көп жағдайда басқа танымал аудармалардан алынып жатады.

Ехоба куәгерлері Киелі кітаптың әртүрлі аудармаларын пайдаланатындығының келесі бір дәлелі – «Киелі жазбаларды» басып

¹ Свидетели Иеговы – возвестители Царства Бoga. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2005. – 605-606-б.

шығарғандығы. Бұл кітап басты-басты үш негізден тұрады: орыс ұлты архимандрит Макарийдың Еврей жазбаларын орыс тіліне аудару тәжірибесі, орыс протоиерейі Г. Павскийдің Зәбүр жырлары, 1863 жылы жарық көрген Синодтық аудармадан қайта басылған Грек жазбалары. Киелі жазбалардың осы басылымын Куәгерлер 1996 жылы жарыққа шығарды.

Аталмыш жинаққа алғысөз ретінде ұсынылған мақалада былай деп жазылыпты: «1834 жылдан бастап Макарий өз арманын жүзеге асыру мақсатымен 10 жыл бойына Киелі жазбаларды ежелгі еврей тілінен орыс тіліне аударумен шабыттана айналысады. Ол бүкіл орыс халқы үшін үй жағдайында оқуға Киелі жазбалардың толық көлемдегі канондық кітаптары орыс тілінде қолжетімді болғанын қатты қалаған еді. Әрі түпнұсқадан тәржімеленетін бұл аудармаға қойылатын оның басты талабы: кітап догматикалық туралығы мен тазалығы жағынан ешқандай күдік пен жазғыруларға тап болмайтындай, сол сияқты мұндағы орыс тілінің дұрыстығы мен шынайылығы да зор абырой әкелетіндей дәрежеде болу керек-тін. Сосын Макарий өзінің хаттарында мынадай пікірін бірнеше рет қайталаған көрінеді: «Менің осынау қамқорлығым негізінен орыс тіліне деген құштарлықтан туындаған жоқ, қайта, шындығын айтсам, бүкіл халыққа Құдай сөзін еркін түсінуіне және қабылдауына мейлінше қолжетімділік болса екен деген қалаудан туған еді. Киелі кітап өзінің даналығымен барша адамзаттың ақылы мен жүрегін жарық пен шындыққа аударсын деп тілеймін»¹.

Кезінде Макарий өзінің ұстазы санаған Герасим Павский жасаған Зәбүр жырларының аудармасын Ресей Киелі кітап қоғамы 1822 жылы Санкт-Петербургте басып шығарады. Содан кейінгі келесі екі жылда бұл кітап 13 рет қайта басылып, жалпы таралымы 100 000 данадан асып кетеді... Павскийдің осы аудармасын «тарихи

¹ Священное Писание. Еврейские Писания в переводе архимандрита Макария. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1996.

ескерткіш» деп атаған бір басылымда былай деп жазылыпты: «Бұл, шын мәнінде, еврей және орыс тілдерін тамаша меңгерген ғалымның Көне өсиет діни кітаптарын аударған біздегі бірінші тәжірибе болатын. Ал бұдан кейінгі аудармашылар, сөз жоқ, осы еңбекке арқа сүйері анық қой...»¹.

Дегенмен де Ехоба куәгерлерінің өздері аударған «Жаңа дүние аудармасы» деп аталатын Киелі кітабы бар. Бұл кітаптың ағылшын тіліндегі нұсқасымен жұмыс істеу 1947 жылы басталған болатын. Ол кейін бөлек-бөлек басылып шығарылды. Ал Киелі кітаптың жаңа аудармасы толық күйінде 1961 жылы жарық көрді. Сосын 2013 жылы осы аударманың қазіргі ағылшын тіліндегі қайта қаралған нұсқасы жарыққа шықты. Бұл басылым орыс тілінде алғаш рет «Мәсіхшілердің Грек жазбалары – Жаңа дүние аудармасы» деген атаумен 2001 жылы өмірге жолдама алады, ал кейінірек 2007 жылы Киелі кітаптың толық аудармасының басылып шыққаны хабарланады. 2010 жылы «Мәсіхшілердің Грек жазбалары – Жаңа дүние аудармасы» қазақ тілінде жарық көреді. Ал 2014 жылы Алматы қаласында өткен конгресте Киелі кітаптың қазақ тіліндегі толық аудармасының жарыққа шыққаны хабарланады.

Жаңа дүние аудармасына байланысты Ехоба куәгерлерінің өздері былай дейді: «Киелі жазбалардың Жаңа дүние аудармасы тек оқуға жеңіл ғана емес, сонымен қатар мейлінше тура, аса дәлдікпен орындалған. Ежелгі еврей, арамей және грек тілдерінен ағылшын тіліне аударылған кезде қолданыста бар мәтіндердің ең жақсылары қолданылды. Сондай-ақ ертедегі мәтіндерді мүмкіндігінше қазіргі заманғы тілге сөзбе-сөз түсінікті етіп аудару үшін де айрықша күш жұмсалды. Сондықтан да ғалым-мамандар түпнұсқадан еш ауытқымай, дәл аударылғаны үшін бұл еңбекке өте жоғары баға беруде. Мысалы, «Andover Newton Quarterly» басылымы өзінің 1963 жылдың

¹ Священное Писание. Еврейские Писания в переводе архимандрита Макария. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1996.

қаңтар айындағы нөмірінде былай деп жазыпты: «Жаңа өсиеттің аудармасы – бұл ұйымда Киелі кітап аудармаларының көптеген проблемаларын біліктілікпен шешуге қабілетті мамандардың бар екендігін дәлелдейді»¹. Ал Киелі жазбаларды басқа тілдерге аудару осы ағылшын тіліндегі басылымнан жүзеге асырылады.

Бүгінде «Киелі жазбалар – Жаңа дүние аудармасы» ішінара немесе толықтай 190 тілге аударылып, басылып шықты.

«Киелі жазбалар – Жаңа дүние аудармасы» басылымының алғы сөзінде былай деп жазылыпты: «Киелі кітап – Билеуші Ехоба Құдайдың жердегі барлық адамдар үшін жазған аяны. Бұл рухтандырылған кітап барша адамзатқа арналған, өйткені онда жер бетінде бейбітшілік орнатып, әділеттілікті бекітетін Құдай Патшалығы туралы ізгі хабар бар.

О баста Киелі кітап еврей, арамей (*еврей тіліне тектес тіл*) және грек тілдерінде жазылған. Бүгінде бұл көне тілдерді түсінетіндер өте аз. Сондықтан Киелі кітаптағы өмірлік маңызы бар хабарды барлық халыққа жеткізу үшін, Киелі кітапты қазіргі заман тілдеріне аудару қажет.

Киелі кітаптың орыс тіліндегі соңғы аудармасы 1984 жылы жарық көрген ағылшын тіліндегі «New Word Translation of the Holy Scriptures» басылымына негізделіп жасалған. Оған Еврей-арамей жазбаларының 39 кітабы мен 2001 жылы түзетіліп орыс тілінде басылып шыққан Мәсіхшілердің Грек жазбаларының 27 кітабы енгізілген. «Жаңа дүние аудармасын» жасаушы Комитет Киелі жазбалардың бұл екі бөлімін үйреншікті «Көне өсиет» және «Жаңа өсиет» деп атамай, оларды әуел баста жазылған тілдердің атымен атауды жөн көріпті. Әрі олардың бұл шешімі дұрыс сияқты, өйткені Киелі кітап біртұтас еңбек болғандықтан, оның қайсыбір бөлігін ескірген немесе «көне» деп атау, тіпті қисынсыз болар еді. Егер барлап қарасаңыз, кітаптағы басты тақырып Еврей жазбалары-

¹ Сторожевая башня. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1999. 15 қазан. – 29-б.

ның бірінші кітабынан Грек жазбаларының соңғы кітабына дейін үздіксіз жалғасып жатады. Оқырманға Киелі кітапты зерттеу оңай болу үшін басылымға 125 000-нан астам қиылыспалы сілтемелер мен Киелі кітаптық сөздердің индексі енгізілген.

Киелі кітапта негізінен Әлем Билеушісінің қасиетті еркі баяндалады, сондықтан жазбалардан ежелгі еврей мәтінінде 7 000 рет кездесетін оның есімін алып тастау немесе жасырып қалу Құдайдың ұлылығы мен билігін аяқ асты етумен пара-пар болар еді. Сол үшін де Құдай есімінің Киелі кітап мәтіндеріндегі тиесілі өз орнына қойылуы, осы аударманың ең басты ерекшелігі болып табылақ. Сонымен, орыс тілінде «Иегова» деп қабылданған бұл есім Еврей жазбаларында 6 973 рет, ал Мәсіхшілердің Грек жазбаларында 237 рет кездеседі...

Осы еңбекті дайындаған аудармашылар Киелі жазбалардың Авторы – Құдайды жақсы көреді және оның ойлары мен сөздерін барынша тура беру үшін айрықша жауапкершілікті сезінеді. Олар сондай-ақ мәңгі құтқарулары Ең Жоғарғы Құдайдың киелі рухымен жазылған Сөзіне тікелей байланысты ізденімпаз оқырмандардың алдындағы жауапкершіліктерін де естерінен шығармаған. Біз осы аударманың көмегімен құрметті оқырмандарымыз Құдіретті Құдай орнататын әділетті жаңа дүниедегі мәңгілік өмірге жол табады деп риясыз үміттенеміз (*Ишая 65:17; Петірдің 2-хаты 3:13*)»¹.

2. Шіркеу дәстүрлеріне қарағанда, Киелі кітап сенім артуға әлдеқайда лайық

Қасиетті дәстүр немесе әдет-ғұрып (*лат. Traditio – сөзбе-сөз «табыстау»*) – православие мен католицизм мойындайтын діни ережелер мен заңдар жиынтығы. Православие шіркеуі Қасиетті дәстүрге Бүкіләлемдік соборының алғашқы жетеуінің материалдарын, Шіркеу Әкелерінің еңбектерін (*әсіресе Рождество Христоводан басталған алғашқы сегіз ғасырдың*), сондай-ақ Құдайға құлшылық

¹ Священное Писание – Перевод нового мира. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2007. – 5-6.

ету тәжірибелерінің кейбір аспектілерін жатқызады. Ал католиктер осы аталғандарға Рим папаларының шешімдері мен өз соборларының қаулыларын қосады.

Қасиетті дәстүрдің басты мақсаты – Киелі жазбаларды Құдай бекіткендігін қолдау және негіздеу, сондай-ақ оның ең маңызды ережелерін түсіндіру. Сол себепті православиеліктер де, католиктер де Қасиетті дәстүрді Киелі жазбалармен пара-пар деп санайды.

Алайда олардың діни ілімдерінде мынадай да көзқарас бар: Қасиетті дәстүр Киелі жазбаларға қарағанда беделдірек, өйткені Киелі кітапқа енгізілетін киелі кітаптардың соңғы жиынын Қасиетті дәстүр анықтаған.

Бірақ Ехоба куәгерлері көптеген протестант конфессиялары мен деноминациялары сияқты Қасиетті дәстүрді Құдай берген аян деп санамайды, өйткені олар үшін Киелі кітап қана Құдайдың берген аяны болып табылады. Ал қалғандарының бәрі – адамдардың іс-әрекеттерінің жемісі.

3. Құдайдың есімі – Ехоба

Құдайдың лауазымдары өте көп (*бірақ бұлар қайсыбір ілімдерде лауазымдар емес, Құдайдың есімдері деп саналады, ал олардың саны – 99*). Алайда Ехоба куәгерлері Құдайдың жеке есімі бар деп есептейді, ол – Ехоба. Олар әдетте тетраграмматон деп аталып, ЙХВХ (YHWH) немесе ИГВГ (JHVH) деген еврейше төрт әріппен берілетін бұл есімнің ежелгі Еврей жазбаларында шамамен 7 000 рет кездесетініне сенімді. Дегенмен Ехоба куәгерлерінің өздері де бұл есімнің тура дыбысталуы бүгінде белгісіз екендігін мойындайды. Бірақ соған қарамастан «Жазбаларды түсіну» энциклопедиясында мынадай тұжырым жасалған: «Иегова» – Құдай есімінің орыс тіліндегі дәстүрлі атауы, алайда гебраистика мамандарының көпшілігі бұны «Яхве» деп атағанды мақұл көреді... Сондықтан да бұл мәселеде ғалымдар ортақ бір шешімге келе алмай отыр. Тіпті кейбір зерттеушілер осы аталған екеуінен басқа, мысалы: «Йахува», «Йахуа» немесе «Йе-

хуа» деген атауларды ұсынады»¹. Әрмен қарай аталмыш анықтама-лықта, танымал ежелгі еврей қолжазбаларында бұл есімнің тетраграмматон ретінде белгілі болған төрт дауыссыз дыбыстармен תתתת берілгені айтылады (*грек. тетра- [«төрт»] және грамма [«әріп»]*). Бұл төрт әріпті (*оңнан солға қарай оқылады*) орыс тілінде ЙХВХ (*немесе ИГВГ*) деп жазуға болады.

Сонымен байқағанымыздай, Құдайдың есімі кезінде қалай аталғанын дөп басып айту еш мүмкін емес. Сол үшін де Ехоба куәгерлері қайсыбір беймәлім жайттарға бола «Иегова» (*қазақша айтылымы – Ехоба*) деген бүгінде жан-жақты кең танылған атаудан бас тартуға ешқандай негіз жоқ деп есептейді. Осы сияқты біз әңгіме етіп отырған басылымда мынадай жайтқа да назар аударылады: «Егер алда-жалда есімді өзгерту туралы шешім қабылданар болса, онда амал жоқ, Киелі кітаптағы көптеген есімдердің жазылуы мен айтылуын өзгертуге тура келер еді. Мысалы: Иеремияны – Йирмея, Исаияны – Йешайаху, ал Иисусты – Йехошуа (*еврейше*), немесе Иесус (*грекше*) деп өзгертуге мәжбүр болар едік. Негізінен, сөз қандай да бір ойды жеткізу үшін қолданылады емес пе. Ендеше орыс тіліндегі «Иегова» деген сөз, нағыз шынайы Құдайдың болмысына дәл меңзейді, әрі сол функцияларды ұсынылып жатқан өзгелерінен әлдеқайда жақсы орындайды»².

Ехоба куәгерлері өз сөздерінің дұрыстығын дәлелдеу үшін Киелі кітаптық емес басылымдарға сілтеме жасайды: «1961 жылы «Israel Exploration Journal» журналының («Израилдік зерттеу журналы», 13-том, №2) мәлімдеуі бойынша, Иерусалимнің оңтүстік-батыс жағында адамдарды жерлеуге арналған үңгір табылыпты. Үңгірдің қабырғаларындағы ежелгі еврей тіліндегі жазуларда біздің заманымызға дейінгі сегізінші ғасырдың екінші жартысы көрсетіліпті. Бір ғажабы, солардың бірінде: «Ехоба – бүкіл жер жүзінің Құдайы», –

¹ Иегова. «Понимание Писания» энциклопедиясы.. Күзет мұнарасының онлайн кітапханасы [URL: <https://wol.jw.org/ru/wol/d/r2/lp-u/1200002391>].

² Сол жерде.

деп жазылған екен».

Ал 1966 жылы осы «Israel Exploration Journal» (16-том, №1) басылымы Израилдің оңтүстік жағындағы Арад қаласы маңында ежелгі еврей жазуларымен таңбаланған шардалардың табылғаны туралы хабарлаған болатын. Бұл жазулар біздің заманымызға дейінгі жетінші ғасырдың екінші жартысына сәйкес келген көрінеді. Сондағы сынық қалдықтардың бірі Елиашиб деген адамның атына жазылған хат болып шығады. Бұл хат былай деп басталыпты: «Менің мырзам Елиашибке: Ехоба саған бейбітшілік сыйласын». Ал хаттың соңы былай деп аяқталыпты: «Ол [бейбітшілік] Ехобаның үйін мекендейді».

Сондай-ақ 1975–1976 жылдары Негев шөлінде зерттеу жұмыстарымен айналысқан археологтар сыланған қабырғаларға, сақтауға арналған үлкен құмыраларға, тас ыдыстарға таңбаланған ежелгі еврей және финикия жазуларын тапқан. Онда «Құдай» деген еврей сөзі және еврей әріптерімен «Құдайдың есімі ЙГВГ» деп жазылған екен.

Және бір дәлел, жақында Иерусалим қаласында кішігірім бұралған күміс жолақша кесінді табылады. Бұл зат Бабыл тұтқындығына дейінгі мерзімге сәйкес келетін сияқты. Зерттеушілер әлгі күміс жолақшаның орауын жазған кезде еврей тілінде жазылған «Ехоба» деген есімді оқиды («*Biblical Archaeology Review*» [«*Kielі кітап археологиясына шолу*»], наурыз/сәуір 1983 жыл, 18-бет).

Құдайдың есімін қолдануға қатысты тағы бір мысал «Лахиш хаттарында» кездеседі. Шардаларға жазылған бұл хаттар 1935–1938 жылдар аралығында Израиль елінің тарихында маңызды рөл атқарған бекіністі көне Лахиш қаласының жұқанасынан табылған. Оларды біздің заманымызға дейінгі жетінші ғасырдың соңында Израиль мен Бабылдың арасындағы соғыс кезінде қала қақпасы күзетіне жауапты иудейлік офицер өзінің Йауш есімді бастығына жазса керек.

Бір ғажабы, анық та түсінікті етіп жазылған сегіз шардалардың жетеуі мәліметін мынадай сәлемдесумен бастайды: «Осынау күндерде менің мырзама Ехоба жақсы денсаулық бергей!» Осылайша

Құдайдың есімі әлгі жеті хатта 11 рет кездеседі. Ал бұл дегеніңіз, біздің заманымызға дейінгі жетінші ғасырдың соңына дейін Ехобаның есімі күнбе-күн қолданылғанын көрсетеді емес пе.

Оның үстіне, тіпті пұтқа табынушылардың билеушілері де исаилдіктердің Құдайы туралы айтқан кезде оның есімін атаған ғой. Мысалы, моавтық патша Меша өзінің құрметіне қойылған зәулім ескерткіш тастың алдында тұрып, исаилдіктерге қарсы соғыстағы ерліктерін айтып мақтанғанда былай деген екен: «Хамос құдай маған: Израильге қарамастан барып Невоны жаулап ал деді. Сонда мен түнделете аттанып барып, таңғы жұлдыз көрінгеннен түске дейін қарсыластарыммен соғыстым да олардың бәрін қырып салып, жеңіске жеттім... сосын сол жерден Ехобаның ыдыстарын алып, Хамостың алдына тарту еттім».

Киелі кітаптық емес оқиғаларда Құдай есімінің қолданылуы жөнінде «Theologisches Worterbuch zum Alten Testament» («Көне өсиетке теологиялық сөздік») деген еңбектің 3-томының 538-бағана-насында былай дейді: «Демек, Тетраграмматонның *йгвг* түріндегі 19-дай құжаттық мәліметтері осыған байланысты М[асореттік] М[әтіннің] шүбәсіз анықтығын дәлелдейді; ал бұдан да көбірек мәліметтерді Арадтық мұрағаттардан табуға болады»¹.

Синод аудармасында Ехоба [*Иегова*] деген есім тоғыз-ақ рет кездеседі. Сондықтан да, Ехоба куәгерлерінің пікірінше, архимандрит Макарий мен протоиерей Г. Павский жасаған Киелі жазбалардың аудармасы түпнұсқаға анағұрлым сәйкес.

Шынтуайтқа келгенде, «Иегова» деген есім мейлінше кең танымал. Оны танымал жазушылар да, ақындар да, аудармашылар да өз шығармаларында қолданған. Тіпті әйгілі Ф. Энгельс те «Иегова» деген есімді қолданған. К. Маркс те бұл есімді өзінің «Капитал» деген еңбегінің 1-томында қолданған екен. Сол сияқты Джек Лондон, Редьярд Киплинг, Николай Островский, Вальтер Скотт та

¹ Божье имя пребудет вовеки. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1994. – 12-13-б.

осы есімді шығармаларына енгізген.

Мысалы, Николай Островскийдің «Құрыш қалай шынықты» («Как закалялась сталь») романынан бір үзінді келтірейікші: «Дүкенге кіретін есіктің көзінде тұрған күміс басты, көк көзі үрейге толы қарт Пейсах күбірлеп дұға ете бастады. Ол бар ықыласын сала құдіреті күшті Йеговаға жалбарынып тұрған еді. Қария одан осы үйді бақытсыздықтан қорғауын сұрады... Сол кезде оның қасында тұрған кемпір оның күбірлеген дұғасынан қастарына жақындап қалған адамдардың дабырын байқамай да қалады»¹.

Немесе Редьярд Киплингтің «Шайқас алдындағы әнұран» («Гимн перед битвой») деген өлеңін оқиықшы:

«Земля дрожит от гнева,
И темен океан,
Пути нам преградили
Мечи враждебных стран:
Когда потоком диким
Нас потеснят враги,
Йегова, Гром небесный,
Бог Сечи, помоги!

* * *

Нас поведут к победам,
Мы смерть несем врагам,
Как помогал Ты дедам,
Так помоги и нам.
Великий, и чудесный,
И светлый в смертный час,
Йегова, Гром небесный,
Бог Сеч, услыши нас!»²

Сонымен қорыта айтқанда, Ехоба куәгерлері Құдайдың есімін

¹ Островский Н. Как закалялась сталь.

² Киплинг Р. Таңдамалы өлеңдері. Орыс тіліне аударған Ада Оношкович-Яцына. – Пг., Мысль, 1922.

өздері ойлап тапқан деп кінәлау, сол жазғырушылардың өздерінің діни сауаттылықтарының қаншалықты төмен екендігін көрсетіп тұр емес пе деп тұжырымдауға мәжбүрміз.

4. Иса Мәсіх Құдайға тең емес әрі оған бағынышты

Ехоба куәгерлерінің діни ілімі бойынша, Иса Мәсіх Құдайға тең емес екен, яғни Үштік жоқ деген сөз ғой. Біз бұл туралы осы кітаптың бірінші тарауында да айтқан болатынбыз. Жалпы, Киелі кітап зерттеушілері Үштік туралы ілімді о бастан теріске шығарған болатын. Мысалы, 1887 жылы «Сион Күзет мұнарасы» басылымында былай деп жазылады: «Жазбаларда Ехоба мен Иеміз Исаның дәрежелері әртүрлі екі бөлек тұлға екені ап-анық айтылған». Әрі қарай мақалада мынадай ой айтылды: «Құдай үш тұлғалы – Құдай үш тұлғадан тұрады, бірақ үшеуі де бір Құдайды білдіреді – деген ойдың көпшілік құптайтын маңызды ілімге айналғанының өзі таңғалдырады. Бірақ осылай болғаны Шайтан жалған ілімдерімен матап жатқанда, шіркеудің шырт ұйқыда жатқанын дәлелдей түседі»¹.

Ехоба куәгерлерінің ресми сайтында Исаның дәрежесі туралы былай делінген:

«Исаның жаулары ол өзін Құдайға тең қойды деп айыптады (*Жохан 5:18; 10:30–33*). Алайда Иса ешқашан өзін Құдіретті Құдаймен бір қатарға қойған емес. Керісінше, ол былай деген еді: «Әкем менен ұлы» (*Жохан 14:28*).

Ертедегі мәсіхшілер де Мәсіх Құдіретті Құдайға тең деп ойламады. Мысалы, елші Пауыл, Құдай Исаны тірілкенде, оны «бұрынғыдан да жоғарылатты» деп жазып кеткен еді. Демек, Пауыл Исаны Құдайға тең деп санамады. Өйткені Иса онсыз да Құдіретті Ие болса, оны бұдан да жоғарылату мүмкін болар ма еді? (*Філіпіліктерге 2:9*)»².

5. Иса Мәсіх – Құдайдың алғашқы жаратылысы

¹ Құдай Патшалығы билік етуде! – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2014. – 15-б.

² Исус – Всемогущий Бог? Ехоба куәгерлерінің ресми сайты [URL: <https://www.jw.org/ru/библейские-учения/вопросы/исус-всегомощий-бог/>].

Бұл діни ілімді Ехоба куәгерлері былай түсіндіреді: «Киелі кітапта Исаның жерге келерінен ұзақ уақыт бұрын көкте өмір сүргені жазылған. Миха пайғамбар Мәсіхтің “бастауы көне заманнан” екенін айтқан (*Миха 5:2*). Исаның өзі де жерде адам болып туылмас бұрын көкте өмір сүргенін көп рет айтқан (*Жохан 3:13; 6:38, 62; 17:4, 5 оқыңыз*). Жерге келмей тұрып-ақ оның Ехобамен қарым-қатынасы тығыз болған.

11 Ехоба Исаны қатты жақсы көреді. Себебі оны жаратылыстардың бәрінен бұрын жаратқан. Сондықтан ол “жаратылыс атаулының тұңғышы” деп аталады (*Қолостықтарға 1:15*). Ехоба Исаны тікелей өзі жаратқандықтан, оны ерекше жақсы көреді. Киелі кітапта Иса Құдайдың “жалғыз Ұлы” делінген (*Жохан 3:16*). Ехоба қалған жаратылыстарды тек Исамен бірге жаратқан (*Қолостықтарға 1:16*). Сондай-ақ Иса ғана “Сөз” деп аталған, өйткені ол періштелер мен адамдарға Ехобаның хабары мен нұсқауларын жеткізіп отырған (*Жохан 1:14*).

12 Кейбір адамдар Ехоба мен Исаны бір тұлға деп санайды. Бірақ Киелі кітап бұған үйретпейді. Онда Исаны Құдай жаратқаны айтылған. Демек, оның бастамасы бар. Ал бәрін жаратқан Ехобаның бастамасы жоқ (*Зәбур 90:2*). Иса ешқашан Құдайға тең болуды ойламаған. Киелі кітапта Әкесі Ұлынан жоғары екені анық жазылған. Ехоба ғана – “Құдіреті шексіз Құдай” (*Мұсаның 1-жазбасы 17:1*). Әлемде одан ұлы, одан құдіретті ешкім жоқ»¹.

Ал Исаның жердегі өмірін Куәгерлер толық мойындайды. Тек бір ғана өзгешелік... Ол туралы келесі тақырыптың аясында әңгіме қозғайтын боламыз.

6. Иса Мәсіх айқышқа емес, бағанаға шегеленген

Дәлелсіз қабылданатын бұл тұжырымды түсіндіруде Ехоба куәгерлері Киелі кітапқа жүгінеді. Иса Мәсіхті өлтірген құрал деп айқыш туралы алғаш мәлімет тек II ғасырдың екінші жартысында, яғни Исаның өлімінен 150 жыл өткен соң, жарық көрген кей ең-

¹ Киелі жазбалардан не білеміз? – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2019. – 44-45-б.

бектерде кездеседі. Ал мәсіхшілік рәміз ретінде айқыш біраз уақыттан кейін ғана қабылданды. Жоғарыда қарастырғанымыздай, Ехоба куәгерлері дәстүрлерді мойындамайды және тек Киелі кітапқа ғана жүгінеді. Сондықтан бұл мәселені де олар аттап өте алмады. Бір көңіл бұрарлық жайт: олар бүгінгі түсінікке бірден келген жоқ еді. О баста «Күзет мұнарасы» басылымының мұқабасында айқыштың суреті бейнеленген, ал Киелі кітап зерттеушілері тіпті айқыш пен тәж салынған төсбелгі тағып жүрген еді. Бірақ уақыт өте келе, «азап бағанасы» деген тіркестің аудармасына қатысты сұрақ көтерілді. Бұл тіркес Голгота (*тура мағынада «Бассүйек» немесе «Бассүйек орны»*) деген жерде Исаның өліміне қатысты оқиғада кездеседі (*Матай 27:33*). Куәгерлердің пайымдауынша: «Гректің *стаурós* сөзі жалған тәңірлерге табынатындар Мәсіхке дейін де көптеген ғасырлар бойы діни рәміздері ретінде қолданып келген айқышты білдіретініне еш дәлел жоқ»¹.

Неміктен? Өйткені «классикалық грек тілінде *стаурós* жай ғана тік бағананы, немесе қаданы, яки іргетас тұрғызғанда қолданылатын қазықты білдірген. Ал *стаурóо* деген етістік арқылы қадармен қоршау не шарбақ орнатуды айтқан. Рухтың жетелеуімен Мәсіхшілердің грек жазбаларын жазған адамдар оны жалпыға танымал (*койне*) грек тілінде жазған, әрі *стаурós* сөзін де классикалық грек тіліндегі мағынада қолданған, нақтырақ айтқанда, және бір бұрыш жасай көлденең бекітілген ағашы бар бағана не қада мағынасында қолданбаған. Ендеше бұдан басқаша да болуы мүмкін екендігіне нұсқайтын еш дәлел жоқ. Иса шегеленіп азаптаған бөрнені сипаттау үшін елші Петір мен Пауыл *ксилон* сөзін де қолданған. Демек, ол ешқандай да көлденең ағашсыз, кәдімгі тік бағана екенін көрсетеді, өйткені *ксилон* сөзінің мағынасы тап сондай (*Елшілердің істері 5:30; 10:39; 13:29; Ғалаттықтарға 3:13; Петірдің 1-хаты 2:24*). Грек Септуагинтінде *ксилон* сөзі Езра 6:11-де (*Езра 2-жазба*

¹ Священное Писание – Перевод нового мира. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2007. – 1743-б.

6:11) кездеседі, әрі онда Елшілердің істері 5:30; 10:39-дағыдай, заң бұзушы ілінуі тиіс бөрене жөнінде айтылған»¹.

Сондықтан да Ехоба куәгерлері «Иса Мәсіх бір-бірімен тік бұрыш жасай қиылысқан айқыш ағашқа шегеленген деуге ешқандай дәлел жоқ» деп есептейді².

Негізінен Куәгерлер бұл мәселеге үлкен жауапкершілікпен қарайтындығын айрықша атап өткен лазым. Және өздерінің көзқарастарын растау үшін мейлінше сенімді дәлелдер келтіреді. Мысалы, солардың кейбірін «Жазбаларды түсіну» энциклопедиясына сілтеме жасай отырып көрсетейікші: «Сонымен, бастапқы грек жазбалары бойынша Исаға қолданылған өлім құралы қандай еді? Киелі кітаптың көптеген аудармаларында Мәсіх бағанаға ілініп емес, айқыш ағашқа керіліп өлтірілген делінеді. Иә, әдетте мұндай аударма көп жағдайда Исаны өлтіру үшін бағана немесе қада емес, екі ағаштан құрастырылған айқыш қолданылған деген кең таралған нанымға негізделеді. Киелі кітап арқылы дәлелденбегенімен, бірақ дәстүрге илансақ, жазаға кесілген адам өлім құралының екі ағашын бірдей емес, тек патибулум немесе антэнна деп аталатын айқыштың бір бөлігін ғана алып жүрген екен. Осылайша сондай пікірді қостаушылар, соншалық ауыр заттың Голготаға дейін қалай көтеріп немесе сүйретіп жеткізілетіндігін түсіндірмекші. Ал Киелі кітапты жазуға қатысқандар ше, бұл жөнінде не дейді екен? Иә, олар грек тіліндегі *стаурós* деген зат есімді 27 рет, *стаурóо* деген етістікті 46 рет, ал *синстаурóо* деген етістікті 5 рет және *анастаурóо* деген етістікті 1 рет қолданыпты. Сондай-ақ олар Иса шегеленген бөрене туралы айтқан кезде «ағаш бағана» деген мағына беретін *ксилон* деген грек сөзін 5 рет пайдаланыпты. Ал *стаурós* деген сөз классикалық грек тілінде де, койне тілінде де екі ағаштан құралған айқыш деген мағынаны бермейді. Дәлдірек айтқанда, ол тік бағананы, яки бөре-

¹ Священное Писание – Перевод нового мира. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2007. – 1743-б.

² Сол жерде. – 1745-б.

нені немесе шарбақ жасайтын қаданы білдіреді. «Жаңа Киелі кітаптық сөздіктің» «Айқыш, керіп тастау» деген бөлігінде былай деп жазылған: «Айқыш» (*stauros*; етістік *stauroo...*) деген грек сөзінің бірінші мағынасы – бағана, қада немесе сырық, екінші мағынасы – жазалау құралы» (СПб, 2001 2-бөл. 445-б.). Ал Лұқа, Петір және Пауыл Киелі жазбаларда *стаурós* деген сөздің синонимі ретінде *ксилон* деген сөзді қолданған. Демек, бұл дегеніміз, Иса ешқандай көлденең ағашсыз, тік бағанаға шегеленіп өлтірілген деп тұжырымдауымызға қосымша дәлел болмақ. Өйткені *ксилон* сөзі қысқа мағынада дәл осы түсінікті береді (*Елшілердің істері* 5:30; 10:39; 13:29; *Ғалаттықтарға* 3:13; *Петірдің 1-хаты* 2:24). Сондай-ақ *ксилон* сөзі грек Септуагинтінің Езра 6:11-інде де кездеседі. Онда заң бұзушы ілініп қойылуы тиіс бөрене туралы айтылады. Сонымен байқағанымыздай, «Жаңа дүние аудармасы» *стаурós* сөзін «азап бағанасы» деп, ал *стаурóо* сөзін «бағанаға ілу» деп аудару арқылы оқырмандарға грек мәтінінің тура мағынасын жеткізіп отыр. Әрі соның нәтижесінде, *стаурós* сөзі мен дәстүрлі шіркеулік айқыштың арасындағы айырмашылықтың да айқындала түскенін көреміз. Міне осыдан кейін, әрине, Киелі кітапта айтылған күренелік Шимон дейтін кісінің Исаның азап бағанасын арқалап жүргені шындық екеніне иланасың. Өйткені, егер сол бағананың диаметрі шамамен 15 сантиметр, ал ұзындығы 3,5 метр болса, онда оның салмағы 45 килограммнан аспауы тиіс қой (*Марқа* 15:21).

Ал енді бұл туралы ежелгі грек тілінің маманы У. Вайн өзінің «Көне және Жаңа өсиеттердегі сөздерге түсіндірме сөздік» деген еңбегінде былай дейді: «*Стаурós* – негізінен тік қаданы немесе бағананы білдіреді. Мұндай бағаналарға қылмыскерлерді іліп, шегелеп өлтірген. Ал *стаурóо* сөзі («бағанаға немесе қадаға ілу») зат есім ретінде де, етістік ретінде де бастапқы мағынасы бойынша екі қиылысқан ағаш түріндегі шіркеулік белгіні білдірмейді». Әрмен қарай Вайн екі бөліктен құрастырылған айқыштың халдейлік шығу

тегіне тоқталып, сосын б.з. III ғасырында христиан әлемі Мәсіхтің өлімін сипаттау белгісі ретінде пұтқа табынушылардан қалай көшіріп алғанын баяндап береді (*Vine's Expository Dictionary of Old and New Testament Words*. 1981. 1-том. 256-б.).

Осы мәселеге қатысты «Айқыш – салт-дәстүр, сәулет және өнер салаларында» деген кітапта айтылған ойлар да назар аударарлықтай: «Түсініксіздеу көрінгенмен, өмірде бар мынадай жайттарға қалай зер салмасқа: негізінде айқыш қасиетті белгі ретінде Мәсіх туылғанға дейін қолданылған және күні бүгінге дейін тіпті Шіркеудің ықпалы жүрмейтін елдерде де діни рәміздер міндетін атқарып келеді. Мысалы, ежелгі грек Бахусы, тирлік Таммуз, халдейлік Вил, скандинавиялық Один – бұл құдайлардың бәрінің табынушылық белгілері айқыш тәрізді болған» (*Tyack G. The Cross in Ritual, Architecture, and Art*. Лондон, 1900. 1-б.).

Ал «Христиандық емес діндердегі айқыш» деген кітаптың авторы Дж. Парсонс былай деп жазады: «Грек тілінде жазылып, Жаңа өсиетті құраған мәтіндердің ешқайсысында Иса Мәсіхті өлтіруге қолданған *стаурóстың* кәдімгі *стаурóстан* қандай да бір өзгешелігі болғандығына меңзейтін бірде-бір сөйлем жоқ. Оның үстіне, жазаны атқаруға қолданылған *стаурóстың* бір емес, бір-біріне айқыш іспетті бекітілген екі ағаштан жасалғандығы жөнінде де ештеңе айтылмаған... Біздің ұстаздарымыз шіркеу құжаттарын грек тілінен өз ана тілімізге тәржімелеген кезде «стаурóс» сөзін «айқыш» деп аударып, қатты қателесіп жүр. Сосын олар елшілердің кезінде және одан кейін де ұзақ уақыт бойы бұл сөздің алғашқы мәні тіпті де ондай болмағандығын қаперлеріне де алмайды, ал егер алда-жала сондай болғанның өзінде, оған ешбір дәлелдің жоқтығына қарамастан, қандайда бір белгісіз себептермен Исаны өлтірген құрал осындай болған деп шешсе керек» (*Parsons J. The Non-Christian Cross*. Лондон, 1896. 23–24-б. және қараңыз: *The Companion Bible*).

1974. №162 қосымша)»¹.

Жалпы, дүние жүзі бойынша ежелгі пұтқа табынушылардың діндерінде айқыш деген рәміздің қолданылуы туралы кезінде кеңестік атеистік дінтанушылар да егжей-тегжейлі жазған болатын. Олардың көпшілігі бүгінде Интернет жүйесі және кітапханалар арқылы қолжетімді.

Қарастырылып отырған осынау мәселеге орай сөзімнің соңында, менің білуімше, ақпарат кеңістігінде едәуір беделді саналатын бір басылымнан – «Христиан діні» деген энциклопедиялық сөздіктен бір үзінді келтірейін: «Иса Мәсіхтің айқышы қандай формада, түрі қандай болғанын археологтар нақты анықтаған емес... Ал ертеде Рим империясы аймағында өлім жазасын орындау үшін қолданылатын айқыштардың бәрі бірдей болмаған. Мысалы, кейде ол жерге көмілген жай ғана тік қададан немесе бөренеден жасалған; кейде айқыш ретінде – Х әрпі сияқты біріктірілген екі бөрене пайдаланылған (*crux decussate*. Кейінірек *бургунд айқышы*); ал кейде – бірі ұзын, екіншісі қысқа, екі ағашты Т әрпі сияқты етіп жерге тігінен тұрғызған (*айқыштың мысырлық формасы, CRUX commissa vel patibulata*); т.с.с.»². Жалпы, тарихта айқыштың 20-дан астам түрі болған, ал христиан діні солардың 15-ін құрметтейді.

Сонымен тік тұрғызылған бөрене өлім жазасын орындау үшін қолданылған деген тұжырымның дәлелдері бар. Демек, Ехоба куәгерлерінің пікірін «ойдан шығарылған» деп айту еш негізсіз болар еді.

Қорытындылай келе, тағы бір жайтқа назар аударған жөн. Өлім жазасын орындауға қандай құрал қолданылғаны Ехоба куәгерлері үшін аса маңызды да емес, өйткені олар бәрібір оған табынбас та, оны ешқалай қолданбас та еді. Себебі бұны пұтқа табынушылық деп қарастырады. Дәл сол себептен 1928 жылы олар айқыш пен тәж

¹ Казнь на столбе. «Понимание Писания» энциклопедиясы.. Күзет мұнарасының онлайн кітапханасы [URL: <https://wol.jw.org/ru/wol/d/r2/lp-u/1200002159>].

² Христианство. 3-томдық Энциклопедиялық сөздік. 1-т. (А–К). – М., Большая Российская энциклопедия, 1993. – 832-833-б.

бейнеленген төсбелгі тағудан бас тартты. Кейін ғана, 1934–1936 жылдары, айқыш деп грек тілінен аудару қате екенін анықтап, Иса айқышқа емес, бөрнеге ілініп өлтірілді деген ілім қабылданды.

7. Мәсіх тіл алғыш адамдар үшін өзінің адами өмірін құрбан етті

Мұндай діни ілімге қатысты Ехоба куәгерлері мен басқа христи-ан конфессиялары мен деноминацияларының көзқарастарының арасында ешқандай айырмашылық жоқ. Олар мәңгілік өмір және кемелді денсаулық тек Исаның біз үшін өмірін қиғандығының арқа-сында ғана мүмкін деп есептейді.

Бұл ілімнің мәні туралы Куәгерлердің өздері былай дейді: «Ехо-ба куәгерлері өздерінің бүкіл тарихында төлем жөніндегі Киелі кітаптық білімді ұдайы қорғап келеді. «Сион күзет мұнарасының» бірінші нөмірінде (*шілде 1879 жыл*): «Біз кемелді Мәсіхті құрбан-дыққа бергені үшін... Құдай алдында борыштымыз», – деп атап көрсеткен болатын. Ал 1919 жылы Сидар-Пойнтте (*АҚШ, Огайо штаты*) Киелі кітап зерттеушілерінің халықаралық ассоциациясы ұйымдастырған конгрестің бағдарламасында үлкен әріптермен бы-лай деп жазылған еді: «Ұлы төлем құрбандығына сенетіндер, қош келдіңіздер!» Енді міне, бүгінде «Күзет мұнарасы» басылымы төлем құрбандығына барынша назар аударып келеді. Журналдың мақсаты жайлы айтылған мұқабаның ішкі бетінде былай дейді: «...мәңгі өмір сүре алуымыз үшін жанын қиған және қазір Құдай Патшалығының Патшасы болып отырған Иса Мәсіхке сенуге шақырады»¹.

Олар бұл ілімді былай түсіндіреді: «Бір адамның Ехобаға мойын-сұнбауының кесірінен барлық адам мәңгі өмірден айырылды. Сол сияқты басқа бір адам күллі адамзатқа мәңгілік өмірді қайтарып бере алар ма еді? Иә (*Римдіктерге 5:19 оқыңыз*). Ешқашан күнә жасамаған Иса өмірін біз үшін төлем ретінде берді (*Қорынт-*

¹ Свидетели Иеговы – возвещатели Царства Бога. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2005. – 132-б.

тықтарға 1-хат 15:45). Оның кемелді өмірі Адам атаның ұрпақтарын өлімнің құлдығынан босатпақ еді (*Қорынттықтарға 1-хат 15:21, 22*). Киелі кітапта Исаның өлер алдында қатты азап шеккені айтылады. Оған аяусыз дүре соғылды, ол ағаш бағанаға шегеленді, ұзақ уақыт қиналып, азапталып өлтірілді (*Жохан 19:1, 16–18, 30*). Иса неге осыншама қиналу керек еді? Өйткені Шайтан кез келген адам аяусыз сыналса, Құдайға деген адалдығынан тайып кетеді деген болатын. Бірақ Иса кемелді адам қанша азап шексе де, Құдайға адалдық сақтай алатынын дәлелдеді. Ехобаның Исаға қатты риза болғаны сөзсіз! Төлем қалай берілді? Б. з. 33 жылы, яһудилердің күнтізбесі бойынша нисан айының 14-інде Ехоба Исаның өлтірілуіне жол берді (*Еврейлерге 10:10*). Үш күннен кейін Ехоба Исаны рухани тұлға етіп тірілтті. Сосын, Иса көкке оралып, адамзатқа төлем ретінде берген кемелді өмірінің құнын Ехобаға ұсынды (*Еврейлерге 9:24*). Осы құнның арқасында біз күнә мен өлімнен құтыла аламыз»¹.

«Исаның қызметі, оның өлімі мен қайта тірілуі Ехоба Құдайды даңқтайды және Оның ұлы ниетін орындауда айрықша мәнге ие, – деп есептейді Ехоба куәгерлері. – [*Исаның өлімі мен қайта тірілуі*] біз үшін өмірлік зор маңызы бар, өйткені тек Исаның төлем құрбандығының негізінде ғана біздің күнәларымыз кешіріліп, Ехоба Құдаймен өзіміздің жеке қарым-қатынасымызды орната аламыз (*Жохан 14:6; Жоханның 1-хаты 2:1, 2*)»².

Куәгерлер үшін төлем туралы ілім Құдайдың Жерге және бүкіл адамзатқа қатысты ниетінің орындалуында негізгі әрі ортаңғы бөлігі болып табылады. Ехоба куәгерлері Мұсаның 1-жазбасы 3:15-те жазылған Мәсіх туралы ең алғашқы пайғамбарлық б.з. 33 жылы – Иса азап бағанасында өлген кезде орындалды деп есептейді.

8. Мәсіхтің құрбандығы жеткілікті болды

¹ Киелі жазбалардан не білеміз? – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2019. – 54-55-б.

² Сторожевая башня. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1998. 15 наурыз. – 9-б.

Ехоба куәгерлерінің діни іліміндегі бұл постулатты түсіну үшін, Иса Мәсіхтің қайта тірілуін қарастыру қажет. Ал бұл жөнінде олар өз басылымдарында не айтады, соған назар аударайықшы: «Исаның өлгеніне үш күн болғанда, Ехоба оны қайта тірілтті (*Елшілердің істері 3:15; 10:40*). Ехоба бұл керемет істі адал қызметі үшін Исаға берілген сый ретінде ғана емес, Құдайдың Бас діни қызметкері болып, құтқару ісін аяғына дейін жеткізуіне мүмкіндік беру үшін де істеді (*Римдіктерге 1:4; Қорынттықтарға 1-хат 15:3-8*). Елші Пауыл мұны былай түсіндіреді: «Бас діни қызметкеріміз Мәсіх ...күрбандыққа шалынған қошқарлар мен бұзаулардың қанын емес, Өзінің күрбан болған кезінде төгілген қанын осы киелі үйдің ең қасиетті бөліміне біржола алып кірді. Осылайша Ол бізді күнәмыздан арылтып, мәңгілік азат етті. Мәсіх сол шынайы киелі үйдің көшірмесі болатын, адам қолымен жасалған ғибадат орнына емес, көктің өзіне енді. Ол қазір сонда Құдай алдында тұрып, бізді қолдап сөйлейді» (*Еврейлерге 9:11, 12, 24*)... Мәсіх өзінің қанын көкке апара алмас еді (*Қорынттықтарға 1-хат 15:50*). Ол сол қанын бейнелеген нәрсені, яғни кемелді адами өмірінің заңды негізі бар құнын, апарды. Сосын, Құдайдың алдында тұрып, ресми түрде сол өмірінің құнын күнәкар адамдар үшін берілген төлем ретінде ұсынды. Ехоба оны қабылдады ма? Иә. Б. з. 33 жылы Иерусалимде 120 шәкіртке киелі рухтың төгілгені – соның дәлелі (*Елшілердің істері 2:1-4*). Бұл көңіл толқытатын оқиға болды, әйтсе де ол төлем арқылы берілетін баталардың бастапқысы ғана еді»¹.

Енді осы мәселеге қатысты «Жазбаларды түсіну» басылымында не делінген соған көңіл бөлейікші: «Еврейлерге жазылған хатқа сәйкес, Иса Мәсіх қайта тіріліп, көкке көтерілгеннен кейін ол «Мәліксадық сияқты мәңгілікке бас діни қызметкер болады» (*Еврейлерге 6:20; 7:17, 21*). Сондай-ақ: «Сен Мәліксадық сияқты мәңгілікке діни қызметкерсің!» – деп Ехоба ант еткендей (*Зәбүр 110:4*), Мәсіх қазір көкте Патша һәм Діни қызметкер, яғни Дәуіттің ұрпағы ретін-

¹ Ехобаға жақында. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2006. – 145-146-б.

де патшалық билікке де ие. Бұған ол Құдай Дәуітпен келісім жасасып, уәде еткеннен соң, патшалықтың мұрагері болады (*Самуилдің 2-жазбасы 7:11–16*). Демек, Мәсіх Мәліксадық сияқты патша мен діни қызметкер міндеттерін қатар атқаруда... Негізінде Мәсіх діни қызметкерлікті Хароннан мұралыққа қабылдамағанымен әрі бұған жол салушысы, алмастырушысы болмағанымен, Харонның бірінші діни қызметкерлікті бейнелегенінің бәрі Иса Мәсіхте орындалады. Яғни, Елші Пауыл атап көрсеткендей, шөл далада тұрғызылған шатыр «адам баласы емес, Ехоба тұрғызған шынайы шатырдың бейнесі» және леулік діни қызметшілердің атқарып жатқан қызметтері «көктегінің көшірмесі әрі көлеңкесі ғана еді» (*Еврейлерге 8:1–6; 9:11*). Әрмен қарай Пауыл құрбандыққа Иса Мәсіх жануарларды емес, өзінің кемелді тәнін беру арқылы жануарларды құрбандыққа шалу қажеттілігін жойғанын, сосын көкке көтеріліп, «ол қасиетті орынға ешкілер мен жас бұқалардың емес, өз қанын біржола алып кіргенін, осылай бізді мәңгілікке азат еткенін» (*Еврейлерге 4:14; 9:12; 10:5, 6, 9*) айтады. Яғни, ол кезінде түпбейнесі Харон ғана кірген Қасиеттілердің қасиеттісі болған қасиетті бейнелі орынға, дәлдірек айтқанда, «шынайы қасиетті орынның көшірмесі болған адам қолымен жасалған қасиетті орынға емес, біздің игілігіміз үшін қазір Құдай алдында тұру үшін, көктің өзіне енді» (*Еврейлерге 9:24*). Харон әулетінен шыққан діни қызметшілердің ұсынған құрбандықтарынан айырмашылығы, Исаныкі Бас діни қызметкер ретінде бір рет және мәңгілікке ұсынылған құрбандық болды, өйткені ол күнәні біржола жойды (*Еврейлерге 9:13, 14, 25, 26*). Ал енді «көктегінің бейнесі мен көлеңкесіне» келсек, Харон әулетінен шыққан діни қызметшілер соншалықты ұзақ өмір сүрмейтін болғандықтан, олардың бірде-бірі адамдарға толық құтқарылу мен кемелділікті бере алмас еді, ал Мәсіх «өзі арқылы Құдайға дұға ететіндерді толығымен құтқара алады, өйткені ол әрдайым тірі болғандықтан, олар үшін өтініш жасайды» (*Еврейлерге 7:23–25*). Кезінде Исраилдік бас діни қызметкер құрбандық ұсынумен қатар,

халыққа батасын беретін және оларға Құдайдың әділ заңдарын үйретуге жауапты еді. Енді міне, Иса Мәсіх туралы да тап солай деуге болады. Яғни, ол көкте Әкесінің алдында тұрып, «күнәлардан арылту үшін тек бір рет құрбандық ұсынды да, Құдайдың оң жағына отырды, әрі содан бері ол жауларының аяғының астына салынып берілуін күтуде» (*Еврейлерге 10:12, 13; 8:1*). Демек, «ол екінші рет келгенде, күнәдан арылту үшін емес, өзін асыға күтіп жүргендерді құтқару үшін келеді» (*Еврейлерге 9:28*). Бас діни қызметкер ретінде Иса Мәсіхтің артықшылығын басқа жағдайлардан да көруге болады. Айталық, ол барлық жағынан «бауырластарына» ұқсас болу үшін тән мен қаннан тұратын адам болды (*Еврейлерге 2:14–17*) және барлық сынақтардан өтті; ол толып жатқан қарсылықтарды, қудалауларды басынан өткерді, ақыр соңында мазақ өліммен көз жұмды. Жазбаларда айтылғандай «ол Құдай Ұлы бола тұра, шеккен азаптары арқылы мойынсұнуды үйренді және толықтай кемелденгеннен кейін, ол өзіне мойынсұнатындардың барлығының мәңгілік құтқарылуына жол ашты» (*Еврейлерге 5:8, 9*). Пауыл оның осындай сынақтардан өтуінің біз үшін қандай пайдасы бар екенін былай түсіндіреді: «Сыналғанда өзі де азап шеккендіктен, ол сыналып жатқандарға көмекке келе алады» (*Еврейлерге 2:18*). Сондықтан көмекке мұқтаждар, Иса оларға мейірімділік пен жанашырлық танытатындығына сенімді болса болады. Пауыл бұл жөнінде былай дейді: «Ол біздің әлсіздіктерімізге жаны ашымайтын бас діни қызметкер емес, қайта, өзіміз сияқты барлық жағынан сыналды, алайда күнә атаулыдан таза боп қалды» (*Еврейлерге 4:15*)»¹.

Бұл діни ілім әрбір сенушінің өмірінде маңызды рөл атқарады, өйткені Куәгерлердің әдебиеттерінде былай деп жазылған: «Егер күнәларымызға өкінетін болсақ, түбінде Ехобаның отбасының мүшесі болуымызға Шайтан еш кедергі жасай алмайды. Иса “бір рет”

¹ Первосвященник. «Понимание Писания» энциклопедиясы. Күзет мұнарасының онлайн-кітапханасы [URL: <https://wol.jw.org/ru/wol/d/r2/lp-u/1200002023>].

өлді, осылайша төлем біржола берілді (*Еврейлерге 9:24–26*). Исаның құрбандығы адамзатқа шығарылған үкімнің күшін толықтай жояды. Төлемнің арқасында біз Шайтанның уысындағы осы дүниенің құлдығынан азат етілдік, әрі өлім алдындағы қорқыныштан арылдық (*Еврейлерге 2:14, 15*)»¹.

9. Мәсіх өлмес рухани тұлға ретінде қайта тірілді

Ехоба куәгерлерінің сенімі бойынша, Исаның тірілуі тәндік емес, рухани болған, өйткені «ет пен қаннан тұратын тәндік дене көкте өмір сүре алмайды», демек ол «көкке өз рухани денесімен көтерілді». Иса «жойымайтын өмірмен» қайта тірілді (*Еврейлерге 7:3, 15–17*). «Жазбаларды түсіну» энциклопедиясында бұл жөнінде былай дейді: «Ол жоғары формадағы өмір үшін қайта тірілді және жерге келгенге дейінгі аспандағы жағдайымен салыстырғанда жоғарырақ сыйға ие болды. Оған тәндік жаратылыстардың ешқайсысында болуы мүмкін емес өлместік және шіріместік қасиет тарту етілді, сөйтіп, ол «көктен де жоғары» – Ехоба Құдайдан кейінгі Ғаламдағы екінші тұлғаға айналды (*Еврейлерге 7:26; Тімөтеге 1-хат 6:14–16; Філіпшіліктерге 2:9–11; Елшілердің істері 2:34; Қорынттықтарға 1-хат 15:27*). Исаны қайта тірілткен Ехоба Құдайдың өзі (*Елшілердің істері 3:15; 5:30; Римдіктерге 4:24; 10:9*)»².

Олар бұл ілімдеріне дәлел ретінде Киелі кітаптан мынадай жазба орындарын мысалға келтіреді: «Көмілгені – тәндік, ал қайта тірілгені – рухани дене. ...ет пен қаннан тұратын дене Құдай Патшалығын мұра ете алмайды» (*Қорынттықтарға 1-хат 15:44–50*); «Мәсіх те әділ бола тұра, әділетсіздер үшін... тәнінде өлтіріліп, рухани денемен тірілді» (*Петірдің 1-хаты 3:18*).

10. Мәсіх көзге көрінбесе де, келіп қойған

Ехоба куәгерлері Киелі кітапқа сүйене отырып, Мәсіх осында

¹ Күзет мұнарасы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2017. Ақпан. – 12-б.

² Воскресение. «Понимание Писания» энциклопедиясы. Күзет мұнарасының онлайн-кітапханасы [URL: <https://wol.jw.org/ru/wol/d/r2/lp-u/1200003709>].

деп есептейді, бірақ мұны барлығы бірдей ұғынып, толық түсінген жоқ. Негізінен Исаның қайта оралуы оның тура мағынада жерге келуін білдірмейді. «Бұл – ол бүкіл жер жүзін басқаратын патшалықтың билігін қолына алып, соған өзінің назарын аударады деген сөз. Бірақ сол үшін оған көктегі тағын тастап, тура мағынада жерге оралудың қажеті жоқ»¹.

Сонда қалай, егер Исаның қайта оралуы көзге көрінбейтін болса, онда оның осында екендігіне қалай көз жеткізбекпіз?

Бұл жерде Ехоба куәгерлері: «Мұны біз Мәсіхтің өзі кезінде айтып кеткен «белгіге» қарап, оның көрінбей-ақ осында екендігін және дүниенің соңы таяп қалғандығын білеміз»², – деп түсіндіреді. Ал мұны нақты түсінбеушілік, «*парусиа*» деген грек сөзінің дұрыс аударылмауынан орын алса керек. Яғни, бұл сөз көпшілігіміз ойлағандай «келе жатыр» дегенді емес, «ішінде жүр» деген мағынаны береді екен. Сондықтан да Матай 24:3-тен былай оқимыз: «Айтыңызшы, бұл қашан болады? Сіздің осында болуыңыз бен осы заманның аяқталып қалғанын қандай белгілер білдірмек?». Сонда Иса шәкірттеріне Патшалық билігінде өзінің қатысуының көзге көрінетін дәлелі қандай болатынын жария етеді.

Мұны растау үшін Куәгерлер мынадай қисынды мысал келтіреді: «Иса осында болатын кезеңнің белгісі туралы айтқан (*Матай 24:3*). Егер оның осында болуын адамдар көре алатын болса, белгі қажет болар ма еді? Бұны түсіну үшін мынадай мысалды қарастырып көрейік: сіз мұхитты көргіңіз келіп сапарға шықтыңыз делік. Жол бойы бағытты нұсқайтын белгілерді көретін шығарсыз. Бірақ жағажайға келіп, о шеті мен бұ шетіне көз жетпейтін ұшантеңіз мұхит суының жиегінде тұрғанда, сол жерде «Мұхит» деген үлкен жазуы бар белгі тұрады деп күтесіз бе? Әрине, жоқ! Онсыз да көрініп тұрған нәрсеге белгі қоюдың қажеті не? Иса осында бо-

¹ Ты можешь жить вечно в раю на земле. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1989. – 147-б.

² Сол жерде.

луының белгісін сипаттағанда, адамдар көзбен көре алатын емес, оларға көкте орын алатын жайтты білуге көмектесетін нәрсеге нұсқаған. Сондықтан ол: «Осы оқиғалардың болып жатқанын көргенде Құдай Патшалығының жер бетінде орнайтын кезінің таяп қалғанын білетін боласыңдар», – деген (*Луқа 21:31*)»¹.

Сонымен, Даниял пайғамбардың кітабында (*Даниял 4:7–34*) көрсетілген мәліметтердің негізінде жүргізілген жан-жақты есептеулердің нәтижесінде, Ехоба куәгерлері Исаның осында болуы 1914 жылы басталды деген қорытындыға келеді: «Мәсіх қайта оралып, өзінің жауларының арасында үстемдік ете бастады»².

Сөйтіп, патшалық тағына отырып, билікті қолына алған Мәсіх ең алдымен «көкті тазалап», Шайтан мен оның жын-перілерін жерге лақтыртады. Міне, сондықтан да 1914 жылдан бастап жер бетінде түрлі апаттар толассыз жалғасып, Мәсіхтің осында болуы мен «соңғы күндердің» белгісін айқын көрсетуде.

11. Құдай Патшалығының билеушісі Мәсіх жерде әділдік пен тыныштық орнатады

«Көкте Патшалық орнату Ехобаның о бастағы ниетіне кірмеген. Неге бұлай дейміз? Өйткені Ехоба адамзат тарихының қандай болу керек екенін алдын ала шешіп қойған жоқ. Ол адамдарды ерік бостандығымен жаратқан. Ехоба Адам ата мен Хауа анаға адамзатқа қатысты ниетін түсіндіріп: «Өсіп-өніп көбейіңдер, ұрпақтарың жайылып, жер бетін толтырыңдар, әрі оны өңдеңдер», – деді (*Мұсаның 1-жазбасы 1:28*). Сондай-ақ оларға жақсылық пен жамандыққа қатысты қойған талаптарын құрметтеуге міндетті екендерін айтты (*Мұсаның 1-жазбасы 2:16, 17*). Адам ата мен Хауа ананың Құдайға деген адалдықтан таймауды таңдауына болар еді. Өздері де, ұрпақтары да солай еткенде, Ехобаның еркі жүзеге асу үшін Мәсіх билік жүргізетін Патшалықтың қажеті болмас еді. Ал бүкіл жер

¹ Күзет мұнарасы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2008. Қаңтар–наурыз. – 8-б.

² Внимайте пророчеству Даниила! – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1999. – 81-97-б.

бетінде Ехобаға ғибадат ететін кемелді адамдар өмір сүріп жатар еді. Шайтан және Адам ата мен Хауа ана бүлік шығарды екен деп, Ехоба жер мен адам баласына қатысты ниетінен бас тартқан жоқ. Ол жай ғана оны басқа жолмен жүзеге асыруды шешті. Ехобаның ниеті пойыз сияқты емес. Пойыз діттеген жеріне жету үшін тек салынған жолмен жүреді, ал жолына тосқауыл қойылса, рельстен шығып кетуі мүмкін. Ал Ехоба бірдеңені ниет етсе, Ғаламдағы ешқандай күш оған тосқауыл бола алмайды... Жолда кедергі пайда болса, Ехоба басқасын таңдайды (*Мұсаның 2-жазбасы 3:14, 15*). Уақыты келгенде ол ниетін жүзеге асырудың жаңа жолын адал қызметшілеріне ашады. Едемдегі бүліктен кейін Ехоба өз ниетіне Патшалық орнатуды да кіргізді (*Матай 25:34*)»¹.

Әңгіме не жайында болып отырғанын түсіну үшін, Киелі кітапқа назар аударып, жерде өмір сүргенде өзін «Адам Ұлы» деп атауымен Иса Мәсіх өзінің адамдарға жақын екенін атап көрсеткенін еске түсіру керек (*Матай 16:13; 25:31*). Иса Синедрионға, немесе яһудилердің Жоғарғы сотына, былай деген болатын: «...Бұдан былай Адам Ұлының құдіретті күштің оң жағында отырғанын және аспаңдағы бұлттарда келе жатқанын көретін боласыңдар» (*Матай 26:64*).

Ехоба куәгерлері Матай кітабында жазылған Исаның «Сенің Патшалығың келсін» деген үлгілі дұғасын айтқан кезде, мұны тура мағынасында қабылдайды. Яғни, Құдай Патшалығы олар үшін көңіл-күйге байланысты жүректегі ішкі сезім емес, шын мәніндегі «көк» патшалығы. Олар оны «Құдай патшалығы» деп атайды және Құдай көкке қайта оралған Исаны осы патшалықтың басы етіп тағайындағанына сенімді. Алайда бұл тағайындау бірден емес, жоғарыда айтқанымыздай, 1914 жылы ғана жүзеге асырылды. «...Патшалық – адамзаттың жалғыз үміті. Адамзат үкіметтері ертелі-кеш соңына жетеді, ал Құдай Патшалығының ешқашан соңы болмайды. Ишая 9:6,

¹ Құдай Патшалығы биік етуде! – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2014. – 32-33-б.

7-де бұл Патшалықтың билеушісі Иса «тыныштық пен амандықты сыйлайтын Әмірші» деп аталған, сонымен қатар онда былай делінеді: «Оның құрған билігі арта түсіп, орнатқан тыныштығы шексіз болады». Құдай Патшалығы бүгін бар, ал ертең жоқ болатын адам үкіметіндей емес. Даниял 2:44-те былай делінеді: «Көктің Құдайы мәңгілік құламайтын патшалық орнатады, бұл патшалық басқа халықтарға берілмейді; ол... мәңгі тұратын болады»¹. «Құдай Патшалығы жерге билік жүргізетін бірден-бір үкімет болады»².

Нақ осы ілім жиі Ехоба куәгерлеріне қарсы қолданылады. Олар адамдарды мемлекет заңдарына бағынбауға талпындырады деген еш негізсіз айып тағылады. Ары қарай қарастыратынымыздай, бұл мүлде дәлелі жоқ айыптау, және соны тағуға тырысатындар деректерді бұрмалайды.

12. Құдай Патшалығы жер бетінде өмір сүруге өте керемет жағдай орнатады

Бұл ілімді Ехоба куәгерлері барша халыққа арналған ізгі хабар деп біледі.

«Жер бетінде тіпті қысқа уақыт болса да бақытты өмір сүру мүмкін емес сияқты. Ауру, кәрілік, ашаршылық, қылымыс, болашаққа деген сенімсіздік және қанаушылық біздің тұрмыс-тіршілігімізді зіл батпан қайғыға батыруда. Алайда жер бетінде мәңгі бақытты өмір сүру мүмкін екендігіне сенуге келелі себептер бар.

Ол қандай себептер? Біріншіден, Құдіреті күшті Құдай адамдарды жақсы көргендіктен бізге кемелді жерді жаратып берді! Ал ең ежелгі әрі ең көп тараған қасиетті Киелі кітапта ол былай деп уәде береді: «Әділдер жерді мұра етеді, Онда мәңгі бақи өмір сүреді» (*Зәбүр 36:29*).

Мұны орындау Құдіретті күшті Құдайдың қолынан келеді. Ол

¹ Мәңгілік өмірге алып баратын білім. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1995. – 95-6.

² Ты можешь жить вечно в раю на земле. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1989. – 155-6.

сондай-ақ бақытсыздыққа душар етіп жатқан себептерді де жоюға үде береді: «Құдай олардың көзіндегі әрбір жасты сүртіп тастайды, енді қайтып өлім, жоқтау, зар еңіреу мен ауру болмайды. Бұрынғы жайттар құрып жоқ болды» (Аян 21:4)¹.

Енді Ехоба куәгерлерінің түсініктеріне сәйкес, мойынсұнғыш адамдарды рақатқа бөлейтін баталардың кейбірін атап өтейікші:

Зұлымдық, соғыс, қыламыс және зорлық-зомбылық жойылады. Жер бетінде енді қайтып зұлымдар болмайды (Зәбүр 37:10, 11). Құдай «күллі жержүзіндегі соғыстарды тоқтатады» (Зәбүр 46:9; Ишая 2:4). Бүкіл жер бетінде Құдайды сүйетін және оны тыңдайтын адамдар ғана өмір сүреді. Шартарапта тыныштық орнайды (Зәбүр 72:7). Ехобаның қызметшілері толық қауіпсіздікте өмір сүреді. Ежелгі исаилдіктер Жаратушы Иемізге мойынсұнып жүрген кездің бәрінде қауіпсіздікте өмір сүрген, өйткені Құдай оларды қорғаған (Мұсаның 3-жазбасы 25:18). Жұмақта біз ешкімнен және ешнәрседен қорықпайтын боламыз. Біз әрдайым өзімізді берік қауіпсіздікте сезінеміз! (Ишая 32:18; Миха 4:4). Азық-түлік мол болады. «Жер бетінде астық мол шығады, Таулардың басында да ағыл-тегіл болады» (Зәбүр 72:16). Ехоба, «біздің Құдайымыз, бізге батасын төгеді», сонда «жер өз өнімін береді» (Зәбүр 67:6). Бүкіл жер беті жұмаққа айналады. Барлық адамдардың әдемі үйлері, өз бақтары болады (Ишая 65:21–24; Аян 11:18). Жер беті бір кездердегі ғажайып Едем бағы сияқты құлпырып тұрады. Ал Ехоба адамдарға қажеттінің бәрін беріп, әрқашанда қамқорлық танытады. Бұл туралы Киелі кітапта былай дейді: «Алақаныңды ашасың да, Барша тіршілік иелерінің қажетін бересің» (Зәбүр 145:16). Адамдар табиғатпен үндестікте өмір сүретін болады. Хайуанаттар бұдан былай адамдарға ешқандай қауіп төндірмейді. Тіпті балалар да қазір қауіпті деп саналатын хайуанаттардан қорықпайтын болады (Ишая 11:6-9; 65:25). Ауру атаулы мүлдем болмайды. Иса Мәсіх

¹ Благая весть для всех народов. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1998.

жерде болған кезде, талай адамдарды дертінен айықтырған еді (*Маттай 9:35; Марқа 1:40–42; Жохан 5:5-9*). Алайда келешекте Құдай Патшалығының Патшасы ретінде ол барлық адамдарды ауырмастай етеді. Сонда ешкім: «Мен науқаспын», – демейтін болады (*Ишая 33:24; 35:5, 6*). Өлгендер қайтадан өмір сүреді. Құдай сан миллиондаған өлген адамдарды қайта тірілтуді уәде етеді. «Құдай әділдерді де, әділетсіздерді де қайта тірілтеді» (*Жохан 5:28, 29; Елшілердің істері 24:15*)¹ және т.б.

Сонымен, Ехоба куәгерлерінің түсінігі бойынша Құдай Патшалығы немесе жер бетінде жұмақтың орнауы дегеніміз – «барлық ұлттар мен ұлыстар бір отбасындағы бауырлардай бірге тұруды үйренетін уақыт. Олар шын мәнінде бірін-бірі зор сүйіспеншілікпен жақсы көретін болады. Ешкім де өзімшіл немесе ашушаң болмайды. Ешкім де басқа біреуді тек оның нәсіліне, терісінің түріне немесе шығу тегіне бола жек көрмейді. Теріс ұғым атаулы мүлдем жойылады. Әрбір адам өзгелер үшін нағыз дос және жанашыр болады»².

Куәгерлер риясыз сенетін осындай «жаңа жер», таңғажайып жаңа әлем болуы мүмкін бе? Бұл сұраққа Ехоба куәгерлері сенімді түрде «иә» деп жауап береді. Олар мұндай керемет жағдайды Құдайдың о баста Жер үшін ойластырған ғаламат ниетінің бір көрінісі деп біледі. Құдай алғашқы адам жұбын жердегі Едем бағына орналастырып, оларға оң батасын берген: «Өсіп-өніп көбейіңдер, ұрпақтарың жайылып, жер бетін толтырыңдар, әрі... иелік етіңдер!» (*Мұсаның 1-жазбасы 1:28*). Яғни, Құдайдың о бастағы ниеті – осы жұптың балалы болып, бүкіл жер бетін жұмаққа айналдырғанын қалаған еді. Алғашқы адамдар жаратылыстың алтыншы күні жаратылған болатын. «Әрі келесі жетінші күн жаратылыстың алдыңғы

¹ Киелі жазбалардан не білеміз? – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2019. – 17-23-б.

² Ты можешь жить вечно в раю на земле. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1989. – 155-163-б.

алты күні сияқты мың жылға созылу керек еді. Ехоба осы уақыт ішінде жер беті кемелді отбасыларына толып, бүкіл әлем жұмаққа айналады деп күтті (*Мұсаның 1-жазбасы 1:28; 2:3*). Алайда Адам ата мен Хауа ана Құдайды тыңдамауды шешеді. Бірақ олардың ұрпақтарына қатысты Құдайдың о бастағы ниеті еш өзгеріссіз қалады.

«Ехобаға жақында» деген кітапта осы мәселеге қатысты Құдайдың қалай әрекет еткені былай түсіндіріледі: «Ехоба бірден әрекет етті. Ол бүлікшілерге үкім шығарды, сөйте тұра, керемет үміт сәулесін де берді: жаңа ғана басталған «ауруға» дауа болар шара қолданытын ниеті бар екенін ашты (*Жаратылыс 3:15*). Ехобаның көреген ниеті сонау Едем бағынан бастап адам баласының бүкіл тарихы мен алыстағы болашағын қамтиды. Оның ниеті өте қарапайым, бірақ мәні терең болғаны соншалық – Киеді кітап оқырмандарының оны зерттеп, ой жүгірту үшін бүкіл ғұмырын жұмсауларына болады. Оған қоса, Ехобаның ниеті міндетті түрде жүзеге асады. Ол зұлымдық пен күнә атаулыны, сондай-ақ өлімді жояды; адал адамдарды кемелділікке жеткізеді. Оның ниеті жетінші күн аяқталмас бұрын толығымен орындалады, бұл дегеніміз – ешбір кедергіге қарамастан, Ехоба адам баласы мен жерге қатысты еркін о баста өзі белгілеген уақытта жүзеге асырады деген сөз»¹.

Ехоба куәгерлері Құдай «Құдіретті» деп аталатындықтан, оған өзінің жерге және адамзатқа қатысты о бастағы ниетін жүзеге асыруға ешнәрсе де, ешкім де бөгет бола алмайды деп ойлайды. Тіпті Куәгерлердің пайымдауынша, Құдайдың есімі – еврей тілінде «болдырушы» деген мағынаны білдіреді екен. Яғни, Ехоба – өзінің уәдесін орындайды дегенді меңзейді.

13. Жер ешқашан жойылмайды, оны адамдар әрқашан тұрақ етеді

Бұл тұжырымды Ехоба куәгерлері Киеді кітапта жазылған келе-

¹ Ехобаға жақында. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2006. – 169-170-б.

сiдей сөздерге сүйенiп айтады:

«Бiр ұрпақ келедi, бiр ұрпақ кетедi, Ал жер мәңгi тұрады»
(*Уағыздаушы 1:4*);

«Көктi жаратқан шынайы Құдай, Жердi қалыптастырып, берiк орнатқан, Оны бекерден-бекер емес, мекендеу үшiн жаратқан»
(*Ишая 45:18*);

«Киелi үйiн зәулiм аспандай орнатты, Жер iспеттi оны мәңгiлiкке нығайтты» (*Зәбур 77:69*).

2012 жылдың қаңтар айында жарық көрген «Күзет мұнарасы» журналында жарияланған «2012 жылы жер жойыла ма?» деген мақалада мынадай ой айтылады: «Баласын қуантқысы келген сүюшi әке оған ойыншық құрастырып беруге көп уақытын жұмсап, ал ойыншықты берген соң, сындырып тастар ма едi? Бұл нағыз қатыгездiк болар едi! Сол сияқты Құдай да жердi адамдар бақытты өмiр сүру үшiн жаратқан. Құдай алғашқы жұп Адам ата мен Хауа анаға: «Өсiп-өнiп көбейiңдер! Ұрпақтарың жайылып, жер бетiн толтырыңдар!» – деген. Содан кейiн «Құдай өзiнiң жасағандарының бәрiне қарап, өте жақсы екенiн көрдi» (*Жаратылыс 1:27, 28, 31*). Құдайдың жерге қатысты ниетi өзгерген жоқ. Сондықтан ол жердiң жойылып кетуiне жол бермейдi»¹.

Жердегi жұмақ туралы идеяның өзi өте қызық. Адамдар жер бетiнде уақытша өмiр сүредi деп ойлайтын басқа дiндерден айырмашылығы, Ехоба куәгерлерi үшiн «жұмақ» деген сөз тiкелей жермен байланысты. Олардың журналдары мен кiтаптары Құдай Патшалығы орнаған кезде жердiң қандай күйде болатындығын сипаттайтын әсем суреттерге толы.

Жер бетiнде орнайтын жұмаққа деген олардың сенiмдерiнiң берiктiгi соншалық, олар бұл туралы әуелетiп ән де шырқайды. Куәгерлердiң сондай сүйiктi әндерiнiң бiрi тiптi «Жұмақта жүргенiңдi

¹ Күзет мұнарасы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2012. Қаңтар–наурыз. – 10-б.

елестет»¹ деп те аталады:

Қара, міне, екеуіміз де,
 Жүрміз көппен біз жаңа дүниеде.
 Артта қалды бар жамандық,
 Кеуде керіп, кең тыныс алдық.
 Құдай отыр өз тағында,
 Зұлымдықтың жоқ нышаны да.
 Міне, кез келді жаңа жер орнайтын,
 Бірге бәріміз мадақ әнін шырқайтын!

Қайырмасы:

Ехоба, рақмет! Ғажап істерің!
 Ұлың Иса жаңартты жер бетін.
 Ән-жыр төгіледі ризашыл жүректен,
 Мадақ, құрметке лайықсың,
 Әке, тек сен!

Қара, міне, екеуіміз де,
 Жүрміз әсем табиғат төсінде.
 Үрей, қауіп – бәрі кеткен,
 Құдай жерге шатырын тіккен.
 Уәделері дәл айтқандай,
 Орындалды бірі де қалмай.
 Қазір оянып көз жұмған адамдар,
 Мадақ әніне шын жүректен қосылар!

Жер бетіндегі жұмақта өмір сүруге деген үміт сенушілерге қатты ықпал етеді. Олардың мүдде-арманы, үміті осы діни іліммен тікелей байланысты. Бұл ілім оларды қазірдің өзінде табиғатты, хайуанаттарды сүйіспеншілікпен жақсы көруге талпындырады. Дүние жүзіндегі барлық Бетелдерде тірі табиғаттың әсемдігін сақтауға

¹ Ехобаға қуана ән шырқайық! Ән кітабы. №139 ән. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2019.

тырысады. Бұл жерлер көк шөптер мен гүлдерге, жасыл ағаштарға бөленген. Олардың басылымдарында өмірді сақтауға және қоршаған ортаға жеңіл-желпі қарауға болмайтындығы туралы жиі жазылады.

Куәгерлердің әдебиеттерінде бұл жөнінде керемет ойлы мақалалар жарияланып тұрады: «...Біз өз қалауларымыздың – не сатып аламыз, қандай көлікті пайдаланамыз, демалысымызды қалай өткіземіз – қоршаған ортаға қалай әсер ететінін ойлануымыз қажет. Мысалы, кейбіреулер табиғатқа азырақ зиянын тигізіп өндірілетін арнайы азық-түліктерді пайдаланады. Ал кейбіреулер қоршаған ортаға зиянын тигізетін немесе табиғат қорлары тиімсіз пайдаланылатын істерге мейлінше қатыспауға тырысады. Экологияға қатысты шешімдерімізді өзгелерге міндеттемеген абзал. Рас, кейде көп нәрселер адамның қай жерде тұрып жатқанына, қандай жағдайда жүргеніне де байланысты болып жатады. Дегенмен де біз өз шешімдерімізге өзіміз жауап беруге тиіспіз. Өйткені Киелі кітапта: «Себебі әркім өз жүгін өзі көтереді», – дейді (*Галаттықтарға* 6:5). Жаратушы Иеміз адамдарға жерді күтіп-баптауды міндеттеген. Міне, Құдайдың осындай сенімі үшін, сондай-ақ оған деген мойынсұнушылығымыз әрі оған және оның жаратылыстарына деген құрметіміз бізді қоршаған ортаға байланысты ойлы да байсалды шешімдер қабылдауға және тәрбиелі ар-ұжданымызға сәйкес іс-әрекеттер жасауға талпындыруы қажет»¹.

Бір байқағаным, Ехоба куәгерлерінің сөздері мен істері әрдайым бір жерден шығып жатады. Мысалы, олар жоғарыда айтылған қоршаған ортаға байланысты көбіне жағымды істерімен өзгелерге үлгі бола білген. Қазақстандық Куәгерлер елімізде үнемі ұйымдастырылып тұратын қалалар мен ауылдардағы санитарлық тазалау жұмыстарына белсене атсалысады. Ехоба куәгерлерінің мәсіхшілік орталығында болған кезімде, олар жер-жерлерде өт-

¹ Пробудитесь! – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2007. Желтоқсан. – 11-б.

кізілген осындай сенбіліктерде көрсеткен айрықша көмектері үшін ризашылықтарын білдірген қала басшыларының Алғыс хаттары мен Мақтау грамоталарын көрсеткен еді.

14. Армагеддон шайқасында

Құдай тек зұлым адамдарды жояды

Армагеддон – жер бетіндегі әділдік үшін және Құдай халқын жойылып кетуден қорғау үшін болатын ұлы шайқас.

Ехоба куәгерлері басқа христиандық конфессияларға қарағанда Армагеддон шайқасын біршама өзгешелеу түсінеді. Ежелгі еврей тіліндегі *Армагеддон* деген сөз – «таулы жер» деп аударылады¹. Бұл Киелі кітап заманында Хайфа қаласының (*Израиль*) жақын маңында қырғын соғыс болған жер екен. Міне, келешекте дәл осы жерде Шайтан мен Құдайдың ақырғы шайқасы болуы тиіс. Ал Ехоба куәгерлері осы Ехоба мен Шайтанның арасындағы соңғы шайқасты «Армагеддон» деп атайды. Әдетте, кәдімгі соғыстарда жамандар да, жақсылар да жойылып кететін болса, ал Армагеддон шайқасында тек зұлымдар күйреп, қайрымды адамдар аман қалатындығына олар бек сенімді. Және тап осы соғыстан кейін жер бетінде нағыз жұмақ – Құдай Патшалығы орнайды. Әрі бұл «татулықты жақсы көретіндер үшін нағыз бейбіт өмірді» қамтамасыз ететін жалғыз хәм әділ үкімет болады.

Сондай-ақ Ехоба куәгерлері Армагеддон – «ауыр азап» кезіндегі шарықтау сәтінің тек бір бөлігі ғана деп біледі. Адамзат тарихындағы ең ауыр кезең деп есептелетін бұл оқиға аяқ астынан үкіметтердің «жалған» діндерді жоюымен және іле-шала әлемдік дағдарыстармен, әрі одан кейінгі Құдай халқына жауларының шабуыл жасауымен басталады.

Куәгерлер осының барлығы жақын болашақта жүзеге асатындығына кәміл сенімді. Тек қай күні, қай сағатта орындалатынын ешбір жан білмейді екен. Өйткені бұл уақыт мерзімі адамдардан

¹ Егер сөзбе-сөз аударсақ – «Мегидадо қаласының жанындағы тау» (*Палестинаның солтүстік жағы*).

жасырын тұрса керек.

Бұл жөнінде ұйымның ресми сайтында былай дейді: «Армагеддон деп, жердегі үкіметтер мен Құдай арасындағы ақырғы соғысты айтады. Бұл үкіметтер мен оларды жақтаушылардың барлығы қазірдің өзінде Құдайдың басшылығына бағынғысы келмей, оған қарсы шығуда (*Зәбүр 2:2*). Ал Армагеддон болса, сол адамдардың басшылығын біржола жояды (*Даниял 2:44*)»¹.

Осынау діни ілімді зерттеген кезде Ехоба куәгерлерінің көзқарасын негізінен екі мәселенің аясында қарастырған жөн сияқты: біріншісі – Куәгерлердің пайымдауынша, бұл соғысты кім бастамақ? Бұл туралы 2012 жылы жарық көрген «Күзет мұнарасы» журналында жарияланған «Армагеддон туралы шындық» деп аталатын мақалада былай дейді: «Армагеддон Құдайдың тарапынан жасалған басқыншылық соғыс емес. Қайта керісінше, Құдай әділ адамдарды оларды жойып жібергісі келетіндерден қорғайды. Бұл жерде жойып жібергісі келетін агрессорлар «бүкіл жер бетіндегі патшалар», яғни, әлемдік көшбасшылар. Ал неліктен олар Құдай халқына шабуыл жасайды? Өйткені Шайтан сахнада қуыршақтарды қимылдатып ойнататын әртістер сияқты үкіметтік және әскери ұйымдарды Ехоба Құдайға ғибадат ететіндерге қарсы айдап салады (*Аян 16:13, 14; 19:17, 18*)»².

Екіншісі – осы шайқаста Ехоба куәгерлерінің өз ұстанымдары қандай болмақ? Бұл туралы жоғарыда аталған мақалада былай дейді: «Ехоба өзіне қызмет ететіндерден бейбітшіл болуды, тіпті жауларын да жақсы көруді талап етеді (*Миха 4:1–3; Матай 5:43, 44; 26:52*). Сондықтан олар қатыгез шабуылдардан өздерін қорғау үшін қолдарына қару алмайды. Тап осы жерде, егер Құдай жақтаспаса, онда олар, әрине, жер бетінен тып-типыл болады. Ал бұл өз кезегінде, Құдайдың атын былағап, беделіне нұқсан келтірер еді. Расында да,

¹ Что такое битва Армагеддон? Ехоба куәгерлерінің ресми сайты [URL: <https://www.jw.org/ru/библейские-учения/вопросы/битва-армагеддон>].

² Сторожевая башня. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2012. 1 ақпан. – 6-б.

егер Құдай халқын жаулары жойып жіберетін болса, демек, Ехоба сүйіспеншіліктен жұрдай, әділетсіз әрі әлсіз болғаны ғой. Алайда бұл тіпті де олай емес! (Зәбүр 37:28, 29)».

Бұдан кейін Мәсіхтің Мыңжылдық патшалығы басталады: «Тәндік, ой-сана, түйсік, құлықтылық, рухани және барлық басқа да жақтарынан кемелді болған адамдар Құдайдың нормаларына толығымен сай болады. Бірақ бұл барлық адамдар бірдей болады дегенді білдіре ме? Жоқ! Ехобаның жаратылыстары: ағаштар, гүлдер, жан-жануарлардың барлығы Құдайдың әр түрлілікті жақсы көретіндігіне куәлік етеді. Кемелді адамдардың барлығының өзінше қайталанбас мінез-құлқы мен қабілеттері болады. Олардың бәрі де Құдай даярлаған өмірдің рақатын көреді»¹.

15. Адал еместер мәңгілікке жойылады

Бұл діни ілім «Күзет мұнарасы» журналының 2017 жылдың сәуір айындағы нөмірінде былай түсіндіріледі: «Елші Пауыл соңғы күндері «ерекше қиын уақыт» болатынын айтқан. Сосын артынан: «Зұлымдар мен алаяқтар бұрынғыдан бетер жамандық жасайды», – деп қосқан (*Тімөтеге 2-хат 3:1-5, 13*). Осы пайғамбарлық сөздердің орындалып жатқанын көріп жүрсіз бе? Көбіміз қатыгез бұзақылар, ұлтшылдар, жауыз қылмыскерлер сияқты зұлым адамдардың қолынан жапа шеккенбіз. Олардың кейбірі қара істерін ашықтан-ашық жасайды. Ал өзгелері жұртқа жақсылық істегенсиді, бірақ шын мәнінде алаяқтық жасайды. Жеке басымыз осындай залымдардың құрбаны болмасақ та, олардың кесірі бізге тимей қоймайды. Балаларға, қариялар мен қорғансыз жандарға қандай жауыздық істеліп жатқанын естігенде, төбе шашымыз тік тұрады. Зұлым адамдар хайуанға, тіпті жындарға тән рух танытады (*Жақыт 3:15*). Бірақ бір қуантарлығы, Ехобаның Сөзі көңілімізде үміт отын жағады. Ехоба не істемек? Дәл қазіргі уақытта Ехоба зұлым адамдарға өзгеруге

¹ Мәңгілік өмірге алып баратын білім. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1995. – 187-б.

мүмкіндік беріп отыр (*Ишая 55:7*). Осы дүние үкімге кесілгенмен, зұлымдарға, жеке алғанда, әлі соңғы шешім шығарылған жоқ. Теріс жолдан қайтпай, зор алапат басталғанға дейін мына әлемнен ажырағысы келмейтіндермен не болмақ? Ехоба жер бетін зұлымдардан біржолата тазартатынын уәде етеді (*Зәбүр 37:10 оқыңыз*). Бүгінде көп адамдар сұм істерін ың-шыңсыз жасайтындықтан, жиі жазадан жалтарып жатады (*Әйүп 21:7, 9*). Бірақ Киелі кітапта мынадай ескерту бар: «Құдай адамның жолдарын бақылап отырады, Әрбір қадамы оның көз алдында. Жамандық жасаушылар одан Қараңғы жерде де, қара түнекте де жасырына алмайды» (*Әйүп 34:21, 22*). Демек, Ехоба Құдайдан жасырынып қалу мүмкін емес. Залымдардың істері оның қырағы жанарынан тыс қалмайды. Армагеддоннан кейін зұлымдардың бұрынғы тұрған жеріне қараймыз, бірақ еш таппаймыз. Олар мәңгілікке құрып кетеді! (*Зәбүр 37:12–15*)»¹.

Кейбір адамдар осы және алдында қарастырылған ілімдерді Ехоба куәгерлеріне қарсы насихаттарында жиі қолданады. Олар Куәгерлер «адам баласына қас» деген айып тағуға тырысады. Алайда ойланып көрейікші: бұл жаңадан шыққан ілім бе? Діндердің көбісінде зұлым да опасыз адамдардың жойылатыны туралы ілім бар ғой. Мысалы, көп діндер «тозақ оты» туралы үйретеді. Ал Ыбырайым пайғамбарды мойындайтын барлық діндерде Сот күні туралы ілім бар. Бұл түсінікті де, өйткені Киелі кітапта да бұл ілім жазылып кеткен еді. Бірақ біз аталмыш діндерді жақтаушыларға қатыгез не адамзатты жек көреді деп айып таға салмаймыз ғой. Өйткені келесідей жайтты түсінеміз: зұлым адамдардың жойылуы туралы іліммен қатар, адамның Құдаймен татулыққа жетіп, күнәдан тазарып, түзу жолға түсе алатыны туралы да ілімдер баршылық. Демек, Ехоба куәгерлеріне қандай да бір «таңбаларды» қою арқылы антисектанттар айла-шарғы істеп, басқаларды адастыруда.

Сондай-ақ құрғақ дәлелсіз айыптауды негіздеу мақсатында, бұл

¹ Күзет мұнарасы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2017. Сөйіп. – 11-б.

арам пиғылды адамдар Ехоба куәгерлерінің басылымдарындағы Армагеддон шайқасы бейнеленген суреттерді келтіреді. Алайда православие пен католик ғибадат үйлерінде де Сот күнін баяндайтын бейнелер жүздеген, тіпті мыңдаған жылдар бойы қолданылуда, солай еме пе?

Демек, бұл ілімдерді жаңадан шыққан не қоғамға қауіпті деп айту қисынсыз. Бұл кәдімгі діни дағды ғана. Ал Ехоба куәгерлерге келсек, оларда тіпті келесідей де ілім бар.

16. Құдай адамдар мәңгілік өмірге ие болады

Армагеддоннан кейін Құдай керемет түрде жер бетіндегінің бәрін өзгертеді. Ехоба куәгерлері Құдай Патшалығы биік еткен кезде ешкімнің де ауырмайтындығына және қартаймайтындығына кәміл сенеді. Тіпті қарт адамдар қайтадан жасармақ. Ал Шайтан мен оның жын-перілері «бұғауланып», адамдарға бұдан былай зақым ықпалдары болмайды.

«Жаратушы біздің небары 70 не 80 жыл емес, әлдеқайда ұзақ уақыт бойы білім алып, жетілгенімізді қалайды. Бұл Исаның өте танымал нақыл сөздерінің бірінен анық көрінеді: «Құдай адамзатты сондай қатты сүйгендіктен, өзінің жалғыз Ұлын құрбан етті. Енді оған сенген әркім жойылмай, мәңгілік өмірге ие бола алады» (Жохан 3:16). «Мәңгілік өмір» Куәгерлердің түсінігі бойынша, ертегі емес. Қайта керісінше, мәңгілік өмір жайлы ой Жаратушының алғашқы ата-анамыз Адам ата мен Хауа анаға ұсынғанымен сай келеді. Сондай-ақ бұл біздің миымыздың құрылысы мен мүмкіндіктері жайлы ғылыми деректерге де, Иса Мәсіхтің үйреткендеріне де сәйкес келеді. Мәңгілік өмір Иса жариялаған хабардың басты түйіні болатын. Иса жерде елшілерімен соңғы кешті өткізгенде былай деген еді: «Мәңгілік өмірге ие болу үшін сені, жалғыз шынайы Құдайды, және өзің жіберген Иса Мәсіхті танып-білу керек» (Жохан 17:3)»¹.

17. Өмірге апаратын жол біреу-ақ

Ол – Иса Мәсіх арқылы Ехобаға ғибадат ету. Мәңгі өмір сүру батасына ие болу үшін оның еркін орындау керек. Бұл ілімді дәлелдеу үшін Ехоба куәгерлері тағы да Киелі кітапқа жүгінеді: «Әділдер жерді мұра етеді, Онда мәңгі бақи өмір сүреді... Зұлымдар құрып жоқ болғанда, бұны көзің көреді» (*Зәбүр 37:29, 34*).

Мәсіхтің екі таңдау жолы туралы айтқанындай, олар әрбір адамда өз жолын таңдау кезінде екі мүмкіндік бар деп біледі. Яғни, Иса ескерткендей, бір жол – «кең әрі даңғыл». Онымен жүретіндер нені қаласа, соны істеуге ерікті. Ал екінші жол – «тар». Онымен жүретіндерден Құдайдың нұсқаулары мен заңдарына мойынсұну талап етіледі. Міне, осы жерде Иса адамдардың көпшілігі кең жолды, тек аз бөлігі тар жолды таңдайтынын айтқан. Алайда кең жол өлімге апарады екен. Демек, қай-қайсысыны да жұмақтағы мәңгілік өмірге апаратын тек бір ғана жол, ол – тар жол болғаны ғой. Ендеше екі жолдың қайсысын таңдайды, ерік адамның өзінде!

Куәгерлердің «Ехоба куәгерлері тек біз құтқарыламыз деген ойда ма?» деген сұраққа қайтарған жауаптары да көңіл аударарлықтай. «Жоқ. Өткен ғасырларда өмір сүрген әрі Ехоба куәгері болмаған миллиондаған адамның құтқарылуға деген үміті бар. Киелі жазбаларда Құдай уәде еткен жаңа дүниеде «әділдердің де, әділетсіздердің де қайта тірілетіні» жөнінде айтылған (*Елшілердің істері 24:15*). Бұған қоса, әлі Құдайға қызмет етуді бастамаған адамдар көп. Солар да құтқарыла алады. Қайткен күнде де, кімнің құтқарылып, кімнің құтқарылмайтынын шешетін біз емес. Бұл іс Исаға тапсырылған (*Жохан 5:22, 27*)»².

Бұл жөнінде 2008 жылы жарық көрген «Күзет мұнарасы»

¹ Существует ли заботливый Творец? – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1998. – 189-190-б.

² Считают ли Свидетели Иеговы, что спасутся только они? Ехоба куәгерлерінің ресми сайты [URL: <https://www.jw.org/ru/свидетели-иеговы/часто-задаваемые-вопросы/кто-спасется/>].

журналында былай дейді: «Ехоба куәгерлері шынайы дінді тапқандарына нық сенімді. Олай болмаған жағдайда олар бұл дінді ұстанбаған болар еді. Дінге сенетін барлық адамдар сияқты Ехоба куәгерлері де құтқарылатындықтарына үміт артады. Алайда олар кімнің құтқарылатынын, кімнің құтқарылмайтынын шешуге құқығымыз жоқ деп біледі. Мұндай соттау құқығы тек Құдайға ғана тиесілі (*Ишая 33:22*)»¹.

Сондай-ақ Ехоба куәгерлері өздерінің басылымдарында «құтқарылу – бұл Құдайдың сыйы, бірақ оны әркім ала бермейді. Өйткені Құдайдың Ұлы Иса Мәсіх былай деген: «Маған «Ием! Ием!» дейтіндер емес, көктегі Әкемнің еркін орындайтындар ғана Көк Патшалығына кіреді» (*Матай 7:21*). Ехоба куәгерлері Құдай Иса Мәсіхтің төлем құрбандығының күшіне шүбәсіз сенетіндерді және оның ілімін бұлжытпай ұстанатындарды құтқаратындығына сенетіндігін (*Елшілердің істері 4:10–12*)»² ашық айтады.

Ехоба куәгерлері уағыздау арқылы құтқарылуға ие боламыз деп ойлай ма? Бұл сұраққа «Ехоба куәгерлері – Құдай Патшалығын жариялаушылар» («*Свидетели Иеговы – возвестители Царства Бога*») деген кітапта былай деп жауап береді: «Жоқ, тіпті де олай емес. Киелі кітапты оқып-білгісі келетіндерге көмектесу мақсатымен шығарылған «Жалғыз шынайы Құдайға ғибадат ету үшін ұйымдасқанбыз» («*Объединены в поклонении единому истинному Богу*», 1989 жылы жарық көрген) деген кітапта былай дейді: «Исаның құрбандығы бізге мәңгілік өмірге қол жеткізуге мүмкіндік ашты... Бұл негізінен өз бетімізше лайық бола алатындай сыйлық емес. Өйткені біз Ехобаға қаншама қызмет етсек те, Құдай бізге мәңгілік өмір сыйлауға міндетті болатындай дәрежеге жетуіміз еш мүмкін емес. Себебі мәңгілік өмір – «Иеміз Мәсіх Иса арқылы берілетін Құдайдың сыйы» (*Римдіктерге 6:23; Ефестіктерге 2:8–10*). Ал егер

¹ Сторожевая башня. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2008. 1 қараша. – 28-б.

² Сол жерде. – 29-б.

біз осы сыйға сенсек, әрі Құдай бұны бізге қалай бергенін бағалайтын болсақ, сөз жоқ, мұның бәрі біздің іс-әрекеттерімізден көрінетін болады. Егер біз Ехоба өз ниетін Иса Мәсіх арқылы керемет түрде жүзеге асырғанын сезініп, бәріміз Исаның ізімен жүру керектігін түсінетін болсақ, онда мәсіхшілік қызметіміз өміріміздегі ең маңызды іске айналар еді»¹.

18. Біз «соңғы күндері» өмір сүріп жатырмыз

Бұл жерде Ехоба куәгерлері Киелі кітапта айтылатын бірқатар ұғымдарға қатысты өзге христиандық конфессиялардан басқаша түсінік береді. Мәселенки, олар Киелі кітаптың кейбір жерлері дәл аударылмаған деп есептейді. Мысалы, елшілердің Зәйтүн тауында Исаға «дүниенің соңына» қатысты белгі жайында қойған сұрағы көпшілік мақұлдаған аудармада: «Бізге айтыңызшы, бұл қашан болады? Сіздің қайта келуіңіз бен ақыр заманның жақындап қалғанын қандай белгі білдірмек?» – деп аударылған. Ал дұрысы, бұл: «Айтыңызшы, бұл қашан болады? Сіздің осында болуыңыз бен осы заманның аяқталып қалғанын қандай белгі білдірмек?» – деп аударылу керек болатын (*Матай 24:3*). Неліктен? Өйткені жоғарыда айтылып кеткендей, осындағы «қайта келу» деп аударылған грек сөзі *парусиа* шын мәнінде «осында болуды» білдіреді.

Демек, сол «белгі» қазір орындалып жатқандықтан, Мәсіх көзге көрінбесе де, оның осында екенін, яғни «оның Патшалық билікте отырғанын» білдіреді. Ал әдетте қолданылып жүрген «дүниенің жойылуы» деген тіркес, тек жұртты шатастырады. Сондықтан бұны «жердің жойылуы» деп түсінбеуіміз керек. Себебі бұл жерде әңгіме Шайтан билеген дүниенің жойылуы туралы болып отыр.

«Иса «белгі» жөнінде айтқанда, бір ғана оқиғамен шектеліп қалған жоқ. Ол көп жайттар туралы айтқан... Киелі кітаптың Матайдан басқа жазушылары да «белгіні» сипаттайтын басқа да

¹ Свидетели Иеговы – возвестители Царства Бора. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2005. – 293-б.

оқиғаларды атап көрсеткен. Алдын ала айтылған осы жайттар Киелі кітап жазушылары «соңғы күндер» деп атаған уақытта орын алуы керек-тін (*Тімөтеге 2-хат 3:1-5; Петірдің 2-хаты 3:3, 4*). Бұл оқиғалар ешбір адамның саусағының ізі қайталанбайтыны сияқты ап-айқын болуы керек еді. «Соңғы күндер» өзіне тән белгілерімен немесе оқиғаларымен ерекшеленеді. Олар басқа ешқандай уақыт аралығына сәйкес келмейтін өзіндік «саусақ ізін» қалдырады»¹.

Ехоба куәгерлерінің есептеуі бойынша, жоғарыда айтылып кеткендей, «соңғы күндер» деп аталатын уақыт 1914 жылдан, яғни «Мәсіх қайта оралып, жауларының арасында билік ете бастаған» кезден басталады. Міне, сол уақытта Көкте Құдай Патшалығы орнап, Шайтан Ібіліс пен оның жын-перілері жерге лақтырылады. Сөйтіп, Шайтанның жер бетіндегі адамзат қоғамына жасап жатқан теріс ықпалы адамдардың бұзық ниеті мен зұлым істерінен байқала бастайды. Куәгерлер Киелі кітапта пайғамбарлық етілген келесідей оқиғалардың орын алып жатқанын Шайтанның зұлым дүниесінің «соңғы күндері» басталғанының дәлелі деп біледі (*мәліметтер Ехоба куәгерлерінің ресми сайтынан алынды*):

- бұрын-соңды болмаған соғыстар (*Матай 24:7; Аян 6:4*);
- ашаршылық (*Матай 24:7; Аян 6:5, 6*);
- қатты жер сілкіністері (*Лұқа 21:11*);
- індеттер (*Лұқа 21:11*);
- заңсыздықтардың көбеюі (*Матай 24:12*);
- адамдардың жерді тоздыруы (*Аян 11:18*);
- құлықтылық жағынан құлдырау, нәтижесінде көп адамдардың «алғысты білмейтін, опасыз... ымыраға келмейтін, бұзақы, жақсылықты жек көретін, сатқын, қиқар, өркөкірек» болып кетуі (*Тімөтеге 2-хат 3:1-4*);
- «туыстық сезімдердің» жетіспеушілігінен және ата-анаға мойын-

¹ Ты можешь жить вечно в раю на земле. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1989. – 149-б.

сүнбаушылықтың салдарынан туындайтын отбасындағы дағдарыстардың туындауы (*Тімөтеге 2-хат 3:2, 3*);

- көп адамдардың Құдайға деген сүйіспеншіліктерін жоғалтуы (*Матай 24:12*);

- ашық байқалатын діни екіжүзділіктің көбеюі (*Тімөтеге 2-хат 3:5*);

- Киелі кітаптағы пайғамбарлықтарды ұғыну, соның ішінде соңғы күндерге қатыстыларының да біртіндеп нақтылана түсуі (*Даниял 12:4*);

- Құдай Патшалығы туралы ізгі хабарды уағыздаудың әлемдік деңгейге жетуі (*Матай 24:14*);

- соңғы күндердің аяқталуына таяп қалғандығын көрсететін дәлелдердің жеткілікті екендігіне қарамастан немқұрайдылық пен келеке-мазақтың айналаны жайлап алуы (*Матай 24:37–39*); *Петірдің 2-хаты 3:3, 4*);

- осы пайғамбарлықтардың тек кейбірі немесе көпшілігі ғана емес, барлығының бір мезгілде жаппай орындалуы (*Матай 24:33*).

Дегенмен де Ехоба куәгерлері «Құдай соты» нақты қай күні басталатынын «белгілеуде» бірнеше рет қателескені бар. Алғашқыда бұл 1914 жыл деп хабарланса, кейіннен 1975 жыл делінгенді. Алайда аталған осы екі жыл да дәл болып шықпады. Әйтсе де олар бұл жайт сенбеушілікке ешқандай негіз болмайды дейді. Бұны олар келесідей түсіндіреді:

«Көп уақытқа дейін Ехоба куәгерлері Мәсіхтің мыңжылдық билігі адамзат тарихының 6 000 жылы біткенде басталады деп шамалаған еді. Ал сонда бұл қашан болмақ? Кезінде жарық көргені туралы 1966 жылы облыстық конгресте хабарланған «Мәңгілік өмір – Құдай ұлдары бостандықта жүргенде» («*Вечная жизнь – в свободе сынов Бога*») деген кітапта бұл уақыт 1975 жылға нұсқалған болатын. Балтимор қаласында (*Мэриленд штаты*) өткен конгресте Күзет мұнарасы қоғамының болашақ президенті Ф. Френц қорытынды баяндамамен шығып, бұл болжамға келесідей түсінік береді: «Біз ештеңені растамаймыз. Өйткені Құдай үшін мүмкін емес нәрсе жоқ. Бірақ біз ештеңені растамаймыз. Сондықтан сіздерді де 1975 жылға дейін нен-

дей өзгерістер болатыны туралы нақты ештеме айтпауға шақырамыз. Ең бастысы, достарым, уақыт аз қалды. Бәріміз күткен сол уақыт тіпті таяп келеді, ал бұған ешқандай күмән жоқ»¹.

«Жазбалардың барлығы рухтандырылған әрі пайдалы» кітабында былай делінген: «Киелі кітап хронологиясы негізінде болашаққа қатысты алдын ала болжамдар жасаудан келер еш пайда жоқ (*Маттай 24:36*)»². Ал «Күзет мұнарасының» 1980 жылдың 15 наурызындағы санында осы мәселеге қатысты көптеген пікірлердің «тым кесімді түрде айтылғаны мойындалып, Ехоба куәгерлері уақытты есептеумен емес, Ехобаның еркін орындаумен айналысуға шақырылды»³.

Басқа басылымда осынау тұжырым және қайталанатын: «Ехоба куәгерлері Ехобаның күні қашан келетінін білуге әрқашанда ұмтылған. Кейде олар осы уақытты есептеп шығаруға көп күш салатын. Алайда олар Исаның ежелгі шәкірттері сияқты, Иеміздің: «Сол күнді не сағатты ешкім – көктегі періштелер де, Ұл да – білмейді...» деген ескертуін (*Марқа 13:32, 33*) есепке алмады. Зұлым адамдар шынайы мәсіхшілерді күтеміз деп жүріп, алға озып кеткендері үшін келеке-мазақ еткен (*Петірдің 2-хаты 3:3, 4*). Дегенмен де Петір сендіргендей, Ехобаның күні Құдай белгілеген уақытта дәл келеді»⁴.

Сонымен, Ехоба куәгерлері қателіктерінен сабақ алды, ал аталмыш мәселеге қатысты бүгінгі күнгі ұстанымдарын былай қорытуға болады: «Ехоба қай уақытты белгілесе, сол уақытқа дейін күту керек. Өйткені Армагеддон дәл сол уақытта басталады».

19. Адам атаның күнәсінің кесірінен

¹ Свидетели Иеговы – возвещатели Царства Бога. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2005. – 104-б.

² Все Писание вдохновлено Богом и полезно. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2009. – 314-б.

³ Свидетели Иеговы – возвещатели Царства Бога. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2005. – 104-б.

⁴ Сторожевая башня. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1997. 1 қыркүйек. – 22-б.

адамдар өлетін болды

Күнәнің пайда болуы туралы егжей-тегжейлі тәптіштеудің қажеті жоқ шығар, себебі бұл жайт үлкенді-кішілі адамдардың бәріне мәлім ғой. Мұны қысқаша тұжырымдап айтсақ, яһудилер мен христиандардың діни ілімдері бойынша, кезінде Құдай Адам атаны жазалаған жазаның зардабын бүгінде бәріміз тарту дамыз: «Өзің жаратылған жердің қойнына қайтып кіргенше, жейтін наныңды маңдай теріңді төгіп табатын боласың. Сен топырақтан жаратылдың, қайтадан топыраққа айналасың» (*Мұсаның 1-жазбасы 3:19*).

«Жазбаларды түсіну» еңбегінің «Күнә» тақырыбындағы мақалада былай делінген: «Күнә деген түсінік еврей тілінде – хатг'ат, ал грек тілінде – хамарт'иа деген сөзбен беріледі. Екі тілде де бұл сөздермен түбірлес егістіктер «нысанаға дәл тигізе алмау», яғни мақсатқа жете алмау деген мағына береді...

Алғаш рет күнә жер бетінде емес, көкте пайда болды. Ұзақ уақыт бойы бүкіл Ғаламда жаратылыстар Құдаймен толық үйлесімділікте өмір сүрді. Бұл үйлесімділік бір рухани тұлғаның кесірінен бұзылды. Бұл тұлға кейін Қарсылас (*евр. Сат'ан; грек. Сатан'ас; Әйүп 1:6; Римдіктерге 16:20*), Құдайға жала жабушы, Жалақор (*грек. Ди'аболос*) (*Еврейлерге 2:14; Аян 12:9*) деп аталып кеткен. Сол себепті елші Жохан былай жазған: «Кім күнә жасай берсе, сол кісі Ібілістен, себебі Ібіліс о бастан күнә жасап келеді» (*Жоханның 1-хаты 3:8*). «О бастан» деп Жохан Шайтанның алғаш рет Құдайға қарсы шыққан кезін айтады (*осыған ұқсас Жоханның 1-хаты 2:7; 3:11-де «бастапқы» деген сөз христиан ілімінің алғаш пайда болған кезіне нұсқайды*). Жоханның сөзінен көрінетіндей, Шайтан бір кезде күнә жасап, сол жолмен әлі күнге дейін жүруде. Сондықтан да «күнә жасауды әдетке айналдырған» адамдар Қарсыластың «балалары» екендерін көрсетеді, өйткені осылайша олар рухани ұрпақтары ретінде «әкелеріне» тән қасиеттер танытады (*The Expositor's Greek Testament / Под ред. W. Nicoll. 1967. Т. 5. С. 185;*

Жохан 8:44; Жоханның 1-хаты 3:10—12)»¹.

«Құдайға шынайы мойынсұнатын уақыт» («*Время для истинной покорности Богу*») кітапшасының авторлары бұл туралы былай дейді: «Кемелді адамға күнәнің әсер етуін, құрал-жабдықтың дұрыс қолданылмаған кездегі жағдайымен салыстыруға болады. Егер сіз жабдыққа құм мен балшықтың түсуіне жол берсеңіз, ол тез бұзылады. Алғашқы адам жұбымен де тап осыған ұқсас жағдай болған еді. Яғни, олар өз өмірлеріне күнәнің түсуіне жол беріп, нәтижесінде азғындала бастады. Сөйтіп, ақырында өлді.

Бұл бізге де қатысты, өйткені Адам мен Хауа күнә жасағандарынан кейін ғана балалы бола бастады. Мұны былай түсінсек болады: егер сіз қалыппен жұмыс істеп жатсаңыз, онда құйған затыңыз қалыбыңыздың жақсы формасы сақталғанға дейін жақсы болып шығады. Ал егер қалыбыңызға қандай да бір кінәрат түссе, онда құймаңыздың формасы да бұзылады. Адам атаның кемелді кезінде балалары болған жоқ. Ол күнә жасап, Құдайға қарсы тұрып, өлімді мұра еткен кезде ғана балалы болды. Демек, «қалып» бұзылды да, оның «құймалары» – балалары да кінәратты болып шықты. Нақтырақ айтқанда, балалары оның күнәсін мұра етті»².

Күнәнің адамзатқа әкелген зардабы туралы «Жазбаларды түсіну» еңбегі былай дейді: «Күнәнің кесірінен адам Жаратушысымен үйлесімді қарым-қатынасынан айырылып қалды. Сондай-ақ күнәнің салдарынан адам Құдайдың басқа да жаратылыстарымен ынтымақта өмір сүре алмайтын болды. Адамның өзі де: оның ой-санасы, жүрегі, тәні зардап шекті. Күнәнің салдары күллі адамзатқа ауыр тиді...»³.

Мұны елші Пауыл былай түсіндіреді: «Сонымен, бір адам арқылы

¹ Грех. «Понимание Писания» энциклопедиясы. Күзет мұнарасының онлайн-кітапханасы [URL: <https://wol.jw.org/ru/wol/d/r2/lp-u/1200004132>].

² *Время для истинной покорности Богу*. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1994. – 50-б.

³ Грех. «Понимание Писания» энциклопедиясы. Күзет мұнарасының онлайн-кітапханасы [URL: <https://wol.jw.org/ru/wol/d/r2/lp-u/1200004132>].

дүниеге күнә, ал күнә арқылы өлім келді, осылайша адамдардың бәрі өлетін болды, себебі бәрі күнә жасады» (*Римдіктерге 5:12*). Ехоба куәгерлерінің пікірінше, бұл тармаққа сай, күнә Адам атадан оның ұрпақтарына тұқымқуалаушылық заңдылығы бойынша өтеді, демек, Адам атаның барлық ұрпақтары – күнәкарлар, өйткені ата-тегі Адам атадан бастау алды.

Сонымен қатар Куәгерлер келесідей түсініктеме де қосады: «Күнә дегеніміз нақты бір іс-әрекетке бару не бармауды ғана білдірмейді. Бұл адамдардың бойындағы заң, қағида және күш, дәлірек айтқанда, Адам атадан мұра еткен жамандық жасауға деген бейімділік... Күнә, патша іспетті, адамдарға әр түрлі бұйрықтар береді, әрі бұны қашан және кімге істейтінін өзі шешеді»¹.

20. Адам өлгенде, оның жаны тіршілік етуді доғарады

Бұл о баста-ақ Киелі кітап зерттеушілерінің шағын тобы қабылдаған алғашқы ілімдердің бірі болып табылады. Негізінен аталмыш көзқарас адамның жаны өлмейді деген түсінікке қатысты туындаған-ды. Мысалы, барлық жақсы адамдар көкке барады, ал күнәға батқандардың өлмес жанын Құдай отты тозақта қинайды дегенді, Ехоба куәгерлері «жалған» және адамды «адастыратын» ұғым деп біледі.

Осы мәселеге байланысты 1894 жылдың 15 сәуірінде жарық көрген «Күзет мұнарасы» журналында былай дейді: «Әсілі, бұл ұғым Киелі кітаптан алынбаған сияқты... Өйткені Киелі кітапта адамның өлетіндігі туралы нақты жазылған ғой... Егер біз тарих беттерін парақтайтын болсақ, киелі рухтың басшылығымен жүретін Құдайдың куәгерлері еш уақытта адамның өлмес жаны бар деп үйретпеген, ендеше бұл ілімнің шығу тегі пұтқа табынушылардың дінінде жатса керек... Сондықтан бұны алғаш бастаған Сократ пен Платон деп ойлау да қате пікір. Иә, шын мәнінде, олардан әлдеқайда бұрын

¹ Грех. «Понимание Писания» энциклопедиясы. Күзет мұнарасының онлайн-кітапханасы [URL: <https://wol.jw.org/ru/wol/d/r2/lp-u/1200004132>].

болған, әрі олардан әлдеқайда күшті бір тұлға бар... Нақтырақ айтсақ, бұл жалған ілім туралы адамдарға таныс ең көне тарихи құжатта – Киелі кітапта ашық жазылған. Яғни, жалған ілімді таратушы – Шайтан Ібіліс»¹.

«Киелі жазбалар. Жаңа дүние аудармасының» 7-қосымшасында «жан» деген ұғымның әртүрлі мағынасы қарастырылады: тірі жан; адам немесе жануар; саналы тұлғаның өмірі; т.б.

Мұнда грек жазбаларында гректің *психе* (*жан*) деген сөзі 102 рет кездесетіні айтылады. Сонымен қатар ол гректің көптеген күрделі сөздерінің бөлігі болып табылады. *Психе* сөзі «Жаңа дүние аудармасында» дәйектілікпен «жан» деп берілді. «Бұл сөздің бірізді аударылғаны Құдай рухының жетелеуімен Киелі жазбаларды жазғандар *психе* сөзін қалай және қай мағынада қолданғанын түсінуге көмектеседі».

Ал Еврей жазбаларында *нефеш* (*жан*) деген еврей сөзі 754 рет кездеседі. Ол «Жаңа дүние аудармасында» дәйектілікпен «жан» деп жазылған, әрі әрбір жағдайда оның мағынасы мәнмәтінге байланысты ашылады. «Әртүрлі мәнмәтінде еврей тіліндегі бір сөздің қолданылғаны Киелі кітап жазушыларының оны адам, тұлға немесе төмен жаратылыс, болмаса адамның яки жануардың өмірі мағынасында қолданғанын түсінуге көмектеседі. Мұның ежелгі мысырлықтардың, бабылдықтардың, гректердің және римдіктердің діни және пәлсапалық мағынада атаған «жан» деген сөзімен ортақ еш-нәрсесі жоқ».

Әрмен қарай 7-қосымшада Киелі кітаптан алынған «жан» сөзінің келесідей мағынадағы түсіндірілулері келтіріледі:

- жануарлар – жандар;
- тірі адам, тұлға – жан;
- жан – өлетін, жоюға болатын жаратылыс;
- саналы адамның өмірі;

¹ Свидетели Иеговы – возвестители Царства Бога. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2005. – 127-б.

- тозақтан азат етілген жан;
- өлі жан немесе өлік;
- жан мен рух – әртүрлі түсінік;
- «жан» сөзі Құдайға қатысты да қолданылады¹.

Бізге талдау жасау үшін осының бәрі аса маңызды, өйткені, біріншіден, адам өлгенде өмір сүруін тоқтатады деуімен Ехоба куәгерлері «жан» мен «өмір» ұғымдарына бірдей мағына береді. Екіншіден, осы Киелі кітаптық ұғымды шиеленістіретін философиялық ілімдер мен адами ырымшылықтан біржола «тазартқылары» келеді.

Куәгерлердің «Өлген соң адаммен не болады?» кітапшасында «адамның ішінде бір нәрсе бар – жан, рух немесе елес – әрі осы «бір нәрсе» ешқашан өлмей, мәңгі өмір сүре береді» деген түсініктің христиан шіркеулерінің ілімдеріне қайдан келгені жайлы егжей-тегжейлі талдау жасалған.

Христиан конфессиялары мен деноминацияларының басым көпшілігінде «адамның жаны өлмейді, ол адам өлгеннен кейін де, тіпті мәйіті шіріп кеткен соң да әрмен қарай өмір сүруін жалғастыра береді» деген христиан философиясы мен теологиясы діни ілімдерінің негізі болып саналғанымен (*бұл иудаизм, индуизм, ислам, синтоизм және кейбір басқа да діндер үшін негізгі догматтардың бірі болып табылады*), Ехоба куәгерлері бұл мәселені Киелі кітап мүлдем басқаша түсіндіреді деп біледі.

«Өлім Киелі кітапта жау деп аталады. Оны бүкіл адамзатқа билігін жүргізіп жатқан билеушіге ұқсатады (*Римдіктерге 5:17; Қрынттықтарға 1-хат 15:26*). Өлім өте күшті жау болғандықтан, ешбір адам баласы оған қарсы тұра алмайды, әрі қайтыс болған әрбір адам өлімнің сансыз құрбандарының бірі болып қалады. Олай болса, Киелі кітаптың осы шындығы жақын адамдарымыз қайтыс болғанда неге қайғырып, өзімізді дәрменсіз сезінетінімізді түсіндіреді. Ол мұндай

¹ Священное Писание – Перевод нового мира. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2007. – 1747-6.

сезімдердің кәдімгідей екенін растайды»¹.

Олардың пайымдауынша, өлілердің күйі Уағыздаушы 9:5, 10-да анық суреттелген: «...өлгендер ештеңе білмейді. Өзің баратын көр-де еңбектену де, жоспарлау да, білім де, даналық та жоқ».

«Демек, өлімде – өмір жоқ» деп есептейді Ехоба куәгерлері. Зәбүр жыршысы да адам өлгенде «...демі бігіп, қара жерге оралады, Сол күні-ақ бар ой-ниеті құрып жоғалады» деп жазған (*Зәбүр 146:4*). Яғни, өлілер ес-түссіз, әрекетсіз күйде болады деген сөз. Адам атаға үкім шығарғанда Құдай былай деген: «Сен топырақтан жаратылдың, қайтадан топыраққа айналасың» (*Мұсаның 1-жазбасы 3:19*). Құдай топырақтан жаратып, өмір лебін үрлемей тұрғанда Адам ата жоқ болатын. Сосын өлгенде ол қайтадан сол бұрынғы күйіне оралды. Демек, оның жазасы – басқа бір күйге айналып кету емес, біржола өлім болатын.

Адам ата өлгенде оның жанымен не болды? Ехоба куәгерлері мұны былай түсіндіреді: «Есіңізге алыңызшы, «жан» сөзі Киелі кітапта, жиі адамға қатысты айтылады. Сондықтан Адам өлді деуімізбен, Адам есімді жанның өлгендігін түсінеміз. Мүмкін бұл жанның өлместігіне сенетіндерге әдеттен тыс болып көрінер. Алайда Киелі кітапта: «Күнә жасаушы жан, сол өледі», – делінген (*Езекиел 18:4*). Назир антын бергендерге, «өлі денеге («өлі жанға», ЖД) жақындамауы керек» деп айтылған болатын (*Санау 6:6*). Ал, Санау 23:10-да: «Жаным дағы әділдердің өлімімен өлсін», – деген Валаамның сөзі жазылған. Осыған ұқсас жан туралы пікірді 3 Патшалық 19:4-те (АМА) кездестіреміз. Мүшкіл халдегі Илияс «өз жанына өлім сұрады». Жүніс те «өз жанына өлім сұрап, былай деді: өмір сүргенімнен, өлгенім артық» (*Жүніс 4:8, СА*). Ал епископ Кассианның редакциясы бойынша жасалған аудармадағы «жанды құрту» делінген тіркесті Иса «жанды өлтіру» деп қолданған (*Марқа 3:4*). «Сонымен, жанның өлімі, жай ғана адамның өлімін білдіреді».

Осыдан олар мынадай қорытынды жасайды: жан – адамның өзі-

¹ Күзет мұнарасы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2006. 1 шілде. – 5-6.

нен бөлек нәрсе емес. «Адам өлгенде, жан да өледі. Демек, өлімнен кейін ешқандай саналы тіршілік жоқ». «Адам соның арқасында қайта өмір сүре алатын рухты немесе тіршілік күшін, тек Құдай ғана қайта бере алады (*Забур 103:30*)»¹.

21. Тозақ – адамзат атаулы жерленетін мола

«Ехоба куәгерлері – Құдай Патшалығын жариялаушылар» («*Свидетели Иеговы – возвестители Царства Бога*») деген кітапта Қоғамның бірінші президенті Ч. Расселдің осы ілімге қатысты көзқарасы былай суреттеледі: «Құтқарылу үшін Құдай беріп отырған мүмкіндіктен бас тартатын адамдардың болашағы Ч. Расселді жастайынан-ақ қатты ойландыратын. Бала кезінде ол діни қызметшілер тек Құдайдың сөзін ғана уағыздайтын шығар деген оймен, олардың тозақ оты туралы айтқандарына қатты сенетін. Кейде ол түнде үйінен шығып кетіп, Киелі кітаптан алынған тармақтарды көпшіліктің көзіне түсетін жерлерге жазып қоятын. Сондағы ниеті, сол маңнан өтіп бара жатқандар жазуды оқып, мәңгілік тозақ азабынан құтқарылса екен деп ойлайтын. Алайда Рассел кейін Киелі кітап шын мәнінде неге үйрететінін білген соң, пікірлестерінің бірінің айтуынша, былай деген екен: «Егер Киелі кітапта мәңгілік азап – қасиеттілерден басқа барлық адамдардың үлесі деп түсіндірілетін болса, онда бұл туралы талмай уағыздап, шатырларға шығып алып, апта сайын, күн сайын, сағат сайын айқайлау керек еді. Ал егер Киелі кітап бұған үйретпейтін болса, онда бұл туралы да барлық адамдар білуі қажет, сөйтіп, Құдайдың киелі есіміне келтірілген ұят жуылып тасталуы тиіс». Осылайша Киелі кітапты зерттеуге кіріскен Ч. Рассел бастапқы кезде-ақ, тозақ – адам өлгеннен кейін азапталатын жер емес екенін түсінді. Оған бұл мәселенің анық-қанығына жетуіне «Киелі кітапты зерттеуші» журналының редакторы Джордж Сторрз көмектесе керек. Ол жөнінде Рассел бауырлас өзінің еңбектерінде жылы лебіздері

¹ Өлген соң адаммен не болады? – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1998. – 22-24-б.

мен алғыстарын білдірген. Джордж Сторрз өзі де Киелі кітаптан өлгендердің жай-күйі туралы көп жазды»¹.

Сөйтіп, о бастан-ақ Киелі кітап зерттеушілері осындай «Киелі кітаптыққа мүлдем жат» догматқа бас ұрушылардың іліміне бірден белсенді түрде қарсы шығады.

Олардың ілімдерінің жалғандығын дәлелдей түсетін Ч. Расселдің сипаттаулары Куәгерлердің басылымдарының бірінде былай баяндалады: «Құдай туралы, оның қасиеттері хақында Киелі кітапта айтылған сөздер Жаратушы Иеміз жөнінде сіздерде бар, менде бар және дұрыс ойлай білетін кез келген адамда бар ақылға қонымды, үйлесімді көзқарастармен сәйкес келеді. Жалпы, біз көктегі Әкеміз жайында не білеміз? Иә, ол өте әділ, дана, мейірімді және теңдессіз құдіретті күшке ие. Әрі Құдайдың тап осындай ерен жақсы қасиеттерге ие екендігіне байланысты барлық мәсіхшілердің пікірлері бір арнада тоғысып жатады. Ал егер бәрі тап осылай болса, онда әділ де жанашыр Құдай өз қолымен жасаған ерекше жаратылысының күнәсін саралап жатпастан, жаза ретінде мәңгілік азапқа салып қояды деп қалайша айта аламыз? Шындығы керек, мен күнәні жақтаушы жан емеспін: өз басым күнәдан аулақпын және ешқашан күнәні насихаттаған жоқпын... Бірақ мен осында жиналған адамдар туралы, бұлар Құдайдың және Иса Мәсіхтің есімін қорлап жатыр деп біздің бауырласымыз [Итон] айтқандай, расында да олар тозақ оты туралы ілімге бас ұрғандар. Сол сияқты жазаларын өтеу мекемелерінде отырған барлық кісі өлтірушілер, ұрылар және зұлымдық жасаушылар түгел дерлік осынау ілімге үйретілгендер... Ал бұл – нағыз зұлымдық. Осындай түсініктің кесірінен қаншама адам қайғы-қасірет шегуде. Бірақ шындыққа жүгінсек, Құдай мұндайға ешқашан үйреткен емес қой»².

Өздерінің сенімдерін дәлелдеу үшін, Киелі кітап зерттеушілері,

¹ Свидетели Иеговы – возвещатели Царства Бога. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2005. – 127-б.

² Сол жерде. – 130-б.

кейін Ехоба куәгерлері логика мен парасаттылықтан басқа ежелгі тілдер туралы білімді кең қолданады.

«Киелі жазбалар. Жаңа дүние аудармасының» 8-қосымшасында айтылғандай, «тозақ» деп аударылған *гадес* және *шеол* сөздерін «барлық адамдардың жаппай моласы» деп аудару дұрысырақ болар еді.

Гадес сөзінің мағынасы «көрінбейтін орын» немесе «төменде орналасқан; төменгі қабат» дегенге нұсқайтын болғандықтан, «мола» сөзіне көбірек сәйкес келетін сияқты.

Киелі жазбаларда *гадес* және *шеол* сөздері өмірге не тіршілікке емес, өлімге және өлгендерге қатысты қолданылады (*Аян 20:13*). Бұл сөздердің астарында не рақатқа бату, не азап шегуге қатысты ешқандай меңзеу байқалмайды.

Негізінде *шеол* сөзі «сұрау» немесе «талап ету» дегенді білдіретін *шаал* деген еврей етістігінен шықса керек. Олай болса, бұл сөз қандай да бір күйді емес, ешкімді талғмай, өлгендердің барлығын өзіне «сұрайтын» не «талап ететін» орынды білдіреді. *Шеол* – жер қойнауындағы орын. Ол әрқашан өлгендерге қатысты қолданылады және бар-жоғы қайтыс болған адамдар жерленетін моланы, яғни жердегі (*теңіздегі емес*) өлгендер жататын орынды білдіреді. Ал адам жерленетін қабірге не орынға қатысты еврейдің *кевер* сөзі қолданылады (*Мұсаның 1-жазбасы 23:4, 6, 9, 20*)¹.

«Жазбаларды түсіну» («*Понимание Писания*») энциклопедиясында аталмыш мәселе туралы былай дейді: «Бұл сөзбен Синодтық аудармада (*көптеген басқа да аудармаларда*) еврей тіліндегі *шеол* және грек тіліндегі *гадес* сөздері аударылған. Яғни, Синодтық аудармада *шеол* сөзі «тозақ» деп 13 рет, ал *гадес* – 10 рет тәржімеленген. Алайда тап осы аудармада *шеол* «жаһаннам» деп те (43 рет), «табыт» деп те (4 рет), «қабір» деп те (3 рет), «тамұқ» деп те (2 рет) аударылған.

2011 жылы жарық көрген Киелі кітаптың «Қазіргі орыс тілін-

¹ Священное Писание – Перевод нового мира. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2011. – 1534-б.

дегі аудармасында» *шеол* сөзі барлық жерде транслитерленгенмен, бірнеше жерінде «өлілердің әлемі», «жаһаннам» және «жойылу» деп тәржімеленген. Әйтсе де, грек тіліндегі *хадес* және *геенна* сөздері бірнеше рет «тозақ» деп те аударылыпты. Ал басқа орыс тіліндегі аудармаларда *хадес* көбіне «тозақ» деп аударылады. *Шеол* және *хадес* сөздерінің «тозақ» деп аударылуына қатысты бір сөздікте былай дейді: «ГАДЕС... Е[скі] ө[сиеттегі] *шеол* сөзіне сәйкес келеді. Ал Е[скі] және Ж[аңа] ө[сиеттердің] «А[вторлық] а[удармасында] «тозақ» деп сәтсіз аударылған (*Vine's Expository Dictionary of Old and New Testament Words*. 1981. 2-м. 187-б.)»¹.

«Орыс тілінде еврей тіліндегі *шеол* сөзінің мағынасын дәл беретін сөз жоқ. Киелі кітапты аудару барысында «тозақ» сөзінің қолданылуына байланысты бір энциклопедияда былай делінген: «Көнеөсиеттік заманда *шеол* сөзі өлген адамдарды қайырымды немесе зұлым деп бөліп-жармай бәрінің бір жерге көмілетіндігіне қатысты айтылатын болғандықтан, бұл сөздің бүгіндегі аудармаларында «тозақ» деп тәржімеленуін сәтті шыққан деп айтуға болмайды (*Collier's Encyclopedia*. 1986. 12-м. 28-б.). Ал негізінен қазіргі аудармаларда *шеол* сөзі көбіне транслитерленеді (*СПИ, НМ, RS*).

Сондай-ақ «Британ энциклопедиясында» мынадай жайтқа назар аударылады: «*Шеол* негізінен жердің «астында» орналасқан... Ол жерде өлген адамдар азап та шекпейді, рақат та көрмейді. Өйткені *шеол* сөзінің әділдер үшін берілетін марапатпен немесе әділетсіздер үшін қолданылатын жазамен ешқандай байланысы жоқ. Шын мәнінде, ол жерде жатқан жақсылар мен жамандар да, жеңдеттер мен әулиелер де, патшалар мен жетімдер де, исаидіктер мен пұтқа табынатындар да – бәрі-бәрі шырт ұйқыда, бір-бірі туралы ештеңе білмейді» (*The Tncyclopedia Britannica*. 1971. 11-м. 276-б.)»².

«Күзет мұнарасы қоғамының бірінші президенті Чарлз Расселл

¹ Ад. «Понимание Писания» энциклопедиясы. Күзет мұнарасының онлайн-кітапханасы [URL: <https://wol.jw.org/ru/wol/d/r2/lp-u/1200001978>]

² Шеол. «Понимание Писания» энциклопедиясы. Күзет мұнарасының онлайн-кітапханасы [URL: <https://wol.jw.org/ru/wol/d/r2/lp-u/1200004011>].

өлілер қандай күйде болатынын нақты түсіне отырып, 1896 жылы былай деп жазады: «Сенім рәміздері, шіркеу әнұрандары жазылған кітаптар және кәсіби уағыздаушылар мүлдем өтірік айтады, өйткені мәңгі азапталу орны туралы мәлімет Киелі кітапта жазылмаған. Алайда біз «тозақ» – *шеол, гадес* деген сөздерді оқыдық, ол жерге адамдар Адам ата жасаған күнәнің кесірінен барады және одан Иеміздің төлем-өлімі арқылы құтқарылады. Демек, әлгі «тозақ» – кәдімгі мола, яғни адамдардың өлі күйі»¹.

Ехоба куәгерлері «тозақ» – адамзат атаулы жерленетін мола деген ілімді бір ғасырдан аса уақыт бойы ұстанып келеді. Олар осылайша «тозақ» деген ұғымның о бастағы Киелі кітаптық мағынасын қалпына келтіруге тырысуда. Әрі Куәгерлердің осы мәселеге қатысты түсіндірулері, «тозақ» – өлген адамдардың жаны баратын, күнәкарлардың өлгеннен кейін азапталатын жері, дейтін өзге христиан конфессиялары мен деноминацияларының түсіндірмелерінен түбегейлі ерекшеленетіндігін байқау қиын емес.

22. Өлгендердің қайта тірілуге үміті бар

Жаңа өсиеттегі «қайта тірілу» деген сөз, грек тіліндегі *анастасис* деген сөздің аудармасы. Бұл тура мағынада «қайта тұру» дегенді білдіреді. Сондай-ақ гректің *анастасис* сөзі еврей тіліндегі *техийат хамметим* деген тіркестің синонимі, ал бұл «өлгендердің өмірге қайта оралуы» деген мағынаны береді. Еврей жазбаларында «қайта тірілу» деген сөз кездеспегенмен, Ехоба куәгерлері қайта тірілуге деген үміт мына жазба орындарында: Әйүп 14:13; Даниял 12:13 және Ошия 13:14-те анық көрсетілген деп есептейді. Сондықтан олардың пайымдауы бойынша, қайта тірілу – «адамның жансыз күйінен, сол бұрынғы барлық ерекшеліктерімен қайта жаңғыруы»².

Бұл орайда Ехоба куәгерлері мынаған нық сенімді: «Ехоба

¹ Сторожевая башня. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1997. 15 ақпан. – 32-б.

² Сторожевая башня. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1999. 1 сәуір. – 17-18-б.

Құдайдың даналығы шексіз және есте сақтау қабілеті кемелді болғандықтан, адамды қайта тірілту оған тіпті де қиын емес. Құдайға өлгендерді: оның қасиеттерін, өткені мен ерекшеліктерін есінде сақтау, көп қиындық тудырмайды. Оның үстіне, Ехоба – өмірдің қайнар көзі. Сондықтан ол адамды бұрынғы қасиеттерімен және қайта қалыптастырған тәндік денесімен өмірге қайтара алады. Тек өкінішке қарай, қайта тірілу жайлы Киелі кітаптың осы ілімі өлмес жан туралы қағидамен еш үйлеспейді. Иә, егер өлмес жан адам дүниеден қайтқаннан кейін де өмір сүруді жалғастыра беретін болса, онда ешкім де қайта тірілуді, өмірге қайта оралуды қажет етпес еді ғой».

Сонымен, Ехоба куәгерлерінің тұжырымы бойынша, Киелі кітапта «жанның өлетіндігі және өлімнің құрсауынан құтқарылу тек қайта тірілу арқылы екендігі» нақты айтылған. Бірақ Адам ата жерде өмір сүргеннен бері сан миллиардтаған адам өлді емес пе. Ендеше мынадай сұрақтың туындауы заңды ғой: «Солардың қайсысы болашақта тіріледі және бұл қайда жүзеге асады?»

Тағы да Киелі кітапқа жүгінейік. «Ехобаға адал қызмет етіп, әділдік жолымен жүруге тырысқандар қайта тіріледі. Алайда, миллиондаған басқа адамдар, Құдайдың әділдігіне сәйкес өмір сүруді қалайтынын да, қаламайтынын да көрсете алмай дүниеден өтті. Олар Ехобаның талаптарымен таныс болмаған немесе қажетті өзгерістер жасап үлгермеген. Ондай адамдар да Құдайдың есінде, сондықтан олар қайта тіріледі, өйткені Киелі кітаптан мынаны оқуға болады: «Құдай... сенушілерді де, күнәкарларды да қайта тірілтеді» (*Елшілердің істері 24:15*)»¹.

23. Адам атадан мұраға қалған өлім жойылады

Бұл жерде Куәгерлер Исаның Жоханға айтқан сөздеріне сүйенеді: «Тірі жүрген әрі маған сенетін адам ешқашан өлмейді» (*Жохан 11:26*).

«Адам атадан мұраға қалған өлім» деп адамзат мұра еткен

¹ Өлген соң адаммен не болады? – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1998. – 25-27-б.

күнәні айтады. Бұл жайлы 19-тақырыпшада қарастырғанбыз.

Олардың пайымдауынша, «миллиондаған өлген адамдар қайта тірілген уақытта, олардың өмірге қайта оралуы қаңырап бос қалған жерде болмайды (*Елшілердің істері 24:15*). ... олар үшін әзірленген мекен-жай, киім-кешек пен мол тағамдары бар жерде оянады». Бұған «жердегі қайта тірілу басталмас бұрын, жаңа дүниеде өмір сүретін адамдар» қам жасайды.

Содан соң Құдай «адамдарды күнә мен өлімнен» құтқару үшін алдын ала қарастырып қойғандықтан (*Аян 22:1, 2*), қайта тірілгендер ендігі жерде «ешқашан өлмейді»¹.

24. «Кішкентай қораны» құрайтын 144 000 адам ғана Мәсіхпен бірге билік ету үшін көкке барады

Бұл кітапта Шайтан Ібіліс пен алғашқы адамдардың бұлігінен туындаған барлық зиянды түзететін Мәсіх басқарған Құдай Патшалығы туралы ілім бұған дейін де аздап айтылған болатын. «Иса жалғыз билік етпейді, онымен бірге өзгелер де патшалық етеді. Мысалы, елші Пауыл Тімөтеге: «табандылық таныта берсек, онымен бірге патша ретінде билік етеміз», – деген (*Тімөтеге 2-хат 2:12*). Иә, Пауыл, Тімөте және Құдай таңдаған басқа да адал кісілер көктегі Патшалықта Исамен бірге билік етеді. Мұндай ерен мәртебе қанша адамға беріледі? ... Елші Жохан аян алып «[*Исаның көктегі мәртебелі дәрежесін білдіретін*], Сион тауында тұрған Тоқтыны [*Иса Мәсіхті*], қасында маңдайларына Тоқтының есімі мен оның Әкесінің есімі жазылған 144 000-ды» көрген. Бұл 144 000 адам кім? Жоханның өзі былай түсіндіреді: «Тоқты қайда бармасын, оған еріп жүретіндер. Олар адамдар арасынан алғашқы өнім ретінде Құдай мен Тоқтыға арнап сатып алынды» (*Аян 14:1, 4*). Иә, олар Иса Мәсіхпен бірге көкте билік ету үшін таңдап алынған оның адал ізбасарлары. Олар көкте өмір сүру үшін қайта тірілгеннен кейін, патша ретінде Исамен бірге «жер бетінде билік жүргізеді» (*Аян 5:10*). Құдай елшілердің

¹ Өлген соң адаммен не болады? – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1998. – 25-27-б.

заманынан бастап адал мәсіхшілердің арасынан осы 144 мыңның құрамына кіретін адамдарды таңдап алуға»¹.

Ехоба куәгерлері келешекте Иса Мәсіхпен бірге жер бетінде билік жүргізетіндердің басым бөлігі қазірдің өзінде көкте екендігіне, ал қалған бірнеше мыңы жерде өмір сүріп, Құдай Патшалығы билігінің басталғаны туралы уағыздап жүргендігіне сенеді.

Қазіргі таңда Ехоба куәгерлерінің есебі бойынша, бүкіл жер бетінде өздерін «майланған мәсіхшіміз» деп санап, жыл сайын өткізілетін Иса Мәсіхтің өлген күнін еске алу кешінде «рәміздерден дәм тататындардың» саны шамамен 18 мың адам екен². Алайда олардың нақты санын дәл айту мүмкін емес, өйткені өздерінің «майланғандығын» және көкте Исамен бірге болатындығын сезіну көктен беріледі. Сондықтан олардың нақты санын тек Ехоба Құдай ғана біледі. Ал егер әлдекім қателесіп өзін «майланғанмын» деп есептейтін болса, онда оның үлкен күнәға батқаны.

Бұл тақырып арагідік «Күзет мұнарасы» журналында талқыланып тұрады. Мысалы, осы басылымның 2016 жылдың қаңтар айындағы санында былай деп жазылыпты: «Басқа қойларға бүгіндегі барлық майланғандардың есімін білу қажет пе? Жоқ. Неге? Өйткені майланғандар сыйларын ала ма, жоқ па, мұны ешкім нақты біле алмайды. Құдай оларды көкке шақырғанмен, адалдықтарын сақтаған жағдайда ғана олар сыйларын алады. Шайтан мұны біледі, сондықтан оларды адастыру үшін «жалған пайғамбарларды» қолданады (*Матай 24:24*). Ехоба өздерін адал деп тапқанын анық білдіргенше, майланғандар көктегі сыйын алатынына толық сенімді бола алмайды. Ехоба өзінің біржола мақұлдауын білдіретін шешуші

¹ Киелі кітап шын мәнінде неге үйретеді? – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2015. – 78-б.

² Ехоба куәгерлері «рәміздер» деп, Матай 26:26–28-ге сәйкес Иса Мәсіхтің күнәдан таза тәні мен төгілген қанынын бейнелейтін және оның өлімін еске алу үшін арнайы кеште қолданылатын ашытқысыз нан мен қызыл шарапты айтады. Міне, осы Еске алу кешінде «рәміздерден» тек Исамен бірге көкте билік ететіндер ғана дәм татады (*яғни, наннан жеп, шараптан ішеді*). Ал жер бетінде мәңгі өмір сүруге деген үміті барлар Еске алу кешіне жай ғана қатысып отырады.

белгіні оларға өлер алдында не «зор алапат» басталар алдында салады (*Аян 2:10; 7:3, 14*).

Жердегі майланғандардың есімдерін білу мүмкін емес болса, басқа қойлар қалай олармен «барады»? Киелі кітапта он адамның «яһудидің етегіне жармасып, оған: «Біз сенімен барамыз, өйткені Құдай сенің халқыңмен бірге екенін естідік», – дейтіні жазылған. Бұл тармақта «яһуди» деп жекеше түрде айтылған. Бірақ «сенімен», «сенің халқыңмен» деген сөздер түпнұсқа мәтінде көпше түрге нұсқайды. Демек, яһуди бір адамды емес, майланғандардың тобын білдіреді. Басқа қойлар мұны біледі, сондықтан сол топпен бірге Ехобаға қызмет етеді. Оларға осы топтың әрбір мүшесінің есімін біліп, әрқайсысының соңынан ерудің қажеті жоқ. Өйткені біздің Көсеміміз – Иса. Киелі кітап Исаның ғана соңынан еруге шақырады (*Матай 23:10*)»¹.

Бәлкім, сондықтан да болар, Қазақстандағы Ехоба куәгерлерінің мәсіхшілік орталығы арқылы біздің өз елімізде Мәсіх Исамен «қызметтес» болатындардың саны қанша екенін білуге тырысқан әрекетімнен ештеңе шықпады. «Мүмкін мұндай адамдар Қазақстанда үшеу болар... – деді ондағы жауапты қызметшілер екіұштылау жауап қайтарып. – Бірақ бұл сан тек шартты түрде, анығын ешкім білмейді...»

Дегенмен де Ехоба куәгерлері бүгінгі таңда жер бетінде өмір сүріп жатқан «майланған мәсіхшілер» Армагеддон шайқасы басталғанға дейін, яғни, «зор алапат» басталған кезде көкке әкетілетіндігіне сенімді.

Соңғы басылымдардың бірінде бұл туралы былай дейді: «Зор алапат кезінде тірі жүретін майланғандар «бұлт ішінде әкетіледі». Бұл нені білдіреді? «Бұлт ішінде әкетілетіндер» «өлім ұйқысына кетпейді», бұл олардың ұзақ уақыт өлі күйде жатпайтынын білдіреді. Өлген кезде олардың «бәрі де өзгереді. Бұл кенеттен,

¹ Күзет мұнарасы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2016. Қаңтар. – 21-б.

қас қағым сәтте, соңғы керней тартылып жатқанда іске асады» (*Қорынттықтарға 1-хат 15:51, 52; Матай 24:31*)»¹.

25. 144 000 адам Құдайдың рухани ұлдары ретінде қайта туылған

Бұл өте қызық діни ілім. Әңгімеге арқау болып отырған 144 000 адам Ехоба куәгерлерінің әдебиеттерінде «майланған мәсіхшілер» деп те аталады. Бұлар қандай да бір артықшылығы бар немесе адамдардың әлде бір «айрықша» тобы емес. Оларды сенушілер өз араларынан сайламайды да, тіпті бүгін жер бетінде өмір сүретіндердің нақты санын ешкім білмейді де. Ал сонда сенушілердің арасынан әлдекім қалайша өзін «майланған мәсіхшімін» деп санайды?

Осы мәселе 1991 жылы «Күзет мұнарасы» журналында жарық көрген «Шын мәнінде кімдер көкке барады?» деген мақалада былай түсіндіріледі: «Киелі кітапта 144 000 туралы «сендерді Киелі Құдай рухпен майлады» деген сөз бар (*Жоханның 1-хаты 2:20*). Міне, бұл көкке баратындарды майлағанға жатады. Яғни, оларды майлаған Құдай «оларға мөрін басып, болашақ баталардың кепілі ретінде жүректеріне өз рухын орнықтырды» (*Қорынттықтарға 2-хат 1:21, 22*).

Иә, көкке баратындардың бірден-бір дәлелі – оларда Құдайдың рухы бар. Енді олар оның балалары болғандықтан, Құдай өз Ұлының бойында бар киелі рухты олардың жүректеріне орнықтырды. Былайша айтқанда, олар бұдан былай Құдайдың балалары, мұрагері деп танылады (*Ғалаттықтарға 4:6, 7*). Мұндай адам ендігі жерде Құдайдың рухы арқылы қайта туылған адам ретінде Құдай Патшалығын мұра ететін 144 000-ның қатарында болатындығына толық сенімді болады. Ол көкте өмір сүру үмітіне өз қалауы не қиялы бойынша емес, Ехобаның киелі рухының әсерінің нәтижесінде ие болдым деп мәлімдей алады (*Петірдің 1-хаты 1:3, 4*). Құдайдың киелі рухы майланғандардың ой-қалпына қозғаушы күш ретінде әсер ете бастайды.

¹ Күзет мұнарасы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2017. Желтоқсан. – 13-б.

Көкке бару үміті туралы Құдай Сөзінде айтылған пайғамбарлықтар оларға оң көзқарас танытуға көмектеседі. Сонымен қатар, Құдай киелі рух арқылы өздеріне тіл қататын қатты бағалайды. Міне, сол үшін де олар Құдайдың рухани ұлдары және мұрагері екендіктеріне сенімді. Майланғандар Киелі кітаптан Құдайдың рухани ұлдары және олардың көкке баратын үміті жайлы оқыған кезде іштей: «Бұл маған қатысты айтылған сөз!» деуге бейім тұрады. Иә, расында да, Әкелерінің Сөзі алатын көктегі сыйлары туралы уәде еткен кезде, олар қатты қуанады. Әсіресе, «Сүйікті бауырластар, қазір біз Құдайдың балаларымыз» деген сөздерді оқығанда (*Жоханның 1-хаты 3:2*), «Әрине, бұл маған қатысты айтылған!» – дейді сүйсініп. Сондай-ақ майланғандар Құдай адамдарды кейбіреулерінің «таңдап алынған алғашқы өнім болуы үшін» жаратқанын оқыған кезде, бірден-ақ «Иә, ол мені осы үшін дүниеге әкелді!» деген жауап ойларына келеді (*Жақыт 1:18*). Олар Мәсіх Исамен бірлікте болу үшін шомылдыру рәсімінен өткендерін, мұны оның өліміне ортақтасу үшін істегендерін жақсы біледі (*Римдиктерге 6:3*). Сондықтан да өздерінің Мәсіхтің рухани тәніне тиесілі екендіктеріне және дәл сол сияқты өлімді бастарынан өткеріп, дәл сол сияқты көктегі өмірге қайта тірілетіндіктеріне нық сенімді... Киелі рухпен майланған мәсіхшілер жердегі өмірлеріне наразы болғандары үшін көкке әкетілгісі келмейді (*Салыстырыңыз: Яһуда 1:3, 4, 16*). Қайта, киелі рух олардың Құдайдың балалары екендігін дәлелдейтін рухтарын паш етеді...»¹.

Осы діни ілімге сәйкес майланған мәсіхшілер «мақұлдау мөрін» тек дүниеден өткен сәтте ғана алады. Ал егер ол тірі кезінде әділдігінен таятын болса, онда көкке баратын үмітінен айырылады. Және мұндай жағдайда, Құдай оның орнына үлгілі және адал қызмет етіп жүрген лайықты мәсіхшілердің бірін «алмастырып» қояды.

Ехоба куәгерлері бас басқармасының Басқарушы кеңесі то-

¹ Сторожевая башня. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1991. 15 наурыз. – 19-20-б.

лықтай майланған мәсіхшілерден тұрады.

26. Рухани Исраилмен жасалған жаңа келісім

Көптеген еврейлер, тіпті кейбір христиандар да, еврейлер қазір де Құдайдың таңдап алған халқы дегенге сенеді. Алайда Ехоба куәгерлері бұлай деп ойламайды. Олар бұл жерде де Киелі кітапқа жүгінеді, ал онда былай деп жазылған: «Өйткені Мәсіхпен бірлікте болу үшін шомылдыру рәсімінен өткен барлығың Мәсіхтің болмысына ие болдыңдар. Мұнда яһуди не грек, құл не ерікті, ер не әйел деген жоқ. Өйткені барлығың Мәсіх Исаның шәкірті ретінде бір адамдайсыңдар. Сонымен қатар Мәсіхке тиесілі болғандықтан, сендер шынымен Ыбырайымның ұрпағысыңдар, берілген уәде бойынша мұрагерсіңдер... Өйткені маңыздысы – сүндеттелу не сүндеттелмеу емес, жаңа жаратылыс болу. Осы ережеге сай өмір сүретіндердің бәріне, яғни Құдайдың Исраиліне, тыныштық болып, мейірімділік жаусын!» (*Ғалаттықтарға* 3:27–29; 6:15, 16). Демек, бұдан былай Ыбырайымның әулетімен аталастық туыстықта болу, оның ұрпағына жатады дегенді білдірмейді. Бұл тұжырымды Ехоба куәгерлері Еврейлерге 8:8–10 тармақтармен бекіте түседі. Онда жаңа келісімнің Исраил халқымен емес, көкте өмір сүру үмітіне ие болған Иса Мәсіхтің адал ізбасарларымен жасалғаны туралы айтылады. Сондықтан құтқарылуға ие болу үшін, басқа халықтың адамдары сияқты еврейлердің де Иса Мәсіхке сенулері керек¹.

Ехоба куәгерлері «рухани Исраил» («тамтық», «Мәсіхтің қалыңдығы») деп, «майланған мәсіхшілердің» тобын айтады. Куәгерлер Мәсіх Патшалыққа байланысты дәл осы топпен одақ құрғанына сенімді. Және Шайтан Ібіліс те бірінші кезекте осы топпен соғысады. Бүкіл әлемдегі Ехоба куәгерлеріне «рухани ас-суды» уақтылы беріп тұратын «адал да, ақылды құл» да осы топтың ішінен алынады.

Бұл жөнінде Ехоба куәгерлерінің басылымында былай дейді:

¹ Рассуждение с помощью Писаний. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2008. – 144-149-б.

«Байқап отырғанымыздай, бүгінде Құдайдың Исраилі толық жиналып бітті. Дегенмен де халық бұрынғыдай Ехобаның батасына ие болуда, әрі бұл кең көлемде жүзеге асуда. Қалайша? Өйткені бүгінде жер бетіндегі жұмақта мәңгі өмір сүруге деген үміті бар Құдай Исраилінің «ұрпақтары», Исаның шәкірттері, көптеп пайда болуда (*Зәбур 37:11, 29*). Және осы «ұрпақтар» да Ехобадан үйреніп, оның жолдары туралы білім алуда (*Ишая 2:2-4*). Бұл «ұрпақтар» киелі рухпен рәсімделмегенмен және жаңа келісімнің қатысушысы болмағанмен, Ехобаның киелі рухы оларға күш-қуат беріп, уағыз істеріне кедергі жасау үшін Шайтанның құрып жатқан барлық кедергілерін жеңуге көмектесуде (*Ишая 40:28-31*). Бүгінде олардың саны миллиондап саналады, әрі бұл сан әрмен қарай да өскен үстіне өсе түсуде. Өйткені қазіргі таңда қатарға олардың ұрпақтары қосылуда. Ехобаның майланғандармен жасасқан келісімі, бұл «ұрпақтарды» да Ехоба өзінің өкілдері ретінде қолданатындығына нық сендіреді»¹.

«Жердегі өмірінің соңғы түні Иса 11 адал елшісіне келесі уәдені берген: «Қиындыққа ұшыраған кездерімде менімен бірге болған сендерсіңдер. Сондықтан Әкемнің мені патша болуға тағайындағаны сияқты, мен де сендерді билік жүргізуге тағайындаймын. Менің Патшалығымда дастарқанымнан ішіп-жеп, тақтарыңа отырып, Исраилдің он екі руына билік жүргізетін боласыңдар» (*Луқа 22:28-30*). Бұл уәде 144 000 майланған мәсіхшінің бәріне де қатысты (*Луқа 12:32; Аян 5:9, 10; 14:1*)... Оның үстіне, Иса Мәсіх адал да ақылды құлды «бүкіл меншігіне» – Патшалыққа қатысты жердегі барлық нәрселерге – қараушы етіп тағайындады (*Матай 24:47*). Бұл меншікке жататын кейбір нәрселер – Ехоба куәгерлерінің дүниежүзілік бас басқармасы мен жер-жердегі филиалдар, Конгресс сарайлары мен Патшалық сарайлары, сондай-ақ Патшалық туралы уағыздау

¹ Пророчество Исаии. Свет для всего человечества. 2-т. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2009. – 301-б.

мен шәкірт дайындау ісі»¹.

27. Мәсіхшілер қауымының іргетасы Мәсіхтің өзі

Рим-католик шіркеуінен Ехоба куәгерлерінің айырмашылығы, олар 12 елшінің Құдай билік берген ізбасарлары бар, ал Рим папасы – Иса бүкіл Шіркеудің үстінен билік етуді тапсырған Петірдің ізбасары деген ілімді ұстанбайды. Олар Матай 16:18-де айтылған «жартас» Иса болып табылады, әрі соған мәсіхшілер қауымы тұрғызылған деп есептейді. Бұл ілімді олар Ефестіктерге 2:20-да айтылған тармақпен дәлелдейді: «Сендер елшілер мен пайғамбарлардан салынған іргетасқа қаландыңдар, ал оның бұрыштық тасы – Мәсіх Исаның өзі». Әрмен қарай мұны Елшілердің істері 4:8–11-дегі тармақтармен де дәлелдей түседі: «Сонда Петір киелі рухқа кенеліп, былай деді: «Билеушілер мен ақсақалдар, бүгін сіздер осы мүгедек адамды кімнің арқасында сауықтырғанымызды білгілеріңіз келіп, бізді тергеп жатырсыздар. Ендеше, осында тұрғандардың бәрі және күллі Исраил мынаны біліп қойсын: бұл адам назареттік Иса Мәсіхтің атымен, өздеріңіз бағанаға іліп өлтірген, бірақ Құдай тірілтіп алған кісінің арқасында сауығып, алдарыңызда тұр. Осы Иса – «құрылысшылар, яғни сіздер, менсінбеген тас. Ол негізгі бұрыштық тасқа айналды»².

Бір қызығы, Католик шіркеуі қасиетті санайтын Августин де осындай көзқарасты ұстанған: «Мен діни қызметте жүргенде Донаттың хатына қарсы кітап жаздым... Сонда Елші Петір туралы былай дедім: «Тасқа қаланғандай, Шіркеу соған қаланған». Бірақ кейіннен Иеміздің сөздерін өте жиі түсіндіргенім есімде: «Сен – Петірсің, Мен осы жартасқа өз Қауымымды тұрғызамын», осылайша Петір: «Сен Мәсіхсің, тірі Құдайдың Ұлысың» деп кімді айтса, Қауым соған тұрғызылды, ал Петір осы тастың құрметіне осы атауға ие болған, осы тасқа тұрғызылған Қауымның адамы ретінде «көк

¹ Күзет мұнарасы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2009. 15 ақпан. – 26-б.

² Рассуждение с помощью Писаний. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2008. – 40-б.

патшалығының кілттерін» алды. Өйткені оған: «Сен – жартассың» деп емес, «Сен – Петірсің» деп айтылған болатын. Ал «Жартаc Иса болғанын» бүкіл Шіркеу мойындағандай, Шимон да мойындап, Петір атанды»¹.

28. Дұғалар Мәсіх арқылы тек Ехобаға айтылу керек

Қызығушылық танытқан адамдармен Киелі кітапқа негізделген зерттеу сабақтарын жүргізуге арналған «Киелі жазбалардан не білеміз?» деген кітапта бұл ілім былай түсіндіріледі: «Кімге дұға айтуымыз керек? Иса ізбасарларына «көктегі Әкеге» дұға етуді үйреткен (*Матай 6:9*). Сондай-ақ ол Жохан 14:6-да: «Жол, шындық және өмір – менмін. Мен арқылы болмаса, ешкім де Әкеге келе алмайды», – деген. Демек, біз Ехобаға ғана дұға айтамыз. Бірақ дұғаны Иса арқылы айтуымыз керек. Иса арқылы деген нені білдіреді? Бұл Ехобаның Исаға берген ерекше дәрежесін мойындап, құрметтеуіміз керектігін көрсетеді. Бұған дейін білгеніміздей, Иса жерге бізді күнә мен өлімнен азат ету үшін келген (*Жохан 3:16; Римдіктерге 5:12*). Сондай-ақ Ехоба Исаны Бас діни қызметкер етіп тағайындаған әрі оған соттауға билік берген (*Жохан 5:22; Еврейлерге 6:20*)»².

Ал «Күзет мұнарасы» журналының 2008 жылдың 1 ақпанындағы санында басқа да дәлелдер келтіріледі: «... Иса былай деді: «Жол, шындық және өмір – менмін. Мен арқылы болмаса, ешкім де Әкеге келе алмайды». Сосын ол шәкірттеріне мынаны уәде етті: «Менің атымнан Әкеден не сұрасаңдар да, орындаймын. Сонда Ұлы арқылы Әкесі даңқталады. Менің атымнан не сұрасаңдар да, орындаймын». Сол жолғы кездесудің соңына қарай Иса былай дейді: «Бұған дейін менің атымнан еш нәрсе сұраған жоқсыңдар. Енді сұраңдар да алыңдар, сонда шексіз қуанышқа кенелесіңдер». (*Жохан 14:6, 13, 14; 16:24*). Бұл сөздер өте маңызды еді. Бір Киелі кітаптық анықтамалықта, дұғаға қатысты осынау сөздер «дұғалар

¹ The Fathers of the Church. Saint Augustine, the Retractations. 1-кітап. – Вашингтон, 1968. – 90-б.

² Киелі жазбалардан не білеміз? – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2019. – 177-б.

тарихындағы күрт бұрылысты кезең» болды деп, атап көрсетіледі. Б. з. 33 жылдарынан бастап Ехобамен қарым-қатынас Мұса заңдарын ұстанумен еш байланысы болмай қалады. Ендігі жерде Заң көрсеткендей, бұл Иса Мәсіхке мойынсұну нәтижесіне қарай құрылады (*Жохан 15:14–16; Ғалаттықтарға 3:24, 25*). Иса Ехобаға жақындауға мүмкіндік беретін әлдеқайда жақсырақ негіздерді бекітеді. Ол осылайша біздің дұғаларымызды Ехобаның естуіне жол ашатын ержүрек досымызға айналады. Бірақ Иса осындай көмек көрсетуге неліктен құқылы? Өйткені біз бәріміз де күнәмен туылғанбыз. Сондықтан біздің ешбір ісіміз де, ешбір құрбандығымыз да бұл дақты кетіруге және киелі Құдай Ехобамен достасуға көмектесе алмайды (*Римдіктерге 3:20, 24; Еврейлерге 1:3, 4*). Алайда Иса өзінің кемелді өмірін құрбан етіп, адамдардың күнәларын жабуға төлем жасайды. Сөйтіп, Құдаймен достасу үшін оларға жол ашады (*Римдіктерге 5:12, 18, 19*). Енді міне, кімде-кім Ехобаның көз алдында таза болып, Құдаймен «еркін тілдескісі» келсе, Исаның төлем құрбандығына сеніп, Иса арқылы дұға етуі тиіс (*Ефестіктерге 3:11, 12*)... Дұғалардың тек Иса арқылы жолдануы оған көрсетілген зор құрмет болып табылады. Мұнда тұрған ешқандай сөкеттік жоқ. Өйткені Ехобаның өзі «Исаның есімінің алдында көктегі, жердегі, жер астындағылардың бәрі тізе бүккенін және тіл атаулы Құдай Әкені мадақтау үшін Иса Мәсіхті Иеміз деп ашық мойындағанын» қалады (*Філіпіліктерге 2:10, 11*). Әрі ең маңыздысы, біз Иса арқылы дұға ете отырып, бүкіл адамзат үшін жалғыз Ұлын құрбан еткен Ехобаның дәрежесін даңқтаймыз (*Жохан 3:16*). Сонымен байқағанымыздай, егер біз дұғаларымызды Ехоба естісін десек, оларды міндетті түрде Иса арқылы жолдауымыз қажет (*Жохан 14:13, 14*). Әрине, мұндай кезде біз «Исаның атынан жолдаймын» деп кәдімгі үйреншікті дағды бойынша айта салмаймыз»¹.

29. Ғибадатта мүсіндерді қолдануға болмайды

¹ Сторожевая башня. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2008. 1 ақпан. – 12-14-б.

Ехоба куәгерлері Киелі кітапта жоқ немесе қалай орындалу керектігі анық айтылмаған догмалар мен әдет-ғұрыптарды мойындамайды, сондықтан әулиелердің, қыз Мәриямның, тіпті Иса Мәсіхтің икондарына, мүсіндеріне табынбайды. Себебі олар мұны Киелі кітап айыптайтын пұтқа табынушылық деп есептейді.

«Біз білетініміздей, Иса ғибадатында ешқашан кескіндерді қолданбаған. «Құдай – рухани Тұлға. Сондықтан оған ғибадат ететіндер киелі рухқа және шындыққа сай ғибадат етуі тиіс» (*Жохан 4:24*). Осы талапқа сай әрекет еткен Исаның ертедегі шәкірттерінің ешқайсысы кескіндерді ғибадаттарында қолданбаған. Қайта, оның елшісі Пауыл былай деп жазған: «Өйткені біз көргенімізбен емес, сенімімізбен өмір сүреміз» (*Қорынттықтарға 2-хат 5:7*). Ал елші Жохан болса, былай деп ескерткен: «Сүйікті балаларым, пұттардан аулақ болыңдар!» (*Жоханның 1-хаты 5:21*)»¹.

«Жердегі барлық жаратылысты, сонымен қатар адамды да, шынайы Құдай жаратты. Ақыл-парасаты бар тірі жан иелері Ехобаның керемет құдайлық болмысының дәлелі болып табылады, дегенмен де оның жаратқандарының барлығы оның өзінен төмен екені сөзсіз. Адам Ехобадан асып түсе ала ма? Адам бір нәрсені өзінен керемет етіп, кереметтілігі соншалық, айрықша құрметтеуге лайық болатындай етіп жасай ала ма? ...Рас, адам жасаған мүсін кереметтігі жағынан оның өзіне ұқсас болуы мүмкін. Ол тіпті өте әдемі де шығар. Алайда онда өмір жоқ. Онда ешқандай құдайлық болмыс жоқ»².

«Пұтқа табынушылық жалған құдайлар мен әйел құдайларға ғибадат етумен ғана шектелмейді. Негізінен Ехобаға бағытталмаған ғибадаттың барлық түрі соған жағады... Осыны жақсы білетін шынайы мәсіхшілер Киелі кітаптың ескертулеріне құлақ асып, пұтқа табынушылық атаулыдан аулақ жүреді (*Қорынттықтарға 1-хат*

¹ Ты можешь жить вечно в раю на земле. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1989. – 46-б.

² Пророчество Исаии – свет для всего человечество. 2-т. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2001. – 67-б.

10:7)»¹. «Құдайға сиынғанда мүсіндерді қолданып не аруақтарға табыну» арқылы Құдайға ғибадат ету – дұрыс емес².

30. Спиритизмнен сақтану керек

Спиритизм (*латынша spiritus – рух*) – өлгендердің жаны әрмен қарай да өмір сүре береді және адамдар (*медиумдар*) олармен тікелей байланыста бола алады деп сену.

«Киелі жазбалардан не білеміз?» деген кітапта бұл туралы былай дейді: «Спиритизм – жындармен тікелей байланысуды немесе аруақ шақырушы, тәуіп, бақсы-балгер арқылы байланысуды білдіреді. Спиритизммен айналысатындар адам өлген соң аруаққа айналады деген жалған ілімге сенеді. Жындармен байланысудың тағы бір қаупі – жындар адамдарды Құдайға қарсы шығуға итермелейді. Жұлдызжорамал, сиқырлық, сәуегейлік, ырымдау, оккультизм, тылсым күшке жүгіну де спиритизмге жатады. Бүгінде жын-перілерді, сиқырлықты және тылсым дүниені қызықты әрі зиянсыз етіп көрсететін кітаптар, газет-журналдар, жұлдызнамалар, фильмдер, плакаттар, әндер көп. Көптеген жерлеу рәсімдері мен марқұмның асын беру сияқты салт-жоралар да жындармен байланысуға жатады. Жындардан күш алу үшін есірткі қабылдайтындар да бар (*Ғалаттықтарға 5:20; Аян 21:8*)»³.

«Ехобаға қызмет еткісі келетін кез келген адам жындармен байланысы бар заттардың бәрінен арылуы керек. Бұларға кітаптар, журналдар, жұлдызнамалар, фильмдер, әндер, ойындар, тіпті плакаттар жатуы мүмкін. Бұл нәрселер сиқырлықты, жындарға не тылсым күштерге жүгінуді тартымды әрі еш зиянсыз етіп көрсетуі мүмкін. Сиқырлықпен байланысты заттарға жамандықтан қорғану үшін киетін не тағатын заттар да кіреді»⁴.

31. Шайтан – осы дүниенің көзге көрінбейтін әміршісі

¹ Сторожевая башня. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1993. 15 қаңтар. – 26-б.

² Киелі жазбалардан не білеміз? – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2019. – 165-б.

³ Сол жерде. – 221-б.

⁴ Сол жерде. – 112-б.

Шайтан немесе Ібіліс – Құдай мен Ұлының ең қаһарлы және еш ымыраға келмейтін қас жауы, ол «өте құдіретті, бірақ зұлым періште»¹.

Ехоба куәгерлері Шайтанды (*қарсыласты*) немесе Ібілісті (*өтірікшіні*) шын мәнінде бар тұлға санайды. Сондықтан да олардың түсінігінде, Иса Құдай Патшалығының Патшасы ретінде қызметін Шайтанды және оның сыбайластарын жерге лақтырумен бастады. Ал сыбайластары «бүлікші періштелер», немесе жын-перілер, болатын. Тап солар және зор ашуға мінген Шайтан Бірінші дүниежүзілік соғыстан бастап, бүкіл XX ғасыр бойына адамдарды жойқын төңкерістерге арандатып бақты.

Бірақ әрмен қарай да тап осылай жалғаса бермейді. Ехоба Шайтанның жердегі билігі соңына жететін күнді белгілеп қойған.

Ендеше «Мәңгілік өмірге алып баратын білім» («*Познание, ведущее к вечной жизни*») кітабына назар аударайықшы: «Иә, Ібіліс – жауыз «кісі өлтіруші». Киелі кітапта оны адам жүрегіндегі жай ғана зұлымдық емес, нақты өзіндік қасиеттері бар тұлға ретінде баяндайды (*Матай 4:1-11*). Алайда әділ періште болып жаратылса да, ол «ақиқат жағында тұра алмады» (ЖД). Сондықтан Шайтан Ібіліс деп әбден әділетті аталған! (*Аян 12:9*). Ол Ехобаға қарсылық көрсеткендіктен «шайтан» немесе «қарсылас» деген атқа ие болған. Сонымен қатар бұл қылмыскер «өтірікші» дегенді білдіретін «Ібіліс» деп те аталған, өйткені ол Құдайға тіл тигізіп, оны жаманатты етіп көрсетті»².

Шайтанның Құдайға қарсы шығуына не түрткі болды? Ашкөздік. «Күзет мұнарасы» журналында бұған мынадай түсінік беріледі: «Құдайдың рухани ұлдарының бірі өз пайдасын көздеп, Құдайдың

¹ Шайтан (*көне еврей тілінде «сатан», сөзбе-сөз – қарсы тұрушы*), Ібіліс – бірқатар діндердің ілімі бойынша – зұлым рух немесе зұлым рухтардың басы, бүкіл жер бетіндегі зұлымдыққа айыпты, адамдарды күнәға итермелейтін тозақтың әміршісі. Сондай-ақ Ібілісті атау үшін: Белзебұл, Люцифер, Мефистофель, Воланд, т.б. атаулар да қолданылады.

² Мәңгілік өмірге алып баратын білім. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1995. – 55-56-б.

адамзатқа қатысты ниетіне араласудың мүмкіндігін көрді. Оған өз пиғылы жайлы көбірек ойланған сайын, оны іске асыру да әлдеқайда жеңілрек және ұнамды болып көріне берді (*Жақып 1:14, 15*). Ол алғашқы адам жұбын Құдайдан гөрі өзін тыңдауға көндіретін болса, Құдай өз билігінен басқа да биліктің болуына көнуге тура келеді деп ойласа керек. Сонымен қатар ол Ехоба өз ниеті іске аспай қалады деп қорыққандықтан, оларды жазаламайды, қайта, адамзатты бағындырып алған рухани ұлымен келісіп, соған сәйкес ниетін де өзгертеді деп тұжырымдаған болу керек. Кейін ол бүлікші «қарсылас» деген мағына беретін Шайтан деген атқа орынды түрде ие болды (*Әйүп 1:6*)»¹.

Ехоба куәгерлері Шайтан мына әлемнің көрінбейтін билеушісі екендігіне сенеді. «Шайтан Исаға бүкіл әлемнің билігін бермек болғанда, Иса Шайтанның қолында ондай биліктің бар екендігін теріске шығармайды. Қайта, кейінірек Иса тіпті Шайтанды «осы дүниенің билеушісі» деп атайды (*Жохан 14:30*). Тіпті жылдар өте келе елші Пауыл Шайтанды «осы дүниенің құдайы» деп атайды (*Қорынттықтарға 2-хат 4:4*). Пауыл өзінің хатында мәсіхшілерге былай деп жазады: «Өйткені біз адам баласына қарсы емес, үкіметтерге, билеушілерге және түнектегі осы дүниені билеп-төстеп отырған әкімдерге қарсы, яғни көктегі зұлым рухтарға қарсы күресудеміз» (*Ефестіктерге 6:12*). Иә, шын мәнінде, көп адамдар мына дүниеге билік жүргізіп отырған зұлым рухани күштер екендігі жөнінде тіпті ойланбайды да»².

Дегенмен де Ехоба куәгерлері адами басшылықтардың әрбір шешімі мен әрбір әрекетінің сыртында Шайтан мен жын-перілер түр деп ойламайды. Яғни, дұрысы, Шайтан адамдарға «ықпал» ете алатындығын, бірақ оларға таңдау еркі берілгендігін айтады. Мұны түсіндіру үшін Куәгерлер мынадай мысал келтіреді: «Теңіздің қат-

¹ Күзет мұнарасы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2004. 1 мамыр. – 4-5-б.

² Сторожевая башня. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2012. 1 мамыр. – 6-б.

ты толқындары кішкентай қайықтарды ағызып кететіні сияқты, зор күшке ие зұлым рухтар да адами биліктерді жетегіне ілестіріп әкеледі. Міне, осы кезде теңіздің жойқын бағытын өзгерте алмайтын қайықтағы теңізшілердей билік басындағылар да зұлым рухтардың алдында тым әлсіз боп шығады. Ал зұлым рухтардың ең басты мақсаты – адамдарды мейлінше азғыру, жолдан тайдыру, сөйтіп «жерге қайғы» әкелу (*Аян 12:12*). Сондықтан орын алған жағдайды түбегейлі өзгерте алатын тек Шайтан мен оның жын-перілерінен билігі күшті тұлға ғана. Ал бұл іс, әрине, жалғыз Ехоба Құдайдың қолынан ғана келеді (*Зәбур 83:18; Еремия 10:7, 10*)»¹.

«Құдай Сөзінде патшалықтардың бәрі Шайтанның қолында екені айтылғанмен, онда Шайтан билік басындағылардың әрбірін қадағалап отыр делінбеген (*Луқа 4:5, 6*). Сондықтан біреуге қандай да бір билік иесінің артында Шайтан тұр деген ой салмауымыз керек. Киелі кітапта «ешкімді сыртынан тілдемеуіміз» керектігі айтылған ғой (*Титке 3:1, 2*)»².

32. Мәсіхшіге конфессияаралық істерге араласуға болмайды

Ехоба куәгерлері негізінде ешбір экуменикалық қозғалысқа³ қатыспайды. Олар конфессияаралық акцияларға да араласпайды.

Сондықтан Ехоба куәгерлерін дінаралық мәселелерді талқылау алаңдарында басқа конфессиялардың өкілдерімен қатар тұрғанын көрмейсің.

Өйткені олар діни ілімдердегі өзара келіспеушіліктерді қандай

¹ Сторожевая башня. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2012. 1 мамыр. – 7-б.

² Күзет мұнарасы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2016. Сәуір. – 23-б.

³ Экуменикалық қозғалыс (*грекше oikumene – элем, бүкіл дүние*) – барлық христиандар конфессияларын біріктіруді мақсат тұтқан қозғалыс. Мұны Дүниежүзілік шіркеулер кеңесі (ВСЦ) үйлестіріп отырады. Олардың қызметі бірнеше деңгейде ұйымдастырылады. Біріншісі: барлық христиан шіркеулерін біріктіру мақсатындағы қозғалыс (*олардың жұмысын христиан конфессияларының басым көпшілігі қолдайды*). Екіншісі: халықаралық протестант ұйымдары қозғалысының қызметі. Үшіншісі: бір ел аумағындағы діни бірлестіктер қозғалысының қызметі, ұлттық шіркеулер кеңесі іспетті. Төртіншісі: аймақ немесе бірқатар елдердегі діни қозғалыстардың бірлескен қызметі. Сондай-ақ халықаралық салаалық діни бірлестіктер де бар. Мысалы, Студенттердің дүниежүзілік христиандық федерациясы. ВЦС осы халықаралық ұйымдардың барлығын қолдайды және олармен тұрақты түрде қызметтеседі.

да бір ұйымдардың бірлескен күштерімен жою мүмкін емес екендігіне сенімді, «себебі тек Құдай Сөзі – Киелі кітапқа деген шынайы сенім ғана бірлікке жеткізбек (*Ефестіктерге 4:3–6*). Шынайы бірлікке өзара мәмлеге келу арқылы емес, таза білім және Құдай талаптарын орындау арқылы ғана қол жеткізуге болады. Бұл жөнінде адал пайғамбар Миха былай деген: «Барлық халықтар өз құдайларының есімімен жүрсе, біз мәңгі бақи өз Құдайымыз Ехобаның есімімен жүреміз» (Миха 4:5)¹. Олар «қазіргі діни қозғалыстар, қайта керісінше, адасушылықты арттырып, рухани анархияны тудыратындығына сенімді»².

Куәгерлердің ресми сайтында «Ехоба куәгерлері дінаралық істерге қатыса ма?» деген сұраққа мынадай жауап беріліпті: «Біз, Ехоба куәгерлері, рухани сенім туралы барлық діндердің өкілдерімен бар ықыласымызбен әңгімелесе береміз. Алайда біз дінаралық іс-әрекеттерге араласпаймыз, яғни діни ілімдері біздікінен өзгеше адамдармен бірге Құдайға құлшылық етпейміз. Киелі кітап ең бірінші кезекте көзқарастары бірдей болғандықтан шынайы мәсіхшілердің арасында бірліктің бар екендігін көрсетеді (*Ефестіктерге 4:16; Қорынттықтарға 1-хат 1:10; Філіпіліктерге 2:2*). Бұл жерде әңгіме біздегілердің барлығы бірдей сүйіспеншілік, жанашырлық және кешірімділік сияқты ізгі қасиеттерді айрықша бағалайтындығында ғана емес. Біздің діни сеніміміз Киелі кітаптағы нақты білімдерге негізделген, әрі онсыз біздің сеніміміздің ешқандай да мәні болмас еді (*Римдіктерге 10:2, 3*).

Егер Киелі кітапқа сүйеніп айтсақ, Құдайға басқа сенімдегі адамдармен бірге құлшылық ету – тең емес мойынтұрыққа солармен қатар жегілу сияқты болар еді. Әрине, нәтижесінде адал мәсіхшінің сенімі зардап шегер хақ (*Қорынттықтарға 2-хат 6:14–17*). Сондықтан Иса Мәсіх оның шәкірттері дінаралық істерге ешқашан қа-

¹ Сторожевая башня. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2000. 1 желтоқсан. – 32-б.

² Сторожевая башня. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1994. 1 шілде. – 6-б.

тыспау керектігін ерекше атап айтқан (*Матай 12:30; Жохан 14:6*)»¹.

Ехоба куәгерлерінің сайтында «Ехоба куәгерлері өзге діндерге төзімділік таныта ма?» деген сұрақ көтеріледі және келесідей жауап беріледі: «Біз адамның дініне қарамай, Киелі кітаптағы “әркімге тиісті құрмет көрсетіңдер” деген кеңесті ұстанамыз (Петірдің 1-хаты 2:17). Мысалы, кей елдерде жүздеген мың Ехоба куәгері бар. Сөйтсе де біз үкімет басындағылар мен заңгерлерге өзге діндерге шектеулер қойылсын не жабылсын деп, қысым жасамаймыз. Сондай-ақ өнегелілік және діни ұстанымдарымызды көпшілікке міндеттейтін заңдар қабылдансын деп күреспейміз. Қайта, өзгелерден күтетін төзімділікті басқаларға өзіміз танытамыз (*Матай 7:12*)»².

33. Мәсіхші мына әлемнен шеткері тұру қажет

Бұл жерде де Ехоба куәгерлері Киелі кітаптың талаптарын ұстанады. Ал онда былай дейді: «Осы дүниемен дос болу – Құдаймен жауласу екенін білмейсіңдер ме? Сол үшін де: «Құдай тәкаппарларға қарсы тұрады, ал кішіпейілдерге рақымын төгеді», – делінген ғой» (*Жақыт 4:4, 6*).

«Осы дүниені де, ондағы еш нәрсені де сүймеңдер. Кімде-кім осы дүниені сүйсе, оның Әкеге деген сүйіспеншілігі жоқ. Себебі осы дүниенің бәрі – тән құмарлығы, көздің қалауы және дүние-мүлікке мақтану – Әкеден емес, осы дүниеден бастау алған. Осы дүние мен оның қалауы өтеді де кетеді, ал Құдайдың еркін орындаушы мәңгі өмір сүреді» (*Жоханның 1-хаты 2:15–17*).

«Егер осы дүниелік болсаңдар, ол сендерді өз адамдары ретінде жақсы көрер еді. Бірақ осы дүниелік емессіңдер, қайта, мен сендерді осы дүниеден таңдап алдым. Сондықтан ол да сендерді жек көреді» (*Жохан 15:19*).

«Менің осы дүниелік еместігім сияқты, олар да осы дүниелік

¹ Участвуют ли Свидетели Иеговы в межрелигиозных действиях? Ехоба куәгерлерінің ресми сайты [URL: <https://www.jw.org/ru/свидетели-иеговы/часто-задаваемые-вопросы/межрелигиозные-действия/>].

² Ехоба куәгерлері өзге діндерге төзімділік таныта ма? Ехоба куәгерлерінің ресми сайты [URL: <https://www.jw.org/kk/ехоба-куәгерлері/жиі-қойылатын-сұрақтар/өзге-діндерге-төзімділік-таныту/>].

емес» (Жохан 17:16).

Ал ертедегі христиан дінінің тарихын еске түсірсек, Рим империясының өзінде сенушілер бұл қағидаттарды ұстанғанын білеміз.

Осы тақырыпқа байланысты Д. Рутерфорд өзінің «Құдай арфасы» («*Арфа Божия*») деген кітабында былай деп жазған: «Осы дүниедегі өмір мәсіхшінің өмірлік ұстанымдарына мүлдем қарама-қайшы; осыдан барып оған үнемі артығырақ күш жұмсауға тура келеді. Осы орайда елші Петір былай деп жазады: «Міне, сол себепті өз тараптарыңнан барынша күш салып, сенімдеріңді ізгілікпен [*яғни, батыл, тұрақты, шындықта және шындық жағында табанды болу*], ізгіліктеріңді біліммен [*бұны орындау үшін адам Құдай сөзін зерттеу керек, әрі анда-санда емес, жүйелі түрде*], білімдеріңді ұстамдылықпен [*өзін-өзі тежей білуді, Құдайға арқа сүйеуді, байсалды және әдепті болуды білдіреді*], ұстамдылықтарыңды табандылықпен [*сынақтардың соншалық ауыр болғанына қарамастан жарқын жүзді болу; оларды жылы жүзбен қарсы алу, өйткені бұл Иемізге ұнайды әрі мінездің тұрақты болып қалыптасуына септігін тигізеді*], табандылықтарыңды Құдайға шын берілгендікпен [*тазалық, құлықтылық жағынан дін талаптарын ұстанып, Иемізге ұқсап әрекет ету*], Құдайға шын берілгендіктеріңді бауырластық сүйіспеншілікпен [*шын мәнінде бауырлас болып табылатындардың арасында бар және болуы тиіс мейірімді әрі сүйіспеншілікті қарым-қатынасты таныту*], бауырластық сүйіспеншіліктеріңді бәріне деген сүйіспеншілікпен [*басқаларға риясыз, тіпті өзін құрбан ете отырып жақсылық жасауды қалау*] толықтырыңдар» (Петірдің 2-хаты 1:5–7). Алайда осы айтылғандарға мына дүниенің мүлдем қарама-қайшы екенін мойындай отырып, біздің күресуге, үнемі қырағылық танытуға және қудалауға ұшырауға дайын болуымызға түсінбестік себеп болуда деген көзқарасты ұстанбауымыз керек. Біз өз таңдауымызды шайқалмастай тұрақты етуіміз қажет. Осыған қатысты елші Петір былай дейді: «Сондықтан, бауырластар, шақырылғандарыңа және таңдап алынғандарыңа лайық болып қала беруге барынша ұмтылыңдар.

Өйткені осы қасиеттерді толықтыра берсеңдер, ешқашан сүрінбейсіңдер. Сондай-ақ зор батаға ие болып, Иеміз әрі құтқарушымыз Иса Мәсіхтің мәңгілік Патшалығына кіресіңдер» (*Петірдің 2-хаты 1:10, 11*)»¹.

Біз осы жерде Куәгерлер үшін өте маңызды саналатын осынау талаптарды бұрыс түсініп қалмау жағынан сақтандырғымыз келеді: яғни, олар негізінен мына дүниені толықтай емес, тек оның зұлымдық жайлаған бөлігін ғана қабылдай алмайды. Міне, «Жазбаларды түсіну» («*Понимание Писания*») энциклопедиясында дәл осындай түсініктеме беріледі: «Елші Жохан былай дейді: «Осы дүниені де, ондағы еш нәрсені де сүймеңдер. Кімде-кім осы дүниені сүйсе, оның Әкеге деген сүйіспеншілігі жоқ. Себебі осы дүниедегінің бәрі – тән құмарлығы, көздің қалауы және дүние-мүлікке мақтану – Әкеден емес, осы дүниеден бастау алған» (*Жоханның 1-хаты 2:15, 16*). Со-сын ол бұған мынаны қосады: «Бүкіл дүние Шайтанның билігінде» (*Жоханның 1-хаты 5:19*). Демек, Құдайды сүйетін әркім, кез келген зұлым жолды жек көреді (*Зәбур 101:3; 119:104, 128; Нақыл сөздер 8:13; 13:5*)»².

Ал «Күзет мұнарасы» журналында сенушілердің ұстанымы жайлы мынадай ой айтылады: «Біз осы дүниені сүймеуіміз керек, өйткені оның өмір салты күнәкар құмарлықтар оятады және Ехоба Құдайдың нормаларына мүлдем қайшы келеді... Азғындар, тонаушылар мен жалған тәңірге табынушылар, ұрылар, өтірікшілер мен маскүнемдерге толы адамзат қоғамында өмір сүріп жатқанымыз рас (*Қорынттықтарға 1-хат 5:9–11; 6:9–11; Аян 21:8*). Бірақ біз “осы дүниелік рухпен” тыныс алмаймыз, өйткені күнәға итермелейтін осы күштің ырқында емеспіз (*Қорынттықтарға 1-хат 2:12*)»³.

«...Біз осы дүниеге тән тәуелсіз болу, өзіншілдік, өнегесіздік және

¹ Арфа Божия. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1921. – 290-291-б.

² Любовь. «Понимание Писания» энциклопедиясы. Күзет мұнарасының онлайн-кітапханасы [URL: <https://wol.jw.org/ru/wol/d/r2/lp-u/1200002781>].

³ Күзет мұнарасы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2006. 1 ақпан. – 10-б.

зорлық-зомбылық жасау сияқты рухтардан сақтанамыз. Кемелсіздігіміздің кері әсеріне қарамастан, Ехобаны тыңдауды және оған шын жүректен бағынуды әдетке айналдырамыз. Ой-қалпымыз да, ісіміз де Құдайдың еркін орындауға бағытталғанын бүкіл өмір-салтымызбен көрсетеміз (*Забур 39:9*)»¹.

Оның үстіне, Киелі кітапта «дүние» (*грек тілінде космос*) сөзі жиі «зұлымның билігіндегі» әділетсіз қоғамды білдіреді (*Жоханның 1-хаты 5:19*). Ехоба «Шайтанның дүниесіне тән нәрселердің бәрін жек көреді», алайда «өкінгендердің бәрін құтқару үшін жерге Ұлын жіберумен адамзатқа сүйіспеншілік танытты (*Петірдің 2-хаты 3:9; Нақыл сөздер 6:16–19*). Ехобаның мына дүниеге деген осындай байсалды көзқарасы – оған бас июшілер үшін керемет үлгі»².

Осы дүниенің қарбалас күйбең тіршілігіне бейтараптық көзқарас таныту, сенімге қайшы келетін кейбір мемлекеттік және қоғамдық акцияларға қатыспау, Ехоба куәгерлері өркениет атаулыдан және жер бетіндегі қуаныштардан жаппай бас тартады дегенді білдірмейді. Негізінен бұлардың бәрі олар үшін Киелі кітапта, мысалы, Он өсиетте, Сүлейменнің Нақыл сөздерінде, Исаның Таудағы уағызы жазылған Құдайдың өсиеттерінде анық та егжей-тегжейлі айтылған рухани және моральдық-өнегелік нормаларымен үйлесімді болуы – ең басты шарт.

34. Құдайдың талаптарына қайшы келмейтін адами заңдарға бағыну керек

Ехоба куәгерлері туралы мемлекетпен үнемі қақтығысады және оның заңдарына бағынбайды деген жаңсақ пікірлер бар болғанымен, олар «биліктің бәрі Құдайдан» екендігіне сенімді. Демек, «Ехоба өзін жатсынған адамдарға үкімет құрылымын жасақтауға жол берген, ал бұл өз кезегінде, заң мен тәртіп сақталатын қоғамда

¹ Жалғыз шынайы Құдайға ғибадат етіңдер. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2002. – 13-б.

² Сторожевая башня. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1997. 1 қараша. – 8-б.

өмір сүруге жағдай жасайды»¹.

1886 жылы-ақ Чарлз Расселл былай деп жазған болатын: «Иса да, елшілер де жердегі билеушілердің істеріне еш араласқан емес... Олар қауымды заңдарға бағынуға және билік иелерін құрметтеуге... тағайындалған салықтарды төлеуге және мемлекеттік заңдар Құдай заңдарына қайшы келмеген жағдайда (*Римдіктерге 13:1–7; Матай 22:21*), орнатылған заңға қарсы шықпауға үйреткен (*Елшілердің істері 4:19; 5:29*)»².

Ал «Жазбаларды түсіну» энциклопедиясында мәсіхшілердің билікке қатысты көзқарасы жайлы былай дейді: «...Құдай жол берген құрылымдарға қарсыласуға мәсіхшілерде ешқандай себеп жоқ, сол үшін де олар жоғары билікке бағынады. Кейбір жағдайларда билік өкілдері асыра сілтеушіліктері үшін кінәлі болып жатқанымен, олар, әдетте, адамдарды жағымды істері, яғни мемлекеттік заңдарға бағынғандары үшін ешқашан жазаламайды. Алайда мәсіхшілердің жоғары билікке бағынуы, тек олардың кінәлілерді жазалауы мүмкін екендігіне ғана байланысты емес. Шын мәнінде, бұл жайт Куэгерлердің ар-ұжданына тікелей баланысты нәрсе. Яғни, олар Құдайдың еркіне сай екендігін түсіне отырып, адами билікке бағынады (*Римдіктерге 13:5; Петірдің 1-хаты 2:13–15*)»³.

Энциклопедияда әрмен қарай былай дейді: «Дегенмен де жоғары билікке – осы дүниелік саяси жетекшілерге бағыну мүлдем үзілді-кесілді болмау керек. Егер мәсіхші саяси басшылардың талаптарын жүзеге асыру барысында Құдайдың заңын бұзатын болса, онда ол Жаратушының еркін орындауда ар тазалығын сақтай алмағаны. Сондықтан жоғары билікке бағыну, елшілердің иудейлер Синедрионына айтқан: «Билеуші ретінде бірінші кезекте адамға емес, Құдайға мойынсұнуымыз керек» деген ескертуі шеңберінде болуы

¹ Сторожевая башня. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1994. 1 шілде. – 19-б.

² Сторожевая башня. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1996. 1 мамыр. – 12-б.

³ Высшие власти. «Понимание Писания» энциклопедиясы. Күзет мұнарасының онлайн-кітапханасы [URL: <https://wol.jw.org/ru/wol/d/r2/lp-u/1200004262>].

тиіс» (*Елшілердің істері 5:29*)»¹.

«Белгілі бір дәрежесі болғандықтан біздің құрметімізге лайық адамдар бар. Мысалы, мемлекет қызметкерлерінің біз үшін не істейтіні жайлы ойланып көрейікші. Олар қоғамда тәртіп пен қауіпсіздіктің болуын қамтамасыз етеді, азаматтардың қамын ойлайды. Олардың қызметтерінің басқа да көптеген пайдасы бар. Елші Пауыл бұл адамдарға «билік басындағылар» ретінде қарап, бағынуымыз керектігін айтқан. Сондай-ақ ол мынадай нұсқау берген: «Әркімге тиістісін беріңдер: салық талап еткендерге салық төлеңдер... құрмет көрсету керек кісіге құрмет көрсетіңдер» (*Римдіктерге 13:1, 7*). Ехоба куәгерлері мемлекет қызметкерлерін қадір тұту үшін қолынан келгенді істейді. Әрине, әр елдің өзіндік заң-талабы болғандықтан, бұндай қызметкерлердің бізден нені күтетіні басқа елдікінен өзгеше болуы мүмкін. Сонда да біз өз міндеттерін атқарып жүрген олармен қызметтесеміз. Алайда олар Ехобаға мойынсұнбауға итермелейтін нәрсені істеуді айтса, бұған бара алмаймыз. Мұндай кезде біз адамнан гөрі Құдайды көбірек құрметтейміз (*Петірдің 1-хаты 2:13–17 оқыңыз*)»².

Осылайша, өздерін «Құдайдың құлы» санайтын Ехоба куәгерлері саяси үкіметке «салыстырмалы түрде және құрметпен» қарау керек деп есептейді, яғни бұл өздерінің діни ілімдеріне қысым көрсетілмеген жағдайда дегенге саяды. Әрі дәл осындай көзқарас, негізінен конфессиялар мен деноминациялардың барлығына тән нәрсе ғой.

Ехоба куәгері «бүкіл дүние Зұлымның (*Шайтанның*) билігінде» деп білгенмен, билік басындағыларға бағынуды Құдайға деген адалдығын бұзу деп есептемейді. Қайта, керісінше... Міне, осы мәселе жөнінде осыдан 20 жыл бұрын жарық көрген «Күзет мұнарасы» журналында не делінгеніне назар аударайықшы: «Сондықтан мәсіхшілер мына бір жайтты нақты зерделей білулері қажет: мына дү-

¹ Высшие власти. «Понимание Писания» энциклопедиясы. Күзет мұнарасының онлайн-кітапхана-сы [URL: <https://wol.jw.org/ru/wol/d/r2/lp-u/1200004262>].

² Күзет мұнарасы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2017. Наурыз. – 5-б.

ниенің немесе жүйенің көзге көрінбейтін билеушісі – Шайтан болғанымен, мәсіхшілер өздерінің мемлекетке бағынулары салыстырмалы түрде екендігін мойындай отырып, Шайтанға бағынбайтындықтарын жақсы ұғынады. Сондықтан олар қандай жағдайда да, бірінші кезекте, Құдайды тыңдайды. 1996 жылы саяси мемлекет бұрынғыдай «Құдай орнатуының», яғни, Құдайдың жол беруіндегі уақытша құрылымы болып табылатындықтан, Ехобаның жердегі қызметшілері оны дәл осы тұрғыда мойындаулары тиіс (*Римдіктерге 13:2*)»¹.

Содан бері бұл ұстаным еш өзгерген жоқ. Ехоба куәгерлерінің басылымдарында, тіпті әділ еместігімен танымал болған немесе Куәгерлерге дұшпандық көзқарас танытатын билік өкілдеріне де құрмет көрсету керектігі талай рет айтылып келеді.

«Ехоба жол беріп отырған уақытта билік иелері маңызды міндеттер атқаруда, мысалы, қандай да бір шамада тәртіп орнатады және халыққа қажетті қызмет көрсетеді. Біз мемлекеттік билікті құрметтейтінімізді заң талаптарын орындау арқылы көрсетеміз. мысалы, барлық алым-салықты төлейміз, мемлекет талап ететін құжаттарды дұрыс толтырамыз, өзімізге, отбасымызға, кәсібімізге не мүлкімізге қатысты заңдарға толығымен мойынсұнамыз. ...Сондай-ақ мемлекеттік билігі барларды құрметтейтінімізді олармен қалай қарым-қатынас жасайтынымыз арқылы көрсетеміз. Кейде олармен жүзбе-жүз кездесетін шығармыз. Елші Пауыл Ирод Агриппа патшамен және әмірші Фестпен бетпе-бет жүздескен. Бұл кісілер де мінсіз болмаған, сөйтсе де Пауыл оларға ізетпен сөйлеген (*Елшілердің істері 26:2, 25*). Біз Пауылға еліктей отырып, мемлекеттік билігі барлармен, мейлі ол жоғары дәрежелі қызметкер не жергілікті полиция қызметкері болсын, ізетпен сөйлесеміз. Жас мәсіхшілер де мұғалімдерге, мектеп әкімшілігіне және басқа да жұмысшыларға құрмет көрсетуге тырысады. Әрине, біз нанымдарымызды қоштайтын адамдарға ғана емес, Ехоба куәгерлерін жақтырмайтындарға да құрметпен қа-

¹ Сторожевая башня. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1996. 1 мамыр. – 10-б.

раймыз. Ехобаға сенбейтіндер біздің ілтипатты адамдар екенімізді көре алу керек (*Римдіктерге 12:17, 18; Петірдің 1-хаты 3:15*). Басқаларға құрмет көрсетуден тартынбайық. Елші Петір: «Әркімге лайықты құрмет көрсетіңдер», – деген (*Петірдің 1-хаты 2:17*). Шынайы құрмет көрсеткеніміз адамдарға қатты әсер етуі мүмкін. Бүгінде өзгелерге аз құрмет көрсетілетінін білеміз. Олай болса, басқаларға құрмет көрсету арқылы Исаның: «Сендердегі «нұр» адамдарға сәулесін төксін. Осылайша олар игі істеріңді көріп, көктегі Әкелеріңді дәріптесін», – деген өсиетін орындаймыз (*Матай 5:16*)»¹.

Ехоба куәгерлерінің әдебиетінде билік өкілдеріне құрметпен қарап бағынудың маңыздылығына үнемі назар аударылады. Мысалы, 2002 жылы жарық көрген «Ояныңдар!» журналының толық бір саны бұл тақырыпқа арналған еді.

Енді саяси бейтараптыққа байланысты мәселелерге тоқталып өтейік. Көбіне мұндай түсініспеушіліктер Ехоба куәгерлерінің мемлекеттік әнұранды орындауға, туды құрметтеуге немесе сайлауларда дауыс беруге қатысты көзқарастарынан туындап жатады.

Тіпті сонау 1935 жылдың 6 қазанында Дж. Рутерфорд радио арқылы сөйлеп, туға құрмет көрсетуге байланысты мынадай түсінік берген екен: «Көп адамдар үшін туға құрмет көрсету – ешқандай мән-мағынасы жоқ жай ғана рәсім. Ал бұл мәселеге Киелі кітап негізінде қарайтындар үшін, бұл көп нәрсені білдіреді. Мысалы, ту – көзге көрініп тұрған басқарушы күштің құдіретін бейнелейді. Сондықтан заң арқылы өзіндік ерік-бостандығы бар азаматты немесе оның баласын қандай да бір нәрсеге құрмет көрсетуге немесе патриоттық әндерді орындауға мәжбүрлеу барып тұрған әділетсіздік және көзжұмбайлық. Негізінде заңдар өз ар-ұжданы бойынша әрекет етуден (*әсіресе, егер оның ар-ұжданы Ехоба Құдайдың Сөзіне сай*

¹ Құдайдың сүйіспеншілігінен айырылмаңдар. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2017. – 44-45-б.

тәрбиеленген болса) бас тартуға мәжбүрлеу үшін емес, қайта, өзгерлерге зиян келтіретін іс-әрекеттерді болдырмау үшін қабылданып, жүзеге асырылады ғой. Егер әлдекім... туға құрмет көрсетуден және ән айтудан бас тартса, бұл басқаларға ешқандай да зиян келтірмесі анық. Ал керісінше, туға құрмет көрсету Құдайдың өсиеттеріне қайшы келетініне шын жүректен сенген адамды мәжбүрлеу, Құдайдың Сөзіне қарсы шыға отырып, оның ар-ұжданын баса-көктеп елемеу, сөз жоқ, оған үлкен зиян келтіреді...»¹.

Америка Құрама Штаттарында адамдарды туға құрмет көрсетуге мәжбүрлеуге бола ма деген сұрақ 1930–1940 жылдары ең өзекті мәселелердің біріне айналып, әлденеше рет соттарда қаралады. Сөйтіп, жұрттың әбден сілікпесін шығарған бұл тартыс 1943 жылдың 14 маусымында ақыры оң шешімін табады. Бұған АҚШ Жоғарғы сотының «Батыс Виргиния штатының Халыққа білім беру бөлімі Барнеттке қарсы» деген іс бойынша шығарған шешімі арқылы қол жеткізіледі. Соттың бұл шешімі Ехоба куәгерлерінің құқықтарын толықтай қорғап шығады және адамды туға құрмет көрсетуге мәжбүрлеу азаматтардың ерік-бостандығын қорғайтын конституциялық кепілдікке қайшы келетіндігі туралы түсінік береді. Осылайша Жоғарғы сот «қызметтегі лауазымына қарамастан кез келген шенеунік саясатқа, патриоттық сезімдерге, дінге қатысты даулы мәселелерде, мен дұрыс және әділ істеп жатырмын деп, өзіндік меже қоюға және азаматтарды сөзімен немесе ісімен осыған сенуге мәжбүрлеуге ешқандай құқы жоқ» деген қаулы шығарады².

Алайда АҚШ-та жыл сайын 14 маусым «Ту күні» – жалпыұлттық мереке ретінде атап өтіледі. Демек, жоғарыда қабылданған шешімнің айтарлықтай қауқарының болмағаны да...

Ехоба куәгерлерінің басылымындарында Куәгерлердің бейтарап-

¹ Свидетели Иеговы – возвещатели Царства Бога. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2005. – 197-б.

² Сол жерде. – 687-б.

тыққа қатысты құқықтарын қорғаған сот істеріндегі басқа да мысалдар көптеп кездеседі. Мысалы, халқының саны 103 миллионнан асатын Филиппин елінің Жоғарғы соты 1993 жылдың 1 наурызында мектепте туға құрмет көрсетпегені үшін мектептен қуылған жас Куәгерлердің ісін қарап, сот мүшелері бірауыздан Ехоба куәгерлерін ақтап шығады. Сөйтіп, мәсіхші балалардың туға құрмет көрсетпеуге, ант бермеуге, мемлекеттік әнұранды орындамауға қатысты заңдық құқықтарына қорған болады. Жоғарғы сот өз шешімінде мынадай түсінік береді: «Қорқыту... мектептен шығару арқылы кім-кімді де мемлекеттік туға құрмет көрсетуге көндіруге болады деп, бүгінгі жас филиппиндіктерге сөз бостандығы мен дін еркіндігіне кепілдік беретін «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясын» жексұрын етіп көрсету, тіпті де дұрыс емес, бұл барып тұрған өктемдік...» Сондай-ақ сот жас Ехоба куәгерлерін мектептен шығару, тегін білім алуға кепілдік беретін 1987 жылы қабылданған ел Конституциясына мүлдем қайшы екендігін де атап өтеді»¹.

Куәгерлер өздерінің бұл ұстанымдарын былай түсіндіреді: «Тарихтан білетініміздей, кейбір діни топтар өздері жақтырмайтын биліктерге қарсы жүргізілген қарулы шайқастарды үнемі қолдап отырған. Бірақ Ехоба куәгерлері ешуақытта, ешбір елде үкіметке қарсы көтерілістерге қатыспаған. Куәгерлердің мемлекеттік рәміздерге бас иіп, мінәжат етпеуі, олардың өз еліне адал еместігін немесе басқа билікті қалайтындығын көрсетпейді. Олар қай елде өмір сүрмесін, тек өз көзқарастарын ұстанады. Куәгерлер отансүйгіштік рәсімдерге кедергі жасау үшін ысқырып немесе айқайлап, бейберекет шу шығармайды, олар туға түкірмейді, оны таптап немесе отқа жақпайды. Олар үкіметке қарсы бас көтермейді. Яғни, олардың көзқарасы Матай 4:10-да жазылған Иса Мәсіхтің сөздеріне негізделген: «Ехоба Құдайыңа ғибадат етіп, тек соған ғана қызмет ет!»

Ехоба куәгерлерінің ұстанымдары Ежелгі Римдегі христиан-

¹ Ежегодник Свидетелей Иеговы за 2003 год. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2003. – 234-235-б.

дардікі секілді болған. Олар туралы «Киелі кітап тарихының негіздері» («*Основы библейской истории*») деген кітапта былай дейді: «Императорға тағзым ету үшін, оның ескерткішінің алдында тұрған құрбандық жасалатын орынға бір шымшым қош иісті зат себу немесе шарап бүрку керек болатын. Содан бері арада қаншама уақыт өтіп кеткен соң, бәлкім, бұл дәстүр қазіргі кездегі туды немесе мемлекет басшысын құрметтеудің белгісі ретінде қолыңды жоғары көтеруден ешбір айырмашылығы жоқ көрінер. Былайша айтқанда, бұл кішіпейілділіктің, сыпайылықтың және отансүйгіштіктің көрінісі іспетті қабылданар. Иә, әсілі, I ғасырда да адамдардың көпшілігі дәл осындай көзқараста болған сияқты, бірақ мәсіхшілер бұған мүлдем басқаша қараған еді. Олар үшін бұл діни мойынсұнушылық, императорды құдайдай көру, Құдайға және Мәсіхке деген адалдықты бұзу деп танылып, нәтижесінде мұндай рәсімдерді істеуден бас тартады» («*Essentials of Bible History*», *Элмер Моулд*, 1951. 563-б)»¹.

Ал 2014 жылы Ехоба куәгерлері өз басылымдарының бірінде былай дейді: «Куәгерлер Жазбалардағы принциптерге қайшы деп есептейтін рәсімдерге өздері қатыспағанмен, өзгелердің оларға қатысуға деген құқын сыйлайды. Сонымен қатар олар мемлекеттік туды ұлттық рәміз ретінде құрметтейді және үкімет басындағыларға билікті Құдай бергендіктен, олардың соған «қызмет ететінін» мойындайды (*Римдіктерге 13:1–4*). Сол себепті Ехоба куәгері «патшалар мен басқа да барлық әкімшілік иелері үшін» мінажат етуге қатысты шақыруға құлақ асады. Алайда бұлай етудегі біздің мақсатымыз – «барлық жағдайда Құдайға ұнамды да адал болып, тыныш та бейбіт өмір сүру» (*Тімөтеге 1-хат 2:2*)... Шынайы мәсіхшілер өзгелердің дауыс беру құқын құрметтейді. Олар сайлауға қарсы әрекет жасмайды және сайланған билік иелеріне мойынсұнады. Сөйткенмен де мемлекеттің саяси іс-шараларына қатысты бейтараптықтарын берік

¹ Свидетели Иеговы – возвещатели Царства Бора. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2005. – 672-б.

сақтайды (*Матай 22:21; Петірдің 1-хаты 3:16*)»¹.

2013 жылы шыққан «Ояныңдар!» басылымының бір саны «Наразылық проблемаларды шешуге көмектесе ме?» деген тақырыпқа арналған еді. Бұл басылымда келесідей тұжырым жасалады: Ехоба куәгерлері Құдай Патшалығы ғана адамзатты бейбіт өмірге жетелей алады дегенге сенеді, сондықтан да олар қоғамда наразылық білдірушілердің қатарына қосылмайды.

Көріп отырғанымыздай, Ехоба куәгерлерінің бейтараптықты ұстануы, ешқандай саясатпен байланысы жоқ, тек бірыңғай діни сенім-нанымдарына негізделген екен. Олардың дін ілімдері саяси құрылымға да, қоғамның тыныштығына да ешбір қауіп төндірмейді. Бұл бар-жоғы кез келген демократиялық елдердегі адамдардың конституциялық құқығына негізделген діни сенім ғана. Алайда арагідік кейбір «желікпе-сарапшылар» кезінде Ехоба куәгерлерінің діни ілімдері өте қауіпті деп күстаналаған кеңестік аңыздарды қайтадан жандандырғысы келіп тұрады. Олар қарапайым тұрғындардың еліміздегі сан алуан конфессиялардың діни ілімдерінің ерекшеліктерін білмейтіндігін пайдаланып, Куәгерлерді жек көріншіті етіп көрсететін жағымсыз сөздер таратып, адамдардың арасында үрей тудыруға тырысады. Дегенмен де бүгінде нағыз шындыққа көз жеткізгісі келетін адамдарға ақиқат ақпараттарға қол жеткізу оңай болғандықтан, алдағы уақытта қоғамдағы өзара төзбеушілік бірте-бірте жойылатындығына сенгіміз келеді.

35. Ағзаға ауыз не тамыр арқылы қан қабылдау – Құдай заңын бұзғандыққа жатады

Ехоба куәгерлерінің пайымдауынша, қан Құдайдың көз алдында қасиетті: «Киелі кітапта қанда жанның бар екендігі айтылған. Бұл шын мәнінде солай, себебі ағзадағы бар тіршілік атаулы қанмен байланысты ғой. Құдай Сөзінде былай дейді: «Өйткені тіршілік ие-

¹ Құдайдың сүйіспеншілігінен айырылмаңдар. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2014. – 213-б.

лерінің өмірі қанда ғой. Сендердің күнәларыңды өтеу үшін қанды құрбандық ошағына әкелуге белгіледім. Қанда өмір болғандықтан, қан арқылы адамның күнәсі өтеледі» (*Мұсаның 3-жазбасы 17:11*). Сол үшін де Киелі кітапта жан мен қан туралы тіпті нақтырақ айтылады: «Кез келген тіршілік иесінің өмірі оның қаны болып табылады» (*Мұсаның 3-жазбасы 17:14*). Демек, Құдай Сөзі бойынша өмір де, қан да қасиетті»¹. Ехоба куәгерлері қанды пайдалануға тыйым салу бірінші рет Нұх пайғамбарға берілгендіктен және бүгінде жер бетінде өмір сүріп жатқан бүкіл адамзат атаулы содан тараған ұрпақ болғандықтан, сол уақытта енгізілген тыйым қазіргі адамдарға да қолданылуы тиіс екендігін мойындайды.

Әрі Куәгерлер бұл жағдайда алғашқы мәсіхшілердің мысалдарын үлгі тұту керек деп есептейді. Осы орайда «Жазбаларды түсіну» («*Понимание Писания*») энциклопедиясында мынадай түсінік беріледі: «Бұл шешім Құдайдың Нұхқа және оның балаларына айтқан «қанды ішпендер» деген өсиетіне негізделген. Исаак Ньютон бұл туралы былай дейді: «Ежелгі Мұса заманында берілген осы заң [*қаннан бас тартуды талап ететін*] Ыбрайым заманына дейін көп уақыт бұрын Нұхқа және оның балаларына берілген болатын. Сондықтан Иерусалимдегі Елшілер мен Собор ақсақалдары, басқа тайпалықтар сүндеттелуге және Мұса заңын ұстануға міндетті емес деп шешім қабылдаған уақытта, қаннан бас тарту және арам өлген малды жемеу туралы нұсқауды, кезінде тек Ыбрайымның ұрпақтарына ғана емес, Сеннаар жерінде Нұх пайғамбардың қол астында өмір сүрген барлық халықтарға берілген Құдайдың ежелгі заңы ретінде, сол бастапқы күшінде қалдырған болатын. Бұл пұттарға арналған ет жемеуге, жалған құдайларға табынбауға және зинақорлық жасамауға да қатысты еді»... (*Ньютон И. Исправленная хронология древних царств*. М., 2007. 297, 298-б.)... Б. з. 177 жылы Лион қаласында (*Франция*)

¹ Кровь. «Понимание Писания» энциклопедиясы. Күзет мұнарасының онлайн-кітапханасы [URL: <https://wol.jw.org/ru/wol/d/r2/lp-u/1200000774>].

христиандардың жаулары оларды өз балаларын жейді деп айыптаған кезде, Библиада есімді бір әйел: «Егер оларға тіпті малдың қанын жеуге тыйым салынған болса, қалайша балаларды жейді екен?!» – дейді (*Евсевий. Церковная история. Ү. 1. 26*). Алғашқы христиандар тамаққа ешқандай қанды пайдаланбаған. Бұл жөнінде Тертуллиан (*шамамен б. з. 155–220 жылдары*) былай деп жазады: «Осының бәрі арамдалып қалмау үшін малдың қанын пайдаланбайтын, ішінде қалып кеткен қанынан қорқып, өлексеге жақындамайтын христиандарды ұялтып, тіпті жерге қаратады. Сендер оларды қинау үшін қансоқта шұжық жеуге түртпектейсіңдер. Бірақ бұл христиандықтан ауытқытатын нәрсе екенін сендер жақсы білесіңдер» (*Апология. IX*). Енді Минуций Феликстің (*римдік заңгер, шамамен б.з. 250 жылдары қайтыс болған*) сөзіне құлақ түрейік: «Өзімізге қатысты айтар болсақ, бізге адам өлтіруді көрмек түгілі, ол туралы тыңдауға да рұқсат жоқ. Ал адамның қанын төгуден қорқатынымыз соншалық, тіпті тамаққа пайдаланылатын малдың қанынан бас тартамыз» (*Октавий. XXX*)».

Бүгінде Ехоба куәгерлері медициналық мақсатта қанды қолданудан үзілді-кесілді бас тартатындықтарымен жақсы танымал. Арагідік бұқаралық ақпарат құралдарында қайсыбір науқас адамның қан құйдырудан бас тартқандығы туралы жаңалықтарды естіп қаламыз. Ендеше Куәгерлердің бұл ұстанымы не нәрсеге негізделген?

Бұл мәселеге қатысты Ехоба куәгерлерінің ресми сайтынан мынадай жауап табамыз: «Мұның себебін медициналық тұрғыдан емес, діни тұрғыдан қарастырған жөн. Киелі жазбаларда қаннан аулақ болу керектігі анық айтылған (*Мұсаның 1-жазбасы 9:4; Мұсаның 3-жазбасы 17:10; Мұсаның 5-жазбасы 12:23; Елшілердің істері 15:28, 29*). Оның үстіне, Құдай тіршілік иесінің өмірі қанда деп айтады (*Мұсаның 3-жазбасы 17:14*). Сондықтан біз Құдайдың бұйрығына мойынсұну үшін ғана емес, оны өмірдің қайнары ретінде

құрметтегендіктен де қан құйдырудан бас тартамыз»¹. Алайда қан құйдырудан бас тарту, жалпы емделуден біржола бас тарту дегенді білдірмейтіндігін Ехоба куәгерлері әрдайым айтып жатады. Яғни, бұл тек науқас адамның емдеу тәсіліне байланысты өзінің таңдау құқығын жүзеге асыру болып табылмақ.

Иә, бұл жерде олардың таңдау еркі заңдық тұрғыдан алғанда дұрыс екендігін атап өткеніміз жөн. Мысалы, қазір қолданыстағы «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының кодексінде былай делінген: «139-бап. Хирургиялық араласу, қан, оның компоненттерін құю және диагностиканың инвазиялық әдістерін қолдану тәртібі.

1. Хирургиялық араласу, қан, оның компоненттерін құю және диагностиканың инвазиялық әдістерін қолдану науқастардың жазбаша келісімімен қолданылады.

Сот әрекетке қабілетсіз деп таныған, психикасының бұзылуынан (*ауруынан*) зардап шегуші науқастарға және кәмелетке толмаған адамдарға хирургиялық араласу, қан мен оның компоненттерін құю, диагностиканың инвазиялық әдістері олардың заңды өкілдерінің жазбаша келісімімен жасалады.

3. Хирургиялық араласуды, қан мен оның компоненттерін құюды, диагностиканың инвазиялық әдістерін қолдануды кідірту науқастың өміріне қауіп төндіретін, ал науқастың немесе оның заңды өкілдерінің келісімін алу мүмкін болмаған жағдайларда, дәрігер немесе консилиум науқасты немесе оның заңды өкілдерін қолданылған шаралар туралы кейіннен хабардар ете отырып, шешім қабылдайды.»

Әрі бұл заңдық нормалар 1996 жылы қараша айында Страсбургте Еуропалық Кеңестің Парламенттік ассамблеясында қабылданған «Адам құқықтары мен биомедицина туралы конвенцияның» 5 және 6-баптарына сәйкес келеді: «Медициналық араласу осындай

¹ Почему Свидетели Иеговы не соглашаются на переливание крови? Ехоба куәгерлерінің ресми сайты: [URL: <https://www.jw.org/ru/свидетели-иеговы/часто-задаваемые-вопросы/свидетели-иеговы-почему-не-переливают-кровь/>].

араласуға тап болған адам тек өз еркімен ақпараттық келісім бергеннен кейін ғана жүзеге асырылуы тиіс. Бұл адамды ұсынылып отырған араласудың мақсаты мен мән-мағынасы, тәуекелге баруға байланысты туындайтын салдары жөнінде алдын ала хабардар ету керек. Араласуға мұқтаж адам кез келген уақытта өзінің бұрынғы келісімінен бас тартуға құқы бар... Егер медициналық араласу заң бойынша өз келісін беруге қабілетсіз кәмелетке толмаған адамға қатысты болса, онда мұндай араласу тек сол адамның заңды өкілінің немесе өкілділікке заңмен бекілген мекеменің рұқсатымен ғана жүзеге асырылуы мүмкін».

Енді ойланып көрейікші: егер қан құюға келісу мәселесі жай ғана керексіз рәсімділік болса, заң шығарушы қан құюдың басты шарты ретінде «науқастың жазбаша келісін» атар ма еді? Немесе егер қан құю барлық ауруларға әмбебап ем болса және оны қолдануға міндеттілік болса ше? Бәлкім, қағаз жүзінде осындай құқықты бергенмен, біз іс жүзінде науқасты таңдау еркінен айыратын шығармыз? Ендеше неге біз осындай жағдайда өзімізді емес, науқасты кінәлаймыз?!

Демек, заң аясында науқасқа таңдау еркі берілген екен, оны дәрігер де, қоғам да мойындауы тиіс. Әрі түптің-түбінде сол таңдаудың салдарына жауап беретін әлдебіреу емес, науқастың өзі ғой.

Мен қан құюды яки қанды алмастыратын басқа да дәрі-дәрмектерді қолдануды медициналық тұрғыдан сипаттауды әрмен қарай жалғастырмай-ақ қойсам деймін. Өйткені бұл тақырыпты тереңірек зерттегісі келетіндер мұны осы кітаптың алдыңғы басылымынан таба алады. Онда әлемдік медицинада емдеудің қан құюсыз тәсілдерінің кеңінен қолданыла бастағандығы туралы мамандардың пікірлері жан-жақты баяндалады. Бүгінде медицина алға қарай өте жылдам дамып барады, яғни емдеу тәсілдері де тез өзгеруде. Олай болса, егер Ехоба куәгерлері қансыз және қанды алмастыратын дәрі-дәрмекпен емделгісі келсе, олардың бұл таңдауы заңды әрі оны

іске асыруға қазіргі таңда толық мүмкіндік бар. Тек бір өкініштісі, біздің медициналық қызметкерлер осы бағытта жұмыс істеуге әрдайым ықыласты не қабілетті бола бермейді. Жә, бұл тақырып діни ілімге тікелей қатысы болмағандықтан, әңгімеге осы жерден нүкте қояйын.

Сөз соңында Ехоба куәгерлерінің ұстанымына байланысты, менің байқауымша, бірнеше жайтты атап өтуге болатын сияқты:

1. Ехоба куәгерлері өмір – Құдайдың сыйы деп біледі. Сондықтан олар, тіпті ананың өміріне қауіп төніп тұрса да, немесе бала науқас болып туылуы мүмкін жағдайда да түсік жасатуға мүлдем қарсы. Олар «адамның өз-өзіне қол жұмсауы – күнә» деп сенеді, әрі денсаулыққа қауіп төндіруі мүмкін өмір салтын ұстануға да қарсы.

2. Ехоба куәгерлері көп уақыттары мен қаржыларын жұмсай отырып, дәрігерлермен белсенді түрде қызметтес болады. Осы бағытта олардың «Ауруханалармен байланыс комитеттері» тікелей жұмыс істейді. Комитеттің басты мақсаты – дәрігерлермен қарым-қатынас орнату, дәрігерлерге қолжетімді қансыз емдеу тәсілдері туралы ақпараттар, осы тақырыпқа байланысты әртүрлі ғылыми мақалалар ұсыну, сондай-ақ науқастарға қансыз емдеу тәсілдері мамандарының кеңесін ұйымдастыру. Осынау тақырып бойынша олардың ресми сайтында көптеген ғылыми материалдар, бейнефильмдер, т.б. қажетті ақпараттар орналастырылған арнайы бөлім бар.

3. Өздерінің емделу тәсілін таңдаудағы заңды құқықтарын құрметтеуді қалайтын Куәгер-науқастардың ұстанымдары халықаралық құқық нормаларымен де, дәрігерлік әдеп деген түсінікпен де толық үйлеседі.

Рас, бұл діни ілім қоғамда біраз таластар тудырып жатады, бірақ оны «есерлік» көзқарас деп айтуға келмейді. Қайта, бұл жерде мәселенің сенім, медициналық әдеп және жеке адамның таңдау құқығы туралы екендігіне назар аударылу керек қой дер едік біз.

36. Киелі кітаптың өнегелілік заңдарына мойынсұнуымыз қажет

Куәгерлер мәсіхші ұстануы тиіс өнегелілік нормалар Киелі кітапта нақты айтылған деп сенеді. Мәселенки, онда былай делінген: «Тәннің істері белгілі, олар – азғындық, арам істер, өрескелдік, пұтқа табынушылық, бақсы-балгерлік, қаскөйлік, жанжалқойлық, қызғаныш, ашу-ызаға берілу, талас-тартыс, алауыздық, секталар құру, іштарлық, маскүнемдік, ырду-дырду той-думан құру және осы сияқтылар. Бұрын ескерткенімдей, тағы ескертемін, осындаймен айналысатындар Құдай Патшалығын мұра етпейді» (*Ғалаттықтарға 5:19–21*).

«Жамандыққа жамандықпен қайтармаңдар. Жұрт дұрыс деп есептейтіңді істеуге тырысыңдар» (*Римдіктерге 12:17*).

«Шарап ішкендердің арасында болма, Етке тойымсыздардың қатарына қосылма. Маскүнемдік пен мешкейлік кедей қылар, Ұйқы-бастық жыртық киім кигізер» (*Нақыл сөздер 23:20, 21*).

«Ырду-дырду той-думан құрудан, маскүнемдік, азғындық, өрескелдік, ұрыс-жанжал мен күншілдіктен аулақ болып, күндізгі уақыттағыдай әдеппен жүріп-тұрайық» (*Римдіктерге 13:13*).

Өнегелілік нормаларын ұстану Ехоба куәгерлері үшін өте маңызды. Олардың позициясын былай түсіндіруге болады: Ехоба куәгері азғындыққа баруы мүмкін, бірақ күнәкар жүріс-тұрысын қоймай, өзгергісі келмейтін адам Ехоба куәгері бола алмайды. Осылайша, егер шомылдыру рәсімінен өткен Ехоба куәгері ауыр күнә жасап, бірақ онысына өкінбейтін болса, оны ұйымнан шығарады. Ал егер күнә жасаған адам шын жүректен өкінетін болса, онда ол ұйымнан шығарыламай, оған рухани көмек (*кездесу, әңгімелесу, бірге дұға ету және Киелі кітап тармақтарына ой жүгірту*) көрсетіледі. Әрі дәл осындай көмектесу басқа христиандық конфессияларда да қолданылады.

Осы жерде күнә жасаған адамның қауымнан шығарылуы, сол ерлі-зайыптыларға отбасылық некелерін бұзуға негіз болып табыла-

майтындығын арнайы ескерткіміз келеді. Өйткені әділдікті бұрмалауды ұнататын кейбір журналистер мен «құлшылық етудің сарапшылары» тап осындай жайттарды басқаша түсіндіріп жатады...

Ехоба куәгерлері өнегелілік нормаларын ұстанғанмен, қандай да бір жолдармен басқаларды бұған мәжбүрлемейді. Олар әлеуметтік реформалар жасау үшін дүрлікпейді, митингілерге, шерулерге қатыспайды, қандай да бір заңдарды қабылдатуға ықпал етуге тырыспайды. Олардың пайымдауынша, Құдай әрбір адамға таңдау құқын берген, сондықтан оны өзге ешбір адам тартып ала алмайды.

Мұны түсіну үшін Ехоба куәгерлерінің гомосексуализмге және соның жетегінде кеткен адамдарға қатысты көзқарасын қарастырып көрейікші. Бүгінде бұл Батыста өте кең тараған тақырып, сондықтан осы жайлы Ехоба куәгерлерінің пікірін білуге асыққанымыз рас.

2016 жылы «Ояныңдар» журналында жарияланған «Киелі кітапта гомосексуализмге қатысты не айтылған?» деген мақалада былай дейді: «Ехоба куәгерлері Киелі кітапта ең дұрыс өнегелік нормалар жазылған деп сенеді әрі сол нормалар бойынша өмір сүруге тырысады (*Ишая 48:17*).

Бұл дегеніміз – Ехоба куәгерлері гомосексуализмді қоса алғанда, жыныстық жүгенсіздіктің қай түрінен де аулақ жүреді деген сөз (*Қорынттықтарға 1-хат 6:18*). Олардың өмірлік ұстанымы осы әрі олардың бұған құқықтары бар.

Дей тұрғанмен Ехоба куәгерлері «барлық адамдармен тату болуға» тырысады (*Еврейлерге 12:14*). Олар өздері гомосексуализмнен аулақ жүргенмен, басқаларды өз көзқарастарын ұстануға күштемейді, гомосексуалдарға қорлық көрсететіндерге қосылмайды я оларға қорлық көрсетілгенін естігенде қуанбайды. Ехоба куәгерлері Киелі кітаптағы «Барлық істе басқалар өздеріңе қалай істесін десеңдер, сендер де оларға солай істеңдер» деген кеңесті орындауға тырысады (*Матай 7:12*)... Гомосексуалдардың іс-әрекеттерін айыптау мен олардың өздерін жақтырмау екі түрлі нәрсе. Киелі кітап бізді барлық адамдарды құрметтеуге шақырады

(*Петірдің 1-хаты 2:17*). Бірақ бұл кез келген іс-әрекетті құптауымыз керек дегенді білдірмейді».

Әрмен қарай мақалада біз үшін ең маңызды саналатын жайтқа назар аударылады: «Ехоба куәгерлері Киелі кітаптағы өнегелік нормалар бойынша өмір сүргенмен, басқаларды өз көзқарастарын ұстануға күштемейді. Олар басқаша өмір сүруді шешкен адамдардың құқығын қорғайтын заңдарды өзгертуге де тырыспайды. Ехоба куәгерлерінің айтып жүрген хабары адамдарға жақсы әсер етеді. Олар өздерін тыңдағысы келген барлық адамға осы хабарды зор қуанышпен жеткізеді (*Елшілердің істері 20:20*)»¹.

37. Діни демалыс күнін тек исаилдіктер ұстану керек болған және Мұса заңымен бірге ол да күшін жойған

Бұл Ехоба куәгерлерін протестант конфессияларынан, мысалы, жетінші күннің адвентистерінен, ерекшелейтін ережелердің бірі болатын.

Киелі жазбаларда, Римдіктерге, Ғалаттықтарға, Қолостықтарға жолданған хаттарда, шын мәнінде «демалыс күн» ережесін ұстану міндетті емес екендігі айтылған. Дегенмен де «белгілі бір тағамдар мен сусындар үшін немесе қандай да бір мерекені, Жаңа туған ай мейрамын тойламайтындарың не Демалыс күнін ұстанбайтындарың үшін айыптамасын» деп те нақты жазылған (*Қолостықтарға 2:16*). Яғни, Демалыс күнді ұстану міндетті болмағандықтан, Ехоба куәгерлері бұл күнді ерекше деп есептемейді.

«Жазбаларды түсіну» («*Понимание Писания*») кітабында бұл жөнінде былай дейді: «Иса өлгеннен кейін елшілер ешқашан да Демалыс күнді ұстануды талап етпеген. Демалыс күнді ұстану мәсіхшілер үшін Елшілердің істері 15:28, 29-да жазылған талаптарға да, кейін жазылған басқа кітаптарға да енбеген. Сондай-ақ елшілер жаңа Демалыс күнін, мысалы «Иеміздің күнін» де енгізген емес. Мысалы, Иса бүгінде жексенбі деп аталып кеткен күні көкке кө-

¹ Ояныңдар! – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2016. №4. – 8-9-б.

терілгенімен, алайда Киелі кітапта сол күнді атап өту керектігі туралы ештеңе жазылмаған... Осы айтылғандардан байқағанымыздай, I ғасырдағы мәсіхшілер Демалыс күнді де, жылды да ұстанбаған. Тек б. з. 321 жылы бірінші император Константин: жексенбі күні (*латын тілінде «диэс Солис» – астрологиямен және күнге табынумен байланысты ескі атауы, бұның «саббата» [демалыс күні] немесе «диэс Домини» [Иеміздің күні]деген сөздерге еш қатысы жоқ*) диханшылардан басқалардың бәрине демалатын күн болсын деп, қаулы шығарады»¹.

38. Дінбасылар табы мен ерекше діни лауазымдар Киелі кітапқа сәйкес келмейді

Бұл жерде де Ехоба куәгерлерінің тұжырымы Киелі кітаптан тысқары кетпейді.

Мәселенки, олар осыған байланысты Матай жазған Ізгі хабарға сілтеме жасайды, онда былай делінген: «Өздеріңді «Ұстаз» деп ататпаңдар, себебі Ұстаздарың біреу-ақ, ол – Мәсіх, ал сендер өзара бауырлассыңдар. Сонымен қатар жер бетіндегі ешкімді «Әке» деп те атамаңдар, себебі Әкелерің біреу-ақ. Ол – көктегі Әкелерің. Өздеріңді «Көсем» деп те ататпаңдар, өйткені Көсемдерің біреу-ақ. Ол – Мәсіх. Қайта, араларыңдағы ең ұлыларың сендерге қызметші болсын. Өзін жоғарлатқан әркім төмендетіледі, ал өзін төмен тұтқан әркім жоғарылатылады» (*Матай 23:8–12*).

«Иса оларды шақырып алып былай деді: «Билеушілер қол астындағы халықтарды билеп-төстейтінін, ұлықтары да, оларға қатаң әмір жүргізетінін білесіңдер. Ал сендердің араларыңда бұлай болмау керек, қайта, кім ұлы болғысы келсе, сол сендерге қызметші болуы тиіс. Кім бастыларың болғысы келсе, сол сендерге құл болу керек. Осы сияқты, Адам Ұлы да өзіне қызмет еткізуге емес, өзі қызмет етіп, көптеген адамдар үшін жанын төлем ретінде беруге келді» (*Матай 20:25–28*).

¹ Суббота. «Понимание Писания» энциклопедиясы Ехоба куәгерлерінің онлайн-кітапханасы [URL: <https://wol.jw.org/ru/wol/d/r2/lp-u/1200003778>].

Мәсіх пен оның елшілері қандай да бір лауазымдарды қолданып, арнайы рәсімдер жасап, оларға ерген басқа адамдардан бөлектеніп жүргенін елестету де қиын.

2009 жылдың тамыз айында жарық көрген «Ояныңдар!» («*Пробудитесь!*») журналында «Киелі кітаптың көзқарасы» деген айдармен сенушілер арасында дінбасылары және қарапайым сенушілер деп жікке бөліну болмау керектігінің 6 себебі келтіріліпті: «Киелі кітапта «тек жазылғандарды ғана ұстаныңдар» деген принцип бар (*Қорынттықтарға 1-хат 4:6*). Құдайдың осы талабына мойынсұнбау әдетте рухани зардабын тартқызады. Бұл жағдай тіпті дінбасыларына да қатысты. Неліктен? Ендеше мұның алты себебіне назар аударайықшы:

1. Дінбасылар табының оқшаулануының өзі, Құдайға қызмет етуге кез келген адам жарай бермейді, бұған ерекше қабілет қажет дегенді меңзейді. Алайда Киелі кітап, барлық шынайы мәсіхшілер Құдайға қызмет етіп, оның есімін мадақтауы тиіс дегенді айтады (*Римдіктерге 10:9, 10*). Ал қауымдағы рухани міндеттер мен тағайындауларға келсек, Киелі кітап жалпы барлық мәсіхші ер бауырластарды осындай қызметтерге ұмтылуға талпындырады. Міне, Ехоба куәгерлері тап осылай әрекет етеді (*Тімөтеге арналған 1-хат 3:1*).

2. Әдетте, дінбасылары өздерін қарапайым сенушілерден жоғары қояды. Мұны тіпті олардың бір-бірінен ерекшеленіп тұрған лауазымдарынан-ақ байқау қиын емес. Бірақ Иса былай деген ғой: «Араларыңда кім өзін кіші тұтса, сол – ұлыларың» (*Луқа 9:48*). Әрмен қарай шәкірттерін кішіпейілдікке үйреткен ол лауазымды көксеуден аулақ болуды талап еткен (*Матай 23:8–12*).

3. Дінбасылары шіркеуге келушілердің есебінен қаржыландырылатын болғандықтан, әсіресе, олар сән-салтанатқа бөленуді жақсы көргендіктен, бұл сыйынушыларға үлкен ауыртпалық әкеледі. Ал мәсіхшілердің бақташылары өздерін-өздері асырайды, әрі осы арқылы өзгелерге жақсы үлгі көрсетеді (*Елшілердің істері 18:1–3; 20:33, 34; Філіпіліктерге 3:7–10*).

4. Діни қызметшілер материалдық жағынан шіркеуге келушілерге тәуелді болғандықтан, оларға жағу үшін Киелі кітап ілімдерін бұрмалауға азғырылады. Міне, дәл осы туралы Киелі кітапта да айтылған: «Кейбіреулер дұрыс ілімге құлақ аспай, өз қалаулары бойынша әрекет ететін уақыт келеді. Олар құлақтарына жағатынды айтатын ұстаздарды айналасына жинайды» (*Тімөтеге 2-хат 4:3*).

5. Діни қызметшілер класы бар болғандықтан, сенушілер дінмен байланысты істердің бәрін діни қызметшілердің мойнына артып қойған, ал өздері тек ілуде бір шіркеуге келгендерін қанағат тұтады. Алайда дұрысы – барлық мәсіхшілер «өздерінің рухани мұқтаждықтарын» мойындап, Киелі кітапты зерттеуге ынталы болу керек (*Матай 4:4; 5:3*).

6. Мінәжат етуге келушілер Киелі кітапты жетік білмеген кезде, діни қызметшілер оларды оп-оңай адастырып, тіпті өздерінің арам пиғылдарын жүзеге асыру үшін пайдалануы да мүмкін. Тарихта мұндай мысалдар өте көп (*Елшілердің істері 20:29, 30*)¹.

Осы жерде мынадай бір жайтқа назар аударуға тура келіп тұр, мысалы, Ехоба куәгерлерінде де «майланғандар» және «ұлы жамағат» деп екіге жарылу бар, алайда бұл бөліну бірыңғай доктриналық сипатта алынған. Мәселенки, бұл топтардың арасында қандай да бір айырмашылықтың жоқ екендігі туралы «Күзет мұнарасы» журналында әлденеше рет жазылды да.

«Пауыл майланған мәсіхшілерге: «Иеміз үшін түрмеде отырған мен мынаны өтініп сұраймын: шақырылғандарыңа сай өмір сүріңдер», – деген. Мұны олар қалай істей алады? Пауыл былай деп түсіндірген: «Әрдайым кішіпейіл, жұмсақ, шыдамды болыңдар әрі сүйіспеншілікпен бір-біріңе төзімділік танытыңдар, өзара тату болып, киелі рух арқылы иемденген бірліктеріңді сақтап қалуға барынша ұмтылыңдар» (*Ефестіктерге 4:1–3*). Киелі рух Ехобаның қызметшілеріне өркөкірек емес, кішіпейіл болуға көмектеседі

¹ Пробудитесь! – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2009. Тамыз. – 22-23-б.

(Қолостықтарға 3:12). Сондықтан майланғандар өздерін өзгелерден артықпыз деп есептемейді. Олар Ехоба өздеріне басқа қойларға қарағанда көбірек киелі рух береді деп ойламайды. Сондай-ақ Киелі кітап шындықтарын басқалардан гөрі жақсырақ түсінеміз демейді... Олар адамдарды көкке Ехоба ғана шақыратынын кішіпейілділікпен мойындайды... Майланғандар көкке шақырылуды зор мәртебе санағанмен, өзгелерден ерекше құрмет күтпейді. ...Өздеріне тым көңіл бөліп, сый-құрмет көрсеткендерін қаламағандықтан, олар өздерін бірден майланған ретінде таныстырмайды. Олар тіпті бұл жайлы ешкімге тіс жармайтын да шығар. Сондай-ақ көкте қандай керемет істермен айналысатынын айтып мақтанбайды (*Қорынттықтарға 1-хат 1:28, 29; Қорынттықтарға 1-хат 4:6–8 оқыңыз*). Майланған мәсіхшілер бір клубтың мүшелері сияқты бір-бірімен ғана уақыт өткізуді көздемейді. Я болмаса олар майлану туралы әңгіме айту үшін не топ болып Киелі кітапты зерттеу үшін бір-бірін іздемейді (*Ғалаттықтарға 1:15-17*). Егер майланғандар бұлай етсе, қауымға іріткі салып, Құдай халқының бірлік-ынтымағына ықпал ететін киелі рухқа қарсы әрекет етер еді»¹.

39. Адам эволюция жолымен пайда болған жоқ, оны Құдай жаратты

Ехоба куәгерлері жаратылыс туралы ілімге нық сенеді және бұған қатысты еш компромиске бармайды. Олардың сайтында «Жаратушыға сену неліктен қисынды?» деген тақырыпқа көптеген кітаптар, журналдар, кітапшалар мен бейнероликтер жарияланады.

Олар бұл сұрақты мынадай тұрғыдан қарастырады: «Киелі кітап ақыл-ойды іске қосуға шақырады (Римдіктерге 12:1). Бұл дегеніміз – Құдайға деген сенімің тек мына нәрселерге негізделмеу керек:

¹ Күзет мұнарасы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2016. Қаңтар. – 22-б.

СЕЗИМ (“Әйтеуір бір құдіреттің бар екенін түсінемін”)

БАСҚАЛАРДЫҢ ӘСЕРІ (“Мен діндар адамдардың арасында тұрамын”)

ҚЫСЫМ (“Ата-анам солай тәрбиеледі. Менің басқа амалым болмады”)

Сенің Жаратушыға деген сенімің ақылға қонымды, қисынды дәлелдерге негізделу керек.»¹

Сонымен қатар, Ехоба куәгерлерінің пікірінше, Құдай Жерді тура мағынада алты күннің ішінде жаратты дейтін креационист-шілдер мен фундаменталистердің де көзқарастары Киелі кітапқа негізделмеген.

Адамның қалай жаратылғаны туралы сұраққа қатысты пікірлерінде сенушілер Киелі кітапта жазылған сөздерге сүйенеді: «Сонда Құдай топырақтан адамды жасап, оның мұрнына тіршілік лебін үрледі. Адам осылай тірі жан болып шыға келді» (*Жаратылыс* 2:7). Ехоба куәгерлері үшін Киелі кітап ешбір талассыз мойындалатын бедел болғандықтан, адамның жаратылғаны да ешқандай күдік тудырмақ емес.

Алайда мұндай тұжырым да сендірерліктей дәлел келтіруді талап етеді, өйткені бүгіндегі білімді адамдар адамның шығу тегі жайлы Киелі кітапта айтылғанды күмәнсіз қабылдай салуға барлық уақытта дайын емес.

Негізінен, орыстың ұлы жазушысы Ф. Достоевский айтқандай, адам – құпия. Ал француздың ұлы философы әрі теологы Пьер Тейяр де Шарден осы ойды жалғастырып: «Біздің біліп жатқандарымыздың бәрі адамның жаратылысымен түйінделеді...» – дейді.

Қазіргі уақытта эволюция теориясына көптеген ғалымдар күмән келтіруде, міне, солардың арасында адамның жаратылғандығы туралы христиандық түсінікті құптайтындар ғана емес. Сондықтан

¹ Жастарды қызықтыратын 10 сұрақ. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2016. – 29-б.

«Өмір қалай пайда болды?» деген мәселеге арнайы санын арнаған «Күзет мұнарасы» журналының авторларымен келіспеске болмайды. Олар былай деп жазады: «Құдай «егер бар болса», оның өмірдің пайда болуына қаншалықты қатысы бар екендігі туралы ғалымдардың арасында ортақ пікір жоқ. Олардың кейбіреулері, өмір Құдайдың қатысуынсыз пайда болған десе, ал басқа біреулері, Құдай өмірге бастама берген, сосын барып эволюцияға жол берген деп ойлайды»¹. Жалпы, бұл тақырып бойынша басқа да қызықты пікірлердің бар екендігі көпшілігімізге мәлім, алайда Ехоба куәгерлерінің басылымында қарастырылмағандықтан, біз де олар туралы сөз қозғамай-ақ қоямыз. Себебі біздің басты міндетіміз – Ехоба куәгерлерінің осы тақырыпқа қатысты ілімінің негізін мүмкіндігінше әділдікпен көрсету. Олардың пікірінше, эволюция теориясы уақыт сынынан өтпей қалды. Жоғарыда тілге тиек етілген басылымдағы негізгі мақаланың «Эволюция – сотта қаралуда» деп аталуы да көп нәрсені аңғартса керек-ті. Мұнда былай деп жазылыпты: «Кейбіреулердің ойынша, эволюция фактілерге негізделген, ал жаратылыс – сенімге. Бұл рас, адамдардың ешқайсысы Құдайды көрген жоқ (*Жохан 1:18; Қорынттықтарға 2-хат 5:7 салыстырыңыз*). Алайда эволюция теориясы бұдан жақсы күйде емес, себебі ол ешкім көрмеген және ешқашан қайталанбаған оқиғаларға сүйенеді.

Мысалы, ғалымдар мутацияның қалай жүзеге асатынын, тіпті өмірдің жаңа түріне бастама беретін қолайлы мутацияның өзін ешқашан көрмеген. Бірақ соған қарамастан, дәл осындай жолмен жаңа түрлер пайда болған дегенге сенеді. Олар өмірдің өздігінен пайда болғанын өз көздерімен көрген емес, әйткенмен де өмір дәл осылай басталды дегенге жұртты сендіргісі келеді.

Дәлелді фактілер болмағандықтан, Т. Джанаби эволюция теориясын «жай ғана сенім» деп атаған. Ал физик Фред Хойл оған «Дарвиннің ізгі хабары» деген атау берген. Доктор Эван Шут ал-

¹ Сторожевая башня. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1994. 1 қыркүйек. – 3-4-б.

дыңғы екеуінен де асыра сілтеп, былай дейді: «Меніңше, «эволюцияшылға» қарағанда «креационистшілге»¹ тұжырым-құпиялары туралы азырақ түсіндіруге тура келетін сияқты»².

Осынау мәселеге қатысты белгілі ғалымдардың бірқатар пікірлерін сараптай келіп, журнал авторлары өмірдің пайда болуына қатысты эволюцияшылардың көзқарастарын жоққа шығарып, әрбір сенушіні «осы тақырыпты жеке зерттеуге шақырады».

Әрбір жолы Ехоба куәгерлері ұйымының кітаптарында және журналдарында жаратылыс тақырыбына жаңа дәлелдер келтіріледі.

2017 жылы шыққан «Ояныңдар!» журналының бетінде осыған байланысты белгілі ғалым, математик-бағдарламашы доктор Фань Юй өз ойын былай білдіреді: «Математик болғандықтан, оқиғалардың ықтималдылығын есептеуге үйреніп қалғанмын. Мен тіршілік кездейсоқ пайда болу үшін дайын ақуыздар керек екенін білетінмін. Сондықтан ақуыздардың өздігінен пайда болу ықтималдылығын есептеп шығаруға тырыстым. Негізі, ақуыздар – бізге мәлім ең күрделі молекулалардың бірі. Ал тірі жасушалардың құрамында тәртіппен әрекеттескен ақуыздардың мыңдаған түрі болуы мүмкін. Зерттей келе, өзгелер сияқты мен де мынаны түсіндім: ақуыздың өздігінен пайда болу ықтималдығының аз болғаны сонша – бұл мүмкін емес деуге болады! Эволюция теориясын зерттегенде, осындай күрделі молекулалардың жасушаны қалай құрайтыны былай тұрсын, тіпті олардың өз-өздерін қалай жасап шығара алатынына қатысты ешқандай дәлел таппадым. Бұның бәрі Жаратушының бар екеніне көзімді жеткізді. ...Айналамыздағы табиғаттың күрделілігі туралы ойланғанда, барлық айғақтар Жаратушының бар екеніне нұсқайтынын аңғарамын. Қазір мен компьютерлік бағдарламалар жасап шығарамын. Біздің миымыз компьютерден

¹ Креационизм (*лат.* – *creation*) – ғалам, жер, өмір, адам «құдайлық жаратылыстың» нәтижесі деп білетін және олардың түрлері тарихи даму барысында өзгерген дегенді жоққа шығаратын биология саласындағы бағыт.

² Сторожевая башня. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1994. 1 қыркүйек. – 5-б.

қаншалықты асып түсетініне жиі аң-таң боламын. Мысалыға, біздің миымыз сөйлеп жатқан адамның сөздерін ажырата алады. Бұл бір таңғажайып нәрсе! Көбіміз басқалардың айтқан сөзін оңай түсіне аламыз. тіпті олар сөйлеп жатқанда үзік-үзік айтса да, күлсе де, жөтелсе де, кекештенсе де, акцентпен сөйлесе де, жан-жағы жаңғырып, у-шу болып жатса да, телефон арқылы сөйлесе де түсіне береміз. Кейбіріміз: «Таңғалатын несі бар?» дейтін шығармыз. Бірақ компьютерлік бағдарлама жасайтындар олай ойламайды. Дауыс тануға арналған ең мықты деген бағдарламалардың өздері адам миымен салыстыруға да келмейді. Ең заманауи деген компьютерлердің өздері даусынан сөйлеп тұрған адамды, оның сезімін, акцентін ажырата алмайды. Бағдарлама жасап шығаратындар адам миының осындай қабілеттерін компьютерге де «дарытудың» жолын іздеп, зерттеулер жүргізуде. Бірақ түптеп келгенде, олар Құдайдың тамаша жаратылыстарын зерттейді»¹.

Ехоба куәгерлері бұл діни ілім адамның қаншалықты діншілдігін танытатын тұғырнамасы іспетті деп біледі. Осыған байланысты олардың бір басылымында мынадай әңгіме жарияланған еді: «Қалай ойлайсыз, өмірдің мағынасы бар ма? Эволюцияшы Уильям Провайн бұл сұраққа былай деп жауап береді: «Эволюция ілімінен үйренгендеріміз өмірдің мағынасына қатысты көзқарасымызға қатты әсер етті». Қалайша? Уильям өз тұжырымын былай түсіндіреді: «Мен өмірдің нақты мақсаты жоқ деген ойға келдім».

Осы сөздердің мәніне үңілейікші. Өмірдің түпкі мақсаты шынымен болмаса, адам баласының небәрі игі істер жасап, ұрпақтарына өз генетикалық ерекшеліктерін қалдыру үшін ғана өмір сүргені. Ал өлген соң, ол тіршілік етуін мәңгіге доғармақ. Оның өмірдің мән-мағынасы жайлы ойлануға талпындыратын ой-санасы небәрі табиғаттағы соқыр кездейсоқтықтың салдары болғаны.

Тағы бір жайтқа назар аударайық. Эволюцияға сенетін көп адамдар: «Құдай жоқ немесе ол бар болса, адам баласының істеріне

¹ Ояныңдар! – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2017. №3. – 13-б.

араласпайды», – деп ойлайды. Олай болса, біздің болашағымыз саяси қайраткерлер, ғалымдар мен дінбасылардың қолында болғаны. Ал олардың жасаған шаралары, тарих көрсеткендей, айтарлықтай жеңілдік әкелмеді. Демек, адамзат қоғамында тәртіпсіздік, қақтығыстар мен жемқорлық әрі қарай да жалғаса бермек. Сондай-ақ эволюция ілімі рас болса, бізде «Бүгін ішіп-жеп тойып алайық, ертең бәрібір өлеміз» деген қағиданы мойындаудан басқа амал қалмас еді (*Қорынттықтарға 1-хат 15:32*). Алайда Киелі кітап керісінше үйретеді. Онда Жаратушы Құдай «өмірдің қайнары» деп аталған (*Забур 35:10*). Осы сөздердің астарында терең мән жатыр. Киелі кітаптың сөздеріне сенсек, өмірдің шын мағынасы бар деуге толық негіз болады. Сүйіспеншілігі мол Жаратушымыз еркін орындағысы келетін барлық адамдарға керемет өмір беруді уәде етеді (*Екклесиаст 12:13*). Сол кез келгенде жер бетінде тәртіпсіздік, қақтығыстар мен жемқорлық түптамырымен жойылып, тіпті өлім де болмайды (*Ишая 11:9; Аян 21:4*)¹.

Меніңше, бұған дейін де талай жүздеген жылдар бойы дауға айналып келе жатқан бұл тақырып төңірегіндегі айтыс-тартыс, әсілі, жақын арада таусыла қоймас-ау... Сондықтан тап қазір сөз таластырудың өзі артық сияқты. Ең дұрысы, не нәрсеге сенетінін әркім өзі шешу керек-ау...

40. Құдайға қызмет етуге қатысты

Мәсіх жақсы үлгі қалдырған

Барлық христиандар сияқты, Ехоба куәгерлері де жердегі өмірінде Құдайға қызмет етудің керемет үлгісін көрсеткен Иса Мәсіхті Ұлы Ұстаз әрі Ұлы Пайғамбар санайды, әрі бұлай деуге толық негіз бар. Ехоба куәгерлері Мәсіх өзінің қасиеттерін танытуда көктегі Әкесі Ехобаға ұқсағанына және жер бетінде кемелді адам ретінде өмір сүргеніне сенімді. Яғни, оның Құдайға қызмет ету үлгісі де кемелді болған.

¹ Тіршілік өздігінен пайда болды ма? – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2010. – 29-б.

Ехоба куәгерлері діни кездесулері кезінде айтатын әндерінің бірі «Мәсіхті үлгі тұтайық» деп аталады. Менің байқауымша, осы әннің сөздері Ехоба куәгерлерінің Мәсіхтің үлгісіне деген көзқарасын өте айқын көрсететін сияқты:

«Исаның ізімен жүріп өтсем деген
Қалауың болса, Құдай жарылқайды.
Даңқ әкеліп оған, таймай тура жолдан,
Адал болайық, Құдай қолдайды».

Иса Мәсіх өзінің шәкірттеріне және шынайы ілімдерін ұстанушы кейінгі адал ұрпаққа өшпес өсиеттер қалдырған. Егер барлық адамдар сол өсиеттерді ұстанса, онда бүгінгі мына дүние мүлдем басқаша болар еді-ау...

Ехоба куәгерлері осынау өсиеттерді мейлінше дәл орындауға тырысамыз деп сенеді. Міне, солардың ішіндегі ең басты өсиетте былай делінеді: «Ехоба Құдайыңды шын жүректен, бүкіл жан тәніңмен, барлық ақыл-ойыңмен сүй!» Ең ұлы әрі бірінші өсиет – осы. Өсиеттің екіншісі де сол сияқты: «Жақыныңды өзіңді сүйгендей сүй». Бүкіл Мұса заңы мен пайғамбарлардың сөздері осы екі өсиетке негізделген» (*Матай 22:37–40*).

Демек, Иса Құдаймен қарым-қатынасты бәрінен жоғары бағалауды үйреткен, сонда Құдайдың қасиеттерін біліп, оған деген сүйіспеншілікке бөленген адам оның өсиеттерін орындауға ынталанады.

Өзінің әйгілі Таудағы уағызында да Иса ізбасарларына айнала дағыларға қалай сүйіспеншілік көрсетуді үйреткен болатын: «Барлық істе басқалар өздеріңе қалай істесін десеңдер, сендер де оларға солай істеңдер. Мұса заңы мен Пайғамбарлар жазбаларының мәні – осы» (*Матай 7:12*).

Міне, дәл осы сөздер тіпті діндар емес адамдар арасындағы әдептіліктің эталонына айналған-ды.

Куәгерлер Мәсіхті мойындамайды-мыс деген кейде айтылатын айыптауларға жауап ретінде, олар басып шығарған Исаның рөлі

мен оның ілімінің маңыздылығын көрсететін біраз кітаптардың тізімін келтірер едік: «Тарихтағы ең ұлы Адам», «Ұлы ұстаздан үйрен», «Кел де, соңымнан ер», «Иса – жол, шындық және өмір». Жылдар бойы көп еңбек сініріп жазылаған осы әдебиеттердің бәрі Исаның өмірі мен ілімдерін баяндайды және оның қалдырған үлгісіне еліктеуге талпындырады.

41. Шомылдыру рәсімінен өту – суға толық батырылу арқылы Құдайға бағышталуды бейнелейді

Киелі кітапта былай делінген: «Сол күндері Ғалилеядағы Назарет қаласынан Иса келіп, Жақия оны Иордан өзенінде шомылдыру рәсімінен өткізді» (*Марқа 1:9*); «Ал Жақия Сәлім қаласына жақын Айнонда шомылдыру рәсімін жасап жүрді, өйткені сол жерде су мол еді. Адамдар келіп, сол рәсімнен өтіп жатты (*Жохан 3:23*); «Пауыл былай деді: «Жақия халықты өкінудің белгісі ретінде шомылдыру рәсімінен өткізгенде, оларды өзінен кейін келе жатқан кісіге, яғни Исаға, сенуге шақырды» (*Елиилердің істері 19:4*).

Киелі кітаптағы осынау тармақтарға сәйкес, Ехоба куәгерлері, жалпы, барлық христиандар сияқты, суда шомылдыру рәсімінен өту – Құдайға бағышталудың бейнесі деп есептейді. Алайда Ехоба куәгерлерінің бірқатар христиандық конфессиялардан, мысалы, католицизмнен айырмашылығы, Жақияның тек суы мол жерде шомылдыру рәсімін жасағанын және Исаның өзенде шомылдыру рәсімінен өткенін ескеріп, негізінен шомылдыру рәсімін суға толығымен батыру арқылы жасайды.

Суда шомылдыру рәсімінен өткенде адам бұрынғы өмір салты үшін «өліп», енді әрмен қарай Құдайға бағышталған Мәсіхтің шәкірті ретінде жаңа өмірді бастағанын бейнелейді.

«Жазбаларды түсіну» («*Понимание Писания*») кітабында осыған орай былай дейді: «Шомылдыру рәсімінен өткен мәсіхші болу үшін, адам Құдайдың Сөзін жете түсініп, Жаратушының еркін орындауға өзін бағыштайтындығы туралы шешім қабылдау

керек»¹. Мұндай шешімді саналы түрде қабылдап, белгілі талаптарға сай келетіндер ғана шомылдыру рәсімінен өте алады. Шомылдыру рәсімінен өтпес бұрын ықылас білдіруші адам Киелі кітапты терең зерттейді (*бұны қызығушы адаммен тегін, аптасына бір рет Ехоба куәгерлерінің бірі өткізеді, оқу алты айдан бір жылға дейін созылуы мүмкін*). Сол уақыт аралығында зерттеуші өз өмірін Киелі кітаптан оқып-білгендерімен сәйкестендіреді.

Ехоба куәгерлері кішкентай балаларды шомылдыру рәсімінен өткізбейді. «Жазбаларды түсіну» («*Понимание Писания*») еңбегіндегі «Шомылдыру рәсімі» деген мақалада былай деп нақты жазылған: «Кішкентай балаларды шомылдыру рәсімінен өткізу Киелі кітапқа негізделмеген. Өйткені шомылдыру рәсімінен өткенге дейін, ықылас білдіруші адамдар Құдай Сөзін тыңдап, оны бар жүрегімен қабылдап, күнәларына өкіну керек (*Елшілердің істері 2:14, 22, 38, 41*), сосын саналы түрде шешім қабылдау қажет. Бұдан мынадай қорытынды шығаруға болады: шомылдыру рәсімінен өтетін адам тыңдауға қабілетті, сенім білдіруге дайын және сондай шешім қабылдай алатын жаста болу керек».

Осы жерде менің ойыма христиандық дін маманы Тертуллианның (*б.з. III ғ.*) «Апологетика» деген көпке танымал шығармасында жазған сөздері келеді: «Адамдар христиан боп қалыптасады, бірақ туылмайды». Демек, бұл ілімдерін де Ехоба куәгерлері ойдан шығарып алған жоқ.

Қызығушылық танытқандар Ехоба куәгерлерінің діни ілімдерінің негізін жақсылап ұғынулары үшін қауым ақсақалдары да көмектесулері қажет. «Ақсақалдар шомылдыру рәсімінен өткісі келетін адамның Киелі кітаптағы негізгі ілімдерді ақылға қонымды деңгейде түсінетініне көз жеткізеді. Сондай-ақ оның шындықты қаншалықты бағалайтынын және Ехобаның ұйымына қаншалықты тиісті құрмет танытатынын анықтайды. Егер оның Киелі кітап-

¹ Крещение. «Понимание Писания» энциклопедиясы. Күзет мұнарасының онлайн кітапханасы [URL: <https://wol.jw.org/ru/wol/d/r2/lp-u/1200000555>].

тағы негізгі ілімдерді түсінбейтіні анықталса, ақсақалдар оған жеке көмек көрсетілуін қамдайды, соның арқасында ол кейінірек шомылдыру рәсімінен өтуге лайықты бола алады»¹.

Шомылдыру рәсімінен өтуге дейін ниет білдіруші адам жеке дұғасында өзін Құдайға бағыштауы тиіс, яғни Жаратушыға мәңгі қызмет етіп, сол үшін бар күш-жігерін арнауға, Оның еркін өз қалауынан жоғары қоюға уәде береді.

Ехоба куәгерлері үшін шомылдыру рәсімінен өтудің маңыздылығы өте айрықша, сол үшін де 2018 жылдың наурыз айында жарық көрген «Күзет мұнарасы» журналында былай деп жазылған: «Исаның шынайы ізбасары болғысы келетін адам шомылдыру рәсімінен өтуі тиіс»².

42. Мәсіхшілер Киелі кітаптағы шындық туралы ашық куәлік етулері тиіс

Бұл жерде де Ехоба куәгерлері Киелі кітап нұсқауларын ұстанады: «Жоел пайғамбардың кітабынан үзінді келтірген Пауыл былай деп жазды: «Иемізге сиынғандардың бәрі құтқарылады». Әрі қарай ол былай дейді: «Олар Иемізге сенбесе, қалай Оған сиынады? Ол туралы естімесе, қалай сенеді? Оны ешкім уағыздамаса, қайдан естиді?» Бірнеше тармақ кейін Пауыл сенімнің өздігінен келмейтінін, оның «хабарды естуден», яғни «Құдай сөзін» [*Мәсіх туралы сөзді, ЖД*] естуден, келетінін айтады (*Римдіктерге 10:13, 14, 17; Жоел 2:32*).

Халықтарға «Мәсіх туралы сөзді» кім жеткізер екен? Иса бұл істі өзінің шәкірттеріне тапсырды. Алдымен ол олардың өздерін осы «сөзге» үйреткен болатын (*Матай 24:14; 28:19, 20; Жохан 17:20*)»³.

«Ізгі хабарды құлшыныспен жариялаған Иса ізбасарларына үлгі қалдырған. Уағыздау үшін ол адамдарға өзі барған, оларға үйлерінде

¹ Ехобаның еркін орындау үшін ұйымдасқанбыз. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2019. – 210-б.

² Күзет мұнарасы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2018. Наурыз. – 7-б.

³ Күзет мұнарасы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2000. 1 тамыз. – 22-б.

және көпшілік орындарда тәлім берген (*Матай 9:35; 13:36; Лұқа 8:1*). Кейбіреулермен жеке сөйлескен, шәкірттерін оңашада үйреткен, ал кейде мыңдаған адамның алдында тәлім берген (*Марқа 4:10–13; 6:35–44; Жохан 3:2–21*). Ол ыңғайлы әрбір сәтті пайдаланып, адамдарға жігер мен үміт сыйлайтын сөздер айтқан (*Лұқа 4:16–19*). Тіпті тынығып, тамақтанып алу қажет болған кезде де куәлік берудің мүмкіндігін қалт жібермеген (*Марқа 6:30–34; Жохан 4:4–34*)¹.

Менің аңғарғаным, 2017 жылдан бастап Куәгерлердің уағыз ісіне қатысты ұстанымы біршама өзгерген сияқты. Бүгінде олар «шындыққа ыңғай танытқан» адамдарға көбірек назар аударуға көшкендей... Бұл туралы «Күзет мұнарасы» журналында өздері былай дейді: «...біз «мәңгі өмірге ыңғай танытқандардың» барлығын құлшыныспен іздеп-тауып, оларға мәсіхші болуға көмектесуіміз керек (*Елшілердің істері 13:44–48 оқыңыз*)... Біз «мәңгі өмірге ыңғай танытқан» адамдарды қалай таба аламыз? Алғашқы мәсіхшілер ондай адамдарды тек уағыздау арқылы ғана таба алған. Иса шәкірттеріне: «Қай қалаға, қай ауылға кірсеңдер де, өздеріңді және әкелген хабарларыңды қабылдауға лайық адамды іздеңдер», – деп айтқан (*Матай 10:11*). Бүгінде біз де солай етуіміз керек. Әрине, егер адам ақжүрек болмаса, өркөкірек болса не Құдай туралы мүлдем білгісі келмесе, ондайлар ізгі хабарды тыңдайды деп күтпейміз. Біз ақжүрек, кішіпейіл және шындықты білгісі келетін адамдарды іздейміз»². Байқадыңыз ба, олар қазір адамдардың көзін жеткізуге, өз ілімдеріне сендіруге күш салмайды, қайта керісінше, айтқан хабарларына қызығушылық танытқандарға көбірек көңіл бөледі. Бәлкім, сондықтан да болар, мен олардың кейінгі жылдардағы әдебиеттерінен кері пікір айтушылардың қарсылығын қалай жеңуге болатындығы туралы кеңестерді көре алмадым.

¹ Ехобаның еркін орындау үшін ұйымдасқанбыз. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2019. – 87-б.

² Күзет мұнарасы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2018. Қазан. – 10-б.

Осы орайда келесідей түйін жасағым келеді:

1. Ехоба куәгерлерінің өздері діни нанымдарын басқа біреулерге мәжбүрлеп таңуға болмайды деп есептейді.

2. Олар әрбір адамның таңдау құқығын ерекше құрметтейді.

Әлбетте, көшеде тоқтатып немесе үйіне келіп, әлдекімдердің діни сенім туралы сөз қозғағаны жұрттың бәріне бірдей ұнай бермесі анық. Алайда мұндай көзқарасты жаппай деуге келмес. Өйткені дәл қасынан өте шықпай арнайы бөгеліп, өзімен Киелі кітап жайлы сөйлесетіндерге шын көңілімен ризашылығын білдіретіндер де көптеп кездеседі. Расында да, қазіргі мына аласапыран қоғамда өмірден жапа шегіп, жалғызсыраған немесе өмірдің мәнін іздеп, шарқ ұрған көмекке мұқтаж адамдар қаншама десеңізші... Ендеше бір-бірімізбен көбірек кездесіп, көбірек ой бөліскеннің несі жаман? Шын мәнінде ұлттар, діндер арасындағы өзара төзімділік, шыдамдылық дегендеріңіз осындай өзгені тыңдай білуден, өзгенің құқығын құрметтеуден, ол туралы жақсы ойда болудан туындап жатады емес пе? Біле білсек, адамдар арасында үрей тудырып, қандай да бір қорқынышты «секталар» туралы ертегілермен жұртты шошытатын қоғамда міндетті түрде ксенофобияға жол ашылары анық. Ал енді осындай үрей мен ксенофобия бар болса, ел ішінде қандай бірлік, қандай тәуелсіздік болуы мүмкін? Рас, өз сенім-нанымныңды біреуге тықпалап таңу, әсіресе қайта-қайта мазасын алу, әрине, дұрыс емес. Өкінішке қарай, көп жағдайда мәселенің осы жағы ескеріле бермейді. Міне, содан барып өзара түсініспеушілік туындап жатады.

Менің осының алдында жарық көрген кітабымда Куәгерлердің жоғарыда әңгімеленген діни ілімдері ғана сөз етілген болатын. Арада біраз уақыт өткендіктен шығар, кейін байқасам, 2015 жылы Ехоба куәгерлері өздерінің ресми сайтында жаңа ілімдері туралы біраз ақпараттар жариялапты. Бірақ негізінен бұл діни ілімдер бұрын да бар-тын, тек олардың көпшілікке енді жеткізілуі, әсілі,

мәселеге айрықша назар аударудың мезгілі дәл қазір келіп жеткендіктен де болар-ау. Ендеше біз де соларға назар аударып көрелік.

43. Зұлымдық пен қайғы-қасірет

Киелі кітап бойынша, зұлымдық пен қайғы-қасірет көктегі періштелердің бірі Құдайға қарсы шыққан кезде пайда болған (*Жохан 8:44*). Міне, бүліктен кейін Шайтан Ібіліс деп аталған осы періште алғашқы адамдарды, Адам ата мен Хауа ананы, өзінің жағына тартады. Сөйтіп, нәтижесінде тек өздері ғана емес, олардың бүкіл ұрпағы қайғылы жағдайға душар болады (*Мұсаның 1-жазбасы 3:1–3; Римдіктерге 5:12*). Осылайша Құдайға қарсы шыққан алғашқы адамдар Шайтанның жағына өтіп, Ехобаның әділдігіне қатысты ашықтан-ашық дау тудырады. Олар өздерінің осы іс-әрекеттері арқылы адамдарға Ехобасыз, қайта, өз-өздерін басқарып, бүлікшіл рухани тұлғаның айтқанымен жүрген әлдеқайда жақсы деген өтірікті қолдаған болып шығады. Сондықтан Ехоба бүлікшілерге үкім шығарып, сұрағандарына келіседі: Ол адамдарға Шайтанның ықпалында жүріп, өз-өздерін басқаруға рұқсат етеді. Яғни, Шайтан көтерген ең маңызды даулы мәселені әділдікпен шешу үшін, Құдай зұлымдық пен қайғы-қасіретке жол береді. Бірақ олардың мәңгілікке ұласуына, әрине, ерік бермейді.

Ехоба куәгерлері қайғы-қасірет тұрмыстық өмірдің ажырамас бір бөлігі деп есептемейді. Олар мұны былай түсіндіреді: «Қандай да бір індет тарап, адамдар жаппай қырылса, мамандар індеттің шығу себебін анықтауға тырысады. Сол сияқты қоғам арасындағы шиеленіс пен бақытсыздықтың да себебі бар. Оны анықтау үшін тағы да Киелі кітапқа жүгінбекпіз. Өйткені онда адамзаттың бастапқы тарихы және барлық бақытсыздықтың қайдан бастау алғаны тайға таңба басқандай анық етіп жазылған. Мұса пайғамбардың бірінші жазбасында Адам мен Хауаның Құдайға қарсы бүлік шығарғаны және осыдан қайғы-қасіреттің бастау алғаны жазылған. Олар Құдайға ғана тиесілі құқыққа қол сұғып, ненің ақ, ненің қара

екенін өздері шешпек болды (*Мұсаның 1-жазбасы 3:1-7*). Өкінішке қарай, Адам мен Хауаның ой қалпы ұрпақтарына да берілді, сондықтан адамдар бүгінде тәуелсіз болуға құмар. Бірақ адамзат азаттық пен бақытқа қол жеткізбеді, керісінше, дағдарыс пен соғыстан көз ашпай, рухани және өнегелік жағынан әбден азып-тозды (*Уағыздаушы 8:9*)»¹.

«Киелі кітапта: «Бүкіл дүние Шайтанның билігінде», – деп жазылған (*Жоханның 1-хаты 5:19*). Шайтан – қатыгез әрі зұлым билеуші. Ол «бүкіл жержүзін адастырып жүр» (*Аян 12:9*). Бүгінде көп адам Шайтандікіндей мінез-құлық танытады. Жер бетінде өтірік, жеккөрушілік пен қатыгездіктің көп болуының бір себебі – осы. Қайғы-қасіреттің көп болуының басқа да себептері бар. Адам мен Хауа бүлік шығарып күнә жасағаннан кейін, олардың ұрпақтары да күнәкар болды. Сондықтан адамдар бір-біріне зияндық жасайды, бір-бірінен үстем болуға тырысады. Олардың арасында ұрыс-төбелес пен соғыстардың болуы да осыдан (*Уағыздаушы 4:1; 8:9*). Ал тағы бір себебі – адамдар кейде «қолайсыз уақыт пен кездейсоқ жағдайларға тап болады» (*Уағыздаушы 9:11*). Сондықтан қандай да бір апатқа не келеңсіз жағдайға ұшырап қалады. Ехоба қайғы-қасіреттің себепшісі емес. Соғыс, қылмыс пен әділетсіздікке ол кінәлі емес. Жер сілкіністері, дауыл не топан су сияқты апаттарды жіберіп отырған да Ехоба емес. Бірақ сіз «Ехоба әлемдегі ең құдіретті Тұлға бола тұра жамандықты неге тоқтатпай отыр?» дерсіз. Құдай біздің қамымызды ойлайтынын ескерсек, оның қайғы-қасіретке жол беріп отырғанына келелі бір себеп болу керек (*Жоханның 1-хаты 4:8*)»².

Ехоба куәгерлері көп ұзамай Құдай қайғы-қасіретті мүлдем жоятындығына толық сенеді, өйткені Киелі кітапта былай жазылған: «Енді қайтып өлім, жоқтау, зар еңіреу мен ауру болмайды. Бұрынғы жайттар құрып жоқ болды» (*Аян 21:3, 4*).

¹ Ояныңдар! – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2016. №2. – 5-6.

² Киелі жазбалардан не білеміз? – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2019. – 117-118-б.

44. Отбасы

Ехоба куәгерлері некеге қатысты Киелі кітап талабын – бір еркек пен бір әйелдің одағы – ұстанады. Осы ереже бойынша, ерлі-зайыптылардың ажырасуына рұқсат ететін жалғыз заңдық негіз – екеуінің бірінің азғындық жасап қоюы ғана (*Матай 19:4-9*). Олар Киелі кітаптың дана кеңестерін қолдану арқылы отбасыларының бақытты болатындығына сенімді (*Ефестіктерге 5:22–6:1*). Сонымен, Ехоба куәгерлері көп әйел алуды, азаматтық некені және бір жыныстылардың қосылуын құптамайды.

Дәл осы сияқты Ехоба куәгерлерінің ажырасуға байланысты көзқарастары да көңіл аударарлықтай. Олардың түсінігінше, ерлі-зайыптылардың әртүрлі дінді ұстануы, мінез қайшылықтары және т. б. некелерін бұзуға себеп болып табылмайды. Ажырасудың жалғыз себебі – неке адалдығын бұзу.

Мысалы, Орыс православие шіркеуінің ұстанымы бойынша, шіркеулік некені бұзуға мынадай жайттар себеп болуы мүмкін (*орысшадан аударма*): «...ерлі-зайыптылардың бірінің православиелік діннен кетуі, табиғилыққа қарсы бейбастақтық, үйленгенге дейін немесе өз-өзіне әдейі зақым келтіруден туындаған ерлі-зайыптық қатынасқа жарамсыздық, алапес немесе мерез дертіне шалдығу, ұзақ уақыт дерексіз жоғалып кету, барлық мүлкінен айыру арқылы жазасын өтеуге сотталу, жұбайының немесе балаларының өміріне немесе денсаулығына қауіп төндіру, қайын ата мен келіннің арасындағы азғындық, жұбайының өрескел жүріс-тұрысынан пайда түсіру, есі ауысу және жұбайын арамдықпен тастап кету. Бүгінде бұл тізімге және мыналар қосылды: ЖИТС дерті, медициналық куәландырылған созылмалы маскүнемдік немесе нашақорлық, ерінің келісімінсіз әйелінің түсік жасатуы»¹.

Сонымен, жоғарыда айтылғандардан байқағанымыздай, Ехоба куәгерлері адамдардың отбасын бұзады дейтін қаңқу сөздердің

¹ Вопросы личной, семейной и общественной нравственности. Основы социальной концепции Русской Православной Церкви. Т. X. [URL: <https://mospat.ru/ru/documents/social-concepts/kh/>].

шындыққа мүлдем жанаспайтынын аңғару қиын болмаса керек-ті. Мұны Ехоба куәгерлерінің ілімдері толықтай жоққа шығарады.

Куәгерлердің атына айтылатын және бір сыни сөз: олар тек өздерімен бір сенімдегілермен ғана неке құрады деп жатады. Бірақ бұл шын мәнінде солай.

Мысалы, 2016 жылдың тамыз айында жарық көрген «Күзет мұнарасы» журналында былай дейді: «Мәсіхшілердің некесі шомылдыру рәсімінен өткен әрі Ехобаны жан-тәнімен жақсы көретін ер мен әйелден құрылу керек». Алайда ары қарай келесідей де түсініктеме бар: «Олардың бір-бірін жақсы көретіндері сонша – өмір бойы жұптары жазымай ғұмыр кешуге ынтық болулары қажет. «Тек Иеміздің ізбасарымен» отау құру керек деген кеңесіне құлақ асқаны үшін Ехоба оларды сөзсіз жарылқайды (*Қорынттықтарға 1-хат 7:39*). Үйленген соң, әрі қарай да Киелі кітаптың кеңестеріне құлақ аса берсе, отбасыларының іргесі берік, шаңырағы биік болады¹.

Алайда бұл Ехоба куәгерлерінің көзқарасын қостамайтындардың ашуын тудырып жатады. Дегенмен де мұндай діни ілімнің ешқандай бірегей ерекшелігі жоқ, бұл жаңа да емес. Мысалы, жоғарыда тілге тиек етілген Орыс православие шіркеуін алайықшы. Олардың «Орыс православие шіркеуінің әлеуметтік тұжырымдамасының негіздері» («*Основы социальной концепции Русской Православной Церкви*») деп аталатын ресми құжатының «Жеке, отбасылық және қоғамдық құлықтылық мәселелері» («*Вопросы личной, семейной и общественной нравственности*») деген тарауында былай делінген (*орысшадан аударма*): «Мәсіхтің дене мүшелері болып табылатын ерлі-зайыптылардың ортақ дінді ұстануы, христиандық және шіркеулік некенің ең маңызды шарты болып есептеледі. Тек бір діндегі отбасы ғана «үй шіркеуі» бола алады (*Римдіктерге 16. 5; Філімонға 1. 2*) және осы арқылы күйеуі мен әйелі және балалары рухани өркендеуде һәм Құдайды танып-білуде бірлесе өсіп-жетіледі. Ал отбасында

¹ Күзет мұнарасы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2016. Тамыз. – 8-б.

ортақ діни ұстанымның болмауы неке одағының тұтастығына үлкен қауіп төндіреді. Соңдықтан да Шіркеу өз сенушілерін тек “Иеміздің ізбасарларымен” (*Қорынттықтарға 1-хат 7:39*), яғни өздерінің христиандық нанымдарын бөлісетіндермен ғана некеге тұруға шақыруды өзінің борышы деп біледі»¹.

Демек, көріп отырғанымыздай, мұндай ұстаным көптеген христиандық конфессиялар үшін ортақ ілім екен. Өйткені олардың бәрі Киелі кітапқа негізделген.

Бірақ осы айтылғандарға қарамастан, егер әлгіндегі ескертпелер орындалмай жатса, ол үшін ешкім де қауымнан шығарылмайды. Дәл сол сияқты, діни нанымдары әртүрлі жұптардың некелері де «күнәлі» немесе құрметтеуге лайықсыз деп танылмайды.

45. Ғибадат ету

Бұған дейін атап өткеніміздей, Ехоба куәгерлері айқышқа және тағы басқа бейне-мүсіндерге табынбайды. Бұны олар пұтқа табынушылық деп санайды (*Мұсаның 5-жазбасы 4:15–19; Жохан 5:21*). Олар үшін Құдайға ғибадат етудің негізгі элементтері мыналар:

- Құдайға дұға ету;
- Киелі кітапты оқып-білу;
- Киелі кітаптан оқығандарына ой жүгірту;
- бірлескен діни кездесулерге қатысу;
- Құдай Патшалығы туралы Ізгі хабарды уағыздау және ыңғай танытқандарды іздеу;
- мұқтаж жандарға қарайласу;
- Құдайға құлшылық ететін үйлерді тұрғызу және оларды күтіп ұстау;
- әртүрлі апаттарға тап болғандарға көмек көрсету.

Бұл жерде мұқтаж жандарға қарайласуды, әртүрлі апаттарға тап болғандарға көмек көрсетуді, сондай-ақ құлшылық ететін үйлерді

¹ Вопросы личной, семейной и общественной нравственности. Основы социальной концепции Русской Православной Церкви. Т. X. [URL: <https://mospat.ru/ru/documents/social-concepts/kh/>].

тұрғызу және оларды күтіп ұстауды да Куәгерлер Құдайға ғибадат ету, яғни «қасиетті қызмет» түріне жатқызатындығын атап өткен лазым. Олар тіпті қауым кездесулерінен кейін өздері жиналатын орынды та-залап кету жұмыстарын да Құдайға қызмет деп қарастырады.

Ал әртүрлі апаттарға тап болғандарға көмектесу жұмыстарының бүкіл жержүзіндегі қауымдар арқылы өте жылдам ұйымдастырыла-тындығын Ехоба куәгерлерінің өздері мақтан тұтады. Осындай дер кезінде көрсетілген нақты көмектердің қалай ұйымдастырылғаны туралы түсірілген бейнефильмдерді Куәгерлердің ресми сайтынан көптеп көруге болады.

46. Ехоба куәгерлерінің бірлігі

Ехоба куәгерлері араларында әлеуметтік, этникалық, нәсілдік немесе таптық алалаушылықтар болмау үшін қолдарынан келгеннің бәрін істейді. Алайда мұндай бірлік жеке таңдау мәселесіне ешқан-дай да бөгеттік жасамайды. Яғни, әрбір Куәгер өзінің ар-ұжданына қарай шешім қабылдауға құқылы.

Халықаралық мызғымас бірліктері жөнінен де Ехоба куәгерлері бүкіл әлемге танымал. Олар кез келген ұлтшылық пен нәсілшілдікті қостамайды. Халықаралық конгрестерге әртүрлі елдерден жиналған, мәдениеттері мен түр-түстері, тілдері сан алуан Куәгерлердің бір-бірімен емін-еркін араласып жүргенін көргенде еріксіз таңғаласың. Олар өздерін «біртұтас халықпыз» деп атайды, және бұны нағыз шынайы мәсіхшілерге тән айрықша қасиет деп сенеді.

Тап осындай бүкіләлемдік мәсіхшілік қауымдардың бірлігін Киелі кітап негізінде түсіндіру үшін, Ехоба куәгерлері Киелі жаз-балардан алынған мынадай үзінділерді алға тартады: «Олар үшін ғана емес, солардың сөзі арқылы маған сенетіндер үшін де өтінемін: барлығы бірлікте болсын. Әке, сенің менімен, менің сенімен бірлікте болғанымдай, бұлар да бізбен бірлікте болсын. Осылай осы дү-ние мені өзің жібергеніңе сенсін. Біз сияқты бірлікте болсын деп, мен оларды өзің мені бөлеген даңққа бөледім. Мен олармен, ал сен

менімен бірліктесің. Осылайша мені өзің жібергеніңді және мені қалай сүйсең, оларды да солай сүйетініңді осы дүние білу үшін, олар толықтай бірлікте болсын» (*Жохан 17:20–23*).

«Дене біреу, бірақ көп мүшесі бар. Мүшесі көп болғанымен, олардың бәрі – бір дене. Мәсіхтің денесімен де дәл осылай. Өйткені яһуди не грек, құл не ерікті болайық – бәріміз бір денені құрау үшін, бір рухпен шомылдырылдық және бәріміз бір рухты қабылдадық» (*Қорынттықтарға 1-хат 12:12, 13*).

Ал осындай мызғымас бірліктің факторлары ретінде Ехоба куәгерлері мына жайттарды атайды:

«1) Ненің жақсы, ненің жаман екенін Ехобаның шешетіндігін мойындаймыз. “Тәңірге шын жүрегіңмен арқа сүйе және өз ақылыңа сүйенбе. Барлық жолдарыңда Оны таны, сонда Ол жо-лыңа бағыт береді” (*Нақыл сөздер 3:5, 6*). [...]

2) Біз Құдайдың Сөзін басшылыққа аламыз. ‘Сендердің бізден естіген Құдай сөзін адамның емес, Құдайдың хабары ретінде – шындығында да бұл солай! – қабылдағандарың үшін біз Тәңірімізге үнемі шүкіршілік етеміз. Қазір бұл хабар Оған сенетін сендерге күшті әсер етіп жатыр’ (*1 Салониқалықтарға 2:13*). [...]

3) Рухани тамақтану бағдарламасы бәріміз үшін бірдей. “Балаларыңның бәрі Тәңір Иеңнен тәлім алады” (*Ишая 54:13*). “Өзара сүйіспеншілік көрсетіп, игілік істеуге қозғау салудың қамын ойлайық. Кейбіреулер сенушілердің жиналыстарына бармай қалуды дағдыға айналдырып алған сияқты. Ал біздер солай істемей, бір-бірімізді одан бетер жігерлендірейік. Иеміздің қайтып келетін [жоятын] күнінің таяп қалғанын білесіңдер ғой” (*Еврейлерге 10:24, 25*). [...]

4) Біздің Көсеміміз – адам емес, Иса Мәсіх. “Алайда сендер “ұстаз” деп аталмаңдар! Ұстаздарың Біреу-ақ, ал бәрің де өзара бауыр-лассыңдар. Жер бетіндегі ешкімге “әке” деген рухани атақ бермеңдер! Бірден-бір рухани Әкелерің көкте ғой. Өздеріңді “тәлімгер” [“көсем”, ЖД] деп те ешкімге ататпаңдар! Тәлімгерлерің [“Көсемдерің”, ЖД] Біреу-ақ, Ол – Мәсіх” (*Матай 23:8–10*). [...]

5) Құдай Патшалығы – бүкіл адамзаттың жалғыз үміті екендігіне сенімдіміз. “Сонымен Құдайға мына іспетті мінажат етіп сиыныңдар: Көктегі Әкеміз! Сенің киелі есімің қастерлене берсін, Патшалығың осында орнасын! Сенің еркін көкте орындалғандай, Жер бетінде де орындала берсін!” “Ең бастысы, Оның Патшалығының қамын ойлап, Оның әділ еркін орындауға ұмтылыңдар!” (*Матай 6:9, 10, 33*). [...]

6) Киелі рух Ехобаға ғибадат етушілердің бойында мәсіхшілердің бірлігіне қажетті қасиеттерді дамытады. “Ал Киелі Рух өмірлерінде жетілдіретін игілікті “жеміс” мынадай: сүйіспеншілік, қуаныш, тыныштық, шыдамдылық, қайырымдылық, кеңпейілділік, сенімділік, ілтипаттылық, ұстамдылық” (*Ғалаттықтарға 5:22, 23*). [...]

7) Құдайға шынайы ғибадат етушілердің барлығы да Оның Патшалығы туралы ізгі хабарды уағыздайды. “Құдай Патшалығы туралы осы Ізгі хабар барлық ұлттарға паш етілу үшін күллі әлемге уағыздалатын болады. Содан кейін бұл заманның ақыры келеді” (*Матай 24:14*)»¹.

Сонымен байқағанымыздай, Ехоба куәгерлерінің арасындағы бірлік, біркелкілікті білдірмейді екен. Қайта, олардың бірлігі көп-жақты болып келетіндігіне көзімізді жеткіздік. Сондықтан бұл діни ілімнің өзіне тән ерекшелігі үлкен таңдау еркінің де, өзің қалаған шешіміңді қабылдау мүмкіндігінің де бар екендігінде.

Бұл туралы 2003 жылдың мамыр айында жарық көрген «Ояныңдар!» журналында былай дейді: «Бірақ бұл әрбір мәсіхші, әрбір нақтылы жағдайда қалай ойлану керек, қалай әрекет ету керек жөнінде тиісті нұсқау алады деген сөз емес. Көп жағдайда оған таңдау құқығы беріледі... Мысалы, жұмысқа, денсаулыққа, демалысқа қатысты әрбір мәсіхші өзіндік шешім қабылдауға құқылы, бірақ оның шешімі басқа мәсіхшілердің шешімімен сәйкес келуі міндетті емес. Алайда мұндай еркіндік кейбіреулерді уайымдататын сияқты, себебі олардың пайымдауынша, осындай әртүрлілік пікір

¹ Жалғыз шынайы Құдайға ғибадат етіңдер. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2002. – 9-11-б.

қайшылығын тудырып, оның соңы қауымдағы бірлікті бұзуы мүмкін екен. Бірақ мұны, әрине, болдырмауға болады. Мәселенки, композитор пайдаланатын ноталардың саны санаулы-ақ, бірақ соған қарамастан олар небір ғажайып туындыларды дүниеге әкеледі. Дәл осы сияқты мәсіхшілер де тек Құдайдың принциптері аясында ғана әрекет еткендерімен, жеке шешім қабылдауға келгенде жеткілікті еркіндікті пайдалана алады...»¹.

Соңғы уақыттарда әлемде көші-қон мәселесі үлкен проблемаға айналып отыр. Жақсы өмірді, молырақ ақша табуды көздеген көп адамдар басқа елдерге көшіп жатады. Міне, осы мәселе Ехоба куәгерлерін де қатты толғандырады.

Осыған орай Күзет мұнарасында былай деп нақты жазылған: «Біз отбасымыздан, мәдениетіміз бен өскен жерімізден қымсынып, ұялмаймыз (*Елшілердің істері 21:39*)»².

2016 жылы қазан айында жарық көрген «Күзет мұнарасы» журналында қонақжайлылықтың маңыздылығы және оны танытудың жолдары туралы сенушілерге нақтылы кеңестер берілген болатын: «Патшалық сарайына келген шетелдіктерді жылы қарсы алуымызбен оларға қайырымдылық көрсетеміз. Басқа елден жуырда келген иммигранттар кейде ұялып, ешкіммен араласпай, өздерімен-өздері жүретінін байқаған шығармыз. Мәдениетіне немесе әлеуметтік жағдайына байланысты олар өздерін басқа ұлттың не нәсілдің өкілдерінен төмен санауы мүмкін. Сондықтан біз оларға өзіміз барып амандасып, шын жүректен көңіл бөлуіміз керек. Өзіміз түсінетін тілде JW Language қосымшасы бар болса, олардың тілінде сәлемдесуді үйреніп алсақ болады... Басқаларға қауымда өздерін жайлы сезінуге көмектесу үшін: «Егер мен басқа елде болсам, адамдардың маған қалай қарағанын қалар едім?» деп ойланып көрейік... Жаңа жерге үйреніп жатқан адамдарға шыдамдылық танытқанымыз жөн.

¹ Пробудитесь! – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2003. 8 мамыр. – 27-б.

² Күзет мұнарасы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2015. 15 мамыр. – 15-б.

Бастапқыда олардың ой қалпын, іс-әрекетін толық түсінбеуіміз мүмкін Мұндайда олар біздің мәдениетімізге бейімделеді деп күтпей, оларды қалай бар, солай қабылдайық... Шеттен келгендердің елі мен мәдениеті жайлы біліп алсақ, олармен жақын араласу оңайырақ болады... Олармен жақынырақ танысудың тағы бір жолы – үйімізге қонаққа шақыру...»¹.

Жалпы, Ехоба куәгерлерінің бірлікке қатысты ілімдерінің негізін осы аталған қағидалар құрайды.

Алайда, егер біз Ехоба куәгерлері мойындамайтын христиандардың постулаттарына тоқталмасақ, онда сараптамамыз толық болмас еді. Өйткені «дәстүрлі христиан әлемінде догмалық деп саналатын Киелі кітаптық бірқатар ұғымдарды» олар «мүлдем басқаша түсіндіреді: Киелі кітапты сөзбе-сөз және онда жазылғандардың рухын анығырақ түсінуді негіз етіп қарастырады»².

Ехоба куәгерлері қыз Мәриямды Құдай ана ретінде құрметтеуді де, басқа әулиелерге сиынуды да мүлдем мойындамайды.

Бұл жерде олар Мәриямға мұндай ерекше құрмет көрсетілетіндей Киелі кітапта ешқандай дәлелдің жоқтығына сүйенеді. Осы орайда Куәгерлер мынадай жайттарды алға тартады:

Бірінші. Мәриямды Құдай ана және Көк Патшайымы ретінде Киелі кітапты жазушылар емес, 431 жылы Ефес қаласында өткен III Бүкіләлемдік соборына қатысушылар ресми түрде мойындаған болатын³.

Екінші. Киелі кітаптың Жаңа дүние аудармасына жасалған қосымшасында Киелі кітап бойынша әңгімелесуге 44 тақырып берілген. Осы тақырыптардың әрқайсысына қатысты негізгі тезистерге дәлел ретінде түпдерекке, яғни Киелі кітапқа сілтеме жасалады. Міне, осындағы 29-тақырып Мәриямға мінәжат ету мәселесіне арналған.

¹ Күзет мұнарасы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2016. Қазан. – 6-7-б.

² Гордиенко Н. Российские Свидетели Иеговы: история и современность. – СПб., 2000. – 48-б.

³ Тальберг Н. История христианской церкви. – М., 1991. – 154-б.

Онда Киелі кітапқа сілтеме жасай отырып, Ехоба куәгерлерінің ұстанымына келесідей дәлелдер келтірілген:

А. Мәриям – Исаның анасы, ешқандай да Құдай ана емес: Құдайдың бастауы жоқ (*Зәбүр 90:2; Тімөтеге 1-хат 1:17*).

Мәриям Құдай Ұлы жерде өмір сүрген кезде оның анасы болған (*Луқа 1:35*).

Ә. Мәриям «мәңгілік қыз» емес:

Жүсіпке күйеуге шыққан (*Матай 1:19, 20, 24, 25*).

Исadan басқа да балалары болған (*Матай 13:55, 56; Луқа 8:19-21*).

Ол кезде олар Исаның рухани бауырластары емес-тін (*Жохан 7:3, 5*).

Ехоба куәгерлері христиандардың, мысалы, католиктер мен православиеліктердің өзге діни мерекелерін былай қойғанда, тіпті «Рождество Христово» мен «Пасха» мейрамын да атап өтпейді.

Алайда олар көңіл көтеруге қарсы деген сөз емес (өйткені олар қарсы да емес). Бірақ олар өздерінің ең басты қағидаларын қатаң ұстанады: Киелі кітапта мұндай мейрамдар жайлы ештеңе айтылмаған және алғашқы мәсіхшілер де оларды тойламаған.

Бұл туралы Куәгерлердің әдебиеттерінде мынадай түсінік беріледі: «Біріншіден, Киелі кітапта Исаның немесе Құдайға қызмет еткен басқа да адал жандардың туған күндерін тойлаған әлдекімдер туралы ештеңе айтылмаған... «Британ энциклопедиясында» туылған күн дәстүрі пұтқа табынушылардан тарағандықтан, ертедегі мәсіхшілер оны тойлауға қарсы болғаны айтылады. Киелі кітапта Иса Мәсіхтің қашан туылғаны жайында нақты мәлімет жоқ. Бұл жайында Мак-Клинтон пен Стронгтың энциклопедиясында былай делінген: «Грек жазбаларынан не басқа мәлімет көздерінен Иса Мәсіхтің қай күні дүниеге келгенін анықтау мүмкін емес». Әрине, Иса туылған күнінің тойланғанын қаласа, ізбасарларына нақты қай күні дүниеге келгенін айтар еді. Екіншіден, Киелі кітапта Исаның не оның шәкірттерінің Рождество мейрамын тойлағаны айтылмаған. «Жаңа католик энциклопедиясына» сай, Рождество мейрамын тойлау жайлы алғашқы

мәлімет «Филокалдың Хронографы» деп аталатын б.з. 336 жылы шыққан Рим күнтізбесінде кездеседі. Демек, бұл Киелі кітап жазылып біткен соң және Иса Мәсіхтің жерге келіп кеткеніне бірнеше ғасыр болғанда орын алған. Макклинток пен Стронг Рождество мейрамын Құдай енгізбегенін және ол Грек жазбаларына да негізделмегенін айтқан. Ұлы Ұстаз болған Иса ізбасарларына нақты нұсқаулар берген. Олар Киелі кітапта жазып қалдырылған. Бірақ олардың арасында Рождество тойлау туралы ештеңе жоқ. Мысалы, мұғалім өзі берген нұсқаулардан оқушыларының ауытқып кеткенін қаламас еді. Сол сияқты Иса да ізбасарларының Киелі кітапта «жазылғандарды ғана ұстанғанын» қалайды (*Қорынттықтарға 1-хат 4:6*)»¹.

Бұның алдында, 2012 жылы 1 желтоқсанда жарық көрген «Күзет мұнарасы» журналында тағы да мынадай дәлелдер келтіріледі: «...Бір қызығы, XVII ғасырдың ортасында Англияда парламенттің шешімімен бұл мейрамға [*Рождество*] тыйым салынған. Сол сияқты Құрама Штаттардағы Массачусетс штатында Заң шығарушы орган да дәл осындай тыйым жасаған. Неліктен? «Рождество үшін күрес» деген кітапта былай деп түсіндіріледі: «Исаның 25 желтоқсанда туылғандығы туралы ешқандай да Киелі кітаптық немесе тарихи дәлелдемелер жоқ». Аталмыш басылымда бұған қоса: «Пуритандар үшін Рождество христиандық жамылғымен оралған пұтқа табынушылардың мерекесі болған – бар болғаны осы», – деп жазылыпты (*The Battle for Christmas*)»².

Шын мәнінде, Исаның туған күні де, айы да, тіпті туған жылының өзі бізге нақты белгісіз. Оның үстіне, Інжілде баяндалған Исаның туылуы туралы оқиғаның құрметіне деп бұл мейрам б.з. IV ғасырында ғана, Ирод патша билік етіп тұрған кезде жарияланған болатын. Алайда Ұлы Ирод I иудейлерге б. з. д. 40 жылдан 4 жылға дейін билік жүргізген ғой. Ал Иса Мәсіх сол уақытта туылуы мүмкін

¹ Күзет мұнарасы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2017. №6. – 15-б.

² Сторожевая башня. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2012. 1 желтоқсан. – 10-б.

бе еді? Әрине, жоқ. Сондықтан да Иса Мәсіхтің туған күнін ресми түрде белгілеу әлі күнге дейін даулы мәселе болып келеді.

«Орыс мәдениеті әлемі» деген анықтамалықта былай деп жазылыпты: «Рождество мейрамы христиан дініне бірден енген емес. Өйткені ертедегі христиандар Иса Мәсіхтің туған күнін білген жоқ. Тек III ғасырдан бастап христиандар бұл мейрамды 6 қаңтарда атап өтетін болған... Ал IV ғасырда Рождество мейрамы 25 желтоқсанға ауыстырылады. Бұл, әсте, сол уақыттарда Рим империясында кең таралған көне ирандық Күн құдайы Митраға табынуды ығыстырып шығаруды көздеген христиан шіркеулерінің әрекетінен туындаса керек-ті. Өйткені бұл құдайдың туған күні дәл сол 25 желтоқсанда мерекеленетін. Ресейде бұл мейрам орыс жеріне христиан діні енгізілген X ғасырдан кейін қолға алынады. Әрі оның тойланатын күні ертедегі славяндар арнайы атап өтетін қыстағы көпкүндік Коляда мейрамына тап келеді. Сөйтіп, бұрынғы ертеден келе жатқан салт-дәстүрлер Рождество мерекесінде сақталып қалады»¹.

Пасха – тағы бір маңызды діни мейрам. Бұл кейбір латын-американ елдерінде қасиетті апта болып есептеледі. Алайда пасханы да ертедегі мәсіхшілер тойламаған. Ол да христиандық емес мерекелерден бастау алған. Мұны «The Encyclopedia Britannica» энциклопедиясы былай түсіндіреді: «Жаңа Өсиетте де, елшілердің жазбаларында да Мәсіхтің қайта тірілгенін тойлау туралы айтылмайды. Қандай да бір күнді қасиетті тұту алғашқы мәсіхшілерге жат болған»².

Пасханы тойлау Киелі кітап бойынша емес, шын мәнінде ол б.з. 325 жылы I Бүкіләлемдік соборында енгізілген болатын. Яғни, Рождество және христиандардың дәстүрлі Пасхасы да (*мұны Мұса заманынан бастау алатын еврейлердің мерекесімен шатастырмау керек*) Киелі кітап дәуірінен кейін пайда болған.

Ендеше, егер Рождество мен Пасха о баста христиандардың мейрамы болмаса, оларды тек пұтқа табынушылар ғана тойлаған бол-

¹ Мир русской культуры. – М., 2004. – 556-б.

² The Encyclopedia Britannica. 8-т. – 1910. – 828-б.

са, онда бүгіндегі мәсіхшілер үшін бұлардың қандай мәні бар? Бұл жөнінде Ехоба куәгерлерінің басылымында былай дейді: «Алайда кейбіреулер Пасха мейрамында өзге халықтардан шыққан жоралардың жасалуынан еш ағаттық көрмейді. Олардың ойынша, бұл, қайта, пұтқа табынған халықтарға Иса пайғамбардың қайта тірілуінің мәнін жақсырақ түсінуге көмектескен. Бірақ елші Пауыл мұнымен еш келіспес еді. Бүкіл Рим империясын аралаған ол пұтқа табынушылардың көптеген жораларымен бетпе-бет кезіксе де, Иса пайғамбардың рөлін жақсырақ түсіндіру үшін олардың ешқайсысына жүгінбеген. Қайта, ол мәсіхшілерді мынаған шақырған: «Сенбейтіндермен бір мойынтұрықты кимендер. Әділдік пен заңсыздық арасында қандай байланыс бар? Жарық пен қараңғылық арасында ортақ не бар? «Сондықтан олардың арасынан шығып, бөлек тұрыңдар, бұдан былай арам нәрсеге жоламаңдар» (*Қорынттықтарға 2-хат 6:14, 17*)»¹.

Ехоба куәгерлері тағдырға да сенбейді. Олардың пайымдауынша: «Құдай адамның пешенесіне еш нәрсе жазбайды. Адам туылмас бұрын тағдыры шешіліп қоймайды. Істеген қылықтарымыз бен қабылдаған шешімдеріміз үшін өзіміз жауаптымыз. “Әрқайсымыз Құдай алдында өз іс-әрекетіміз үшін есеп береміз”» (*Римдіктерге 14:12*)»².

Әлбетте, Ехоба куәгерлерінің діни ілімдері бірден қалыптасқан жоқ. Олардың даму үрдісін Куәгерлердің ең басты теологиялық басылымы – «Күзет мұнарасы» журналында әр жылдары жарияланған мақалалардан байқауға болады.

Міне, солардың қысқаша хронологиялық тізбесі былай болып келеді:

1870. Чарлз Расселл Питтсбург және Аллегейни қалаларындағы (*АҚШ, Пенсильвания штаты*) бір топ адамдармен бірге Киелі кітапты тұрақты түрде зерттей бастайды.

¹ Күзет мұнарасы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2015. 1 наурыз. – 8-б.

² Ехоба куәгерлері деген кімдер? – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1996. – 5-б.

1870–1875. Расселл және онымен бірге Киелі кітапты зерттеп жүргендер Мәсіх қайта оралған кезде адамдарға көрінбейтіндігін және ол жер бетіндегі барлық отбасыларына ақ батасын беру үшін келетіндігін түсінеді.

1872. Расселл және оның Киелі кітапты зерттеуші тобы Мәсіх өзін адамдардың күнәсі үшін төлем ретінде құрбан еткендігіне көздерін жеткізеді.

1876. Бруклинде шығарылған «Киелі кітапты зерттеушілер» басылымының қазан айындағы нөмірінде Ч. Расселлдің 1914 жылы пұтқа табынушылардың заманы аяқталатындығы туралы мақаласы жарық көреді.

1877. Ч. Расселл Рочестер қаласында (*Нью-Йорк штаты*) «Таңғы хабаршы» баспасының көмегімен «Біздің Иеміз не үшін және қалай оралады» деген кітапшаны жарыққа шығарады.

1879. «Сион күзет мұнарасы және Мәсіхтің осында болуының жаршысы» басылымының алғашқы саны шілде айында басылып шығады.

«Құдай – сүйіспеншілік» – адамзатты күнәдан құтқару үшін Исаның төлем құрбандығы қажет болғаны туралы ілім қорғалады.

«Зұлымдыққа неліктен жол берілді» – Иса Мәсіхтің осында болуы көзге көрінбейді деп айтуға қандай себептің барлығы түсіндіріледі.

«Күзет мұнарасы», қараша айы – Киелі кітаптағы «Ұлы Бабыл» ұғымына түсінік беріледі.

1880. «Бір дене, бір рух, бір үміт» – 1914 жылы «пұтқа табынушылардың уақыты» бітеді деп көрсетіледі.

1881. «Күзет мұнарасы», сәуір айы – адамның бөлек жаны болмайды, оның өзі жан, яғни, өзі тіршілік иесі.

«Ойлана білетін христиандарға арналған ас-су» («*Сион күзет мұнарасының арнайы нөмірі*») – Құдай неліктен зұлымдыққа жол беретіндігі түсіндіріледі.

«Күзет мұнарасы», қазан және қараша айлары – Құдайдың есімі бар – Ехоба.

1882. «Күнәнің өтемі – өлім» – тозақтағы мәңгілік азап ілімі әшкереленеді.

«Сион күзет мұнарасы», маусым айы – христиан әлеміне пұтқа табынушылар арқылы әкелінген деп Үштік ілімі әшкереленеді.

1885. «Эволюция және ойланатын ғасыр» – эволюция теориясының ғылыми тұрғыдан дәлелденбейтіндігі әшкереленеді.

1895. «Күзет мұнарасы», 15 қараша – қауымдар өздеріне ақсақалдарды сайлап алуы тиіс.

1897. «Спиритизм туралы Киелі жазбалар не дейді?» – спиритизмнің Құдайдан емес, қайта, зұлым рухтар арқылы әрекет ететіндігіне дәлелдемелер келтіріледі.

1902. «Ең алдымен Құдай және оның нұсқаулары» – Отбасында және сауда істерінде Құдай заңдарына бағынудың маңыздылығы атап көрсетіледі.

1915. «Күзет мұнарасы», қыркүйек айы – Киелі кітапты зерттеушілер әскери қызметтен бас тартулары керек. Алайда басылымның неміс тіліндегі нұсқасында бұл мақала болған жоқ.

1919. «Қорықпайтындар бақытты» – мақала ұйқыдан оянған уағыздаушылардың ұйымына жаңа өмірдің лебін әкеледі.

1925. «Халықтың туылуы» – 1914 жылы Құдай Патшалығының туылғандығына нұсқайтын пайғамбарлықтар түсіндіріледі.

1931. «Жаңа атау» – сол уақыттан бастап, сенушілер христиандардың басқа ағымдарынан ерекшелену мақсатында, «Ехоба куәгерлері» деген атауды алуды шешті. Бұл атауды олар Ишая пайғамбар жазған кітаптың 43 тарауынан алды.

1935. «Ұлы жамағат» – жер бетінде мәңгі өмір сүретіндерді жинау басталғандығы көрсетіледі.

1936. «Байлық» – Иса айқышқа емес, тік тұрғызылған бөренеге немесе бағанаға ілініп өлтірген. Мәсіхті жазалауға қолданылған азап құралын мінәжат ететін қасиетті затқа айналдырмай, қайта, оған жеркене қарау керек.

1938. «Ұйым» – Ехоба куәгерлерінің арасына «теократиялық құрылым» енгізіледі.

1939. «Бейтараптық» – мақала бүкіл әлемдегі Ехоба куәгерлерін Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуына байланысты бұрынғыдан да арта түскен қысымдарға төтеп беруге жігерлендіре түседі.

1942. «Жалғыз жарық» – мақала уағыз ісін әрмен қарай батылықпен жалғастыруға талпындырады.

1945. «Дұрыс ғибадат ету үшін нық тұрғандар» – мақала мәсіхшілер қан құйдырудан бас тарту керектігіне назар аударады.

1952. «Ұйымды адал ұстау» – қауымнан шығару Киелі кітап талаптарына сай екендігі түсіндіріледі.

1962. «Жоғары билікке» бағыну... – не үшін?» – адами биліктерге салыстырмалы түрде бағынудың себептеріне қатысты түсінік беріледі.

1973. «Құдайдың соты кезінде қауымды таза сақтау» – мақала темекі тартудан бас тартуға талпындырады.

1979. «Құдайдың үйіне қатысты құлшыныс» – үйден-үйге уағыздау елшілердің үлгісіне сәйкес келетіндігі атап көрсетіледі.

1983. «Зорлық-зомбылық жайлаған мына дүниеде Құдаймен бірге жүру» – мәсіхшілер зорлық-зомбылыққа қатыспау керектігі айтылады.

1984. «Басқа қойларға арналған жаңа қора» – жер бетінде мәңгі өмір сүруге үміті барлар көкте өмір сүруге үміті барлармен бірлікте болу керектігі түсіндіріледі.

1987. «Мәсіхшілік мерейтой сенім биігінің шыңына жақындап келеді» – барлық адал мәсіхшілер еркіндік пен мәңгілік өмірге қол жеткізетіндігі айтылады.

1995. «Қойлар мен серкелерді қандай болашақ күтіп тұр?» – адамдарды әділдер мен әділетсіздер деп бөлу келешекте орын алатындығы түсіндіріледі.

1999. «Бүгінгі «ғибадатхана» мен «сұлтан» – Езекиел кітабындағы пайғамбарлықтардың біздің күнімізде орындалып жатқандығына, сондай-ақ болашақта орындалуы тиіс екендігіне дәлелдемелер келтіріледі.

2000. «Күзет мұнарасы», 15 маусым – қаннан алынған фракцияларды қолдану – әрбір мәсіхшінің ар-ұжданы шешетін мәселе.

2008. «Мәсіхтің осында болуы: сен үшін нені білдіреді?» – Иса кемелсіз адамдардың үстінен сот жүргізген кезде, көкте Мәсіхпен бірге билік етуге үміті бар кейбір мәсіхшілер әлі жерде болатындығы түсіндіріледі. Иса Мәсіхтің пайғамбарлығынан алынған "ұрпақтар" деген жаңа түсінік тілге тиек етіледі.

2013. «Күзет мұнарасы», 15 шілде: «Бізге айтыңызшы, бұл қашан болады?» – Иса өзінің жауларының үстінен сот жүргізетін «зор алапат» күндерінің кезеңдері түсіндіріледі.

2015. «Күзет мұнарасы», 15 мамыр – Езекиел кітабында Құдай халқының жаулары ретінде баяндалған «Магог жеріндегі Гогтың» кім екендігіне байланысты түсінік нақтылана түседі.

2016. Езекиел кітабында айтылған «құтқарылу белгісі» адал қызметшілерге қашан қойылатындығына қатысты түсінік нақтыланады.

Сонымен, Ехоба куәгерлерінің негізгі діни ілімдерін жан-жақты қарастыра келіп, келесідей тұжырымдар жасауға болады:

1. Ехоба куәгерлерінің діни ілімдері тек Киелі кітапқа негізделген, ал Киелі жазбаларда жоқ ұғымдардың бәрін олар қабылдамайды.

2. Куәгерлердің діни ілімдеріндегі көптеген қағидалар басқа христиандық конфессиялар мен ағымдарда қазір де бар немесе бұрын болған. Ехоба куәгерлері өз ілімдерін ойдан шығармаған, олардың бәрін тек Киелі кітаптан алған.

3. Иса Мәсіхті Құдай деп санамайтын олар оны Ұлы Пайғамбар, Құдай Патшалығының Патшасы, Құтқарушы, адамдарды құтқару үшін жерге жіберілген Құдайдың алғашқы жаратылысы, мәсіхшілер қауымының Басы, «Жол, өмір шындық» және үлгі тұтарлық із салушы деп біледі. Куәгерлер оның адамдарға қалдырған өсиеттерін бұлжытпай орындайды.

4. Ехоба куәгерлерінің сеніміне байланысты әртүрлі көзқарастар бар, алайда мыналарды мойындамасқа болмас: біріншіден, бұл қалыптасқан діни ілім (*эволюциялық үдеріс әрмен қарай жалғасып жатқанмен де*), екіншіден, бұл сөзсіз христиандық, дәлдірек айтқанда, барлық жағынан протестантизмнің өзгешеліктері бар неопротестанттық діни ілім.

ТӨРТІНШІ ТАРАУ

ЕХОБА КУЭГЕРЛЕРІ ҰЙЫМЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Ехоба куэгерлері діни ұйымының жоғарыдан төмен қарай бағытталған нақтылы өзіндік діни демократиялық орталықтандырылған құрылымы бар.

Ал Куэгерлер өз ұйымдарының құрылымын «теократиялық» деп атайды, бұл «Құдайдың [*те-ос*] билігі [*кра-тос*]» деген сөз.

Олар үшін теократиялық құрылым өте маңызды болғандықтан, 1944 жылы Қоғамның жарғысына тиісті өзгертулер бірден енгізілген болатын. Н. Норрдың айтуы бойынша, 1944 жылға дейін «Қоғамның жарғысы дауыс берушілер мен Қоғамның қызметін қолдайтын ақшалай қаржының арасындағы тәуелділікті ескеріп отыруды ішкі тәртіп ретінде енгізген болатын, алайда бұл Басқарушы кеңеске қатысты теократиялық принциптердің шегінен шығып кету еді. Сөйтіп, мұндай жаңсақ шешім оның қызметіне біршама кедергі келтіретін»¹. Сондықтан да 1944 жылдың 2 қазанында мынадай өзгерту енгізіледі: енді Қоғам мүшелерінің саны 300–500 адам деп алдын ала бекітіледі. Яғни, олардың қайырымдылық садақаның мөлшеріне негізделмейді, оларды тікелей Директорлар кеңесі таңдайды. Ал таңдау үшін қойылатын басты талаптар ретінде оның көп жылдар бойына адал қызмет етуі, Ехоба куэгерлеріне қойылатын рухани талаптарға сай келуі, сондай-ақ

¹ Свидетели Иеговы – возвещатели Царства Бога. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2005. – 229-б.

ұйымның істерінде толық уақытты қызмет атқаруы алынады. Бұдан кейін сол таңдалған 300–500 адам Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлайды да, ал Директорлар кеңесі Қоғамның басқарма мүшелерін сайлауға дауыс береді.

1938 жылдың 1 және 15 маусымында жарияланған (*орыс тілінде – 1939 жылдың мамыр және маусым айларында*) екі бөлімнен тұратын «Ұйым» деп аталатын мақалада былай деп атап көрсетіледі: «Ехобаның ұйымы ешқандай да демократиялық құрылымға жатпайды. Ехоба – Жаратушы Ие, және оның басқаруы мен ұйымы тек қана теократиялық болады»¹. Куәгерлер түсіндіргендей, бұл теократияның негізі Киелі кітапта, Қорынттықтарға 1-хаттың 11:3-інде жазылған: «Енді мынаны да білгендеріңді қалаймын: әрбір еркектің басы – Мәсіх, әйелдің басы – еркек, ал Мәсіхтің басы – Құдай». Бұл жерде, олардың әдебиеттерінде айтылғандай, «нағыз теократияны ұстану үшін, басшылық қағидасына ресми тұрғыдан ғана бағыну жеткіліксіз, мұнда шын мәнінде, одан да көбірек нәрсе талап етіледі... яғни, Ехобаның барлық жақсы қасиеттеріне бар жан-тәніңмен еліктеуің қажет. Барлық өмір жолыңда тек Ехобаның басшылығына мойынсұнуға дайын болуың керек. Сондай-ақ Ехоба өз Ұлына барлық билікті бергендіктен, теократиямен жүру Исаға еліктеу дегенді де білдіреді»².

Ехоба куәгерлерінің құрылымында бастауыш ұйымға сенушілердің жергілікті қауымы жатады. Оның құрамына шомылдыру рәсімінен өткен Куәгерлер, яғни қауым мүшелері, және әлі шомылдыру рәсімінен өтпеген қызығушылар кіреді. Елдегі барлық қауымдардың қажеттілігін қамтамасыз етумен Қоғамның филиалы айналысады. «Филиалға қарасты жергілікті қауымдар аудандарға бөлінген. Аудандар көлемі жағынан әртүрлі болады, бұл қауымдардың санына, орналасқан жері мен сөйлейтін тіліне байланысты. Әр аудандағы қауымдарға қызмет көрсетілу үшін аудан-

¹ Свидетели Иеговы – возвестители Царства Бора. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2005. – 229-б.

² Сторожевая башня. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1994. 1 шілде. – 26-б.

дық бақылаушы тағайындалады. Филиал аудандық бақылаушыға міндеттерін қалай атқару керектігіне қатысты нұсқаулар жіберіп отырады»¹.

Христиан Грек жазбаларында *екклесиа* деген грек сөзі «жиналыс» немесе «шіркеу» деп аударылған. Бұл топ адамдардың бас қосып, бірге жиналуын білдіреді. Мұның ауызбірлік және өзара көмектесу деген мағынасы да бар.

Ехоба куәгерлерінің басылымдарында «мәсіхшілер жиналысы Құдай Сөзінің шындығын қорғайтындығына және Патшалық туралы ізгі хабарды жариялайтындығына» ерекше назар аударылады (*Петрдің 1-хаты 2:9; Тімөтеге 1-хат 3:15*). «Сондай-ақ мәсіхшілер жиналысы өздерінің мүшелеріне рухани көмек және қолдау көрсетеді. Ол жерден қиын сәттерде көмек беруге, өзгелерді жұбатуға дайын тұратын ілтипатты, қайырымды достарды көптеп кездестіруге болады (*Қорынттықтарға 2-хат 7:5-7*)»².

«Жиналыс Ехобаға ғибадат ететіндер үшін барлық уақытта баспана және қорғаныш болған... Бүгінде мәсіхшілер қауымы – бір діни көзқарасты ұстанатын, бір-бірін нығайтып, қолдап отыратын адамдардың бірлескен ұйымы»³.

«Құдай Патшалығы туралы түбегейлі куәлік етеміз» деген кітапта осы мәселеге қатысты мынадай ой айтылады: «Бүгінде Иса Мәсіх өзінің қауымдарына Ехоба куәгерлері Басқарушы кеңесінің көмегімен басшылық жасауда. Оның құрамына кіретін киелі рухпен майланған адал бауырластар дүниежүзіндегі барлық қауымдарға хаттар, басылымдар, қауым кездесулері және басқа да қатынас құралдары арқылы жетекшілік етіп, оларды үнемі жігерлендіріп отырады. Сондай-ақ Басқарушы кеңес әрбір қауыммен тығыз байланыста болуға тырысады. Бұл үшін ол аралаушы қолданады. Басқарушы кеңес

¹ Ехобаның еркін орындау үшін ұйымдасқанбыз. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2019. – 29-б.

² Сторожевая башня. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1999. 15 мамыр. – 25-б.

³ Сол жерде. 25-б.

мыңдаған тәжірибелі ақсақалдарды аралаушы бақылаушы қызметіне тағайындайды»¹.

Қауым мүшелері өз кездесулерін аптасына екі рет «Патшалық сарайы» деп аталатын арнайы ғимараттарда немесе сенушілердің үйлерінде өткізеді. Патшалық сарайларының сәулеті әдетте жергілікті дәстүрлерді ескере отырып жасалады, дегенмен де оның сыртқы және ішкі көріністері оқшауланып тұрмау керек, өйткені құрылыстың басты мақсаты – «мәсіхшілер кездесулерін өткізуге» ыңғайлы болуды көздейді. Куәгерлердің әдебиеттерінде бұл туралы былай дейді: «Патшалық сарайлары жұртқа әсер қалдыру мақсатымен соғымайды. Жобасы әр жерде әртүрлі болғанымен, мақсаты бір: олар қолданыс үшін тұрғызылады (*Елшілердің істері 17:24*). Патшалық сарайы жергілікті жағдайларға сай әрі қауым кездесулерін өткізуге ыңғайлы болу керек»². Кейбір Патшалық сарайларынан Киелі кітап оқиғалары бойынша салынған суреттерді көруге болады. Бірақ олар тек сәндік үшін қойылады, яғни, мінәжат ету үшін мүлдем пайдаланылмайды.

Патшалық сарайларын соғу – Ехоба куәгерлерінің әдебиеттерді басып шығару ісі сияқты, бұл да бір ерекше өзгешеліктері. Куәгерлердің ұйымдарында Құдайға құлшылық ететін ғимараттарды жоспарлаумен және олардың құрылысын жүргізумен айналысатын арнайы бөлімдер мен мамандар бар. Міне, осындай тәжірибелі мамандардың басшылығымен жергілікті қауымдардан жиналған еріктілер Патшалық сарайларын тұрғызады. Әрине, кейде аса күрделі құрылыс жұмыстарын жүргізу үшін кәсіби мердігерлерді пайдаланады. Ал пайдалануға тапсырылған ғимараттарды күтіп ұстауды сенушілер толықтай өз мойындарына алады. Тек қажет жағдайда олар жергілікті өрт сөндіруші, қоқыс шығарушы, т. б. мекемелердің қызметін пай-

¹ Основательно свидетельствуем о Царстве Бора. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2009. – 119-б.

² Ехобаның еркін орындау үшін ұйымдасқанбыз. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2019. – 117-б.

далану үшін олармен келісім-шартқа тұрады. Жыл сайын Патшалық сарайларының қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі тексеріліп тұрады. Сондай кездері қандай да бір ақаулар анықталса, жедел түрде жөндеу бригадасы құрылып, тиісті мамандар шұғыл түрде іске кіріседі. Патшалық сарайын пайдалану кезінде тазалыққа, гигиенаға және қауіпсіздік шараларының орындалуына айрықша көңіл бөлінеді.

Куәгерлер өздерінің Патшалық сарайларын Ехобаға бағышталған әрі соның иелігіндегі ғимарат деп есептейді. Сондықтан да олар мұндай ғимараттарға үлкен құрметпен қарайды, тіпті сондай жерлерде басқа жұмыстарға байланысты мәселелерді талқылауға немесе қандай да бір тауарларды жарнамалауға, таратуға жол бермейді. Ата-аналарға өз балаларының бойына тап осындай парасаттылықты сіңіріп, Патшалық сарайда өздерін лайықты дәрежеде ұстай білуге баулитын пайдалы кеңестер беріледі.

Арагідік Патшалық сарайлар некеге тұрушыларға немесе қайтыс болғандарға арналған баяндамаларды ұйымдастыру үшін пайдаланылады. Некелерді тіркеу діни қызметшілерге заң жүзінде рұқсат етілген кейбір шет елдерде мұндай жауапты істі Ехоба куәгерлерінің арасында ақсақалдар атқарады.

Куәгерлердің кездесулерінде кез келген адам үшін есік ашық. Сондықтан жиынға қатысушылардың ішінде жай қызыққұмарлар да, Ехоба куәгерлері туралы едәуір хабардар әрі олардың өмірімен және ғибадат ету тәсілдерімен жақынырақ танысқысы келетіндер де бар. Кездесулерде ешқандай да ақша жинау, сенімге сүйеніп ем-шаралар жасау, т. б. рәсімдер ұйымдастырылмайды.

Мұнда православиеліктер немесе католиктердегідей сияқты қандай да бір айрықша салт-жоралар да жасалынбайды. Кездесуді жүргізетіндер арнайы киімдер кимейді және рәсімдік заттарды қолданбайды. Құдайға құлшылық етуде Киелі кітаптық білім беру мәселесі басты орында тұрады: Киелі кітап мәтіндері, Киелі кітапқа енген елдердің тарихы, географиялық орындары, оқиғалардың хронологиясы, т. б. жан-жақты түсіндіріледі. Құдайға ғибадат етудің және

бір қыры, ән мен дұға айту болып табылады. Әндер бар ықыласпен, шын жүректен орындалады, бірақ тым әсірелеп немесе қатты айқайлап айтуға болмайды. Ән айтылып жатқанда ешкім билемейді. Ехоба куәгерлері харизматтарға жатпайды, сондықтан кездесулерде айрықша көңіл-күйге түсуге, айқайлауға, жылауға, т.с.с. жол берілмейді.

Құдайға құлшылық етудің барлық іс-шаралары ақысыз жүргізіледі. Қауым кездесулеріне қатысушы кез келген адам талқыланып жатқан тақырып бойынша түсініктеме бере алады. Бүкіл жер жүзі бойынша өткізілетін кездесулердің бағдарламаларын Басқарушы кеңес әзірлейді: сондықтан барлық қауымдар бірдей білім алады.

Әрбір апта сайын сенушілердің екі кездесуі ұйымдастырылады. Және екі кездесу де әлемдегі барлық қауымдар үшін алдын ала әзірленген нақты жоспар бойынша өткізіледі.

Демалыс күндері өткізілетін кездесуде ең алдымен Киелі кітапқа негізделген 30 минуттық баяндама тыңдалып, сосын бір сағат көлемінде «Күзет мұнарасы» журналындағы бір мақала талқыланады.

Ал былайғы күндері жұмыстан тыс уақытта өткізілетін екінші кездесу – «Мәсіхшілік өміріміз бен қызметіміз» деп аталады. Кездесудің кестесі мен зерттеуге арналған материалдар «Біздің мәсіхшілік өміріміз бен қызметіміз» деп аталатын жұмыс дәптерінде ай сайын жарияланып тұрады. Атынан көрініп тұрғандай, бұл кездесуде Киелі кітап принциптерін мәсіхші өз өмірі мен қызметінде қалай қолдана алатындығына байланысты практикалық кеңестер беріледі. Кездесудің басты ерекшелігі, Киелі кітаптан алынған үзінділердің тарихи сипаты мен мән-мәтінін жан-жақты аша отырып, үлгі боларлық тұстарын нақтырақ түсінуге көмектеседі. Бұл кездесудің бағдарламасы Киелі кітаптан алынған апталық үзіндіге негізделген баяндамадан, жазбаларды оқудан және талқылаудан тұрады. Жиналысқа қатысушылар талқыланып мәліметтерден көбірек сабақ алу үшін көрнекі құралдар, әртүрлі сызбалар қолданылады. Кездесудің екінші бөлімі «Күзет мұнарасын» талқылау сияқты – сұрақ-жауап түрінде өткізіледі. Киелі

кітапқа негізделген басылымдардың бірі талқыланады. Ең алдымен абзац және Киелі кітап тармақтары оқылады, сосын сұрақ қойылып, оған жауап беріледі. Талқылау барысында бейнероликтер кеңінен қолданылады. Қауым мүшелері үшін де, қызығушылық танытушылар үшін де, бұл жердегі басты мақсат – Киелі кітапты және сенім негіздерін бірлесе ұжым болып оқып-білу, тереңірек зерттеу.

Сенушілер үшін ең үлкен қуаныш – әрбір елде жылына үш рет ұйымдастырылатын конгрестерге қатысу.

«Жыл сайын әр ауданның қауымдары екі рет бір күндік аудандық конгреске жиналады. Қуанышқа толы бұл кездесулерде бауырластармен араласып, «жүректі айқара ашудың» мүмкіндігі туады (*Қорынттықтарға 2-хат 6:11–13*). Ехобаның ұйымы ерекше қажеттілікті ескере отырып, Жазбаларға негізделген тақырып пен бағдарламаның түрлі бөліктерін дайындайды. Бағдарлама баяндамалар, көріністер, монологтар, сұхбаттар мен болған оқиғалардың қойылымынан тұрады. Мұндай уақтылы нұсқаулар барлық қатысушылардың рухын көтереді. Бұл конгрестерде жаңа шәкірттер Ехобаға өмірлерін бағыштағандарының белгісі ретінде шомылдыру рәсімінен өтеді»¹.

Жылына бір рет, жаз айларында, үш күнге созылатын аймақтық конгрестер ұйымдастырылады. Мұндай конгрестерге бірнеше аудандардың қауымдары қатысады. Олардың бағдарламасына көптеген бейнероликтер енгізіледі, осындай үлкен жиындарда жаңа басылымдардың, Киелі кітаптың жаңа аудармаларының жарыққа шыққандығы хабарланады. Соңғы жылдары Киелі кітап оқиғалары бойынша әзірленген жаңа бейнефильмдер көрсетілуде. Әрі бірінші тарауда атап өткеніміздей, бұл бейнероликтер мен бейнефильмдерді Ехоба куәгерлерінің өздері дайындайды.

Бүкіл дүниежүзілік бас басқарманың ұйымдастыруымен мезгіл-мезгіл айрықша халықаралық немесе арнайы конгрестер өткізіліп

¹ Ехобаның еркін орындау үшін ұйымдасқанбыз. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2019. – 68-б.

тұрады. Әдетте ондай жиындарға әртүрлі елдерден келген сан мыңдаған Куәгерлер қатысады. Мысалы, дәл осындай конгрес 2017 жылы Алматы қаласында Ехоба куәгерлерінің мәсіхшілік орталығында өткізілді.

Конгрестерді ұйымдастыру үшін Ехоба куәгерлері әдетте үкен ғимараттарды немесе стадиондарды жалға алады. Ал кейбір елдерде олар арнайы «Конгресс сарайларын» салады. «Конгресс сарайларының көлемі жергілікті қажеттіліктерге байланысты әртүрлі болып келеді. Ғимаратты сатып алу не оны соғуға қатысты шешімді қабылдамас бұрын, филиал жұмсалатын шығынды жақсылап есептейді, әрі ғимараттың қаншалықты жиі қолданылатын анықтап алады»¹.

Жергілікті қауымдар мен аудандар тіл өзгешеліктері бойынша бөлінеді. Мысалы, біздің елімізде орыс, қазақ және ұйғыр қауымдары бар. Сондай-ақ ым тіліндегі орыс қауымдары бар.

Қауымдардың ішкі құрылымы да орталықтандырылған. Олардың ішкі жұмысына Ақсақалдар кеңесі жетекшілік етеді. Ұйымдастыру іс-шаралары барысында ақсақалдарға қызмет көмекшілері жәрдемдеседі. Дегенмен де ақсақалдар мен қызмет көмекшілерін қоса алғанда, қауымдардың барлық мүшелері жариялаушылар деп есептеледі.

Әрбір қауымның басты мақсаты – жеке өзіне бекітілген аумақта уағыздау ісін белсенді түрде жүргізу.

«Ехоба куәгерлері – Құдай Патшалығын жариялаушылар» деген кітапта Куәгерлер жөнінде былай дейді: «Ехоба куәгерлері – адамдарға уағыз айтып, олардың сұрақтарына Киелі кітап арқылы жауап беріп, тыңдаушылардың Құдай Сөзіне деген сенімін оятуға әрбір мүшесі күш салатын әлемдегі жалғыз ғана діни ұйым. Ал басқа діни ұйымдар болса, тек сөз жүзінде ғана әрбір христиан осыларды істеуге міндетті деп біледі. Кейбір шіркеулер өз қауымдарын осыған талпындыруға тырысқан болады. Алайда тек Ехоба куәгерлері ғана

¹ Ехобаның еркін орындау үшін ұйымдасқанбыз. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2019. – 121-б.

бұл іспен тұрақты түрде айналысады. Ендеше өзгелердің қолдарынан келмей жатқан осынау рухани істерді талмай атқаруға оларға кім көмектеседі, кім күш-жігер береді? Тап осылай деп Куәгерлердің өздерінен сұраңызшы. Иә, олар қай елде тұрып жатпасын, міндетті түрде сіздің бұл сұрағыңызға «Ехоба!» деп жауап қайтарады»¹.

Ал сонда осынау қыруар жұмыстарды кім атқарады?

Иә, олардың бәрін жүзеге асыратындар қатардағы жариялаушылар мен еріктілер, яғни қауымның шомылдыру рәсімінен өткен Куәгерлері және әлі шомылдыру рәсімінен өтпеген жариялаушылардың белсенді мүшелері. Өзге христиандық шіркеулер мен деноминацияларда уағыздау ісімен тек арнайы дайындықтан өткен діни қызметшілер ғана айналысатын болса, ал Ехоба куәгерлері Матай 24:14 жазылған Исаның мына сөздерін тікелей мағынасында түсінеді: «Патшалық жайлы осы ізгі хабар барлық халықтар есту үшін бүкіл жер бетінде уағыздалады. Содан кейін осы заманның соңы келеді»; сол сияқты олар Исаның адал шәкірттері айтқан ескертулерді де үнемі естерінде ұстайды – Елшілердің істері 10:42: «Сондай-ақ Құдай оны өлілер мен тірілерді соттауға тағайындағанын жұртқа уағыздауды және осы жайлы түбегейлі куәлік беруді бізге әмір етті»; олар Пауылдың мына сөздерін де ешқашан ұмытпайды – Римдіктерге 10:13–15: «Ал «Ехобаның атын атап шақырған әркім құтқарылады». Алайда оған сенбесе, қалай шақырады? Ол туралы естімесе, қалай сенеді? Ешкім ол туралы уағыздамаса, қалай естиді? Ал жіберілмесе, қалай уағыздайды? Жазбада: «Ізгі хабар әкелетін жариялаушы қандай керемет!» – деп жазылған ғой». Міне, сондықтан да әрбір жариялаушы өз сенімі туралы басқаларға айтуды өзіне парыз деп санайды. Және оны бұл іске ешкім де міндеттемейді, ешкім де күштемейді. Яғни, уағыз ісі – әркімнің жеке қалауы. Жариялаушы мұны негізгі жұмысынан тыс әрі үй шаруасынан бос уақыттарында атқарады. Кейбір қауымдарда кейде ұзақ жылдар

¹ Свидетели Иеговы – возвещатели Царства Бора. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2005. – 548-б.

бойы кездесулерге қатысып жүргенімен, жариялаушы болмайтындар да кездесіп қалады. Сондықтан да кейбір аса талғамайтын журналистердің Куәгерлер «жабысқақ» және «өздеріне құрбан іздейді» деген айдар таққандары еш негізсіз.

Ехоба куәгерлерінің басылымдарында жиі ескертіліп жататындай, олар өздері жариялап жүрген хабарды ешкімге мәжбүрлеп тықпаламайды, өйткені бұл мәселеде әрбір адам шешімді жеке өзі қабылдау керек екен. Ал егер әлдекім қызығушылық танытса, Куәгерлер бар ықыластарымен Киелі кітаптан білгендерімен бөлісуге әзір тұрады, әрі мұны олар үлкен кішіпейілдікпен, мейірімділікпен істейді. Сондықтан жоқтан бар жасап, елдің құлағын елеңдетуге құмар кейбір журналистердің арагідік Куәгерлерді сынап-мінеп жататындарын тіпті де қисынсыз дер едік біз.

Уағызға жұмсалатын кесімді міндеттелген уақыт мөлшері жоқ. Мұны әрбір жариялаушы өз қалауы бойынша шешеді. Ал кейбір сенушілер өз-өзіне қандай да бір «серт» береді. Әдетте мұндай Куәгерлер уағыз қызметіне көбірек уақыт жұмсауды қалайды. Ондайларды толық уақытты жариялаушылар – ізашарлар деп атайды. «Ізашар шомылдыру рәсімінен өткен үлгілі жариялаушы болу қажет, сондай-ақ жеке бастың жағдайы уағыз қызметіне белгілі бір сағат мөлшерін жұмсай алатындай болу керек»¹. Ізашар болып қызмет етуді әркім өзі шешеді. Ол үшін ықылас білдіруші тиісті өтініш қағазын толтырып, өз қауымының Ақсақалдар кеңесіне тапсырады. Ақсақалдар кеңесі оны қарап, егер өтініш білдіруші белгілі бір талаптарға сай болса, оның тілегі қанағаттандырылады.

Ізашарлық қызметтің бірнеше түрі бар:

1. Қосалқы ізашарлар бір айдан кем емес мерзімге тағайындалады. Өзінің жағдайы мен мүмкіндігіне қарай, қосалқы ізашарлар қызметтің осы түріне бірнеше ай қатарынан қатыса алады. Қосалқы

¹ Ехобаның еркін орындау үшін ұйымдасқанбыз. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2019. – 108-б.

ізашар болу үшін ең басты талап – шомылдыру рәсімінен өту, өнегелілік тұрғыдан үлгілі болу және уағыз ісіне айына кем дегенде 50 сағат жұмсай алатын болу керек.

2. Тұрақты ізашарлар уағыз ісіне жылына ең кемі 840 сағат арнауға міндеттеме алады. Олар әдетте тағайындалу аумағын өздері таңдайды, алайда өз қауымымен тығыз қызметтес болуға міндетті.

3. Арнайы ізашарлар уағыз ісіне айына 130 сағат арнайды. Оларға еңбекақы төленбейді, бірақ жеке шығындары үшін азын-аулақ ақшалай жәрдем көрсетіледі. Көбіне ұйым арнайы ізашарларды қызметтің осы түрін қалайтын және өзгелерді үйретуге икемді тұрақты және қосалқы ізашарлардың арасынан таңдайды. Жалпы, арнайы ізашарлар белгілі бір мерзімге (3 айдан бастап) тағайындалады. «1937 жылдары арнайы ізашарлар өздерінің қызметтерін алғаш бастаған кезде жауапты істердің ең алдында жүрді. Олар үйлердің алдында Киелі кітапқа негізделген баяндамалар жазылған табақшаларды ойнатып, сол баяндамаларды қайта баруға негіз ретінде пайдаланды. Мұндай іс-шаралар зерттеушілер қауымдары ашылған ірі қалаларда ұйымдастырылды. Кейін бірнеше жылдар өткен соң, арнайы ізашарлар нақтылы мақсатпен әлі қауымдар ашылмаған аймақтарға немесе көмекке мұқтаж қауымдарға жіберілді. Сөйтіп, солардың нәтижелі қызметтерінің арқасында жер-жерлерде жүздеген жаңа қауымдар ашылды»¹.

4. Миссионерлерді Басқарушы кеңестің Қызмет комитеті тағайындайды. «Олар уағыз ісі мен қауымның іс-шараларын тұрақтандыру мен нығайтуда көп еңбек сіңіреді. Олардың көбісі Патшалықты жариялаушыларға арналған мектепте [немесе Күзет мұнарасының Ғалақат Киелі кітап мектебінде] білім алған. Олар баспанамен және азын-аулақ жәрдемақымен қамтамасыз етіледі»².

¹ Свидетели Иеговы – возвестители Царства Бога. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2005. – 299-б.

² Ехобаның еркін орындау үшін ұйымдасқанбыз. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2019. – 110-б.

Енді Ехоба куәгерлері ұйымының құрылымына келейік.

Ехоба куәгерлері дінбасылары және қарапайым сенушілер болып бөлінбейді. Олардың әрқайсысы Киелі кітаптағы хабарды тарататын уағыздаушы не жариялаушы болып қызмет етеді. Қауымға немесе жиналысқа Ақсақалдар кеңесі жетекшілік етеді. Ақсақалдардың басты міндеті – мәсіхшілік жолда жүрген әрбір сенушіге қолдау көрсету, жігерлендіру және қиындықтарын шешуге көмектесу.

Сондай-ақ олардың міндетіне апта сайын ұйымдастырылатын қауым кездесулерінің бағдарламаларын әзірлеу, т. б. жатады. Ақсақалдардың жұмысына «өзге шын берілген ерлер» – қызмет көмекшілері (*диакондар*) көмектеседі. Ақсақалдар да, қызмет көмекшілері де сайланбайды, оларды жергілікті аудандық бақылаушылар тағайындайды. Олардың кандидатурасын қауымның Ақсақалдар кеңесі қауымға аудандық бақылаушы келген кезде талқылайды. Талқылау барысында ұсынылып отырған кандидаттың Киелі кітап талаптарына қаншалықты сай келетінін саралаған аудандық бақылаушы жергілікті Ақсақалдар кеңесінің оны ақсақалдыққа немесе қызмет көмекшілігіне тағайындау туралы ұсынысын не мақұлдайды, не мақұлдамайды.

Ақсақалдар мен қызмет көмекшілері қандай талаптарға сәйкес келу керек? Солардың негізгілері Киелі кітапта, Тімөтеге 1-хат 3:1–5 және Титке 1:7–9-да жазылған.

Бақылаушы адал, үлгілі және Құдайға белсене қызмет ететін адам болуы тиіс. Оның бойында мәсіхшілерге тән мынадай қасиеттер: «барлық жағынан байсалды, есті, іс-әрекетіне ұқыпты, қонақжай, тәлім беруге қабілетті, не маскүнем, не қатыгез емес, иліккіш... даукестіктен, ақшақұмарлықтан аулақ жүретін, отбасына жақсы басшылық ететін, балалары мойынсұнғыш әрі тәртіпті болу керек». Куәгерлердің түсінігі бойынша, ақсақалдар Киелі кітаптың талаптарына сәйкес тағайындалған кезде, олар киелі рух арқылы тағайындалады.

Бақылаушылар да (*ақсақалдар*), қызмет көмекшілері де тегін қызмет етеді, оларға ешқандай ақша, материалдық сыйақы төленбейді. Сондықтан олар дінбасылары деп саналмайды. Бақылаушылардың міндеттері келесідей: «Бақылаушылар қауымдағы әрбір адамға жігер беріп, жеке көңіл бөледі. Апта сайын бауырластардың сенімін нәрлендіретін қауым кездесулерін бар ынтамен өткізеді... Олар отарға зиян келтіретін жайттардан, мысалы зұлым ниетті адамдардан, барын салып қорғайды. Соның арқасында біз қауіпсіздіктеміз... Олардың уағыз ісінде жетекшілікті қолға алғандары бізді ай сайын уағыздап отыруға талпындырады... Ехоба «сый ретінде» берген осы адамдар арқылы қауымды нығайтады»¹.

Лайықты ақсақалдарды Басқарушы кеңес *аудандық (аралаушы) бақылаушы* етіп тағайындайды. Олар филиалдың тапсырмасымен өз ауданындағы қауымдарға (*олардың саны әдетте 18–25 болады*) жылына екі рет барады. Аудандық бақылаушы сапар барысында қауымдағы бауырластардың алдында баяндама айтады. Сондай-ақ ол ақсақалдармен және қызмет көмекшілерімен кездесу өткізеді, қауым мүшелерімен уағыз қызметіне қатысады. Ол ізашарлармен де арнайы кездесіп, оларды жігерлендіреді. Сондай-ақ ол ақсақалдарды тағайындайды. Аудандық бақылаушылардың қызметтік шығындарын қызмет еткен қауымдары өтейді. Сондай-ақ жатын орынмен, тамақпен қамтамасыз етуді де солар көтереді.

Қазақстандағы Ехоба куәгерлерінің жергілікті қауымдарына Алматы қаласында орналасқан Ехоба куәгерлерінің мәсіхшілік орталығы канондық басшылық етеді. Ол 1997 жылы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде ресми тіркеуден өткен. Аталмыш орталық қазір аймақтық діни бірлестік нысаны болып табылады. Жарғы бойынша бұл заңды тұлғаның басшылық органы міндетін Басқарушы комитет атқарады.

Қазақстандағы Ехоба куәгерлері мәсіхшілік орталығының алғашқы төрағасы **Житников Федор Макарович** болды. Ол тағдыры өте

¹ Ехобаның еркін орындау үшін ұйымдасқанбыз. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2019. – 31-б.

ауыр, бірақ соған қарамастан ақыл-парасатын жоғалтпаған, белсенді, қабілетті, ерік-жігері мол адам.

Маған осы бір керемет жанмен әлденеше рет кездесіп, сөйлесудің сәті түскен еді. Енді сол кісінің аузынан жазып алғандарымды оқырманға ұсынуды жөн көріп отырмын:

«1956 жыл... Ата-анам менің сыңарымның өліп қалғанына еш көндіге алмай жүрген еді. Новосибирскіде жасалған ота сәтті-ақ өткенімен, ол наркоздан оянбай қалған-ды... Сол уақытта біз Алтай өлкесіндегі Локтев ауданының Горняк кентінде тұратынбыз. Мен сол жерде 1947 жылы туылған болатынмын.

Бірде біздің үйімізге Ехоба куәгері келіп, ата-анама Киелі кітапты зерттеуді ұсынады. Менің әкем дінге сенбейтін адам еді. Ол өзінің әкесі, менің атамның, дін адам өмірінде маңызды орынға ие болған сонау патша тәртібі кездерінің өзінде-ақ дінбасыларын өтірікші санап, оларды жақтырмайтынын жиі әңгімелеп отыратын. Алайда ол заманда шіркеусіз өмір сүру еш мүмкін емес-тін, өйткені баланың туылуы да, адамның өлімі де, некеге тұру да, тек шіркеу арқылы өткізілетін. Сондықтан 1906 жылы менің әкем дүниеге келгенде, атам амал жоқ шіркеудегі дін қызметшісіне барып, ұлының туылуын тіркетіп, оған ат қойғызуға мәжбүр болады. Осындай орайы келген сәтті пайдаланып, кек алуды шешкен дін қызметшісі, атама Макар деген есімнің ұнамайтынын біле тұра *(сол уақыттарда бұл есімнің мағынасы кемсітуді білдіретін)* менің әкеме дәл сол есімді береді. Ал бұл жайт атамды одан сайын өшіктіре түседі.

Міне, менің әкем атам мен шіркеудің арасындағы осындай қиын қарым-қатынас тұсында тәрбиеленеді. Кейін 1917 жылғы қазан төңкерісі мен соның артынша орын алған құдайсыздық туралы насихат атамды нағыз дінге сенбейтін адамға айналдырып жібереді.

Жә, енді әңгімемізді сонау бір кездері үйімізге келген уағыздаушыға бұрайық. Сол күннен бастап, ол бізге тұрақты түрде келе бастайды. Және әр келген сайын Киелі кітаптың көмегімен әртүрлі тақырыптарда әңгімелесуге тырысатын. Бірде ол өлгендердің қайта тірілетіндігі

туралы сөз қозғайды. Бұл тақырып менің ата-анама қатты ұнап қалады. Мұндай керемет үміт оларды тіпті таңғалдырады. Бәлкім, екеуіне Киелі кітапты шындап зерттеуді бастауға осы жағдай түрткі болған шығар.

Ол уақытта өзіңнің жеке Киелі кітабыңның болуы мүмкін емес еді, өйткені ондай кітап жоқ болатын. Сондықтан ата-анам Жазбалардан қайсыбір үзінділерді қолмен көшіріп алып, қызу талқылауға кірісетін, кейде тіпті оларды жаттап алатын. Ал бұл өз кезегінде, алған білімдерін өзгелерге айтып, достарымен, көршілерімен және туыстарымен бөлісуге талпындыратын. Осылайша аз уақыттың ішінде (*үш-төрт айда*) Киелі кітапты зерттеу тобы ұйымдастырылды. Олардың бас қосулары күнде өткізілетін. Бірақ, өкінішке қарай, бұл ұзаққа барған жоқ...

1956 жылдың қазан айында түнгі сағат 4-те айқай-шудан оянып кеткен мен үстерінде сұсты формасы бар бір топ ер кісілердің үйге тінту жүргізіп жатқанын көрдім.

Тінту өте мұқият жасалды: кейбір жерлердің еденін көтеріп, ұн салынған үлкен жәшікті істік темірмен әбден тескіледі. Ақыр соңында Киелі кітаптан көшірілген бір жапырақ қағазды тауып алған олар, соны іске «тіркеп» барып, әрең тыншыды...

Тінту күндізгі сағат 10-да аяқталды. Әкемді бірден өздерімен бірге алып кетті. Отбасымыздың қалған мүшелерін кезекпен прокуратураға шақырды, ішінде мен де, тіпті 8 жасар кішкентай інім де бар. Әрқайсымызды бөлек-бөлек тергеді. Сол күні інім екеумізді прокуратурада 12 сағат ұстады. Тергеушілер «сектаның» (*олар біздің ұйымды осылай атайтын*) басшысы кім екенін, әдебиеттерді қайдан алатынымызды, т. с. с. айтып бергенімізді қалады. Бізді алдаусыратып, әртүрлі тағамдар мен тәттілерді ұсынып бақты. Әңгіме барысында бізбен жылы-жылы сөйлесті... Алайда мұндай тәсілмен өздеріне қажетті мәліметтерді ала алмасын түсінген соң, енді қорқытып-үркітуге кірісті.

Сегіз айға созылған осындай ұзақ тергеуден кейін Бервальд және Карстен деген екі уағыздаушы сотталып тынады: біреуі 10 жылға,

екіншісі 8 жылға түрмеге жабылады. Әйтеуір бақытымызға орай, біздің әкемізді босатып жібереді.

1958 жылы біздің үйімізге тағы да түнгі тінту жүргізіледі. Бірақ бұл жолы олар ешқандай ілік таппайды. Өйткені әкем өткендегі тергеуден кейін мейлінше сақтықпен әрекет ететін: әрбір зерттеуден кейін Киелі кітаптық әдебиеттерді өте құпия жерлерге тығып қоятын.

Күтпеген жерден жүргізілетін осындай тінтулер ақыры тағы да 4 адамды соттатып, әрқайсысы 25 жылға түрмеге жабылады. Олардың арасында тіпті бір әйел адам да бар болатын. Мұның бәрі, әрине, біздің кенттің тұрғындарын Ехоба куәгерлеріне қарсы қойды. Оның үстіне, ақпарат құралдары оларды «американдық тыңшылар» деп қаралап жатты. Қорлау, келеке-мазақ ету кезегі кешікпей бізге де, балаларға да, келіп жетті. Мұғалімдер сыныптастарымызға бізбен араласуға тыйым салып, бүкіл оқушылардың көз алдында масқаралайтын болғандықтан, мектепте оқу мүлдем қиындап кетті.

В1959 жылы әкем діни нанымдары үшін 1 жылға түрмеге жабылады. Екі аптадан кейін өткізілген екінші сотқа әкемді түрме камерасынан әкеледі. Бұл жолы соттың шешімімен әкем мен шешем ата-аналық құқықтарынан айырылады. Сол кезде Климент Ворошиловқа хат жазғаным есімде, бірақ ол жақтан жауап ала алмадым.

Бірнеше күннен соң, бұл 1959 жылдың сәуірі болатын, үйге милиция жасағы келіп, зар еңіреген шешеміздің қолынан бізді күштеп алып кетті. Сөйтіп, інім екеумізді Шипунов ауданы Коробейник ауылындағы балалар үйіне жөнелтті.

Сол сәттен бастап, сынақтар үстін-үстін көбейе берді. Балалар үйіндегілер біздің сенуші екенімізді біліп алыпты. Олар бізді келеке-мазақ етіп, балағат сөздер айтуға мәжбүрлейтін. Бір жолы, қосалқы шаруашылықта жұмыс істеп жүргенімізде, інім екеумізді лаулап жатқан отқа итеріп жібергенде, шашымыздың бәрі күйіп қалды. Дәл сол жерде атқа мініп алған ересек балалар бізді алдарына салып құалап, солқылдақ шыбықтың астына алды...

Сол жылдың шілде айында бір Борис есімді Ехоба куәгері бізді іздеп келді. Ол жасырын түрде бізбен орманда кездесті. Біз балалар үйіндегі ауыр жағдайды, сондағы басқа балалардың тарапынан жасалып жатқан әділетсіздіктер мен қатыгездіктер жайлы жасырмай айтып бердік. Бірақ ең бастысы, мен өзімнің шомылдыру рәсімінен өткім келетінін жеткіздім. Борис менің қалауымды бірден қостады. Сосын біз сол маңдағы өзенге бардық та, ол мені шомылдыру рәсімінен өткізді. Иә, мен ол күнді ешқашан ұмытпаймын!

Балалар үйіндегі келеке-мазақтар әрмен қарай жалғаса берді. Бір жолы төсеніштер кептіретін бөлмеге жиналып алған бұзық балалар маған балағат сөздер айтқызыбақ болады. Бірақ мен, әрине, бұдан үзілді-кесілді бас тарттым. Сол-ақ екен олар мені аяғымнан байлап, ыстық құбырға салбыратып іліп қойды. Бақытыма орай, арада 20 минуттай уақыт өткенде сол маңнан өтіп бара жатқан тәрбиеші апай мені байқап қалып, бірден босатып алады. Ол іле-шала директорға барып, болған жайтты айтып береді. Артынша осы оқиғаны естіген шешем директорға хат жазып шағымданады. Осыдан соң інім екеумізді Алтай өлкесі Баюновск ауданының Малахово ауылындағы балалар үйіне ауыстырады. Жаңа орындағы жағдай біршама дұрыстау болғанымен, әрине, біз өз үйімізге қайтқымыз келетін.

1960 жылдың қыркүйегінде оқу жылы басталған кезде, біз балалар үйінен қашып шығып, үйімізге аман-есен жетіп алдық. Алайда бірнеше күннен кейін артымыздан балалар үйінің бас есепшісі келеді... Бақытымызға орай, бұл уақытта әкеміз түрмеден босанып келген еді. Ол істі қайта қарау туралы сотқа өтініш жазады. Сол аралықта бізді ешкім мазаламады. Көп кешікпей іс қайта тыңдалып, әке-шешемізді тағы да ата-аналық құқықтарынан айырады. Және олардан біз үшін алимент алу туралы шешім шығарылады. Сөйтіп, інім екеуміз қайтадан балалар үйіне жіберілетін болдық.

Бірақ бізді алып кетуге үйге милиция келгенде, інім екеуміз тығылып қалдық. Содан кешке қарай пойызға отырып, Текеліде тұратын апайымызға тартып кеттік.

Апайымыздың қолында жүргенде, әкемізді тағы да соттап, 5 жылға Таулы-Алтай облысы Қосағаш ауданының Құрай ауылына жер аударады. Мұны естіген біз бірден сол жаққа кеттік. Әкеміз теңіз жағасында жиырма кісілік шатырда тұрады екен. Біз онымен бірге тұрдық. Кейінірек бізге шешеміз қосылды. Біз уақытша болса да отбасымызбен бірге тыныштықта өмір сүргенімізге қуандық.

Алайда аяқ астынан бәрі өзгеріп кетті... 1964 жылдың қазан айында бізге тағы да тінту жүргізілді. Тінту кезінде ұйымның әдебиеттері табылып, әкемді тағы да 5 жылға түрмеге қамады, әрі бұл жолы қатаң тәртіптегі колонияға жіберді.

1966 жылы біз Қырғызстанға көшуді шештік. Ол кезде онда Ехоба куәгерлерінің үкен қауымы бар болатын, сондықтан біз солардың көмегіне сендік. Бұл уақытта мен 19 жаста едім. Дегенмен де менің әлі жас екеніме қарамастан, жауапты бауырластар маған кейбір қауым кездесулерін жүргізуді сеніп тапсырды.

1969 жылы, қатаң тәртіптегі түрмеде бес жыл отырған соң, әкемді Таулы-Алтай облысына 1961 жылы жер аударуға жіберілгендегі мерзімнің қалған бөлігін *(сол жерде аяқ астынан қайтадан тұтқындалғандықтан, кесімді мерзімін соңына дейін жеткізе алмаған болатын)* өтеуге жібереді. Бірақ әкем зейнеткерлік жаста болғандықтан, ол жақта оны бар-жоғы 3–4 ай ұстағаннан кейін отбасына қайтарады.

Әкем әлі толықтай бостандыққа шықпай тұрып, 1968 жылы мен Юля есімді әдемі қызды кездестіріп, ұнатып қалдым. Ол да сол уақыттағы сталиндік қуғын-сүргіннің бар ауыртпалығын басынан өткерген екен. Небәрі 2 айлық кезінде, оның отбасы Украинадан Иркутск облысына жер аударылған.

Біз 1970 жылдың 27 наурызында үйлендік. Дәл сол жылы қыркүйек айында біз Қазақстанға, Есік қаласына көшіп келдік. Сол кезде онда шамамен 60-тай Куәгер тұратын. Көп ұзамай біз ұлды болдық, ал кейінірек және екі қызымыз дүниеге келді.

1972 жылы Ехоба куәгерлерінің қауымында ақсақал болып тағайындалдым. Ол кезде кездесулер, көзге түсіп қалмау үшін, кешке қарай жеке үйлерде өткізілетін. Есесіне мемлекеттік мейрамдарда біз ауқымды жиналыстар ұйымдастыратынбыз. Міне, сондай сәттері келушілерге тіпті орын жетпей қалып, көпшілігі бағдарламаны тік тұрып тыңдайтын.

Мен қауымдағы бақташылық қызметіммен қатар Киелі кітапқа негізделген әдебиеттерді көбейтумен және таратумен айналыстым. Ол кезде қолымызда қазіргі заманауи құрал-жабдықтар болмағандықтан, бұл өте ауыр әрі көп еңбектенуді қажет ететін қыруар жұмыстар болатын. Жеделдетіп баспа, фотосурет істерін меңгеруге тура келді. Мұнымен қатар, осынау зіл-батпан шаруаға жегілген біздер, Ехоба куәгерлері, өзімізді және отбасымызды материалдық жағынан қамтамасыз етуіміз керек еді. Әлбетте, меніңше, бұл Құдайдың қолдауынсыз тіпті де мүмкін емес-тін. Яғни, ол туралы ілімді кеңірек таратуға күш салған біздің іс-әрекеттерімізге Жаратушы Иеміз батасын мольнан төкті. Соның нәтижесінде, 1989 жылы Есік қаласындағы Ехоба куәгерлерінің саны 300-ге жетіп қалды.

80-ші жылдардың соңына қарай бұрынғы Кеңестер одағының аумағында демократиялық еркіндікке қол жеткізуде өте бір күрт өзгерісті кезең болды. Бұл біздің өмірімізге де, діни іс-әрекеттерімізге де қатты әсер етті. Соның арқасында 1989 жылы мен отбасыммен бірге Варшавада өткен халықаралық конгреске еркін қатыса алдық. Иә, бұл қазақстандық Куәгерлер үшін қатысуға мүмкін болған ең бірінші еларалық жиын еді. Біз отбасымызбен бірге бұл сапарға жеңіл машинамен шықтық. Ұмытылмастай есте қалған сондағы бір оқиға әлі күнге дейін жадымыда қалып қойыпты. Біз Белоруссия мен Польшаның шекарасындағы бақылау-тексеру пунктіне жеткенде, Ехоба куәгерлерін кезексіз әрі ешбір тексерусіз өткізіп жатқанын көріп, қайран қалдық! Қандай ғажап десеңіші! Осыдан бірнеше жыл бұрын ғана біздер тіпті емін-еркін басымызды қоса да алмаушы едік қой...

Уақыт өте келе билік басындағылар бізге көбірек еркіндік бере бастады. Сөйтіп, 1992 жылы біздің қауым Қазақстанда бірінші болып мемлекеттік органның ресми тіркеуінен өтті. 1991 жылы Есік қаласында Патшалық сарайдың (бұл *Ехоба куәгерлері өздерінің кездесулерін өткізетін ғимарат*) құрылысын бастадық. Содан жеті ай өткенде, 1992 жылдың 27 наурызында сол жерде жыл сайын атап өтетін мейрамымызды – Иса Мәсіхтің өлген күнін еске алу кешін – өткіздік.

1996 жылы Қазақстандағы Ехоба куәгерлерінің орталығын тіркеу жөнінде өтініш жасай бастадым. Нәтижесінде, 1997 жылдың 22 қаңтарында Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде Орталықтың тіркеуден өткендігі туралы куәлік қолымызға тиді. Иә, біз үшін бұл зор қуаныш еді! Мен осы Орталықтың төрағасы болып тағайындалдым. Бір жылдан соң, 1998 жылдың ақпан айында, біз Есік қаласында өз офисімізді ұйымдастырдық.

Біздің қоғамда ар-ұждан еркіндігі, сөз еркіндігі, діни-наным еркіндігі сияқты құндылықтардың өз деңгейіне көтерілгеніне мен қатты қуандым! Өйткені нақ осы баға жетпес құндылықтар ғана біздің өмірімізге ерекше мән-мағына беріп, сенімімізді нығайта түспек!>

Ендігі жерде осы еркіндікке ешкім және ешқашан қол сұқпаса екен!

2008 жылы Федор Житниковты **Бекжан Полат Гауһарбекұлы** алмастырды. Енді соның өмірбаянынан азырақ мәлімет берейін.

Полат Гауһарбекұлы 1953 жылы дүниеге келген. Инженер-гидротехник мамандығы бойынша аяқталмаған жоғары білімі бар. Еңбек жолын 1970 жылы механизатор болып бастаған. 1972–1975 жылдар аралығында теңіз флотында әскери міндетін өтейді. Әрмен қарай тракторларға техникалық қызмет көрсету орталығында жөндеуші-мастер, диагностика жасаушы инженер, жөндеу зауытының қойма меңгерушісі, газтарту станциясында оператор болып жұмыс істейді. Полат Гауһарбекұлы озат еңбегі үшін «Алтын масақ»

төсбелгісімен, «Қазақстан газқұбырының жетпіс жылдығы» мерейтойы белгісімен, сондай-ақ көптеген Құрмет грамоталармен, Алғыс хаттармен марапатталған. Жұмыста оны адал да әділ, өз ісінің білікті маманы ретінде құрметтеген.

Полат Бекжан 16 жыл бойы коммунистік партияның мүшесі, сондай-ақ кәсіподақ комитеті төрағасының орынбасары және тұрғын үй коммуналдық комитетінің төрағасы болған. Бір ғажабы, ол сырттай белсенді коммунист көрінгенімен, іштей Құдайды іздеген сияқты... Бір жолы, 1986 жылы, перзентханада жұмыс істейтін әйелі Эпиза, үйіне «Мәңгілік өмірге алып баратын шындық» деген кітапшаны әкеледі. Сөйтсе, онымен бірге істейтін Куәгер әйел әлгі кітапты ұмытып, жұмысында қалдырып кеткен екен. Бұл Ехоба куәгерлерінің қызметіне тыйым салынған кез болатын.

Кітапшаның тақырыбына қызыққан Полат оны жеделдете бір деммен оқып шығады. Онда айтылған ойлар оған бірден ұнай кетеді. Бұған дейін өзін қатты толғандырып жүрген көптеген сұрақтарына жауап та табады.

Полат Гауһарбекұлы басылымнан оқып білген ілімдерін әрмен қарай жалғастырғысы келеді. Бірақ кітапшаның иесі бұл коммунист болғандықтан, кездесуден қорқады. Дегенмен де шын ықыласымен өтініш жасап тұрғанын байқаған ол ақыры келісімін береді.

Киелі кітапты зерттеу барысында ондағы шындықтар, қауым кездесулеріне барғандағы Куәгерлердің жып-жылы, кішіпейіл қарым-қатынастары Полатты таңғалдырады. Кейін 1988 жылы ол шомылдыру рәсімінен өтеді.

Алғашқы кезде оның бұл қадамын ата-анасы мен бауырлары түсінбегендіктен, қатты қарсылықтарға тап болады. Бірақ уақыт өте келе олар, Киелі кітаптың арқасында Полаттың жақсы жаққа қарай өзгергенін көреді. Бұған дейін айналадағы басқа адамдар сияқты темекі тартқан, ішімдік ішкен, үлгілі отағасы да болмаған ол енді соның бәрін тастаған. Сол кезде алты баласы бар отбасына үлкен жауапкершілікпен қарай бастағанын және қарт кісілерге

деген сый-құрметі тіпті ерекше екенін байқаған туған-туысқандар таңырқап қалатын.

Әрине, мұндай оң өзгерістер көршілер мен бірге жұмыс істейтіндердің назарынан тыс қалмайды. Айналадағы адамдарға жанашырлықпен қарайтынын байқаған жұрт, аяқ астынан науқастанып қалған жақындарын аудандық ауруханаға жеткізіп салу үшін Полатқа жиі өтініш айтатын (*ауылдық жерде «Жедел жәрдем» машинасы жоқ қой*). Ол кезде жекеменшік жеңіл машина әркімде бола бермейтін, оның үстіне, жанар-жағар май да тапшы. Бірақ соған қарамастан, Полаттың мұқтаж жанға көмектесетініне ешкім күмәнданбайтын.

Полат Бекжан 1992 жылдан бері ақсақал. 1997 жылдан бастап «Қазақстандағы Ехоба куәгерлері мәсіхшілік орталығының» аймақтық діни бірлестігі Басқарушы комитетінің мүшесі болып қызмет етіп, 2008 жылы аталмыш Комитеттің төрағасы болып тағайындалады.

Басқарушы комитеттің және бір мүшесі – **Мельник Анатолий Иванович**. Оның өмірбаяны 2004 жылдың 22 қазанында жарық көрген «Ояныңдар!» журналында жарияланған болатын.

Ол онда өзі туралы былай дейді: «Туған жерім – Молдавияның солтүстігіндегі Глина ауылы. 1920 жылдары біздің әсем қыратты өлкемізге Румыниядан пилигримдер, немесе аралаушы қызметшілер (*Ехоба куәгерлері – автор*) келеді. Шешемнің ата-анасы әлгілерден естіген Киелі кітаптағы ізгі хабарға бірден құлақ асады. 1927 жылы олар Киелі кітап зерттеушілерінің қатарына қосылады, ол кезде Ехоба куәгерлері осылай аталатын. 1939 жылы, Екінші дүниежүзілік соғыс басталар алдында, біздің ауылда сенушілердің алғашқы қауымы пайда болады.

1947 жылы коммунистік идеологияның, сондай-ақ Православие шіркеуінің ықпал етуімен мемлекеттік билік Молдавиядағы Ехоба куәгерлерінің ізіне түсуді бастайды. 1949 жылдың 6 маусымында

түн ішінде екі сарбаз бен бір офицер біздің үйге баса-көктеп кіріп келеді. Олар бізге үйді тастап, машинаға отыруды бұйырады. Жиналуға екі сағат уақыт береді. Басқа еш нәрсе түсіндірілген жоқ. Бар айтқандары, жер аударылғанымыз және бұдан кейін ешқашан үйімізге оралмайтындығымыз ғана...

Мені, шешемді, атам мен әжемді және басқа да сенушілерді Сібірге жер аударып жіберді. Мен ол кезде небәрі 13 жаста едім. Бірнеше аптадан соң біз қалың орман арасындағы саз батпақты тайгадан бір-ақ шықтық.

Бізді әкелген жерде бар-жоғы кішігірім оншақты үй бар екен. Қалған Куәгерлерді тайганың өзге ауылдарына бөлді. Жергілікті тұрғындарды қорқытып, бізге қарсы қою үшін билік басындағылар: «Куәгерлер – адамжегіштер!», – деген сөз таратты. Алайда көп ұзамай-ақ, мұның шылғи өтірік екенін түсінген жұрт бізден қорықпайтын болды.

1953 жылы Сталин өлгеннен кейін өмір сүру біршама жеңілдеп, бізге кенттен шығуға рұқсат берілді. Енді біз басқа кенттерге бөлінген Куәгерлермен араласып, солардың қауым кездесулеріне бара алатын болдық.

1955 жылы мен өзімді Ехобаға арнағанымның белгісі ретінде шомылдыру рәсімінен өттім. Содан көп ұзамай, көрші кенттегі қауым кездесуінде өте қарапайым, қара шашты Лидия есімді қызбен таныстым. Ол да, оның ата-анасы да Молдавиядан жер аударылған Куәгерлер болатын. 1956 жылы біз Лидия екеуміз үйленуді шештік.

1959 жылы тұңғыш қызымыз Валя дүниеге келеді. Сол уақыттарда қудалаудың жаңа толқыны басталады. Британ энциклопедиясында «1959–1964 жылдардағы діни қуғын-сүргінді Министрлер кеңесінің төрағасы Никита Хрущев ұйымдастырды» деп атап көрсетіледі. Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті қызметкерлерінің айтуынша, кеңес үкіметінің мақсаты – барлық діндерді, әсіресе Ехоба куәгерлерін жою екен.

Кішкентай қызымыз 11 айға толғанда, мені әскер қатарына шақырды. Мен армиядан бас тарттым. Сол үшін артынша 5 жылға сотталдым. Бір жолы, Лидия маған түрмеге келгенде, оған МҚК-нің полковнигі былай дейді: «Біз Кремльден тікелей нұсқау алдық: екі жылдан соң, Кеңестер одағында бір де бір Ехоба куәгері қалмайды! Сондықтан сіз сеніміңізден бас тартыңыз, әйтпесе түрмеге түсесіз!»

1963 жылы ісім қайта қаралып, мені бостандыққа шығарады. Сөйтіп, үш жылғы қамаудан соң үйге оралдым. Бірақ ең өкініштісі, мені еш жерге тіркеуге тұра алмайтындай етіп жіберіпті. Содан ешқандай жұмыс таба алмадым. Өйткені ол кезде тұрақты тіркелген мекенжайың болмаса, жұмысқа қабылдамайтын.

1966 жылы екінші қызымыз Лиля дүниеге келеді. Бір жылдан соң біз Қазақстанның оңтүстігінде орналасқан Ақсу қаласына көштік. Ол жерде Куәгерлердің шағын тобы бар-тын. Кейін көп ұзамай қауым пайда болып, мені қауымның қызметшісі етіп тағайындады. 1969 жылы ұлымыз Олег, ал екі жылдан соң кеңжеміз Наташа туылды.

Балаларымыз кәмелетке толғаннан кейін, 1988 жылы мені аудандық бақылаушы етіп тағайындады. Маған қарасты ауданға Орта Азияның барлық республикалары кіретін. 1991 жылы Кеңестер одағындағы Ехоба куәгерлерінің уағыздау қызметіне рұқсат етілгеннен кейін, алыс-жақын республикаларға көптеген қабілетті, рухани толысқан ер бауырластарды тағайындай бастады. Қазір онда 14 ер бауырлас аралаушы бақылаушы қызметін атқаруда. Былтыр Иса Мәсіхті еске алу кешіне бұл елдерде 50 000 адам қатысты!

1998 жылы біз Есік қаласындағы (*Қазақстан, Алматы қаласына жақын*) Ехоба куәгерлерінің діни орталығында қызмет етуді бастадық».

Енді Ехоба куәгерлері ұйымының құрылымына қайта оралайық. Аймақтық филиалдарға өз бетінше әрекет етуге еркіндік берілгенмен, Куәгерлердің ұйымында нақтылы бірегей құрылым қалыптасқан.

Бүкіл әлем бойынша діни қызметтерге канондық жетекшілікті Ехоба куәгерлерінің дүниежүзілік бас басқармасының Басқарушы кеңесі жүргізеді. Басқарушы кеңес – бүгінде құрамына әр елде туылған, ақсақалдық қызметте мол тәжірибе жинаған сегіз адам кіретін ұжымдық орган.

Қазіргі таңда Ехоба куәгерлері Басқарушы кеңесінің мүшелері мына адамдар: Джеффри Джексон, Кеннет Кук кішісі, Стивен Летт, Геррит Леш, Энтони Моррис, Марк Сандерсон, Дейвид Сплэйн және Сэмюэл Херд. Олар Уорвиктегі (*АҚШ, Нью-Йорк штаты*) Дүниежүзілік бас басқармада қызмет етеді.

Басқарушы кеңестің әрбір мүшесі әртүрлі міндеттерді атқаратын комитеттердің жұмысына қатысады. Бұл комитеттер мынадай іс-шараларды жүзеге асырады:

Қызмет комитеті – уағыз ісінің барлық саласын, сондай-ақ қауымдар, жариялаушылар, ізашарлар, ақсақалдар, аралаушы бақылаушылар мен миссионерлерге қатысты жайттарды қадағалайды. Олардың көптеген міндетіне Ауруханалармен байланыс комитеттерінің қызметін бақылау да жатады;

Үйлестірушілер комитеті – Басқарушы кеңестің барлық комитеттерінің үйлестірушілерінен және Басқарушы кеңестің мүшесі болып табылатын хатшыдан тұрады. Бұл комитет заңға қатысты мәселелерді қадағалайды. Көпшілікке өз нанымдары жайлы дұрыс мәлімет беру үшін бұқаралық ақпарат құралдарын қолдану-қолданбауды шешу де осы комитеттің құзырында. Сондай-ақ қудалау, табиғи апат сияқты дүниежүзіндегі Куәгерлердің басына түсуі мүмкін төтенше жағдайларда қажетті көмек көрсетілуіне жауапты;

Білім беру комитеті – конгрестер мен қауым кездесулерінде берілетін басшылық пен тәлімге жауапты. Ғалақат мектебі, Патшалықты жариялаушыларға арналған мектеп, Ізашарлық мектеп пен басқа мектептер де осы комитеттің бақылауында. Сондай-ақ бұл комитет «Мәсіхшілік өміріміз бен қызметіміз» кездесуінің жұмыс дәптерін және аудио-бейне материалдарды дайындау ісін де қадағалайды;

Кадрлар жөніндегі комитет – дүниенің төрт бұрышындағы бетелдіктердің тәндік және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру ісін қамқорлайды. Жаңа бетелдіктерді таңдау мен шақыру, сондай-ақ олардың қызметтеріне қатысты туындаған мәселелерді шешу де осы комитетке жүктелген;

Жазушылар комитеті – жазбаша және электронды түрде шығатын діни әдебиеттің уақтылы дайындалуына жауапты. Сонымен қатар вебсайттың және дүниежүзіндегі аудармашылардың жұмысын ұйымдастырады. Бұған қоса, аталмыш комитет белгілі бір тармақтың мағынасына немесе Ехоба куәгерлерінің әдебиеттерінде жазылған қандай да бір мәліметке қатысты сұрақтарға жауап береді. Сондай-ақ бұл комитет Көркемдеу бөлімінің жұмысын басқарады. Көркемдеу бөлімінің мақсаты – түрлі әдебиеттерде басылатын суреттер арқылы Киелі кітаптық және басқа да оқиғаларды бейнелеу. Сол үшін археологиялық, тарихи, әдеби және басқа да дереккөздерге негізделген өте терең зерттеу жұмыстары атқарылады. Бұл бөлімді ғылыми-зерттеу бөлімі десек те болады;

Баспа комитеті – Киелі кітапқа негізделген әдебиеттердің басылуы мен тасымалдануын қадағалайды. Сондай-ақ Ехоба куәгерлері қолданатын түрлі заңды тұлғалардың меншігіндегі баспаханалар мен басқа да меншіктің қолданылуын, Патшалық сарайларын соғу және жержүзіндегі барлық құрылыс жұмыстарын бақылап. Сонымен қатар шығындарды және жасалған садақалардың қолданылуын қадағалайды¹.

Ехоба куәгерлерінің дүниежүзілік бас басқармасы туралы әңгіме қозғаған кезде, оның аударма бөлімі жөнінде айтпай кету тіпті мүмкін емес. Бөлімнің басты мақсаты – Киелі кітаптың («*Киелі жазбалар. Жаңа дүние аудармасы*») әртүрлі тілдерге сапалы түрде аударылуын қамтамасыз ету. Сондай-ақ аударма бөлімі басқа басылымдарды да тәржімелеумен айналысады. Бөлім дүниежүзін-

¹ Құдай Патшалығы биік егуде! – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2014. – 131-б.

дегі филиалдарда жұмыс істейтін аудармашыларды үнемі қолдап, оларға елеулі көмектер көрсетеді. Бүгінде Ехоба куәгерлері Киелі кітапқа негізделген әдебиеттерді ағылшын тілінен 1000-нан астам тілге аударумен айналысады. Негізінен жазба мәтіндерді бір тілден екінші бір тілге аудару оңай шаруа емес. Ал әсіресе, жазуы жоқ ым тіліне аудару мәселесі, әрине, бұл қиынның-қиыны, қосымша көп тер төгуді қажет етеді. Мысалы, есту қабілетінен айырылғандар әдетте өз ойларын қол, бет қимылдары арқылы жеткізіп жатады. Сондықтан мәтіндерді ым тіліне аударумен айналысатындар қағаздағы жазуларды бейнеқимылдарға айналдырады. Осылайша Куәгерлер бүгінде өз басылымдарын 90-нан астам ым тіліне аударады. Барлық аудармашы Куәгерлер өздері аударатын тілді жақсы меңгерген, демек, ым тіліне аударатындар да тап солай, өздері аударатын тілді жетік біледі. Олардың көпшілігінің құлақтары естімейді немесе еститіндер, бірақ естімейтіндердің отбасында тәрбиеленгендер. Аудармашылар топ болып жұмыс істейді. Олардың әрқайсысы өз міндетін атқарады: аудару, салыстыру немесе корректорлық. Сосын мүмкіндігінше аударма естімейтін оқырмандарды қатыстыру арқылы талқыланады. Яғни, естімейтін оқырмандардың ескертпелері аударманы мейлінше жетілдіруге көмектеседі. Ал бұл өз кезегінде, қолдың, беттің қимылдары табиғи шыққандығына, ал айтылған ойлардың дұрыс әрі анық жеткізілгендігіне кепілдік береді.

1992 жылы Басқарушы кеңес тәжірибелі, адал мәсіхші ақсақалдарды Бас басқарманың комитеттеріне көмекшілік қызметке тағайындайды. Бұл көмекшілердің Басқарушы кеңес мүшелерінен айырмашылығы – олар «майланғандар» емес. Көмекшілер апта сайын өздері бірге қызметтесетін комитеттің мәжілісіне қатысып, қажетті ақпараттарды тапсырады және өз ұсыныстарын айтады. Түпкілікті шешімді Басқарушы кеңес қабылдайды. Ал көмекшілер комитеттердің нұсқаулары бойынша өздеріне жүктелген тапсырмаларды орындайды. Сондай-ақ көмекшілер

арнайы және халықаралық конгрестерге қатысатын Басқарушы кеңестің мүшелерімен сапарлас болады. Және Бас басқарманың өкілі ретінде филиалдарға қызмет бабымен қатынайды.

Осылайша, қауымдарды жаппай орталықтандыру арқылы ұжымдық басқарудың демократиялық принципі сақталады.

Уорвикте орналасқан дүниежүзілік басқарма орталығының басында (*АҚШ, Нью-Йорк штаты*) Басқарушы кеңес тұр. Орталықтың құрылымына кеңеске дүниежүзіндегі Ехоба куәгерлерінің күнделікті жұмысына рухани жетекшілік жасауға көмектесетін түрлі бөлімдер мен қызметтер кіреді.

Ехоба куәгерлерінің ұйымы туралы айтқан кезде, оның баспа ісіне қатысты қыруар жұмыстарын қалай аттап өтпекпіз. Аталмыш шаруаның ауқымдылығы соншалық, бүгінде бүкіл дүниежүзі бойынша көптеген филиалдарда ірі-ірі баспаханалық кешендер құрылған. Мысалы, біз жоғарыда атап өткеніміздей, орыс тіліндегі әдебиеттер Германиядағы баспаханада басылады.

Ехоба куәгерлері шығаратын басылымдардың басқа тілдерге аударылуы жағынан кез келген басқа басылымдардан әлдеқайда озып тұр. Мысалы, «Ридерз дайджест» басылымы 21 тілде шығарылады және оның мазмұны әр елде әртүрлі болып келеді. Ал «Күзет мұнарасы» журналы 357 тілде, 93 миллион таралыммен басылып шығады. Демек, әлемдегі басқа журналдардың ешқайсысы да бұған илес алмайды деген сөз. Аталмыш басылымның әрбір нөмірі мынадай андатпамен ашылады: «Күзет мұнарасы» журналы әлемнің Жоғары Билеушісі Ехоба Құдайды даңқтайды. Ол Құдайдың көктегі Патшалығының жақында зұлымдық атаулыны жойып, жер бетін жұмаққа айналдыратыны жайлы ізгі хабар арқылы адамдарға жұбаныш береді. Сонымен қатар мәңгі өмір сүре алуымыз үшін жанын қиған және қазір Құдай Патшалығының Патшасы болып отырған Иса Мәсіхке сенуге шақырады. Ехоба куәгерлері бұл журналды 1879 жылдан бері шығарып келеді. Бұл – саяси емес, Киелі кітапты бедел тұтатын журнал».

Осынау айтылған тұжырымдар басылымның басты міндеті болып есептеледі. Дегенмен де маңыздылығы жағынан бұдан бір-де-бір кем емес және бір келесідей міндеті бар: «Күзет мұнарасы» сенушілерге Киелі кітаптық принциптер мен нұсқауларға сәйкес әділ жолмен жүруді үйретеді. Ал бұл оларға Құдай Патшалығында өмір сүруге алдын ала дайындалуға көмектеседі. Сондықтан журналдың әрбір нөмірінде сенушілер сол айдың бірнеше аптасында оқып-зерттейтін тақырыптар беріледі. Әрбір тақырып бойынша арнайы мақалалар енгізіліп, олар тараулар мен абзацтарға бөлінеді. Мақаланы дауыстап оқуға тағайындалған Куәгер тиісті абзацты дауыстап оқығаннан кейін талқылауды жүргізуші жиналғандарға сілтемелерде көрсетілген сұрақтарды қояды. Қауымға келгендер қойылған сұрақтарға жауап беріп, тақырыпты талқылауға қатысады. Талқылау барысында әрбір абзацта айтылатын ой Киелі кітаптағы тармақтармен расталып отырады.

«Ояныңдар!» журналы 220-дан астам тілде, 93 миллион таралыммен үш айда бір рет шығарылады.

Бұл бүкіл отбасына арналған журнал. Оның беттерінде түрлі елдердегі өмір жайлы жазылады, бүгінгі күннің өзекті проблемалары мен оларды шешу жолдары талқыланады, ғылыми және діни мәселелер көтеріледі, дүниежүзіндегі сан алуан оқиғалар мен олардың пайғамбарлықтармен байланысына талдау жасалады. Мұндағы мақалалар саяси жағынан бейтарап тұрғыда және барлық халықтар мен нәсілдерге деген сый-құрметпен жазылады. Бірақ ең бастысы, бұл журнал Жаратушы Иемізге және оның әділетсіздік пен заңсыздықты жойып, таяу болашақта жерде тамаша жаңа дүниені орнатпақ ниетіне деген сенімді нығайту керек. Өз басым «Ояныңдар!» журналын оқып жүргеніме бірінші жыл емес болғандықтан, бұл басылымның оқырмандарға кең көлемде ғылыми, танымдық мәліметтер ұсынып, жан-жақты тереңірек ойлануға бағыт-бағдар беретінін бар жауапкершілікпен растай аламын.

Жоғарыда тілге тиек етілген екі журнал – «Күзет мұнарасы» мен «Оянындар!» – бүгінде әлемнің 240-тан астам еліне таратылады.

Америка Құрама Штаттарындағы Ехоба куәгерлерінің бас басқармасында және жержүзіндегі барлық аймақтық филиалдарда қызмет ететіндерді «Бетел отбасы» деп атайды. Әр елде орналасқан Ехоба куәгерлерінің орталығын «Бетел» деп атайды. Бұл сөздің аудармасы «Құдай үйі» деген мағына береді. Әрі бұл жай ғана әдемі атау емес. Бетелде қызмет ету қоғамдағы көрнекті орынды білдірмейді және ешқандай материалдық пайда әкелмейді. Бетелдіктер – толық уақытты қызметшілер. Олар кез келген, тіпті қосалқы жұмыстарды да атқара береді. Бетелде қызмет ететіндерге тамақ, баспана және жеке шығындарын жабатын азын-аулақ ақша беріледі. «Бетел отбасының өмір сүру жағдайын көрген АҚШ билігі оны кедейлік антын бергендерден құралған діни орден деп есептейді екен... Басқа Ехоба куәгерлері сияқты олар да уағыз ісіне жүйелі түрде қатысады»¹.

«Киелі кітаптық отбасы» деп аталған алғашқы бетелдік отбасы Аллегейни қаласында (*Пенсильвания штаты*) құрылған. 1896 жылы онда 12 адам қызмет еткен.

Бетелге көмектескісі келетіндер өте көп. Олардың әрбірі өзінің қалауы туралы өтінішті жергілікті ұйымның жетекшілеріне тапсыра алады. Сосын бұл өтініш филиалда қаралып, егер тілек білдіруші тиісті талаптарға сай болса, оны Бетелге шақыруы мүмкін.

1997 жылға дейін бұрынғы Кеңестер одағы аумағындағы Ехоба куәгерлерінің қауымдары Германиядағы филиалдың қарамағында болған.

Алғашқы неміс филиалы 1902 жылы Эльберфельд қаласында (*бүгінде Вупперталь*) құрылады. Ал 1923 жылы қажетті әдебиеттерді шығаруға едәуір қолайлы болғандықтан ол Магдебург қаласына

¹ Свидетели Иеговы – возвещатели Царства Бога. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2005. – 295-б.

ауыстырылады. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін филиал Висбаден қаласында құрылады. Алайда 1970 жылдардың соңына қарай оның аумағы өскелең талаптарға сай болмай қалады. Сондықтан біршама қолайлылау жерді таңдау қажеттілігі туындайды.

Бұған Зельтерс муниципалитеті (*Таунус*) ыңғайлы деп табылып, сол жерге үлкен ғимараттар кешені тұрғызылады. Оның бағышталуы 1984 жылы өткізіліп, небәрі 10 жылдың ішінде кешеннің көлемі және екі есе кеңейтіледі¹.

Маған 2009 жылы Зельтерстегі филиалда болудың сәті түскен еді. Мені оның орналасқан жері, керемет сәулеті және жер аумағын өте тиімді пайдаланғандары қайран қалдырды. Сондағы Бетелдің офистері мен қосымша шаруашылықтарға арналған жайларынан бөлек, емін-еркін пайдалануға болатын кітапханасы (*мұнда кірген әрбір адам қызмет көрсетуші кітапханашы болмағандықтан, өзіне ұнаған кітапты алып, кейін оқып болған соң, сол орнына қайта қояды*) және өте жайлы жатын бөлмелері бар 9 тұрғын үй ғимараты бар екен.

Жұмыс күндері таңертең бүкіл Бетел отбасы «Киелі жазбаларды күнделікті зерттеу» кітапшасынан сол күнге арналған тармақты талқылау үшін жиналады. Кездесу бір ақсақалдың Құдайға дұға айтуымен басталады. Сосын төрағаның басшылығымен 15 минуттық талқылау өтеді. Кейбір отбасы мүшелері өздерінің алдын ала дайындаған түсініктемелерімен бөліседі. Талқылаудан кейін оқу кестесіне сәйкес Киелі кітаптан үзінді оқылады. Қысқа уақытқа жоспарланған мұндай жиын төрағаның дұғасымен аяқталады.

Әр дүйсенбі сайын кешке Бетел отбасы Патшалық сарайда «Күзет мұнарасы» журналының көмегімен Киелі кітапты зерттеуге жиналады. Кейде зерттеуден соң ерекше рухани шаралар өткізіледі.

Жұмыс күндері таңертең және дүйсенбі күні кешке Киелі кітапқа негізделген ойларды талқылау – бетелдік өмірдің ажырамас маңызды бір бөлігі.

¹ Ехоба кеуәгерлерінің Германиядағы филиалына қош келдіңіздер! Буклет. – Зельтерс, 2009.

Отбасының жаңа мүшелері Бетелдік қызметті бастаушыларға арналған мектепке барады және олардан филиалдағы қызметінің бірінші жылында Киелі кітапты толық оқып шығу талап етіледі. Әрі мұны ол өзінің жеке уақытының есебінен орындау керек¹.

Германиядағы Бетелде мынадай бөлімдер жұмыс істейді:

Филиал комитеті. Ол Ехоба куәгерлерінің Басқарушы кеңесінің нұсқауларына сәйкес Германияда уағыздау және шәкірт дайындау істерін ұйымдастыруға қам жасайды;

Қызмет бөлімі. Хат алмасумен айналысады, мысалы, аралаушы бақылаушылармен, қауым ақсақалдарымен, тұрақты ізашарлармен. Бұл бөлім сондай-ақ әр қауымға уағыздау аумағын тағайындайды және Германиядағы уағыздау қызметі туралы жалпы есепті жүргізеді. Бөлім әртүрлі теократиялық шараларды (*мектептер, конгрестер және т. с. с.*) өткізуді жоспарлайды;

Жұртшылықпен байланыс бөлімі. Оның басты міндетіне, билік өкілдеріне, ақпарат құралдарына және көпшілікке Ехоба куәгерлерінің нанымдары мен қызметтері туралы тура мәліметтер беруді ұйымдастыру жатады;

Компьютер бөлімі;

Ауруханалармен байланыс қызметі. Оның міндеті – қан құймай емдеуге қатысты мәліметтерді жинап, оларды дәрігерлер мен заңгерлерге жеткізу. Сондай-ақ бір сенімдегілерге қан құймай емдеуге дайын дәрігерлерді табуға көмектеседі (*бүгінде мұндай дәрігерлердің саны Германияда 5 мыңнан асады*);

Жазушылар бөлімі. Басылымдарда жариялау үшін материалдар дайындайды;

Аударма бөлімі;

Ым тіліндегі студия;

Дыбыс жазу студиясы.

¹ Ехоба куәгерлерінің Германиядағы филиалына қош келдіңіздер! Буклет. – Зельтерс, 2009.

Бүгінде Германиядағы филиал бұрынғы Кеңестер одағы аумағында, соның ішінде Қазақстанда да рухани іс-шараларға жетекшілік етпейді, бірақ орыс және қазақ тілдеріндегі, сондай-ақ бұрынғы КСРО құрамына кірген елдердегі халықтардың тіліндегі барлық әдебиеттер әлі де Зельтерстегі баспаханада басып шығарылуда. Ондағы баспахана өте үлкен, нағыз заманауи кәсіпорын. Мұнда жұмыстардың басым бөлігі автоматтандырылған машиналармен, механизмдермен атқарылады.

Оның үстіне, неміс филиалында талантты сәулетшілер мен құрылысшылардың үлкен тобы шоғырланғандықтан, өзге елдерде Патшалық және Конгресс сарайларын, Бетел ғимараттарын соғуға байланысты баға жетпес ақыл-кеңестер беріп, зор көмек жасайды.

Зельтерстегі филиал туралы әңгіме айтылғанда және бір маңызды жайтқа тоқталмай кету мүмкін емес сияқты.

Ехоба куәгерлерімен қырғи қабақ болып жүрген агрессияшы белсенділер көбіне Еуропада, соның ішінде Германияда бұл діни ұйымның қызметіне тыйым салынған дегенді жиі айтып жатады. Міне, сондықтан да мен Германияда болған кезімде, осы мәселенің анық-қанығына көз жеткізуге тырыстым. Енді ашығын айтайын, мұның бәрі бос сөз екен!

Біріншіден, 2009 жылы Ехоба куәгерлерінің халықаралық конгресінің Германияда өткенінің өзі көп нәрсені айқындап тұрған жоқ па. Мысалы, Берлинде өткен конгресс Олимпиадалық стадионда ұйымдастырылып, оған 47 мыңнан астам делегат қатысты. Конгресс барысында бір мезгілде бес сектор: неміс, ағылшын, поляк, орыс және орысша ым тілдерінде жұмыс істеді. Дәл сол күні тап осындай халықаралық конгрестер Германияның Дортмунд, Франкфурт, Гамбург және Мюнхен қалаларында да өткізіліп жатты. Ал сол жиындарға қатысушылардың жалпы саны 209 000-нан асып кеткен еді. Солардың ішінде орыс тілінде сөйлейтін делегаттардың саны 26 000 мың болса, олардың 380 адамы Қазақстаннан барғандар-тын. Конгресс бағдарламасы 17 тілде жүргізілді. Конгреске

дейін және одан кейін неміс филиалын таныстыруға арналған экскурсиялар ұйымдастырылды. Бұған қатысқандардың жалпы саны 14 000 адам болды.

Осындай төрт күнге созылған ерекше ауқымды шараның жоғары деңгейде тәртіптілікпен өткізілуі, әрине, Германияның үкіметі мен жергілікті полицияның аталмыш конгреске деген бейбіт ықыласының арқасы екендігін де ұмытпай атап өткеніміз жөн. Сол конгреске қатысқан мен сондағы тәртіпке жауапты адамдардың айрықша мәдениеттілігі мен тілектестігіне қайран қалумен болдым. Барлығы керемет ұйымдастырылғаны соншалық, алып стадионда сан мыңдаған адамның бар екендігі тіпті де байқалмады...

Екіншіден, Ехоба куәгерлері Германияда белсенді түрде қызмет етіп жүргеніне 100 жылдан асты. Иә, олар кезінде национал-социалистердің, ал Шығыс Германияда коммунистік құрылысты жақтаушылардың қатаң қудалауына ұшырағаны рас. Бірақ бұның бәрі өтіп кеткен нәрсе ғой.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін бөлініп кеткен екі Германия қайта қосылған соң, Ехоба куәгерлері өздерінің бірлестігінің көпшілік-құқықтық корпорация ретінде бүкіл Германияның аумағында ресми мойындалуына бар күштерін салады. Сөйтіп, 12 жылға созылған сот процесі басталады.

Ақыры 2000 жылы құрамына жеті судья кіретін Федералды конституциялық сот бірауыздан Ехоба куәгерлерінің пайдасына шешілген шешім қабылдайды. Осы құжатта мемлекет пен діни топтардың арасындағы негіз боларлық қатынастар туралы нақты айтылады. Яғни, діни ұйымның мәртебесі «оның сенім-нанымдарымен емес, оның іс-әрекеттерімен анықталады» деген тұжырым жасалады.

Сондай-ақ сот Ехоба куәгерлері «христиандық бейтараптық» ұстанғанда, ешқандай «демократиялық принциптерді» бұзбайтындығын және «демократияны өзге бір саяси бағытпен алмастыруға тырыспайтындығын» атап көрсетеді. Сондықтан Ехоба куәгер-

лерінің саяси сайлауларға қатысудан бас тартулары олардың заңды тұрғыда танылуларына ешқандай бөгет болмауы тиіс (*Жохан 18:36; Римдіктерге 13:1*).

Бұған қоса сот кез келген сенуші, мейлі ол Куэгер немесе басқа діннің өкілі болсын, кейде мемлекеттің талаптары оның ұстанған дінінің талаптарына қайшы келетін жағдайларға тап болуы мүмкін екенін атап өтеді. Міне, мұндай кезде, егер сенуші өз ар-ұжданының әмірі бойынша «адамдарды емес, Құдайды көбірек тыңдаса» (*Елшілердің істері 5:29*), мемлекет мұны дін еркіндігі беретін кепілді құқық ретінде қарастырғаны жөн дегенді ескертеді.

Беделді соттың осы шешімі баспасөз беттерінде жарыса жарияланады. Тіпті Германияда бұл туралы жазбаған бір де бір газет қалмаған шығар-ау. Бұл аздай, елдегі барлық маңдайалды теле-радиостанциялар да осы оқиғаға қатысты репортаждар мен сұхбаттарды үстін-үстін төпеп жібереді.

Түптеп келгенде, осының бәрі Германияның әртүрлі аймақтарындағы Ехоба куэгерлері қауымдарының құқықтық мәртебесі туралы оң шешімдердің қабылдануына бірден-бір негіз болады. Сөйтіп, 2005 жылдың 24 наурызында Берлиннің Жоғарғы әкімшілік соты Берлин жері Ехоба куэгерлерінің көпшілік-құқықтық корпорация ретіндегі құқығын мойындауы тиіс деген қаулы шығарады. Бұдан кейін іле-шала дәл осындай шешімді Германияның көптеген жерінің жоғары сот органдары да қабылдайды.

Үшіншіден, бір қызық жайт, Берлин қаласындағы көшелердің бірі Ехоба куэгері – Эмми Цеденнің есімімен аталады. Ал бұл, Ехоба куэгерлері Германияда өздерінің Құдайға деген адалдығымен, кешегі нацизм кезінде бейтараптықты берік ұстануымен айрықша танымал әрі сыйлы дегенді білдірсе керек-ті. Енді осы әйел туралы қысқаша әңгімелеп берейін.

Эмми 1900 жылы туыған. Ол Рихард Цеден деген кәсіпкер еврей жігітіне тұрмысқа шығады. Алайда Рихард нацистік тәртіп тұсында Освенцим концлагерінде қаза болады...

Рихард пен Эмми Хорст Шмидт есімді баланы асырап алған еді. Хорст ер жетіп, әскерге шақырылған кезде, ол қашуға мәжбүр болды. Содан Эмми ұлын және оның екі жолдасын үйіне жасырып қояды. Бірақ көп ұзамай оларды тауып алады. Сөйтіп, төртеуі де өлім жазасына кесіледі: үш жас жігітті – әскерде қызмет етуден бас тартқаны үшін, ал Эммиді – оларды жасырғаны үшін. Артынша үкім орындалып, Хорстың екі жолдасының басы алынады... Эмми шығарылған үкімге шағым түсіреді. Бірақ оның өтініші қанағаттандырылмайды. Берлиндегі Плетцензе мемориалдық музейіндегі ресми құжаттар бойынша Эмми Цеден 1944 жылдың 9 маусымында өлім жазасына тартылды. Ал оның ұлы Хорст Шмидт нацистік қудалауларға соңына дейін төтеп беріп, кейін өзі сияқты концлагердің азабын басынан өткерген Куәгер қызға үйленеді.

1992 жылдың 7 мамырында Берлин көшелерінің біріне Цеденнің есімі берілгенде, сөз сөйлеген бір шенеунік Эммидің ерлігі туралы көп марапаттар айтып, оны «ұмыт қалған» соғыс құрбаны деп атайды.

Енді ұйымның Кеңес үкіметінен кейінгі кеңістіктегі тарихына қайта оралайық. Жоғарыда айтып өткеніміздей, Ехоба куәгерлерінің діни ұйымы Кеңестер одағында тек 1991 жылдың 27 наурызында ғана ресми түрде танылады. Және дәл сол 1991 жылы алып КСРО таратылады. Ал 1992 жылдан бастап Қазақстандағы Ехоба куәгерлерінің қауымдары ресми тіркеуден өте бастайды. 1997 жылы олардың Діни орталығы тіркеуден өтеді. 2007 жылы Куәгерлердің орталығы Есік қаласынан (*Алматы облысы*) Алматы қаласына (*Қалқаман-2 ықшамауданы*) көшеді. Бұл жерде әкімшілік және Құдайға ғибадат ететін ғимараттары бар арнайы кешен тұрғызылған болатын.

Қазақстандық Бетел отбасында 80–90 адам қызмет етеді. Жергілікті қауымдардан үздіксіз келіп тұратын еріктілер жұмыстарынан бос уақыттарында Орталыққа келіп, әртүрлі көмек көрсетеді. Бүгінгі таңда еріктілердің көмегі Ехоба куәгерлері үшін әлемдік тәжірибеге айналған. Қазақстандағы Бетелдің құрылымы басқа елдердегі Бетел құрылымына өте ұқсас.

7 гектар жерді алып жатқан қазақстандық орталықтың аумағы көз алдыңа әсем саябақты елестеткендей. Ехоба куәгерлері табиғатты өте жақсы көреді және оны қызғыштай қорғайды. Сондықтан да көптеген еріктілер Бетелге тап осынау ғажайып табиғатты күтіп-баптау үшін келеді. Сонымен қатар бетелдіктер өздері тұратын елдің мәдениетін де қатты бағалайды. Мысалы, жергілікті халыққа тән көріністерді Орталық аумақтың безендірілуінен де, бетелдіктердің киім киістерінен де, тіпті асханадағы тамақтарынан да аңғаруға болады.

Бетелдегі ғимараттар бір-бірімен ішкі өткелдер арқылы қосылған. Жалпы, мұндағы ғимараттардың құрылысы мен Бетелдің жұмыс тәртібі тиімділік пен ойлылық принциптерін байқатып тұрады. Әрі орталықтың ішінен қабағы қатулы не ашуға булыққан жандарды кездестіре алмайсың. Әрбір ерікті үшін орталыққа келу, мұнда жұмыс істеу – бұл, бірінші кезекте, Құдайға қызмет ету. Ал Ехоба – бақытты Құдай, «қуанышпен сый-тарту жасайтындарды» жақсы көретіндігіне Ехоба куәгерлері толық сенеді.

Қазақстандық Бетелде діни әдебиеттер қазақ (*кириллица, араб қарпі*) және ұйғыр (*кириллица, араб қарпі*) тілдеріне аударылады. Бетел бүкіл елдегі барлығы 30 000-нан астам адам қатысатын кездесулерді құрайтын шамамен 260-тай қауымның жұмысын қамдастырады.

Қазақстандағы діни орталық канондық тұрғыда Уорвиктегі (*АҚШ, Нью-Йорк штаты*) бүкіләлемдік бас басқармаға қарайды.


Сонымен, қазіргі таңда Ехоба куәгерлерінің халықаралық діни ұйымының құрылымы толық қалыптасқан және жоғарыдан төменгі сатыға дейін (*жетекші халықаралық орталықтан – жергілікті қауымдар мен топтарға дейін*) жауапкершілік міндеттері нақты айқындалған деп сеніммен айта аламыз.

Шомылдыру рәсімі адамды суға толық батыру арқылы жүзеге асырылады.

2019 жылы дүниежүзі бойынша 303 866 адам, ал Қазақстанда 479 адам шомылдыру рәсімінен өтті

Ехоба куәгерлерің сенуінше, Иса ізбасарларына жыл сайын өлімін еске алып, 14-ші нисан күнін тойлауды өсиет етті.

2019 жылы өткізілген Иса Мәсіхтің өлген күнін еске алу кешіне дүниежүзі бойынша 20 919 041 адам, ал Қазақстанда 30 516 адам қатысты



Тетраграмматон батыс пен орыс әдебиеттерінде және көркем өнер туындыларында, монеталарда кездеседі

Ехоба куәгерлері Құдайдың дара есімі бар деп есептейді, ол – ЕХОБА (орысша айтылымы – Иегова).

Ехоба куәгерлері тетраграмматон деп аталатын, ЙХВХ (YHWH) немесе ИГВГ (JHVH) деген еврейше төрт әріппен берілетін бұл есімнің ежелгі Еврей жазбаларында шамамен 7 000 рет кездесетініне сенімді



Орта ғасыр мен Жаңа уақыт кезінде Құдайдың Ехоба деген есімі монеталардың бетіне жиі басылатын


יהוה



← Елизаветинская киелі кітабы, 1751 ж.

Әулие Михаил шіркеуі (Вена, Австрия)

І Петр заманындағы әскери атрибут, 1700 ж. (Санкт-Петербург, Ресей)





“Его сразил Ееговы гнев!”

А.С. Пушкин
Из письма к Вигелю




“...слишком даже грешно забывать своего сорокавекового Иеговы и отступаться от него.”

Ф.М. Достоевский
Дневник писателя




“Свидетельствую перед Иеговой, что золото не у меня, а у него!”

А.И. Куприн
Суламифь




“Как на челе избранного народа было начертано, что он – собственность Иеговы...”

К. Маркс. Капитал. Критика политической экономики
Том I



“Иегов антропоморфизмі деген санадағы ұғым, қиялдағы бейненің өзі қалай пайда болған?”

Дж Лондон
«Теңіз қорқаушы»
(Ауд. Сейфолла Оспанов,
Дидахмет Әшімханұлы)




“Бог брани, Иегова, Нам помоги. Господы!”

Д.Р. Киплинг
Гимн перед битвой



“...ибо все миры вкупе составляют один великий дом, которым правит Иегова...”

Н.М. Карамзин
Прогулка



“...он молился всемогущему Иегове.”

Н. А. Островский
Как закалялась сталь



Ехоба куәгерлерінің сенуінше, алғашқы мәсіхшілік қауым б.з. 33 жылы, еврейлердің «Елудің күні» мейрамы кезінде пайда болды

Өз діни ғимараттарын Ехоба куәгерлері «Патшалық сарайлары» деп атайды.

Бүгінгі таңда дүниежүзі бойынша 105 000-нан астам Патшалық сарайы бар. Ал Қазақстанда сондай ғимараттардың саны 60-қа жуық



Ехоба куәгерлері сенушілердің топтары қауым деп аталады

Дүниежүзі бойынша Ехоба куәгерлері қауымдарының саны 119 712-ге жетті

Куәгерлердің діни ғимараттары өте қарапайым, ешқандай да діни атрибуттармен ерекшеленбейді. Кездесулерінде де ешқандай мистикалық рәсімдер, әдет-ғұрыптар, т.б. жасалмайды. Қауым мүшелері бірге жиналғанда, діни әдебиеттерін талқылайды



Конгрестер – Ехоба куәгерлерінің діни дағдыларының ерекшелігі

Жыл сайын ұйымдастырылатын осындай шаралар кішігірім де, мыңдаған адам жиналған үлкен де болады. Конгрестерге бір қала сенушілері де, бірқатар елден келген делегаттар да қатысуы мүмкін



Кейбір айтулы конгрестер

1919

Сидар-Пойнт (Огайо штаты, АҚШ)

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін ұйымдастырылған алғашқы үлкен конгрестер. Бұл жиында «Алтын ғасыр» (қазір «Ояныңдар») журналының жарыққа шыққалы жатқандығы хабарланды. Бұл журналдың мақсаты «ағымдағы маңызды жаңалықтарды жазып, сол оқиғалардың не себепті болып жатқанын Жазбалар тұрғысынан түсіндіріп беру» еді.

1993

«Құдайдың тәлімі» конгресті (Киев, Украина)

Бұл конгрестер шомылдыру рәсімінен өткендердің ең жоғарғы көрсеткішімен ерекшеленді – 7 402 адам

1958

«Құдай еркі» халықаралық конгресті (Нью-Йорк, АҚШ)

Нью-Йоркте өткен бұл конгрестер әлемнің 123 елінен 250 000-нан астам адамның басын қосып, бір қалада өткізілген ең үлкен халықаралық конгрестер болып шықты





▲
2009 жылы өткен халықаралық конгрестердің бірі

2017 жылдың маусым айында Алматыда бірінші рет Орта Азия деңгейіндегі үшкүндік арнайы конгресс өткізілді. Оған шет елдерден, соның ішінде АҚШ-тан, Мексикадан, Грузиядан, Украинадан, Қырғызстаннан, Германия мен Еуропаның басқа елдерінен шақырылған 1500 қонақ қатысты





Ехоба куәгерлерінің әкімшілік орталықтары (филиалдар) Бетел (евр.«Құдайдың үйі») деп аталады

Дүниежүзі бойынша филиалдардың саны – 87, солардың 15-і әдебиеттер басып шығарады

Ехоба куәгерлерінің Уорвиктегі дүниежүзілік бас басқармасы (Нью-Йорк, АҚШ)

Паттерсондағы оқу орталығы (Нью-Йорк, АҚШ)





Уолкиллдегі филиал
(Нью-Йорк, АҚШ)

Орталық Еуропа филиалы
(Зельтерс, Германия)



**Федор
Макарович
ЖИТНИКОВ**

Қазақстандағы Ехоба
күәгерлерінің мәсіхшілік
орталығының Басқарушы
комитетінің бірінші төрағасы



**Полат
Гауһарбекұлы
БЕКЖАН**

Қазақстандағы Ехоба
күәгерлерінің мәсіхшілік
орталығының Басқарушы
комитетінің қазіргі төрағасы




«Киелі жазбалар – Жаңа дүние аудармасының» толық нұсқасы 1961 жылы ағылшын тілінде жарық көрді

2013 жылы оның қайта қарастырылған нұсқасы шықты

Бүгінде бұл аударма тұтастай не оның кейбір бөліктері 190-нан аса тілде қолжетімді. Соның ішінде Орта Азия тілдері де бар:

- қазақ тілі, шыққан жылы – 2014
- өзбек тілі, шыққан жылы – 2017
- тәжік тілі, шыққан жылы – 2017
- түрікмен тілі, шыққан жылы – 2019

2014 жылдың қыркүйек айында Ехоба куәгерлері Басқарушы кеңесінің мүшесі Геррит Лёш «Киелі жазбалар – Жаңа дүние аудармасы» басылымының қазақ тіліндегі нұсқасы жарыққа шыққандығын хабарлады



БЕСІНШІ ТАРАУ

ТЕОКРАТИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ. ЗАЙЫРЛЫ БІЛІМГЕ ДЕГЕН КӨЗҚАРАС

«Мәсіх паш еткен кемелділік мұраты, – деп жазады орыстың ұлы жазушысы Лев Толстой, – жай ғана арман немесе риторикалық уағыздау құралы емес, қайта, ең қажетті, барша адамдарға өнегелілік ұстанымдарға қатысты қолдануға қолжетімді басшылық...»¹.

Дана сөз бе? Иә, бұған талас жоқ!

Бұл сөздер менің ойыма Ехоба куәгерлерінің біліміне, жалпы, олардың білімге деген көзқарастарына қатысты мәселелерді зерттей бастаған кезде келген еді. Өйткені бұл ұйым о баста «Киелі кітап зерттеушілерінің халықаралық ассоциациясы» деп аталған болатын. Міне, осының өзі-ақ олардың діни ілімдерінің басты принциптері туралы көп нәрсені аңғартып тұрған-ды. Осы кітаптың бірінші тарауында айтылғандай, Ехоба куәгерлері қандай да бір басқа діннен бөлініп шыққан жоқ, олар «Киелі кітап өзі үшін өзі сөйлегенін» қалаған зерттеуші-бастамашылардың шағын тобынан пайда болады. Бұл зерттеушілер барлық діни ілімдердің Киелі жазбаларға сәйкестігін тексеруді мақсат тұтады. Нәтижесінде қазіргі Ехоба куәгерлерінің ұстанымын сипаттайтын талап-ережелер пайда болуда. Ехоба куәгерлері о баста-ақ «дәлелденбеген қағидалар» мен «түсініксіз құпиялардан» үзілді-кесілді бас тартқан. Сонымен түйіндеп айтсақ, Куәгерлер жай ғана сенушілер емес, керісінше, Киелі кітаптағы шындықтарды тұрақты түрде зерттеп, нағыз ақиқатты

¹ Толстой Л. Н. Крейцеровна соната. Послесловие к «Крейцеровой сонате». – 47-б.

табуға тырысқан адал да әділетті жандар екенін байқаймыз. Міне, мұны түсіне білу өте маңызды!

Ехоба куәгерлерінің сеніміне қатысты білімнің және зерттеудің қаншалықты маңызды екенін түсіну үшін, Қоғамның бірінші президенттерінің осы мәселе туралы айтқан пікірлеріне, сондай-ақ әр жылдары шыққан «Күзет мұнарасы» журналынан алынған мына бір үзінділерге назар аударайықшы:

«Шындық өмір деп аталатын жабайы далада өсіп тұрған нәзік гүлге ұқсайды: алайда тіршіліктегі тұтасқан арсыз өтіріктер оны тұншықтырып тастауға бар... Ал сіз осындайда... шындыққа көмектескіңіз келе ме? Ендеше күндіз де, түнде де сергек болыңыз! Егер әсем гүлдің, шындықтың, өсіп-жетілгенін қаласаңыз – арамшөптер мен кертартпа тікендерді жұлып тастаңыз. Егер шындықты иемденгіңіз келсе – ерінбей еңкейіп, жерден теріп алыңыз. Әрі шындықтың бір гүлін тауып алсаңыз, сонымен шектеліп қалмаңыз. Өйткені біреуі жеткілікті болса, басқалары болмас еді ғой... Сондықтан еш ерінбей жинай беріңіз, іздей беріңіз!» («Күзет мұнарасы» журналының 1879 жылы шілде айында жарық көрген бірінші нөмірі)¹.

«Біздің жалғыз үлгіміз – Киелі кітап, ал Киелі кітаптық ілім – біздің сеніміміз үшін бірден-бір негіз; біз Киелі кітаптағы шындықтың біртіндеп ашылатынын көріп жүрміз, сондықтан біз бұған дайынбыз және біздің Үлгіміздің жарығы жарқырап түскен сайын шындықтың айқындала түсетінін білгендіктен, тіпті өзіміздің діни ілімдерімізді толықтыруға немесе қайта қарастыруға да әзірміз» («Күзет мұнарасы», 1882 жыл, сәуір)².

«Сана қабылдамаған нәрсені, жүреппен қабылдау мүмкін емес... [Христиандар] өздері сенетін Жазбалардың шындық екеніне сенімді болу керек. Олар өздерінің сенімдері не нәрсеге негізделгенін білуі тиіс» (Дж. Ф. Рутерфорд)³.

¹ Сторожевая башня. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1996. 15 мамыр. – 15-б.

² Свидетели Иеговы – возвестители Царства Бога. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2005. – 133-б.

³ Сторожевая башня. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1997. 1 қазан. – 6-б.

«Басқарушы кеңес Құдайдан аян алмайды және олар кемелді емес. Сондықтан Киелі кітап ілімдерін түсіндіргенде не ұйымға басшылық бергенде, қателесуі мүмкін»¹.

«Ара-тұра Киелі кітаптағы қандай да бір пайғамбарлыққа не жазба орнына қатысты түсінігіміз өзгеріп тұрады. Мұндайда жаңа түсінікті жан-жақты зерттеп, ойланып-толғануға уақыт бөлу керекпіз... Біз ескі түсінік пен жаңасының арасындағы басты айырмашылықты ғана көріп қоймай, ұсақ-түйек жайттарға да мән бергеніміз жөн. Осылай жіті зерттесек, жаңа шындықты қазынамызға ұқыппен салып қоямыз»².

Ехоба куәгерлерінің бүгінгі тарихы олардың үнемі қозғалыста, Киелі кітаптағы қандай да бір шындықтарға қатысты түсініктері тоқтаусыз жетілдірілу үстінде екенін көрсетеді. Мұндай өзгерістер, Куәгерлердің тілімен айтқанда, «түсінудегі нақтылаулар», оларды мүлдем үркітпейді де, қорқытпайды да. Қайта керісінше, өздерінің ілімдерінің шындық екендігіне көздерін жеткізіп, Құдайдың өздеріне ықыласты екендігіне сендіре түседі.

Міне, осынау ерекшелікті ескерер болсақ, Ехоба куәгерлерінің жалпы білімге деген көзқарасын жақсырақ түсінуге болар еді.

Ехоба куәгерлерінде шомылдыру рәсімінен өткен әрбір адам Құдайдың қызметшісі болып табылады. Оларда арасында енжар сенушілер деген болмайды. Сол сияқты Ехоба куәгерінің отбасында туылдым ғой немесе ұзақ жылдар кездесулерге қатысып жүрмін ғой деген де жеткіліксіз. Негізінен Ехоба куәгері – өзіндік ойлау қабілеті бар және дүниетанымы ерекше адам. Олар үшін білім аса маңызды рөл атқарады.

Ехоба куәгерлерінің Құдайға құлшылық ету қызметінің барлық түрінде білім үрдісінің элементтері бар. Сенушілер өздеріне ұсынылған рухани тақырыптағы ақпараттарды жай тыңдап қана қоймай, оларды бәрі бірігіп талқылайды. Оның үстіне, ұйымның

¹ Күзет мұнарасы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2017. Ақпан. – 24-б.

² Күзет мұнарасы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2017. Маусым. – 13-б.

құрылымының өзінде «теократиялық оқыту» деп аталатын жүйе ертеден қалыптасқан. Онда әртүрлі теократиялық мектептер¹ жұмыс істейді. Негізінен Ехоба куәгерлері бүкіл өмірінде теократиялық білім алу мектебіне қатысады. Мысалы, шомылдыру рәсімінен өтпес бұрын адам Киелі кітапқа негізделген екі басылым бойынша білім алады. Содан кейін шомылдыру рәсімінен өтер алдында, алған білімінің деңгейін, жеке өмірінің Киелі кітап талаптарына сәйкестігін тексеру үшін онымен екі талқылау өткізіледі. Сондай-ақ шомылдыру рәсімінен өткенге дейін ықылас білдірушілер әр апта сайын «Біздің мәсіхшілік өміріміз бен қызметіміз» кездесуінде тапсырмалармен жұмыс істеуді үйренеді. 2016 жылға дейін Ехоба куәгерлерінің қауымдарында «Теократиялық қызмет мектебі» деп аталатын кездесу бөлек ұйымдастырылатын. Ал 2016 жылдан бастап жаңадан ашылған «Біздің мәсіхшілік өміріміз бен қызметіміз» деп аталатын апталық кездесудің бір бөлігіне айналды. Бұл жөнінде осы кездесулерде оқу-әдістемелік құралы ретінде қолданылатын «Теократиялық қызмет мектебінде білім аламыз» деген кітапта былай дейді: «Жасы, ұлты және білім деңгейлері әртүрлі болғанына қарамастан, осы тегін теократиялық білімді барлық адамдар алуда»². Әлбетте, бұл жерде «барлық адамдар» деп айтылғанмен, теократиялық білім алғысы келетін адамға қойылатын ең басты шарт – оның өмірі мәсіхшілік талаптарға сай болу керек.

Сөз сөйлеу шеберлігін қауым кездесулеріне тұрақты түрде қатысып жүрген, Киелі кітаптың ілімдерімен келісетін және мәсіхшілік

¹ Мұндай «мектептерді» біздің түсініміздегі дәстүрлі мектептермен, яғни жалпыға бірдей білім беретін мекемелермен шатастыруға болмайды. Өйткені оларда оқытуға міндеттелген пәндердің тізімі де, алған білімдерін сараптайтын тестер де, емтихандар да, баға қою жүйесі де жоқ. Сол сияқты мектепті бітірген соң, соны растайтын қандай да бір ресми құжат та берілмейді. Оның үстіне, мектепті бітіргендерге қандай да бір мамандық та берілмейді. Ал негізінен біздің білетініміз, Куәгерлерде дәстүрлі бір ғана мектеп бар. Ол – «Күзет мұнарасының Ғалақад Киелі кітап мектебі». Әрі оны бітірген студенттер арнайы диплом алады.

² Теократиялық қызмет мектебінде білім аламыз. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2005. – 5-б.

принциптермен өмір сүретіндердің барлығы (*ата-анасының қатысуымен оқи алатын балалар да*) үйрене алады.

Үйге берілетін тапсырмалар «Біздің мәсіхшілік өміріміз бен қызметіміз» кездесуіне арналған жұмыс дәптері» деп аталатын арнайы басылымда алдын ала көрсетіледі. Бұл басылым Ехоба куәгерлеріне және қауым кездесулеріне тұрақты түрде қатысып жүретіндерге арналған. Мұнда әр аптаға арналған кездесудің кестесі және Киелі кітапты жеке оқыған кезде толығырақ түсінуге көмектесетін сипаттамалар беріледі. Басылым жұмыс дәптері сияқты жасалғандықтан, оған өзіңнің жеке пікірлеріңді де жазуға болады. Кездесулердің бағдарламалары әдеттегідей Куәгерлердің сайтында жарты жыл бұрын жарияланып тұрады. Басты оқулық – Киелі кітап, өйткені оны әрбір адам жақсы білуі тиіс. Алайда Киелі кітаптан басқа арнайы оқулық та бар. Ол – «Оқу мен тәлім беру қабілетін шыңдайық» деп аталады. Бұл кітапша 2019 жылдан бастап бұрынғы «Теократиялық қызмет мектебінде білім аламыз» деген оқулықты алмастырды. Оқулықта ойыңды сауатты жеткізуге, көпшілік алдында қысылмай баяндама айтуға, дұрыс оқуға, басқа сөзбен айтқанда, шешен сөйлеуге, шебер уағыздауға үйрететін пайдалы кеңестер мол. Міне, солардың кейбірін ғана атап өтейік, олар кітаптың мынадай тарауларында жан-жақты сөз болады: «Сауатты оқу», «Шабытпен сөйлеу», «Рухты көтеретін сөздер мен оң көзқарас», «Жүрекке жеткізіп сөйлеу», «Тәлім берерлік мысалдар», «Пайдалы мәлімет айту», т.б. Кітапта барлығы іс жүзінде қолдануға тиімді 20 сабақ берілген. Әдістемелік құрал өзіндік бірегей өзгешелігімен ерекшеленеді. Өйткені бұл еңбекке уағыздаушылардың халықаралық ұйымының 80 жылдық іс-тәжірибесі арқау болған (*Алғашқы мектеп 1943 жылы ұйымдастырылған*). Әрбір сабаққа тәлім беретін бейнежазбалар ұсынылады.

Егер жариялаушы тұрақты ізашарлықты алса, онда ол бір жылдан кейін бір апталық «Ізашарлық қызмет мектебі» курсынан өтеді. Сондай-ақ аудандық бақылаушымен және ақсақалдармен арнайы ұйымдастырылған тәлім беру кездесулеріне қатысады.

Егер сенуші ер адам қызмет көмекшісі болып немесе ақсақалдық қызметке тағайындалса, бірнеше жылдың ішінде ол міндетті түрде «Патшалықтың қызмет мектебі» деп аталатын арнайы курстан немесе бес күндік «Қауым ақсақалдарына арналған мектеп» деген курстан өтеді. Бұл курстарда оған қауымда тағайындалуына байланысты жүктелетін міндеттерін қалай дұрыс атқарып, жариялаушыларға қалай көмектесуге болатындығы жайлы кеңестер беріледі.

Егер сенуші Бетелге қызметке шақырылса, онда «Бетелде қызмет етуді бастағандарға арналған мектеп» деген курстан өтеді.

Егер сенуші аралаушы бақылаушы қызметіне тағайындалса, онда ерлі-зайыптылар «Аралаушы бақылаушылар мен олардың әйелдеріне арналған мектепте» оқиды.

Бұл мектептер осымен бітпейді, олар әрмен қарай да жалғаса береді... Ехоба куәгерлері ұйымында кез келген тағайындау міндетті түрде қосымша білім алумен байланысты болады. Мұндағы ең басты мақсат – тағайындалған адамға өзінің жаңа міндеттерін мейлінше жақсырақ атқаруға үйретіп, нәтижесінде өз ісінен көбірек қанағат алуына көмектесу.

Енді Ехоба куәгерлерінің бүгінде ұйымдастырылатын апталық қызмет кездесулеріне шолу жасап көрейік.

Әр апта сайын Ехоба куәгерлерінің қауымдарында «**Біздің мәсіхшілік өміріміз бен қызметіміз**» деп аталатын кездесу өтеді. Бұл кездесу әнмен және дұғамен басталады. Кездесудің бағдарламасы басты-басты үш бөлімнен тұрады:

1) **Құдай сөзінде жатқан қазына.** Бұл бөлімнің бірінші бөлігінде сол аптада оқылуға тиісті Киелі кітаптағы тарауларға және жұмыс дәптеріндегі сипаттамаларға негізделген 10 минуттық баяндама айтылады. «Асыл тастарды іздеп табайық» деген екінші бөлігінде 10 минут аралығында көрсетілген тараулардағы ойлар талқыланды. Сосын 4 минут ішінде Киелі кітаптан үзінді оқылады;

2) **Қызметіміздің сапасын арттырайық.** Әдетте, бұл бөлімде үш оқушы адамдарға бірінші рет және қайта барғанда қалай

уағыз-дауды, сондай-ақ Киелі кітапты зерттеу сабақтарын қалай жүргізуді көрсетеді;

3) **Мәсіхшілік өміріміз.** Бұл бөлімде Киелі кітап принциптерін күнделікті өмірде қалай қолдануға болатындығы жайлы айтылады. Оның басты бөлігі – қауымда Киелі кітапты сұрақ және жауап арқылы зерттеу. Бүкіл бағдарлама барысында Ехоба куәгерлерінің сайтынан алынған бейнежазбалар қауым кездесуінде талқыланып жатқан тақырыптарға сәйкес кеңінен қолданылады. Иә, осы айтылғандардың бәрін Куәгерлердің өз сөздерімен түйіндейтін болсақ, олар былай дейді: «Апта ішіндегі кездесуде зерттеу жасауды, ойымызды қисынды жеткізуді, сондай-ақ өзгелерді тыңдауды және өзіміздің ғана емес, өзгелердің де рухани күйін ойлауды үйренеміз»¹.

Әр апта сайын ұйымдастырылатын және бір кездесу демалыс күндері өткізіледі. Ол екі бөлімнен тұрады. Кездесу әдетте 30 минуттық баяндамамен басталады. Онда Киелі кітаптық ілімдер, пайғамбарлықтар талқыланады немесе мәсіхшілік өмір салтына қатысты кеңестер беріледі. Осындай баяндамалардың кейбірінің тақырыптары былай деп аталады: «Отбасылық проблемалардың шешімі бар», «Барлық жағдайда әділ болыңыздар», «Көктегі мейірімді Әкелеріңіз сияқты, сіздер де мейірімді болыңыздар», «Құдай үшін сіздердің билікке қатысты көзқарастарыңыз маңызды», «Құдайдың некеге және ашыналық қатынасқа қатысты көзқарасы», «Балалар – жауапкершілік әрі бата», «Қонақжай болыңыздар», «Ауыртпалықтар – Құдайдан ба?», «Сіз кекшілсіз бе, әлде кешірімшілсіз бе?», «Достарды даналықпен таңдай біліңіз», «Өлгендер қандай күйде болады?» т.с.с.

Баяндамадан соң қатысушылардың бәрі орындарынан тұрып, музыкалық сүйемелдеумен ән шырқайды. Сосын осындай кездесулерде арнайы талқылауға арналған «Күзет мұнарасы» журналын-

¹ Құдай Патшалығы билік етуде! – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2014. – 188-б.

дағы бір мақаланың көмегімен Киелі кітапты зерттейді. Мұндай зерттеу келесідей сценарий бойынша өткізіледі:

Талқылауды жүргізуші мен оның көмекшісі (*дауыстап оқушы*) өткізеді. Көмекші мақаланың бір немесе екі абзацын оқып болған соң, жүргізуші оқыған мәтін бойынша мақалада келтірілген сұрақтарды қауым кездесуінде отырғандарға қояды.

Кез келген қатысушы қойылған сұрақтар аясында өз түсінігін оқылған абзацтардағы ойлармен, Киелі кітап тармақтарымен, өмірлік мысалдармен байланыстыра отырып, айтып береді. Әдетте әр абзацқа бірнеше түсініктеме беріледі. Мақаланы талқылауға барлығы алдын ала дайындалады. Бұл кездесу бір сағат өтеді.

Өз басым зерттеу мақсатымен осындай жиналыстарға қатысқаным бар. Сонда байқағаным, жиналысқа қатысушылардың барлығы дерлік талқылауға өте белсенді қатысады екен. Мұнда асқан әдептілікпен әркімнің пікірі бағаланады. Қажет болған жағдайда әрбір сұраққа қатысты айтылған пікірлерді қорытындылап, оқылғанды анығырақ түсінуге көмектесу жүргізушінің міндеті болып табылады. Осындай үлгі аларлықтай ерекшеліктерді байқаған мен, әсілі, жоғары оқу орындарындағы гуманитарлық кафедралардың оқытушылары өздерінің семинарларында түпнұсқа мәтіндермен қалай жұмыс істеуді осылардан үйренсе артық болмас еді-ау, деген ойға қалдым.

Сондай-ақ әрбір мәсіхші Киелі кітапты жеке зерттеу үшін апта сайын арнайы уақыт бөледі. Ал отбасы барлар отбасылық зерттеу өткізеді. 2009 жылдан бастап Куәгерлер қауым кездесулерінің санын үштен екіге қысқартты. Мұндай өзгерістің басты мақсаты – қосымша уақыт бөлу арқылы сенушілерге Киелі кітапты отбасыларымен бірге зерттеу үшін көбірек мүмкіндік беру еді. Мұндай кездесуді өткізуге арналған қандай да бір ереже жоқ. Сондықтан оны қалай өткізуді ата-аналардың өздері шешеді. Тек бұған қатысты берілетін жалғыз кеңес отбасылық талқылауға ата-ананы, балаларды толғандырып жүрген тақырып таңдалғаны жөн, әрі талқылау ресми тұрғыда емес, қайта керісінше, еркін және қызықты өту жағы ойластырылғаны лазым. Ехоба куәгерлерінің ілімі бойынша, балаларды

тәрбиелеу мәселесімен ұйым емес, олардың ата-аналары айналысуы тиіс болғандықтан, осындай «отбасылық зерттеулердің» тигізер пайдасы мол болмақ.

Алдыңғы тарауда айтылғандай, апта сайынғы білім беру бағдарламасынан бөлек арнайы бір күндік аудандық (*аудандар бойынша жылына екі рет өткізілетін*) және үш күндік аймақтық (*бірнеше аудандарға арналған жылына бір рет жаз айларында өткізілетін*) конгрестер қарастырылған. Сондай-ақ халықаралық және арнайы конгрестер өткізіледі. Олардың тақырыбы әлемдегі барлық елдер үшін бірдей болады.

Сонымен, жоғарыда айтылғандарды зерделей отырып, Ехоба куәгерлері – өздерінің діни ілімдерін үнемі жетілдіріп отыратын, сындарлы көзқарастары қалыптасқан, терең ойлы мәсіхшілер деп қорытынды жасауымызға толық негіз бар дер едік біз.

Кезінде кеңестік атеистік әдебиеттерде Ехоба куәгерлері зайырлы білімге қарсы, олардың түсінігінше, бұл шынайы Ехоба қызметшілерін тәрбиелеуге бөгет жасайды-мыс деген, теріс пікірлердің жиі айтылғанын қалай жасырмақпыз. Өкінішке қарай, дәл осындай адам иланбас аңыздар тап қазір де таяз білімді қарсыластардың аузынан естіліп жатады.

Ал мұндай көзжұмбайлық неліктен орын алады? Біздіңше, бұған бірнеше себеп бар. Біріншіден, Ехоба куәгерлерінің балалары кеңес заманында өздерінің бейтараптық ұстанымдарын қорғау үшін зор күш салуға тура келген: олар 1 мамыр және басқа да коммунистік мерекелерге арналған шерулерге қатысудан, октябрыят және пионер қатарына өтуден, Вьетнамда соғысып жатқандарға қаржы жинаудан, т.б. бас тартатын. Міне, осының бәрі, айналадағылардың Куәгерлердің балаларына деген жеккөрінішін тудыратын еді.

Екіншіден, ол кезде дін – жалған наным, қараңғылық деп түсіндіріліп, оған сенетіндер өмірден қалып қойғандар саналатын. Демек, осы тұрғыдан қарағанда, сенуші адам зайырлы білімді ұнатуы мүмкін еместей көрінетін.

Ал шын мәнінде, жағдай қалай еді? Осыған орай Ехоба куәгерлерінің басылымдарынан бірнеше үзінді келтірейін:

Бірінші: «Жас кезінде алған жалпы біліміңнің арқасында сен жақсы оқи да, жаза да аласың, сонымен қатар география, тарих, математика және жаратылыстану ғылымдарын пайымдай алатын боласың. Білім алу барысында сен анық та шығармашылықпен ойлауды, жағдайларды саралауды және мәселелерді шешуді үйренесің. Мұндай білім саған өміріңде қажет болады... Мектепте оқып жүргенде, сабақта мұқият бол және үй тапсырмаларын жақсы орында. Егер сен үздік оқуға дағдылансаң, онда саған Құдай Сөзін зерттеу және рухани күшті болып қалу жеңіл болады... Егер сен ықыластан оқысаң, мектеп бітірген соң өмір сүру үшін қажетті дағдыларды да меңгеріп шығасың... Мүмкіндігінше оқу пәндерін ойлылықпен таңдай біл. Мамандық таңдау туралы ойланған кезде, келешекте жұмыс табу жағын да ескер: бәлкім, қажеттілігі шектеулі салалардан гөрі, кез келген жерде сұранысқа ие болатын мамандықты таңдағаның дұрыс шығар» («*Наше царственное служение*», тамыз 1999 жыл. 1-б.).

Екінші: «Дәл осы уақыттарда көптеген балалар: «Ту, тағы да мектепке бару керек...» – деп қынжылып жатады. Иә, бәлкім, бұл мектептегі сабақтардың басталуына байланысты туындайтын қиындықтарды ойлағандықтан да болар. Алайда білім алудың жақсы жақтарын байқауға тырысқан балалар, мұның көп пайдасын көріп жатады. Мысалы, жақсы орта білім алу көбіне рухани өсуге зор ықпалын тигізеді. Сондай-ақ баланың жас кезінде немен айналысқаны, кейін есейгенде, оның қандай жетістіктерге қол жеткізетіндігіне қатты әсер етуі мүмкін. Яғни, «адам не ексе, соны орады» деген Киелі кітаптағы принципті мектепте оқып жүргенде-ақ пайдалануға болады деген сөз (*Ғалаттықтарға 6:7*). Нәтижесінде сабақты жақсы оқитын балалар оқу барысында өздерін Ехоба үшін пайдалы ете алатын жақсы қасиеттерді меңгеріп шығуы әбден мүмкін... Сондықтан, балалар, мектептегі оқудан бойларыңа тек жақсы

нәрселерді сіңіруге тырысыңдар...» («*Наше царственное служение*», тамыз 1997 жыл. 2-б.).

Үшінші: «Көп адамдар білім өмір сүруге қажетті ақша табу үшін керек деп ойлайды. Алайда білімді адамдардың кейбірінің тіпті жұмысы да жоқ немесе тым аз ақша табады. Сондықтан қайсыбір ата-аналар баланы мектепке берудің ешқандай мәні жоқ деп ойлауы мүмкін. Дегенмен де мектеп тек ақша табуды ғана үйретпейді ғой, ол балаларды алдағы ересек өмірге дайындайды емес пе (*Уағыздаушы 7:12*). Мысалы, егер біз өзіміз тұратын елдің тілінде сөйлей де, оқи да, жаза да алсақ, онда, әрине, бізге дәрігерлермен, шенеуніктермен, банк қызметшілерімен тілдесу жеңіл болар еді, біз олармен кездесуге жүрексінебейміз» («*Сторожевая башня*», 15 наурыз 2003 жыл. 11–12-б.).

Төртінші: «Мектепте алған білімнің қандай пайдасы бар? Ол даналықты игеруге көмектеседі. Ал Киелі кітапта, даналық «қорған болады» делінген (*Уағыздаушы 7:12*). Қалайша? Мысалы, сен бір қауіпті жермен жүріп келесің делік. Қалай ойлайсың, осындайда жалғыз жүргенің дұрыс па, әлде басыңа қандай да бір қауіп төне қалса, саған көмектесуге дайын тұратын достарыңмен бе? Міне, мектепте алған жақсы білімнің әрдайым саған көмектесуге дайын тұратын нағыз жанашыр достарың сияқты. Енді сол достарыңды жеке-жеке даралап айтайықшы:

Ойлау қабілетің. Мектеп Киелі кітапта «даналық пен парасаттылық» деп аталатын қасиеттерді дамытуға көмектеседі (*Нақыл сөздер 3:21*). Осы қасиеттерге қол жеткізген адам өз проблемаларын өзі шешуді үйренеді.

Әлеуметтік машық-дағдылар. Киелі кітап мәсіхшілерді шыдамдылық, ұстамдылық сияқты қасиеттерді дамытуға шақырады (*Ғалаттықтарға 5:22, 23*). Ал мектепте әртүрлі адамдармен қарым-қатынас жасау арқылы, біз осыларды және татулық, ізгілік, өзгелерді құрметтеу, басқаларға түсіністікпен қарау қасиеттерін үйренеміз. Есесіне, бұлардың бәрі есейгенде пайдаға асары сөзсіз!

Практикалық тиімділік. Мектеп еңбекке деген дұрыс көзқарасты қалыптастырады. Ал бұл саған келешекте жұмыс табуға және одан айырылып қалмауға көмектеседі. Қоршаған ортамыз туралы білімді арттырған сайын, өзінді және өзің ұстанған принциптерді жақсырақ түсіне бастайсың (*Нақыл сөздер 14:15*). Нақты сенімің болған кезде, сен өзгелерге құрмет көрсете отырып, өз көзқарасыңды бұлтақсыз қорғай аласың (*Петірдің 1-хаты 3:15*).

Енді әңгімемізді қорытайық. Айтылғандардан байқап отырғанымыздай, білімсіз өмір сүру мүмкін емес болғандықтан, «мектеп маған ұнамайды» деп орынсыз қынжылудың қажеті жоқ. Қайта, оның орнына жоғарыда аталған дәлелдемелерді ой елегінен өткізіп, мектепке деген ықыласыңды жандандыруға тырыс. Бәлкім, сенде басқа да дәлелдемелер табылар...» («*Пробудитесь!*», қазан 2012 жыл. 3-б.).

Бесінші: «Киелі кітапта білім туралы не делінген? «Білімді надандар ғана жек көреді» (*Публилий Сир, "Сентенции", б.з.б. I ғ.*). Киелі жазбалар бізді «даналық пен парасаттылықты сақтауға» шақырады (*Нақыл сөздер 3:21*). Ехоба, бәрін білетін Құдай, өзінің қызметшілерінің білімді болғанын қалайды (*Патшалар 1-жазба 2:3; Нақыл сөздер 1:5, 22*)» («*Пробудитесь!*», 8 наурыз 1998 жыл. 19-б.).

Бұлар әр жылдардағы басылымдардан алынған бес-ақ дәйексөз. Бірақ осылардың өзінен-ақ Ехоба куәгерлері балаларды білімді бағалап, сабақты жақсы оқуға тәрбиелейтіндігі айқын байқалып тұр. Және біз бұл жерде халықаралық ұйым туралы әңгімелеп отырғандықтан, жоғарыда мысал ретінде ішінен үзінділер алынған басылымдардың тек біздің аймаққа ғана емес, бүкіл дүниежүзіне, соның ішінде білім беру жүйесі әлі жақсы дамымаған, тіпті балалары мектепке толық тартылмаған елдерге де тарайтынын ескергеніміз жөн.

2015 жылы Куәгерлер «Ехоба куәгерлері және білім» («*Свидетели Иеговы и образование*») деп аталатын кітапшаны қайта басып шығарды. Бұл басылымның мақсаты туралы аңдатпада мынадай түсінік беріліпті: «Нидерланд философы Спиноза: «Менің

мақсатым, жылау да, күлу де емес, бар мақсатым – адамдардың іс-әрекетін түсіну», – деп жазған екен.

Иә, қадірлі ұстаздар, сіздердің алдарыңызда оп-оңай деп айтуға келе қоймас талай міндеттер тұр: оқушыларыңыз мына әлемге қалай қарайды, олар қандай отбасынан шыққан және не нәрсеге сенеді, әлбетте, олардың арасында Ехоба куәгерлерінің балалары да бар. Кейде мұндай балалардың тәртібі әдеттегі көпшілік көзқарастарға мүлдем қайшы келетіндей көрінуі де мүмкін. Бірақ, егер осындай тәртіп олардың діни сенім-нанымдарына байланысты болса, онда бұл сіздердің назар аударғандарыңызға әбден лайық. Ехоба куәгерлері басып шығарған бұл кітапшаның басты мақсаты – сіздерге Куәгерлердің отбасыларынан шыққан балаларды жақсырақ түсінуге көмектесу. Уақыт тауып, өздеріңізге арналған басылымды зейін қойып оқып шығатындарыңызға сенгіміз келеді.

Басқа адамның не нәрсеге сенетінін түсіну, оның сенім-нанымын қостау соған еріп-ілесу дегенді білдірмейді; ал өзінің діни көзқарасы туралы өзгелерге айту – оларды сол дініне кіргізу болып есептелмейді. (курсив автордікі – А.А.) Әрі осы кітапша арқылы сіздерге немесе оқушыларыңызға Куәгерлердің көзқарастарын таңғалы отырған біз жоқ. Біз тек сіздерді Ехоба куәгерлері өздерінің балаларының бойына сіңіруге тырысатын принциптермен, діни ұстанымдармен жақынырақ таныстырғымыз келеді. Ал бұл өз кезегінде, сіздерге ондай балаларды жақсырақ түсінуге және оларды оқытуға едәуір септігін тигізбек. Әрине, біздің балаларға үйретіп жатқанымыз барлық жағдайда олардың тәртібінен көріне бермейді. Өйткені әрбір бала ар-ұжданын тәрбиелеуді өзі үйрену керек.

Ехоба куәгерлері де көпшілік ата-аналар сияқты балаларының мектептегі оқудың көбірек пайдасын көргенін қалайды. Сондықтан да олар балаларын мұғалімдермен тығыз қарым-қатынаста болуға үйретеді. Ал оқытушылар Куәгер ата-аналар мен олардың балаларына түсіністікпен және құрметпен қараған кезде, олар өте риза болады.

Христиандар ретінде Ехоба куәгерлері бүкіл әлемге танымал. Алайда кейбір жағдайларда оларды дұрыс түсінбей жатады. Сондықтан осы кітапша мұғалімдерге Куәгерлер отбасынан шыққан балаларды дұрысырақ ұғынуға көмектесер деп ойлаймыз. Әсіресе, неліктен олар кейбір жағдайларда басқа балалардан бөлекшеленіп, өзгеше әрекет етуге өз құқықтарын қорғап қалуға тырысуының себебін пайымдауға септігі тиер деген үміттеміз»¹.

Сенушілердің ұстанымына қатысты және бір түсініктеме, әрі біздіңше, оларды ұғынудың «кілті» де осында жатқан сияқты: «Куәгерлер келесідей Киелі кітап өсиеті бойынша өмір сүруге тырысады: «Қандай іс болмасын, адамдар үшін емес, Ехоба үшін істегендей жан-тәндеріңмен істеңдер» (*Қолостықтарға* 3:23). Бұл принцип өмірдің барлық саласына қатысты айтылған, бұған мектептегі білім алу да кіреді. Міне, сондықтан да Куәгерлер өздерінің балаларын оқуда адал болып, сабақтарына мейлінше ден қоюға талпындырады.

Киелі кітап сондай-ақ өз елінің заңдарына бағынуды үйретеді. Демек, белгілі бір жасқа дейін мектепте білім алуға міндеттейтін заң бар болса, Ехоба куәгерлері оған міндетті түрде мойынсұнады (*Римдіктерге* 13:1–7).

Киелі кітап балаларды өмірде кездесетін күнделікті қиындықтарға дайындаудың маңыздылығы туралы айтқанымен, алайда бұл білім алудағы жалғыз әрі ең басты мақсат емес екенін көрсетеді. Жақсы білімнің арқасында баланың өмірге деген құлшынысы артып, келешекте ол қоғамның бірден-бір пайдалы мүшесіне айналады. Сол үшін де Ехоба куәгерлері сыныптан тыс шараларды таңдауға үлкен жауапкершілікпен қарайды. Олар жақсы демалыс, музыка, әуес-ермек, сондай-ақ денешынықтырулар жасау, кітапханаларға, музейлерге бару, т.с.с. баланың жан-жақты өсіп жетілуінде зор рөл атқаратындығына сенімді. Куәгерлер балаларын қарт кісілерді құрметтеуге және кез келген уақытта оларға көмектесуге дайын тұруға баулиды»².

¹ Свидетели Иеговы и образование. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2015. – 1-б.

² Сол жерде. – 5-б.

Аталмыш кітапша мұғалімдерге арналған мынадай сөздермен аяқталады: «...Куәгерлер өмірге шынайы қарағандықтан, білімге үлкен мән береді. Сондықтан да олар сіздермен әрдайым түсіністікте болғысы келеді. Және өз тараптарынан – үйлерінде де, бүкіл дүниежүзі бойынша өткізілетін қауым кездесулерінде де – олар әрмен қарай да өз балаларын осындай екіжақты түсіністікке өз үлестерін қосу үшін талпындыратын болады»¹.

Көріп отырғанымыздай, Ехоба куәгерлері ұлдары мен қыздары кейін есейген кезде, Қайта өрлеу дәуірінің әйгілі жазушы-философы Монтень айтқандай, «көп білетін емес, жақсы ойлай білетін басы» бар адам болғанын қалайды екен.

Олар оқу-білімді таңдаған кезде, нағыз бақытты адам болу үшін, материалдық молшылықтан да басқа маңыздырақ нәрселердің бар екендігін естен шығармау қажеттігіне сенімді.

Бұдан шығатын қорытынды, Ехоба куәгерлері үшін ең маңыздысы – білім олардың ұстанған құлықтылық және рухани принциптеріне қайшы келмеу керек. Сондықтан Ехоба куәгерлері жастарға мынадай өсиет айтады: «Білім алудағы басты мақсат – сені келешекте өзіңе жұмыс табуға және, егер некеге тұрып жатсаң, болашақ отбасыңды қамтамасыз етуге дайындау (*Салоникалықтарға 2-хат 3:10, 12*). Мынаны есінде сақта, сенің мақсатың – өміріңде пайдасы тиетін білім алу»².

Куәгерлердің jw.org сайтының «Киелі кітап тәлімдері» бөліміндегі «Жастар» деген санатта зайырлы білімге қатысты арнайы материалдар топтастырылыпты. Онда мынадай проблемалар жан-жақты талқыланады: «Маған мектепті тастау керек пе?», «Егер мен мектепті жек көрсем, не істеуім керек?», «Мен сабақ үлгерімімді қалай жақсартамын?», т.б. Сөз жоқ, мұндай мақалалар жасөспірімдерді зайырлы білім алу, сабақтарға ықылас аудару сияқты мәселе-

¹ Свидетели Иеговы и образование. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2015. – 31-б.

² Ответы на твои вопросы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2011. 1-том. – 139-б.

лерге жауапкершілікпен қарауға талпындырары анық. Иә, осындай материалдардың жариялануының өзі Куәгерлердің жастар үшін қатты уайымдайтынын және білімге байланысты қиындықтарға тап болғанда дұрыс шешімдер қабылдауға көмектескілері келетіндігін аңғартса керек-ті. Бұл, әрине, мақтауға тұрарлық ұстаным.

Ехоба куәгерлерінің жоғары білімге қатысты көзқарастары туралы арнайы сөз қозғағанымыз дұрыс шығар. Жалпы, олар жоғары білім алу мәселесіне өте сақтықпен қарайды. Әрі өз басылымдарында жоғары білімнің соңынан қуудың қауіптілігі жайлы жиі айтып жатады. Куәгерлер жоғары білім алуға көп жылдар мен қыруар ақша жұмсау (*расында да, Батыста бұл тап солай ғой*) сенуші адам үшін әрдайым ақылдылыққа жата бермейді деп есептейді. Есесіне, олардың әдебиеттерінде арнайы орта білімнің пайдасы туралы көбірек айтылып жатады. Мысалы, 2005 жылдың 1 қазанында жарық көрген «Күзет мұнарасы» журналында былай дейді: «Зерттеулер көрсетіп отырғандай, көп елдерде университет бітіргендерге емес, өндіріс пен қызмет көрсету саласының мамандарына қажеттілік бар. Бір газетте «алдағы онжылдықта жұмысшыларға университеттік емес, колледждік диплом немесе кәсіптік-техникалық білімі бар сертификат қажет болатындығы» айтылған («USA Today» газеті). Мұндай оқу орындарында іс жүргізу, көлік пен компьютерлерді жөндеу, слесарлық, шаштараз бен басқа да көптеген мамандықтар бойынша қысқа мерзімді курстар өткізіледі. Бұлар лайықты мамандықтар ма? Әрине! Бәлкім, олар әлдекім ойлағандай, керемет емес те шығар, бірақ бұл – Ехобаға қызмет ету өмірінде бірінші орында тұрғандар үшін маңызды әрі өте ыңғайлы мамандықтар (*Салоникалықтарға 2-хат 3:8*)» («Күзет мұнарасы», 1 қазан 2005 жыл. 32-б.).

Осындағы соңғы сөйлем Ехоба куәгерлерінің көзқарасын танытады. Куәгерлер үшін бедел де, жоғары еңбекақы төлейтін жұмыста, жетістік пен бақыттың өлшеуіші емес. Олардың пайымдауынша, Құдайға қызмет етіп, оның принциптерін өмірде және отбасында қолдану – бақытты болашақтың нағыз кепілі.

Ехоба куәгерлері отбасын, жан тыныштығын және Құдайға деген қызметін құрбан егуді талап ететін мансап атаулыдан бас тартады. Олар жастарды жиі материалдық құндылықтарға, молырақ ақша табуға шектен тыс әуестенуден сақтандырып жатады. Ал бұның несі жаман?

Сонда қалай, бағалы да толыққанды қоғам – тек жоғары білімді адамдардан тұратын қоғам ба? Бүкіл дүниежүзіндегі сияқты, біздің елімізде де жоғары оқу орындарын бітіргендердің саны өте көп. Ал бірақ еңбек нарығында соларға деген соншалықты сұраныс бар ма? Өкінішке қарай, жоғары білімді дипломмен жұмыс таба алмай жүргендер немесе басқа қарапайым кәсіпке ауысып кеткендер қаншама... Ендеше жас адамның жоғары оқу орнының дипломын алуға емес, кейін есейгенде өзін және отбасын қамтамасыз ететін қандай да бір сұранысқа ие кәсіпті меңгеруге тырысқанының несі айып?

Бұл жерде біз олардың мұндай шешімімен келісеміз бе, әлде келіспейміз бе, ол жағы тіпті де маңызды емес. Өйткені әрбір адам өмірлік жолын өзі таңдайды ғой. Әрі сол таңдауының жемісін көретін де өзі болады.

Демек, білім мәселесінде әрбір Ехоба куәгері өз таңдауын жасауға ерікті деген сөз. Яғни, байқағанымыздай, бұл да осы конфессияның өзіндік ерекшелігі дер едік біз.

Бұл жөнінде олардың басылымында былай дейді: «Бірінші ғасырдағыдай, қазіргі мәсіхшілердің арасында да білім деңгейі әртүрлі адамдар көп. Әдетте жалпы білім беретін мектепті бітірген жастар ата-аналарымен келісе отырып, оқуын әрмен қарай жалғастыруды шешуі мүмкін. Мұндайда кейбір үлкен кісілер қосымша білімнің отбасын асырау үшін, көбірек ақша табуға септігі тиеді деп ойлайды. Ал көпшілік дәстүрлі университеттер беретін білім бағдарламасы бірінші кезекте кәсібилікті меңгеруге емес, ақыл-ойдың мүмкіндігін дамытуға бағытталған. Сондықтан мұндай білімге қол жеткізу үшін көп уақыт, көп күш-жігер жұмсалғанымен, көп жағдайда еңбек саласының сұраныстарына сәйкес келе бермейді. Сол үшін де жастардың көпшілігі кейін жақсы жұмыс тауып алуға көбірек

мүмкіндік болу үшін, кәсіби немесе техникалық оқу орындарын таңдап жатады. Дегенмен де мұндай мәселелерді әркім өзі шешеді ғой. Мәсіхшілер басқалардың таңдауын сынап-мінеуден аулақ болуы тиіс. Киелі кітапқа енген Жақып: «Өзгені соттайтыңдай сен кімсің?!» деген жоқ па (*Жақып 4:12*). Егер мәсіхші қосымша білім алуға ниеттенсе, ең алдымен, бұған өзіншілдігімен материалдық қызығушылығын мұрындық болып жатқан жоқ па деп, өз қалауын тексеріп алғаны жөн. Киелі кітап білімге қатысты байсалдылық танытқанымызды қалайды. Мәсіхші ата-аналар Киелі кітапқа негізделген рухани білімді қатты бағалайды және балаларына қосымша білімге қатысты көрегендікпен кеңес беруге тырысады (*Тімөтеге 2-хат 3:16*). Мына дүниенің ақиқатын пайымдай білетін олар, балалары келешекте өздерін және отбасыларын қамтамасыз ету үшін, білімнің және кәсіби икемділіктің маңыздылығын да мойындайды. Сондықтан қосымша білім алу қажет пе, қажет емес пе, егер қажет болса, қандай білім және қандай мөлшерде – бұның бәрі мәсіхшінің жеке шешіміне байланысты. Ең бастысы, ол Құдайға шын берілген болып қалу керек, онда ол «шын берілгендіктің қазіргі және болашақ өмірге деген уәдемен байланысты екенін» жақсы білсе керек-ті (*Тімөтеге 1-хат 4:8*)» («*Пробудитесь!*», 8 наурыз 1998 жыл. 21-б.).

Ехоба куәгерлері жоғары білім алу туралы мәселеде үзілді-кесілді біржақты пікір айтудан аулақ. Бұған көз жеткізу үшін, олардың қызметтерінің зор қарқынмен өркендеп жатқанына назар аударсақта жеткілікті сияқты. Мысалы, бүкіл дүниежүзі бойынша Құдайға ғибадат ететін ғимараттар тұрғызу, әртүрлі тақырыптарды қамтитын бірнеше жүздеген тілдерде өте сапалы басылымдарды жарыққа шығару, интернет жүйесін белсенді түрде қолдану, өз веб-сайттарын ашу, ең озық технологияларды жан-жақты пайдалану, онлайн-теледидар бағдарламасын іске қосу, өз күштерімен, өздерінің киностудиясында мультфильмдер, кинолар, деректі бейнежазбалар шығару, т. с. с. Ал енді ойланып көрейікші, білімге қарсы адамдар осыншалық ерен жетістіктерге қол жеткізе алар ма еді? Әрине, жоқ!

Келесі және бір маңызды жайт: бүгінде Ехоба куәгерлері қауымдарының негізін кімдер құрайды? 20 жылдан бері ұйымның құрамын үнемі бақылап, түбегейлі зерттеп жүрген мен мынадай қорытындыға келдім:

- біріншіден, қауымдардың құрамы жылдан-жылға жасаруда. Қазір қауымдардың көпшілігінде жастардың саны сондағы Куәгерлердің 50–70 пайызын құрайды;

- екіншіден, білімділердің саны айқын басымдылықпен артып келеді. Кезінде түрлі себептермен оқи алмай қалған азын-аулақ қарт кісілерден басқалары – арнайы-орта, орта және жоғары білімі бар адамдар.

Ехоба куәгерлері өз балаларының музыкамен айналысқанын ықыластана қолдайды. Егер сіз олардың мерекелеріне (*некеге тұрған жастардың, басқа елдерден келген қонақтардың құрметіне, т.б.*) қатысатын болсаңыз, ұйымдастырылған ойын-сауықтың көркемдік деңгейіне, орындаушылардың дарынды өнеріне қайран қаласыз!

Сонымен қорыта айтсақ, Ехоба куәгерлері зайырлы білімге қарсы-мыс деген пікірлердің (*сауатты және білімді адамдардан гөрі, надандау кісілерге басшылық жасау оңайырақ деген жалақорлық арқылы жиі қауым жетекшілерін құбыжық етіп көрсеткілері келеді*) дүниежүзілік ұйымның беделін түсіруге, азшыл діни топқа деген үрдектік тудырып, оларды жеккөрінішті етіп көрсетуге бағытталғанын аңғару қиын болмаса керек. Бұған жоғарыда келтірілген көптеген мысалдар дәлел.

АЛТЫНШЫ ТАРАУ

ЕХОБА КУӘГЕРЛЕРІНІҢ ДІНИ САНАСЫ МЕН ӨМІР САЛТТАРЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Діни өмір салтының жалпы өмір салтынан айырмашылығы неде? Адамдардың санасы мен жүріс-тұрысына ең алдымен діни қажеттіліктері мен мүдделерін жүзеге асыруға ынталандыратындай әсер етіп, оларды жеке және топ болып өзгелерге ұқсамай тіршілік етуге талпындыру қандай жолмен жүзеге асады? Мұндай кездері діни, қауымдық-конфессионалдық және отбасылық орта қаншалықты дәрежеде құрылымдалған, іштей дифференцияланған және өзге жүйелерден дараланған? Осындай діни өмір салтының қалануы мен іс-әрекеттері қандай маңызды дереккөздерге негізделеді?

Бұл сұрақтарға жауап бермес бұрын, бәлкім, «өмір салты» деген нені білдіреді, ең алдымен соны еске түсіру керек шығар.

Мұны философиялық сөздік былай түсіндіреді: «...Бұл жеке адамның, әлеуметтік топтың, жалпы қоғамның бір типтес тіршілік әрекетін өмір жағдаймен тұтас қамтитын философиялық-социологиялық категория. Ол адамдардың тіршілік әрекетінің негізгі салаларын – еңбек, тұрмыс, қоғамдық өмір және мәдениетті – тұтас, өзара байланыста қарастыруға, сондай-ақ олардың тұрмыс салтына, өмір деңгейіне, тіршілік сапасына қарай қалыптасып қалған жүріс-тұрыстарының (*өмір стилінің*) себептерін анықтауға мүмкіндік береді»¹.

¹ Философский энциклопедический словарь. – М., Советская энциклопедия, 1983. – 446-б.

Бұған қоса, өмір салты қосалқы жүйені де қамтитын (*мысалы, қала, ауыл өмірі, т. с. с.*) ауқымы өте кең түсінік екендігін де ескеру керек болар.

Дәл осы сияқты, діни өмір салты да жалпы өмір салтымен салыстырғанда жеке ұстаным (*немесе қосалқы жүйе*) болып табыламақ. Яғни, бұл жерде ең бастысы – жеке адамның өміріндегі діннің рөлі мен орны. Және осы байланыстар неғұрлым тығыз болған сайын, адам өзін діни өмір салтына «толықтай арнайды». Нәтижесінде тұрмыс, өмір стилі, күнделікті тіршілік, мәдениет, қоғамдық байланыстар – осылардың барлығы діни нұсқаулар мен ұғымдар арқылы өзіндік жолмен реттеле бастайды.

Сонымен қатар, діни өмір салты мен соған парапар шағын орта – сапасы әр алуан, бірақ бірін-бірі қандай да бір жайттармен толықтырып отыратын факторлардың: жеке адамдық және жеке адамның үстінен қарайтын, субъективті және объективті, рухани және материалдық көпшіліктің, идеологиялық, психологиялық, ұйымдастыру алғышарттарының өзара әрекетінің нәтижесі екенін де атап өткен жөн.

Діннің, діншілдіктің ішкі құрылымының, сондай-ақ қайнар көздерінің (*тамырларының*) және функцияларының кез келген компоненттерінің арақатынасы, біздіңше, нақты тарихилығымен ерекшеленіп, кеңістікке және уақытқа қарай өзгеріп отырады.

Діни кешеннің бүгінгі болмысы жөнсіз таңдалған және ұдайы жаңарып тұруға қабілетсіз бөліктерден туындап, өзіндік іс-әрекет жасай алмаған болар еді. Оның идеологиялық, психологиялық, діни-ұйымдастыру және басқадай бөліктерінің арасында, өзіміз көз жеткізгендей, өзара тәуелділік және өзара бойсұнушылық, генетикалық, құрылымдық және функционалдық, кеңістікті-уақытты және себеп-салдарлы байланыстар бар. Осы заманғы протестантизм теологтарының бірі атап айтқандай: «...Шіркеу дегеніміз Мәсіх президент ретінде басшылық жасайтын жай ғана әлеуметтік институт емес, немесе Мәсіх патша басқаратын жай ғана патшалық

та емес; ол Мәсіхтің өмірімен тіршілік ететін және өз өміріне Содан бастау алатын тірі ағза»¹.

Ал Ехоба куәгерлері бұны былай түсіндіреді: «Ехобаның еркін орындап, мойынсұнар болсақ, оның бүкіләлемдік билігіне мойынсұнбайтындар іспетті көптеген уайымдарға берілмейміз, көңіліміз де түспейді... Біз мәсіхшілер қауымында Мәсіхтің басшылығы мен оның «адал да ақылды құлға» берген билігін мойындаймыз. Бұның бір-бірімізге деген көзқарасымызға және қарым-қатынасымызға әсері бар. Қауымда Құдайдың басшылығына мойынсұнсақ, ғибадатымыздың барлық саласында оның Сөзіне құлақ асуға дайын боламыз. Мұндай мойынсұнушылыққа қызметке қатысу, қауымға бару, кездесулерде атсалысу, ақсақалдарға бағыну мен ұйымның шараларын қолдау жатады (*Матай 24:45—47; 28:19, 20; Еврейлерге 10:24, 25; 13:7, 17*). Құдайға мойынсұнғанымыздың арқасында қауымның ішінде татулық, тыныштық, тәртіп орнайды. Құдайдың бағынышты қызметшілері оның қасиеттерін паш етеді (*Қорынттықтарға 1-хат 14:33, 40*).... Неке мен отбасы құрылымында «әйелдің басы – еркек». Ал еркектің басы – Мәсіх, Мәсіхтікі болса – Құдай (*Қорынттықтарға 1-хат 11:3*). Әйелдер күйеулеріне бағынулары керек, ал балалар ата-анасына бағынышты (*Ефестіктерге 5:22–24; 6:1*). Отбасының әр мүшесі осы басшылық принципін ұстанар болса, үй іші тату-тәтті өмір сүреді. ...Құдайға мойынсұнатымыз «билік басындағыларға» қалай қарайтынымызға да әсер етеді, өйткені олардың «Құдай белгілеген орны бар» (*Римдіктерге 13:1–7*). Заңға бағынатын азаматтар ретінде мәсіхшілер салық төлейді, осылай «патшанікін патшаға, ал Құдайдікін Құдайға береді» (*Матай 22:21*). ...Теократиялық тәртіпке бағыну өміріміздің барлық саласына әсер етеді»².

¹ Билхаймер П. Предназначенная для Престола. Церковь как невеста Христа (новый подход). – 70-б.

² Ехобаның еркін орындау үшін ұйымдасқанбыз. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2019. – 158–161-б.

Сондықтан да Ехоба куәгерлерінің діни өмір салттарының маңызды бір бөлігі – діни білімдерін арттыру. Сенуші алып жатқан білімінің бүкіл өміріне қалай әсер ететіні жайлы олардың әдебиеттерінде былай айтылған: «Шынайы бақытқа кенелесіз. Ехоба — бақытты Құдай (*Тімөтеге 1-хат 1:11*). Құдай Тағалаға етене жақын болып, оның жолын ұстансаңыз, сіз де бақытқа қол жеткізесіз. Ал бұл тән саулығы мен жан саулығына жақсы ықпал етеді (*Зәбур 33:12*). Сонымен қатар бақытты ғұмыр кешу үшін Құдай зиянды әдеттерден қашық болып, салауатты әдеттерге асық болуға әрі өзгелермен жақсы қатынаста болуға көмектеседі. Нәтижесінде біз де Құдайдың бір қызметшісі айтқан мына сөздерге қосыла аламыз: “Құдайға жақын болғаным қандай игі!” (*Зәбур 73:28*)»¹.

Сенушілердің аптаның белгілі бір күндері діни кездесулерге барып келуі ғана жеткіліксіз. Әрқайсысы Киелі кітап зерттеушісі болып, өзі сенетін діни ілімдерді жете түсінуі тиіс. «Күзет мұнарасында» бұл жайлы былай жазылған:

«Жағдайымыз қандай болмасын Құдай Сөзін және оған негізделген әдебиеттерді зерттеуге уақыт табуымыз қажет. Өйткені мұнсыз Ехобаға жақындау және мәңгі өмірге ие болу мүмкін емес! (*Тімөтеге 1-хат 4:15, 16*)»².

«Шындықтың “қаншалықты кең де көз жеткісіз, терең және биік екенін” толық ұғыну үшін тыңғылықты жеке зерттеуді әдетке айналдырғанымыз дұрыс... ‘Ұғынуға келгенде ересектей болу’ үшін Құдай берген ‘парасатты’ (*Тт*) қолдануымыз қажет (*Жоханның 1-хаты 5:20; Қорынттықтарға 1-хат 14:20*). Не нәрсеге сенетіндеріңді және неліктен сенетіндеріңді түсінсеңдер, ‘іштеріңдегі үмітті түсіндіруді сұраған кез келген адамға жауап беруге әрдайым дайын боласыңдар’ (*Петірдің 1-хаты 3:15*)»³.

Ал Ехоба куәгерлерінің о бастағы атаулары «Киелі кітап зерттеушілері» еді. Олар әлі күнге дейін бұл атауға сай әрекет етуге тырысады.

¹ Күзет мұнарасы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2019. № 1. – 15-б.

² Күзет мұнарасы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2019. Мамыр. – 26-б.

³ Күзет мұнарасы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2009. 15 қазан. – 28-б.

Бұл – Ехоба куәгерлерінің діни саналарының өте маңызды бір бөлігі. Олардың діни өмірлері мен дағдыларының басты нысанасы – «Құдаймен жеке қарым қатынас дамыту». Құдай сенуші адам үшін қамқор Әкесі де, Досы да, Тәлімгері мен Соттаушысы да. Әлбетте, Құдайдың алдында қорқыныш пен құрмет сезімдері болу керек, бірақ сенушілер үшін ең басты өсиеттер мынадай: «...Ехоба Құдайыңды бар жүрегіңмен, бүкіл жан-тәніңмен, барлық ақыл-ойыңмен сүй!» Бірінші әрі ең басты заң — осы. Екіншісі де соған ұқсайды: “Өзге адамды өзіңді сүйгендей сүй”» (*Матай 22:37—40*).

Айналадағы адамдарға деген көзқарас та бұл тараптан қалыптасады: «Ехоба Құдай адам баласын “өзіне ұқсас етіп жаратып”, басқа жаратылыстан ерекше етті (*Мұсаның 1-жазбасы 1:27*). Біз оның асқақ сипат-қасиеттерінің ұшығын болса да таныта аламыз. Құдай бізге рухани нәрселерді, яғни оның ойлары мен құндылықтарын түсінетін қабілет дарытқан. Егер оның ойлары мен құндылықтарына сай өмір сүруге тырыссақ, ғұмырымыз әлдеқайда бақытты, әлдеқайда мағыналы болмақ. Ең бастысы, Алла Тағала бізге өзімен достасу мүмкіндігін сыйлады»¹.

Діни сананың, жүріс-тұрыстың және пікір алмасудың формаларын сақтауда және жаңаларын тудыруда ерекше рөл барлық уақытта діни қауымға (*жиналысқа*)² тиесілі болған және тиесілі бола бермек – рухани араның ұясында «әрбір жұмысшы араға өзіндік орын мен нақты іс бөлінген, сондықтан онда рухани жатып ішерлерге орын болмауы тиіс».

Бүгін Ехоба куәгерлерінің қауымдары (жиналыстары) барлық жағынан бірінші ғасырдағы христиандар сияқты әрекет етеді. Ал «олардың барлығы бірігіп, киелі рухпен майланғандар оның өзегі болып табылатын дүниежүзілік қауымды құрайды (Зәкәрия 8:23)»³.

¹ Күзет мұнарасы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2019. № 1. – 10-6.

² Діни қауым дегеніміз азаматтардың діни мүдделері мен қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін біріккен ерікті құралым (әдетте кәмелетке толған мүшелерінің саны оннан кем емес болады).

³ Күзет мұнарасы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2019. № 1. – 27-6.

Сенушілер үшін қауымның маңыздылығы туралы «Күзет мұнарасында» былай айтылған: «Мәсіхшілердің дүниежүзілік қауымы 'Құдайдың отбасы', 'шындықтың тірегі, таянышы', болып табылады. Құдаймен қарым-қатынасымызды нығайтып, оның еркін орындауды үйрену үшін, қауым кездесулеріне жүйелі түрде барып, оған атсалысқанымыз аса маңызды. Пауыл Қорынттағы қауымға жазған хатында кездесулерде айтылатын нәрселерге ерекше назар аударған. Ол қауымдағылар 'рухани жетіле' алу үшін кездесулерде айтылатын сөздердің анық та түсінікті болуын қалайтынын жазған (*Қорынттықтарға 1-хат 14:12, 17—19*). Ехоба Құдайдың жергілікті қауымдардағы шараларды орнатып, оларды қолдап жатқанын мойындайтын болсақ, біз де рухани нығая аламыз. Иә, рухани күшейіп, нығайғымыз келсе, қауымда болуымыз керек. Ұзақ уақыттан бері қауым жалған ілімдерден қорғаныш болып келеді. Сондай-ақ Құдай оны Мәсіхтің Патшалығы туралы ізгі хабар бүкіл дүниеге таралу үшін қолдануда. Құдайдың мәсіхшілер қауымы арқылы көп нәрсені жүзеге асырып отырғаны шүбәсіз (*Ефестіктерге 3:9, 10*)»¹.

Ехоба куәгерлерінің рухани өмірлерінде қауымның (жиналыстың) атқаратын рөлі мен алатын орнын көрсететін осынау анықтамалардан мынадай нәрселерге ерекше көңіл аударылатынын байқау қиын болмаса керек: біріншіден, сенушілердің діни және діннен тыс қарым-қатынастары әрқашанда үйлесімділікпен және ұйымшылдықпен рәсімделеді, екіншіден, тап осылар арқылы дүниеге деген көзқарас, діни құндылықтар және топтық, қоғамдық пікірлер, т.с.с. қалыптасады.

Осы орайда айрықша атап өтуге тұрарлық жайт, адам діни қауымның көмегі арқылы ғана өзінің діни нанымдарын нығайта алады екен. Әрі Ехоба куәгерлерінің қауымы бұған бірден-бір дәлел.

Ал қауымнан шығару – ұйымды құлықтылық, өнегелілік жағынан таза сақтауға бағытталған шара².

¹ Күзет мұнарасы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2007. 1 мамыр. – 17-б.

² Свидетели Иеговы – возвестители Царства Бога. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2005. – 187-б.

Бұл шара туралы Ехоба куәгерлері былай дейді:

«Осындай жазалау шарасы жайлы не деуге болады? Рас, ауыр күнә жасаған адам қауымнан шығарылады, бірақ бұл шара бірден қолданыла салмайды. Адам күнәсына өкінбесе және жүріс-тұрысын өзгертуді мүлдем қаламаса ғана, қауымнан шығарылады... Ақсақалдардың басты міндеті – «сауықтыру», жазалау емес. Олар Құдай халқына мейірімділікпен және құрметпен қарауы тиіс»¹. «Шомылдыру рәсімінен өткен Куәгер негізгі екі себеппен қауымнан шығарылады. Біріншісі — ауыр күнә жасаса, екіншісі — күнәсына өкінбесе. Әрине, Ехоба бізден кемелді болуды күтпейді, әйтсе де оның өз қызметшілеріне қоятын талаптары бар. Мысалы, ол азғындық, пұтқа табынушылық, ұрлық, тонаушылық, кісі өлтіру, бақсы-балгерлік сияқты ауыр күнә жасамауды талап етеді (*Қорынттықтарға 1-хат 6:9, 10; Аян 21:8*)»².

Сенушілердің айтуынша, қауымнан шығару шарасының арқасында үш мақсатқа қол жеткізу мүмкін:

«**Ехобаның есімі даңқталады.** Біз Ехобаның атымен аталамыз, сондықтан жүріс-тұрысымыз оның есіміне кір келтіреді не даңқтайды (*Ишайа 43:10*)... Ал Ехоба куәгерінің бірі жамандық жасап жүрсе, мұнысы достары мен таныстарынан жасырын қалмайды. Мұндай адамның қауымнан шығарылуы Ехобаның халқы Жазбалардағы қасиетті болуға қатысты талаптарға сай өмір сүретін таза халық екенін паш етеді. Мысалы, бірде Швейцариядағы Патшалық сарайына бір кісі келіп, қауымның мүшесі болғысы келетінін айтты. Оның ет жақын туысы азғындық жасағаны үшін қауымнан шығарылған екен. Сондықтан ол “әдепсіз жүріс-тұрысқа төзбейтін” ұйымның мүшесі болғысы келетінін айтты.

Қауым таза сақталады. Елші Пауыл Қорынттағы мәсіхшілерге араларында әдейі күнә жасайтындардың болмауын қадағалауды ескертті. Ол бұндай адамның әсерін бүкіл қамырды көтеретін

¹ Пробудитесь! – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1997. 22 қаңтар – 12-б.

² Күзет мұнарасы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2015. 15 сәуір. – 29-б.

ашытқыға теңеп: “Азғана ашытқы бүкіл қамырды ашытады”,— деді. Пауыл: “Зұлым адамды араларыңнан аластатыңдар”,— деген кеңес берді (*Қорынттықтарға 1-хат 5:6, 11—13*)... Әдейі жасалған мұндай ауыр күнәға жеңіл-желпі қарау Құдайдың талаптарына деген немкеттілікке талпындырады (*Уағыздаушы 8:11*).

Күнә жасаған адам есін жиюы мүмкін. Исаның адасқан ұл туралы әңгімесін бәріміз білеміз. Әңгімедегі жігіт әкесінің үйінен кетіп, алған еншісін ысырап қылады. Ол әке үйінен тысқары өмірдің суық та қатыгез екенін басы тасқа тигенде біледі. Ақырында жігіт есін жиып, қылығына өкінеді де, отбасына оралуды шешеді (*Луқа 15:11—24*). Ұлының өзгергеніне қуанған сүйші әкені Исаның қалай суреттегені Ехобаның сезімін түсінуімізге көмектеседі. Әкеміз Ехоба бізді: “Мен зұлым адамның өлгеніне қуанбаймын, қайта, теріс жолдан қайтып, өмір сүргеніне қуанамын”,— деп сендіреді (*Езекиел 33:11*). Өз отбасындай болып кеткен қауымынан шығарылған адам да неден айырылғанын түсінуі мүмкін. Күнәсінің нәтижесін көргенде, Ехобаның досы болып, оның халқының арасында жүргендегі бақытты күндерін есіне алғанда, адам есін жиюы ықтимал. Бірақ бұлай болу үшін сүйіспеншілік пен табандылық қажет... Көп жағдайда қауымнан шығарылғаны шалыс қадам жасаған адамға сабақ болады»¹.

Ескеретін маңызды бір жайт: қауымнан шығару шарасы отбасылық қарым-қатынасқа әсер етпейді және ажырасуға негіз болмайды.

Ұйымдастырылу принципі жағынан Ехоба куәгерлерінің қауымдары (*жиналыстары*) мүшелері тіркелген қауымдар мен топтардың қатарына жатады².

¹ Күзет мұнарасы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2015. 15 сәуір. – 30-31-б.

² Ұйымдастырылу принципі бойынша жіктеуді алғаш рет украиндық дінтанушылар В. Бондаренко, А. Косьянчук, В. Фомиченко ұсынған болатын. Олар бұл жөнінде былай деп жазады: «Ұйымдастырылу принципі бойынша діни бірлестіктерді... мынадай топтарға бөлуге болады: «ашық» қауымдар (*православие, католицизм*); мүшелері тіркелген қауымдар мен топтар (*елуіншілер, адвентистер, баптистер, Ехоба куәгерлері, т. с. с.*); этникалық және ұлттық белгілері бойынша ұйымдасқан қауымдар мен топтар (*судейлер, реформаторлар*)» (Бондаренко В., Косьянчук А., Фомиченко В. *Религиозная община в современном обществе*. – Киев: Политиздат Украины, 1988. 34-б.).

Адамдар арасындағы – қауымдардағы – конфессиялардағы – жалпы өмір салттарындағы қарым-қатынастардың күрделі әрі көпқырлы жүйесінің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі – діни уағыз. Бұл негізінен өз алдына дербес бола тұра, сонымен қатар, адам әрекеттерінің ерекше түрі ретінде ғибадат ету тәжірибесіндегі жалпы жүйенің буыны болып табылады.

Уағыз дегеніміз, Куәгерлердің ілімдері негізінде айтар болсақ, Ехоба Құдай мен оның билік етуші Патшасы Иса Мәсіх өз дін ұстанушыларынан нені талап ететінін түсіндіру мақсатымен діни қауымдарда айтылатын біртұтас баяндама.

Сондықтан уағыз адамның Ехоба Құдаймен табиғи және табиғаттан тыс байланысу тәсілі болып табылады¹.

Уағызда жетістіктерге қол жеткізу үшін қажетті ең маңызды жайттар мыналар:

– уағыздаушының жеке басы және оның қызметке деген көзқарасы;

– уағыз мазмұны;

– уағыздың сыртқы көрінісі – ойды жеткізудің формалары мен тәсілдері.

Ехоба куәгерлері, біз білетініміздей, уағызды көпшілікке арналған немесе Киелі кітапқа негізделген баяндама деп атайды. Демалыс

¹ Уағыз туралы христиандық ілім – гомилетика (грек тіл. *homileo* – әңгімелесу, адамдармен сөйлесу) – барлық діни пәндермен қандай да бір қарым-қатынасқа түседі. Әсіресе, құлықтылық дін ілімімен, догматпен және Киелі жазбаларды түсіндірумен (экзегетикамен) байланысады. «Уағыз» («проповедь») термині діни емес қолданыста «насихат» («пропаганда») деген мағынаны береді. Осындағы «проповедь» сөзінің «вед» түбіріне назар аударсақ, сөздің о бастағы мағынасы – «ведение», білім тарату, яғни, сөзбе-сөз «білімді ашып беру» дегенді білдіреді. Ал «про» қосымшасы (салыстыру үшін: *провидение* (көрегендік), *проход* (өткел), *проезд* (өтетін жол), *прорыв* (бұзып өткен жер), *прогон* (мал айдап өтетін жер), *проклятие* (қарғыс), *проныра* (жылнос), *продажа* (сауда-саттық), *пролог* (алғысөз), т. б.) толассыз, тікелей әрекетті білдіреді. Енді гректің «гомия» (әңгімелесу) сөзіне келсек, ол латынның «homо» сөзінің түбірімен бірдей – көпшілік пікір, шу, әбігер болушылық, алаңдау, шиеленіскен жағдай. Б. Волин және Д. Ушаковтың редакторлық жетекшілігімен жарық көрген «Орыс тілінің түсіндірме сөздігінде» (М., 1939. 3-т. 983-б.) былай делінген: «Уағыз – шіркеуде айтылатын мағынасы діни-ғибадатты сөз; тәлім, ақыл-кеңес айту; қандай да бір ілімді, идеяларды, көзқарастарды, пікірлерді ауызша не жазбаша тарату». Уағыздың насихаттық, идеологиялық функцияларын, олардың бөлігі бір тәсілмен (*белсенді не енжар*) тіршілік етуді жүзеге асыру барысында іс-тәжірибеге ашықтай не көзге көрінбейтіндей етіп ұмтылуын ескере отырып, яғни уағыздау мақсатының айқындылығына қарай «абстрактті» және «нақтылы» деп бөлуге болады.

күндері өтетін кездесулерде айтылатын мұндай баяндамалар «қатысып отырғандардың рухани сергек болып, Патшалық ісінде табандылық сақтауларына» көмектесуі тиіс.

«Көпшілікке арналған баяндамаларда әртүрлі тақырыптар қарастырылады. Онда Киелі кітап ілімдері мен пайғамбарлықтарға, некеге, отбасылық өмірге, жастар кезігетін қиындықтарға және мәсіхшілердің өнегелік нормаларына қатысты тақырыптар қозғалады. Кейбір баяндамаларда Ехобаның таңғажайып жаратылыстарына назар аударылады. Ал басқаларында үлгі тұтарлық Киелі кітап кейіпкерлерінің сенімі, батылдығы мен мінсіздігі қарастырылып, біз үшін қандай пайдасы бар екені айтылады»¹.

Көпшілікке арналған кездесулер апта сайын өтеді. Онда айтылатын баяндамаларды жергілікті қауымның немесе көршілес қауымдардың ақсақалдары не қабілетті қызмет көмекшілері айтады.

Уағыздың (*көпшілікке арналған баяндамалардың*) Ехоба куәгерлерінің рухани тәлім-тәрбие беру жүйесіндегі алатын орны мен мән-мағынасын талдай келе, баяндама айтушылар, бір жағынан, тыңдаушылардың рухани тұрғыда артта қалып қоюына жол бермеуге, ал екінші жағынан, әрбір сенуші өзін «таңдаулы» сезінетіндей дәрежеде тәрбиелеуге тырысатынын да атап өту керек сияқты.

Баяндамашылар өздерінің материалдарын қандай формада, қандай әдістермен жеткізіп жатқанына да қатты көңіл бөледі. Олар уағыздарын күнделікті өмірден мысалдар келтіре отырып, мүмкіндігінше бейнелі, эмоционалды түрде жеткізуге тырысады. Діни уағыздың (*көпшілікке арналған баяндамалардың*) сенушілердің санасы мен жүріс-тұрысына әсер етудегі әр алуан амалдары мен мысалдары, діни тілі мен авторлық стилі, мәліметтерді жеткізуі, қорыту тәсілдері, сезімді-эмоционалды және ұтымды элементтерінің байланысы үнемі өзгертіліп отырады. Сонымен, көпшілікке арналған баяндаманың басты құрамдас бөлігі – оның рухани ішкі

¹ Ехобаның еркін орындау үшін ұйымдасқанбыз. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2019. – 62-б.

мазмұны болып табылады. Оған, әсіресе, ең қарапайым әрі түсінікті тіл тән болуы тиіс.

Діни өмір салтында ғибадат ету дағдысы маңызды орын алады.

Бұл туралы белгілі дінтанушы Д. Угринович былай деп жазады: «Ғибадат ету – бұл адамдардың өздері сенетін табиғаттан тыс тіршілік иелеріне, қасиеттеріне немесе арақатынастарына әсер етуге талпынып жасайтын айрықша әрекеттерінің жүйесі. Табиғаттан тыс нәрсеге сену мен оған табыну бір-бірінен ажырамас құбылыс. Адамдарға үстемдік ететін жерде бар күштер олардың санасында жерден емес күш иелерінің түріне ие болатын болғандықтан, сенушілер өздерінің тағдырын, болашағын сол күштерге тәуелді деп есептейді. Сондықтан адамдардың сол күштерден қолғабыс, көмек күтіп, солардың болысуын сұрауы табиғи нәрсе. Табиғаттан тыс күштерге табыну ерекше діни әрекеттердің бірқатар жүйесі арқылы жүзеге асады. Әдетте мұндай іс-әрекеттер рәсімдер деп аталады»¹.

Ғибадат, немесе діни дағды дегеніміз, жалпы алғанда, адамдардың ақиқат шындықтан барынша алыс кетіп, соған шомуға, соны өмір сүру салтымен сәйкестендіруге ұмтылу, жорта не байқаусызда жұмбақ қалыпқа түсу әрекетін білдіреді.

Діни дағды дегеніміз, өзіндік мағынада, белгілі бір теологиялық доктринаны, шіркеулік ілімді және дәстүрді әдет-ғұрып жиынтығы түрінде жүзеге асыруды білдіреді. Бұл жердегі әңгіме, сірә, сенуші адамдардың және конфессионалды ұйымдардың өздері құдай деп танытын табыну объектісімен байланыс орнатуға ұмтылуы туралы болса керек. Осы тұрғыдан қарағанда, діни дағдыны сиқыр (*магия*) деп те түсіндіруге болғандай.

Жалпы рухани мәдениет атаулыны түсіндірген сияқты, соңғы уақыттарда діни дағдыны кеңейтіп, бәріне ортақ жайттармен түсіндіру әрекеттерінің көбейіп бара жатқанын атап айтпасқа

¹ Угринович Д. О специфике религии. – М., 1961. – 49-б.

болмас. Алайда мұндайда, кез келген іс-тәжірибенің, конфессиналды іс-тәжірибені қоса алғанда, теория саласында сіңісіп ғайып болары сөзсіз.

Діни медитация да, немесе өзінің «мен» дегеніне сүңги еніп, айналыны ұмыту да, діни коммуникация да, немесе бір сенімдегілермен бірлесіп жасайтын әрекеттер де, ғибадат ету дағдысының аса маңызды әрі тиімді түрлерінің бірі болып табылары шүбәсіз. Бұлар – сенушілердің жеке және топтық діни тәжірибесінің артуы және шоғырлануы: дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, ептіліктері мен дағдылары, белгілі бір мақсатпен аңдаусыз, ес-түссіз, стихиялы-трансцендентті сфераларға қосылу әдістері.

Діни іс-тәжірибе көп сатылы ұғым. Қандай да бір нақтылы жағдайларға байланысты оның мағынасы әртүрлі болып келеді. Кез келген ғибадат ету қызметі – ғибадат ету ғимаратының құрылысын, ондағы жабдықтарды, сан алуан құрылғы-аспаптарды, рухани тәлімгерлердің сыртқы көрінісін, дұға айту тәсілдерін, салт-жоралары мен әдет-ғұрыптарын, рәсімдерін, дәстүрлерін, мейрамдарын қоса алғанда – бұл жеке және қауымдық-топтық діни жүріс-тұрыстың мұқият қалыптасқан, уақытпен мақұлданған, жан-жақты регламенттелген ереже-тәртіптері. Олар жеке тұлғаның толықтай не толықтай емес бағынуына, оның рухани-құлықтылық күйі мен жүріс-тұрысына қатаң қадағалау жүргізуді қамтамасыз етуге бағытталған.

Қызықты бір жайт: өзге христиандық конфессиялар мен деноминацияларға қарағанда, Ехоба куәгерлерінің әдет-ғұрыптары мейлінше қарапайым. Бұның себебі – олар бірінші ғасырда өмір сүрген мәсіхшілерге ұқсауға тырысады. Ехоба куәгерлерінің ғибадат үйлерінде де, діни кездесулері кезінде де ешқандай да сән-салтанат жоқ. Алайда бұл қауым кездесуінің құндылығын еш төмендетпейді. Өйткені оның басты мақсатының бірі – жиналысқа қатысушылардың әрбіріне «Ехобаны сүйетіндермен араласқанның өзі, Онымен

тығыз қарым-қатынас сақтауға көмектесетінін түсіндіру»¹ (*Астын сызған – А. А.*).

Ехоба куәгерлерінің мерекелерге деген көзқарастарын да айтып кеткен жөн. Іс жүзінде Ехоба куәгерлері тойлайтын діни мейрамдар жоқ. Жоғарыда айтқанымыздай, олар тойлатын жалғыз діни мейрам – Иса Мәсіхтің өлген күнін Еске алу кеші ғана. Оның өзі де өте қарапайым өткізіледі, әрі бұл осы шараның Киелі кітаптағы сипаттамасына сай.

Мейрамның осындай қарапайым өтуі келесідей түсіндіріледі: «Өлімін еске алу кешін Иса 11 адал елшісінің көзінше ендірді. Ол осы кешті Құтқарылу мейрамының асынан қалған нәрселермен ақ өткізді (*Матай 26:26—28 оқыңыз*). Бұлар дастарқанда тұрған ашымаған нан мен шарап еді. Бұл екеуі елшілер үшін бергелі жатқан өзінің кемелді тәні мен қанын бейнелейтінін айтты. Олар осы бір маңызды әрі жаңа шараның неге бұлай қарапайым өткеніне таңғалған жоқ. Неліктен?... Исаның кішіпейілділігі сөзінен де, ісінен де есіп тұратын. Сондықтан жердегі өмірінің соңғы түні оның неге зор кішіпейілділік танытқаны түсінікті-ақ (*Матай 11:29*). Иса адамзат тарихындағы ең ұлы құрбандықты бергелі жатқанын және кейін Ехоба оны тірілітіп, көкте даңқты дәреже сыйлайтынын жақсы білді. Сөйтсе де өлімін күрделі рәсімдермен еске алуды талап етіп, өзіне тым көп назар аудартпады. Ол шәкірттеріне қарапайым аспен өзін жыл сайын еске алып тұруды ғана айтты (*Жоһан 13:15; Қорынттықтарға 1-хат 11:23—25*). Осы қарапайым ғана, десе де лайықты асты таңдағаны Исаның өркөкірек болмағанын көрсетеді... Күрделі рәсімдермен емес, қарапайым аспен ғана кеш өткізуді тапсырғанынан Исаның майланған ізбасарларына деген сүйіспеншілігін көреміз. Олар Еске алу кешін жыл сайын, түрмеде отыру сияқты түрлі жағдайларға қарамастан өткізулері керек еді (*Аян 2:10*). Бұл ізбасарлардың қолынан келді ме? Иә!... Осындай

¹ Вопросы молодежи. Практические советы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2008. – 316-6.

қиын жағдайда да Еске алу кешін өткізуді мүмкін еткені үшін сүйіспеншілігі зор Исаға дән ризамыз!¹»

Бүгін кең таралған басқа мейрамдарға келсек, олардың көбісін Ехоба куәгерлері тойламайды. Олар тіпті өздерінің туған күндерін де тойламайды.

Куәгерлердің туған күндерге қатысты позициялары былай түсіндіріледі: «Киелі кітапта тек екі туылған күннің тойланғаны ескеріледі, екі жағдайда да бұл мерекеге Құдайға қызмет етпейтін адамдар қатысқан (*Жаратылыс 40:20—22; Матай 14:6—11*). Жазбаларда кемелді адам Иса Мәсіхтің туылған күні жайлы айтылмаған, олай болса, кемелсіз адамдардың туылған күндері ерекше көңіл бөлуге тұрарлық па? (*Екклесиаст 7:1*)»².

Алайда сенушілер ешқандай мейрамды тойламай, өздері де, отбасылары да өмірдің қуаныштарынан айырылған деген асығыс тұжырымға келу дұрыс емес болар. Олар бұны келесідей түсіндіреді: «Рождествоны тойлайтындардың көбі бұл мейрамның жалған діннен шыққаны жайлы ойланбайды. Олар бұл мейрамды отбасымен бас қосудың, дастарқан жайып, сыйлық жасаудың мүмкіндігі деп қарастырады. Сондықтан оны асыға күтеді. Әрине, біз отбасымыз бен достарымызды жақсы көреміз. Ехоба да біздің бір-бірімізге сыйлық сыйлағанымызды құп көреді. Қорынттықтарға 2-хат 9:7-де: “Құдай қуанышпен беретіндерді жақсы көреді”,— делінген. Бірақ Ехоба мұны тек белгілі бір күндері ғана істегенімізді қаламайды. Оның халқы жылдың кез келген күнінде туыстарымен және достарымен бас қосып, сыйлық сыйлауды ұнатады, әрі қайтарымы болады деп күтпейді. Оларға бұлай етуге сүйіспеншілік қозғау салады (*Лұқа 14:12—14*)»³.

¹ Күзет мұнарасы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2019. Қаңтар. – 20–21-б.

² Мәңгілік өмірге алып баратын білім. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1995. – 126-б.

³ Құдай сүйіспеншілігіне бөлене беріңіз. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2015. – 175-б.

Ал басқа мейрамдарға келгенде, сенушілер қандай да бір қатаң ережелер жинағына емес, өз ойлау қабілеттеріне сүйеніп әрекет етуге талпындырылады: «Қандай да бір жиынға я тойға бару-бармауды шешпес бұрын, ол жерде не болатынын, адамдар өздерін қалай ұстайтынын ойлап көріңіз. Мысалы, кейбір басқосулар мен тойларда ұятсыз билер, арақ-шарапты шектен тыс ішу, тіпті азғындық болып жатады. Сондай-ақ гейлер мен лесбияндардың өмірін насихаттайды немесе ұлтшылдыққа үгіттейді. Сондай жиындарға барсақ, Ехоба жек көретінді біз де жек көреміз дей аламыз ба? (*Зәбүр 1:1, 2; 97:10; 119:37*). Мәсіхшілер абай болып, Ехобаны масқаралайтын кез келген мейрамдардан, тойлардан, жиындардан бас тартады. Елші Пауыл: “Ішсеңдер де, жесеңдер де не басқа нәрсе істесеңдер — бәрін Құдайды дәріптеу үшін істеңдер!” — деп жазған (*Қорынттықтарға 1-хат 10:31 ...*). Әрине, біз мейрамдар, тойлар, жиындардың бәрі азғындыққа толы, жалған іліммен немесе ұлтшылдықпен байланысты деп барлығына бірдей топырақ шашудан аулақпыз. Киелі кітаптағы принциптерге қайшы келмесе, бару-бармауға, тойлау-тойламауға қатысты шешімді өзіміз қабылдаймыз. Сондай-ақ шешіміміз өзгелерге әсер ететінін де ұмытпалық»¹.

Алайда сенушілер өздерінің пікірлерін басқаларға күштеп таңбайды, олар мейрамдарға деген көзқарас өздерінікінен өзгеше болатын адамдардың сезімдерін де қорламаулары тиіс. Сенушілерге осындай ескерту жасалады: «Алайда Ехоба куәгері емес туыстарыңыз сіз туралы “бізді жақсы көрмейді, араласқысы да келмейді” деп ойлайтын шығар. Олар мейрамдарда ғана туған-туыстың басы қосылады деп ойлайды. Олай болса, сіз не істей аласыз? Жақындарыңызды жақсы көретініңізді, бағалайтыныңызды көптеген жолмен көрсетуге болады (Нақыл сөздер 11:25; Уағыздаушы 3:12, 13). Мысалы, оларды мейрамнан басқа күндері қонаққа шақырып тұрыңыз. Туысқандарыңыз мейрамдарды неге тойламай кеткеніңізді білгісі келсе, басылымдарымыздан және jw.org сайтымыздан мәлімет іздеп

¹ Құдай сүйіспеншілігіне бөлене беріңіз. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2015. – 182-б.

көріңіз, сонда себебін түсіндіру қиын болмайды. Олар сізді сөзбен жеңгісі келіп тұр не өз көзқарасының дұрыстығына иландырғысы келіп тұр деп ойлап қалмасын. Сіздің мейрамдарға қатысты көп жайттарды қарастырып, сосын барып осындай шешімге келгеніңізді түсінсін. Сабыр сақтаңыз, “сөздеріңіз әрқашан жағымды да дәмді” болсын (*Қолостықтарға 4:6*). Мейрамдарды қандай себептермен тойламайтынымызды әрқайсысымыз анық түсінуіміз қажет (*Еврейлерге 5:14*)»¹.

Осы кітаптың үшінші тарауында айтылып кеткендей, адам Ехоба куәгері болып туылмайды. Ол Ехоба куәгері болуды өзі шешу керек. Ал Ехоба куәгері болуды шешкендер үшін суға шомылдыру рәсімі жасалады.

Бірақ шомылдыру рәсімінен өтпес бұрын, ниет етуші өзін Құдайға «бағыштау» керек. «Өміріңізді Ехобаға бағыштау... – Ехобаға ғана қызмет етіп, оның еркін өміріңізде басты орынға қоятыныңызды дұғада уәде ету»².

Ехоба куәгерлерінің діни нанымдарын қабылдауды мейлінше саналы түрде шешуі үшін, біз жоғарыда айтып кеткеніміздей, ықылас білдірушінің қалауы бойынша, Куәгерлердің мәсіхшілік нанымдары мен олардың діни іс-әрекеттерінің негізін құрайтын Киелі кітаптық білім беру онымен жеке өткізіледі. Мұндағы негізгі оқу құралы Киелі кітап болғанымен, 2015 жылдан бастап сабақ жүргізушілер қосымша әдебиет ретінде «Киелі жазбалардан не білеміз?» және «Құдай сүйіспеншілігіне бөлене беріңіз» деген кітаптарды пайдаланады. Бұл басылымдар қызығушы адам өзін толғандырған сұрақтардың жауабын Киелі кітаптан тауып алатындай етіп жазылған.

Киелі кітап зерттеуі өткізілгенде, Киелі кітаптың сөздері мен қағидаларына көп екпін түсіріледі. Ал қосымша басылымдарды сенушілер тек зерттеуге көмектесетін құрал деп қарастырады, бірақ бұл құралдар Киелі кітаптың орнын баспайды.

¹ Құдай сүйіспеншілігіне бөлене беріңіз. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2015 – 182–183-б.

² Киелі жазбалардан не білеміз? – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2019. – 190-б.

Сондай-ақ қызығушылар суға шомылдыру рәсімінен өтпесе де, діни қауым өткізетін барлық шараларға емін-еркін қатысып, Ехоба куәгерлерінің әдебиеттерін қалауынша оқи алады.

«Киелі жазбалардан не білеміз?» кітабы бойынша негізгі курсты бітірген соң, Ехоба куәгерлерінің ісіне қатысқысы келетіндер, өздерінің қалауы туралы қауым ақсақалдарының біріне айта алады. Өтініш айтушы адамның тілегі бойынша онымен қауым ақсақалдары әңгімелеседі. Әңгімелесу барысында ақсақалдар оның Киелі кітаптың негізгі ілімдерін қаншалықты түсінетіндігін және алған біліміне сай өмір сүруге ықыласы бар-жоғын анықтауға тырысады. Егер адам Киелі кітап талаптарына сай құлықтылық нормаларын өз өмірінде ұстанатын болса (*заңды некеде тұрса; некеге құрмаған жағдайда зинақорлықтан аулақ жүрсе; қолданыстағы заңдарды бұзбаса; темекі шекпесе; алкогольді ішімдік ішуде ұстамды екендігіне көз жеткізілсе*), сонымен қатар, Ехоба куәгерлері Киелі кітаптық ілімдерді дұрыс түсінетіндігіне сенімді әрі солардан оқып-білгендері туралы өзгелерге айтуға ықыласты болса, оған шомылдыру рәсімінен өтпеген жариялаушы болатыны айтылады. Сөйтіп, ақсақалдар өткізілген әңгіменің негізінде тиісті шешім қабылдайды.

Егер шомылдыру рәсімінен өтпеген жариялаушы қандай да бір уақыт өткен соң, өзін Құдайға арнауды шешіп, бұл туралы арнайы дұғада айтса, онда ол Ехоба куәгері қатарына қабылдану үшін шомылдыру рәсімінен өткісі келетіндігі жөнінде қауым ақсақалдарының біріне хабарлайды. Сол кезде онымен 2 әңгімелесу өткізіліп, Куәгерлердің діни іліміне және өмір салтына қатысты 60 сұрақ талқыланады. Әңгімелесу барысында ақсақалдар ниет білдірушінің мәсіхшілік өмірге байланысты жауапкершіліктерді өз еркімен және саналы түрде мойнына алып отырғандығына көз жеткізуге тырысады. Егер адам Киелі кітап принциптерін жақсы түсінетіндігін, өмір сүру салты Киелі кітап талаптарына сай екендігін көрсетсе, сондай-ақ егер өзінің іс-әрекеттерімен сенімін және қауымның ажырамас бір бөлігі екендігін дәлелдесе, онда ол шомылдыру

рәсімінен өтуге жіберіледі. Бұл рәсім, Киелі кітаптағы үлгіге сай, суға толық батыру арқылы жүзеге асырылады. Осылайша күнә жасау мен жеке бастың қалауларын орындауға бағытталған бұрынғы өмірден бас тартып, әділ, әрі тек Құдай мен жақынына ғана қызмет етуге бағытталған жаңа өмірдің басталғаны бейнеленеді.

Шомылдыру рәсімінен өтпеген жариялаушы ретінде атқарылатын мерзім бірнеше айдан бірнеше жылға дейін созылуы мүмкін. Мұны әркім өзі жеке анықтайды. Киелі кітаптық талаптар қауымның шомылдыру рәсімінен өткен және өтпеген мүшелері үшін бірдей.

Сонымен байқағанымыздай, кейде құлағымыз шалып қалатын біреулерді бұл дінге «мәжбүрлеп» кіргізеді екен деген сөздердің мүлдем шындыққа жанаспайтынын аңғару қиын болмаса керек-ті. Иә, шын мәнінде, Куәгер атану оңай шаруа емес, адам ол үшін көп күш салу керек.

Шомылдыру рәсімінен өту әдетте жылдық конгрестердің бағдарламасына енгізіледі. Шомылдыру рәсімінен өтетін кандидаттар мінбенің алдыңғы қатарындағы орындықтарға отырғызылады. Баяндамашылардың бірі мінбеден кандидаттарға арнап арнайы баяндама айтып, бұл қадамның қаншалықты маңызды әрі жауапты екендігіне назар аударады. Ол баяндамасының соңында кандидаттардың орындарынан тұрып, екі сұраққа жауап беріп, өздері қабылдаған шешімнің ерікті және саналы түрде жасалғанын растауды өтінеді. Сол кезде екі сұрағына да «иә» деген жауап алған баяндамашы дұға айтады.

Содан соң кандидаттар бассейнге не сутоғанға шақырылып, сол жерде шомылдыру рәсімінен өту жүзеге асырылады. Кезекпен бассейнге түскен кандидаттарды екі ақсақал беттерін жоғары қаратып, бірнеше секундқа суға толықтай батырады. Сенушілер шомылдыру рәсімінен өткенде мейлінше қарапайым әрі көзге ерсі көрінбейтін әдепті киімді пайдаланады. Осылайша шомылдыру рәсімінен өту салты аяқталады.

«Ехобаның еркін орындау үшін ұйымдасқанбыз» кітабының соңғы 2019 жылғы нұсқасына сай, бір жаңалық енгізілген еді. Енді ақсақалдарға келесідей нұсқау берілген: «Үміткерге шомылдыру рәсімінен өткен күні “Жариялаушының есеп карточкасына” енгізілетінін хабардар етіңіздер. Мына жайттарды есіне салыңыздар: ақсақалдардың жариялаушыдан мұндай дербес деректерді жинауының себебі бар, осылай ұйымымыз дүниежүзі бойынша Ехоба куәгерлерінің діни іс-шараларын жүргізе алады және жариялаушы рухани іс-шараларға қатысып, рухани көмек ала алады. Бұған қоса, ақсақалдар жаңа жариялаушыларға келесі жайтты ескертеді: дербес деректердің бәрі Ехоба куәгерлерінің дүниежүзілік деректерді қорғау саясатына сай өңделеді, бұны jw.org сайтынан табуға болады»¹. Бұл сенушілердің заң талаптарына сай болуға ұмтылатындарын көрсетеді.

Бұл жерде тағы бір қайталап айтатын жайт, шомылдыру рәсімінен өту, егер адам осы шешімді өзі саналы түрде жасаса ғана және егер ол белгілі бір талаптарға сай келетін болса ғана жасалады. Аталмыш рәсім православиедегідей құпия нәрсе емес, бұл адамның Ехобаға бағышталғанын көрсететін бейнелі рәміз ғана. Шомылдыру рәсімі туралы бұл кітаптың үшінші тарауында егжей-тегжейлі түсіндіріліп кеткен.

Кез келген дін медитацияны² барынша маңызды санайды, өйткені табыну объектісіне қайта-қайта дұға айту, өзінің іс-әрекеттеріне күнделікті сараптама жүргізу, ғибадатына қадала көңіл қою және мына дүниелік «зұлымдықтан» «өзін тазалап» отыру арқылы Жаратушы Құдайға шексіз берілген нағыз сенуші тұлға қалыптасады.

Ехоба куәгерлерінің ең басты ғибадат ету әрекеттерінің бірі – дұға. Киелі кітапқа жүгінетін олар тек Ехоба Құдайға ғана дұға айту керек деп есептейді, әрі барлық дұға Иса Мәсіх арқылы жолдануы

¹ Ехобаның еркін орындау үшін ұйымдасқанбыз. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2019. – 211-б.

² Медитация (*lat. meditation*) – қадала көңіл қойып ой жүгірту.

тиіс. Куәгерлердің өздері дұғаларын медитация деп санамайды, өйткені олар бір дұғаны жаттап алып, соны қайталап айта бермейді.

Дұғаға қатысты «Күзет мұнарасы» журналының бір санында мынадай ой айтылады: «Денсаулық саласының кейбір мамандары депрессия мен стреске түскенде ем-шара ретінде дұға етуге кеңес береді. Бәлкім, бұл дұрыс та шығар, өйткені дұға алғандағы бірер минуттық жан тыныштығының өзі кейде стрессті басуға көмектеседі ғой. Сол сияқты тіпті табиғат әуені де немесе арқаға жасалған қарапайым уқалау да көңіл-күйімізді тыныштандырады емес пе. Бірақ шынайы мәсіхшілер дұғаның рөлін еш төмендетпейді және оны тек көңіл көтерудің тәсілі деп санамайды. Біз үшін дұға – Жаратушымен бар ықыласыңмен сөйлесу. Біз осылайша өзіміздің Құдайға деген адалдығымызды және сенімімізді білдіреміз. Дұға – қасиетті қызметіміздің ажырамас бөлігі... Дұға айтқан кезде біз Ехобаға сенім артатынымызға шүбәсіз сезінуіміз керек... Адал мәсіхшілер Ехобаға дұға айтудан ешқашан жасқанбағаны абзал, ол мен бұған лайықсызбын деген үрейге бой алдырмау керек... Егер біз Ехобаға бар жүрегімізбен дұға ететін болсақ, біздің сөздеріміз әлдеқайда мәнді бола түседі. Осындай ыстық дұғалардан кейін біз едәуір жеңілдеп қаламыз, өйткені өзіміздің бар өтініш-тілегімізді Ехобаға тапсырамыз»¹.

Кезінде француздың позитивистік көзқарастағы философы Жан Мари Гюйо (1854–1888) былай деген екен: «Дұға жан тыныштығын сыйлайды, бұл сенім арқылы берілетін ең бір жағымды сезім»².

Дұға айтып тұрған адамның көңіл-күйін орыстың ұлы ақыны М. Лермонтов та керемет суреттей білген (*А. Құнанбаевтың аудармасы*):

¹ Сторожевая башня. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2004. – 18–19-б.

² Гюйо М. Иррелигиозность будущего. – М., 1909. – 143-б.

Өмірде ойға түсіп кем-кетігің,
 Тулағыш мінезің бар, жүрек сенің.
 Сонда сенің отыңды басатұғын,
 Осы өлең – оқитұғын дұғам менің.
 Ішінде бір қуаты барға ұқсайды,
 Тірі сөздің жаны – сол, айрылмайды.
 Қасиетті нәфәсі желдей есіп,
 Қайнап тұрған ыстық қан салқындайды.
 Жаныңның ауыр жүгі жеңілгендей,
 Көңілден кернеген кек кемігендей –
 Болады жылауға да, сенуге де,
 Жүректің басынан у төгілгендей...¹

Ехоба куәгерлерінде канондалған дұға мәтіндері жоқ. Олар дұғаларды жаттап алмайды және жекелеген парақтарға көшіріп алып, өздеріне «қорған» ретінде киімдеріне тігіп қоймайды, бойтұмар ретінде де қолданбайды.

Дұғаның құрылымы туралы айтар болсақ, Куәгерлер Інжіл кітабындағы Иса Мәсіхтің «Көктегі Әкеміз» деген дұғасын (*Матай 6-тарау*) өздеріне үлгі тұтады.

Ехоба куәгерлері дұғаны айрықша жолмен немесе арнайы діни тілмен айту міндетті емес дегенге сенімді.

«Киелі рух арқылы дұға еткен кезде біздің аузымыздан әсерлі, лепірме сөздер шықпайды. Дұғамыз жаттанды, бір қалыпқа түсірілген сөздерден тұрмайды. Мағынасыз, жасанды мадақтауларға да жол берілемейді».

Жалпы, Иса Мәсіх пен Киелі кітап жазушыларынан басқа адамдар да дұға туралы өз ойларын жазып қалдырған. Мысалы, ағылшын жазушысы Джон Баньян (1628–1688) былай дейді: «Дұға – шын жүректен, саналы түрде Иса Мәсіх арқылы рухтың көмегімен Құдайдың уәде еткендері туралы өтініштеріңді

¹ Лермонтов М. Молитва. – Толық шығармалар жинағы. 1-т. – М., 1953. – 143-б

Жаратушы Иемізге сүйіспеншілікпен ақтару». Ал Пуритане шіркеу қызметшісі Томас Брукс (1608–1680) өзінің көзқарасын былай тұжырымдайды: «Кұдай біздің дұғаларымызға риторикалық тұрғыдан қарамайды, яғни олардың қаншалықты әсерлі екендігіне, сондай-ақ дұғаларымыздың геометриясына да – қаншалықты ұзақтығына, дұғаларымыздың арифметикасына да – қанша рет айтқанымызға, дұғаларымыздың логикасына да – қаншалықты қиындылығына назар аудармайды, бірақ ол ең бастысы, дұғаларымыздың шын жүректен шыққанына қарайды». Енді осыларға Баннынның және бір пікірін қоссақ: «Дұғада тұрған кезде жүрексіз айтылған көп сөзден гөрі, сөздері жоқ жалғыз шынайы жүректің болғаны жақсы»¹.

«Кұдайға дұға айту мәртебесі» деген өсиетте мынадай кеңестер беріледі:

«Кімге дұға айтуымыз керек?» Иса ізбасарларына «көктегі Әкеге» дұға етуді үйреткен (*Матай 6:9*). Сондай-ақ ол Жохан 14:6-да: «Жол, шындық және өмір – менмін. Мен арқылы болмаса, ешкім Әкеге келе алмайды», – деген. Демек, біз Ехобаға ғана дұға айтамыз. Бірақ дұғаны Иса арқылы айтуымыз керек. Иса арқылы деген нені білдіреді? Бұл Ехобаның Исаға берген ерекше дәрежесін мойындап, құрметтеуіміз керектігін білдіреді. Бұған дейін білгеніміздей, Иса жерге бізді күнә мен өлімнен азат ету үшін келген (*Жохан 3:16; Римдіктерге 5:12*). Сондай-ақ Ехоба Исаны Бас діни қызметкер етіп тағайындаған әрі оған соттауға билік берген (*Жохан 5:22; Еврейлерге 6:20*).

Дұға айтқанда, денемізді қалай ұстауымыз керек? Ехоба бізден тізерлеп, отырып не тұрып дұға ету керек деп талап етпейді. Киелі кітаптан білетініміз – Кұдайға дұға айтқанда, дене қалпымыздан оны құрметтейтініміз көрініп тұру керек (*Шежірелер 1-жазба 17:16*); *Нехемия 8:6*); *Даниял 6:10*). Алайда Ехоба үшін ең маңыздысы – дұғаны бар жүрегімізбен әрі құрметпен айтқанымыз. Біз дұғаны кез келген

¹ Сторожевая башня. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1990 – 42-б. (ағылшын тіліндегі басылым).

жерде, кез келген уақытта айта аламыз. Ехоба тіпті іштен айтылған дұғаны да естиді (*Нехемия 2:1–6*).

Дұғада не туралы айтуға болады? Біз Ехобаға ұнамды болатын кез келген нәрсе туралы дұға айтсақ болады. Киелі кітапта: «Оның еркіне сай не сұрасақ та, Құдайдың бізге құлақ асатынына кәміл сенеміз», – делінген (*Жоханның 1-хаты 5:14*). Жеке мәселеміз жайында дұға айтуға бола ма? Әрине. Ехобаға жақын досымызбен сөйлескендей ішіміздегінің бәрін ақтарсақ болады (*Зәбур 62:8*). Сондай-ақ дұрыс әрекет етуіміз үшін одан киелі рух сұрай аламыз (*Лұқа 11:13*). Дұрыс шешім қабылдау үшін даналық, ал қиындықтарға төтеп беру үшін күш сұрасақ болады (*Жақын 1:5*). Ехобадан күнәларымызды кешіруін сұрағанымыз да жөн (*Ефестіктерге 1:3, 7*). Бұған қоса, басқалар жайында, мысалы отбасымыз бен қауымдағы бауырластарымыз жайында дұға айтсақ болады (*Елшілердің істері 12:5; Қолостықтарға 4:12*).

Дұғада бірінші кезекте не туралы айтуымыз керек? Ехоба мен оның ниеті туралы. Ехобаға жасап жатқан барлық жақсылығы үшін шын жүректен алғыс білдіргеніміз жөн (*Шежірелер 1-жазба 29:10–13*). Иса жерде болған кезінде не туралы дұға айту керектігін үйреткен (*Матай 6:9-13 оқыңыз*). Ол шәкірттеріне ең алдымен Құдай есімінің киелі тұтылуын, яғни басқалар оның есімін қасиетті санауын сұрауды тапсырған. Сосын Құдайдың Патшалығы келсін деп және жер бетінде Ехобаның ниеті орындалсын деп сұрауымыз керектігін көрсеткен. Иса осы маңызды жайттар туралы дұға еткеннен кейін ғана өз қажеттілігіміз туралы сұрай алатынымызды айтқан. Дұғамызда бірінші кезекте Ехоба мен оның ниеті жайында айтсақ, осы жайттар біз үшін өте маңызды екенін көрсетеміз.

Дұғаның ұзақтығы қандай болу керек? Киелі кітапта бұл туралы нақты ештеңе айтылмаған. Біз қысқа да, ұзақ та дұға айта аламыз, бұл жағдайға байланысты. Мысалы, ас ішер алдында қысқаша

айтуымыз мүмкін, ал Ехобаға алғыс білдіргенде не уайымымыз туралы айтқанда ұзақ дұға айтатын шығармыз (*Самуилдің 1-жазбасы 1:12, 15*). Біз Исаның кезіндегі кейбір адамдар сияқты басқалардың назарын өзімізге аудару үшін ұзақ дұға айтудан аулақпыз (*Луқа 20:46, 47*). Ехоба мұндай дұғаларды ұнатпайды. Оған шын жүректен шыққан дұғалар ұнайды.

Дұғаны қаншалықты жиі айтуымыз керек? Ехоба бізді өзімен үнемі сөйлесіп тұруға шақырады. Оның Сөзі «ұдайы дұға етіңдер» және «әрдайым дұға етіңдер» деп талпындырады (*Матай 26:41; Салоникалықтарға 1-хат 5:17; Қолостықтарға 4:2*). Ехоба бізді тыңдауға әрқашан дайын, біз оған сүйіспеншілігі мен жомарттығы үшін күн сайын рақмет айтсақ болады. Сондай-ақ ақыл-кеңес, күш пен жұбаныш беруін сұрай аламыз. Ехобаға дұға айту мәртебесін шынымен бағалайтын болсақ, кез келген мүмкіндікті пайдаланып, онымен сөйлесетін боламыз.

Дұғаның соңында неге «аумин» деп айту керек? «Аумин» деген сөз «рас», «солай болсын» дегенді білдіреді. «Аумин» деу арқылы дұғада айтқандарымыздың шын жүректен шыққанын растаймыз (*Зәбур 41:13*). Киелі кітаптан оқитынымыздай, көпшіліктің атынан айтылған дұғаның соңында іштей не дауыстап «аумин» деп айтсақ, айтылғандармен келісетінімізді көрсетеміз (*Шежірелер 1-жазба 16:36; Қорынттықтарға 1-хат 14:16*)¹.

Ехоба куәгерлері тағы да Киелі кітапқа сілтеме жасай отырып, «дұғаны кез келген уақытта, кез келген жерде, кез келген орынды себептермен, тұрысымыздан құрметтейтініміз көрініп тұратындай қалыпта, ешқандай пайда көздемей» айтуға болады деп есептейді. «Жеке дұға оңашада, тыныш жерде айтылғаны жақсы. Және Ехоба әділ адамдардың дұғасына ғана назар аударатынын есте ұстаған жөн»².

¹ Киелі жазбалардан не білеміз? – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2019. – 177–181-б.

² Гордиенко Н. Российские Свидетели Иеговы: история и современность. – 67-б.

Киелі кітаптағы: «Келіңдер, Ехобаға қуана ән салайық! Құтқарушы Жартасымызға шаттана шырқайық! Алдына барып алғыс айтайық, Ән салайық, шаттана шырқайық» (Зәбүр 95:1, 2) деген нұсқауды есте ұстайтын Ехоба куәгерлері қауым болып діни әндерді орындауға көп мән береді. Барлық қауым кездесулері әнмен басталып, әнмен аяқталады. Кезінде 1879 жылы Расселл «Қалыңдықтың әндері», ал 1890 жылы «Мыңжылдықтың жарығы өлеңдері мен мадақ әндері» деген кітаптарды басып шығарған болатын. Содан бері де оннан астам әндер жинағы жарық көреді. Қазір Ехоба куәгерлері 2016 жылы жарыққа шыққан «Ехобаға қуана ән шырқайық!» деп аталатын, 151 әннен тұратын әндер жинағын пайдаланады.

Әндер жинағына өзгертулер енгізілгенде және оларды қайта басып шығарғанда қандай жайттар ескеріледі?

2017 жылдың қараша айында жарық көрген «Күзет мұнарасы» журналында осы ән кітабы туралы былай деп жазылған: «2016 жылы өткен жылдық жиында Басқарушы кеңестің мүшесі Стивен Летт бауырлас «Ехобаға қуана ән шырқайық!» деп аталатын жаңа ән кітабының жарық көргенін хабарлағанда, қатысушылардың барлығы таң-тамаша болды. Стивен бауырлас «Киелі жазбалар. Жаңа дүние аудармасы» қайта өңделгендіктен, ән кітабын да жаңарту қажеттілігі туындағанын айтып өтті. «Жаңа дүние аудармасынан» кейбір тіркестер алынып тасталғандықтан, жаңа ән кітабының сөздеріне де өзгерістер енгізілді. Сондай-ақ оған уағыз ісі және төлем жайлы жаңа әндер де қосылды. Оның үстіне, ән ғибадатымыздың маңызды бөлігі болғандықтан, Басқарушы кеңес жоғары сапалы ән кітабын шығаруды жөн көрді. Бұл жаңа ән кітабының мұқабасы «Жаңа дүние аудармасына» ұқсас етіп жасалды. Кітапты қолдану ыңғайлы болу үшін, ондағы әндер тақырып бойынша топтастырылған. Мысалы, алғашқы 12 ән Ехоба жайлы болса, келесі 8-і Иса мен төлем жайлы және тағы сол сияқты. Тақырыптардың толық тізімі кітаптың бас жағында орналасқан.

Бұл өте ыңғайлы. Мысалы, ер бауырластар көпшілікке арналған баяндамаға ән таңдағанда осы тізімге қарай алады. Ән кітабындағы сөздерге өзгерістер енгізілгендіктен, әндердің мағынасын түсіну жеңілдеді. Соның арқасында әрбір адам жаңа әндерді шын жүректен шырқай алады. Кітапта қолданылып келген ресми тіл көпшілікке түсінікті тілге алмастырылды».

«Күзет мұнарасының» осы санында «Қуанышпен ән шырқайық!» деген арнайы мақала да басылған. Онда ән айтқан кезде адам өзін қалай ұстағаны дұрыс, дауыс ашық әрі әуезді шығу үшін ауызды қалай ашып, қалай демалу керектігі жайлы нақтылы кеңестер беріледі.

Ән айту – Ехоба куәгерлері үшін әдемі музыкаға қосылып, қауым болып әнді бірлесе шырқау ғана емес, бұл сонымен қатар, ғибадаттың маңызды бір бөлігі саналады.

Жалпы, Ехоба куәгерлерінің қауымдары сенушілердің өзара бірлігімен ерекшеленеді. Куәгерлердің өздері бірлікті қатты бағалайды және барлық уақытта оны сақтауға тырысады. Мысалы, 2018 жылы бүкіл дүниежүзі бойынша қауымдарда «Ехоба мен Исаның бірлікте екеніндей, барлығымыз да бірлікте болайық» деген мақала талқыланып, алалаушылықтың қаншалықты қауіпті екендігі тілге тиек етіледі. Онда әрбір мәсіхші өзінің бойында ұлты мен мәдениеті, түр-түсі басқа адамдарға деген алалаушылық сезімі бар ма, соны тексеруге шақырылады. Мақаланың соңы былай деп аяқталады: «Осы зұлым дүниенің ақыры жақындаған сайын, адамдар арасында жікке бөлінушілік, алалаушылық пен жеккөрушілік өрши бермек (*Ғалаттықтарға* 5:19–21; *Тімөтеге 2-хат* 3:13). Бірақ Құдайдың халқы ретінде біз «көктен келген даналыққа» ұмтыламыз. Өйткені бұл даналық бізге ешкімді алаламай, тату болуға көмектеседі (*Жақын* 3:17, 18). Біз әртүрлі елдің адамдарымен дос болуға, әдет-ғұрыптарын құрметтеуге, кейде тіпті тілдерін үйренуге қуаныштымыз. Солай етсек, «өзендей» тыныштықтың және

«теңіз толқындарындай» әділдіктің игілігін көреміз (*Ишая 48:17, 18*)»¹.

Куәгерлерді ерекшелейтін және бір қасиет – демократизм. Мысалы, олар жас айырмашылықтарына қарамастан, қарттары да, жастары да, жауапкершілік міндеттері барлары да, жай қатардағы сенушілері де, бір-біріне үлкен құрметпен, сыйластықпен қарайды. Қажет болған жағдайда, ешкім де мардымсыз, тіпті ерсілеу көрінегін жұмыстан бас тартпайды. Сондықтан да бұл жерде қолына еден жуатын шелек пен шүберек ұстаған инженерді де, музыкантты да, заңгерді де кездестіруге болады. Әсіресе, мұндайда қауым ақсақалдары мен тұрақты ізашарлар басқаларға үлгі болуға тырысады. Патшалық сарайларын соққанда «жаппай жабылып» кетеді. Ал егер құрылыс барысында қандай да бір қиындықтар туындап жатса, басқа елдердегі Куәгерлер көмекке келуге әрқашанда әзір.

Отбасы – кез келген конфессияның рухани-тәжірибе кешенінде діни нанымдарды, әдет-ғұрыптарды, дәстүрлерді мұра етуде ерекше орынға ие.

Бір кездері «тұрмыс патшалығы» туралы ілімді өмірге әкелген танымал американдық философ Джордж Сантаяна (1863–1952), отбасын «табиғат жауһарларының» бірегейі деп атаған көрінеді.

Шынында да әдемі теңеу емес пе? Бірақ сол «жауһар» бүгінгі және болашақ ұрпақтар үшін өзінің таңғажайып кереметін сақтай алды ма? Егер сақтай алсақ, оның қорғаушысы кім?

Жасыратыны жоқ, қазіргі қоғамдағы адамдардың көпшілігінің «отбасы» туралы түсінігі осы институттың модальді түрінен әлдеқайда басқаша.

Отбасы ұғымы пайда болғаннан бергі үш мың жылдан астам уақыттың ішінде ол талай қиындықтарды басынан өткеріп, бірталай өзгерістерге ұшырады: көп балалы жанұядан – тұқымдық, немесе өзектік (*балалардың ата-анасының үйінде қалуы*), соның ішінде патриархалдық, әрмен қарай – нуклеарлық, ал бүгінде көптеген

¹ Күзет мұнарасы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2018. Маусым. – 14-б.

элеуметтанушы ғалымдардың пікірінше – жекешелендірілген нуклеарлық отбасына айналған. Алайда өкінішке қарай, отбасының өзгеру үдерісі мұнымен де аяқталмайтын секілді...

1927 жылы американдық психолог Джон Уотсон, 50 жылдан кейін, яғни 1977 жылдары, отбасы деген ұғым тіпті болмайды десе, ал оның отандасы, орыс ұлтынан шыққан Питирим Сорокин, ажырасу мен бөлінудің кең тарайтындығы соншалық, заңды некедегілер мен тіркелмей-ақ бірге тұратындардың арасындағы айырмашылық мүлдем жойылатын болады дегенді айтқан екен.

Байқап отырғанымыздай, бақытымызға қарай, Джон Уотсонның болжамы орындалмағанмен, Питирим Сорокиннің көрегендігіне, бүгіндегі отбасының хал-ахуалын қалай дөп сипаттай білген деп еріксіз қайран қаласыз.

Иә, бұл бұлтартпас шындық, қазір кейбір елдерде гомосексуалдық некелердің заңдастырылып, гей-парадтардың кәдімгі үйреншікті құбылысқа айналғанын бәріміз де көріп жүрміз ғой...

«Моральдың жойылуы» (Э. Гидденс) құлықтылықтың әрмен қарай азғындауына әкеліп соғатынын мойындауымыз керек. Француз жазушысы Л. Вовенаргтың: «Құлықтылықтың жойылып кетуінен, бұзылуы оңайырақ», – деген пікіріне келіспеске лажың жоқ.

Осындай жан түршігерлік құлдырауға тап болған отбасы институтын, оның элеуметтік мәнін, моральдық-құлықтылық принциптерін қайтадан қалпына келтіруге бола ма? Егер болса, оны қалай жасауға болады?

Өкінішке қарай, отбасылық-некелік қатынастарды нығайтуға байланысты әртүрлі мемлекеттік органдар мен ғылыми институттар жасап жатқан жобалардың тиімділігі шамалы, ал кейбірінің тіпті пайдасы да жоқ. Ал көбіне сондай жобалардың аясында ұйымдастырылатын іс-шаралардың тәрбиелік мәнінен гөрі, көңіл көтеру жағы басымырақ болып жатады.

Мен өз басым дінді ұстанбайтын адам болғаныммен, байқауымша, кейбір канондық ережелердегі ауытқушылықтарын қоспаған-

да, дәстүрлі некені сақтауда және нығайтуда діннің рөлі едәуір, әрі қандай да бір нақтылы дін емес, бұл көптеген конфессиялар мен деноминацияларға тән жайт. Сондықтан осынау құбылысты тереңірек зерттеген дұрыс болар еді.

Менің пайымдауымша, кез келген мемлекет және кез келген қоғам аталмыш мәселеде мемлекет зайырлы ма, әлде жоқ па, оған қарамастан ұлттық-діни дәстүрлерге иек арту керек. Өйткені іс жүзінде барлық діндер (*әрине, қандай да бір өзіндік діни топ құрып, онда әлеуметтік және мәдени ұстанымдар қалыпты нормалардың шегінен шығып жататындарды қоспағанда*) өмірдің мән-мағынасы, рухани құндылықтардың реттеуші құралы үй іші екендігін жете түсінгендіктен, отбасына ерекше назар аударады.

«Кез келген қоғам отбасыларынан тұрады, әрі ол отбасы басылары қалай орнатса, солай болады. Өйткені «өмірдің қайнары» жүректен шығады (*Нақыл сөздер 4:23*); ал қоғамның, шіркеудің және халықтың жүрегі – отбасы. Яғни, қоғамдағы жақсы тұрмыс, шіркеудің жетістігі және халықтың өркендеуі отбасының ықпалына байланысты», – дейді протестанттық деноминациялар¹. Әлбетте, мұндай тұжырымды өзге де конфессиялардың бірауыздан қостайтыны анық.

Конфессионалды-қауымдық және отбасылық діншілдік – діни кешенділікті анықтайтын жүйелілік элементтер. Діни отбасы мен діни қауымның өзара қарым-қатынасы, олардың арасында туындайтын тартылу мен кері итеру күштері күрделі әрі көпқырлы сипат алады.

Барлық діндердің қызметшілері Киелі кітапқа және басқа беделді дереккөздерге сүйенуге тырысады, олар адам өзіне баға берудегі алғашқы дүниетанымдық қабілеті отбасында қалыптасады, тұлғаны қалыптастыратын моральдық принциптер мен нормалар және өмірдің мағынасы, өмірдегі идеал, борыш, әділдік және рухани мәдениеттің басқа да реттеуші құралдары турасындағы түсінік бекітіледі, негізделеді және ақталады деп түсінеді.

¹ Уайт Э. Семья и здоровье. – Рига, 1990. – 14-б.

Отбасы құрылымына қатысты мәселеде Ехоба куәгерлері әсіресе дәстүрлі моральдық нормаларға және Киелі кітаптық талаптарға үлкен жауапкершілікпен қарайды. Ал Киелі жазбаларда некеге байланысты нақты былай деп жазылған: «Құдай сендердің қасиетті болғандарыңды қалайды, сондықтан азғындықтан аулақ болыңдар... Құдай бізді арам істермен айналысуға емес, киелі болуға шақырды. Сондықтан мұны елемейтін кісі адамды емес, сендерге киелі рухын беретін Құдайды елемейді» (*Салоникалықтарға 1-хат 4:3–8*). «Барлығы некеге құрметпен қарасын, ешкім жар төсегін былағамасын! Азғындар мен неке адалдығын бұзушыларды Құдай соттайды» (*Еврейлерге 13:4*). «Жоқ әлде әділетсіздер Құдай Патшалығын мұра етпейтінін білмейсіңдер ме? Алданбаңдар: азғындар,... неке адалдығын бұзушылар, табиғи емес жыныстық қатынаста қолданылатын еркектер, еркекқұмар еркектер... Құдай Патшалығын мұра етпейді» (*Қорынттықтарға 1-хат 6:9, 10*).

Осыдан бірнеше жыл бұрын Ехоба куәгерлері тіпті балаларға арналған «Бір еркек, бір әйел» деп аталатын мультфильмде шығарды. Онда некеге қатысты Киелі кітап нормалары балалар түсінігіне лайықты деңгейде талқыланады. Иә, тап қазіргі таңда Батыстағы бір жынысты некеге қатысты жалпақшешейлік көзқарастарды ескеретін болсақ, шынында да бұл өте батыл қадам! Өйткені Ехоба куәгерлері дәстүрлі неке институтын қызғыштай қорғауға әзір.

Ехоба куәгерлерінің некелесу салты екі бөлімнен тұрады және көп жағдайда кәдімгі зайырлы үйлену тойына ұқсайды.

Күйеу жігіт пен қалыңдық некеге тұруды шешіп, атастырылған соң, олар үйлену тойы болатын күнді белгілейді және некелерін мемлекеттік органдарда тіркейді. Бұл рәсім Ехоба куәгерлері үшін өте маңызды қадам және тек осыдан кейін ғана неке ресми деп танылып, екінші бөлімге өтуге, яғни Куәгерлердің Патшалық сарайында үйлену салтын ұйымдастыруға болады¹.

¹ Бірқатар шет елде Ехоба куәгерлеріне өз сенушілерінің некесін тіркеу құқығы берілген. Мұндайда жергілікті қауым ақсақалы Патшалық сарайда тіркеу рәсімін жасап, сол жерде салтанатты некелесу баяндамасын айтады.

Ехоба куәгерлерінің некелесу рәсiмiнде ешқандай асыра сiлтеушiлiк те, жасандылық та жоқ. Мұндағы басты мақсат – босағасы берiк, шаңырақтары шайқалмастай отбасын құру үшiн, жас жұбайларға Киелi кiтапқа негiзделген жақсы тiлектер айтып, тиiмдi кеңестер беру.

Сенушiлерге әдебиеттерiнде келесiдей кеңестер берiледi: «Мәсiхшiлер үйлену тойларының абыроймен өткенiн, өздерiне де, өзгелерге де қуаныш сыйлағанын мақсат етедi. Тойға келген қонақтар жас жұбайларға тiлек айтатын болса, күйеужiгiт пен қалыңдықтың, қонақтардың қадiрiн түсiретiн немесе жыныстық қатынасқа меңзейтiн, я болмаса дәрекi сөздер айтпау керек (*Нақыл сөздер 26:18, 19; Лұқа 6:31; 10:27*). Мәсiхшiлердiң тойында “дүние-мүлiкке мақтану” атымен болмау тиiс (*Жоханның 1-хаты 2:16*). Тойды жоспарлап жүрсеңiз, кейiн оны қуанышпен еске алатындай өтуiне қам жасаңыз»¹.

Некелесу рәсiмi арнайы әнмен және дұғамен басталады. Содан соң ақсақалдардың бiрi Киелi кiтаптан алынған ерлер мен әйелдерге арналған кеңестердi арқау ете отырып, жарты сағаттық баяндама айтады. Баяндаманың соңында жас жұбайлар бiр-бiрiне адал болуға, сүйiспеншiлiк танытуға қонақтардың алдында ант бередi. Сосын жас жұбайларға оң батасын беруiн сұрап, Құдайға дұға айтылады.

Осымен рәсiмнiң ресми бөлiгi аяқталып, жиынға қатысып отырғандар – бiр сенiмдегiлер, туыстары мен достары – жас жұбайларды құттықтауды бастайды. Некелескен ерi-зайыптыларға сыйлықтар, гүлдер, ашық хаттар тапсырады.

Той дастарқанын жасауды немесе жасамауды жас жұбайлар өздерi шешедi.

Әдетте той дастарқанына ақылға қонымды мөлшерде әртүрлi алкогольдi iшiмдiктер қойылады. Көңiл көтеру бағдарламасында Куәгерлердiң атына лайықты әдептi әндер мен билер орындалады.

¹ Құдай сүйiспеншiлiгiне бөлене берiңiз. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2015. – 181-б.

«Отбасы – Құдайдың меншігі». Христиандық идеологтар «Шіркеудің өркендеуі және оның даму көзі» тек отбасынан басталады деп біледі¹. Отбасы «қоғамның, шіркеудің және халықтың жүрегі» болып табылады². Отбасында кездесіп қалатын қиындықтарды шешуге қатысты Ехоба куәгерлерінің әдебиеттерінде көп көңіл бөлінеді. Мен сенушілердің отбасы институтына қатысты жалпы діни көзқарастарын үшінші тарауда егжей-тегжейі қарастырып кеттім. Сондықтан да бұл тарауда осы аумалы-төкпелі заманда отбасын берік ету мен оны қорғау мәселесі сенушілердің өмірлерінде қандай орын алатынына назар аударғым келеді.

«Қиындықтың түйіні шешілмей, жағдай ушығып кетсе, кейбір ерлі-зайыптылар бөлек тұруды не ажырасуды жөн көруі мүмкін. Кей елдерде үйленгендердің жартысынан көбі ажырасып жатады. Әрине, мәсіхшілер қауымында мұндай жайт кемде-кем. Дегенмен мәсіхші ерлі-зайыптылар барған сайын үлкен қиындықтарға кезігуде»³, – дейді «Күзет мұнарасы» журналының бір санында.

Ехоба куәгерлерінің сайтында (www.jw.org) отбасын нығайту мәселелеріне байланысты арнайы бөлім де бар. Бөлім мынадай тақырыптарды қамтиды: «Бақытты болудың сыры», «Құдайдың ақыл-кеңесі – бақытты отбасының арқауы», «Проблемалар мен шешімдер», «Бөлек тұру және ажырасу». Енді осы бөлімге енген кейбір мақалаларды атап өтейікші: «Некені қалай бақытты етуге болады?», «Отбасы жарасымы. Қолдау көрсету», «Отбасы жарасымы. Кешірімділік», «Сыйластық», «Ризашыл болыңыз», «Екінші рет неке құрғанда», «Отағасы – нәзік жанның қорғанышы», «Туған-туыспен ынтымағыңыз жарассын», «Адалдық барда үй іргесі шайқалмас», «Бала сүю бақыты», «Ехоба куәгерлері ажырасуды құптай ма?», «Ажырасқаннан кейінгі өмір», «Бақытқа бастар жол. Сүйіспеншілік», «Махаббат алауы сөн-

¹ Кристенсон Ларри. Христианская семья. – Чикаго, 1991. – 11-б.

² Уайт Э. Семья и здоровье. – Рига, 1990. – 14-б.

³ Күзет мұнарасы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2016. Тамыз. – 12-б.

бесін», «Ойларыңыз бір жерден шықпағанда», «Отбасына қара бұлт төнгенде», «Ашу-ызаны қалай тізгіндеуге болады?», «Отбасында кикілжің туғанда», т.с.с. Сонымен, тақырыптарынан-ақ байқап отырғанымыздай, мақалалардың барлығы отбасының ынтымақ-бірлігін нығайтуға бағытталған, онда Киелі кітапқа негізделген тиімді кеңестер беріледі.

Енді ойлап қараңызшы, осыдан кейін Ехоба куәгерлерін «отбасын бұзады-мыс» деп айыптайтындардың сөздеріне қалай иланбақпыз? Әсілі, мұндайлар не Куәгерлердің отбасы жөніндегі ілімдерімен мүлдем таныс еместер, не бас-көз демей еліктіріп ала жөнелетін жалған ақпараттардың «тұтқынына» түскендер, не саналы түрде (*егер тап осылай болса, әрине, өте өкінішті...*) жеккөрушілікпен немесе қандай да бір пайдакүнемдікпен осы конфессия туралы жеркенішті лақап сөздер тарататындар.

Расында да, басылымдарында үнемі келесідей ақыл-кеңестер жазатын Куәгерлер қалайша отбасын бұзбақ? «Мәсіхші ерлі-зайыптылар бір-бірін сүйетіні соншалық – бір-бірі үшін жанын беруге дайын болулары қажет... Отбасының іргесі берік болу үшін ерлі-зайыптылар «өзара төзімді болып, бір-бірін кеңпейілмен кешірулері керек». Өйткені екеуі де күнәкар пенде болғандықтан, қателіктер болмай тұрмайды. Мұндай кезде олар қателіктерінен сабақ алып, кешіре білуді және Киелі кітап принциптеріне негізделген сүйіспеншілікті танытуды үйрене алады. Бұл сүйіспеншілік күйеуі мен әйелін «толықтай біріктіреді» (*Қолостықтарға 3:13, 14*). Бұған қоса, ол «шыдамды да мейірімді», «кек те сақтамайды» (*Қорынттықтарға 1-хат 13:4, 5*). Некеде келіспеушіліктер туындағанда, жұбайлар оны күн батқанша, яғни мүмкіндігінше тезірек, шешіп алғандары дұрыс»¹.

Немесе келесідей дәйексөзге көңіл бөлейікші: «Бәлкім, сенде: «Қайткенде де некемді сақтап қалуға тырыса беруім керек пе?» – деген сұрақ туындайтын шығар. Бұл мәселеге қатысты шешімді

¹ Күзет мұнарасы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2016. Тамыз. – 10–11-б.

сен үшін ешкім қабылдамайды әрі қабылдамауы тиіс. Алайда қыл үстінде тұрған некеден күдер үзбеуге мәсіхшілерде себеп жоқ емес. Жұбайын тастап кетуге ар-ұждандары жібермейтіндіктен, некедегі қиындықтарға төтеп беретін мәсіхшілер Құдайға ұнайды (*Петірдің 1-хаты 2:19, 20 оқыңыз*). Ехоба Сөзі мен рухы арқылы берекесі кеткен некені сақтап қалуға барынша тырысатын қызметшілеріне көмектеседі»¹.

Ал өздерінің діни нанымын қостамайтын жұбайларға қатысты Ехоба куәгерлерінің көзқарасы мынадай екен: «Жұбайы Ехобаға қызмет етпейтін жағдайда бауырлас неліктен онымен қала беруі керектігіне қатысты Киелі кітапта салмақты себептер келтіреді (*Қорынттықтарға 1-хат 7:12–14 оқыңыз*). Сенуші емес жұбайы Құдайға қызмет ететін жарының арқасында «қасиетті» болады. Олардың балалары да «қасиетті» саналып, Құдайдың қорғанышында болады. Пауыл мәсіхші жұбайларды былай деп талпындырған: «Әйел, қайдан білесің, бәлкім, күйеуіңді құтқарып қаларсың? Ал сен, күйеу, қайдан білесің, бәлкім, әйеліңді құтқарып қаларсың?» (*Қорынттықтарға 1-хат 7:16*)»².

«Егер күйеуіңнің діни басқа болса...Әрине, некелік уәде өз күшін жоғалтпайды (*Қорынттықтарға 1-хат 7:10*). Киелі кітап некенің еш ажырамайтын жұп екенін айрықша айта келе, ерлі-зайыптыларды келіспейтін мәселелерден жалғармауға, қайта керісінше, оларды тезірек шешуге шақырады (*Ефестіктерге 5:28–31; Титке 2:4, 5*). Күйеуің сенің Киелі кітаптың дінін ұстануыңа үзілді-кесілді қарсы болса ше? ...Өмірлік жардың көзқарасын өзгерту үшін қалай тиімді әрекеттер істеуге болады. Мысалы, күйеуіңе сенің дінің ұнамайтын болса, онда күнделікті өмірде, басқа жағынан, оның налуына түрткі болатындай еш нәрсе істеме. Үйіңді таза ұста. Үсті-басыңның ұқыпты болуын қадағала. Сүйіспеншілік пен ризашылық танытуда жомарт бол. Сынама, қайта керісінше, оның қолдаушысы

¹ Күзет мұнарасы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2012. 15 мамыр. – 10-б.

² Күзет мұнарасы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2016. Тамыз. – 13-б.

бол. Күйеуіңе өзіңнің одан басшылық күтетініңді көрсет. Өкпелеп жүрген болсаң, кек алма (*Петірдің 1-хаты 2:21, 23*). Адам баласының кемелсіз екендігін ескер, араларыңда түсініспеушілік туындай қалған жағдайда кішіпейілділікпен бірінші болып кешірім сұра (*Ефестіктерге 4:26*). Қауым кездесулеріне баруың тамақ істеп үлгермеуіңе сылтау болып жүрмесін...

Егер әйеліңнің діні басқа болса. Мысалы, әйелі емес, күйеуі мәсіхші болса ше? Киелі кітапта мұндай жағдай үшін де басшылық бар. Онда былай делінген: «Егер бауырластың әйелі өзімен бір сенімде болмаса, бірақ онымен тұруға келіссе, әйелін тастамасын» (*Қорынттықтарға 1-хат 7:12*). Сондай-ақ Киелі кітап күйеулерге: «Күйеулер, әрдайым әйелдеріңді сүйіңдер» деп тәлім береді (*Қолостықтарға 3:19*). Егер әйеліңнің діні басқа болса, оны сыйлауға және сезімдерін ескеруге әсіресе күш жұмса. Ол ересек адам және тіпті сен онымен келіспесең де өзінің діни нанымын ұстануға ерікті. Сен өз дінің туралы айтсаң болғаны, ол қаншама уақыттан бері ұстанып келе жатқан нанымынан бірден бас тарта салады деп күтпе. Әйелің мен оның үй іші осыншама уақыт бағалап келген діни әдет-ғұрыптарын жалған деп айта салудың орнына, Киелі кітапқа сүйеніп шыдамдылықпен онымен талқылауға тырыс...»¹.

Енді олардың «Ехоба куәгерлері отбасын бұза ма?» деген мына бір мақаласына назар аударайықшы: «Ехоба куәгерлері бір сенімдегілерді Куәгер емес жұбайынан ажырасуға талпындыра ма? Жоқ. Елші Пауыл былай деп жазған: «Бір бауырласымыз Мәсіхке сенбейтін әйелге үйленген болса және әйелі бірге тұруға келіссе, онда ол ажыраспауға тиіс. Сол сияқты, сенуші әйелдің сенбейтін күйеуі бірге тұруға келіссе, онда әйелдің де ажырасуына болмайды» (*Қорынттықтарға 1-хат 7:12, 13*). Ехоба куәгерлері осы кеңеске құлақ асады.

¹ Отбасы бақытының сыры. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1996. Тамыз. – 129–133-б.

– Ехоба куәгері болып табылатын әйел Куәгер емес күйеуінің айтқандарын орындамауға шақырыла ма? Жоқ. Елші Петір: «Әйелдер, күйеулеріңе мойынсұныңдар. Осылайша, күйеулеріңнің кейбіреулері Құдай сөзіне құлақ аспаса да, айтқан сөздеріңмен емес, игілікті мінез-құлықтарыңмен оларды Мәсіхтің иелігіне айналдырыңдар. Олар таза да ізетті мінез-құлықтарыңды көргенде ғана осылай болмақ», – деген (*Петірдің 1-хаты 3:1, 2*).

– Ехоба куәгерлері күйеудің билігіне әрқашан мойынсұну керек деп үйрете ме? Жоқ. Елші Пауыл: «Әрбір еркектің басы – Мәсіх, әйелдің басы – күйеуі, ал Мәсіхтің басы – Құдай», – деген (*Қорынттықтарға 1-хат 11:3*). Мәсіхші әйел күйеуін жанұяның отағасы ретінде құрметтейді. Алайда күйеудің билігі шексіз емес. Ол Құдайдың және Мәсіхтің алдында жауап береді. Сол себепті егер күйеуі әйелін Құдай заңын бұзуға талпындырса, сенуші әйел «адамдарды емес, Құдайды көбірек тыңдайды» (*Елшілердің істері 5:29*).

– Ехоба куәгерлері мүлдем ажырасуға болмайды деп үйрете ме? Жоқ. Иса пайғамбар: «Кім жеңіл жүріске [*әдепсіз жыныстық қатынасқа*] түспеген әйелінен ажырасып, басқаны алса, сол неке адалдығын бұзады», – деген (*Матай 19:9*). Демек, Иса сияқты Ехоба куәгерлері неке адалдығын бұзу ажырасуға негіз береді деп есептейді. Сондай-ақ олар болмашы себептермен некені ойран етуге болмайтынына кәміл сенеді. Олар бір сенімдегілерін Исаның: «Еркек әке-шешесін тастап, әйеліне қосылады, сөйтіп екеуі біртұтас болады... Сонымен Құдай қосқанды адам баласы ажыратпасын!» – деген сөздеріне құлақ асуға шақырады (*Матай 19: 5, 6*)»¹.

2014 жылы Куәгерлер басып шығарған «Бақытты отбасы – баянды ғұмыр» деген кітапшада некеде бақытты болуға көмектесетін Киелі кітапқа негізделген көптеген кеңестер айтылады. Енді солардың бірқатарына көңіл бөлейікші:

¹ Күзет мұнарасы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2009. Қаңтар–наурыз. – 25-б.

«1. ҚҰДАЙ ЖҮКТЕГЕН МІНДЕТ.

КИЕЛІ КІТАПТА НЕ ЖАЗЫЛҒАН? Күйеу – үйдің отағасы (*Ефестіктерге 5:23*).

Құдай күйеуден әйелін аялап, қамқорлайды деп күтеді (*Петірдің 1-хаты 3:7*). Ол әйелді көмекші ретінде жаратқан, сондықтан күйеуінің оны қадірлеп, жақсы көргенін қалайды (*Мұсаның 1-жазбасы 2:18*). Әйелін қатты сүйетін адам оның тілек-қалауын өзінікінен жоғары қояды (*Ефестіктерге 5:25–29*).

Құдай үйдің отанасынан болса күйеуіне зор құрмет көрсетіп, оған отбасындағы міндетін атқаруға көмектеседі деп күтеді (*Қорынттықтарға 1-хат 11:3; Ефестіктерге 5:33*). Әйел күйеуінің қабылдаған шешімдеріне шын жүректен қолдау көрсеткені абзал (*Қолостықтарға 3:18*). Осылай етсе, ол жұбайының да, Құдайдың да көзінде көрікті бола түседі (*Петірдің 1-хаты 3:1–6*).

ПАЙДАЛЫ КЕҢЕС

Жақсы жар болу үшін сізге әлі де не жетіспейтінін жолдасыңыздан сұраңыз. Оны мұқият тыңдап, айтқанын орындап көріңіз;

Шыдамды болыңыз, өйткені бір-біріңізді бақытты етуді үйрену үшін біраз уақыт қажет болуы мүмкін.

2. ЖҰБАЙЫҢЫЗДЫҢ СЕЗІМДЕРІН ОЙЛАҢЫЗ.

КИЕЛІ КІТАПТА НЕ ЖАЗЫЛҒАН? Жан жарыңыздың мүддесін ойлағаныңыз абзал (*Філініліктерге 2:3, 4*). Жарыңызды алақаныңызға салып, мейіріммен қараңыз. Өйткені Құдай бізден «бәріне мейірбан» болуды талап етеді (*Тімөтеге 2-хат 2:24*). Киелі жазбаларда: «Ойланбай сөйлеген семсердей жаралайды, ал дананың тілі сауықтырады», – делінген. Сондықтан сөзіңізді сүзгіден өткізіп сөйлеуге тырысыңыз (*Нақыл сөздер 12:18*). Құдайдың құдіретті күші сізге жылулықпен және сүйіспеншілікпен сөйлеуге көмектеседі (*Ғалаттықтарға 5:22, 23; Қолостықтарға 4:6*).

ПАЙДАЛЫ КЕҢЕС

Жұбайыңызбен қиын мәселе жайлы сөйлесер алдында сабырлық сақтау үшін және біржақты болмай, түсінікпен қарау үшін Құдайдан көмек сұраңыз;

Не айтатыныңызды және қалай айтатыныңызды жақсылап ойластырып алыңыз.

3. ОЙЛАРЫҢЫЗ БІР ЖЕРДЕН ШЫҚСЫН.

КИЕЛІ КІТАПТА НЕ ЖАЗЫЛҒАН? Неке құрғанда, жұбайыңыз екеуіңіз «біртұтас боласыздар» (*Матай 19:5*). Десе де екі жеке дара тұлға болғандықтан, ойларыңыз әрдайым бір жерден шыға бермеуі мүмкін. Сондықтан сіздерге бірдей ойлап, бірдей сезінуді үйренуге тура келеді (*Філіпіліктерге 2:2*). Бұл әсіресе қандай да бір шешім қабылдағанда қажет. Киелі кітапта «жоспар іске асар кеңесумен» деген сөздер бар (*Нақыл сөздер 20:18*). Олай болса, маңызды шешімдер қабылдарда ақыл-кеңес табу үшін Құдай Сөзіне жүгініңіздер (*Нақыл сөздер 8:32, 33*).

ПАЙДАЛЫ КЕҢЕС

Жарыңызға жай ғана пікіріңізді емес, не сезінетініңізді де айтыңыз;

Шешім қабылдамас бұрын жұбайыңызбен ақылдасыңыз»¹.

Ехоба куәгерлері некеге дейінгі жақындасуды құптамайды, өйткені олар Салоникалықтарға 1-хат 4:3-те айтылған: «Құдай сендердің қасиетті болғандарыңды қалайды, сондықтан азғындықтан аулақ болыңдар», – деген кеңеске мойынсұнады. Сондай-ақ Куәгерлер Киелі кітаптағы: «Ал некеде тұрғандарға мен, тіпті мен емес Иеміз, нұсқау береді: әйел күйеуінен кетпеу керек. Егер кететін болса, салтбасты болып қалсын немесе күйеуімен қайта тағуалассын. Күйеу де әйелінен кетпеу керек», – деген осы кеңесті де ешқашан ұмытпайды.

¹ Бақытты отбасы – баянды ғұмыр. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2014. – 4-5-б.

Сонымен байқағанымыздай, Ехоба куәгерлерінің пайымдауынша, некелік одақ өмір бойына сақталуы тиіс (*Римдіктерге 7:2*). Егер ерлі-зайыптылардың бірінің азғындық жасалынғаны дәлелденсе, онда кінәсіз жақ некесін сақтауды немесе сақтамауды жеке өзі шешуге құқылы (*Матай 5:32*). Бірақ Куәгерлердің ілімі бойынша, ажырасуды отбасылық проблемаларды шешудің ең оңай жолы деп ойламау керек.

Некеде көп қиындық болған жағдайда да, сенушілер мынаған талпындырылады: «Өз үйіндегі жағдайды жақсарту үшін, сенің мінез-құлқыңа қатысты Киелі кітаптың кеңестерін ескере отырып, өзіңнің қолыңнан келетіндердің бәрін жаса»¹.

Ал енді бала тәрбиесіне келсек, бүкіл зерттеу барысында Куәгерлердің әдебиеттерінен байқағаным, «Ата-аналар балаларын қатыгездікпен, өрескелдікпен тәрбиелемеу керек» деген ой айтылады.

Бір мысал келтірейін: «Құдай өзінің халқына «тиісінше жөнге салатынын» айтады (*Еремия 46:28*). Егер жаза әділ және жасалған шалыс қадамға лайықты болса, ол жақсы жемісін береді. Елші Пауыл мәсіхшілерге былай деп жазады: «Сендердің есті екендеріңді жұрттың бәрі көретін болсын» (*Філіпшіліктерге 4:5*). Сондықтан сіздердің парасаттылықтарыңыз қолданған жазаңыз балаңыздың қадір-қасиетін түсірмеу жағын ескерген кезде де көрініп тұруы тиіс. Италияда тұратын Санти есімді бір ер кісі былай дейді: «Мен ұлым мен қызымды ешқашан кемсітпеймін. Қайта керісінше, проблеманың түпкі себебін тауып, оны тезірек шешуге тырысамын. Мен әдетте балаларымды біреулердің алдында, тіпті бір-бірінің көзінше де жазаламаймын. Әсіресе, басқа адамдардың көз алдында немесе жеке қалғанда да олардың кемшілігін айтып, кекетіп-мұқатпаймын»².

Бала тәрбиесінде Ехоба куәгерлері өз үлгілерін ең басты орынға қояды. Өйткені балалардың ойлары, сезімдері және іс-әрекеттері

¹ Ты можешь жить вечно в раю на земле. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1989. – 248-б.

² Пробудитесь! – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2011. Қапаша. – 12-б.

ата-аналарының ой-пікірлеріне, жүріс-тұрыстарына тікелей байланысты. Өсіп келе жатқан жас адамның ақыл-ойының, интеллектуалды-эмоционалдық күйінің өсіп-өркендеуі отбасындағы тәрбиеге байланысты дамып немесе тежеліп отыруы мүмкін.

Бұл жерде біз баланың алғашқы төрт-бес жасында оның ақыл-ойының 50 пайызы қалыптасатынын ескергеніміз жөн. Өйткені дәл осы уақытта оның сыртқы әсерлерді қабылдау мүмкіндігі өте жоғары болады.

Отбасында ата-аналары Ехоба куәгерлері болса, олар балаларына өзгеше діни немесе атеистік тәрбие береді деп ойлау аңғалдық болар еді. Бірақ дегенмен де мәселенің екінші жағын да ескерген дұрыс сияқты: мысалы, қаталдық көз жеткізуде ешқашан тиімді құрал бола алмайды, қайта, баланы шеттетіп, жеккөрушілігін тудырады. Міне, отбасын құруға ниет еткендерге немесе бала тәрбиесіне байланысты қиындықтарға тап болып жүргендерге арналған Ехоба куәгерлерінің басылымдарында осындай жайттарға назар аударылады.

Осы дінді ұстанатындардың пікірінше, жақсы да өнегелі отбасы – тек туыстық қана емес, «сенім, куәлік және дұға», ортақ рухани дәстүрлер арқылы тығыз байланыстағы «мүдделес ұжым». Және отбасындағы ізгіліктің қайнарына – тіл алушылықты, кішілердің үлкендерге, әсіресе ата-аналарына бағынуын, сондай-ақ бүкіл отбасының рухани тәлімгерлерге мойынсұнуын жатқызады.

Сонымен, көптеген протестанттық және неопротестанттық конфессиялар мен деноминациялар сияқты Ехоба куәгерлері де, отбасы – жай ғана қоғамдық бастауыш ұяшық емес, ол «онсыз өмірдің әлеуметтік ағысын және келер ұрпақты дұрыс қалыптастыру мүмкін болмайтын Құдайдың өзі орнатқан институт» деп есептейді¹.

Әртүрлі христиандық деноминациялардың отбасылық-некелік қатынастарды реттеуде өзіндік «өзгеше» жүйелері қалыптасқанымен, соңғы уақыттарда көптеген дінтанушылар атап өткендей,

¹ Социальная позиция протестантских церквей России. – М., 2003. – 25-б.

іс жүзінде барлық конфессияларда отбасының мойынсұнушылық үрдісін дамыту, оны «үйшілік шіркеуге» айналдыру мұраты айқын байқалады.

Мысалы, «Сенуші-протестанттардың отбасында «үй іші шіркеуін» құру мынадай жайттарға тікелей байланысты деп айтылады:

– отбасылық мінәжатты ұйымдастыра отырып, Киелі кітапты және басқа да діни басылымдарды күнделікті оқып үйрену, діни саат-дәстүрлер мен ережелерді бұлжытпай орындау арқылы әрбір отбасын өзіндік кішігірім қауымға айналдыру;

– өмірдегі барлық тіршіліктерін: үй ішіндегі тәлім-тәрбиесін, некелік қарым-қатынасын, бос уақытты пайдалануын, айналасындағылармен араласуын қатаң тәртіпке келтіре отырып, отбасынан жабық түрдегі діни ұйым жасақтау;

– отбасының қауым талаптарына толықтай мойынсұнуына қол жеткізу;

– отбасында атеистік және тағы басқа ілімдердің ықпалына қарсы тұра алатын эмоционалдық-психологиялық кедергілер құру»¹.

Ендеше байқап отырғанымыздай, конфессионалдық-қауымдық және отбасылық діншілдік – қазіргі заманғы діни ой-қалып пен тәртіпті анықтайтын жүйелік элементтер екен.

Діни отбасы мен қауымның қарым-қатынасы, олардың арасында туындайтын тартылу немесе бөлектену қиын да көпқырлы сипат алады. Діннің әлемдік көзқарастық, қатысымдық, теңгерімдік және тағы басқа функциялары қауымаралық, ұлтаралық және отбасылық-топтық қарым-қатынас механизмі арқылы жүзеге асады. Олар діни микроортада бағытын өзгерте отырып, жаңа жүйелік сапаларға ие болады: жалпылама жолдан, ерекшелік арқылы – жекелікке, мәнінен – көрінуге, тікелей тұрмысқа, нығаяды, тармақталады, нақтыланады.

¹ Бондаренко В., Косянчук А., Фомиченко В. Религиозная община в современном обществе. – Киев, 1988. – 89–90-б.

Әлбетте, сенушілердің көпшілігінің рухани өмірінде бір сенімдегілермен әңгімелесу, Құдайға мінәжат ету шараларына қатысу, діни рәсімдерді орындау, діни әдебиеттерді оқу және зерттеу, уағыздарды талқылау және тағы басқа діни қажеттіліктерін жүзеге асыру іс-шаралары басты орында тұрады. Дегенмен мына зайырлы әлемде ғылым мен өнердің жетістіктеріне деген қызығушылық сенушілердің де күнделікті әлеуметтік қарым-қатынастарында біршама байқалып қалуда. Бұл әсіресе, жастардың арасында айқын сезіледі. Әрине, бұл уақыт талабы ғой.

Сонымен, жоғарыда айтылғандарды қорытатын болсақ, тек дінтану және мәдениеттану ғана емес, бірінші кезекте мынадай педагогикалық міндеттердің туындайтынын атап көрсеткіміз келеді:

1. Конфессионалдық-қауымдық және отбасылық діншілдік – қазіргі заманғы діни кешеннің айқындалушы жүйелік элементтері болғандықтан, яғни олардың діни ой-қалып пен тәртіпті сақтауда және өркендетуде басты рөлге ие екендігін ескере отырып, отбасының бүгіндегі діни өмір салтындағы маңызын кешенді түрде зерттеу қажет.

2. Діни өмір салты қалыптасатын қоғамдық ортаны кешенді – соның ішінде нақтылы социологиялық тұрғыдан да – зерттеу. Яғни оны көпқырлы, өзіндік қызметтік жүйесі бар, даму үстіндегі құрылым ретінде талдау керек.

3. Діннің жекелеген мән-мағыналық компоненттеріне: діни нанымына, діни тәжірибесіне, діни тәртібіне сараптама жүргізу, сондай-ақ рухани тұлғаны, қазіргі діни және дүниетанымдық құндылықтардың бағыт-бағдарын жан-жақты зерттеу. Әрі бұл, әсіресе фундаментализм, экстремизм және терроризм сияқты лаңкестіктер белең алып отырған бүгінгі таңда аса маңызды болмақ.

Жоғарыда сөз болған барлық жайттарды әлі де тереңірек зерттей түсу үшін, барлық ғалымдардың, әсіресе дінтанушылар мен демографтардың күш-қуатын бірлесуге жұмылдыратын *(ең болмағанда*

Еуразия деңгейінде) мезгіл келіп жеткен сияқты. Өйткені осы аумақта орналасқан мемлекеттер тарихи, экономикалық және саяси жағынан бір-бірімен өте тығыз байланыста ғой.

Осы орайда орыстың ұлы жазушысы Л. Толстой: «Егер жақсылық жасаушы адамдар, жамандық жасаушы адамдар сияқты тез бірлесетін болса, онда әлемде әлдеқашан жұмақ орнар еді» – деген екен.

Енді Ехоба куәгерлеріне қайта оралайық.

Бір ғажабы, бүгінде бүкіл әлем құлықтылық жағынан жаппай құлдырауға ұшырағанымен, Ехоба куәгерлері бұл мәселеге жеңіл-желпі қараудан аулақ. «Ехоба куәгерлері – Құдай Патшалығын жариялаушылар» деген кітапта былай дейді: «Басқарушы кеңес арсыздыққа батыратын жыныстық қатынас проблемаларына байланысты, мұндайлардан тек аулақ болып қана қоймай, моральдық азғындыққа ұшырататын әртүрлі жайттардан және ықпалды әрекеттерден қорғана білу қажеттігіне бұрынғыдан да көбірек назар аударуда. Басқарушы кеңес соңғы отыз жыл бойына мастурбация, порнография, көбік опералар мен есірік музыка сияқты жасырын күнәлардың қауіптілігінен сақтандырып келеді. Әрі осындай дана кеңестердің арқасында, төрткіл дүние моральдық құлдырауға ұшырап жатқанда, Ехоба куәгерлерінің арасында құлықтылық нормаларын сақтау көрсеткіші өз биігінен еш түскен емес»¹. Ал соңғы жылдары «Күзет мұнарасы» журналында порнографияға², сондай-ақ қатыгез компьютерлік ойындарға мүлдем жоламау жағы жиі ескертілуде.

Құрметке лайық бір жайт: жыл сайын мыңдаған сенушілер – соның ішінде ақсақалдар да – қауымнан шығарылып жатса да, Куәгерлер жоғары құлықтылық талаптарға сай болудан бас тартпайды. Бұл жайлы олар ашық жазады: «І ғасырда кейбіреулер сенімнен адасып, азғын өмір кеше бастаған. Басқалары болса, жолдан тайғандардың

¹ Свидетели Иеговы – возвестатели Царства Бога. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2005. – 175-б.

² Жеркенішті порнографияға ессіз беріліп, әрі сол күнәсына өкінбейтін адам тіпті мәсіхшілік қауымнан шығарылуы да мүмкін.

іліміне сеніп адасты (*Жоханның 1-хаты 2:19*). Біздің күнімізде де Ехоба куәгерлерінің арасында осындай жағдай орын алуы мүмкін. Өкінішке орай, соңғы уақытта он мыңдаған өкінбеген күнәкарлар қауымнан шығарылды. Олардың арасында көпшілікке танымал ақсақалдар да болды. Киелі кітап талаптары барлық адамдар үшін бірдей (*Жақыт 3:17*). Ұйымның құлықтылық тазалығы сақталмаса, Ехобаның мақұлдауына ие болу мүмкін емес екенін Ехоба куәгерлері жақсы біледі»¹.

Ехоба куәгерлерінің діни өмірлерінің тағы бір саласы – жерлеу рәсімі. Біз жоғарыда талқылағанымыздай, Ехоба куәгерлері өлгеннен кейін өмір барлығына және адам жанының өлмейтіндігіне сенбейді. Олар өлімнен кейін адам өмірден қол үзіп, ештеңені сезбейтін күйге түсетіндігіне сенімді. Алайда Куәгерлер өлген адамның жер бетінде қайта тірілуге деген үміті бар екендігіне сенеді. Себебі бұл туралы Иса Мәсіхтің өзі айтқан болатын: «Бұған таңғалмаңдар, өйткені қабірдегілердің бәрі оның [Құдайдың Ұлының] даусын еститін уақыт келе жатыр, сонда олар қабірден шығады. Жақсылық жасағандар өмір сүру үшін, ал зұлымдық жасағандар сотталу үшін тіріледі» (*Жохан 5:28, 29*).

Әрине, мұндай түсінік Ехоба куәгерлерінің өлген адамды жерлеуіне қатысты іс-әрекеттеріне де әсер етеді. Негізінде Куәгерлер мұндай рәсім кезінде көп әбігерге түспейді, бас-аяғы қайтыс болған кісінің жақсы жақтары еске алынып, отбасына, туыстарына көңіл айтылады және болашақтағы қайта тірілуге деген үмітке назар аударылады.

Әдетте Ехоба куәгерлерінің Патшалық сарайында көңіл айту жиыны ұйымдастырылады. Мұндай қаралы басқосу осыған лайықты әнмен ашылып, артынан дұға айтылады. Сосын ақсақалдардың бірі 30 минуттық баяндама жасайды. Соңында тағы да дұғаға кезек беріліп, содан соң қайтыс болған кісіні бейіт басына алып кетеді.

¹ Свидетели Иеговы – возвещатели Царства Бога. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2005. – 17-б.

Бейіт басында ешқандай рәсімдер жасалмайды. Кейде дүниеден қайтқан адамның туыстары, достары гүлдер, азагүлдер әкеліп жатады, бірақ бұлар ешқандай да салт-дәстүрді білдірмейді. Кейін қабірге қарапайым құлпытас қойылады. Алайда оған қандай да бір діни рәміздердің бейнесі (*ай. айқыш, т. б.*) жасалмайды. Куәгерлер қайтыс болған жақындарының қабірін күтіп ұстауға тырысады.

Ал Ехоба куәгерлерінің нанымдарын ұстанбайтын адамдар жерлеуге қатысса ше? «Күзет мұнарасында» келесідей кеңес берілген: «Қандай да бір салт-жораға қатысу-қатыспауды шешер алдын шешіміміз өзгелердің, әсіресе бауырластарымыздың ар-ұжданына қалай әсер ететіні жайлы ойланғанымыз жақсы. Себебі біз ешкімді сүріндіргіміз келмейді! (*Марқа 9:42 сілт.*). Сенуші емес адамдарды да текке ренжіте бергіміз келмейді. Олармен ұрсысып немесе әдет-ғұрыптарын күлкі етпегеніміз жөн. Сүйіспеншілігіміз оларға ізетпен сөйлеуге қозғау болсын. Өйткені бұл Ехобаға даңқ әкеледі»¹.

Ехоба куәгерлері қайта тірілуге нық сенгендерімен, өлім олар үшін де ауыр қайғы. Әйткенмен де қайта тірілуге деген үміт тым қатты күйзеліп кетпеулеріне күш-қуат беріп, әрмен қарай да ынта-жігермен өмір сүрулеріне көмектеседі. Жоғарыда келтірілген мақалада жақынын жоғалтқан адамды қалай қолдауға болатынына қатысты кеңестер берілген:

«“Қайғырғандардың қайғысына ортақ болыңдар” (*Римдіктерге 12:15*). Қайғыдан көкірегі қарс айырылған адамды жұбатуға сөз таппай қиналатын кездеріміз болады. Бірақ кейде оны сөзімізден гөрі көз жасымыз жақсырақ жұбатуы мүмкін. Исаның досы Елазар қайтыс болған кезде, әпкелері Мәриям мен Марта және достары оны жоқтап қайғырды. Төрт күннен соң Иса келді. Елазарды тірілткелі жатса да, ол “көзіне жас алды” (*Жохан 11:17, 33—35*). Оның көз жасы Елазардың жақындарына деген сүйіспеншілігін көрсетіп,

¹ Күзет мұнарасы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2019. Сәуір. – 17-б.

Марта мен Мәриямға жұбаныш болды. Сондай-ақ оның көз жасы осы сәтте Ехобаның да не сезініп жатқанын көрсетті. Сол секілді бауырласымыз біздің сүйіспеншілігіміз бен қамқорлығымызды көргенде, өзінің жалғыз емес, қамқор да жанашыр достарымен бірге екенін сезінеді»¹.

Келесі маңызды мәселелердің бірі – Ехоба куәгерлері ұйымының қаржыландырылуы. Өйткені бұл мәселе де осы дінді сынаушылардың назарына көп ілініп жатады. Ендеше осыған байланысты Куәгерлердің басылымдарынан бірнеше үзінділер келтірейін: «Қоғам ақша жинауды да, ақша сұраудың басқа тәсілдерін де ұйымдастырмайды әрі қолдамайды». «Қауым кездесулерінде де, конгрестерде де ақша жинау туралы үндеулерді ешқашан естімейсің»².

Ал сонда мол қаржы қайдан шығып жатыр? Сонау 1886 жылы «Сион күзет мұнарасы» журналында мынадай ой айтылған болатын: «Маған үйіңдегі бұқаң да, Қораңдағы текең де қажет емес. Өйткені ормандағы аңдардың бәрі де, Тіпті барлық таулардағы жыртқыш аңдар да менікі. Мен тау-төбелердегі әрбір құсты білемін, Даладағы сансыз хайуандар да менікі. Ашықсам, мұны саған айтпаса едім, Өйткені құнарлы жер мен ондағының бәрі менікі» (*Зәбүр 50:9–12*). Міне осы сөздерді айтқан Тұлға ешкімнен ештеңе де сұрамай-ақ өзінің ұлы ісін үнемі қолдап отыруға құдіреті жетеді. Сол сияқты өзіне қызмет етуі үшін балаларын қандай да құрбандыққа баруға мәжбүрлемейді де, иә, ол олардың зор қуанышпен, өз еркімен берген сыйларынан басқа ештеңесін қабылдамайды (*Астын сызған – А. А.*)»³.

Ал бүгіндегі қаржы мәселесіне байланысты Куәгерлер мынадай түсінік береді: «Біздің ісіміз толықтай ерікті садақаның демеуімен

¹ Күзет мұнарасы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2019. Сәуір – 18-б.

² Свидетели Иеговы – возвещатели Царства Бога. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2005. – 340-б.

³ Сионская сторожевая башня. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1886. Қыркүйек. – 6-б. (Орыс тіліндегі мәтін мына кітаптан алынды: «Свидетели Иеговы – возвещатели Царства Бога». – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2005. – 341-б.).

атқарылады (*Қорынттықтарға 2-хат 9:7*). 1879 жылы осы журналдың екінші санында былай делінген еді: «Біз «Сион күзет мұнарасы» [*бұл журналдың сол кездегі атауы*] журналының демеушісі ЕХОБА Құдайдың өзі екеніне сенеміз, сондықтан ешқашан адамдардан қолдау іздеп жалынбаймыз да, өтінбейміз де». Біз әлі күнге дейін осы қағидадан айныған емеспіз. Ерікті садақа филиалдарымызға тікелей жолданады немесе әрбір Патшалық сарайындағы садақа жәшігіне салынады. Бірақ біз ешқашан келгендерден садақа не оннан бір бөлікті жинамаймыз, қызметіміз және басылымдарымыз үшін ақы талап етпейміз. Уағыздағанымыз, жиналыста тәлім бергеніміз не ғибадат орындарын салуға көмектескеніміз үшін бізге ақы төленбейді. Иса пайғамбар айтқандай, «тегін алғанды тегін береміз» (*Матай 10:8*). Сондай-ақ біздің филиалдар мен бас басқармада және Басқарушы кеңесте тер төгетін қызметшілердің ешқайсысы да жалақы алмайды. Сонымен қатар, біз ерікті садақаны апаттан зардап шеккендерге көмектесу мақсатында жұмсаймыз. Ежелде мәсіхшілер мұқтаждық көріп жүргендерге қуана көмектескен (*Римдіктерге 15:26*). Сол сияқты бүгін де біз зардап шеккендерге көмектесіп, үйлері мен ғибадат орындарын қайта соғып береміз, тамақ, киім және дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етеміз... «Ехоба куәгерлерінің барлық іс-шараларымен қатар, діни қызметті қаржыландыру ісі де ерікті түрде жүргізіледі. Әр адам діни садақаны қанша мөлшерде және қаншалықты жиі салатынын өзі шешеді» (*Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық Сот, 2011 жыл*)¹.

Осы айтылғандарды түйіндеп қорытар болсақ, Ехоба куәгерлерінің қауымдарында садақ жасау ерікті әрі жариясыз түрде жүзеге асырылады екен.

Егер зер салып қарасаңыз, соңғы уақыттарда Ехоба куәгерлерінің әртүрлі іс-шараларға – жүздеген тілдерде, әртүрлі тақырыптардағы бейне көріністермен жабдықталған ресми сайтының ашылып,

¹ Күзет мұнарасы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2015. 1 қыркүйек. – 6-б.

тұрақты жұмыс істеуі; өздерінің жеке киностудиясын құрып, сан алуан кинобаяндардың шығарылуы; жеке өздеріне қарасты онлайн-теледидардың ашылуы; бас басқарма кешені құрылысының жүзеге асырылуы – жұмсаған шығындарының жылдан-жылға еселей артып жатқанын көріп, еріксіз қайран қаласың. Бұған қоса, ұйым табиғи апаттардан зардап шеккен бір сенімдегілерге бүкіл дүниежүзі бойынша тұрақты түрде көмек ұйымдастырады.

Ал мұның бәрі, әрине, көп қаржыны қажет етеді. Рас, соңғы он жылда Куэгерлердің жалпы саны анағұрлым артты және біраз шығындар, бәлкім, Нью-Йорктегі қымбат құрылыс кешендерінің сатылымы арқылы жабылған шығар... Дегенмен де бұл конфессияның, әсіресе, кейінгі жылдары зор жылдамдықпен дамыған қарқынына таңғалмасқа лажың жоқ.

Әсілі, бұл жерде Ехоба куэгерлері ұйымының көп жағдайда өзін-өзі қамтамасыз етіп жататындығын да ескерген жөн-ау. Мысалы, жаңа басылымдарды дайындау – мәтінді теруден бастап, беттеу, басып шығару, жер-жерлерге жөнелту жұмыстарының бәрін Куэгерлер өздері атқарады. Дәл осы сияқты бейнеөнімдерді де өздері жасап, әндер мен музыкаларды да өздері жазады. Куэгерлердің өз заңгерлері мен дәрігерлері, өз инженерлері мен сәулетшілері, өз жүргізушілері мен электриктері бар. Және бұл жұмыстардың барлығын еріктілер атқарады. Олар мұны Құдайға қызмет етудің бір көрінісі деп біледі. Әрі, ең бастысы, олар өздерін «нағыз өз ұйымында» жүргендей сезінеді. Кім білсін, бәлкім, ең негізгі құпия да олардың өз ұйымдарына деген осынау айнымас шынайы адалдығында жатқан шығар-ау...

1904 жылы Ч. Расселл былай деген екен: «Өзін Құдайға толық арнаған адам, өзінде бардың бәрін Иемізге берді деген сөз. Сондықтан ол Жаратушы Иеміз өзінің уақытының, ықпалының, қаржысының, тағы басқа иеліктерінің үстінен қарайтын басқарушы етіп тағайындағандай сезіну керек және осы мүмкіндіктерін

Құдайдың есімін даңқтау үшін пайдалануға барынша күш салу керек». Расселл ойын әрмен қарай жалғастырып, былай дейді: «Шындықты білген адам оның рухына ие болып, күннен-күнге Құдайға деген сүйіспеншілігі мен қызметте белсенділігі арта түседі. Ол енді жоғарыдан келген даналықтың басшылығымен, Шындық үшін қызмет етуге көбірек уақытын жұмсайды, өзінде бардан көбірек бөліп беретін болады»¹.

Реті келіп тұрған соң, ұйымда ешқандай да сыбайластық жемқорлықтың жоқ екендігін атап өтпеске болмас. Мысалы, Басқарушы кеңестің мүшелері АҚШ-тағы өзге бетелдік отбасылары орналасқан үйлерде бірге тұрады. Олардың барлығы бір асханадан бірдей тамақ ішеді. Міне, осындай жоғары деңгейдегі діни топтарға арналған айрықша құрметтің жоқтығы, ұйымды таза ұстап, шынайы әділдікті кіршіксіз сақтауға көмектеседі.

Ал барлық жерде қылмыс пен заңсыздықты табуға асығып тұратын «сойқандық теориясын» ұнататындарға келсек, олар аталмыш ұйымның жүз жылдан бері АҚШ пен Батыс Еуропада белсенді қызмет атқарып келе жатқанын жақсы білсе керек-ті. Егер ұйым осынау ұзақ уақыттың ішінде қандай да бір заңбұзушылыққа немесе қылмыстық әрекеттерге жол берсе, бұл туралы ендігі жалпақ әлемге жария етілген болар еді ғой. Бірақ әзірге бәрі керісінше, қайта, Ехоба куәгерлеріне қарсы заңбұзушылық пен күшкөрсетушілік етек алуда. Мысалы, Ресейде ешбір жазығы жоқ Куәгерлерді қуғын-сүргінге ұшыратқан қайғылы жағдайларды қараңыз...

Осы орайда Нюрнберг қаласында өткен бір сот процесіндегі тағы бір оқиға есіме түсіп отырғаны. Сотта Нидерланд мемлекетін басып алған фашистердің рейхскомиссары Артур Зейсс-Инквартке тергеу жүргізілген болатын. Енді осы тергеу протоколының Ехоба куәгерлеріне қатысы бар жерінен бір үзінді келтірейін:

¹ Свидетели Иеговы – возвестители Царства Божия. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2005. – 342-б.

Ф. Биддл¹: Назар аударыңыз, мен сол уақыттарда орын алған іс-әрекеттер туралы дұрыс айтып тұрмын ба? Мысалы, полиция жекелеген адамдарды яки топ адамдарды сөздері мен іс-әрекеттері үшін Рейхтың жаулары деп танып, сосын олардың дүние-мүліктерін тәркілеген. Осы жайт анық па?

Зейсс-Инкварт: Иә... Ехоба куәгерлері осындай топқа жататын.

Ф. Биддл: О, Ехоба куәгерлері де осы топқа енгізілген бе еді?

Зейсс-Инкварт: Олар солардың қатарында болатын.

Ф. Биддл: Демек, Рейхтың жаулары ретінде олардың да дүние-мүліктері тәркіленген болды ғой?

Зейсс-Инкварт: Білетінім, олардың дүние-мүліктері аса көп емес-тін, бірақ соған қарамастан, әскери жорықтарға қатысудан бас тартқандары үшін, сол қолдарында бар азын-аулақ дүниелерінің өзі тәркіленген еді...

Ф. Биддл: ...Бұл қызық екен. Демек, Ехоба куәгерлері Германияның қарулы күштерінің құрамында соғысудан бас тартқан, және сол үшін олардың дүние-мүліктері тәркіленген... Мен дұрыс түсіндім бе?

Зейсс-Инкварт: Сізді толық қостай алмаймын. Өйткені Ехоба куәгерлері Германияда неміс армиясының құрамында қызмет етуден бас тартқан болатын. Сондықтан сол елде олардың қызметіне тыйым салынды, ал кейін бұл тыйымның күші басқа аумақтарға да таратылды.

Ф. Биддл: Кешіріңіз, мен бұл туралы сұрап тұрған жоқпын. Мен Нидерланд жөнінде айтып тұрмын. Нидерландықтар үшін бұл шындық па еді?

Зейсс-Инкварт: Иә... Бірақ Ехоба куәгерлерінің қызметіне тыйым салынғаны, олардың неміс армиясы қатарында қызмет етуден бас тартқандықтары үшін ғана емес-тін, негізінен біз бұл ұйымға мүлдем қарсы болатынбыз.

Ф. Биддл: О, енді түсіндім... Демек, сіздер пацифистерге қарсы болғандарыңыз сияқты, бұларға да қарсы шығып, сол үшін дүние-мүліктері тәркілеген болдыңыздар ғой. Дұрыс па?

¹ Фрэнсис Биддл – Нюрнбергтегі Халықаралық әскери трибуналдың мүшесі (АҚШ-тан).

Зейсс-Инкварт: Иә-ә...»¹.

Біздіңше, зерттелуі тиіс және бір маңызды сұрақ: қарапайым Ехоба куәгері өзінің күнделікті өмірінде қандай принциптерді жүзеге асырады?

Мына өмірде ең жоғары көрсеткіш саналатын нағыз гуманизмнің ең тереңде жатқан негізі жеке адамның қоғамға, мемлекетке, кез келген әлеуметтік, кәсіби, таптық, ұлттық, конфессионалдық топқа қатысты талмай-жалықпай жасайтын, даналықпен таңдайтын іс-әрекеттеріне байланысты болмақ. Әрине, мұндай таңдау Ехоба куәгерлерінде де бар. Олар бұл жөнінде былай дейді:

«**Біз кәдімгі қарапайым адамдармыз.** Біздің шыққан ортамыз бен әлеуметтік жағдайымыз әртүрлі. Кейбіріміз бұрын басқа дінді ұстансақ, өзгелеріміз Құдайға мүддем сенбеген едік. Алайда Ехоба куәгері болмас бұрын, әрқайсысымыз Киелі кітаптың ілімдерін мұқият зерттедік (*Елшілердің істері 17:11*). Ал білгендеріміздің шындық екеніне көз жеткізген соң, Ехоба Құдайға ғибадат етуді шештік.

Киелі кітапты зерттеудің игілігін көрудеміз. Айналамыздағы адамдар сияқты біз де өз қиындықтарымызбен және кемшіліктерімізбен күресеміз. Алайда Киелі кітаптағы кеңестерді күнделікті өмірде қолданғанымыздың арқасында өміріміз әдеқайда жақсара түсті (*Зәбүр 128:1, 2*). Өзгелермен Киелі кітаптағы құнды біліммен бөлісуіміздің бір себебі де осы.

Біз Құдай үйреткен құндылықтар бойынша өмір сүреміз. Киелі кітапта жазылған бұл құндылықтар өмірімізді жақсартуға, өзгелерді құрметтеуге және шыншыл да мейірімді болуға көмектеседі. Сондай-ақ олар қоғамға пайдасы тиетін салауатты адамдар болуға, отбасын нығайтуға және моральдық нормаларды ұстануға талпындырады. Біз «Құдайдың ешкімді алаламайтынына» кәміл сенеміз, сондықтан да ұлтшылық пен саяси алалаушылықты

¹ Мирошниченко С. Нюрнбергсий процесс: протоколы допросов главных военных преступников. Электрондық нұсқасы. Құрастырып, ағылшын тілінен аударған Мирошниченко С. – Новочеркасск: Военная литература, 2017. 3300-6. [URL: http://militera.lib.ru/docs/da/np_doprosy/index.html].

білмейтін дүниежүзілік бауырластықты құраймыз. Кәдімгі, қарапайым адамдар болсақ та, біз бірегей халықтың мүшелері болып табыламыз (*Елшілердің істері 4:13; 10:34, 35*)»¹.

«Біз басқа діндерден бөлініп шыққан ағым емеспіз, **біз – халықаралық ұйымбыз**. Бас басқармамыз Құрама Штаттарда орналасқанмен, Ехоба куәгерлерінің басым көпшілігі басқа елдерде тұрады. Шамамен сегіз миллионнан тұратын біздер 230-дан астам елде адамдарға Киелі кітаптан тәлім береміз. Өйткені Иса пайғамбардың мына сөздеріне құлақ асамыз: «*[Құдай Патшалығы]* жайлы осы ізгі хабар барлық халықтар есту үшін бүкіл жер бетінде уағыздалады» (*Матай 24:14*).

Қай елде тұрсақ та, біз адалдықпен мемлекет заңын орындаймыз. Әйтсе де саяси мәселелерге келгенде, бейтараптық сақтаймыз. Себебі Иса пайғамбардың ізбасарларына «осы дүниелік болмаңдар» деген бұйрығына мойынсұнамыз. Біз саяси мәселелерге және соғысты қолдайтын іс-шараларға қатыспаймыз (*Жохан 15:19; 17:16*)... Алайда біз басқалардан бөлектеніп өмір сүрмейміз. Иса пайғамбар өз ізбасарлары үшін Құдайға дұға еткенде, «оларды осы дүниеден алып кет» деп сұрамаған (*Жохан 17:15*). Сондықтан біз де ел қатарлы жұмыс істейміз, дүкен аралаймыз және оқу орындарында білім аламыз»².

Шынайы мәсіхші өзінің бар өмірін Құдайға ғибадат етудің айналасында құрады. Ол әрдайым Иса Мәсіхтің Матай 6:33-те айтқан сөздерін есінен шығармайды: «Ендеше, Құдай Патшалығы мен оның әділдігін әрдайым бірінші орынға қойыңдар...». Сондықтан да Куәгер үшін Құдайдың мүддесі бәрінен де жоғары тұрады. Міне, бұл Ехоба куәгерлерінің ең басты ерекшелігі және ең басты өмірлік принципі.

Бұл принцип 2010 жылдың 15 қазанында жарық көрген «Күзет мұнарасы» журналында былай түсіндіріледі: «Құдайдың әділ еркі

¹ Бүгінде Ехоба Құдайдың еркін кім орындауда? – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2019. – 4-б.

² Күзет мұнарасы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2015. 1 қыркүйек. – 4-б.

деген – оның әділдігіне негізделген нормалары мен құндылықтары. Жаратушы болғандықтан, Ехоба ненің дұрыс, ненің бұрыс, сондай-ақ ненің жақсы, ненің жаман екенін шешуге құқы бар (*Аян 4:11*). Бірақ Құдайдың әділ еркі қатаң заңдардың немесе ережелер мен нұсқаулардың таусылып бітпес тізімі емес. Ехобаның әділ еркі оның болмысына, әділдікпен қоса, сүйіспеншілік, даналық және күш сияқты басты қасиеттеріне негізделген. Сондай-ақ Құдайдың әділ еркі оның ниетімен байланысты, әрі оған өзіне қызмет еткісі келетіндерге қойған талаптары жатады. «Ең бастысы, Құдайдың әділ еркін орындауға ұмтылу» деген нені білдіреді? Бұл өзіміздің емес, Құдайдың кемелді нормалары мен құндылықтарына сай өмір сүруге тырысуды білдіреді (*Римдіктерге 12:2 оқы*). Мұндай өмір салтының маңызды бөлігі – Ехобамен тығыз қарым-қатынаста болу. Бірақ біз Құдайдың заңдарына жазадан қорыққандықтан емес, сүйгендіктен мойынсұнамыз. Ал сүйіспеншілік болса өз нормаларымызды орнатуға емес, оның нормаларын ұстану арқылы оған ұнамды болуға талпындырады. Бұған қоса, біз Құдай нормаларын ұстанудың дұрыс екенін түсінеміз, өйткені сол үшін жаратылғанбыз. Құдай Патшалығының Патшасы Иса Мәсіх сияқты біз де әділдікті сүйіміз керек (*Еврейлерге 1:8, 9*)»¹.



Енді осы айтылғандардан қандай қорытынды жасаймыз? Біздің түйгеніміз, Ехоба куәгерлерінің догматикасы (идеологиясы) мен қауым ішіндегі мінәжаттық іс-тәжірибелерінде өзіндік пайымдаулар болғанымен, олар қауым мүшелеріне де, сырт адамдарға да ешқандай зиян келтірмейді. Өйткені Куәгерлер не істесе де тек мәсіхшілік ұстанымдар мен Киелі кітапқа және оның өсиеттеріне сүйенеді. Ехоба куәгерлерінің әдебиеттерінен құқықбұзушылыққа немесе қоғамдық тәртіпсіздіктерге үгіттейтін ештеңе де таба алмайсың.

¹ Күзет мұнарасы. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2010. 15 қазан. – 7-8-б.

Сондықтан Ехоба куәгерлері кез келген саяси құрылым үшін қауіпті деп жалған сөз тарататындар, тек қана осы дінді төзбеушілікпен жек көретіндер ғана болуы мүмкін.

Ехоба куәгерлерінің ерекшелігі – берік нанымдары, құндылықтарының және көзқарастарының анық та қисынды жүйесі. Ал өткізілген талдаудың нәтижесінде, бұл діни топтың еш зияны жоқ деген тұжырымға келіп, келесідей сөздермен толық келісуге болады: «Бұл мемлекет үшін ең қауіпсіз және ең бейбітшіл діни ұйым. Олардың жалғыз ғана қалауы – өз діндері аясында еркін ғибадат етуге мүмкіндік алу»¹.

¹ «Омаха уорлд-геральд» газеті (АҚШ, Небраска штаты). Дәйексөз «Свидетели Иеговы – возвестители Царства Бога» кітабынан алынды. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2005. – 195-б.



Ехоба куәгерлері балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, оларға білім беру мәселелеріне көп мән береді





Ехоба куәгерлерінің отбасы тақырыбына арнап шығарған әдебиеттері

Неке

Барлы көру



Отбасы жарасымы. Қолдау көрсету



Отбасы — нағыз жаңын қорғанымы



Балалар есейіп, үйден кеткенде

Ақшаны жұмсай білу

Барлы көру



Ақшаны ұқсата біліңіз



Аза қанағат ету

Тіл табысу

Барлы көру



Жұбайыңыздың тілін білмей сөйлесудің сыры неде?



Ауыз қаламы қалай пайдалануға болады?



Ата-ананың бірі өлсе болғанда туысқандармен күресу

Бала тәрбиесі

Барлы көру



Қызылөйдің — ақсод бәйбісі



Ұстаздылықтың жемісі мей



Баламы — жастан




Ехоба куәгерлерінің арасында көпбалалы отбасылар көптеп кездеседі





Ехоба куәгерлерінің әдебиеттерінде денсаулық пен демалысқа қатысты мәлімет жиі жарық көреді



ЖЕТІНШІ ТАРАУ

ТӨЗІМДІЛІКТЕН – ҚУҒЫНДАУҒА, ДІНГЕ ТӨЗІМДІЛІКТЕН – АНТИКУЛЬТИЗМГЕ. СОНДАЙ-АҚ ТЕРМИНОЛОГИЯНЫҢ ДҰРЫСТЫҒЫ ТУРАЛЫ

Философиясы күні бүгінге дейін адамның сана-сезімін әуелете көтеруге тырысатын ұлы Платон былай деген екен: «Шындық ғажап һәм мызғымас ақиқат, алайда оған иландыру оңай емес». Иә, шынында да оңай емес, өйткені әрбір дәуірдің, тіпті әрбір қоғамның шындық туралы өз түсінігі бар. Оның үстіне, зұлымдық жасаушылар көбіне өздерінің «шындығымен» ақталуға тырысады. Бұған куә – бүкіл адамзат тарихы, соның ішінде діндер тарихы да бар. Демек, дін саласында да тап осындай деген сөз.

Мысалы, бүгінде көбіне және өте жиі рухани келісім туралы айтылып жатады. Жалпы, бұл идея өте жақсы-ақ, әрі құлаққа да жағымды естіледі. Былайша алғанда, мұны жер бетіндегі жұмақ, мәңгілік өмір, жердегі Құдай Патшалығы, сондай-ақ қазіргі барлық конфессиялар мен деноминациялардың басын біріктіріп, әмбебап дін жасау идеяларымен салыстыруға болатын шығар. Яғни, осы арқылы рухани ізденістер мен рухани ой-толғаулардың әртүрлілігі тоқтатылар еді...

Бірақ, өкінішке қарай, рухани келісім – тек утопия, яғни, бос қиял. Өйткені конфессияаралық түгілі, тіпті конфессиялардың өз ішінде қарама-қайшылықтар бұрын да болған, қазір де бар, әсілі, келешекте де сақталып қалар. Бұған бірден-бір дәлел – адамзат тарихында дінді

ту етіп ұстаған қаншама ұлтаралық, мемлекетаралық қақтығыстар мен соғыстардың болып өткені...

Діни фанаттардың бұған дейін де, және қазір де дін әлемінде көш-басшы болу үшін шектен шыққан қатыгездік пен жабайы мораль танытуларын адами тұрғыдан түсіндіру тіпті мүмкін емес. Олар өзгеше ойлайтындарға қарсы төзімсіздікке итермелеп, «басқа діндегілерді» қуғын-сүргінге ұшыратып, ар-ұждан еркіндіктеріне қысым жасауға шақырады.

Алайда, егер тарихқа көз жүгіртсек, о баста бәрі бейбіт жолмен басталған екен. Мысалы, пұтқа табынушылардың ғибадатында әрбір ру немесе әулет, кейін тіпті бүкіл халық әрқайсысы өздерінің құдайларына табынатын және олар басқа құдайлардың болуын кәдімгі жайт деп есептеген. Мәселенки, ежелгі Афинада белгісіз құдайларға құрбандық ошақтарын тұрғызған. Ал бейнелерге табынуға қарсы және павликиандық қозғалыстың жақтаушысы болған Византияның императоры II Михаил Травль IX ғасырдың өзінде бірінші рет діни дауларды асқындыруға, қарама-қайшы пікірлерді құдалауға тыйым салады. Яғни, ар-ұждан еркіндігі идеясын өмірге ендіре бастайды.

Бірақ біздің тарихтан білетініміз, әрқашанда, бір жағынан, толеранттық – басқа көзқарасты мойындау және құрметтеу болса, екінші жағынан, ашу-ызаға толы төзбеушілік те орын алып отырған.

Мысалы, тарих II Михаил Травльге Юлий-Клавдилердің әулетінен шыққан император Неронды қарама-қарсы қойған. Ал ол өте қатал, өзімшіл, жексұрын адам болған. Клавдий Цезарь Неронның қатыгездігі соншалық, ол ең алдымен өзінің шешесін, сосын әйелін өлтіруге бұйрық береді. Біздің заманымыздың 64 жылдары Нерон Римнің біраз бөлігін өртеп жібереді. Содан күдікті басқа жаққа аудару үшін, христиандарға қырғидай тиіп, қорғансыз адамдарды отқа жағады...

Осындай қантөгіс құдалаулар б. з. IV ғасырына дейін жалғасады. Сөйтіп, тек Рим императоры Ұлы Константиннің тұсында ғана христиандар басқа діндермен тең құқылы болады. Кейін I Константин қайтыс болған соң, христиандар Рим империясының мемлекеттік діни мәртебесін иеленеді.

Ортағасырлық христиан әлеміне дінге төзімділік идеясы, жалпы, жат көрінетін. «Құрбандық ошағы мен тақтың» одағы «ада-сушылық» деп саналатындықтан, ол мемлекеттік қылмыс ретінде қаралуы тиіс болатын. Тап осылайша діни қарама-қайшылық зайырлы және шіркеу биліктері тарапынан қуғындауға ұшырағандықтан, мұның арты көзсіз фанатизмді өршітіп, діни алауыздық пен төзімсіздікті тудыратын. Алайда тіпті сол кездің өзінде төзімділікке және күш қолданбауға шақырушылар да табылатын.

Ал Қайта өрлеу дәуірінде шіркеудің мемлекеттен бөліну процесі басталған еді. Сол уақыттарда тек дінді қабылдау ғана емес, тіпті дінді жанама түрде ұстанудың өзі еркіндік пен тектіліктің көрінісі деп мәлімделді, әрі бұл ешқандай да күштеуге жатқызылмады. Дегенмен де 1572 жылдың 24 тамызына қараған түні, әулие Варфоломейдің күні қарсаңында, Францияда Екатерина Медичи мен Гиз отбасының ұйымдастыруымен католиктер гугенот-протестанттарды аяусыз қырып тастайды. Осылайша еретиктерге (*үйренішкіті көзқарастардан ауытқушылар*) қарсы кез келген күш қолданушылықты болдырмауды жақтап, өзгеше сенімдегілермен татулыққа шақырған гуманист христиандар Фома Аквинский, Марсилий Падуанский және Уильям Оккамның тілек-баталары көзбе-көз бос сөзге айналады.

Ресейде «тынышсыз» деп аталып кеткен XVII ғасыр Орыс православие шіркеулерінің іштей бөлінуімен ерекшеленеді. Бұл туралы бөлінуді зерттеген төңкеріске дейінгі танымал зерттеуші А. Пругавин былай дейді: «Бөліну алғаш пайда болған кезде билік басындағылар оны шұғыл түрде, қатаң шаралармен бірден басып тастағысы келеді. Ал нәтижесінде адамдардың қаны өзен болып ағады. Бөліну әрекетінің алғашқы көсемдері мен жол бастаушылары ағаш төстің үстінде бастары шабылып, бөрене ағаштарға шегеленіп, қапас түрмелерде іріп-шіріп өлім құшады. Аяусыз қинаулар мен азаптаулардың шегі болмайды. Бөлінушілерді бет қаратпай түрмелерге, зындандарға, монастырларға тоғытады... Таяқпен сабап, қабырғаларын сындырып, мұрындарын тесіп, тілдерін кеседі... Тырдай жалаңаш күйлерінде үстеріне суық су құйып, даладағы қақаған аязға

қатырады... Ағаш торларға қамап, үстеріне қара май құйып, өртеп жібереді... Дарға асады, қадаға отырғызады... Қол-аяғын, сіңірлерін кескілеп, тірідей азапқа салады... Бір сөзбен айтқанда, айналасына үрей тудырып, елді дүрбелеңге түсіру үшін, адамның қолынан келетін хайуандықтың бәрін іске қосады»¹.

Бұған қарсылық ретінде ескі дәстүрлерді ұстанушылардың өз-өздерін өртеу әрекеттері бұрқ ете түседі (*деректерге жүгінсек, сол кездері 20 000-нан кем емес адам өртке оранған көрінеді*)².

Ал Еуропа елдерінде XIII–XV ғасырлар аралығында қатаң инквизиция белең алады.

Христиандыққа діни төзімділік идеясы Еуропаға тек Реформалау заманында қайтып оралады, бірақ оның өзінде қысқа мерзімге келеді. Өйткені көшбасшы реформаторлардың (*М. Лютер, Ж. Кальвин, Ф. Меланхтон*) ойлары кенеттен түбегейлі өзгеріске ұшырайды. Олар енді өздері еретиктер мен еркін ойлаушыларды Құдайды қорлағаны үшін өлім жазасына кесуді талап ете бастайды.

Сөйтіп, басқалай сенушілерді қудалаумен тек шіркеу ғана емес, мемлекет те, қоғам да айналысып кетеді. Нәтижесінде, қоғам ішінде төзбеушілік бұрынғыдан да өрши түседі.

Мемлекет пен шіркеуді бір-бірінен толықтай ажыратуды негіздеу үшін (*өйткені адамның азаматтық және саяси құқықтары оның қандай дінді ұстанатындығына байланысты болмау керек*) британ педагогы һәм философы Дж. Локк 1689 жылы өзінің «Діни төзімділік туралы хаттар» деген әйгілі еңбегін жариялайды.

Енді Джон Локктың сондағы ой-тұжырымдарынан бірнеше дәйексөз келтірейін: «Діни мәселелерде басқа көзқарасты ұстанатындарға қатысты төзімділік таныту, Інжілмен және ақыл-санамен

¹ Пругавин А. Раскол и сектантство в русской народной жизни. – М., Д. Светиннің баспаханасы, 1905. 31-б. Бұл мақала алғаш рет 1881 жылы «Значение сектантства в русской народной жизни» деген тақырыптың «Русская мысль» журналында жарияланған болатын. [URL: http://az.lib.ru/p/prugawin_a_s/text_1881_znachenie_sektatnstva_oldorfo.shtml].

² Сол жерде. – 257-б.

сәйкес келеді. Және дәл осындай жарқыраған жарықта адамдардың шындықты көрмеуі, барып тұрған құбыжық секілді»¹.

«Меніңше, ең алдымен мемлекеттік және діни мәселелерді ажырата білу қажет, яғни, шіркеу мен мемлекеттің шекарасы нақты айқындалуы тиіс. Егер осылай істелінбесе, онда арадағы дау-дамай ұшы-қиырсыз жалғаса бермек. Өйткені біреулер үшін жан сақтау немесе мемлекеттің көркеюі шын мәнінде қымбат па, әлде жай ғана солай көрінгісі келе ме, осы жағын ажырату тіпті қиын болмақ»².

«Шіркеу, менің түсінігімше, адамдардың ерікті түрде бірлесіп, өздерінің сенім-нанымдары бойынша құдайға ұнайтындай құлшылық жасап, жандарын құтқаруға мүмкіндік алатын еркін қауымдастық. Тағы да қайталап айтамын, бұл бостандықтағы ерікті қауымдастық. Ешкім де қандай да бір шіркеудің мүшесі болып туырмайды, ал егер солай болатын болса, онда әкелеріміздің, бабаларымыздың діндері жер иелігіне деген мұрагерлікпен бірге бізге өткен болады да, әркім сенімі үшін өзінің туылуына қарыздар болып шыға келер еді. Ал бұл дегенің барып тұрған сандырақ қой. Шын мәнінде, мәселе мынада: адам жаратылысынан қандай да бір шіркеумен, не сектамен байланыста туылмайды. Ол, қайта, есейген соң, ақыл тоқтата келе, өзі құдайға ұнамды деп санайтын шынайы дінді, дәстүрді тауып, соларды ұстанатын қауымға барып қосылады. Және сол ортадан тапқан құтқарылуға деген үміт – оның шіркеуге келуіне талпындырған жалғыз себеп болып қала бермек. Әрі оның сол қауымда әрмен қарай қалу-қалмауын шешетін де сол үміт болмақ. Егер ол кенеттен өзі таңдаған ғибадат түрінен қандай да бір теріс ілімді байқап қалса, кез келген уақытта әлгі ұйымнан шығып кетуге құқылы болу керек. Яғни, мәңгілік өмірге деген үміттен басқа ажырамайтын, қайта қаралмайтын байланыс болмауы тиіс. Сонымен, байқағанымыздай,

¹ Локк Дж. 3-томдық шығарма. 3-т. – М., Мысль, 1988. – 93-б.

² Сол жерде. – 94-б.

шіркеу жоғарыда аталған бір ғана мақсатпен, ерікті түрде бастары қосылған мүшелерден құрылғаны абзал»¹.

«Христиан әлемінде дінді сылтаурата болып жатқан соғыстар адамдардың көзқарастарының айырмашылығында емес (*әсілі, өмір мұнсыз болмас та*), ақиқаты, өзгеше ойлайтындарға төзбеушіліктің салдары (*әрине, мұны болдырмауға да болар еді*) болса керек. Ашкөздікке беріліп, билікке қызыққан шіркеу басшылары бір-бірімен мүлдем үйлеспейтін екі жақты – шіркеу мен мемлекетті былықтыра араластырып, әртүрлі жолдармен ұстамсыз, атаққұмар ел билеушілері мен жалаң сеніммен өмір сүретін халықты Інжілдің адамсүйгіштік талаптарына қайшы әрекеттерге арандатып, схизматиктер мен еретиктерді қырып-жоюға, тонауға айдап салуда»².

Иә, бұл сөздер 1686 жылдары, яғни осыдан 334 жылдай бұрын жазылғанымен, өзінің маңыздылығын әлі де жоғалтпағанына еріксіз қайран қаласыз!

Орыс тарихшысы С. Котляревский былай деген екен: «Діни еркіндік, негізінен барлық «табиғи құқықтардың» түпанасы болса керек... Өйткені еркіндіктің бір формасының мойындалуы, оның адамдар арасындағы басқа да қатынастарға тарамай қалуы мүмкін емес қой. Мысалы, еркіндік қисыны, деспотизм қисыны сияқты ырыққа көнбейді...»³.

Дінге төзушілікті толеранттық идеясы ретінде түсіндіру Ағарту дәуіріне жатқызылады. Ал бұл, адам өзін ойлау және әрекет ету жағынан автономиялылығын жете түсінген кезге сәйкес келеді. Осындағы «толеранттық» термині қоғамдық-саяси лексикадағы сияқты, қазіргі саяси ғылымда да 1980 жылдардың соңына қарай нықтала түсті. Бұған, әсіресе, гуманитарлық ғылымдардың академиялық зерттеулері көп септігін тигізді.

¹ Локк Дж. 3-томдық шығарма. 3-т. – М., Мысль, 1988. – 96-б.

² Сол жерде – 130-б.

³ Котляревский С. Конституционное государство. Опыт политико-морфологического обзора. – М., 2004. – 69-б.

Батыстың танымал зерттеушілерінің бірі Дж. Ролз, меніңше, «толеранттық» деген түсінікке төмендегідей жайттарды атай отырып, едәуір жан-жақты сипаттама берген:

- толеранттық қандай да бір проблеманы шешуге көмектесетін жай құрал ғана емес, бұл – ізгілік һәм саяси құндылық;

- толеранттық – «жақсы тәртіпке келтірілген қоғамдағы» әділдік пен теңдік принципінің жүзеге асырылған нақты көрінісі;

- әділдік принципінің жүзеге асырылған көрінісі адамдар таңдаған бастапқы ережелерге негізделеді;

- толеранттық пен әділдіктің негіздері бірдей, атап айтқанда: бұған интуитивтік «әділдік сезімі» бар және ізгілік деген «нәзік» түсінікке ұмтылатын, моральдық рационалдық жаратылыс ретінде адамдардың теңдігі жатады;

- толеранттықты жүзеге асыру үшін азаматтардың өзара келісімі қажет болатындықтан, ешқандай да философиялық және діни ілімдер оның негізі ретінде қаралмақ емес, демек, азаматтар толеранттыққа қатысты мәселелерді шешкен кезде, өздерінің көпқырлы ізгілік теорияларына емес, бірақ әділдікке, теңдікке және құқыққа басымдық берулері қажет¹.

Дж. Ролз толеранттық түсінікті тұжырымдамалық деңгейде толыққанды өзіндік моральдық идеал ретінде, сондай-ақ мәдени және саяси нормалар тұрғысында қарастырады. Жалпы, толеранттық құрметтеу мен бірлесе қызметтесуден бөлек, теңдік, әділдік және құқық сияқты түсініктерді де қамтиды.

Толеранттықтың алғашқы көріністері саналатын дінге төзушілікке деген көзқарас бүгінде біржақты емес. Мәселен, дінтанушы ғалым В. Гараджа «Жаңа философиялық энциклопедияға» арнап жазған өзінің «Дінге төзімділік» деген мақаласында былай дейді: «Ол (*яғни, дінге төзімділік – А. А.*) таңдамалы сипатты ұстануы да мүмкін, яғни барлық діндерге қатысты жаппай қолданыла

¹ Толерантность личности: характеристики, закономерности и механизмы формирования (А. Деркачтың жалпы редакциялық жетекшілігімен). – М., РАГС баспасы, 2003. – 15–16-б.

бермейді, қайта керісінше, атеистерге және сол сияқты діни емес ой-қалыптағыларға төзбеушілік танытады»¹.

Міне, тап осындай дінге төзімділіктің «таңдау қабілеттілігі» бүгінгі таңдағы әртүрлі конфессиялар, мемлекет және қоғам арасындағы қарым-қатынастың бүкпесіз көрінісі болып отыр.

Сондықтан егер дінге төзімділік «өзгелердің көзқарасын мойындайтын және құрметтейтін толеранттықтың тарихи ерте көрінісі²» болып табылса, ал дінге төзбеушілік бұған антипод ретіндегі (*грек. тілінде antipodes – аяқтың аяққа орналасуы*) яғни, мүлдем қарама-қарсы түсінік.

Ресей дінге төзімділікке жету үшін өте ұзақ жол жүрді. Өйткені Ресей империясы кезінде дінге төзімділік туралы сөз қозғаудың өзі мүмкін емес-тін. Лев Толстой өзінің «Қайта тірілу» деген романында былай дейді: « – Иә, шынымен де өзгелермен бірге Інжілді оқығаны үшін, адамды жер аударып жіберетін заңның бар болғаны ма?

Егер Інжілді оқып жүріп, оны басқаларға әдеттегі үйретілгеннен өзгеше түсіндіріп, шіркеудің ілімін жоққа шығарғаны дәлелденетін болса, тек жер аударып қана қоймай, айыптыны ауыр жұмысқа салатын. Православиелік нанымды халықтың алдында жамандау, Жүз тоқсан алтыншы бап бойынша, жер аударуға жазаланады»³.

Ресей империясында 1914 жылға дейін діни миссионерлік және дінін өзгерту қымыстық заңмен қудаланатын. Бұл сол уақыттарда қолданыста болған «Қымыстық және түзету жазалары туралы заңдар жинағында» (1885 ж.) айқын көрінеді. Осы Заңдық құжаттың екінші бөлімі «Сенімге қарсы қымыстар және бұл жарлықты қорғаштайтын құқықбұзушылықтар туралы» деп аталып, ауыр жұмыстарға және Сібір мен Сахалинге жер аударуды қарастырады.

¹ Гараджа В. Веротерпимость. Новая философская энциклопедия в четырех томах. 1-т. – М., Мысль, 2000. – 384-б.

² Сол жерде. – 384-б.

³ Толстой Л. Воскресение. 22 томдық шығармалар жинағы. 13-т. – М., Художественная литература, 1983.

Қасиетті синодтың бас прокуроры К. Победоносцев 1888 жылы: «Ресейде әртүрлі гибадаттарға кең еркіндік берілген, алайда басымдыққа ие гибадатты қорғайтын заң аса қажет, өйткені бұл Ресейдің айрықша тарихи міндеті, өмірдің талабы¹», – деген мәлімдеме жасайды. Кейін үш жылдан соң, 1891 жылы, бас прокурор «секталарға қарсы соғыс ашуға» шақырады. Победоносцевтың сонда айтқан сөздерін орыстың ойшылы Владимир Соловьев былай деп есіне алады: «Секталардың жылдам көбейіп жатқаны – өте қауіпті. Өздерінің қалалары мен ауылдарын тастап шығуға сектанттарға тыйым салу керек. Дінге қарсы қылмыс жасаушылар сотталуы тиіс, әрі мына дүниелік сот арқылы емес, діни биліктің шешімімен жазаға тартылу керек. Олардың төлқұжаттарына белгі соғып, Ресейге кіре алмайтындай етіп тастау қажет. Оларға заң арқылы жеке тұрғын үйлер сатып алуға, сатуға тыйым салынсын. Олардың балаларын тартып алып, православиелік дінде тәрбиелеу керек»².

Қуғындар мен күлкі-мазаққа қарамастан, Ресей империясының халқы ар-ұждан бостандығын және дін бостандығын орнатуға ұмтылатын. Православие шіркеуінің миссионерлік қоғамдастықтары жұрттың исламға, ескі дәстүршілікке және түрлі «секталарға» өтіп жатқанына тосқауыл бола алмады. Мысал ретінде профессор Т. Буткевичтің 1910 жылы айтқан сөздерін келтіруге болады: «...Харьков епархиясы көп жылдар бойы «Украина» деп аталған, әрі бұл орынды да. Ресейдің шет аймақтары сияқты, бұл жерде де Православие дініне қарсы шығатын түрлі жалған ілімдер пайда болып, кең таралды. Печенегтердің пұтқа табынушылығы да, татарлардың мұсылмандығы да, иезуитердің ықпалында жүрген поляктардың католицизмі де, неміс жерінен қоныс аударғандардың протестантизмі де, бүкілресейлік ескі

¹ Одинцов М. Думский вызов: религиозные свободы и вероисповедные реформы в Российской Империи (1900 г. – февраль 1917 г.). – СПб, 2013. – 26-б.

² Сол жерде. 28-б.

дәстүршіліктің жікке бөлініп кетуі де, пұтқа табынушылық пен христиан діні аралас келген «сектанттық» та – барлығы да бұл жерден пана тауып, бостандыққа ие болды. Алайда казактар православие дінін құлшына ұстанып, оған ғана адал болды, әрі жиі ол үшін қан төгуден де тайынбайтын. Бірақ қолайсыз тарихи және тұрмыстық жағдайлардың кесірінен, олардың ұрпақтары православие сенімінің догматтарын да, православие шіркеуінің рәсімдерін де нық ұстанбады. Сол себепті олар түрлі сектанттық жалған ілімдерге оп-оңай алданып қалатын. Мәсіхшілердің сеніміне қайшы жалған ілімдердің ешқайсысын да Харьков епархиясында жоқ деп айта алмаймын. Бұл жерде түрлі ескі дәстүршілікті ұстанатындар да, хлыстар да, скопцтар да, духоборецтар да, молокандар да, адвентистер де, субботниктер де, иеговистер де бар».

Оқырман Сібірдің және Қазақстанның сол жылдардағы діндердің сан алуандығын зерттеймін десе, ол өзі үшін көп жаңалық ашады. Алысқа барудың да қажеті жоқ. Оренбургтегі және Түркістандағы епархияларды қарастырып, миссионерлік бөлімдердің жұмыс есептерімен танысып шығудың өзі жеткілікті болмақ.

Осы жерде оқырманның есіне сала кететін бір жайт, екінші тарауда айтылған бірінші Ехоба куәгері (*ол кезде Киелі кітап зерттеуші*) Семион Козлицкий Шығыс Қазақстанға дәл 1891 жылы жер аударылған болатын.

Кеңес заманында да қандай да бір дінге төзімділік және ар-ұждан еркіндігі туралы сөз қозғау тіпті мүмкін емес еді.

Кеңестік идеология дінге төзбеушіліктің қатыгездікке толы небір мысалдарын көрсетіп бақты. Дәл осындай бағытты ұстанған атеизм туралы әйгілі француз философы, тарихшысы, жазушысы Вольтер XVIII ғасырдың өзінде-ақ былай деген болатын: «Атеизм – өте қорқынышты құбыжық, әсіресе ол биік басындағылардың қолында болса, тіпті қауіпті; ол ешбір зиянсыз көрінетін ғалымның кабинетінде де қауіпті, өйткені ол сол жерден шығып кетіп, лауазымды қызметкерге айналуы мүмкін; және атеизм фанатизмге қарағанда

соншалықты ажалды көрінбегенмен, ізгілікті адамдар үшін әрқашанда қатерлі»¹.

Иә, осы айтылғандардың барлығы дінге төзбеушілікке де толықтай қатысы бар десек, еш қателеспес едік (*тек бар-жоғы дінге төзбеушіліктің орнына «атеизм» деген сөзді қойсақ жетіп жатыр*).

Сонымен қандай қорытынды жасаймыз? Бұрынғы посткеңестік қоғамдағы діни бостандық пен дінге төзімділіктің тарихы әлі 30 жылға да толған жоқ! Біз енді ғана дінге төзімділікті үйреніп, енді ғана алғашқы тәй-тәй қадамдарымызды жүрексіне басып жатырмыз! Өйткені артқа қайта оралу қаупі әлі де толық жойылған жоқ. Бұған бірден-бір дәлел – Ресейдегі Ехоба куәгерлерінің қызметіне тыйым салынуы. Мұның қаншалықты қауіпті екенін түсіну үшін, көзі қырағы оқырман, К. Победоносцевтің жоғарыда келтірілген сөздерін және бір рет қайталап оқып шығып, осыдан жүз жыл бұрын айтылғандарды бүгінде «секталармен күресуге шақырушылардың» ұраа-жық ұрандарымен салыстырып көріңізші... Неткен ұқсастық! Не деген ашу-ыза! Ал біз ше, біз өткенге қайтып оралғымыз келе ме? Міне, антикультизм тап осыған үндейді.

Іс жүзінде дінге төзбеушіліктің соңғы формасы ретінде антикультизм идеологиясы пайда болған. Негізінен антикультизм тарихы ХХ ғасырдың 30-шы жылдарынан, яғни Германияда Гитлер бастаған ұлтшылдардың билік басына келуімен басталады.

Гитлер қандай да бір дінге ешқашан жылулық танытқан емес. Есесіне, жоғарыда айтқанымыздай, ол Ехоба куәгерлерін қатты жек көреді. Сондықтан да 1935 жылы Германияның бүкіл аумағында Ехоба куәгерлерінің қызметіне тыйым салынады. Бұған 1933 жылы Ватикан мен нацистік Германияның арасындағы конкордат-келісімі себеп болады. Польшаның Лодзь қаласында неміс тілінде шығатын «Der Deutsche Weg» газеті өзінің 1938 жылдың 29 мамырдағы нөмірінде бір дінбасының (кзедтің) қуана айтқан

¹ Вольтер. Философские сочинения. – М., Наука, 1988. – 645-б.

сөзін жариялаған: «Енді міне, жер бетінде Киелі кітап зерттеушілеріне (*Ехоба куәгерлеріне*) тыйым салған бір ел бар. Ол ел – Германия!»¹.

Иә, бұл қуанатындай хабар емес еді. Сол үшін де марқұм Рим Папасы көзі тірісінде кезінде нацистік Германиямен қызметтес болғанына көпшіліктің алдында өз өкінішін білдірген болатын.

Ехоба куәгерлері Гитлердің тұсында қатаң қудалауға ұшырады. Бұл туралы Нюрнбергте өткен сот процесінің стенограммасында былай дейді (*автордың аудармасы*): «Ехоба куәгерлері және Елуіншілер ассоциациясының мүшелері сияқты барлық пацифистер мен нацистік режиммен келіспейтіндерді қудалау ашу-ызаға толы қатаң жағдайда жүзеге асырылды».

«Бейбітшілікті қалаған адамдарға қарсы концлагерлерді қолдану оқиғалары көптеп кездеседі. Мысалы, «Bibelforscher», яғни «Киелі кітап зерттеушілері» деген топ болған. Олардың көпшілігі Ехоба куәгерлері еді. Пацифистер деп есептелгендіктен, нацистік билік тек сот арқылы ғана қудалап қоймай, сот белгілеген жазаларын өтеп шыққаннан кейін оларды бірден коцлагерлерге тоғытқан»².

1938 жылы Германияда «Секталармен күресу туралы басшылық» деген нұсқаулық іске қосылады. Саны жағынан азшылықтағы діни топтар үшін бұл құжат үлкен қиындықтар әкеледі.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін дінге төзбеушілік ескіліктің қалдығы ретінде мүлдем жойылар деп күтілген. Бірақ бәрі керісінше болып шығады, яғни 1930–1940 жылдары себілген дән ұзамай бірқатар елдерде, соның ішінде Кеңестер одағында да қаулай өсіп шығады...

¹ 55-летний юбилей освобождения заключенных концлагерей Заксенхаузен, Равенсбрюк и тюрьмы Бранденбург, 14–15 апреля 2000 г. Документция. – Германия. Фонд бранденбургских мемориалов, 2000. – 29-б. Сондай-ақ: Свидетели Иеговы – возвещатели Царства Бога. – Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2005. – 660-б.

² Trial of the Major War Criminals before the International Military Tribunal [Электрондық нұсқасы]. Nuremberg, Germany. 1947.Y.III. – 498-б. [URL: http://www.loc.gov/rr/frd/Military_Law/NT_major-war-criminals.html].

Антикультизмнің Еуропадағы бас идеологы Фридрих Вильгельм Хаак (1935–1991) болатын. Ол өзінің бойындағы дінге төзбеушілік қаһарын тек протестанттық, неопротестанттық және жаңа діни құрылымдарға ғана емес, тіпті Католик шіркеуі мен барлық мұсылмандарға бағыттады. Және бұдан да сорақысы, Хаак «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясын» толықтай жоққа шығарып, өзінің еңбектерінде былай деп жазады: «Егер біз өз сенімімізді нақтылы дұрыс түсінетін болсақ, онда «басқаларға» өздерінің сенімдерінде қала берулеріне рұқсат етуге құқымыз жоқ...¹». Әрмен қарай ол сөзін былай жалғастырады: «Әркім өз сенімінде батаға кенелетін болғандықтан, немқұрайлылық қарым-қатынасқа төзімділік таныту түптің-түбінде сенімге қайшы болып шығады»².

Дәл осы Хаактың ұсынысы бойынша, жаңа діни қозғалыстардың «қара тізімі» жасалады. Бұл 1990 жыл болатын. Содан тек 2006 жылдың 9 қарашасында ғана Германияның Федералды конституциялық соты «секталарға» қарсы күресте өтірік жалалардың қолданылып жатқандығы туралы шешім қабылдайды. Бірақ өкінішке қарай, осынау іс-әрекеттердің улы жемістері тек Германияға ғана емес, басқа жерлерге де тарап үлгерген еді.

Хаак және оның көзқарасын қолдаушылар осы жылдар ішінде халықаралық деңгейде небір белсенді жұмыстар жүргізген болатын. Мысалы, Хаак өзіне «идеялық жағынан ең сенімді бауыры», Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін «секталарға» қарсы күресте ізашар атанған Йоханнес Огордқа (1928–2007) Даниядағы ең үлкен Орхус университеті жанынан Миссионерлік теология және экуменикалық теология институтын ашуға көмектеседі. Ал екі жылдан кейін Ютландия түбегіндегі Эбельтофт қаласында Ашық отбасы институтының ашылуына ықпал етеді. Ал 1981 жылы Хаак пен Огорд Халықаралық диалог-орталығын құрып, Хаак соның вице-президенті балып бекітіледі. Көп кешікпей осы орталықтың өкілеттіктері Грекияда,

¹ Uberschtuber die Sekten und Weltanschauungsarbeit, 1. Halbjahr, 1970.

² Stcten. Munchen, 1974.

Англияда, Индияда, Ирландияда, Ресейде және Германияда ашылды. Ақыр соңында ол ФРГ-де, Батыс Еуропада және АҚШ-та ақпараттандыру және қайта бағдарлау (*депрограммирование*)¹ жөнінде орталықтың кеңейтілген торларын құрып шығуға қол жеткізеді. 1985 жылдан бастап Хаак Американдық отбасын зерттеу қорының (AFF) халықаралық директоры болып сайланады.

Швед тарихшысы Нильс Бертил Александр Перссон осы орайда былай дейді: «...Нацизм және соған ұқсас бағыттар бүгіндегі анти-демократияны, антикультизмді және антисемитизмді идеологиялық қарулармен үйіп-төгіп жабдықтауда»².

Огордтың жолын жалғастырушылардың ішінде ең танымалдары Томас Гандоу және Огордпен «Батыс Еуропадағы жаңа діни қозғалыстар» (1997) деп аталатын кітапты бірлесіп жазған Мелгурд болып табылады³.

Халықаралық диалог-орталығының Ресейдегі өкілі болып Орыс православие шіркеуінің діни қызметшісі, Хаак пен Огордтың «шәкірті», құлшынысты антикультист Александр Дворкин тағайындалады. Ол жай антикультизм ғана емес, нағыз нацизм тұрғысында жазылып, кезінде үлкен дау тудырған «Сектоведение. Тоталитарные секты (опыт систематического исследования)» деп аталатын оқулықтың авторы еді. Қызметінің бастапқы кезінде тіпті оны біршама қолдаған Орыс православие шіркеуінің Патриархы, бүгінде дүниеден өткен II Алексейдің өзі, басқа діндерді аса жақтырмаса да, бірақ дінге төзбеушілікке мейлінше берілген А. Дворкиннің әлгі

¹ Депрограммирование – адамға әртүрлі моральдық, психологиялық (*кейде тіпті физикалық*) қысым жасау және мәжбүрлеу (*бұған азаптау да жатады*) шаралары арқылы ықпал ету тәсілі. Бұл оның көзқарасы мен сеніміне әсер етіп, оған «қажетсіз» діни ұйымнан бөлініп шығуына көндіру мақсатымен жүргізіледі. Атамыш сөздің синонимі – «миды жуып тазалау». Бұл тіркесті алғаш ойлап тапқан американдық журналист Э. Хантер болатын. Ол мұны о баста басылымдарда жарияланған мақаласының бірінде қолданып, кейін өзінің кітаптарында тереңрек зерттей түседі.

² Перссон Б. История и идейные истоки антикультурного движения. Новые вызовы свободе совести в современной России. Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – М., Журналистердің орталық үйі. 26 маусым 2012 ж. – 47-б.

³ Перссон Б. Борьба против сект. Идейные основы и их несостоятельность. – М., 2012. – 53-57-б.

ұзынсонар «шығармасын» көргеннен кейін, өзін одан аулақ ұстайды. Ал А. Дворкин өзін «жаңа діни қозғалыстардың экспансиясы жөніндегі проблемалардың жетекші expertі» деп мәлімдейді. Ол шетелдерде эмиграцияда жүргенде Хаакпен, Огордпен, Гандоумен, және тағы басқа еуропалық, америкалық антикультистермен байланыс жасайды. Кейін туған еліне оралған ол, Ресейді ең қауіпті ұйымдардан (*оның түсінігі бойынша*) – «тоталитарлық секталардан» құтқару – менің ең басты міндетім деп, жалпақ әлемге жар салады. Әрі тап осылай қатты ашынған антикультистер мен олардың одақтастары, діни фанаттар, дәл осындай антиғылыми терминмен («*тоталитарлық секта*») Ехоба куәгерлерін атайды.

Енді осы «тоталитарлық секта» деген терминнің дінтану ғылымында қолданылуы қаншалықты орынды, соған келейік.

Дворкин өзінің Батыстағы жақтастары сияқты «тоталитарлық» деген терминді саясаттану ғылымынан, дәлдірек айтсақ, француз саясаттанушысы, «Демократия және тоталитаризм» деген кітаптың авторы Раймон Ароннан «көшіріп» алған, яғни бұл – кірме сөз. Бірақ Р. Арон бұл терминді қолданған кезде, оған ешқандай діни мән берген жоқ болатын. Алғаш рет КОКП-ның XX съезінде коммунистік партияның сол кездегі көсемі Н. Хрущевтың бүкіл кеңестер одағында жеке басқа табынуды орнатқан И. Сталинді әшкерелеген баяндамасынан қатты әсер алған Р. Арон іле-шала осы тақырып бойынша лекциялар оқуға кіріседі. Кейін бұлардың бәрі кітап болып басылып шығады¹.

Дегенмен де Дворкин былай деп жазады: «Тоталитарлық секталардың іс-әрекеттерін түсіну үшін міндетті түрде британдық жазушы, публицист Джордж Оруэллдің «1984» деп аталатын шығармасын оқу керек. Бұл роман антиутопия жанрында жазылған. Оруэлл өз азаматтарының жеке тұлғалық болмысын аяусыз езіп-жаншыған тоталитарлық мемлекетті «тамаша» суреттейді.

¹ Кантеров И. Новые движения в России. Дінтанушылық талдау. – М., 2007. – 71–72-б. Соңдай-ақ: Политология. Энциклопедиялық анықтамалық. – М., 1993. – 375-б.

Алайда шын мәнінде, кітапта сипатталған атмосфера – ең бірінші кезекте секталық өмірдің ішкі жай-күйін көрсетеді. Автор баяндаған құлдық принциптері, адамның ақыл-санасын қадағалау және осыларға қажетті механизмдердің бәрі секталардың ішкі әлемінде әрекет етеді»¹.

Бірақ, біріншіден, Оруэллдің романы шын мәнінде Р. Аронның лекцияларын әдеби көркемдігі жағынан растап тұрады, яғни, бұл саяси шығарма, және оның қандай да бір «секталар» туралы ойламағаны анық. Ал Дворкин болса, осының бәрін өзіне қарай ыңғайлап, «құлағынан тартып әкелген». Дәлдірек айтқанда, қараниеттілік – оның ең басты тәсілі болған секілді.

Екіншіден, тіпті Дворкиннің ой-жүйесіне иланған жағдайдың өзінде, мұндай ұқсастықтарды барлық діни құрылымдардан табуға болады, әрине, егер ден қойып іздесек.

Әрі Дворкин «тоталитаризмнің» генезисін үстірт болса да азырақ зерттегенде, сөз жоқ, бұл терминді саясат саласының сөз қорына өткен ғасырдың 20-шы жылдары итальяндық фашизмнің идеологтары (Дж. Джентиле, Б. Муссолини, т.б.)² енгізгенін білер еді.

Бұл терминнің мүлдем басқа мағына беретіндігін дәлелдей түсу үшін, және бір беделді басылымға, Саяси энциклопедиялық сөздікке жүгінейік. Онда мынадай анықтама беріледі: «Тоталитаризм (*лат. totalitas – біртұтастық; totalis – түгел, толық*) – қоғамдық өмірдің барлық салаларын бақылап отыратын мемлекеттік жүйе (*астын сызған – А. А.*)»³.

Ал ресейлік философ, саясаттанушы А. Кара-Мурза «Жаңа философиялық энциклопедияда» былай деп жазады: «Тоталитаризмнің қайнары – қоғамның үдемелі түрде қожырай түсуінде (*ең алдымен техногендік-экономикалық салада*), және соның салдарынан шектен

¹ Дворкин А. Сектоведение. Тоталитарные секты: опыт систематического исследования. – Төменгі Новгород: Князь Александр Невский атындағы бауырластық, 2002. – 52-б.

² Муссолини Б. Доктрина фашизма. Бес томдық. Әлемдік саяси ой-пікірлердің антологиясы. 2-т. Зарубежная политическая мысль. XX век. – М., Мысль, 1997. – 235–252-б.

³ Политология. Энциклопедиялық сөздік. – М., 1993. – 375-б.

тыс орталықтандырудың, мемлекеттік қатаң қадағалаудың етек алып, ақырында өзін-өзі басқарудың, жеке автономиялық еркіндіктің біржола тұншықтырылуында»¹.

Сөз жоқ, осы мәселеге қатысты өз пікірін білдірген профессор И. Кантеров та дұрыс айтады: «Тоталитарлық секта» немесе «деструктивті табынушылық» деген атаудың өте бұлыңғырлығы соншалық, мұндай бірлестіктердің қатарына жаңадан пайда болған кез келген ұйымды, діни-философиялық ілімді, мәдени-білім беру немесе сауықтыру мекемесін оп-оңай жатқызуға болады. Тек ықыласыңыз болсын де, егер көңіліңіз соны қалап тұрса, «тоталитарлық секта» немесе «деструктивті табынушылық» деген ұғымдарыңыз ешбір ойланбастан ұсынғаныңызды құшағына алып, қара күйесін сүйкей салуға әзір»².

Өкінішке қарай, Дворкиннің идеясын қостаушылар көбейген үстіне көбейе түсуде. Олар тек Ресейдің ғана емес, тіпті Қазақстанның да бұқаралық ақпарат құралдарын жаулап алуда, тіпті орайын тауып, кейбір билік өкілдерінің көзқарастарына әсер етуде.

«Антикультизм» тақырыбына айрықша көңіл бөліп жүрген дінтанушы ғалым М. Смирнов бұл қозғалысты мемлекеттік құрылымдардың қолдап жататын себептерін былай түсіндіреді: «...Әсілі, мұндай мемлекеттік органдар өз қол астындағы адамдардың өсіп-жетілген көзқарастарымен, оларды қызықтыратын діни ілімдердің мазмұнымен, доктриналарымен, мистикалық-сотериологиялық мағынасымен санасуға, солардың бағыт-бағдарына ден қоюға аса құлықты болмаса керек-ті... Мұндай құрылымдық сатыларға сол елдің саяси және әкімшілік басшылары жатады. Әрі олар қандай да бір дінге деген «антикультизмді» өзінің жеке көзқарасына байланысты емес, былайша айтқанда, тек мемлекеттік тұрғыдан танытады. Әдетте жаңа діни бірлестіктер бақылаудан тыс қалған ел азаматтарынан құралады.

¹ Новая философская энциклопедия. IV-т. С. Степиннің ред. жетекшілігімен. – М., 2001. – 80-б.

² Кантеров И. Новые религиозные движения в России. Дінтанушылық талдау. 2-ші басылым. – М., 2007. – 75-б.

Міне, сол үшін де оларды басқару едәуір проблемалар тудырады: мінез-құлықтары өзгешелеу болып келеді, сондықтан оларға ықпал ету қиынның-қиыны. Яғни, байқап отырғанымыздай, жаңа діни қозғалыстардың бақылаудан тыс қалуы, олардың «деструктивті» деп аталуына себеп екен. Содан барып қоғамның қауіпсіздігін қорғау үшін, оларға деген теріс көзқарас туындайтындығы түсінікті болса керек. Бірақ мұндай репрессивті көзқарас, шын мәнінде, көбіне олардың діни сенім-нанымдарына қатысты емес, мемлекеттік бақылаудан тыс қалғандықтарынан туындап жатады»¹.

Сырттай қарасаң, бұл шара тәртіп сақтау мақсатымен жасалатындай көрінер, әрине, мұны теріс дей алмайсың. Бірақ «билік халық пен қоғам өмірінің барлық қырларын регламенттеу мақсатында, өз күш-қуатын әлеуметтік құрылымдарды шексіз біркелкілікке түсіруге арнауы қаншалықты дұрыс болар екен. Өйткені мемлекеттің абсолюттік тәртіп орнатуға деген құлшынысы қауіптілігі жағынан кәдімгі тәртіпсіздіктен бірде-бір кем соқпайды, өйткені бұл көп жағдайда жаңа нәрсе жаратуға қабілетсіз боп шығады. Себебі ең жоғары тәртіптіліктің құрбандық ошағында қаншама баға жетпес құндылықтар «өртеледі» десеңізші... Солардың қатарында, әлбетте, христиандық мұралар, азаматтық қоғам, табиғи құқықтар, азаматтардың бостандығы, жеке адамның адамгершілігі, абыройы, мәдениеті және өркениеті тәрік болады...»². Міне, осындай жалған көзбояушылық тәртіптің нәтижесінде біз жоғарыда тілге тиек еткен Оруэллдің «1984» деген романында суреттелген мемлекеттік жүйе пайда болуы әбден мүмкін.

Мемлекет пен қоғамның жаңа діни бірлестіктерге деген көзқарасы туралы әңгімеміз толығырақ болу үшін, 2012 жылы Мәскеуде өткен конференцияда зерттеуші А. Себенцев көтерген мына бір мәселеге назар аударсақ дейміз: «Қайсыбір діни топтарға қатысты

¹ Смирнов М. Антикультуризм – понятие и практика. Новые вызовы свободе совести в современной России. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – М., Журналистердің орталық үйі, 26 маусым 2012 ж. – 66-б.

² Сол жерде. – 108-б.

теріс көзқарастардың қалыптасуына, әсілі, сонау кеңес заманынан мемлекеттік құқыққорғау қызметтерінде, тіпті халықтың арасында, ...басшылық құрылымдары шет елде орналасқан діни ұйымдарға деген сенбеушіліктің әбден орнығып қалғандығынан да болар...»¹.

Алайда мұндай сенбеушілік нақтылы білімнің немесе өмірлік тәжірибенің нәтижесі емес. Бұл адасу – кешегі суық соғыс тұсында «іріп-шіріген» Батысқа қарсы тұруды сылтауратып, адамдардың бойына шым-шымдап сіңірген кеңестік үгіт-насихаттың ащы жемісі болса керек.

Адасу сезіммен байланысты болатындықтан, онда ешқандай да логика болмайды. Міне, осы жағын жақсы білетін қазіргі антикультистер бұл тәсілді шебер пайдаланады.

Осыдан бірнеше жыл бұрын Орыс православие шіркеуі мен діни ұйымдармен байланыс мәселесіне жауапты қазақстандық мемлекеттік құрылымдардың бастамасымен А. Дворкин лекция оқу үшін бірнеше рет Қазақстанға арнайы шақырылған болатын. Оған еліміздің бірнеше қалаларын аралап, радио және теледидар арқылы сөйлеуге мүмкіндік жасалды. Әрине, мұның бәрі өзіндік із қалдырғанына біз куә...

Өкінішке қарай, кез келген індет сияқты антикультизм үшін де ешқандай шекара жоқ. Бұқаралық ақпарат құралдарын қолына түсіріп алған ол бірте-бірте қоғамдық ой-санаға тереңдеп ене береді. Әсіресе, ең қауіптісі, өзін дінтанушымыз деп есептейтін «ғалымдардың» өзі кейде антикультизм дертіне шалдығып жатады.

Бір кездері Қазақстанда неологизм тұрғысында «буровщиндер» деген жаңа сөз пайда болған еді. Бұл сөз тек ТМД елдерінде ғана емес, кейбір еуропалық елдерде де қолданылған. Мұндай термин қарама-қайшы ойдағылар мен діни плюрализмді жақтаушыларға қарсы ашық күрес жүргізетіндермен қоян-қолтық қызметтескен ғалымдарға қатысты қолданылды. Ал аталмыш сөз о баста А. Дворкиннің ісін

¹ Смирнов М. Антикультизм – понятие и практика. Новые вызовы свободе совести в современной России. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – М., Журналистердің орталық үйі, 26 маусым 2012 ж – 10-б.

беріле қостаушы, осы орайда «Перспектива» деп аталатын қоғамдық қор құрған Елена Бурова арқылы өмірге келген болатын. Осы қордың белсенділерінің протестанттық, неопротестанттық, сондай-ақ жаңа діни құрылымдарға қарсы бағытталған теледидар арқылы сөйлеген сөздерін естіп, антижарнамалық материалдарын көріп «тапқырлықтарына» қайран қаласың. Үш қайнаса да сорпасы шындыққа қосылмайтын «дәлелдемелеріне» еріксіз бас шайқайсың...

Соңғы уақыттарда «секталармен» ашық шайқасқа шыққан және бір «сарапшы» қазақстандықтарға танымал бола бастады. Ол Қостанай облысынан шыққан журналист – Юлия Денисенко. А. Дворкиннің дайындығынан өткен Ю. Денисенко өзін «дінтанушы-сарапшы» деп жариялап, ұстазының идеяларын зор белсенділікпен Қазақстан аумағына тарата бастады. Ол басқарған Діндерді зерттеу орталықтарының ассоциациясы негізінен Ресейдің Діндерді зерттеу орталықтары ассоциациясының (*басшысы А. Дворкин*) құрамдас бір бөлігі болып табылады.

«Қасиетті шейіт Ириней Лионский атынан ашылған Дінтанушылық зерттеу орталығы» сайтында атап көрсетілгендей, Ресейдің діндер мен секталарды зерттеу орталықтарының ассоциациясы – бұл аймақтық қоғамдық ұйымдардың басын біріктірген, посткеңестік аумағында сыңаржақ ұстанымдағы сектанттардың проблемаларымен айналысатын бірлестік. Осы ассоциацияның құрамына кіретін ұйымдардың тізімінде қазақстандық «Діндерді зерттеу орталықтарының ассоциациясы» да бар (*директоры Юлия Денисенко болған*)¹. Сонымен, байқап отырғанымыздай, қазақстандық ассоциация ресейлік проправославиелік ұйымымен тікелей байланыста екен. Сондықтан қандай да бір жаңа діни қозғалыстарды танып-білу, тереңірек зерттеу жөнінде сөз қозғаудың өзі артық. Өйткені бұл ассоциациялардың мұрат-мақсаттары мүлдем басқа...

Денисенко ханым да, «Діндерді зерттеу орталықтарының ассоциациясы» да дінтанушылықпен шындап айналыспады. Олардың

¹ Центр религиозных исследований во имя священномученика Ириней Лионского. Ресми сайт: iriney.ru

бар мақсаты – «секталармен» шайқасу. Соңғы жылдары Юлия Денисенко бірнеше рет Ехоба куәгерлері мен басқадай неопротестанттық ағымдағыларды «қауіпті» деп жариялап, қазақстандықтарды дүрліктірді. Жазықсыз сенушілерді орынсыз айыптап, қара күйені аямай баттастыра жаққанда тіпті шошисыз! «Діндерді зерттеу орталықтары ассоциациясының» атынан қауіпті діни ағымдар туралы түсініктемелер беріліп, бұқаралық ақпарат құралдарына пресс-релиздер таратылды. Бірақ Ю. Денисенконың берген мәліметтері беделді ғылыми дінтану еңбектерінен емес, интернеттегі сайттардан алынған күдікті дүниелер еді. Нәтижесінде БАҚ арқылы шындыққа мүлдем жанаспайтын, сенушілердің беделін түсіретін өсектер мен аңыздар жан-жаққа тарап кетті.

Мысал келтірейік:

2017 жылы Юлия Денисенконың және «Діндерді зерттеу орталықтары ассоциациясының» атынан қазақстандық БАҚ-тарға Ехоба куәгерлері туралы пресс-релиз жіберіледі. Онда әдеттегі өтірік жала жабудан басқа мынадай анықтамалық ақпарат жолданады: «Бүгінде Ехоба куәгерлері өздерінің қызметін 236 елде атқарып жатыр. Ал 37 елде оларға ресми түрде тыйым салынған. Олардың қатарында Тәжікстан, Қытай, Испания, Греция, Румыния, Доминикан Республикасы бар. Қазақстанда Ехоба куәгерлерінің қоғамы – діни ұйым, АҚШ-та – баспа ұйымы, Австрияда қоғамдық ұйым ретінде тіркелген. 1943 жылдан бастап әрбір куәгер қауымға жаңа мүшелерді тарту тәсілін меңгеруге үйретіледі».

Қазақстандық БАҚ-тар, әрине, «сарапшының» бұл ақпаратына риясыз сеніп, бірден баспасөз беттерінде жариялайды. Бірақ артынан бұл мәліметтің жалған екенін білгенде, олар тіпті қайран қалады! Содан соттың машақатынан қорыққан Юлия Денисенко Ехоба куәгерлерінің христиандық орталығына және Баспасөз редакцияларының біріне хат жолдап, ресми түрде қателігіне кешірім сұрайды. Және алдында жолдаған материалдардың интернеттен, дәлдірек айтқанда, мазмұны жағынан күдік тудыратын сайттардан

немесе антисектанттық және проправославиелік бағытты жақтаушы сайттардан алынғанын сылтауратып, өзінше ақталған болады.

Юлия Денисенконың жақсы көретін және бір тақырыбы – Ехоба куәгерлерінің қан құйдырудан бас тартатындығы. Адамдардың қолдауына ие болу үшін, ол ата-аналары қан құйдыруға қарсы болғандықтан балалары қайтыс болды-мыс деген тұрғыда бірнеше мысал келтіреді. Бірақ бұл жолы да оның сөздері шындыққа жанаспайтын болып шығады! Мәлімдемені тексере келгенде, келтірілген ақпарат пен оқиғалар жалған, Интернеттен табылған өтірік мәлімет екені анықталды.

Менің ойымша, бұл адам ешқандай дінді зерттеуші де, ғалым да, маман сарапшы да емес, бар-жоғы белгілі бір антисектанттық күштердің «жаңғырығы» һәм Интернеттен алынған жалған сенсацияларды таратушы ғана.

Бұл жерде ең өкініштісі, Юлия Денисенкоға тек журналистер ғана емес, жылт еткен ақпаратқа құлағын түріп отыратын қоғамның да, тіпті мемлекеттік шенеуніктердің де сеніп қалғандығы ғой!

Енді профессор И. Кантеровтың пікіріне назар аударайықшы: «Дінтанушылардың зайырлы мектебінің дінге қарсы қозғалыстарға қатысушылардан айырмашылығы, біздер – зайырлы дінтанушылардың өкілдері және шетелдік әріптестеріміз – зерттеп жатқан нысандарымызбен тікелей қарым-қатынаста жұмыс істейміз. Біздің мақсатымыз – қандай да бір қорытынды жасамас бұрын оларды мейлінше түсінуге тырысу. Ал дінге қарсы қозғалыстардың ең басты мақсаты – оларды әшкерелеу үшін неғұрлым дүрбелең тудыратын жайттарды, шулы терминдерді іздеп табу. Мысалы, бірде-бір зайырлы дінтану мектебі – не Санкт-Петербургтегі, не Мәскеудегі, не Екатеринбургтегі – «деструктивті секта», «тоталитарлық секта», т. с. с. терминдерді еш қолданбайды»¹.

¹ Кантеров И. Религиозные меньшинства как объект серьезного изучения, а не стигматизации. [URL: <http://www.npar.ru/journal/2004/4/minorities.htm>].

Бұдан шығатын қорытынды, біздің елімізге өздерінің «қауіпті сектанттар» туралы ертегілерімен қоғамды үрейлендіретін дінге қарсы орталықтар емес, бізге нағыз кәсіби, білімді де зайырлы дінтанушылар керек, бізге дінтану саласын жетік меңгерген көреген де әділетті өз мектебіміз қажет. Иә, бізде мұндай мектеп Кеңестер одағы тарағанға дейін болған да, әрі ол КСРО-дағы ең озық үштіктің қатарында еді. Сондықтан бізге бұрынғы жақсы дәстүрді қалпына келтіру керек, сонда бұрмалауға түспеген таза білім бізді үрей-қорқыныштан, төзбеушіліктен қорғайды. Нәтижесінде көпұлтты, көпдәстүрлі қоғамымыз әрмен қарай да тату-тәтті бірлікте болады.

Осыған орай Киелі кітапта аталған данышпан Гамалиел айтқан сөздері еске түседі. Синедрионда отырғанда, ол Мәсіхтің елшілері туралы былай деді: «Бұл адамдарды жайына қалдырыңдар. Өйткені бұл тәлім не іс адамдардікі болса, құрып кетеді, ал Құдайдікі болса, мұны құрта алмайсыңдар. Байқандар, Құдайдың өзіне қарсыласып жүрмеңдер». Иә, қымбатты оқырманым, о баста христиандарды да қауіпті сектанттар, сорақы қымыскерлер деп санады. Бұның ақылға қонымсыз екенін біздер бүгін түсінеміз. Ондай болса, өткеннің қателігін қайталаудың қажеті не?

Алайда адамзат тарихын еске алайықшы: еңсені езген қуғын-сүргін де, тірідей өртейтін от та, бас шабатын ағаш төс те, теспей соратын тергеулер де, озбырлықтың дәнін себуден басқа ештеңеге қол жеткізген жоқ емес пе! Әттең, бірақ сол тарихтан сабақ алып жатқандар кемде-кем-ау! Осының бәрі бұрын да болған, қазір де бар...

Тек бұл жерде біз бір нәрсені ұмытпауымыз қажет: қандай да бір дінге төзбеушілік таныту, антикультизм, діндерді қуғындау теңдессіз зұлымдық ретінде адамзат атаулының ой-санасында өшпестей сақталып қалды, ал осындай кертартпа зұлматқа өз үлесін қосқандар қанша жуса да кетпейтін қара күйеге әбден малынды.

Осы орайда академик Д. Беляевтың келесідей пікіріне назар аударғанымыз жөн болар еді: «Негізінен арнайы, мысалы,

гуманизмнің немесе альтруизмнің гендері немесе антиәлеуметтік тәртіптегі гендер деген жоқ, бірақ психиканың генетикалық детерминистік қасиеттері болады. Ал бұлар өз кезегінде ар-ұжданы таза, қылмыстық істер мен ақшақұмарлыққа, қызметқұмарлыққа жаны қас немесе ар-ұждан дегенді жете түсінбейтін адамның қалыптасуына тікелей ықпал етеді»¹.

Иә, бұл талассыз шындық! Ендеше XIII ғасырда өмір сүрген ағылшын ойшылы Роджер Бэконды да еске түсірейікші. Ол адамның надандыққа ұрынуының басты себептерін өте бір дәлдікпен атап көрсетеді:

1. Күмәнді тұлғаның беделіне сенім арту.
2. Әдет-дағды.
3. Ақылсыздық.
4. Құдіретті болып көрінуге тырысудың тасасындағы надандық.

Сөз жоқ, дәл осындай мінез-құлық бүгіндегі дінге төзбеушілік танытатындарға да тән деп айтсақ, еш қателеспес едік.

2012 жылы дінтанушы С. Иваненко «Қарапайым антикультулизм» («Обыкновенный антикультулизм») деген кітабын Мәскеуден шығарды. Осыдан бір үзінді келтірейік: «Мемлекеттік-конфессионалдық қарым-қатынасқа ықпал етуі тұрғысынан қарағанда антикультулизм және дінтану бір-біріне мүлдем қарама-қарсы ұғым. Антикультулизм діни азшылдық жөнінде мемлекеттік саясатқа қорқыныш алып келеді. Көпконфессионалдық мемлекет үшін... мемлекеттік-шіркеулік қарым-қатынас саласында басқарушылық шешімдер қабылдау үшін идеологиялық негіз ретінде антикультулизмді таңдау – сәтсіздік пен дау-дамайға жол ашады»². Иә, автор дұрыс айтады!

Сол сияқты заңгер А. Сұлтановтың пікірімен де келісуге болады. Ол былай дейді: «XX ғасырдың өзінде бір-біріне қарама-қай-

¹ Беляев Д. Современная наука и проблема исследования человека. – Вопросы философии, 1981. №3. – 5-б.

² Иваненко С. Обыкновенный антикультулизм. – СПб., Древо жизни, 2012. – 97-б.

шы екі беталыс: дінге төзбеушілік және төзімділік айқын етек ала бастады. Адамзаттың өркендеуі, түптің түбінде осы екі беталыстың қайсысының жеңіп шығатындығына байланысты болмақ. Төзбеушілік басқа адамдардың өзіндік пікірлерінің, көзқарастарының, сенімдерінің болатындығын мойындамаушылыққа негізделген. Сондықтан төзбеушілік танытатын адам, іс жүзінде басқалардың дұрыс ойлауына, дұрыс әрекет етуіне кедергі келтіреді. Төзбеушілік – өзгелердің ар-ұждан еркіндігін мойындамауды білдіреді»¹.

Француз жазушысы, философы, тарихшысы, француз ағартушылары көсемдерінің бірі Франсуа Вольтер 1763 жылы жарық көрген «Дінге төзімділік туралы трактат» деген еңбегінде (*Жан Каластың өлтірілуіне байланысты жазылған*) былай дейді: «Дінге төзбеушілік құқығы – сандырақ әрі қатыгездік: бұл жолбарыстардың құқы ғой, тіпті одан да жаман, өйткені жолбарыстар өзінің жемтігін қарнын тойдыру үшін боршалап тастайды, ал біз бір-бірімізді қайсыбір параграфтар үшін жойып жіберуге бармыз»².

Енді біздің еліміздегі діни хал-ахуал туралы сөз еткенде, БАҚ беттерінде, тұрмыстық деңгейде айтылған жекелеген пікірлерде, тіпті ғалымдардың әңгімелерінде қайсыбір діни қозғалыстардың жиі марапатталуының қаншалықты заңдылығына келейік. Бір сөзбен айтқанда, біз осындайда қолданылатын терминологияның қаншалықты дұрыстығына көңіл бөлінгенін қалар едік. Бұл жерде ең маңыздысы, қандай да бір діни ұйымдарға қатысты қолданылатын анықтама-тұжырымдардың қаншалықты заңдылығына, олардың әрбір діни құбылыстың белгі-қасиеттерін қаншалықты дәл көрсететіндігіне көз жеткізу керек (*әрине, мұндайда тек Ехоба куәгерлерінің пікірі ғана емес, басқа да конфессиялар мен деноминациялардың көзқарастары ескерілуі тиіс*).

¹ Султанов А. Защита свободы совести, распространения убеждений через призму постановлений Европейского суда по правам человека. Сот саласы заңгерінің жазбалары. – М., Статут, 2013. – 17-б.

² Вольтер. Философские трактаты и диалоги. – М., Эксмо, 2005. – 162-б.

Олай болса, ең алдымен мынадай түсініктерге назар аударайық: «қауым», «секта», «табыну», «деноминация», «конфессия», «шіркеу».

Кез келген діни бірлестік – сенушілердің барлық ұйымдастыру элементтерін қоса алғандағы ортақтастығы. Ол бірлесіп ғибадат ету және сенімдерін тарату үшін құрылады. Әрі оның осы мақсатқа сай мынадай сипат-белгілері болады: діни сенім бостандығы, Құдайға ғибадат ету, басқадай діни салт-рәсімдері, өздерінің ізбасарларына діни білім, тәрбие беру.

Қауым – діни бірлестіктің бастауыш ұйымы. Оның басқаша атауы – діни қоғам, яғни қандай да бір дінді ұстанушылардың бірлестігі.

Діни қауымның топ құраушылық белгілері:

а) идеялық принциптері: ортақ діни түсініктері мен идеялары, нанымдары, мақсаттары мен міндеттері, рәміздері;

ә) ғибадатқа қатысты және ғибадаттан тыс діни қызметтері;

б) бірлік сезімі (*бір сенімдегілердің үлкен бір отбасы ретінде*);

в) субординация, ұстаным мен рөлдердің бөлінуі.

Діни бірлестіктің құрылымы дәстүрмен және әдет-ғұрыппен, құқықпен және жарғымен, ережелермен, т. с. с. анықталады. Осылардың аясында арнайы өлшемдер негізінде келесідей формальды және формальды емес субтоптар жүйесі қалыптасады: «қауым кеңесі», «келушілер», «ағыздаушылар», «пайғамбарлар», «емшілер» және тағы басқалары¹.

Діни қауым өзінің жүйесі мен құрамы жағынан салыстырмалы түрде тұрақты құрылым болып табылады. Оның бүкіл қызметі қауымның барлық мүшелеріне ортақ бір мақсатқа, ең алдымен, діни қажеттіліктерін бірігіп қанағаттандыруға бағындырылған.

«Барлық сенушілер біртұтас тірі ағза сияқты, – дейді Мұхаммед пайғамбар, – егер сол ағзаның бір мүшесі ауыратын болса, онда бүкіл дене күйіп-жанып, ұйқысыздық орнайды»².

¹ Святая Русь. Орыс өркениетінің энциклопедиялық сөздігі. – М., 2000. – 608-б. Сондай-ақ: Атеистік сөздік. – М., 1986. – 317-б.

² Хадисы Пророка. Иман Валерия Порохованың аудармасы. – М., 2000. – 110-б.

Қауым туралы дәл осындай анықтаманы христиан-баптистер де береді: қауым – «ара ұясы, онда әрбір жұмысшы араға өзінің алатын орыны, өзінің айналысатын ісі белгіленген, ал онда жатып ішерлерге орын болмауы тиіс»¹.

Дінтанушылар діни бірлестіктер арасындағы оқшаулануды ұйымдық принциптері бойынша былай бөледі:

- ашық қауымдар (*православие, католицизм*);
- мүшелері тіркелген қауымдар мен топтар (*елуінішілер, адвентистер, баптистер, Ехоба куэгерлері, т. б.*);
- этникалық және ұлттық белгілері бойынша ұйымдасқан қауымдар мен топтар (*иудейлер, реформаттар*).

Осы тұрғыдан алғанда мұсылман қауымдары ерекше орынға ие. Мүшелері тіркелмейтіндіктен олар, бір жағынан, «ашық қауым» саналғанымен, екінші жағынан, оларда ұлттық-этникалық белгілер басым келеді.

Қауымдық ұйымдардың түрлері олардың құрамына кіретін топтар мен жекелеген адамдардың позициялары мен рөлдерді қалай бөліп алатындығына тікелей байланысты. Сондықтан ғылыми анализ жасау үшін, діни қауымның әрқайсысы ерекше позицияны ниет ететін болғандықтан, әрбір қауымның қандай конфессияға жататынымен қатар оның ұйымдық құрылымын, рухани өмірлік бағытын, уағыздау қызметіндегі ерекшеліктерін білу маңызды, өйткені жылдар бойы жиналған тәжірибелерін және спецификалық дәстүрлерін аса қатты бағалайтын олар ішкі қатынастарын ретке келтіру үшін жоғары дәрежеде өзіндік тәсілдерді қолдануға, ішкі қақтығыстарды өз әдістері бойынша шешуге тырысады және т.с.с.²

Қазіргі замандағы арнайы әдебиеттерде көптеген қауымдарға, кейде тіпті бүкіл діни бірлестіктерге қатысты, бұрынғы Кеңестер одағы аумағында ХХ ғасырдың екінші жартысында кеңінен тараған

¹ Настольная книга пресвитера. – М., ВСЕХБ, 1982. – 105-б.

² Артемьев А. Религиоведение: основы общего религиоведения, история религий, религии в Казахстане. – Алматы, 2002. – 45–56-б.

(әсіресе олардың тамыры АҚШ пен Батыс Еуропада жатқан болса) сан алуан мынадай жағымсыз атаулар қолданылады: «деструктивтік», «тоталитарлық», «оппозициялық», «дәстүрлі емес», «конфессионалдыдан тыс», «діндарлар», т.с.с. Және көп жағдайда оларға жиі «секта» деген жағымсыз термин қолданылады.

Егер жете мән бере қарайтын болсақ, жоғарыда аталған басқа да терминдерден кемсіту коннотациясы айқын байқалып тұрады. Әрі жаңа діни қалыптасулардың ізбасарлары мұны дәл осылай қабылдайды.

Олай болса, осынау терминдердің әрқайсысының мән-мағынасын жеке-жеке қарастырып көрейік.

Сонымен, «деструктивтік» сөзі қандай мағына береді? Деструкция (*латынша destruction*) – қандай да бір нәрсенің дұрыс құрылымын талқандау, бұзу дегенді білдіреді¹. Әрине, кез келген құрылымдар, соның ішінде діни ұйымдар да, егер мемлекеттік билікке бағынбауға шақыратын болса, ұлтаралық және конфессияаралық алауыздық тудыратын болса, егер олардың идеологиясы ұлтшылық, шовинистік, нацистік, фашистік, т. с. с. бағыттарды ұстанатын болса, сөз жоқ, ондайлар қоғам ішінде деструктивтік әрекеттерге жол ашуы мүмкін.

Ендеше бұл терминді ресми тіркелген, жергілікті заңдарға бағынатын, қоғамға, басқа діндерге төзімділік танытатын діни бірлестіктер мен қауымдарға қалай қолдануға болады?!

Әдетте «деструктивтік» термині жиі «табынушылық» сөзімен қатар қолданылады – «деструктивті табынушылық».

Ал бұл тіркес одан бетер жағымсыз реңк береді. Жаңа діни қозғалыстарды зерттеп жүрген әйгілі американдық дінтанушы Гордон Мелтон өзінің бір еңбегінде былай дейді: «Табыну» термині – бұл кейбір діни топтарға айдар тағу үшін қолданылатын балағат сөз»².

¹ Словарь иностранных слов. – М., 1986. – 157-б.

² Melton Gordon J. Encyclopedic Handbook of Cults in America. New and London. – 3-б.

Жаңа діни құрылымдарды зерттеуші және бір американдық тарихшы, философ Тимоти Миллер былай дейді: «Табыну» сөзін қолданатын адам, әдетте осы терминді қаратып айтатын топты жек көреді, оны зиянды деп санағандықтан іс-әрекеттерін қостамайды. Ал «секта» – қатқылдығы аздау көрінгенмен, бірақ кемсіту термині»¹.

«Діни секта» ұғымы (*латынша secta – адамдардың оңашаланған тобы, ілім, бағыт*) қандай да бір діни бағыттың даму барысындағы белгілі бір дәуірді немесе кезеңді көрсететін діни бірлестіктердің бір түрін бейнелейді. Секта барлық уақытта оппозициялық бағыт ретінде кез келген діни бағыттардың ішінде туындап, бірте-бірте пікірлестердің бірлестігі ретінде орнығады.

Санкт-Петербургтегі дінтанушылар В. Никитин мен В. Обухов – «Дінтану. Әлем діндерінің ілімдері» оқу құралының авторлары – былай деп жазады: «...Бұрынғы тарихта «секта» сөзі көбіне мемлекет пен үстемдік етуші шіркеулер ізіне түскен діни ұйымдарға қолданылатын. Бірақ көп жағдайда дәстүр бойынша әдебиеттерде діни ұйымдардың бірі «шіркеу», ал басқа біреулері «секта» деп аталады.

Діни авторлар, үстемдік етуші діни ұйымдардың өкілдері (*Рессейде – православие, Батыс Еуропаның көптеген елдерінде – католицизм*), әдетте «секта» және «сектанттар» деген терминдерге жағымсыз мазмұн береді: діни оқуларында шындықтың жоқтығы, моральдық нормалардың бұзылуы, т. б. Ақыр соңында «секта», «сектанттар» деген терминдер психологиялық тұрғыдан балағат сөздер ретінде қабылданатын болды. Ал «сектант» аталатын адамдар мұны қорлау деп есептейтін жағдайға жетті. Сол сияқты «секта» сөзі де олардың көңілдеріне жақпайды. Сондықтан олар өздерінің діни ұйымын «секта» емес, «шіркеу» деп атайды. Мысалы, православие авторлары «виссарионецтер сектасының» бар екені туралы жазса, бұл діни бағыттағы сенушілер өздерінің ұйымдарын «Соңғы Өсиет шіркеуі» деп атайды»².

¹ Americas alternative religions. State University of New York Press, 1997. – 1–2-б.

² Никитин В. Обухов В. Религиоведение. Верования религий мира. – СПб, 1999. – 21–22-б.

Әрине, секта сөзінің осындай сипаттамасымен келіспеу мүмкін емес.

Біз «Философиялық ғылымдар» журналының бас редакторы, Ресей ғылым академиясының корреспондент-мүшесі А. Николаевтың пікіріне де толық қосыламыз. Ол былай дейді: «О баста-ақ «секта» сөзінің коннотациясы жағымсыз болған, сол сияқты бұл діни қозғалыстарға, діни аз топтарға қатысты айтылғанда да солай көрінген. Сондықтан «секта», «сектант» ұғымдары діни ұйым мүшелеріне қорлық сөз ретінде әсер етуі мүмкін. Ал ресми лексика бойынша «діни ұйым», «діни бірлестік» және «діни ұйымның мүшесі» деп айту дұрысырақ, өйткені бұл бейтарап мағынаны білдіреді»¹.

Қоғамда жетекші орынға ие діни ұйымдардың, желдіртпе сөзге бейім бұқаралық ақпарат құралдарының, күдікті ғылыми мақалалар авторларының «арқасында» әлемдегі соңғы жүзжылдықтарда пайда болған сан алуан діни қозғалыстар мен ағымдар «секталардың» қатарына жатқызылуда және олардың ізбасарлары Қазақстаннан да табылады. Мысалы, Ехоба куәгерлерінен басқа «сектаның» тізіміне барлық протестанттық және неопротестанттық конфессиялар мен деноминациялар енгізіледі, нақтырақ айтсақ, Евангельдік христиан-баптистер, Жетінші күннің адвентистері, т. с. с.

Дінтануда «деноминация» (*латынша denominatio – атауын өзгерту, арнайы атаумен белгілеу*) ұғымы – секта мен конфессияның (шіркеудің) аралық жағдайын білдіреді. Оны американдық теолог Хельмут Ричард Нибур (1894–1962) енгізген. Ол бірінші болып секта мен конфессияның (*шіркеудің*) арасында нақтылы шекара жоқ екендігіне назар аударған: яғни, оппозициялығынан арылған кез келген секта жетіле келе конфессияға (*шіркеуге*), ал керісінше конфессия (шіркеу) сектаға айналуы әбден мүмкін. Діни ұйымдарды зерттеу мәселесінде «деноминация» ұғымын айқындай түсуге Г. Беккер,

¹ Гордиенко Н. Российские Свидетели Иеговы: история и современность. – СПб., 2000. – 12-б.

А. Поп, Дж. Йингер, Б. Вильсон, И. Вах, Т. О’Диа және тағы басқалар айтарлықтай үлестерін қосты¹.

«Деноминация» термині көбіне қалыптасу, ресми ұйымдастырылу сатысындағы діни бірлестіктерді көрсету үшін, ал кейде ғибадат ету, конфессия сөздерінің синонимі ретінде де қолданылады.

«Деноминация, – деп жазады философия ғылымдарының докторы И. Яблоков, – екі түрлі бірлестіктен құралуы не о бастан сондай болып қалыптасуы мүмкін. Оның шіркеу мен сектаға оппозиция тұрғысында қалыптасатын идеялық, діни және ұйымдастыру принциптерінің сипаты алуан түрлі болып келеді. Кез келген мүшесінің «таңдаулы» екендігіне екпін түсіретін олар әрбір сенушінің рухани қайта туылуы мүмкін екенін мойындайды. «Дүниеден» оқшаулану және діни топтың ішінде өзімен-өзі тұйықталу «шынайы» діндарлықтың міндетті белгісі деп саналмайды. Мүшелерінің белсенділігі олардың үнемі әрі қатаң бақылауда болуына байланысты белгіленгенімен, діни қызметтерінде «дүниемен» қосылуға, қоғамның өміріне белсене араласуға шақырылады. Ұйымдастырылу құрылымы жағынан алғанда (*көлденеңінен де, тігінен де*) деноминацияға тән нәрсе – ширақтылық»².

«Конфессия» (*латынша confessio – тану, тәубеге келу*) ұғымы – ғибадат ету дегенді білдіреді, яғни қандай да бір дінге, шіркеуге мүше болу. Алайда бүгінде «конфессия» сөзімен көбіне өзіндік діни ілімі, ғибадат дәстүрі, ұйымдық құрылымы бар ірі діни бағыттарды атайды.

Шіркеу (*грекше kyiakē, латынша ecclesia*) – тура мағынада «Құдайдың үйі» немесе «Тәңір ғибадатханасы». Бұл – діни қауымдар мен топтардың (*мысалы, Орыс православие шіркеуінің*) ішіндегі қатынастарды тәртіпке келтіру, зайырлы топтармен және ұйымдармен байланысу құралы ретінде нақты тарихи жағдайларда пайда болған діни ұйымның бір түрі.

¹ Энциклопедия религий. – М., Академический проект Гаудеамус, 2008. – 361-б.

² Яблоков И. Основы религиоведения. – М., 2000. – 75-б.

Көп жағдайда бұл терминмен, өмірі мен қызметі христиандық ілім тұрғысынан қалыптасқан діни ілімдерімен және канондық нормаларымен регламенттелетін христиандардың діни қоғамдастығы (*тек христиандардың ғана емес*) мен соған сәйкес келетін иерархиялық құрылымдары белгіленеді. Бірақ бүгінде діни ілімдері христиандықтан алыс жатқан көптеген жаңа құрылымдар да өздерін «шіркеу» деп атайтынын ескерген жөн.

Христиандық шіркеудің тарихында бөлінулер көп болып, нәтижесінде конфессионализм – жалпы діни дәстүрдің шеңберіндегі көптеген шіркеулер – пайда болғанын да ерекше атап айту қажет.

«Шіркеу дегеніміз әлдекім өз еркімен таңдағандықтан емес, соған тиесілі дәстүр бойынша мүшелік мәселесі анықталатын айтарлықтай үлкен бірлестік. Міне, осыдан барып әрбір адамның шіркеудің мүшесі болып танылу мүмкіндігі шығады. Іс жүзінде мүшелік тұрақты және қатаң түрде бақыланбайды. Көптеген шіркеулердің мүшелері дінбасылар және келушілер деп екі топқа бөлінеді. Мұндағы позициялар мен рөлдер, дәрежелер мен сатылы өрлеулер иерархиялық принцип бойынша ретке келтірілген»¹.

Біздің пайымдауымызша, кезінде орыс тарихшысы В. Ключевский өте маңызды ескерту жасаған. Ол 1888 жылдың 1 қазанында Мәскеудің Рухани академиясының көпшілікке арналған актісінде өзінің «Орыстың азаматтық құқық пен тәртіптегі жетістіктеріне шіркеудің ықпалы» деп аталатын баяндамасында былай дейді: «Шіркеу мемлекеттікінен өзгеше ерекше өрісте әрекет етеді. Оның өз аумағы бар – бұл сенуші ар-ұждан, өз саясаты бар – бұл осы ар-ұжданды күнәкар әуестіктерден қорғау»².

Сөз жоқ, «шіркеу», «конфессия», «деноминация», «секта», «діни ғибадат», «табыну» ұғымдары шартты түрде екені шүбәсіз. Бұлардың қандай да бір діни процесстердің мемлекетке және

¹ Яблоков И. Основы религиоведения. – М., 2000. – 75-б.

² Ключевский В. Содействие Церкви успехом русского гражданского права и порядка. Мәскеу діни академиясында өткен көпшілікке арналған акт кезінде айтқан баяндамадан. Шіркеу және Ресей. – Париж, 1981. – 8-б.

қоғамға қатысты кейбір ерекшеліктерін анықтауға және діни қалыптасулардың ұйымдық құрылымдарындағы қайсыбір өзгешеліктерді ашып көрсетуге ғана көмегі бар.

Осы орайда профессор, академик А. Москаленко мен физиолог-ғалым, профессор А. Чичулин өте дұрыс айтады. Олар былай дейді: «Ғылыми әдебиеттерде діни ұйымдар көбіне құрамдас бөлік тұрғысынан қарастырылады: шіркеу институт, шіркеуге келушілер, діни қауым және тиісінше, белгілі мақсатпен ұйымдастырылған құрылымдық байланыстар мен қатынастар, позициялар мен нормалар және т. б. ретінде. Алайда осы жүйелердің бір де біреуі діни ұйымның қызмет-әрекеттерінің элементтері мен салаларын толық қамтуға қабілетсіз. Өйткені ресми ұйымдастырулардан тысқары, ешкім де, ешқалай да тәртіпке сала алмайтын (*мінті тәртіпке салу мүмкін емес*), бірақ жалпы алғанда ұйым үшін аса маңызды, әртүрлі бейберекет процесстер жүріп жататынын ескеру қажет»¹.

Сол сияқты дінді *дәстүрлі және дәстүрлі емес* деп бөлу де, біздіңше, негізсіз. Бірақ өкінішке қарай, мұндай ұғымдар тек БАҚ беттерінде ғана емес, шенеуніктердің кеңселерінде де, тіпті ғылыми әдебиеттер мен оқулықтарда да кеңінен тарап барады.

Мысалы, 2000 жылы «Жоғары мектеп» баспасынан жарық көрген «Дін тарихы» («*История религий*») деп аталатын екі томдық оқулықты алайықшы. Міне, осы басылымның екінші томында «Қазіргі замандағы дәстүрлі емес діндер мен ғибадаттар» деген бөлім бар. Сол жерден мынадай сөздерді оқимыз: «Жаңа діни қозғалыстар дәстүрлі діндерден жаңа енгізілімдерімен ерекшеленеді және бұлары көбіне тарихи діни ілімдердің талаптарына (*астын сызған – А. А.*) қайшы келіп жатады»².

Тап осылай болған жағдайда, кемінде екі сұрақ туындайды:

1. «Дәстүрлі діндерге» не жатады?

¹ Москаленко А., Чичулин А. Микросреда верующего и атеистическое воспитание. – Новосибирск, 1979. – 8-б.

² История религии. 2-т. – М., Высшая школа, 2002. – 609-б.

Мысалы, академик Қ. Шүлембаев осы мәселеде былай деп әділін айтады: «Ежелгі түркі халықтарының руханилығы мен діншілдігінің негізінде табиғатты пір тұту мен бабалардың өлмес жандарына, яғни аруақтарға сену жатады. Бұл мирасқорлық арқылы ақсақалдардың, ата-аналар мен балалардың табынушылық іс-әрекеттерінде көрініс табады. Міне, осындай қалыптасудың нәтижесінде түркі халықтарының арасында табиғи дін – табиғат діндері пайда болған»¹.

Ерте заманда Қазақстан мен Орта Азияда бақсылық дәстүрі кеңінен тараған болатын. Оның үстіне, бұл аумақта бақсылық қашаннан бері ислам дінінің бір бөлігі ретінде қарастырылып келеді. Оның күні бүгінге дейін қалмай келе жатқаны да сондықтан болса керек. Дегенмен де, егер тым көне тарихқа жүгінер болсақ, құрлықтың Орта Азия бөлігінде ең кең тараған діндердің қатарына: зороастризм, тәңіршілдік, несториандық, манихейлік, буддизм ілімдері жатады. Тіпті православие мен исламның өзі мұнда өте кеш келген, әрі бұл да оңай болмады.

Бүгінде Қазақстанда сүнниттік ислам мен орыс православиесі дінін ұстанушылар протестанттық, неопротестанттық және басқа да жаңа діни құрылымдарға қарағанда әлдеқайда көп. Бірақ бұл жағдай елдегі діни ілімдерді «дәстүрлі» және «дәстүрлі емес» деп бөлуге ғылыми тұрғыдан қарағанда ешбір дәлел бола алмайды.

2. Зайырлы демократиялық (*толеранттық пен дінге төзімділік міндетті түрде болады деп күтілетін*) қоғамда діндерді «өз дініміз» және «бөтен дін», «жақсы дін» және «жаман дін», т. б. деп бөліп-жару қаншалықты заңды болмақ?

Біздіңше, бұл дұрыс емес, өйткені конституция кепілдік беретін ар-ұждан еркіндігіне, дінге төзімділікке, дүниетанымдағы эрауандыққа мүлдем қайшы келеді.

«Дәстүрлі емес» ұғымы, – деп жазады И. Кантеров, – түрлі мазмұнмен толықтырылуы мүмкін. Мысалы, кейде ол неодіндердің

¹ Шүлембаев Қ. «Көне түркі халықтарының діни жүйесі» кітабына алғысөз. Н. Аюпов. – Алматы, 1998. – 5-б.

ілімдері мен дәстүрлері Ресей халықтарының мәдени салты мен тұрмысына тереңдеп тамыр жаймағанын білдіреді. Алайда көбінесе бұл терминді әшкерелеу мағынасында, дәстүрлі емес діндердің әлеуметтік пен мәдени олқылығы мен кемтарлығын көрсету мақсатында қолданады. Ал көп жағдайда қандай да бір конфессия өз үстемдігін арттыру үшін оларға қарсы шығады»¹.

Әрине, бірақ бұл «дәстүрлі емес», «дәстүрлі» деген сөздерді дінтанушылық қолданыстан шығарып тастау керек дегенді білдірмейді. Әсілі, оларды «ұлттық», «ұлттық-дәстүрлі» деген сөздермен қоса қолдану ғылыми тұрғыдан қарағанда әлдеқайда сауатты болар еді. Немесе «осы өңір үшін дәстүрлі емес жаңа діни қалыптасулар» деген дұрысырақ сияқты. Оның үстіне бұл жай ғана жалпылапа сөз емес қой, нақтылы шешілуі тиіс мәселе. Өйткені зайырлы мемлекетте, бір жағынан, эксклюзивизмге жол жоқ, яғни қандай да бір дінді (немесе ондағы бір бағытты) «жалғыз адал» шындықты айтушы осы ғана деп көрсетуге болмайды. Себебі осындайдың арты лоббизмге ұрындырып, тек бір-екі дін үшін басқалардың мәртебесін түсіріп, тұқыртып тастауға тура келеді. Екінші жағынан, төзбеушілікке жол ашылады, яғни қудалау арқылы қандай да бір діни ілімдердің, өзге дүниетанымды ұстанатындардың құқықтарына шек қойылып, ал кейде ойдан шығарылған сылтауларды қолданып, тіпті тіршілік ету құқықтарын жоққа шығару белең алады.

Кез келген зайырлы мемлекет үшін «дүниетанымдық бейтараптық» ұғымы шешуші рөл атқаруы тиіс, яғни жеке тұлға дүниетанымдық еріктілікпен, діни толеранттылықпен, ар-ұждан еркіндігімен және дінге шыдамдылығымен қамтамасыз етілуі керек. Сонымен қатар қоғамды және оның әрбір мүшесін, әсіресе азаматтардың денсаулығы мен өміріне қатысты мәселеде, адам құқығын қатаң ұстану арқылы кез келген бүлдіргіш күштердің қол сұғуынан қорғау қажет.

¹ Кантеров И. Новые религиозные движения в России. Дінтанушылық талдау. – 28-б.

«Толеранттық» деген терминді «діни толеранттық» тұрғысынан қарағанда әртүрлі мағынасы бар. Дегенмен де онда ортақ бірегей ұғым да бар, ол 1995 жылдың 16 қарашасында ЮНЕСКО-ның Бас конференциясы қабылдаған «Толеранттық принциптерінің декларациясында» жазылған. Онда толеранттық ұғымы «әлем мәдениетінің, өзін-өзі танытудың, адамды жеке тұлға ретінде әйгілеудің көпқырлылығын дұрыс түсіне отырып, оларды құрметтеу, сыйластықпен қабылдай білу» деп сипатталады (*1-бап, 1.1-тармақ*). Әрі қарай бұл ой былай жалғасады: «1.2. Толеранттық – бұл біреуге орын беру, мойынсұну не қостаушылық емес. Толеранттық дегеніміз, ең алдымен, адамдардың ортақ құқықтары мен негізгі еркіндіктерін мойындауға негізделген белсенді қатынас... 1.4. Толеранттық пен адамның құқығын құрметтеу – бір-бірімен үйлесіп келетін нәрселер, және бұл әлеуметтік әділетсіздікке төзушілікті, адамның өз нанымдарынан бас тартуын не басқалардікіне көне салуын білдірмейді. Бұл әрқайсысымыз да өз нанымдарын ұстануға құқылы, әрі басқалардың да бұл құқын құрметтейді деген сөз. Бұл келесідей жайтты да мойындауды білдіреді: табиғатынан ерекшеленетін адамдардың түрі, беделі, тілі, жүріс-тұрысы және құндылықтары әр түрлі болады, және әрқайсысы да өз даралығын сақтай отырып, осы дүниеде өмір сүруге құқылы».

Ар-ұждан еркіндігі мәселесін зерттеуде жетекші мамандардың бірі саналатын ресейлік ғалым М. Стецкевич те дұрыс айтады: «Біздің пайымдауымызша, толеранттықтың төмен деңгейінің өзі сен нанымдарымен келіспейтіндердің тіршілік ету құқығын, егер бұл нанымдар мен соған сай әрекеттер төзушіліктің негіздерін бұзуды (*мысалы, фашистік идеология*) тікелей ниет етпесе, мойындауды білдіреді. Діни толеранттық доктриналық төзімділікті, діни ілімдерді өзара жақындастыруды міндеттілік деп қарастырмайды, ...әңгіме діни ұйымдардың өзара сыйластық қарым-қатынасы, діни тіршілік-әрекеттерін жүзеге асыруға деген құқықтарын мойындау жөнінде ғана, сондай-ақ мемлекетке қандай да бір ұйымға артықшылықтар мен

жеңілдіктер беру, әсіресе өзге діни ұйымдардың қызметіне шектеу қоюға байланысты өтініштер жасамау туралы ғой»¹.

Дінге төзімділік – дінге төзбеушілікке қарама-қарсы ұғым, яғни қоғамның көпшіліктің сенім-нанымынан өзгеше дінді ұстанатын топтар мен жеке адамдарға деген көзқарасы. Бұл қоғамның басқаша сенушілердің қудаламауымен және олардан бас тартпауымен, белгілі бір шарттарға сай олармен бірлесуімен, олардың өз сенімдеріне сай ғибадат ету құқығын мойындауымен сипатталады².

Сонау Қайта өрлеу дәуірінің гуманистерінің өздері толеранттық идеясын діни төзбеушілік идеясына қарама-қарсы қойған болатын.

1763 жылы толеранттық туралы трактат жариялаған Вольтер, Германияда Дидро және Д'Аламбер, Лессингтің айналасына топтасқан француз энциклопедияшылары «дінге төзімділік» ұғымына жаңаша түсінік беріп, оны тұлғаның рухани еркіндікке шығуының алғышарты, ал саяси тұрғыдан алғанда, плюралистік демократиялық қоғамның қалыптасуының алғышарты деген болатын³.

Олардың әркімге «дінге қатысты мәселеде еркін ойлауға» (А. Коллинз) мүмкіндік беру керек деген ұрандарын «америкалық демократияның елші Пауылы» аталатын Томас Джефферсон қолдай кетті. Ол Эдуард Доузға жазған хатында былай дейді: «Мен сөзіммен де, ісіммен де төзбеушілік шіркеуіне ешқашан бас иемеймін... Қайта керісінше, біз – сіз, мен және кез келген басқа адам – ар-ұждан бостандығы құқығына жаппай қолдау көрсетуді ортақ іске айналдыруға міндеттіміз... Біз бәріміз бірігіп, қоғамдық пікірді азғыру арқылы діни нанымдарға өзінің зорлығын орнатқысы келетіндердің дәрежі және қауіпті іс-әрекеттерін жеңіп шығуымыз керек»⁴.

Сонымен тұжырымдап айтар болсақ, дінге төзімділік дегеніміз – әрбір адамның кез келген дінді ұстануға құқықты екенін мойындау,

¹ Стецкевич М. Свобода совести: учебное пособие. – СПб., 2006. – 9–10-б.

² Религиоведение. Энциклопедиялық сөздік. – М., 2006. – 198–200-б.

³ Гараджа В. Новая философская энциклопедия в четырех томах. 1-т. – 384–385-б.

⁴ Томас Джефферсон о демократии. Құрастырушы К. Падовер. – СПб: Ленинград, 1992. – 203-б.

өзге діни көзқарастарға шыдамдылық таныту. Өзімізді демократ санайтын біздердің көпшілігімізге дәл осы қасиет жетіспей жатады.

Дінге төзімділік, тарихи тұрғыдан қарағанда, толеранттықтың, дәлдірек айтқанда, өзге көзқарасты мойындау және сыйлай білу қабілетінің алғашқы көрінісі.

Біз Қайта өрлеу дәуірі мен Жаңа кезеңге «еркін ойлау» ұғымы үшін де ризамыз. Оны алғаш рет дінге төзбеушілікпен, шіркеулік өктемшілдікпен және догматизммен күрес жүргізу барысында ағылшын философ-деисті Джон-Энтони Коллинз енгізген болатын. Ол «дін мәселесінде еркін ойлау – барлық адамның борышы» деп жариялаған еді¹. Дегенмен де, ақиқатына жүгінсек, еркін ойлау дүниетаным құбылысы ретінде ерте заманда-ақ белгілі болған.

«Еркін ойлау» мен «атеизм» ұғымдары бір-бірімен тығыз байланысты, алайда олар барлық уақытта өзара толық сәйкес келе бермейді.

«Атеизм» – Құдайды (*құдайларды*) мойындамау – нақты тарихи тұрғыдан ғана анықталатын ұғым. Мән-мәтінге қарай әртүрлі мынадай құбылыстарды білдіруі мүмкін: діни еркін ойлау (*еркін ойланушылық*); Құдайды танып-білу мүмкіндігіне күмәндану (*діни агностицизм*); Құдайдың бар екендігін үзілді-кесілді жоққа шығару (*радикалды атеизм*). «Кез келген жоққа шығару сияқты, – деп жазады танымал орыс ғалымы В. Гараджа, – атеизм нені жоққа шығарып жатқанға байланысты, яғни *теизмге*. Әрі бұл да әртүрлі болып келеді: политеизм, генотеизм, монотеизм, пантеизм және деизм. Демек, осылардан байқағанымыздай, атеизм өздігінен қолданыста болмайды»².

XVII ғасырдағы француз философы Пьер Бейльдың заманында атеизм жетістік ретінде қарастырыла бастағанына назар аударғымыз келеді. Бірақ клерикалық насихат пен діни фанаттардың ықпалымен «атеист» ұғымына теріс мағына беріледі.

¹ Реале Дж., Антисери Д. Западная философия от истоков до наших дней. 3-т. Новое время. – СПб, 1996. – 564-б.

² Гараджа В. Атеизм. Новая философская энциклопедия в четырех томах. 1-т. – 194-б.

Оның үстіне «атеизм» сөзі *сенбеушілік* дегенді білдіргенімен, біздіңше, сенбеушіліктің басқа да мағынасы бар сияқты: ол дінге қатысты индифферентті емес, қайта, оған қарама-қайшы.

Атеизм – еркін ойлаудың ең шегі және діни дүниетаным сияқты оның да қолданыста болуға толық құқы бар. Ең бастысы, ол дамыған өркениетті қоғамдық қатынастар шеңберінен аспағаны жөн.

Дінге төзімділік ар-ұждан бостандығын, дін таңдау еркіндігін мойындаумен баламалы емес екенін атап өткіміз келеді.

Ар-ұждан бостандығы мен гибадат ету еркіндігі – жеке тұлғаның құқығы мен бостандығын білдіретін, діни және діни емес нанымдарымен байланысты тұрақты халықаралық терминдер. «Ар-ұждан бостандығына – дінді не нанымды еркін қабылдау, оларды өзгерту, өз сенім-нанымдарына сай әрекет ету құқығы кіреді. Дін таңдауға ерікті болу деген, жеке тұлғаның өз қалауымен, ешкімнің қысымынсыз, мәжбүрлеуінсіз немесе құқығына шек қою мен қорқытуынсыз яки қуғын-сүргінсіз өзінің жалпы дін атаулыға және нақты қандай да бір дінге қатысты таңдау жасау мүмкіндігін білдіреді. Кез келген адам атеистік нанымды қалауға, дінге қатысты индифферентті, бейтараптық көзқарасты ұстануға немесе қандай да бір діннің жолына түсуге құқылы. Ал нанымдарды өзгерту еркіндігі, жеке тұлға өзінің діни не діни емес нанымдарын ешбір кедергісіз өзгертуге құқылы екендігін білдіреді»¹.

Барша адамзаттың алаламай, барлық діндерге бірдей қарауын талап ету ақылға қонымсыз, өйткені көп адамдардың өзіндік қалыптасқан рухани түсініктері бар, сондай-ақ конфессия мен деноминация атаулының бәрі бірдей олардың ынта-ықыласын оята бермеуі мүмкін. Бұл – бір жағынан. Екінші жағынан, адам өзінің діни нанымын, мұнысы өзгелерге ұнамай қалғаны үшін өзгерте салмайды ғой. Сол сияқты діндерді бұл мұсылмандық емес, немесе христиандық емес, т. б. деп бөліп-жару, тіпті олардың қызметін тоқтатуды талап ету, барып тұрған сандырақ. Адамзат бұның бәрін бастан кешіп қойған.

¹ Религиоведение. Энциклопедиялық сөздік. – М., 2006. – 958-б.

Және олардың көпшілігі мұның соңы неге әкеліп соқтыратынын жақсы біледі. Ал бұған мысал қажет болса, алысқа барудың қажеті жоқ. Бұрынғы Кеңестер одағында, қатаң тоталитаризмге қарамастан, көлемі жағынан бұрын-соңды болмаған діни іс-шаралар ұйымдастырылды. Әрі бір ғажабы, жан түршігерлік қатаң жазалаулар оларды еш тоқтата алмады.

Сондықтан «толеранттық», «дінге төзімділік», «ар-ұждан бостандығы», «ой еркіндігі», «ғибадат ету еркіндігі» деген ұғымдар конфессияаралық және ұлтаралық диалогтарға тұғыр болып қалану керек, себебі тап осылар адамгершілік принциптерінің негізі болып табылады. Бұл – *сан алуандықтағы еркіндік*. Алайда оларды абсолюттендіруге болмайды, өйткені әрқайсысының шегі бар. Шектен шыққан жағдайда жүгенсіздік пен зорлық-зомбылыққа жол ашылады. Кез келген өркениетті қоғам «ақылға қонымды түрде әрекет етуші әрбір азаматқа өз қалауы бойынша пайымдауға» еркіндік құқығын беруге міндетті (*П. Гольбах*). Жұдырық ала жүгірудің не қолға қару алып аттандаудың орнына, «өзге көзқарастың биігін бағалауды» үйрену (*И. Золотусский*), оппоненттердің дәлелдеріне құлақ асып, өз идеяларыңды қорғай білу маңызды.

Толеранттық, дінге төзімділік, ой еркіндігі – мәдени, ұлттық, діни, әлеуметтік, саяси арақабырғалармен бөлінген мына әлемде бірлесіп өмір сүруге және өзара түсінісуге ең басты алғышарттар болып табылады. Ал бір ғана ұлттың мүддесімен шектелген және бір ғана діннің принциптеріне негізделген идеология барлық уақытта адамдардың қарым-қатынасын бұзуға әкеліп соғады.

Осы орайда қазақстандық құқық профессоры Роман Подопригора өте бір дәлдікпен былай дейді: «Бүгінде дінге қатысты қазақстандық заңнама әлі қалыптасу сатысында», өйткені тек «1992 жылы ғана Қазақстан тарихында тұңғыш рет дін мәселелерін реттейтін өз елінің Заң деңгейіндегі нормативтік құқықтық актісі – «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» заңы қабылданды»¹.

¹ Подопригора Р. Проблемы государственно-конфессиональных отношений в Республике Казахстан. – Алматы, Каспийский общественный университет, 2019. – 50-б.

Орыстардың діни ағымын зерттеуші Владимир Бонч-Бруевичтің кезінде арманы болатын: «зайырлы тарихи ғылым сенім үшін басқаларды ресми түрде қудалаушылардың, «ар-ұждан бостандығына» қарсы шығушылардың қолындағы күшті қаруды – халық пен қоғамның санасына әсер етпей қоймайтын шындықты бұрмалаушылықты, өтірік хабарлар мен жаңалықтарды – тартып алатын кез міндетті түрде келеді»¹.

Үрей, ксенофобия мен озбырлыққа қарсы тұру үшін, адам мен азамат ретінде тәрбие беруге көп көңіл бөлу керек. Бұл туралы 1995 жылдың 16 қарашасында ЮНЕСКО-ның Бас конференциясы қабылдаған «Толеранттық принциптерінің декларациясында» жазылған:

«4.1. Тәрбие беру – төзбеушіліктің алдын алуға көмектесетін ең тиімді құрал. Толеранттыққа баулитын тәрбие беру адамдарға жалпы құқықтары мен бостандықтарын түсіндіруден басталады. Бұл адамды өзінің құқын қорғай білуге үйретеді, әрі басқалардікін де құрметтеуге ынталандырады.

4.2. Толеранттыққа баулитын тәрбие беру үзілді-кесілді императив ретінде қарастырылу керек. Осыған орай толеранттыққа жүйелі және рационалды түрде үйрететін тәсілдерді ынталандыру керек. Бұндай тәсілдер озбырлық көрсету мен шеттетудің негізі болатын төзбеушіліктің мәдени, әлеуметтік, экономикалық, саяси және діни көздерін анықтауға көмектеседі. Білім беру саласындағы саясат пен бағдарламаның бағыты жеке адамдардың да, түрлі этникалық, әлеуметтік, мәдени, дін мен тіл өзгешеліктері бар топтардың да, ұлттардың да арасында өзара түсінушілікті дамытуда, тілектестік пен төзушілікті нығайтуда болу керек.

4.3. Басқаларға қатысты үрей мен шеттету сезімдерін тудыратын әсерге қарсы тұру – толеранттыққа баулитын тәрбие берудің бағыты. Ол жастардың бойында дербес ойлана білу, сынап талдай білу, өнегелік құндылықтарға негізделген тұжырымдарға келу дағдыларын машықтандыру керек».

¹ Бонч-Бруевич В. Из мира сектантов. Мақалалар жинағы. Мемлекеттік баспаханна – М., 1922. – 193–194-б.

Осы орайда ЮНЕСКО-ның қолдауымен Нобель сыйлығының лауреаттар тобы дайындаған «Манифест 2000» еріксіз ойыңа келеді. Бұл манифестті 1999 жылдың 4 наурызында ЮНЕСКО-ның бас директоры Федерико Майор мен Дүниежүзі мәдениеті бойынша халықаралық сабағаттық тобының мүшелері ресми түрде ұсынған болатын:

«1. «Әр адамның өмірін құрметтеу». Дискриминация мен бөліп-жарудан аулақ болып, әр адамның өмірі мен қадір-қасиетін құрметтеу;...

4. «Басқаларды тыңдау және түсінуге тырысу». Міндетті түрде басқаларды тыңдай біліп, олармен диалог құрып, ешкімді де шеттетпей, фанатизм мен жалақорлықтан аулақ болу арқылы ой-пікір бостандығы мен мәдениеттердің алуан түрлілігін қорғау...».

Неткен керемет сөздер десеңізші! Алуан түрлі болып келген қазақстандық қоғамымыз үшін де бұл қағидаттар мен мұраттардың өмірлік маңызы бар.


Біздің қазақстандық қоғам ертең қандай болады? Әрине, оны шешетін біз өзіміз. Және осындағы терең білім алуды жақсы көретін, жан-жақты һәм әділ ақпаратқа зейін қоюды ұнататын өсіп келе жатқан жас ұрпақ «төзбеушілік пен ксенофобия» вирусынан өздерін қорғай алатындығына және Вольтердің келесідей көзқарасын қолдайтындығына бек сенгіміз келеді:

«Егер мәселені енді сот төрелігі мен адам құқықтарын қорғау тұрғысынан қарастыратын болсақ, онда біз сенім бостандығы, көпшілік алдында гибадат ету еркіндігі және мінез-құлқымызды солармен барлық жағынан сәйкестендіру іс-әрекеттері, басқа адамдардың құқықтарына ешқандай зиян келтірмесе, жеке бастың бостандығы мен жекеменшік бостандығы құқықтарымен пара-пар екендігіне көзіміз жетеді. Демек, бұл құқықты шектеу әділеттілікке жатпайды, ал дінге төзімділікті шектейтін кез келген заң әділетсіз заң болып табылады»¹.

¹ Вольтер. Философские трактаты и диалоги. – М., Эксмо, 2005. – 138-б.

7 ТАРАУҒА АРНАЛҒАН СУРЕТТЕР

ДЕРЕККӨЗ: commons.wikimedia.org




Джон Локк
(1632-1704)

британ саяси
ойшылы,
философы,
мемлекеттік
қайраткер

“ Кез келген шіркеу өзін ортодоксалды (хақ, дұрыс), ал басқаларды адасқан деп санайды, себебі әрқайсысы өзі шындық деп білетін нәрсеге сенеді, ал қарама-қайшы көзқарастарды әбестік деп мінейді. Демек, екі шіркеудің догматтар туралығы жөніндегі дау-дамайда екеуі де теңдес негізге ие және төрешілердің ешқайсысы бұл мәселеде үкім шығара алмайды, сондай төреші Константинопольда да, басқа еш жерде де жоқ”

ДІНИ ТӨЗІМДІЛІК ТУРАЛЫ ХАТТАР

A portrait of Thomas Jefferson, an elderly man with white hair, wearing a dark coat and a white cravat. The background is dark and textured.

То́мас
Джефферсон
(1743-1826)
саяси қайраткер,
АҚШ-тың үшінші
президенті

ДЕРЕККӨЗ: commons.wikimedia.org

“ Адам баласының басқаларды өзінің сеніміне күштеп сендіруге хақы жоқ. Сенімге сенуден қалса, ол сенім де емес. Ешкім де өз сенімін басқа біреудің өктемдігіне бағындыра алмайды.”

“ Мені жетелесін деп сотқа сенім арта алмаймын, себебі көкке апарар жолды ол менен артық біледі деп ойламаймын, сондай-ақ мені дұрыс жолға бағыптаудың қамын ол өзімнен артық уайымдамайды.”

ЛОКК ПЕН ШЕФТСБЕРИ БОЙЫНША ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР

*A BILL for establishing RELIGIOUS FREEDOM,
printed for the consideration of the PEOPLE.*

WELL aware that the opinions and belief of men depend not on their own will, but follow involuntarily the evidence proposed to their minds, that Almighty God hath created the mind free, and manifested his Supreme will that free it shall remain, by making it altogether insupportable of restraint: That all attempts to influence it by temporal punishments or burthens, or by civil incapacitations, tend only to beget habits of hypocrisy and meanness, and are a departure from the plan of the holy author of our religion, who being Lord both of body and mind, yet chose not to propagate it by coercions on either, as was his Almighty power to do, but to extend it by its influence on reason alone: That the impious presumption of legislators and rulers, civil as well as ecclesiastical, who, being themselves but fallible and unassisted men, have assumed dominion over the faith of others, setting up their own opinions and modes of thinking, as the only true and infallible, and as such, endeavouring to impose them on others, hath established and maintained false religions over the greatest part of the world, and through all time: That to compel a man to furnish contributions of money for the propagation of opinions which he disbelieves and abhors, is sinful and tyrannical: That even the forcing him to support this or that teacher of his own religion persuasion, is depriving him of the comfortable liberty of giving his contributions to the particular pastor whose morals he would make his pattern, and whose powers he feels most persuasive to righteousness, and is withdrawing from the Ministry those temporal rewards which, proceeding from an approbation of their personal conduct, are an additional incitement to earnest and unremitting labour for the instruction of mankind: That our civil rights have no dependence on our religious opinions, any more than on our opinions in physics or geometry: That therefore the forcing any citizen to support the public worship, by laying upon him an incapacity of being called to offices of trust and emolument, unless he profess or renounce this or that religious opinion, is depriving him unjustly of those privileges and advantages to which, in common with his fellow citizens he has a natural right: That it tends also to corrupt the principles of that very religion he is meant to encourage, by mixing with a monopoly of worldly honors and emoluments, those who will externally profess and profess to be: That though indeed there are criminal who do not withstand such temptation, yet neither are those lawless, who lay the bait in their way: That the opinion of men are not the objects of civil government, nor under its jurisdiction: That to suffer the civil Magistrate to intrude his powers into the field of opinion, and to restrain the profession or propagation of principles on supposition of their ill tendency, is a dangerous fallacy, which at once destroys all religious liberty: because he being of course Judge of that tendency will awe his own opinions the rule of judgment, and approve or condemn the sentiments of others only as they shall square with, or differ from his own: That it is time enough for the rightful purposes of civil government for its officers to interfere when principles break out into overtacts against peace and good order: And finally, that truth is great and will prevail if left to herself; that she is the proper and sufficient antagonist to error, and has nothing to fear from the conflict, unless by human interposition, disarmed of her natural weapons, free argument and debate; errors ceasing to be dangerous when it is permitted freely to contradict them.

WE the General Assembly of Virginia do enact, that no man shall be compelled to frequent or support any religious Worship place or Ministry whatsoever, nor shall be enforced, restrained, molested, or burthened in his body or goods, nor shall otherwise suffer on account of his religious opinions or belief, but that all men shall be free to profess, and by argument to maintain their opinions in matters of religion, and that the same shall in no wise diminish, enlarge, or affect their civil capacities.

AND though we well know that this Assembly, elected by the people for the ordinary purposes of legislation only, have no power to restrain the acts of succeeding Assemblies, constituted with powers equal to our own, and that therefore to declare this act irrevocable would be of no effect in law; yet we are free to declare, and do declare, that the rights hereby asserted are of the natural rights of mankind, and that if any act, shall be hereafter passed to repeal the present, or to narrow its operation, such act will be an infringement of natural right.

Діни
бостандық
орнату
жөніндегі
билль

“ ..ешкімді де діни кездесулерге келуге, табыну орнын не діни қызметкерді қолдауға мәжбүрлеуге болмайды, сондай-ақ адамның діни көзқарастары мен нанымдары себебінен оны күштеуге, шектеуге, мазасыздандыруға, оның тұлғасына не мүлкіне залал келтіруге немесе оған басқа бір жолмен қасірет әкелуге болмайды; заңға сай, барлық адамдардың сенім бостандықтары бар, олар дінге қатысты көзқарастарын дәлел келтіріп қорғауға құқылы, әрі бұл олардың азаматтық құқықтарын шектетіп не арттырып, не басқаша әсер етпеу керек.”

A portrait of Voltaire, a French philosopher, writer, and historian. He is depicted from the chest up, wearing a dark green coat over a red waistcoat and a white cravat. He has long, curly, light-colored hair. The background is dark and textured.

Вольтер
(1694-1778)
Француз
жазушысы,
философ -
ағартушысы

Дереккөз: ru.wikipedia.org

“ Егер мәселені енді сот төрелігі мен адам құқықтарын қорғау тұрғысынан қарастыратын болсақ, онда біз сенім бостандығы, көпшілік алдында ғибадат ету еркіндігі және мінез-құлқымызды солармен барлық жағынан сәйкестендіру іс-әрекеттері, басқа адамдардың құқықтарына ешқандай зиян келтірмесе, жеке бастың бостандығы мен жекеменшік бостандығы құқықтарымен пара-пар екендігіне көзіміз жетеді. Демек, бұл құқықты шектеу әділеттілікке жатпайды, ал дінге төзімділікті шектейтін кез келген заң әділетсіз заң болып табылады.”

Абай
Құнанбаев
(1845-1904)

қазақ ақыны,
композитор,
ағартушы, ойшыл,
саяси қайраткер

“ Құдай табарака уатағаланың барлығының үлкен дәлелі – неше мың жылдан бері әркім әртүрлі қылып сөйлесе де, бәрі де бір үлкен құдай бар деп келгендігі, уа һәм неше мың түрлі діннің бәрі де ғадаләт, махаббат құдайға лайықты дегендігі.



Біз жаратушы емес, жаратқан көлеңкесіне қарай білетұғын пендеміз. Сол махаббат пен ғадаләтке қарай тартпақпыз, сол алланың хикметін біреуден біреу анығырақ сезбекпен артылады.

Инандым, сендім демек инандырамын, сендіремін деген емес.

Адамшылықтың алды – махаббат, ғадаләт, сезім. Бұлардың керек емес жері жоқ, кіріспейтұғын да жері жоқ. Ол – жаратқан тәңірінің ісі. Айғыр биеге ие болмақта да махаббат пен сезім бар.

Бұл ғадаләт, махаббат сезім кімде көбірек болса, ол кісі – ғалым, сол – ғақил. Біз жанымыздан ғылым шығара алмаймыз, жаралып, жасалып қойған нәрселерді сезбекпіз, көзбен көріп, ақылмен біліп.

Адам және азамат құқықтарының декларациясы

1789 жылы 26 тамызда Франция жиналысы қабылдаған

10-бап:

Ешкім де өз пікірлерін, тіпті діни пікірін білдіруге қымсынбау керек. Өйткені бұл заң орнатқан қоғамдық тәртіпті бұзбайды

11-бап:

Адам баласының ең құнды құқықтарының бірі – өз ойы мен пікірін білдіруге еркіндігі; сондықтан да кез келген азамат өз ойын ашық айтып, жазып не басып шығаруға ерікті, тек заң тұрғысынан сол еркіндікті бұрыс қолданса ғана, жауапқа тартылуы мүмкін.


Құқық туралы билль

АҚШ Конституциясына енген Алғашқы 10 түзетулер, 1791 жылы 15 желтоқсанда күшіне енді

Конгресс бір діни бірлестікті қолдайтын, яки болмаса сол дінді еркін ұстануға тыйым салатын; немесе сөз бостандығын, баспа бостандығын, халықтың бейбіт түрде жиналуға не үкіметтен ұжымдық арнаулы арыздарын қабылдауын өтінуге құқығын шектейтін заң шығармау керек.”



ДЕРЕККӨЗ: commons.wikimedia.org



ДЕРЕККӨЗ: commons.wikimedia.org




Анна Элеонора (Эленор) Рузвельт БҰҰ-да жұмыс істеген кезінде, Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясын шығарған комитетті басқарды

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы

“...адам құқықтарына деген елемеушілік, менсінбеушілік адам баласы арының зығырданын қайнататын тағылық жағдайға әкеліп соғатынына және дүние жүзі адамдары сөз бен наным-сенім бостандықтарына ие болып, үрей мен мұқтаждықтан ада бола алатын ортаны құру – адам баласының жоғары мәртебелі ұмтылысы деп жарияланғанына назар аударар отырып...

19 БАҒ:

Әр адам наным-сенім бостандығына және өз көзқарасын еркін білдіруіне құқығы бар; бұл құқық өз наным-сенімін кедергісіз ұстану еркіндігін және мемлекеттік шекаралар тәртібіне тәуелді болып қалмай, ақпараттар мен идеяларды еркін іздеп, кез-келген құралдар арқылы тарату бостандығын да қамтиды.”



II Екатерина Ресей патшайымы (1729–1796)

“Күдіретті Құдайдың өзі жер бетіндегі барлық сенімдерге, тілдерге және ғибадаттарға жол берсе, Ұлы мәртебелі де бұған сай, Күдіретті Құдайдың Киелі еркіне көніп, басқалардың осылай әрекет еткенін қалайды, сондағы бар мақсаты – оның қол астындағылардың арасында сүйіспеншілік пен түсінушіліктің үстемдік еткені.”

ПСЗ. Т. 19. № 13996

17 МАУСЫМ 1773 Ж.

“Күллі діндерге деген төзушілік туралы және архиерейлерге бөтен діндердің ісіне және заңға сай олардың ғибадат үйлерінің құрылыс жұмыстарына араласуға тыйым салып, бұл мәселелердің бәрін зайырлы билік өкілдеріне тапсыру туралы!”

КИЕЛІ СИНОДТЫҢ ЖАРЛЫҒЫ



Дереккөз: commons.wikimedia.org

II Николай Ресей императоры (1868–1918)

“Адамның Православие сенімінен бас тартып, басқа христиандық дінге не ілімге сенуі оны қудалауға, оның жеке не азаматтық құқықтарына кері салдарын тигіздіруге негіз емес екенін мойындау керек. Сондай-ақ Православиеден бас тартқан кәмелетке толған адам өзі таңдаған дінге не ілімге жататыны мойындалу керек...”

СЕНАТҚА БЕРІЛГЕН «ДІНГЕ ТӨЗУШІЛІКТІҢ
БАСТАМАЛАРЫН НЫҒАЙТУ ТУРАЛЫ» ИЕЛІ АСА
МАҢЫЗДЫ ЖАРЛЫҚ

17 СӘУІР 1905 Ж.



Дереккөз: commons.wikimedia.org

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстандағы жағдайларды мысалға ала отырып, Ехоба куәгерлерінің іліміне, ғибадат ету тәжірибесіне, ұйымдық құрылымы мен өмір салтына қатысты әлеуметтік-тарихи және дінтанушылық талдауымызды аяқтай келе, енді ең басты-басты сұрақтарға жауап беріп көрейік.

Бірінші сұрақ: Ехоба куәгерлерінің діни ілімі христиандық ұстанымға жата ма?

Бұған бүкіл зерттеу еңбегіміз арқылы жауап беріп қойғандаймыз. Ендеше бұл мәселеге қайта оралудың қажеті қанша?

Жалпы, бұқаралық ақпарат құралдары мен Орыс православие шіркеуінен басқа, тіпті кейбір ғалымдардың «арқасында» қайсыбір адамдардың санасында Ехоба куәгерлерінің ілімі антихристиандық деп қалыптасып қалған.

Мысалы, бір жолы Философия және политология институтының қызметкері, ғылым докторымен әңгімелесіп қалғаным бар еді. Христиандыққа қатысты бірнеше зерттеу еңбегін жариялап үлгерген, өзін тәжірибелі дінтанушылардың қатарына қосатын, сондай-ақ өзінің дұрыстығына нық сенімді ол Ехоба куәгерлері жалған христиандар дегенге мені сендіріп бақты. Оның пайымдауынша, Куәгерлердің «діни ілімі мен ғибадат ету салттары өзге христиандық діндерден мүлдем өзгеше», яғни олар «христиандық ілімдердің негізін өрескел бұрмалайды, тіпті жоққа шығаруға тырысады».

Осыған ұқсас, Ехоба куәгерлері – діни емес, саяси ұйым, өйткені олардың қызметіне АҚШ-тан басшылық жасалады деген сияқты алып қашпа сөздерді дәл қазір де естіп жатамыз.

Әрине, мұның бәрі құлаққа кірмейтін қисынсыз әңгіме. Бірақ «айтылған сөз – атылған оқ», сондықтан осы мәселеге қатысты өз көзқарасымызды тағы да нықтай түскіміз келеді.

Біздің білетініміз, Ехоба куәгерлеріне белсенді түрде қарсылық көрсетушілердің бірі Орыс православие шіркеуі (ОПШ). Әрі бұл түсінікті де, себебі бұл жерде ақыл-парасат емес, ОПШ талай жүзжылдықтар бойы тұрғындарға ықпал ету үшін, Киелі кітапты жеке бір өзі ғана түсіндіру құқығын қорғау үшін жүргізіп келе жатқан еш ымыраға келмейтін күресі жеңіп отыр (*біле-білсек, бүгінде Қазақстандағы ОПШ-ға да жақын шет елден басшылық жасалып отырған жоқ па...*).

Осындайда біліксіздік пен жүгенсіздік танытып, Ехоба куәгерлеріне надандықпен сан алуан айдар тағып, кінә қоятындарға еріксіз таң қаласың.

Алайда тарихты еске түсірсем, көп нәрсе түсінікті бола бастайды. Мысалы, Ресей империясындағы діни ағымдарды зерттеген ғалым, кейін РКФСР-ның Халық комиссарлары кеңесінің істерін алғашқы болып басқарған Владимир Бонч-Бруевичтің 1911 жылғы мақаласындағы пікірін келтірейік: «Киелі Синод тарам-тарам қармауыштары – консисторийлер, миссионерлер, приход дінбасылары – арқылы халық өмірінің бұл саласын зерттеу жұмысын еппен және тиянақты шырмап алып, беделін түсіргені соншалық, ондаған жылдар бойы біздің демократиямыз, біздің қоғамымыз, біздің ғылымымыз бұл біржақты және көп жағдайда жалған «зерттеулердің» шіріген жемісімен ғана қоректенуде.

Бұл «ең зақымды» деген атауға лайық құрылым көптеген журналдары, есептері, кітаптары, парақшалары және т.б. арқылы Ресейдегі діни өзгешеліктерге қатысты қоғамның пікіріне әсер еткені соншалық, халық арасында да, қоғамда да, ғылыми еңбектерде де, беллетристикада да, газет беттерінде де неше түрлі ерсі пікірлер жиі кездесуде. Секталар, ескі дәстүршілік туралы мәселе көтерілсе, не православиелік ортаның өзінде діни сұрақтарға қатысты сәл

ғана пікір алалығы туындаса болғаны, осындай пікірлер де шыға келеді. Рухани билік қоғамның бұл мәселедегі ой-санасын жолдан тайдырып, аздырғаны сонша, сектанттар туралы әңгіме көтерілсе, тіпті салиқалы болып көрінген адамдардың өздері оның жеркенішті өтірігіне иланып қалуда»¹. Жүз жыл өтсе де, осындай тәсілдерді қолдануға тырысатындар әлі де табылуда...

Сондықтан келесі жайттарды қайталап айтуды өзімнің азаматтық әрі ғылыми борышым деп есептеймін: **біріншіден, Ехоба куәгерлері – саяси емес, діни ұйым, екіншіден, олардың ілімдерінде өзіндік ерекшеліктер болғанымен, христиандық екендігіне талас жоқ. Бұған осы кітапта келтірілген дерек жеткілікті дәлеl болып табылады.**

Екінші сұрақ: Ехоба куәгерлерінің діни ұйымы секта ма, деноминация ма, әлде конфессия ма?

Бұл сұрақтың жауабы да өте маңызды, себебі өткен ғасырдың 90-шы жылдарының ортасына қарай Ресейде «белгілі бір ұлттық ерекшеліктері бар «дінге қарсы қозғалыс» түрі пайда болып, әртекті конфессионалды, саяси және басқа да күштердің одағын құрайды. Олар барлық діни ұйымдардың заң алдындағы теңдік принципінiң белгілі бір діни ұйымдарға қатысты қолданылуына қарсы шығады, әрі ешқандай ғылыми дінтанушылық белгілерінсіз-ақ сол ұйымдарды өз беттерінше «тоталитарлық секталар» ретінде жария етіледі»².

Бұл жөнінде И. Кантеров былай деп дұрыс баға береді: «Әдетте, «тоталитарлық секталар» мен «деструктивтік табынудың» табиғатын, іс-әрекеттерін және соның салдарын сипаттау үшін арнайы «сөзтізбелер» пайда болып, олар кеңінен қолданысқа түседі. Мұндай «сөзтізбелер» секталар туралы жазатын басылымдардың

¹ Бонч-Бруевич В. Из мира сектантов. Мақалалар жинағы. Мемлекеттік баспаханa – М., 1922. – 192–194-б.

² Иваненко С. Эволюция идеологии и деятельности религиозной организации Свидетелей Иеговы в России. Тарихи-философиялық талдау. Философия ғылымдарының докторы атағы алу үшін жасалған диссертацияның авторефераты. – 9-б.

ғана емес, тіпті заңдық құжаттар қабылдайтын жергілікті органдардың қауылыларының да атрибутына айналады. Осындай «сөзгізбелердің» авторлары табынушылар мен секталарға байланысты «ізбасарлар», «пікірлестер», «сенушілер» деген ұғымдарды мүлдем қолданбайды. Бұлардың орнына «адепт» деген шетелдік сөз пайдаланылады»¹.

Ал бұл қандай мақсатпен жасалады? Танымал италияндық дінтанушы Массимо Интровиньенің айтуынша, бұл адамдардың санасында азшылдықтағы діни топтардың өкілдерін «дәстүрлі діндер» сенушілерінен бөліп қараудың орнығуы үшін істеледі. Сөйтіп, келешекте әлгі бөлектенген топқа халықаралық және конституциялық құқықтар мен бостандықтар жүрмейді деген сылтау көлденең тартылады. Нәтижесінде олар «нағыз» сенушілер емес, керісінше, «фанаттар мен қауіпті сектанттар» болып шыға келеді. Әлбетте, мұндайда қоғам үшін жаңадан басталып келе жатқан қудалауды қабылдау біршама жеңілдеу болады және өздерінің азаматтық құқықтары мен бостандықтарына төніп келе жатқан қауіпті байқамай қалады... Дәл осы тәсілді кезінде нацистер еврейлердің соңына шам алып түсерде, неміс қоғамын әзірлеу үшін қолданған болатын. Міне, осының бәрі қазіргі антикультизм идеясы мен оның түптамыры сонау қанқұйлы фашизм мен нацизмнен бастау алатынын дәлелдеп тұрған жоқ па!

Тап осындай мақсатпен «секта», «адепт» терминдері қолданылады. Осыны шебер пайдаланатындар өз істерінің нағыз манипуляторлары, олар жасырын түрде, эмоционалдық деңгейде қоғамды «секталарға» қарсы теріс көзқарас танытуға икемдейді.

Әйгілі ресейлік дінтанушы Погасий А. келесідей тұжырымға келеді: «Әлдекім секта сөзін қолданғанда, әдетте қандай да бір түсініксіз, ерсі құбылысқа деген өзінің эмоционалдық көзқарасын білдіреді, бірақ бұл сол құбылысқа нақты бір анықтама бергені емес.

¹ Кантеров И. Деструктивные, тоталитарные. [URL: <https://web.archive.org/web/20130407011046/http://nauka-i-religia.narod.ru/sektoved/kanterov.html>].

Өкінішке орай, бүгінгі таңда көпшіліктің санасында «сектант» сөзі сенуші, жалпы діни тәжірибеден өзгешелігі бар адам дегенді ғана емес, бірақ басқа мәдени-құлықтылық парадигмаға салынған адам дегенді де білдіреді. Сондай адамның мәдени құндылықтары мүлдем өзгеше, оның әлеуметтік мұраты да көпшілікке жат көрінеді... Сондықтан да дәстүрлі түсінік бойынша, «сектант» дегеніміз бұл тек діни диссидент қана емес, сондай-ақ ұжымдық құндылықтарды атап кеткен сатқын. Осындай түсінікті ұстанушылар көптеген секталардың, соның ішінде тіпті көзқарастары мен ілімдері бір-біріне қарама-қайшы келетіндердің, арасындағы айырмашылықтарды ұғына алмай, белгілі бір діни ағымдардан қашқақтай бастайды. Сондықтан да, біздің ойымызша, жалпы тіл лексикасының бөлігі ретінде, бүгінгі «сектант» сөзінің өте қанық негативті экспрессиясы бар, және көп діндар адамдар оны қорлау сөзі деп қабылдап, бұл діни жағдайдың шиеленісуіне әкеп соғуы мүмкін»¹.

Ал енді, бізге субъективті деген кінә тақпас үшін, Ехоба куәгерлерінің діни ұйымын зерттеген ресейлік белгілі дінтанушылардың пікірлеріне жүгініп көрейік:

Н. Гордиенко: «...Ехоба куәгерлері бірлестігі қалыпты діни ұйым – конфессия болып табылады»².

С. Иваненко: «Киелі кітап зерттеушілерінің ұйымы бастапқы даму кезеңінде сектаға тән кейбір белгілері бар деноминация болатын. Тиісті алғышарттар болған жағдайда діни ұйымның осы түрі сектаға да (*Ч. Расселдің теологиялық еңбектерін Құдай рухтандырған деп таныған жағдайда*), сондай-ақ деноминацияға тән барлық негізгі белгілері бар діни ұйымға да айналуы мүмкін еді... Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Ехоба куәгерлері ұйымдық құрылымына, діни іліміне, қызмет түрлеріне байланысты жүзеге асырған қиын да бір-біріне қарама-қайшы эволюциялық

¹ Погасий А. К вопросу о некоторых религиозных терминах. Религия. Церковь. Общество. А. Прилуцкийдің ред. жетекшілігімен. – 1-саны. – СПб., ООО «Издательство Светоч», 2012. – 35-49-б.

² Гордиенко Н. Российские Свидетели Иеговы: история и современность. – 12-б.

процестердің нәтижесінде, негізгі көрсеткіштеріне сәйкес деноминация деп атауға болатын діни ұйымға айналды... Бұл процесс 1971–1975 жылдары Ехоба куәгерлерінің ұйымға жетекшілік жасау стилі бір адамдық басшылықтан алқалық басқаруға ауысқанда аяқталды»¹.

Сонымен, Ехоба куәгерлерінің ұйымын Н. Гордиенко – *конфессия*, ал С. Иваненко *деноминация* деп есептейді.

Бірақ байқайсыздар ма, олардың ешқайсысы да оны «секта» деп атап отырған жоқ.

Ал менің пайымдауымша, Ехоба куәгерлерінің халықаралық бірлестігі ***бүгінде деноминация «шегінен» асып кетті, сондықтан оны христиандық неопротестанттық конфессиялардың қатарына жатқызуға әбден болады.***

Демек, аталмыш халықаралық қозғалысқа қайсыбір жекелеген діни нанымдарға қарамастан, діни төзімділік танытылып, лайықты құрмет көрсетілуі тиіс.

Міне, осыдан келіп, **үшінші, ең маңызды сұрақ** туындайды: Ехоба куәгерлерінің идеологиясы мен ғибадат ету тәжірибесі, сондай-ақ діни сенімдерін тарату формалары мен әдістері айналадағыларға зиян келтіре ме?

Бұған жауап беру үшін кішкене шегініс жасайық.

Қоғам мен діннің өзара тығыз байланыста екені баршамызға аян. Алайда бұл өзгермейтін нәрсе емес. Сан алуан жайттардан тұратын қоғам үнемі даму үстінде болады: қоғамдық формациялар ауысады, әртүрлі өркениеттер пайда болып, қаншамасы жойылып жатады, небір империялар мен державалар құрылып, күйреуі мүмкін, жаңа мемлекеттер өмірге келеді, т. с. с.

Қоғамдық өмірдің бір бөлігі болып қана қоймай, оның әлеуметтік ағзасына кіріге өрілген дін осынау процестердің ең белсенді мү-

¹ Иваненко С. Эволюция идеологии и деятельности религиозной организации Свидетелей Иеговы. Тарихи-философиялық талдау. Философия ғылымдарының докторы атағын алу үшін жасалған диссертациялық автореферат. – 14-б.

шесі болып табылады. Әрі діннің өзі де біршама, кейде тіпті түбегейлі өзгерістерге ұшырап жатады.

Бұған бүкіл адамзат қоғамы куә: қоғамдық формацияның ауысуы барлық уақытта жаңа діни бағыттың, қоғамдық институт ретінде жаңа діннің пайда болуымен немесе бар діннің іштей жаңаруымен байланысты болған. Сол үшін де діндердің қоғаммен қарым-қатынастағы әрекеттерін тарихи процестерден, әлеуметтік-қоғамдық өзгерістерден және бағыт-бағдардың ауысуынан тыс қарастыруға болмайды, себебі дін қоғамдағы өзгерістерді қоздырушы да, бұрынғы ескі күйін жақтаушы да болуы мүмкін. Ол күштерді біріктіруші ретінде мемлекеттің, ұлттың пайда болуына мен нығаюына ықпал етіп қана қоймай, оларды ойран қылуға, этикалық, дінаралық соғыстардың бұрқ ете түсуіне әсер етуі де мүмкін. Ол дүниежүзілік мәдениеттің небір ғажайып үлгілерін жасауға ынталандыруы да, сонымен қатар, жабайылық пен вандализмге көз жұма қарауы да мүмкін, жалпы алғанда, адамгершілік-құлықтылық заңдарын нығайтуға немесе дамымай қалған ескішіл болмыста қалуға бағыттауы мүмкін, адамды рухани ізденістеріне қарай көтермелеуге, орыс публицисті Д. Писарев айтқандай, «құлықтылық гигиенасының толық курсынан» өткізуі немесе, керісінше, ешбір әрекетсіз күйге, былайша айтқанда, хайуанаттардың тіршілігіне түсіруі мүмкін.

Біз дін жөнінде табиғаттан тыс нәрселерге сену дүниетанымы мен айрықша әрекеттердің көрінісі деп айтқанымызбен, әр адамның өз діні бар. Сондықтан мына өмірде ортақ дін атаулы мүлдем жоқ, өйткені әрбір сенушінің не сенушілер тобының өзіндік нақтылы ғибадат ету салты, өз діні бар. Мысалы, дін дегеніміз жай ғана Құдайға сену деп тұжырымдауға болмайды, себебі қандай да бір дін жалғыз Құдайға сенсе, басқасы көп Құдайға сенеді және т. б.

Бүгінде қоғамдық сананың түкпіріне қарай ысырылу арқылы діннің алатын орны азайып бара жатқанын тек дінтанушылар ғана емес, теологтар да атап көрсетуде. Қазіргі адам өзінің жауапкершілігін сезінгендіктен, «жоғарыдан» келетін көмекке қарағанда өз қабілеттері мен мүмкіндіктеріне көбірек сенеді.

Бұл процесс «*секуляризация*», немесе адамдардың әртүрлі саладағы қызметі мен жүріс-тұрысын діннің әсерінен босату деген атауға ие болды.

Осындай жағдай дәстүрлі діни нәрселерді адам мен жалпы қоғамның қазіргі заманға сай сұраныстарымен байланыстыра қатар алып жүретін жаңа «өмірлік құндылықтарды» іздеуді талап ететіні табиғи жайт болып табылады.

Міне, сондықтан да соңғы жүзжылдықта осыншама көп жаңа діндер пайда болып отыр.

Өзіміз көз жеткізгендей, Ехоба куәгерлерінің бүкіл тарихы жоғарыда айтылғандарға көрнекі мысал болып табылады.

Жеке өз басым байқаған кейбір жайттарды ортаға салып көрейін. Осы кітаптың бірінші басылымына материалдар жинағанда, Ехоба куәгерлерінің теологиясын да, ғибадат ету тәжірибесін де түбегейлі жан-жақты зерттедім, республикалық орталықтың, көптеген қауымдардың жетекшілерімен, қатардағы сенушілерімен ашық әңгімелестім; ол кезде бүкіл ТМД елдері үшін басқарма болған «Солнечное» филиалында бір апта тұрдым (*Санкт-Петербург қаласының жанында орналасқан*); ұйымның орыс тіліндегі барлық басылымдарын оқып шықтым; көптеген материалдарды маған ағылшын тілінен аударып берді; сонда көзім анық жеткен бір нәрсе – діни экстремизмге шақыру түгілі, тіпті тұспалдау дегенді көре алмадым.

Монографиямның екінші басылымын дайындау барысында, Дрезден техникалық университетіне іссапармен шыққанымды пайдаланып, Ехоба куәгерлерінің Зельтерстегі (*Таунус*) филиалына соқтым. Ол жерде әртүрлі қызмет атқаратын Куәгерлермен кездестім, орыс тілінде сөйлейтін қауымдардың бірінде болып, сенушілермен егжей-тегжейлі әңгімелестім. Сол жолы Ехоба куәгерлері өздерін мына зайырлы өмірден алшақ ұстағанымен, айналасындағылардың бәріне барынша мейіріммен әрі қамқорлықпен қарайтынына тағы да көзім жетті.

Ал монографиямның үшінші басылымын әзірлеу кезінде, менің бұл ұйыммен таныстығым, оларды зерттеп жүргеніме 20 жылдай болған еді. Бұл жолы Алматы қаласындағы мәсіхшілік орталық жинаған Ехоба куәгерлері туралы өте мол тарихи материалдар қолыма тиді. Сондай-ақ дінтанушылар қауымдастығы да бұл діни ағым туралы бірнеше мазмұнды ақпараттық кітаптар басып шығарды.

Ехоба куәгерлерінің ұйымы сияқты ірі конфессиялар жөнінде айтқанда, жасырын және жартылай жасырын жағдайдан қоғаммен байланысын кеңейтуге және тіпті Еуропалық сот деңгейінде өз құқықтарын қорғай білуге жеткізген эволюциялық процесстерді де есте ұстаған абзал. Сондықтан қазір Ехоба куәгерлеріне сонау кеңестік заманда қызметін жасырын түрде жүргізген астыртын ұйым ретінде қарауға болмайды.

Ехоба куәгерлері мемлекеттік органдармен және өздерін қоршаған қоғаммен жақсы қарым-қатынас жасау үшін қолдарынан келгеннің барлығын жасауға тырысады. «Бүкіл дүние жүзінде билікті сыйламау жылдам өріс алып келе жатқан уақытта, – деп жазады олар «Билікті сыйлау. Ол неліктен маңызды?» деген мақалада, – біздер мәсіхшілер ретінде қоғамдағы, отбасындағы және мәсіхшілер қауымындағы дұрыс жүргізіліп отырған биліктің біздің игілігіміз үшін орнатылғанын мойындаймыз. Билікті мойындау біздің тәндік, эмоциялық және рухани саулығымыз үшін аса маңызды. Осындай Құдай орнатқан билікті мойындайтын әрі сыйлайтын болсақ, бізді ең жоғарғы биліктің иелері Ехоба Құдай мен Иса Мәсіх қорғайтын болады. Ал бұл бізді мәңгілік игілікке жеткізбек (*Забур 118:165; Еврейлерге 12:9*)»¹. Бұған және: «Патшаникін патшаға беру арқылы біз «тынныш та бейбіт өмір сүре аламыз» деп үміттенеміз (*Тімотеге 1-хат 2:1, 2*)» – дегенді қосады. «Бірақ ең бастысы, Патшалық туралы ізгі хабарды – адамзаттың жалғыз үміті жайлы – уағыздауды жалғастыру арқылы біз таза ар-ұжданмен Құдайдікін Құдайға беретін боламыз»².

¹ Күзет мұнарасы. Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 2000. 1 қазан. 7-б.

² Сторужева башня. Watch Tower Bible and Tract Society of Pennsylvania, 1996. 1 мамыр. 20-б.

2018 жылы Қазақстандағы Ехоба куәгерлері бір батыл қадам жасайды. Олар жергілікті аймақтарда Ашық есік күнін өткізуді қолға алып, оған барлық келгісі келгендер мен журналистерді, мемлекеттік қызметтегі шенеуніктерді, Куәгерлердің сенбейтін туыстарын шақырады. Бұл шара толықтай зайырлы түрде ұйымдастырылып, әртүрлі ақпараттармен қамтамасыз етіледі. Келушілерге адамдарды қызықтыратын негізгі тақырыптарға арналған 8 стенд ұсынылады. Қонақтарды әсіресе қазақстандық Ехоба куәгерлерінің тарихына арналған стенд қатты қызықтырады. Мұнда сенушілердің ескі суреттері, жергілікті облыстық кеңестік соттардың үкімдері, кеңестік газеттерде жарияланған мақалалар орналастырылады. Стендтердің қасында кезінде саяси қуғын-сүргінге ұшырап, кейін ақталып шыққан ең қарт сенушілер тұрады. Олардың өз ауыздарынан айтылған тарихи естеліктер іс-шараның маңыздылығын әлдеқайда арттыра түскен еді. Осындай Ашық есік күндеріне бүгінге дейін мыңдаған қазақстандықтар қатысып, олардың көпшілігі бұған дейін Ехоба куәгерлері туралы мардымды ештеңе естімегендіктерін немесе дұрыс емес көзқараста болғандықтарын мойындаған. Ал кейбір шенеуніктер аталмыш діни бірлестікті бұрынғыдан әлдеқайда толығырақ және жақсырақ біліп шыққандықтарын мойындаған.

Мен мұны айтып отырған себебім, біздің қоғамда әлі күнге дейін ақпараттық бос кеңістіктің бар екендігін көрсету еді. Мысалы, Бурова, Денисенко сияқтылар кезінде қалайша көпке танымал болды? Өйткені олар сол уақыттарда қоғамға пәлендей жақсы таныс емес діни бағыт туралы ақпарат таратты. Ал шындықтан нақты хабары жоқ біздегі қарабайыр жандар олардың аңыздарын таңғаларлық оқиға ретінде қабылдаумен болды... Былайша айтқанда, біздің қоғам үргедектікті өршіте түсуге нағыз қолайлы орта еді.

Енді соңғы уақыттарда біздің өмірімізге тереңдей ене бастаған «ақпараттық соғыс» туралы бірер пікірімізді айтып өтейік. Қазір расында да шындық пен өтірікті ажырату өте қиын болып кетті. Бүгінде біздің лексиконымызға «троллинг», «фейк» деген сөздер ажырамастай еніп алды. Интернет, әлеуметтік желілер арқылы

таратылатын ақпараттар ағыны бірте-бірте ауыздықталудан қалып барады. Сондықтан дәл осындай қиындықтар алқымнан алған тұста сыни ой-сананы дамыту әлдеқайда маңызды болмақ. Сол үшін де қазір кез келген сенсациялық жаңалықтарға соқыр сеніммен илана бермеу керек. Бұл жерде ең маңыздысы, бір сәт кідіріп, біраз ойланған жөн. Мысалы, егер мақаланың тақырыбы эмоциялық астармен және бірінші кезекте көңіл-күйге әсер етуге (*ашуландыруға немесе наразылық танытуға*) бағытталғанын байқасаңыз, онда дереу ақыл-сананы іске қосып, жақсылап ойланып алған дұрыс. Бір анығы, осындай эмоционалды хабарламаларды барлық уақытта, барлық халықтардың арасында насихатшылар шебер қолдана білген. Дәл осы тәсілді кеңестік журналистер діндерге және сенушілерге қарсы қоғамның ашуын, төзімсіздігін ояту үшін кеңінен пайдаланған. Ендеше ашық ауыздықтан мейлінше сақ болайық!

Яғни, аңыздар мен өсек-аяңдарды серпіп тастасақ, онда үшінші сұрақтың жауабы былай болып шығады: Ехоба куәгерлері қолданатын идеология да, ғибадат ету тәжірибесі де, діни сенімдерін тарату формалары мен әдістері айналадағыларға және жалпы қоғамға ешқандай зиян да келтірмейді, қауіп те төндірмейді.

Ал бұл діннің біреулерге ұнап, басқа біреулерге ұнамауы – ол басқа мәселе. Дәлдірек айтсақ, бұл сол адамдардың жеке нанымдары мен ықылас-пейілдеріне тікелей байланысты нәрсе.

Жалпы, дін саласында да әрбір адам өзінің дінтанушылық және құлықтылық-этикалық көзқарасын, тіпті керек десеңіз заңды сыйлау мәдениетін арттыру арқылы, қит етсе заңдарды күшейтуді талап етудің орнына, қайта керісінше, өзіне қойылатын талапты арттырып, бір-бірінің пікірін сыйлауды үйренетін уақыт жеткен сияқты.

Орыстың ұлы жазушысы Лев Толстой осыдан жүз жыл бұрын патша мен оның көмекшілеріне былай деп жазған екен:

«...Ең маңыздысы, дін еркіндігіне жасалатын барлық қысымды жою керек.

Ол үшін:

а) үкімет тарапынан мойындалған шіркеу түрінен ауытқушылықтың кез келген түрін қылмыс деп есептейтін барлық заңды жою;

ә) ескі дәстүрлі кішкентай шіркеулерді, баптистердің, молокандардың, штундистердің, т.б. сиыну үйлерін ашуға және қалыптастыруға рұқсат беру;

б) барлық тәубаға келушілердің діни қауымдарына және діни уағыздарына рұқсат беру;

в) әртүрлі гибадат түрін ұстанатындарға балаларын өздері шындық деп есептейтін дін талаптарына сай тәрбиелеуге кедергі жасамау қажет.

Бәрін осылай істеу керек, себебі дінді құдалау, өз мақсатына жетпегенімен тұрмай, жоюға көзделгенді күшейтіп, кері әрекет тудырады деген тарих пен ғылым анықтаған және бүкіл дүниежүзі мойындаған шындықты былай қойғанда, тіпті үкіметтің діни істерге араласқаны Христос әшкерелейтін зиянды әрі жаман екіжүзділік тудыратынын да есепке алмағанда, үкіметтің діни істерге араласқаны жеке адамның да, барлық адамның да жоғары игілігіне бағытталған өзара бірігуіне кедергі жасайды. Қалыптасқан дін ғана күнәдан пәк дегенге сайып, барлық адамды қысыммен сол діни ілімде ұстау арқылы емес, қайта, бүкіл адамзаттың ортақ шындыққа еркін жақындауы арқылы бірлікке қол жеткізіледі, әрі сол шындық қана адамдарды біріктіре алады.

Орыс қоғамының басым көпшілігінің ең қарапайым әрі оңай орындалатын қалауы осы болса керек деген ойдамыз. Осы тәсілдер қолданылатын болса, қоғам тыныштыққа қол жеткізіп, үкімет себептерін ескерместен толқуларды күштеп басумен айналысқан жағдайда екі жақта да міндетті түрде орын алатын қасіреттер мен (қасіреттен де жаман) қылмыстардан арылады.

15 наурыз 1901 жыл»¹.

¹ Толстой А. Царю и его помощникам: обращение Льва Николаевича Толстого. 22 томдық шығармалар жинағы. 17-т. – М., Художественная литература, 1984. 197-б.

Сонда жүз жылдан астам уақыт өтсе де біз ешнәрсеге үйренбеген-біз бе?

Ар-ұждан еркіндігі, толеранттық, діни төзімділік, дүниетанымның әр алуандығы дегендердің мәдениет пен демократия деңгейінің ұлы жетістіктері және басты көрсеткіштері ретінде жеке тұлғаның Құдайға сену мен сенбеу, діни ілімдерді тереңірек пайымдау, сондай-ақ қоғамда өз нанымын көрсету мүмкіндіктерінің арасынан еркін таңдау жасауына кепілдік беретінін түсінбегеніміз бе?

Жоқ, бұлай емес дегенге сенгіміз келеді!

«Адам құқығының шегі жоқ» деген ұйымның президенті Вилле Фотре былай деген екен: **«Кез келген қоғамда дін еркіндігі – адамның бостандығын танытатын ең басты көрсеткіштердің бірі».**

Адам қай конфессияны таңдауды немесе шіркеуден тысқары болуды өзі шешуі тиіс.

Бұл жерде ең маңыздысы, ол өзге кез келген еркіндікті лайықты пайдаланғаны сияқты, ар-ұждан бостандығын да дұрыс қолдана білгені абзал. Сондай-ақ адамның өз дүниетанымында нық тұрғаны, өз көзқарасын біліктілікпен қорғай білгені және сыртқы терісін ауыстырып отыратын жылан секілді оны оп-оңай ауыстыра салмағаны маңызды.

В. Ключевский деген білгір тарихшы жастарға дәріс оқып тұрып, мына бір тұжырымды қалай дәл жасаған десеңізші: «Әр буынның мұрат еткен өз үлгісі болуы мүмкін, мысалы, біздің буынның өз мұрат-үлгісі, сендермен тұстас буынның өз мұрат-үлгісі бар, ал ешқандай мұрат-үлгісі жоқ буын өте аянышты болмақ».

Расында, өзгелердің көзқарасын сыйлап, өзара төзімдірек болған дұрыс, дүниетанымдық пікірталасты жанжалға айналдырмау керек.

Орыстың белгілі философы әрі құқықтанушысы А. Кистяковский өзінің 1882 жылы жарық көрген «Дінге қарсы қылмыстар туралы» деген мақаласында былай дейді: «Адамзаттың жалпы мүддесі пікір, ар-ұждан және Құдайға құлшылық ету еркіндігіне рұқсат

етуді және осыларды жүзеге асыруды талап етеді. Бұл адамдардың арасында сыйластық, бауырластық орнатуға мүмкіндік беретін бірден-бір тәсіл. Барлық адамзатты бір діннің аясына біріктіру мүлдем мүмкін емес болғандықтан, бауырластық пен бірлік тек өзге діни көзқарасты ұстанатындарға сыйластық танытқан жағдайда ғана мүмкін болады»¹.

Мемлекет пен шіркеудің арақатынасы туралы өз пікірін ортаға салған орыстың танымал діни философы («*діни» сөзіне назар аударғым келеді!*) Иван Ильин былай дейді: «...Шіркеу мемлекеттің үстінен өктемдік жүргізуге шақырылмаған, дәл сол сияқты мемлекет те шіркеуге айналуға немесе оны жұтып қоюға шақырылмаған; қайта керісінше, шіркеу мемлекеттен тәуелсіздікте болуға мұқтаж, ал мемлекет жер бетіндегі Құдайдың ісіне қызмет ету керек, тек әрине, шіркеудің аясында емес»².

Мұны негізінен өркендеген мемлекеттердің бәрі әлдеқашан түсінген. Сондықтан да көп елдерде сан алуан ойлылықты, дүниетанымдық плюрализмді және рухани еркіндікті қамтамасыз ететін ең маңызды моральдық-демократиялық құндылықтар ретінде ар-ұждан бостандығы, дінге төзімділік, толеранттық жарияланған.

Ендеше мен де Теодор Адорноның пікірін басқа сөзбен айтсақ, заңдарды күшейтуге емес, керісінше, жаңа кесімді императив жасауға шақырамын: яғни, дінмен соғысу қателігін қайталамайтындай деңгейде ойлау және соған сай әрекет ету, өйткені соғысты жақтаушылар «тағылықтың орын алуына себепші» болады³.

Қазіргі заманда діни ілімі «дәстүрлі» діндердікінен өзгеше болғандығы үшін ғана әлдекімдерге ұнамайтын діни ұйымдармен үнемі соғысып өту, ақылға қонымсыз нәрсе екеніне көзім толық жетті. «Шектен тыс қысым қарым-қатынастың ең өктем түрі болған

¹ Кистьяковский А. О преступлениях против веры. Эдеби, саяси және ғылыми журнал. – СПб, 1882. №10 – 112-113-б.

² Ильин И. 10 томдық шығармалар жинағы. 1-т. – М., Русская книга, 1993. – 239-б.

³ Adorno T. Dialektika negtiwna. – Warszawa: PWN, 1986. – 515-б.

кезінде өмір сүрудің соңы, сөз жоқ, насырға шабады¹». Мемлекет пен діни ұйымдардың арасындағы байланысты жүзеге асыратындарға, сондай-ақ барлық мемлекеттік шенеуніктер мен құқық саласының қызметкерлеріне осыны түбегейлі ұғынатын уақыт жеткен сияқты.

Профессор Подопригора Р. айтқан сөздері үміт берерлік: «Қазақстанның заң жүйесінде секта, деструктивті ұйым, т.с.с. түсініктерді қолданудан бас тартқаны орынды болды. Мемлекет қандай да бір діни ұйымның пайымы мен кесірін анықтауға араласпайды, тек істеген ісі үшін жазалау керек болса, сол кезде әрекет етеді. Бұл тұрғыда Қазақстан еуропалық дәстүрдің шеңберінен шықпайды»².

Мен студенттер мен жас ғалымдарды ғылым шамдары болып, барлық адамдарға біздің қоғамымыздағы және бізді қоршаған әлемдегі мәдениет пен діндердің сан алуандығы туралы шынайы білім және әділ ақпарат алуларына көмектесуге шақырамын. Зерттеңіздер, талдаңыздар, адамдарға бір-бірін дұрыс түсінуге жәрдем беріңіздер. Өйткені біздің бәріміз үшін қажетті бірліктің, бейбітшіліктің және жарқын болашақтың берік кепілі осында ғой.

Соңғы айтарым, мен осы кітаптың біріншісін де, екіншісін де, үшіншісін де, егер жанашыр адамдардың – Алматыдағы, Орта Азия елдеріндегі, «Солнечноедағы» (*Санкт-Петербург, Ресей*), Зельтерстегі (*Германия*) Ехоба куәгерлерінің – көмегі болмағанда дайындай да, жаза да алмаған болар едім. Олар маған жеке мұрағаттарындағы материалдарымен, тарихи естеліктерімен көп жәрдем берді. Мен осындай ақ жүрек, қайырымды жандарға шын жүректен шыққан риясыз алғысымды айтамын!

Құрметті оқырманым, сіздің сыныңызға ұсынып жатқан бұл жаңа басылымды мен Ехоба куәгерлерінің Мәсіхшілік орталығының басқармасы мен қызметкерлерінің көмегінсіз де жаза алмас едім. Оларға алғысым шексіз!

¹ Новая газета, №30. 06.08–13.08.2009. – 16-б.

² Подопригора Р.А. Проблемы государственно-конфессиональных отношений в Республике Казахстан. – Алматы, 2019. Каспийский общественный университет. – 77-б.

АВТОР ТУРАЛЫ

Философия ғылымдарының докторы, профессор **Артемьев Артур Игоревич** біздің елімізде, сондай-ақ жақын және алыс шет елдерде ең алдымен дінтанушы ғалым ретінде жақсы танымал.

Алайда оның ғылым саласындағы ізденістері тек осымен шектелмейді. Оның тарих, философия, әлеуметтік философия, әлеуметтану, саясаттану ғылымдары бойынша жазған зерттеу еңбектері жарық көрген, барлық саны 250-ден аса, соның ішінде 8 монография бар: «Атеизм, религия, личность», «Религиозная среда и личность: философско-религиоведческий анализ», «Религиоведение» (қазақ тіліне аударылған – «Дінтану»), «Ислам: история и современность» және басқалары. Ол посткеңестік елдер арасында тұңғыш рет шығарылған «Социология личности» деген оқулықтың авторы (екінші басылымы Мәскеудегі «АрбаТ-XXI» баспасынан жарық көрді; ал қазақ тіліндегі нұсқасы аудармашы Б. Бейсеновпен бірлесіп шығарылды).

Артур Артемьев «Религии в Казахстане» деген ерекше хрестоматияның құрастырушылары мен авторларының бірі (мұндай басылым тек АҚШ-та ғана бар).

Ғалымның еңбектері қазақ, ағылшын, неміс, жапон, кәріс және украин тілдерінде басылып шыққан. Ол 40-қа жуық елдерде іссапармен болған, Кито (*Эквадор*), Прага (*Чехия*), Рабва (*Пәкістан*) университеттерінде арнайы дәрістер оқыған.

Оның ғылым саласына сіңірген зор еңбегі жоғары бағаланып, «Құрмет белгісі» орденімен, 7 медаль мен басқа да мемлекеттік сыйлармен, сондай-ақ халықаралық үкіметтік емес ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктердің құрмет белгілерімен және бірқатар мақтау грамоталарымен марапатталған.